

Қазак ертегілері



ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақ ертегілері

I ТОМ

Алматы



"Жазушы" - 2000

ББК 82.3 Қаз 6

Қ 17

Қазақ халық әдебиеті інжу-маржандық сериясы
“KEGOC” ашық акционерлік қоғамының есебінен
шығарылып отыр.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әлібек Асқаров, Рахманқұл Бердібаев, Сейіт Қасқабасов,
Бейбіт Мамыраев, Есенғали Раушанов, Ақселеу Сейдімбеков,
Қабиболла Сыдықов, Бекен Ыбырайымов

Құрастырған Қ. Толыбаев
Редакторы А. Естен

Қ 17 Қазақ ертегілері. - Алматы. Жазушы. Т. 1: Қиял-
мифтік ертегілер. - 2000 - 272 бст.

Қазақ ертегілерінің бірінші томына “Қармерген”, “Ағаш
ат”, “Ақ қоян” сияқты қиял-мифтік ертегілер енгізілді.

4604000000 - 60
Қ 402(05) - 2000

күлақтандырылмаған - 2000

ББК 82.3 Қаз 6

ISBN 5-605-01636-9 (общ.)
ISBN 5-605-01637-7 (1 том)

© “ЖАЗУШЫ” БАСПАСЫ, 2000
© “ЖАЗУШЫ” БАСПАСЫ, 1988

ҰЛТТЫҚ РҰХТЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Ұлттық рухтың қос қанаты әдебиет пен мәдениет екені әмбебап аян. Талай тар жол, тайғақ кешулі заманалар мен аума-төкпесі мол аласапырандарды бастан өткерген жұртымыздың адамзаттық өркениетке қосар рухани қазына-байлығы аз емес. Соның ішінде қазақ фольклорлық асыл мұрасының алар орны айрықша. Мұның арғы төркіні мен алыс көзі ежелгі дәуірлерге, яғни, Әуезов сөзімен айтқанда, «есте жоқ ескі заманға» кетіп жатыр. Кезінде олар Ұлы Далаға сапарлап келген сан алуан санхатишылар мен шығыстанушыларды қызықтырғанын білеміз. Біздің қазақ халық әдебиеті деп аталатын ертегілеріміз бен ақ бас эпостарымыз, ғашықтық дастандарымыз бен мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштарымыз, қара өлеңдеріміз бен ғажайып әндеріміз, тұрмыс-салт жырлары мен, шешендік сөздер, суырыпсалмалық өнердің ең көне мектебі іспетті айтыстар, термелер, жыр-толғаулар, тұрмыс салт өлеңдеріміз телегей теңіздей ұланғайырлығымен де, терең әлеуметтік мән-мағыналарымен де һәм көркемдік ажар-қуатымен де әлемдік рухани інжу-маржаны деп бағалауға әбден лайық. Бұлардың қадір қасиетін арттыра түсетін және бір құндылығы — бәр-бәрі ұйыса-тұтаса келіп, ұлтымыздың мәдениет тарихының таусылмас қайнар көзі, қазақ деген қилы тағдырлы қайсар жұрттың халықтық қалпы мен ата салтының саф алтындай нағыз шежіресі саналуы тиіс. Ақиқаты да сол. Сондықтан бұл мұралардың дүниежүзілік маңызы бар.

Ақыл-ойы, өнер-білімі өскен елдерде мәдениет өркен жаяуына ерекше мән береді. Өлгідей әлімсақтан жеткен әсемдік дүниелерін көздің қарашығындай сақтап қана қоймай, ұлттық мүддеге қызмет етуіне үнемі назар аударып, әлсін-әлсін том-том етіп жинақтап шығарып отыратын үрдіс күшті.

Құдайға шүкір, бұл мәселе тұрғысында біздің елімізде де тындырылып жатқан шаруа-қарекеттер аз емес. Соның, сірә ең бастысы — биылғы Мәдениет жылы аясында қазақ халық әдебиетінің 100 томдық мол мұрасын тұтас қалпында басып шығару ісінің басталуы болса керек. Елдігіміздің рухани еңсесін биіктететін мұндай елеулі жұмыс тәуелсіздігіміз іргесін игілікке тігуге, ұрпақ ұлағатына қызмет етері күмәнсіз. Кешегі кеңес өкіметі тұсында осы асыл қазынаның он жеті кітабы жарық көріп үлгеріп еді. Алайда кезіндегі түрлі объективті һәм субъективті себептерге байланысты, біріншіден, олардың ден көпшілігі әсіре сақтық пен цензуралық тыйым нәтижесінде түзеліп-күзеліп жарияланған-ды. Өзіміздің өресіздігіміз бен салғырт-тығмызыдан да ұтылған жерлеріміз және бар. Енді соның орнын толтырып, том-том байлығымызды халыққа толыққанды қалпында ұсынуға мүмкіндік туып отыр.

Бұл басылымдардың бұрыныдан өзгешелігі, біріншіден, хатқа түсірілген қаз қалпында өзгеріссіз жарық көруі десек, екіншіден, дүйім дүниенің төрт бұрышында шапырап жүрген қазақтардың әдеби мұралары түгел қамтылуы, үшіншіден, бұған дейін баспа жүзін көруге тыйым салынған бірқатар туындылардың жаңадан енгізілуі болып табылады.

Халық шығармасы — халық жанының айнасы. Қазақ ауыз әдебиеті мұраларында біздің мәдениет, салт-дәстүріміз, біздің мінез-құлқымыз бен эстетикалық таламымыз, біздің өмір-дүниеге көзқарасымыз, ақыл-парасатымыз, біздің ұзақ тарихи жолымыз, қысқасы, біздің ұлттық бітім-болмысымыз түгел бейнеленген. Бұл шынайғы шығармалардың дені поэзия тілінде жеткен. Ал расында да, «тек күш қуаты мол, қайнаған өмірі, ар-намысы бар, адал халықта ғана поэзия дамиды» (Н. Г. Чернышевский).

Халық мұрасының 100 томдығын шығару шаруасының қолға алынуы тек қазақ халқы үшін ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік мән бар мәдени-рухани құбылыс деп білеміз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығына сәйкес Мәдениетті көздік жылы деп жарияланған 2000 жылы осы бір үлкен іске мұрындық болған «Жауын» баспасы ұжымына да, аталған басылымдарды өз қаражатымен шығаруды өз мойнына алған «KEGOC» акционерлік қоғамына да мың да бір рахмет.

Сәттілік тілеймін.

Әбіш Кекілбайұлы,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы.



ҚАРАМЕРГЕН



ұрынғы өткен заманда қазақ жұртынан бір Қарамерген деген кісі болыпты. Өзінің дәулеті және перзенті жоқ екен. Мергендікпен бұғы атып, құлан атып, әр түрлі аң атып, терісін сатып жан сақтайды екен. Жаз келсе — қыс кетіп, қыс келсе — жаз кетіп, жолдассыз жалғыз жүреді екен. Бір күндерде мерген мылтығын алып: «Қысы-жазы ел бармайтұғын, адам жүрмейтұғын бір алыс жерге барамын»,— деп жүріп кетіпті. Караса, тауда адам жүрген жол жоқ. Көп машакат тартып таудың үстіне шығыпты. Жап-жағына караса, киік қисапсыз көп екен. Мерген қуанып, бір бастаудың басына келіп, тастан үй жасапты, тобесін бірталай ұсақ ағаш пен аңның терісімен жауыпты.

Жеті, сегіз күнде болдырған аты семіріп құр ат болыпты. Қарамерген тугалы мұндай сан түрлі жемістер өскен жерді көрген жоқ екен. Неше түрлі ағаштар біткен, бұлбұл құстары сайраған бір жақсы жайлау екен. Мерген көп аң атып, мүйіз, терілерін түздан қаттырып жатты. Бір күні мерген бақырын асып, ет пісіріп түнде отыр еді, бір нәрсенің жүрген дыбысы естілді. Мерген: «бұл немененің дыбысы, бұл жерде адам жоқ еді»,— деп қайран болып тұрса, бір көк қойлекті қатын кіріп келіпті.

Ешбір жауап қылмай бір тізерлей отырыпты. Караса, түсі сары, көзі ала және екі көзін мергеннен айырмайды. Мерген ойлайды «Бұл немене, тағы болып өскен адам ба, жас күнінде далада қалып. Бір зияндас пәрсені ме?»— деп әр түрлі ойға кетіп қауіптеніп отырды. Бір уақытта сорпасы, бақыры шұркылдады. Мерген бақырын түсіріп алып, етін жеді. Қатын екі көзін мергеннен айырмады.

Енді мұның не екенін білейін деп, үлкен селебе пышағының ұшына бір домалақ ет шанышып алып: «Мә!»— деп қатты ақырды. Үндемей жең ұшынан қолып көрсетпей етті алып, қатын жеп қойды. Әлден сон және бір үлкенірек етті шанышып: «Мә!»— деп

тағы ақырды, тағы да үндемей алып жұтып қойды. Мерген білді, «бір зияндас неме екен ғой» деп қауіптеніп, көзін айырмастан отырып етін жеп болған соң қолына селебе пышағын алып қатты ақырды: «Шық, жатамын!»— деп. Қатын көзін тігіп тұрып: «Әрине, әрине»,— деп малдас құрып отырып алды. Әлден соң мерген мылтығын алып және ақырды: «Шық, жатамын!»— деп. Қатын: «Әрине, әрине».— деп түрегелді де артымен шығып жүре берді. Мерген сығалап қарап тұрса, қатын аяндап бір белден асып кетті.

Мерген тұра салып үйін жығып жіберіп, «қашамын» деп ойлады да: «Қой, мұным жарамас, қашып барып ұйқым келгенде жатармын, ізіммен келіп өлтіріп кетер, не де болса хайла қылып, аңдып жатып мылтықпен атамын»,— деді де, уақ ағаш жиып кісіге ұқсатып, үстіне киімін жауып, ер-тоқымын төсеп жатқызды және бөркін кигізіп, өзі барып мылтығы тиетін жерде, бір шұңқырға жасырынып жатты. Бір мезгілде күн бұлттанып қар жауды да, жердің жүзін ағартып кетті, бір уақытта аты арқанда тұрып бір нәрседен үріккендей болып дүбірледі. Қараса, қатын аяндап келе жатыр.

«Не де болса бір атып өлемін»,— деп мерген бұғып жатты, қатын келді де, кісіге ұқсап жатқан ағашты «әрине, әрине» деп бас салды, ағаш салдыр-салдыр етті. Қатын түрегелді де, жан-жағына қарап тұрды. Мұның жалмауыз екенін біліп, мылтығымен мерген атып еді, қатын «әрине» деп оқ тиген жерін қолымен бір қойды да қарап тұрды, мылтықтың даусы қайдан шыққанын білмей қалды. Жан-жағына қарап тұрды да, қатын ізімен қаша жөнелді. Мерген мылтығын оқтап алып және бір атып еді, қатын баяғысындай «әрине» деп оқ тиген жерін қолымен бір қойып қалды да, секіріп-секіріп жан-жағына қарап, желе басып жүре берді. Қатын бір белден асып кеткен соң, мерген жүгіріп келіп атын ерттеп мінейін деп ер-тоқымына келсе, кісіге ұқсатып жатқызған ағашы пышақпен кескендей болып кертіліп, бөлек-бөлек болып қалыпты. Мұны көріп мерген жанынан үміт үзіп қорқып тұрды және ойлады: «Қарайыншы, егер мылтықтың оғы өткен болса қан аққан шығар, егер қан ақпаса, құдайдың маған берген қазасы ғой»,— деп атқан жерін қараса, бір-бірлеп қан тамшылап ағып қалған екен. Мергеннің көңілі аз қуанғандай болып, таң атқан соң ізімен бірге аз жерге барып еді, алдында бір үнгір тас көрінді, қатынның ізі сол үнгірге кіріпті. Мерген мылтығын қолына алып, дауыстап әрі-бері жүрді. Қатынның даусы шықпады. Мерген келіп қараса, үнгірден аяғы шығып қатын өліп қалыпты. Аттан түсіп аяғынан тартып алды, қараса, дамбады жоқ, адамнан ешбір бөтен жері көрінбейді. «Бұл қалай? Қолын көрейінші»,— деп қараса, екі қолының алаканы пышақтың жүзіндей көк темір

екен, саусақтарының ұшы найзадай өткір таска кіріп кетеді екен. Мерген бір қолын кесіп алды. «Мұның бір еркегі бар шығар, бір жақтан келіп қалар»,— деп атына мініп, жүріп кетті. Бұрынғы атқан аңдардың терісін, мүйізін бір жерге жиып қойды да, мұнан басқа бір тауға келді. Қараса, бұғы, марал көп екен. Бір бұғыны атапты деп жасырынып келіп мылтығын кезесе, қолы дірілдеп ата алмай, «Бұл не хикаят» деп басын көтеріп қараса, атқалы тұрған бұғының бергі жағында бір қамшыдай ақ нәрсе қимылдайды, не де болса атамды деп мылтығын алып атып еді, жоқ болып қалды. Келіп қараса, бір жылан екен, басы үзіліп түскен екен. Басын кісесіне салып мерген және жүріп кетті.

«Бұл тауда тағы да оқ жыландар бар шығар, өзге бір тауға барайын»,— деп келе жатса, саны жыбырлапты, біраздан соң саны ауырыпты, «не болды» деп қараса, кісесі тесіліп қалыпты. Тоны, шапаны, шалбары, дамбалы тесіліп жыланның басы санына батыпты. Басты қорқып тастап кетті. Кешке таман және бір тауға келіп қонды, ертең ерте қараса, бір өзенге ел келіп қонып, биесін байлап жатыр. Үйлері аппақ, күнге шағылысады. Мерген мұны көріп қайран қалып тұрды. «Бұл қалай? Бұл жерде ел жоқ еді, қайдан келіп қалды, жау ма, ел ме, адам ба, пері ме? Енді не де болса барайын, мені бұлар да көрген шығар»,— деп атына мініп келді. Жылқышылар құлын қуып жүр, құрықтары алтын, күміс, біреуі де мергенге көзін салмады. Бір бурыл сақалды адам бие байлаған желінің басында тұр. Мерген соған келді. Қараса, желі арқан жібектен. Мерген келіп сәлем берді. Лузы қимылдағандай болып сәлем алды. Дүниенің жүзін қап-қараңғы болып тұмап басып кетті, еш нәрсе көрінбей, мерген иманын айтып, жанынан үмітін үзіп тұрды. Бір мезгілде атын біреу жетектегендей болып атын бұрды, бір жерге келіп қолтығынан тартты «түс» дегендей болып, мерген түсті. «Жүр» дегендей болды, мерген жүрді, бір жерде есік ашылды, мергеннің мойнындағы мылтығы алынды. Мерген кіріп келсе, бір үлкен үй алтын-күмістен бақандары бар, атлас, жібек кілемдер төселген, көрпелер қатарланып тұр, жүктің үстінен тоғыз қабат торғын көрпе өзі келіп төрдің алдына салынып жатыр.

Ешбір жаны бар нәрсе көрінбейді. Мерген келіп, есік алдына отырайын деп еді, бір нәрсе келіп көтеріп тастады. Отырғызбай етегінен тартып қалғандай болып, төрінің алдына шығарды. Мергеннің есі кетіп отырды. Бір мезгілде самаурын өзі келіп, дастарқан өзі жазылып, неше түрлі жемістер салынып, шай құйылды екі шыныға. Бір шыныны мерген ішті, бір шыны өзі құйылып, өзі ішіліп тұрды. Мұнан соң бір күміс шарамен қымыз келді, ішуге алтын аяққа құйылып тұрды, мерген ішті. Бір мезгілде мерген: «Тойдым»,— деді. Қымыз көтеріліп кетті де, бір табақ қазы, қарта келді. Мерген ойлады: «Мені семіртеп сойғалы

отырған бір нәрсе ғой, не де болса жеиін»,— деп тойғанынша жейді және артынан палау келді, неше түрлі жеміс те бар. Мерген және жейді де: «Енді тойдым, еш нәрсе жемеймін, сіздер не қылған жансыздар, мұншама мені құрметтедіңіздер, туғалы көрмеген сыйымды көрдім, жемеген тамағымды жедім, енді мені өлтірсеңіздер де көзіме көрінсеңдер екен»,— дейді. Еш нәрсе көрінбейді, дастарқан жиылып кетті, бір күміс құмған келді, бір шылапшын келді, қолына су құйылды, мерген қолын жуды, бір ақ торғыннан жасалған сүлгі орамал келіп алдында салбырап тұрды. Мерген қолын сүртіп болып айтты: «Мен мүсәгір шаршап жүрген адам едім, бір киіз болса, атымның артына барып салып жатсам екен. Алла разы болсын, мұнша көрмеген жақсылықты көрдім». Еш жауап болмады. Мерген не қыларын білмей отырды. Түзге отырайын деп далаға шықты. Қараса, аты арқандалып тұр. Ер-тоқымы жиылып, оның үстінде мылтығы сүйеулі тұр. Өзге еш нәрсе көзіне көрінбейді. Мерген ойлады: «Не өлемін, не болмаса көрмеген жақсылықты көремін»,—деп. Үйге қайтып келіп кірді. Мерген кірген, шыққан мезгілде есік өзі ашылып-жабылып тұрды. Мерген келіп қолын жуайын деп еді, баяғы күміс құман келіп, өзі құйылды, сүлгі орамал берілді, мерген қолын жуып болып отырды, айтты: «Үйқым келді, жатайын»,— деп еді, ешбір жауап болмады.

Бір алтын шымылдық үйдің он босағасына құрылды. Екі күміс бақан менен жүктің үстінен бір мамық төсек және тоғыз қабат көрпе барып шымылдықтың ішіне төселіп салынды. Бір уақытта есік ашылып, бір қыз үйге кіріп келді. Қараса, сұлулығы толған айдай, үстіндегі киімі қызыл алтынға қарық болған, сәулесі қараңғы үйді жарық қылады. Мерген қорқып орнынан тұрайын деп еді, қыз келіп: «Тұрма, өз нәсібенді өзің қор тұтпа?»— деп тұрғызбай, қолын ұстап көрісті, мергенге сүйеніп отырды. Мерген айтты: «Ей, тақсыр, айналайын жақын отырма, тым жаман кірлеп жүрмін»,— деді. Қыз айтады: «Қой, өзінді-өзің қор тұтпа»,— дейді. Мерген айтты: «Рұқсат болса, киіз бергізсеніз, атымның артына жатайын, шаршап жүрген ғаріп едім»,— дейді. Қыз айтты: «Құп болады, төсек салынды, жатыңыз»,— деді. Мерген түрегелін еді, қыз да түрегелді, мерген киімін шеше бастады. Мерген айтты: «Қой, қарағым, келеке қылма, төсекке жатайын». Қыз айтты: «Сізге салған төсек мынау қорықпай жатыңыз». Мергеннің жаман киімін зорлап шешіп, шымылдықтың ішіне кіргізіп, көйлек, дамбабын тастатып, төсекке жатқызды да, өзі де шешініп, мергеннің қойнына кіріп, қымбат көрпе жамылып жатты.

Мерген көп ойға түсіп үндемей жатты. Қыз айтты: «Сен қорықпа, мен саған қатын боламын, өз қатыныңыздай көріп жатыңыз». Мергеннің көңілі қуанып қызды құшақтап жатты.

«Енді, карағым, жайынды айтшы? Не себептен осындай жаман киіміммен мен ғаріпті лайық көрдің?». Қыз айтты: «Біз көшпелі жерден боламыз, еліміздің ғадеті адамзат жүрмейтұғын жерде жүреміз. Егер қапыда адамзат көрсе, соған қыз береді. Ол қыздың әкесі бір жерде патша болады. Он сегіз мың ғаламда адамзаттан қасиетті нәрсе жоқ екенін білмеймісің?! Енді күн шыққанша ұйықтамай жат. Ертең біздің ел бәрі келіп көріседі, бұдан артық сый көресіз. Егер ұйықтап кетсен, менен айрыласың, жатыңыз»,— деді. Мергеннің көңілі өсіп, қызды құшақтап мұрадын хасыл қылып жатты.

Бір мезгілде мерген түзге шықты. Қыз түрегеліп, бір асыл ішкіті мергенге жауып, есік ашып шығарды. Қараса, атынан басқа еш нәрсе көрінбеді. Тұман басқандай болып тұр. Мерген қайтып келіп, төсекке кіріп жатты. Қызбенен күліп-ойнап және түзге шықты. Қараса, тұман ашылып, өзен толған ақ ауыл, көп мал бәрі көрініп тұрды. Таң ағарып келе жатыр екен. Мерген қуанып үйге кірді. «Енді ұйықтамай-ақ таң атар»,— деп, қызбен құшақтасып жатты. Қыз айтты: «Ұйықтамай жатыңыз, таңға аз-ақ қалды». «Ойбай, карағым, не қылып ұйықтайын»,— деп мерген қызды қатты-қатты құшақтап жатып, соры қайнап, көзі ілініп кетіпті. Күн шығуға таянып қалыпты. Қойнында қыз да жоқ, баяғы үй де жоқ, бәрі де жоқ. Мерген ойбайлап жылап: «Бұл немене, түсім бе?»— деп жан-жағына караса, аты арқандаулы, еріне мылтығы сүйеулі қалыпты, жамбасының астында асыл көрпе қалыпты. Айнала кесіп-кесіп алып кетіпті.

Мерген жылап-жылап айтады: «Ойбай, карағым, қайда кеттің? Мен ұйықтағаным жоқ»,— дейді. Қанша зарлық қылды, еш нәрсе болмады. Мерген айтады: «Басында көргенімде өлтіреді деп қорқып едім, ақырында қайғысынан өлемін-ау!»— деп неше күндей жатып, еш пайда болмаған соң үйіне қайтты. Үйіне келіп атқан аңшы терісін, мүйізін сатып бұрынғыдан он есе пайда көрді. Баяғы жамбасының астында қалған көрпенің қиқымын сатып еді, алпыс байталдың пұлы болды. Мергеннің малы көбейе бастады. Құданың күдіретімен бұрын бала таппаған қатыны жүкті болды. Бір күні мерген ойлады: «былтыр осы уақытта құдай жарылқан еді, биыл тағы да жарылқамас па екен?»— деп. Былтырғы қызбен қосылған орнына барып бірнеше күн жатты, еш нәрсе болмады. Бір күні мерген ойбайлап жылап айтады: «Иә, құдайым, бір қызды көрсетіп мені отқа жандыртқанша басында жан қылып жаратпасан еді. Қызбен таң атқанша бірнеше ауыз ғана сөз сөйлестім, әрбір сөзі бұрынғы өткен ғұмырымнан артық еді»,— деп кейіп, «неге ұйықтадым» деп, пұшайман болып отырды.

Жылап отыр еді, «Қарамерген» деп біреу дауыстады. «Дауыс қай жағымнан шығады?»— деп алаңдап тұрып еді, аспаннан

дауыстады. «Ей сорлы, енді жылама! Бір сағат ұйқысыз қала алмай менен айрылдың, өз обалың өзіне, енді мың жыл жыласаң да менен саған пайда жоқ, әуре болма, былтырғы аманатың, мінекей, жаксы қылып асыра, қор болмасын»,— деп ғайып болды. Мерген қараса, бір алтын бесік түсті, ішінде бір ұл бар. Мерген мұны көріп, ойбайлап шақырды. «Бір сөйлесін кетсеңші, айналайын қарағым!»— деп еді ешбір жауап болмады. Мерген неше күн жылап-жылап, үйіне баласын алып қайтты. Үйіне келіп, үлкен той қылды.

Ақыры бұл мерген қисапсыз бай болып һәм хан болып дүниеден қайтты. Мергеннің өз қатынынан бір ұл туды, әкесінің орнына хан болды. Періден туған бала жас күнінде көз тиіп, дүниеден қайтты.

АҒАШ АТ



аяғы заманда атақты бір патша болыпты. Оның күндей сұлу үш қызы, айдан аппақ бір ұлы болыпты. Күндердің күнінде патшаға өнерпаз үш жігіт келіпті, оның біреуі қолына тауыс (көркем түкті құс), біреуі мыстан істелген қоңырау, біреуі ағаштан соққан ат ұстап кіріпті. Оларға патша:

— Бұл көтеріп жүргендерің немене?— деп сауал қойыпты.

Тауыс ұстаған жігіт:

— Таксыр, сіз атыңыз қатарындағы патшалардан асқан ұлы патша болдыңыз. Біз сіздің заманыңызда оқып өнер тапқан кісілер едік. Сізге өнерімізбен істеген табысымызды әкеліп отырмыз. Мына менің қолымдағы тауыс жанды сағат. Ол әр сағат сайын шақырып, өткен мезгілді білдіріп отырады,— деді.

— Жарайды, ісімен дәлелдемесе, ауызбен айтқанға сенбейтін едім,— деді патша. Тауыс әр сағат сайын шақырып, өнершінің сөзін дәлелдеді. Шынына көзі жеткен патша:

— Өнеріне қанағаттандым. Қызметін үшін не берсем риза боласың?— деді. Өнерпаз іркілмеді:

— Өнеріме қанағаттансаңыз, маған үлкен қызыңызды беріңіз. Сізге бала болып, өнерімді өрістете беруіме жол анылсын,— деді.

— Жарайды, тілегің болсын,— деді патша.

Мыс қоңыраулыға қарап:

— Бұл қоңыраудың қандай қасиеті бар?— деді. Жігіт:

— Таксыр, қоңырауым шеттен келетін жауды біледі. Қақпаға іліп қойсаңыз, қандай қастық ойлаған кісі болса да қалаға

кіргенде сылдырлап дыбыс шығарады. Сіздің мемлекетіңіздің қауіпсіздігі үшін әдейі арнап соқтым,— деді.

— Жарайды, қақпаға байла. Өнерің дәлелденгенде тілегінді берем,— деді патша.

— Күп болады, тақсыр, өнерімді көрген соң маған ортаншы қызыңызды бересіз,— деді жігіт.

— Ағаш атында қандай қасиет бар?— деді үшінші өнерпазға.

— Бұл керемет емес, тақсыр. Қолымнан соққан өнерім. Мұнымен ұшып, тілеген жеріне баруға болады,— деді жігіт.

— Олай болса, мініп көрейік. Ұшқанын көрмей еш нәрсе берілмейді,— деді патша.

Бұл кереметті көргелі көп жігіт жиылды. Әркім атқа мінін аяқтарын тебініп көрді, ағаш ат орнынан қозғалмады. Патшаның баласы келіп атқа мінгенде, өнерпаз омырауындағы бір тетікті қозғап жіберді. Ат көкке көтеріле бастады. Қаланың қарасы көрінбей бара жатқанда, патшаның баласы «бұл мені құртқалы істеген бір зат болар» деп қорықты. Аттың бүйірін сипалап жүріп оң жағынан бір, сол жағынан бір қораздың басындай екі тетік тапты. Оң жағын қозғағанда жоғары өрлеп, сол жағын қозғағанда төмен түсетінін білді. Ағаш аттың басын игеріп, қалаған жағына ұшып кете берді. Жердегілер шаһзадасын ұшырып жіберіп, қашан келер екен деп күтіп қала берді.

Патшаның баласы көкті сайрандап, талай қаланың төбесінен өтті. Бір мезетте көк ағашты, ағын сулы, бау-бақшалы бір қалаға көзі түсті. «Бұл қандай қала болды екен?.. Қай мемлекетке қарайтын жер екен?» деп ойлады. Қалаға қызыққаннан сонда түспекші болды. Қайда, бұлттың үстінде үш күншілік биікке ұшып жүрген ат жайлап жерге түскенше күн батып қаранғы болып қалды. Шаһзада атын жайлап әкеліп бір керемет биік үйдің төбесіне түсірді. Күнімен көкке ұшып шаршаған шаһзада үйдің үстінде демалып отырды. Қаланың елі жатып, көшеде жүрушілер саябырлай бастады. Шаһзаданың қарны ашып, ас ішуге зауқы қатты соғып, үйдің төбесінен сарайдың ішіне көз салды. Сарайдың ішінде қыбыр еткен жан көрінбейді, бейне бір бос тұрған дүние сияқты. Шаһзада үй төбесін жағалап жүріп, жерге түсетін саты көрді. Сатымен төмен түсіп, жер үстіндегі жұмақ сияқты сарайдың ішін көрді. Үйдің барлығы алтын, күміс, гауһар, жақұппен безеліп, бұрын көзі көрмеген қымбатты мүліктермен жасауланыпты. Бір ғажап осынша бай сарайдың ішінде қыбыр еткен жан жоқ. Шаһзада аралап шықты да, адамы жоқ сарайдың ішінде жалғыз жатқысы келмей, үйдің үстіне шығып, аттың қасында болуды мақұл көрді. Түннен бірнеше уақыт өткенде бір жарық көрінді. Жарық ұстаған адам екен. Ол бірте-бірте сол сарайға жақындай берді.

Ол бір мезетте сарайға жетіп есігінен кірді. Үй үстінде

отырған шаһзада олардан көзін айырмай қарап отыр еді. Жарықты көтерген қолына жалаң қылыш ұстаған бір жігіт екен. Оның айналасында бірнеше қыздар келді. Қыздардың ортасында асқан сұлу бір қыз бар. Ол қыздың ажарына арнап ақын мынадай бәйіт жазыпты:

Ақ күміс, айдай жүзін ашылған гүл,
Меруерт отыз тісің, шашын сүмбіл.
Жүрегім көзін жұмып гүлстанға
Шырқап күй, қону үшін ұшты бұлбұл.

Ол көрініс сипатымен сол қаланың патшасының қызы екенін танытты. Әкесі қызын айрықша тәуір көреді екен. Сондықтан оның ешбір тілегіне бөгет болмай, осы сарайды ойын-сауық құруына арнап салдырған екен. Қыз көңіл көтеру үшін сарайға келіп, екі-үш күн тұрып қайтадан әкесінің сарайына қайтып кетеді екен. Бұл келуі — ағаш ат мініп, аспанды сайрандап жүрген шаһзаданың келген күніне түйісті. Көп қыздың ортасындағы жалғыз жігіттен шаһзада жасқанбай үйдің төбесінен түсе қалды, қылышты жігіт сайтандай көктен сап етіп түсе қалған жат кісіні де шап беріп ұстай алды. Тегеурінді бұла өскен шаһзада қолымен қойып жіберді. Талдырмаш денелі, әлсіз жігіт екен, қаңбақтай домалап ұшып түсті. Қолындағы қылышын тартып алып, шаһзада сұлу қызға қарай ұмтылды.

Қылышты жалақтатып келе жатқан кісіден үрейленген қыздар, сырылып жүре береді. Ол сұлу қыздың қарсы алдына келіп тоқтады. Қыз оның бетіне қарап:

— Жаным-ау, әлгі әкем айтып жүрген Зәңгі патшасының баласы сенбісің?— деді.

— Дәл өзі,— деді шаһзада, түгіне түсінбеген тосын сөзге.

— Ойбай-ау, әлгі түсі жаман, көмірдей қап-қара дегені қайда?.. Өзің мүлде ауызға үріп салғандай әдемі екенсің ғой. Әкем көрмей қорқып жүр ме, әлде мені алдағаны ма?...

— Маған көз тиеді деп айтқан болар. Болмаса қандай екенімді көріп тұрсың ғой,— деді ағаш атты патшаның баласы.

Шынында ол қызды Зәңгі патшасының репейсіз баласы сұрап, оған әкесі бермей қойып еді. Қыз сол екен деп қалды.— Қыз ол кезде ыңғайы келсе күйеуді жек көретін мезгілден өтіп, күйеу келсе қыз дайын дейтін күнге жеткен шағы болатын. Қыз шаһзаданы қолынан ұстап, қатар отырып, әңгімені соға берді. Қыздар талып жатқан жігітке ес жиғызып, басын көтертті. Қызметші жігіт басын көтеріп, қылышын іздеді. Қыздың бәрі:

— Есенгіреген байғұс-ау, оның несін іздейсін... әлгі өзінді бір ұрып қалпақтай ұшырған біреу алды.

— Ол кім өзі?

— Кім екенін сайтан біле ме? Әйтеуір кердендей басып барды да, патшаның қызының қасына отырды. Сенің қылышың оның қолына тиген соң бәрімізді қырып тастайтын біреу шығар деп жанына да бара алмадық,— деді. Жігіт — Ер Асан патшаның қызын қауіп-қатерден қорғау үшін жіберген қызметшісі болатын. Ол патшаның алдында да қызды қорғауға жауапты болғандықтан, омыраулап кіріп кеткен шаһзадаға амалсыз келді. Бірақ, алғашқы соқтығыста беті қайтып қалған сорлы еш нәрсе айта алмай, жалтара сөйледі.

— Тақсыр, сізді кім деп білуге болады? Перімісіз, жынбысыз? Құдай қай көгінен түсіріп тұр?..— деді. Қыздың қасында қызулы тұрған жігіт:

— Сенің мен сияқты шаһзадаға «жын» деп айтуға қандай қақың бар еді!— деп қызметшіге қылышты ала ұмтылды. Ол екі қолын қусырып кешірім сұрай бастады.

— Тақсыр-ау, менікі жөн сұрау еді ғой, мұнша неге қаһарландыңыз?

— Қалай қаһарланбайын?.. Мен патша қызының күйеуі болсам, сен мені «жын» деп сықақ қыласың.

— Ғафу ет, тақсыр. Егер жын болмасаң, патша қызына ешкім сізден артық лайықты күйеу бола алмайды демекші едім...

Жігіт пен қыздың қалай отырғанын көрген қызметші өз басына қыз айналасынан түсер пайда, зиян көрмесе де ішіне бір түрлі қызғаншақтық пайда боп, сарайдан шыға жүгіріп қыздың әкесіне келді де, самбырлай сөйлей бастады.

— Ойбай, тақсыр-ай, таза шерменде болдым. Ой, құдай-ай, мұндайды кім көріпті... Құлақ естігенді көз көреді деген осы екен... масқара-ай,— деді. Патша түгіне түсінбей сасып:

— Не боп қалды? Сорлы! — дейді анырайып бетіне қарап.

— Несі құрсын, тақсыр, қызынды бір жын келіп омыраулап жатыр, қайдан келгенін қайдам, біз сарайдың ішіне кірісімен бас салып, киіп ала жөнелді. Қызың да кет ары деген жоқ, икеміне көне берді ме, қалай...

— Лағынест жаусып, сен итке! Қолыңа қылыш беріп, сені неге қойып едім ол жерге?! — деді патша.

— Қойғаныңды қайтейін, тақсыр, тегеурінді жын бір қойып жіберіп, есімнен тандырды да, қылышымды тартып алмады ма...

— Не сандалып кетті мына шошқа?! — деп, патша қылышын байлай қыздың сарайына жүгірді. Оның алдынан қызметші қыздар жүгіріп шықты. Олардан патша:

— Қыздың халі не болып жатыр?— деп сұрады.

— Біз де түк түсінбедік. Тақсыр... Әйтеуір әп-әдемі бір жігіт қызыңыздың қасында отыр. Көктен түсті ме, жерден шықты ма? Қайдан білейік...

Патша қылышын суыра жігітке ұмтылды.

Жігіт қызға қарап:

— Мына кәрі бурадай шабынып келе жатқан сенің әкен бе?— деді.

— Дәл соның өзі,— деді қыз теріс қарап.

Шаһзада да қылышқа мойнын ұсынып тұрмады, тартып алған қылышын ала қарсы ұмтылды. Жын ба, адам ба, әлгі белгісіз кісінің сұсы патшаны да басты. Ол үндемей қылышын қынапқа сала қойды. Кенет түсін жылытып:

— Балам, ашуды қой... өзін кімсін? Жын екенінді, адам екенінді білмей дал болып тұрмын, ашып айтшы?— деді. Жігіт қылышының үйін жерге қадап тұрып:

— Мына қызыңызды сыйламағаның үшін тұрған жерінде турап тастар едім. Болмаса, ерегіске келгенде өзінді екі бүктеп, елінді жайпап тастайтын шаһзаданы жынға ұйғаруға қандай қақыларың бар? Жай қызметшілерінді надан дейін десем, саналы патша сенін айтып тұрғанын мынау. Тегі өздерінді жын жайлаған елмісіндер, сонан басқа ауыздарына сөз түспейді?— деді. Патша оның сөзінен сескенейін деді. Дегенмен тіпті үндемей қалуға болмады:

— Ей, патшаның баласы, берген хабарың, жіберген елшің қайда? Жел аударған қаңбақтай сарайдың ішінен шығып «мен осы қыздың күйеуімін, әкесі маған берді» деп соғыпсың. Сен маған қашан сөйлесіп, қай жерде жолығып едің? Мұндай қисынсыз өгірік айтып көкуге бола ма? Сендей талай шаһзада еріксіз аламын деп, басы кесілген болатын, сенікі тіпті сорақы, жарықтығым, мұнша өкіректеуге бола ма? Егер ордадағы құралды күштерімді жіберіп қылышпен қиқалатып тастасам, менің қолымнан кім айырып алар еді! — деді. Оның жауабына шаһзада бөгелмей:

— Мен сіздің айтып тұрғаныңызға түсінбеймін... Надандық па? Я болмаса осы қызды менен артық кімге бермек едің? Ал, батырлығына қызықсаң менен артық батырды қайдан көрдің? Өңгіменің ең қысқасы — мен не айтсам да «мақұл» дей бер,— деді.

— Не айтпақ едің?!

— Менің айтатыным, қызынды қызғанып, едірендеп тұрсын. Ұрысқың келсе, қазір жекпе-жекке шығайық. Өлтіргеніміз қызға ие бола қояйық. Ал, оған көнбесең, бүгін мен осы сарайға қонам, ертең бар әскерінді жый, менімен ұрыссын, өзін қызығына қара да тұр. Құдай қырсығынан сақтаса бір сағатта бәрін жайқап берем, өзінде қанша әскер бар?— деді. Патша оған ежірейе қарап:

— Қырық мың құралды әскерім бар! Құралсыз қызметкерлерім қырық мың, сен жайқап салатын шөп емес, бәрі де адам.

— Мейлі, күн шыға майданға шықсын. Барып хабар бер.

Мені ұрысуға белін байлады де. Егер әскерің мені өлтірсе, мені көрдім деп айтпайсың. Жабулы қазан жабуымен қала береді. Егер мен жеңсем, қызынды алам, айтқаным айтқан. Бұл сөз сізге түсінікті ме?!

Патша кейінгісін мақұл көрді. «Бұл жүрек жұтқан бір дәу екен» деп ойлады.

Ертеден күн шыға ұрысуға тоқтам жасап, өзі шаһзадамен әңгімелесуге кірісті. Әңгімелесе отырып, астыртын уәзіріне кісі жібереді. Барушы кісіге: «Әскерді түгел жинап құралдандырсын, бұл келіп отырғанды жалғыз адам демесін. Оңай емес, дайындықты күшті жасап, қалайда жеңетін шараларын жасасын»,— деді. Патшасының әмірін қызметшілері уәзіріне жеткізіп жатты. Патша шаһзаданы неше алуан әңгімемен алдандырып таң атырды. Өз ордасына барып тағына отырды да, әскеріне соғыс майданына келуге бұйрық берді. Бір жақсы атқа алтын ер салып шаһзаданың мінуіне лайықтады. Шаһзада ол атқа мінуден бас тартты.

— Алдымен әскерлер, ұрысатын жеріне жиналсын. Мен әскерді көрмей атқа мінбеймін,— деді. Патша оны атқа мін деп қостамады.

— Мейлің, көңілің неге соқса соны істе,— деді. Шаһзада жаяу әскер жиналған жерге келді.

Патша әскер басыларына:

— Бұл жас та болса талабы таудай бір дәу көрінеді. Сендермен жалғыз соғысып, бәрінді жеңбек, өзі де сұлу жігіт екен, бірақ белгісіз біреуді қызыма қалай күйеу етейін! Найзаларынды андағайлатып, тіреп тұра қалындар,— деді.

Шаһзада әскерді көріп патшаға:

— Жарайды, әскерің ұрысуға тұрады екен, енді атқа мінейін,— деді. Патша:

— Осы аттардан таңдағаныңды мін де, ұрыса бер,— деді.

— Бұл аттар менің мінуіме жарамайды, өз атыма мінемін!

— Атын қайда?

— Атым қызыңның үйінің үстінде тұр.

— Ол өтірік. Үй үстінде ат тұрғанын ол заман да, бұл заман кім көрген...

— Көрмесен, көресің, қызметшілерінді жіберіп атымды алдыр,— деді. Бірнеше кісі барып, үй үстінде тұрған ағаш атты алып келді. Ел тамашалап ағаш атты қарасты. Ат сондай әдемі жасалған бір зат еді. Бірақ ағаш ат соғысқа қалай құрал болмақ? Кейбіреулер:

— Бұл шаһзаданың дені сау болмауы керек. Тегі, қияли диуана ма, бір пәле шығар,— десті.— Мейлі, сыры көзір ашылады, көреміз...

Қызметшілер ағаш атты әкеліп, майданның ортасына қойды. Әскерлер атты көргелі қоршап, жақындай түсті.

Әскерлердің ойынан ұрысу шығып, ерлеп, жүгендеп, жабулап қойған атты көруге ынтықты. Патша да қасына келді:

— Атың осы ма?

— Осы.

— Осындай ат бола ма екен? Бұл бір ойыншық қой.

— Не де болса қазір көресің!

— Неге мінбейсің?

— Бұған мынадай кісі қоршап тұрғанда мінуге болмайды. Сіз мына әскерлеріңізді бір шақырым кейін шегінуге бұйрық беріңіз, атым туласа астында қалады, — деді шаһзада.

— Ал, оны да көрейік, — десіп әскерлер кейін шегінді.

— Ал, енді атыма мінемін, тақсыр. Атқа мінген соң-ақ әскерінді қырамын, алдымен аттарын жарам, артынан адамдарын қырам! — деді шаһзада.

— Мейлін, қалағаныңды істе, — деді патша күліп.

Шаһзада атына мінді, патшаның әскері айнала сап тартып, найза, қылыштарын әзірлей бастады. «Кім біледі, мұнда бір біз білмейтін сын бар шығар», — десіп күдіктенді. Бәрі көздерін балаға қадап, найзаларын ынғайлады. Шаһзада атына мінген соң тетігін бір қозғап қойып, ерінің басынан ұстады. Ат тұрған жерінен көкке көтеріле бастады. «Мынаның аты тұрды ма, немене», — десіп жұрт танданып, бір-біріне қарағанша, ат аспанға шығып кетті.

— Уа, ұстандар! Көрер көзге айрылып қалғандарын ба! — деп патша айкай салды.

— Тақсыр-ау, құсты қалай ұстарсың?.. Сонау жұлдыздың бер жағында жүр ғой, — деді уәзірлері.

— Тақсыр, бақыттылығыңызға шүкірлік етіңіз. Бұл бір сиқыршы ғой. Әйтеуір сіздің қызыңыздың ерге шықпай отырғаны да бір қырсық болды. Осындай жын-шайтанға шақыртқы болады да отырады, — десті қарт уәзірлері. Патша көкке ұшқан жігіт көзден ғайып болған соң әскерін таратып ордасына келді.

Патша кешке сарайына келгенде қызының төсегіне етпетінен түсіп, солқылдап жылап жатқанын көрді. Патша жанына келіп, басын құшақтап:

— Жылама, жаным... сиқыршыдан құдай құтқарды. Енді қайтып келмейді. Бадамнан қалған найза, қылыштың қасиеті кем бе, үрейі ұшып көкке көтеріліп кетті... қорқып қалғансың ғой, — деді. Бірақ қызының ол сөзге жұбанатындай райы болмады.

— Кім сайтан, кім сиқыршы, білемін ғой,
Түсірген жерге оны тілегім ғой...

Қорқытып көк найзамен көкке ұшырған,
Сайтан емес, әке, менің жүрегім ғой,—

деп қыз өксігенін қойып, өкіріп жылады. Патша сасып әйеліне қарады.

— Бұл не деп жатыр... елігіне ұшырап қалған ба, қалай?— деді.

— Әке, еліктейтін еш нәрсе жоқ. Сол жігіт қайтып келмесе, осы жатқан төсегім моламен ұласады. Жігітті қайтып көргенше ас та ішпеймін,— деді қызы.

Жігіт қызбен сөйлескенде қайтып келетінін айтып, қыздың қаласының атын сұрап алған болатын.

Ол қаланың аты Санга-Ямин болатын. Ал, ағаш атпен көкке ұшқан шаһзада ілезде-ақ өз қаласына қарай сырғытып келіп қалды. Сарайының төбесіне түсті де, атын үйдің үстінде қалдырып, өзі әкесіне келді. Әкесі баласынан айрылғанына қайғырып, қара күн басына орнап отыр еді. Баласын көріп қуанды. Баласы ағаш ат жасап әкелген шебер туралы сұрады. Әкесі:

— Сол құрғырдың атын атама, соның ағаш аты да, өзі де құрсын. Сенен айрылып қалған соң, сиқырлы пәлесі үшін жазалап зынданға тастатқыздым,— деді.

Баласы патшадан өнерпазды босат деп сұрады. Патша жалғыз ұлының тілегін қимай, зынданнан шығартып, үстіне тон кигізіп, астына ат мінгізіп, бірсыпыра алтын берді. Бірақ өнерпаз тілек еткен қызын бермеді. Оған өнерпаз қатты ренжіді. «Бұл қалай? Мен ұлы патшаға үйретінді құс, алдамшы қонырау емес, ізгі өнерімді алып келіп едім. Атым келешекте ұлғайып, өмірлік көлік болмақшы еді. Ақырысында бұл әншейін ұсақ-түйек өнер құрлы да құны болмады. Бекер-ақ көп жыл бейнет тартқан екем!»— деп қайғырды. Бірақ өнерпаздың еңбегін шаһзада бағалай білді. Өзі білген сырды жайлап әкесіне айта бастады. Атпен қалай ұшқанын, қайда болғанын, қыздың сарайына барғанын, қыз әкесінің әскер жиганын, онан құтылып кетуіне осы аттың себепші болғанын айтып патшаның өнерпазға ашулы көңілін жібітпек болды. Не пайда, тасқа жауған жаңбырдай қартқа жаналық сінбеді. Ол қайта:

— Балам, айтпа маған ондай пәлені. Сол ат болмаса сен қақтығып Санга қаласына барар ма едің. Әйтеуір ажалын жетпеген соң келіпсін. Болмаса, самсаған әскер сені тірі қоя ма? Жын, перідей аспанға ұшты деген не пәле? Мұнан былай ол пәленің маңына жуушы болма,— деді.

— Әкесінің икемге келмейтінін сезген бала далаға шықты. Ойына Санга патшасының қызы түсті. Оның мөлдіреген көзі, гүл жайнаған беті шаһзаданың жүрегін құйындай ұйтқытып,

сабырын алды. Әкесінің ағаш атын қостамауы да қосымша себеп болды. Баласы үй төбесіндегі атына келін, мініп алды да тартты. Артынша баласын іздеп үйден шыққан әкесі көкте көлбеп ұшып бара жатқан баласын көрді. Патша екі қолын көкке көтерін, гөй-гөйге салды да қала берді.

— Енді осы жерге қайтып оралатын болсан, ағаш атыңды ақыр заманда көрерсін. Оңба, сондай сұмдықты істеп жүрген, шебер,— деді. Баласы көрген жері Санғаға қарай ұша берді.

Шаһзада көкте саяхат жасап, Санға қаласына да жетті. Баяғы өзі көрген қыз үйінің төбесіне атын қойып, сатымен сарайға түсті. Барлық бөлмені аралап ешбір кісі таппады. Ақырында әлде қайдағы оңаша бір бөлмеде қыздардың күбірлеген үнін естіді. Патшаның қызы сонда жатыр екен. Жігіт кеткелі қыз жастықтан бас көтермеген. Жылай-жылай көзі домбығып ісіп кетіпті, шаһзаданың амандасқан дауысын естігенде қыз басын көтеріп, құшағын жая түсті. Шаһзада кеткеннен бері қайғы бұлты басқанын, әрбір күні жылдан ауыр болғанын айтты.

— Егер сенен айрылу оңай болса, кеше кеткен адам, бүгін қайтып келмес еді,— деді шаһзада. Екі ынтығу бір жерден шыққан соң, уәдені мықтап байлапты. Ертемен үйдің төбесіндегі атқа барды да, екеуі мінгесіп алып шаһзаданың қаласына тарта берді. Құстай ұшқан ағаш ат әп-сәтте қаласының үстіне де келіп қалды. Көңілі судай тасқан шаһзада үлкен қаланы қызға көрсетіп, айнала ұшты. Ақырында әкесінің тамаша бағына келіп түсті. Бақ ішіндегі сарайда атты қызға тапсырды да, өзі әкесіне кетті. Қызға:

— Мен саған хабаршымды жіберермін. Осы бақтың ішінен саған арнап сарай салғызам. Сонда менің қандай патшаның баласы екенімді білесің,— деді. Қыз оған риза болып, шаһзаданың мойнынан құшып, бетінен сүйді.

— Жаным, не құрмет көрсетсең де ендігі ықтияр өз басында,— деді. Қыздың көңіліне үлкен той үстінде қалаға кіретіні түсті.

Патша баласын көргенде:

— Балам, әйтеуір. әлгі қызын қызғанатын патшаға бармай қайтып келдін бе?— деді.

— Әке, әдейі шыққан соң неге бармай қайтайын? Бармақ түгіл қызын алып келдім. Өзіңіздің тамаша бағыңызда отыр. Оның әкесі менімен ұрыстырамын деп қырық мың әскерін жинап еді. Сіз әскеріңізбен оның құрметіне шығыңыз. Сіздің қуатыңызды қызы қуаныш үстінде көрсін,— деді. Патша қуанып барлық әскерін мереке сапына дайындалсын деп бұйрық берді. Өзі қаланың басты кісілерін ертіп, қалаға барған баққа баруға әзірленді, Шаһзада қыз үшін бір сарайы босатып,

ҚАЗТ.

— 77

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Ц. Б. С.

кызметші қыздар дайындатты. Сөйтш өзі алдымен қыз қалған сарайға келді. Қайтып келсе қыз жоқ. Барлық сарайды ақтарып ағаш атты қойған бөлмеге келсе, ат та болмай шықты, Шаһзада маңдайын төбелеп: «Қыз аттың тетігін қайдан білді екен?... Тегі атқа мінемін деп көкке ұшып бір жаққа лағып кетіп қалған екен ғой», — деп ойлады. Сарайдың қақпасын күзетіп тұрған күзетшілерден:

— Бұл сарайға қандай бейсауат адам кірді?— деп сұрады. Олар шаһзадаға:

— Ешқандай бөгде адам сарайға да, бакқа да кірген жоқ. Тек сізге ұшатын ағаш ат жасап әкелген ғалым ғана дәрі істейтін шөп жинаймын деп кірген,— деді.

Бақтың түкпірін қоймай қарап, ғалымды таппады. Түкпірі жоқ тұңғыық ойға шаһзада батты да қалды. Күлімдеген қуанышы бұлтқа кірген күндей болды.

Шаһзада үйіне кетіп, әкесін қуантып жүргенде, қыз бен ағаш аты жоғалған уақиғасы былай болып еді. Заманның өрлеген санасы жалпыға бірдей болмаса, жалғыздардың бойындағы биік сана — бейне бір аласа егіндердің ішіндегі жалғыз тал биік өскен дән сияқты болады. Оның өзгеден артық шыққан бойын қорғаушы болмайды. Соққан жел де, ұйтқыған күйын да, сұқтанған көз де алдымен соған тиеді. Көп дәннің бірі болғанымен жебелеп өскен жел қағары болмаса, ол бәрібір жалғыз. Сол сияқты өнерсіз елдің ортасынан шыққан жалғыз өнерпаз да қорғансыз, бөлеге тез ұшырайды. Оның сырын ұғынатын жебелеп өскен жәрдемшісі жоқ. Міне, ағаш атты істеген шебер де парсы елінен үздік шыққан бір өнерпазы екен. Оның оқымаған оқуы, үйренбеген өнері қалмады. Көп білімнің дауылымен толқыған қиялы шарықтап он сегіз мың ғаламға симады. Алдыңғы өмірге қанша қарағанмен, салынған жолдың сүресі табылмай аңтарылды. Ақырында, көкке ұшу үшін атты әлденеше жыл еңбек етіп, ойланып, толғанып дайындаған еді, бірақ өнерін қараңғы халыққа түсіндіре алмай, бір кісі түсінсе сол түсінер деп, парсының саналы деген бір патшасына алып келген еді. Үміті ақталмады. «Аспанға ұшатын пәле әкеліп, баламды жоғалттын» деп, зынданға қамап қойды. Сөйтін, тапқан өнері жанына рахат емес, азап шегуге себепші болды. Оның үстіне табиғаттың қосымша берген бір міні — жас өнерпаз түріне кісі қарағысыз, келбетсіз еді. Жүзінің сау жері жоқ шұбар, көмірдей қап-қара болатын. Патшаның қызына жолатпай жай өнершіге берген көп қызының бірін оған бермеуінің бір себебі де сол еді. Ол дәрі істейтін шөпті жиғалы бақшаға кіргенде, сарайдың терезесінен өзі жасаған атқа көзі түсті. Көзіне оттай басылды, бөлмеге кірді де, тетіктерін қарай бастады. Атының бұзылмағанын көріп қуанды.

— Мінейін де ұшып кетейін,— деді өнерпаз.

Ғалым ағаш атты қайта қарап шықты да: «Бұл атты күзетіп тұрған кісі болар»,— деп бөлмелерді аралады. Сөйтіп жүріп қыз отырған жерге келді. Оның күндей күлімдеген сұлу жүзін көргенде есі ауып кетті. Ғалым қызға басын иіп:

— Сіз шаһзада әкелген қыз боласыз ба?— деді.

Қыз оның сүйкімсіз бейнесінен шошынып:

— Сіз кім боласыз? Мұнда неге келдіңіз?— деді үрейленіп.

— Мен шаһзаданың жіберген кісісі едім,— деді ғалым.

— Сенен басқа түрі тәуірлеу біреу табылмады ма екен!... Түрін қандай жаман еді! Шошып кеттім,— деді патшаның ерке қызы.

— Сіз сұлу болған соң түсі өңдіден қызғанған болар. Мен оның сенімді қызметшісі едім, өзі әкесінің қасында қалды. Сізді ашып кел деп жіберіп еді,— деді. Қыз оның сөзіне сеніп жүруге ыңғайлана бастады. Қыз орнынан тұрды. Бөлмеден шыққан соң:

— Мен мінетін не алып келдің?— деді.

— Өзің мініп келген атқа мінеміз,— деді өнерпаз.

— Мен ол атқа жеке міне алмаймын,— деді қыз.

— Шаһзадамен қалай мінгесіп келсең, солай кете береміз,— деді ғалым. Ғалым алдына мінді, қыз артына мінгесті. Қызды күліп кетпестей етіп беліне байлап алды да, аттың оң жағындағы тетігін бұрап жіберді. Ат аспанға қалқып ұша бастады. Қыз ғалымның қандай ойда келе жатқанын түсінбеді. Әйтеуір ат көкке көтерілгенде көзін жұмып еді. Енді көзін бір ашқанда, қала көрінбейді, бұлттың арасында бара жатқанын байқады. Қыздың жүрегі су ете қалып:

— Сұмдық-ай... қайда ұшып барамыз?! Шаһзада қайда?— деді.

— Шаһзадаңа өлім келсін! Үйінде, әкесінің қасында отыр,— деді, зуылдап ұшқан аттың желімен арпалысып, бір оң жағын, бір сол жағын бұрап отырған ғалым.

— Өзің қандай адамсың? Кожанның әмірін орындамай, бетіңмен кеткен қандай құл едің?— деді қыз.

— Өшір үнінді, мен құл емеспін. Шаһзада маған кожа емес. Мен осы ұшатын атты істеген шебермін. Менің бірнеше жылғы еңбегімді қолына түсіріп алып, маған оң берудің орнына пиндінге салып азаптады. Атыммен аспанды сайрандап, сені ашып келді. Енді ат та, сен де қолыма тидің, көңілім қайда қаласа, сонда барам. Менің барған жеріме сен де барасың,— деді. Қыз бетін жыртып, шашын жұлып:

— Ойбай, сүбіхан-ай!.. сорлаған екем ғой, не сүйген күйеуім жоқ, не әкем мен шешем жоқ, қаңғырды деген осы ғой,— деп жылады. Оған ғалым:

— Долданба, аттан құлап кетесің. Мен шаһзададан жаман

болмаймын. Адал еңбектің есесіне азап беретін жауыз мен емес. Сені күтем,— деді. Қыз оны тыңдаған жоқ, солқылдап жылай берді.

Ағаш ат аспанда қалықтап отырып Рум қаласының үстіне келгенде, сол жақ тетігін бұрап, қала шетіндегі жемісті қорғанның ортасына түсірді. Қаланың патшасы аң аулап қайтып келе жатып, ағаш аттың жанында тұрған сұлу қызға көзі түсті де, әскерімен қамап алып, ұшуға мұршасын келтірмей ұстап алды. Ағаш атты көтеріп, қыз бен ғалымды ертіп патшаның алдына апарды. Патша сұлу қызбен, репетсіз ғалымды көріп қайран қалды. Ол қызға қарап:

— Бұл қалай, бірін кісі таңырқағандай сұлусың, бірін кісі қорыққандай сұмырайсың! Неғып жүрген адамсыңдар?— деді. Қыз үндемей төмен қарап қалды.

— Таксыр, бұл менің әйелім. Жаныма ертіп тамашалатып жүрмін,— деді ғалым. Қыз жұлып алғандай:

— Өтірік айтады, таксыр. Мен мұның әйелі емеспін. Тіпті танымаймын да. Әйтеуір бір себеппен қолына түсірді де, ұрлап алып келе жатыр. Ол жағдайларымды өзіңізге кейін айтамын. Тек мені осының қолынан құтқар,— деді.

Патша қыздың сөзін естіп, ғалымды жазалап зынданға салғызды да, ат пен қызды ордасына алып кетті. Сөйтіп аспанға ұшқан қыз бен ғалымның халі осылай болды.

Ал, шаһзада қыздан айрылғанына көзі жеткен соң, әлдекімнің «ағаш ат осылай қарай ұшты» деген сілтеуімен қайғырып іздей берді. Кездескен қала, қыстақтан жеке жолыққан адамнан «ұшып бара жатқан ағаш ат көрмедіндер ме?» деп сұрады. Кейбіреулер күліп, кейбіреулер қайран қалды. Жақын жерде қыз бен ғалымнан хабар білінбеді. Ақырында қыздың қаласы Санғаға барды. Онан да ешқандай хабар таппады. Бірақ сүйікті қызынан айрылған шаһзада жалықпай іздей де бірді. Ендігі беті Рум қаласы болып, оған таяу бір кішкене қалаға жетті де, керуен сарайға түсіп дем алып жатты.

Бір топ саудагерлер әңгіме соғып отыр еді:

— Уай, мен бір керемет есіттім,— деді біреуі.

— Не есіттің, көне айтшы, біз де есітейік,— десті жанындағылар.

— Осы қаланың патшасы бір күні аң аулауға барған екен дейді, сол патша аңнан қайтып келе жатып жеміс бағы ішінде ағаш атпен ұшып жүрген бір сұлу қыз бен түрі жаман бір еркекті ұстап алыпты.

— Е-е... ағаш атпен ұшып жүрген деймісің?! Астапыралла, шайтан шығар... Оны қайтыпты?

— Патша түрі жаманнан сұраған екен, «сұлу қызды әйелім» депті, қыз «өтірік айтады, мен оның әйелі емеспін» депті...

Сарайда жатқан саудагерлер: ұшатын ағаш ат, ұсталған қыз бен жігіт туралы аңызды айтқан саудагердің әңгімесін қызыға тыңдасып, күйкылжыта қиял етіседі. «Қыз мен мұның әйелі емеспін. Бұл мені алдап ағаш атқа мінгізіп, аспанға ұшып кетті депті деймісін? Патша қыздың сөзін тыңдап түрі жаман адамды тыңдана салыпты да, қызды ордасына алып кетінті деймісін?» деп таңданып, әңгіме айтқан саудагерден қайта сұрай берді. Қайран қалған бірі:

— Ой, сұмдық-ай!.. Әлгі аспанға ұшатын атты қайтыпты?— деді.

— Қайтушы еді? Ұшатын ат тек тұрады деймісін? Көкке зу етіп ұшып кеткен шығар...— деді бірі.

— Жоқ, олай болмапты, патша атты да сарайына қамап тастанты, — дейді.

Бұл аңызды естіген соң шаһзада саудагерлердің жанына жақындап отырып, әңгімешіден жылы жүзбен жайлап сұрады:

— Бұл уақиға қай шаһарда, кім деген патшаның сарайында болған?— деді. Саудагер жолаушының азып-тозған ұсқынына қарап:

— Өзің ұқпайды екенсің ғой... айттым ғой, осы Рум қаласы деп, ал патшасының атын сұрағаным жоқ. Оның саған қанша керекті бар? Құда түсесің бе? Әйтеуір, жақында болған керемет деп елдің аузының суы құрып отыр, — деді.

Шаһзада ертемен тұрды да, үлкен қалаға тартты. Қаланың бір қақпасынан кірерде есік алдындағы күзетшілер шаһзаданы тоқтатып тексере бастады. Күзетшілердің бастығы келді де, шаһзаданы бастан-аяқ қарап шығып, патшаға алып кетті. Олар ордаға кіргенде кеш болып, орда кісілері тарап, патша үйіне кайтып кеткен еді. Орда есігін күзеткен әскер жігіттердің қасында шаһзада отырып қалды. Еріккен күзетшілер шаһзадамен әңгімелесе бастады.

— Қайдан келе жатқан қонақ едің?— деді бірі.

— Парсы шаһарінен келем, ұлтым да парсы болады, — деді шаһзада.

— Е, олай болса өтірікшімін десейші!.. Мына зынданның ішінде бір парсы жатыр. Бастан-аяқ сөзінде бір шындық жоқ. Парсы дегендер айлакер, ку, сөзінде шындық болмайды екен, — деді. Сойтін күзетшілер сықақ қылып күле бастады. Бірақ шаһзада олардың сөзін аңыздаған жоқ. Әзілдеріне қосыла отырып:

— Сіздер, парсылықтардың қандай өтірігін есіттіңіздер, — деп сұрақ берді.

— Біз оның өтірігін түгел ашып бере алмаймыз. Ол бізді емес, бізін патшамызды да алдады. Патшамыз аңнан келе жатып бақ ішінде тұрған сұлу қыз, ағаш ат көріп, сонымен бірге түрі жаман

бір парсыны көрген. Сонан жөн сұрағанда: «Ағаш атпен ұшып келдім. Қыз менің әйелім»,— депті. Қыздың несін сұрайсың! Ай десен аузы бар, күн десен көзі бар! Парсы бір құзғын, көрген кісі қорқатындай түрі жаман біреу. Біздің патшамыз да парсы-марсының алдауына көне қоятын кісі емес, қыз бен атын тартып алып, өзін зынданға салып тастады. Сөйтіп енді сол сұлу қызға патшамыз ғашық. Бірақ не пайда қызды жын ұрып кеткен бе, пері соғып кеткен бе, әйтеуір дені дұрыс емес. Бір құсамен ауырып жатқан көрінеді. Онысы да өтірік. Өйткені ғалым болса ауруды да қолынан емдеу келуі керек еді, қызға ешбір ем істей алмайды. Тегі ғалымдығы өтірік болса керек,— деді.

Сонымен күзетшілер, ағаш ат пен қыздың, ғалымның жайын түгел айтты. Шаһзада ішінен «есебін тауып ат пен қызды қолыма түсіріп, патшадан құтқарып алып кетуім керек» деп ойлады. Күзетшілердің жататын уақыты болды да, шаһзаданы зынданға жауып тастады.

Шаһзада зынданға кірген соң жатуға қолайлы бір жерді сипалап тапты да, жатуға ыңғайланды. Ағаш атты істеген ғалым да соның ішінде екен. Ол бір бұрышына жайғасып, қалың ойдың тұңғыығына батып жатыр екен. Оның зары шаһзаданың ұйқысын бөлін жіберді. Ол былай деп зарлайды: «Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді дегеннің өзі болып, менің бастапқы бағытым қыңыр кетті. Мен қырық рет қателестім. Оқу оқып, өнер таптым. Оным дұрыс еді. Ұшатын ат ойлап шығардым. Міне, менің қыңыр кеткенім! Өлетін бала моламен ойнайды деген сияқты, менің патшада нем бар еді? Ол — бір де, халық — мың еді. Бір ағаштын көлеңкесінен мың ағаштың көлеңкесі көп еді. Мен сонда неге саяладым! Оның бәрін өткізіп алған соң, атқа мініп өзім кете бермей, қызды не деп алып кеттім? Заман менікі емес екен, оның адамында нем бар еді? Басты қатем — патша мені іздемей тұрғанда оны мен неге іздедім? Көптен айрылдым. Халық мені іздерліктей еңбек істер едім. Жалғыз ат істеп оны патшаға ала жүгіргенше, халықтың бас-басына бір ат істеп беруге неге өмірімді жұмсамадым? Мезгілсіз патша іздеп, енді зынданда жатырмын. О, қайран халық, қайран еркіндік!»— деп күрс етіп құлап, жер құшты. Шаһзада оның ғалым екенін білді де, үндемеді...

Ертемен күзетшілер, шаһзаданы зынданнан шығарып патшаға алып барды.

— Кеше кешке келіп еді. Сізге кеше әкеле алмай бүгін алып келдік, өзі парсымын дей ме...— деп патшаға мәлімдеді. Патша шаһзададан жөн сұрай бастады.

— Парсы елінен едім,— деді шаһзада. Атым — Хурмуз. Туған қалам да парсы қаласы. Өнерім емшілік еді. Ел аралап түрлі

сырқатты емдеп, өз өнерімді әр елге жайып жүрген адам едім,— деді. Оған Рум патшасы қуанды.

— Сені құдай дәл керек сағатында кездестіріп отыр, менде бір ауру қыз бар, соны жазатын болсан, сенен аяп қалатын қазынам болмайды. Әйтеуір жазып бер,— деді. Шаһзада қыздың хал-жайын, ауруының түрін, қайдан келгенін біліп алды да:

— Ол қыздың мініп келген ағаш аты қайда?— деді. Патша қазынада тұрғанын айтты.

— Ендеше сол атты көрсетіңіз. Мүмкін, қыздың кеселіне сол ат себеп болар. Алдымен соны көрейін,— деді. Патша өзі ертіп келіп сарайда тұрған ағаш атты көрсетті. Шаһзада атты айналыра қарап шығып, бүтін тұрғанына қуанды, енді қызды көрсе, ретін тауып қашып құтылатынына көзі жетті.

— Енді қызды көрсетіңіз, кеселін басайын,— деді.

Патша қыз тұрған сарайға алып келді. Қыз жынды адамдай көрініп, жанына басқа адамды жолатпайтын еді. Шаһзада жанына келін қолын ұстады. Ол өзінің жігітін танып: «Ах!»— деді де, қуанғанынан есінен танып құлап қалды. Шаһзада басын көтеріп әлдебір нәрсе айтқан болып: «Есінді жи, байқа, мені танытпа, бұл пәледен айламен құтылмасақ қиын, сен тәуірленген бола бер. Патшаға түзу сөйлеп, құрмет көрсет...»— деді. Қыз түсінді де, айла істеуге дайындалды. Шаһзада қызметші әйелдерге қыздың қолына салып қойған кісенді алуды бұйырды. Қыз босанған соң патшаға қарап, басын иді.

— Таксыр, сіздің айрықша түскен ықыласың себеп болып, мен бұл қыздың қандай кеселі бар екенін білдім,— деді шаһзада.

Румның патшасы тәуіптің сөзін естіп, қыздың түзеліп қалғанына қатты қуанды. Қызметші қыздары тәуір бола бастаған сұлуды моншаға түсіріп, мойнына алқа салған соң, ол тоғы құстай құлпырды. Көргелі келген патшаға иіліп сәлем беріп, қолын қусырып құрмет көрсетті. Оған қуанған патша, тәуіпке басын иіп:

— Сіздің шарапатыңыз бұл қыздың жынын қуып-ақ тастаған екен. Енді бұл қызметіңізді мен ешуақытта ұмытпаймын,— деді. Шаһзада:

— Науқасынан түгелдей айықтыру үшін қызды ұстап тұтқын еткен жеріңізге ағаш атымен алып баруыңыз керек. Әскерлеріңіз оқ атым жерде айнала қоршап тұрсын. Мен қызды ағаш атқа мінігізіп соны сокқан жынды ат үстінде байлап аламыз,— деді.

— Нендей ем істесеніз де ықтияр сізде,— деді патша.

Ертеңіне шаһзада бақта қызды атқа мінігізді. Ат пен қызды айналып жүрді де, бір мезетте дуа оқимын деп өзі де атқа мінді. Соңғын аттың оң жағындағы тетігін бұрап аспанға ұшты да кетті. Рум патшасы қайтып түседі деп кешке шейін күтіп тұрды да, түн

болған соң күдер үзіп үйіне қайтты, жиналған халықтың бірі «оларды жын алып кетті» деді. Бірі «тәуіптің өзі жын болды, патшаны алдап алып кетті» деді. Патша түгіне түсінбей санын соғып өкінді.

Шаһзада қаласына ұшып келіп, қызды әкелгенін әкесіне білдірді. Әкесі еліне хабарлап, үлкен тойға дайындық жасады.

Патша баласын үйлендірген үлкен той жасады. Ел жиналып сауық-сайранын көрді. Қыздың әкесіне хабар жіберіп, онан көп сыйлықтар келді. Патша той үстінде аспанға ұшатын атты «сиқыр» деп далаға алып шығарып өртеткізіп жіберді. Баласы қанша тәуір көрін кәдірлегенмен әкесінің өміріне қарсы бола алмады. Ағаш ат себеп болып тауып алған сұлуды құшып қала берді.

Ұшатын ағаш атты қайтадан істеп беретін ғалым зынданда өліп кетті.

АЛТЫН ҚҰС ПЕН СҮР ҚАСҚЫР



ұрынғы заманда бір патша болыпты. Патшаның үш ұлы һәм бір жүдә үлкен бақшасы бар екен. Ондай бақша ол заманда дүние жүзінде еш патшалықта болмаған. Егер бұл бақшаға қайғылы ма, ауру ма кісі кірсе, қайғылы кісінің қайғысы кетіп, ауру кісі ауруынан саламат болып шығатын еді. Бұл бақшада неше түрлі жемістер бар еді. Патша бақшасындағы осы жеміс ағаштарының ішінен биік өскен бір алма ағашын жан-тәнімен жүдә жақсы көреді екен. Ол ағашта өскен бір алманың біреуі алтынға, біреуі күміске яғни әр түрлі түске айналып тұрады екен. Бір замандарда бұл бақшаны бір алтын құс иеленіп алыпты. Алтын құстың әрбір жүні алтын секілді жалт-жұлт етіп тұрған һәм көзі ғауһар секілді ойнап тұрған. Бұл құс әр күні түнімен бұл патшаның бақшасына ұшып келіп қонады екен. Әлгі патшаның сүйікті алма ағашының бір алмасын шұқып, баскасын теуіп түсіріп кетеді екен. Күндерде бір күн патша бақшасын аралап алма ағашынан алмасын қараса, алтын секілді жақсы алмасы жүдә аз қалған екен. Патша бұл істі көріп қапа болған, қайғыра бастаған. Бір күні патша өзінің үш ұлын шақырып айтқан.

— Әй, әзіз ұлдарым, қайсыңыздың қолыңнан келеді, бақшаға келіп жүретін алтын құсты маған тірідей ұстап беру. Қайсыңыз ұстасаныз өз өмірімде жарты патшалығымды беремін һәм өлген уақытымда барлық патшалығымды өсиет етіп

қалдырамын,— дейді. Осы сөзді патшадан ұлдары есітін: «Қайғырманыз, не қылсақ та ұстармыз»,— дейді.

Бұлар кезек-кезекпен бақшаға қарауылға тұра бастады. Әуелі үлкен ұлы бақшаға барып, түнде қарауылға тұрады. Түннің бір уағына дейін алма ағашы түбінде отырады да, шаршап патша ұлы ұйықтап кетеді. Сол арада алтын құс келіп алмаларын қиып, бір алмасын алып кетеді. Патша ұлы оянып қараса, алмалары қиылған, бір алмасы жоқ. Ертеңгісін патша тұрған, үлкен ұлын шақыртқан һәм сұраған: «Ей, сүйікті ұлым, алтын құсты көрдің бе?»— деген. Ұлы жауап берген, мансап қылып айтқан: «Ей, ғазиз ата, көрмедім»,— деген. Екінші күні қарауылға екінші ұлы кеткен. Әлгі алма ағашы түбіне барып отырған. Біраздан соң ол да ұйықтап кеткен. Сол арада құс келіп алманы қиып, бір алмасын алып кеткен. Ертеңгісі патша ұлын шақыртқан. Үлкен ұлы секілді жауап берген. Үшінші ұлына кезек келіп, үшінші ұлы бақшаға барып алма ағашы түбінде еш ұйықтамаған. Біраздан соң бақшаға от секілді жалт-жалт еткен құс келіп, айналаны күндізгідей жарық қылып алма ағашына келіп қонған да алмаларды қия бастаған. Патшаның ұлы айла қылып құйрығынан ұстаған. Бірақ дұрыстап ұстай алмай қалған, алтын құс олай-бұлай етін ұшып кеткен. Патша ұлының қолында жалғыз ғана бір қауырсын қалған. Патша тұрған, ұлын шақыртқан, ұлы әлгі қауырсынды алып барып атасына берген. Патша қайран қалып тіпті қуанған. Өйткені ол қауырсын қараңғы түнді күндізге айналдырған. Патша осы қауырсынды өзі отыратұғын үйге қойған. Бұл оқиғадан соң алтын құс бақшаға тіпті келмеген. Көп уақыт өткен соң патша жанына ұлдарын шақырып айтқан: «Ей, менің сүйікті ұлдарым, не болса да сол алтын құсты тірідей ұстап әкелгеніңізге бұрынғы айтқан өсиетімді орнына келтіремін»,— дейді. Сол арада үлкен ұлы мен ортанның ұлы інісіне жүдө ашуы келіп, не болса да бірге іздейміз деп кеңес етіп айтып қойған еді. Мұнан соң үлкен ұлы мен ортанның ұлы атасынан рұқсат сұрап һәм қабыл дұғасын алып алтын құсты іздеп шығып кеткен. Ағалары шығып кеткен соң патшаның кіші ұлы атасына жалына бастады: «Ай, ата, мені де жібер іздеуге». Атасы айтқан: «Сүйікті ұлым, сен жас баласын, ұзақ жолға жүріп көрмегенсің, межелі жерге әлі ағаларың бармаған да болар»,— деген.

Күн сайын, сағат сайын кіші ұлы атасынан өтініп тілеген: «Не болса да батаңызды беріп, рұқсат етіңіз»,— деп. Ақыр патша кіші ұлын жібермесе болмайтын болды. Атасы көп қайыр дұға қылып, кіші ұлы бір атқа мініп жолға шығып кеткен. Бара-бара ол де қай жаққа барғанын білмеген. Кетіп бара жатып ойлай бастаған: «Алыс па екен, жақын ба екен, биік пе екен, аласа ма екен?» Жүріп барып бір жерге жеткен. Ол бір жақсы сахара —

жасыл шөпті, бұлақтар ағып тұрған. Ертеңіне тағы бір кеш жүрген, алдынан тақыр шөл кездескен. Біраз демін алған соң өлгі тақыр шөлден кеткен. Біраз барған соң бір биік ағашты көреді. Ағашқа жазылған жазу бар екен. Жазуды оқыпты. Ағашқа жазылған сөздер: «Осы ағаш жанында үш жол бар: оңға, солға, тура. Тура жолмен кетсе, ол кісі аш-жалаңаш болып, саламат қалады. Оң жақтағы жолға түссең, аты болса аты өліп, өзі саламат қалады. Ағаштан сол жаққа кетсе, ол кісі өліп, аты қалар»,— деп жазылған. Патшаның ұлының жүдө іші пысып, құдайға тапсырып ағаштан оң жаққа қараған жолға түсіп жүріп кеткен. Патша ұлы ойлаған «атым өлсе, өзім қалсам мал табылар» деп бір күн жүрген, екі күн жүрген. Үшінші күн болғанда бұған бір жақтан келіп бір сұр қасқыр жолықты. Бұл сұр қасқыр тілге келіп айтты: «Ей, жас жігіт, сен әулиесін. Ағаштағы жазуды көргенсін. Онда жазған он тарапқа кетсең атың басы жоғалады»,— деп, сол арада бұл баланың атын бір шетке алып барып жей бастаған. Патшаның баласы атынан айрылған соң өзімен бірге туған-туысқанынан айрылған секілді шетке барып жылай бастаған. Біраздан соң жаяулап кетті. Бір күн, бір түн жүріп бала мүлде шаршады. Біраз демін алуға отырды. Сол арада артынан сұр қасқыр шауып келіп һәм оны қуып жетіп баладан сұрай бастады: «Әй, патшаның ұлы, сен не жұмыспен жүрсін, жұмысыңды маған айт»— дейді. Патша ұлы жұмысының бәрін сұр қасқырға айтады. Сұр қасқыр: «Менің үстіме мін»,— дейді. Бала мінді, қасқыр жүріп кетті. Сонда шапшаң жүруі соншалық шапшаң ат болса да қасқыр артынан жетерлік емес. Бара-бара күн кеш болды. Күн кеш болған соң бұлар келіп бір тас жолға жетті. Ол тас жол шамасыз биік екен. Сұр қасқыр айтты: «Уақыт жетті, түс менін үстімнен. Осы тас жолға өрмелеп шық. Осы жолдан түскенсін бір бақша көрерсін. Сол бақшада бір алтын қапас ішінде алтын құс болады. Аларсын, бірақ қапасқа тиме. Егерде қапасқа тисең өлесің. Неге десең сол сөтте қарауылшыларға хабар тиіп, ол бақшадан шығып кетуге болмайды. Сол сағатта сені ұстап алады»,— дейді. Патша ұлы жол бойымен өрмелеп шығып, бақшаға кірді һәм алтын құсты көрді. Қапастан алып шыға бастағанда патша ұлына ой түсті. Өз-өзіне айтты: «Алтын қапассыз құсты алып жүру қиын болар»,— деп. Қайта барып алтын қапасты шешіп алам деп қапасты шеше бастағанда бақшаның іші суға толып кетті. Қапасты байлаған жерде темір шыбықтың бір басы патшаның үйіне кірген екен. Ең басына үлкен қонырау байлаған екен. Ол қоныраудың сылдыраған даусымен қарауылшылар бұл жігітті келіп ұстайды. Алтын құстың иесі ол жердің патшасы Алматхан атты хан екен. Алмат патша жүдө ашушаң кісі екен. Бұл патша баласына бек қатты ашуланып: «Ұят емес пе саған осындай іс

істеп жүруін. Өзің қандай адамсың. Қай патшаның еліненсің, атың кім?»,— дейді. Жігіт қорқып кетіп: «Мен Хикмет деген патшаның ұлымын. Менің атым Фөрмүч»,— дейді. Алмат жігіттен сұрайды: «Сен мұнда неге келдің?»,— дейді. Фөрмүч былай деп жауап береді: «біздің патшамыздың бақшасын бір алтын күс иеленіп алған еді. Күн сайын түнде келіп бақшамыздағы алма ағашынан алма киятын еді һәм бір алма алып кететін еді. Соның үшін оны ұстап әкелуге мені атам жіберді»,— дейді. Алмат патша айтты: «Ей, жас жігіт, өзің патша ұлы бола тұрып бұл іс саған керек емес еді»,— дейді. Жігіт айтады: «Егер осы алтын құсты ұстап әкелсем атам орныма патша етіп қоямын деген. Соның үшін менің келгенім»,— деді.

Алмат айтты: «Сен ондай болса, жақсылықпен сұрасаң бір ауыз сөз сөйлемей берер едім. Жақсы бола ма, сенің осы ісінді бірнеше ағыламнама жаздырып әрбір жерге таратсам. Тек сенің жастығыңды ескеріп сені құтқарамын һәм көп мал беремін, маған сен бір қызмет көрсетсең. Ол қызмет — бәлен деген үшінші патша мемлекетінде бір алтын жалды ат бар, ол мемлекет осы шаһардан мың шақырым жерде, бір биік үлкен теңіз артында, егер сен маған сол алтын жалды атты тауып әкелсең, саған бір сөз айтпай осы алтын құсты жаным-тәніммен беремін. Егер осы қызметті қылмасаң қарак атыңды бүкіл дүнияға таратамын»,— дейді. Бұл жігіт Алмат патшаға атты тауып келмекші болып бас иіп шығып кетеді. Қасқыр жанына келген жігіт, сұр қасқырға басынан өткен істерінің бәрін сөйлеп береді.

Қасқыр айтты: «Әй, жігіт, менің айтқанымды неге тыңдамадың. Неге алдың алтын қапасты»,— дейді. Патша ұлы қасқырға: «Сенің алдында айыптымын»,— дейді. Қасқыр айтады: «қайыр, құдайдың ісі шығар, енді сен менің үстіме мін, қайда барсаң мен сені сонда алып барамын»,— дейді. Патша ұлы қасқырдың желкесіне мінеді. Сұр қасқыр атқан оқ секілді шабады. Бір заманнан соң патша айтқан мемлекетке де түнде барып жеткен. Нақ түн ортасында ақ тастан істеген албардың қасына келеді. Қасқыр жігітке: «Бар, тез осы албарға кір, қазір қарауылшылар ұйықтаған соң атты, яғни, алтын жалды атты алып шық. Бірақ дуалда алтын жүген болар, оған тиме, егер тисең өлесің»,— дейді. Патша ұлы албарға кіреді. Атты алды. Сол арада жігіттің көзі дуалдағы алтын жүгенге түсті, жігіт жүгенге жүде қызықты. Алғысы келіп алғанда албар шу-шу ете қалып қарауылшылар оянып, албарға кіріп, патша ұлын ұстап, патшаның алдына кіргізді. Патша жігіттен сұрай бастайды: «Қай елденсің, һәм қандай адамның ұлысың?»,— дейді. Патша ұлы қандай кісі ұлы екенін бәрін айтты. Патша жігітке: «Саған мұндай іс істеу жарай ма, өзің бір патшаның ұлы екенсің, қайыр, бұл күнәнді кешемін, маған бір қызмет істесең. Қызмет — сол бір

мемлекетте бір патша бар, оның бір сұлу қызы бар, неше жылдар мен жаушы жібердім, ғашық болдым, қызын маған берсін деп, ол маған қызын бермеді, егер сол қызды әкеліп берсең барлық күнәнді кешемін. Егер әкелмесең қарақтығыңды әр мемлекетке жазу жазып таратамын һәм қарақтығыңды әрбір кісі біліп мазақ қылар. Егер осы істі орнына келтірсең алтын жалды атты, алтын жүгенді өз ықтиярыммен саған беремін. Егер сіз бастан жақсылықпен сұрасаң, жақсы деп бір ауыз сөз айтпай беруші едім»,— дейді. Патша ұлы көп заман ойлап тұрды да, сонан соң уәде беріп, қызды білмек болып жылай-жылай сұр қасқырдың жанына келді. Бастан-аяқ қасқырға жай-күйін айтады. Қасқыр айтты: «неге айтқан сөзді тындамадың, неге тидің ол алтын жүгенге»,— дейді. Жігіт: «Айып менде, құдай солай меңі бастады»,— дейді. Қасқыр айтты: «Жарайды, болары болды енді. Жүр, менің үстіме мін, қайда болса да мен сені сонда алып барамын»,— деді. Қасқыр жүдә қатты шапқан, сөйлеуге хал жоқ. Біраз уақыт өткен соң әлгі қыз атасының еліне барып жетті. Шаһары алтын дуалмен айналдырған, ішінде бақша. Сұр қасқыр жігітке: «Түс үстімнен һәм аллаға тапсырып бар. Біз келген жолмен қайтып жол үстіндегі емен ағаш түбінде мені күтіп тұр»,— дейді. Патша ұлы қасқыр айтқандай барып емен түбінде күтіп тұрады. Сұр қасқыр алтын дуалдың жанына барып бұғып тұрады.

Патша қызы бақшаға шыққан. Күн батқан соң өзінің бірге жүретін қыздарымен патша қызы жүре-жүре сұр қасқыр жанына бір-ақ келген. Сол арада сұр қасқыр дуал үстінен секіріп түсіп, патша қызын көтеріп алып желкесіне салып, секірін шықты да шауып кетті. Жүдә қатты шабумен біраз уақыттан соң өзі айтқан жасыл емен түбіне келіп жетті. Патша ұлын да қызбен бірге арқасына мінгізіп алды.

Олар кете берсін. Енді біз патша қызы жүрген бақшаға келейік. Қасқыр патша қызын алып шығып кеткен соң, жанында бірге жүрген қыздар патшаға кіріп айтты. Патша бұл сөзді естіген соң жүйрік атпен қасқыр артынан қуарға шықты. Бірақ қасқыр артынан жете алмады. Енді сұр қасқыр үстіндегі патша қызы мен патша ұлына келейік. Мұнда қызға жігіт ғашық болады, қыз жігітке ғашық болады. Қызды олар алып кел деген патшаға жақындайды. Жігіт қайғыра бастады һәм қызды патшаға бергісі келмей жігіттің көзінен жастары домалап-домалап түсе бастады. Жігіттің мұндай болғанын сұр қасқыр көріп жігітке: «Неге қайғырасың»,— дейді. Жігіт сұр қасқырға: «Әй, жан достым, сұр қасқыр, неге жыламайын, мен не қылам, тәнім, жаным, қашыммен бұл патша қызына ғашық болдым. Онан бір сәтке айрылып тұруға халім жоқ. Патшаға айтсам қызды бермейді. Басқандай халім жоқ, егер алтын жалды

ат үшін бермесем менің уәдесіз атым һәр жаққа жайылады. Осы істер үшін жүдә қайғырам, қасқыр досым»,— деп жауап береді. Сұр қасқыр: «Ей, жігіт, мен саған көп қызмет еттім және ондай болса да бір қызмет көрсетейін. Мен қазір сол қыз болайын. Мені патша жанына алып барып һәм алтын жалды атты ал да, алысқа кет. Мен біраз уақыт өткен соң патшадан далаға шығып жүруге рұқсат сұрармын. Ол мені өзінің бағушы қыздарымен жіберер, сол уақытта мен сенің жаныңда боламын»,— дейді. Осы сөздерді сұр қасқыр айтады да, көз ашып-жұмғанша патша қызы болды. Тіпті айырарлық болмады. Жігіт әуелі қызға пәлен жерге барып тұр деп, қыз болған қасқырды жетектеп патша жанына кіреді. Патша көрген соң жаны-тәнімен қуанғаннан не қылуға білмейді. Шаттанып өгірік қыз болған қасқырды алады да һәм алтын жалды атты жігітке береді. Жігіт жүдә қуанып алтын жалды атқа мініп, өзі ғашық болған қыз жанына барып өз қасына міндіріп бірге кетеді. Патша жанында сұр қасқыр патша қызы болып бір күн тұрды, үш күн тұрды. Төртінші күн сұр қасқыр патшадан далаға шығып жүруге рұқсат сұрады. Патша: «Мен сені жүруге неге шығармайын, жаным, сенің үшін жаным құрбан болсын»,— деп өзінің қызметкер қыздарымен далаға шығуға рұқсат берді.

Бір-біріне әбден ғашық болған жігіт пен шын патша қызы бостандыққа шыққан соң аз ғана уақытқа сұр қасқырды ұмытады. Сол арада жігіттің есіне жан досы сұр қасқыр түседі. «Менің жан досым сұр қасқыр қайда екен» дегенде сол арада олардың көзіне сұр қасқыр көрінді. Сұр қасқыр келін амандасып кал-ахуал сұрап, жігіт пен қыз сұр қасқырға мінеді. Алтын жалды атты бұлар өздерімен бірге ертіп кетеді. «Алтын жалды атты алып кел» деген патшаға жетуге аз калғанда бұлар бір жерге тоқтайды. Жігіт сұр қасқырға жалынады: «Сұр қасқырым, сен маған көп қызмет қылдың, рақмет, алда разы болсын. Енді тағы бір қызмет қылсаң мұнан соң қызмет қоспас едім. Бұл алтын жалды атқа жүдә иелендім тіпті айрылғым келмейді»,— дейді. Сұр қасқыр «болады» деп, жерге аунап алтын жалды ат болады. Жігіт сұлу қызы мен алтын жалды атын қалдырып, өзі алтын жалды ат болған сұр қасқырды мініп патша жанына кіреді. Патша бұларды көріп қатты қуанып жүдә шат болады. Қарсы шығып жігіттің қолын сүйіп өзінің салтанатты үйіне алып кіреді. Жігіттің құрметіне үлкен қонакасы береді. Жүдә жақсы құрметтеді. Ертеңіне жігіт өзінің еліне қайтатын уақыты болғанын патшаға ескертеді. Патша бұған «жарайды» деп, алтын құс пен алтын қапасты шаттанып беріп жібереді. Жігіт бұларды алып қаладан шығып кетті һәм өзінің сұлу қызының жанына барды. Екеуі алтын жалды атқа мініп һәм алтын құс пен алтын қапасты алып кетті. Бір күн өткен соң баяғы патша өзінің жалған

алтын жалды атын ерттеп аңға шыкпакшы болып қызметшілеріне ерттетеді. Патша мініп шығып кетті. Патша алтын жалды атты ұра бастаған еді. Ашуланып алтын жалды ат сұр қасқыр болды. Патшаны үстінен жығып түсірді. Өзі шауып кетті. Сұр қасқыр шауып отырып шын алтын жалдыға мініп кеткен жигіт пен шын патша қызы артынан жетті. Сұр қасқырға жигіт мініп, қыз алтын жалды атқа мінеді. Сөйтіп бұлар солай етіп бара-бара алғашқыда сұр қасқыр жигіттің атын жеген жерге жетіп тоқтайды. Сұр қасқыр: «Мен саған шын ықыласыммен көп қызмет еттім. Осы орында сенің атыңды жедім, сол орынға жеткіздім. Енді менің үстімнен түс. Мін өзіңнің алтын жалды атыңа һәм қайда барсаң сонда бар. Хош-сау бол», — дейді. Патша ұлы сұр қасқырмен жылап көрісіп айрылады. Бұлар өз жолымен бара-бара жүдә шаршаған. Күн жүдә ыссы болған. Өздерінің шаһарларына аз жер қалғанда бір ағаш түбіне дем алмақ үшін жатады. Алтын жалды атты сол ағашқа байлап қойған. Алтын құсты алтын қапаспен өздерінің бас жағына қойып, өздері жұмсақ шөптің үстіне жатқан. Сөйлесе-сөйлесе бұлар ұйықтап кеткен. Сол уақытта бұл жигіттің екі ағасы алтын құсты іздеп кеткен жерлерінен бос қайтып келе жатыр екен. Інісі жатқан жерге келіп жеткен ағалары алтын құс пен алтын қапасты көріп қатты қызықты. Өзінің інісін өлтірмекші болып, бір ағасы қанжарын қынабынан шығарып інісін жарып тастады. Патша қызын оятып одан аты-жөнін, қай жерден екендігін сұрады. Патша қызы өзінің ғашық болған жигітінің қанжармен жарылып қалғанын көріп жүдә қатты жылай бастады һәм айтады: «Мен сондай деген патшаның қызымын. Мені әкелген сіздің інісіз. Оны ұйықтаған уақытта қайсыңыз өлтірдіңіз. Бұл батырлық емес қой. Егер сіздер оны ояу уақытында өлтірген болсаңыз, ол уақытта бір сөз болмас еді», — дейді.

Екі ағасы қыздың сөзін керек те қылмайды. Алтын жалды ат, алтын құс, қызды — бәрін алып шаһарына келеді. Үлкен той қылып хан қызды үлкен баласына қоспақ болады. Қыз ханға: «Арызым бар, соны айтқасын қосыңыз», — дейді. Хан:

— Қандай арыз, айт, — дейді.

Қыз бастан-аяқ көргендерін баян қылады. Хан нанарын да, нанбасын да білмей сол арада дереу кіші баласының өлігіне кісі аттандырады. Кісілер барса, басында бір сұр қасқыр хан баласының жараларын жалап жазып, тірілтіп алып отыр екен. Келгендер жылап көріседі. Қасқырмен хош айтысады. Біреулері сүйінші сұрап ханға қайта шабады. Шаһарға келген соң әкесімен көрісіп, екі ағасын хан малға құл қылып қояды. Мына баласына хан сүйікті қызын қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, өз орнына хан қойыпты.



ұрынғы заманда әлемге аты шыққан бір дәулетті патша болыпты. Оның жар дегенде үйленбеген жалғыз ұлы болған екен. Бір күні патшаға ой түседі: «Жалғыз ұл болса мынау. Байлықтан, патшалықтан дүниеге атым шығып болды. Енді балама жер көрсетіп, ел көрсетіп, дүниені аралатып, бағын ашайын. Ол үшін алдымен бір пысық жігіт табайын. Өз елімде жоқ, адамзат естіп көрмеген қымбат бағалы дүние, мүлік жиып даңқымды бұдан әрі асырайын».

Патша жүз ердің құны тұратын ақша шығарып баласына беріп, жанына әлгі пысық жігітті қосып, дүниенің бір шетіндегі, өзінен де кең аты шыққан бір патшаның еліне екеуін аттандырады. Олар ай жүріп, жыл жүріп көңілдеріне алған қалаға жеткен екен. Қаладан бір үй майлап алады. Патшаның рұқсатын алған соң, адамзат көрмеген бағалы заттарды сатып ала береді. Бір күні екеуі ақылдаса келіп:

— Ақшамыз хисапсыз көп, мұндай бұйымдарды ала берсек кейін алып қайтуымыздың өзі күш болады. Сондықтан өзі ықпалды, өзі қымбат тұратын бұйымды ғана алайық,— деседі.

Бұлар осы оймен көше аралайды. Ұсақ-түйек бұйым сатып отырған ақсақалды шалмен сөйлесіп қалады. Көрияға өздерінің жөнін айтып әңгімелесіп отырады да:

— Сіз көп жасаған адам екенсіз. Осы қаланың жай-жапсарын обден білетін адам көрінесіз. Естуіңізше, сіз білетін тағы қандай қымбат бағалы нәрсе бар?— деп сұрайды.

— Қанша ақшаларың бар?— деп сұрайды.

— Ақшамыз баршылық, қымбат бағалы бұйым тауып берсеніз болғаны,— дейді екі жігіт. Сонда шал дүкенінде тұрған, жеті құлып салынған бір ұзын сандықты көрсетіп:

— Мына сандықты алындар, мұның бағасы да сендердің сусындарыңды қандырады,— депті.

— Бұл не нәрсе?

— Бұл аса құпия нәрсе. Алсандар елдеріңе апарып, патшаларыңның алдында бір-ақ ашындар. Алмасандар тұра береді. Мұны албаты адам бағасына шыдап ала алмайды. Егер патшаларың наразы болып жатса, қайтып алып келіндер. Ақшаларыңды бір тиын кемітпей қайтарып беремін, бұл жөнінде күштік жазып өз патшамның мөрін басып беруге де шыдаймын,— дейді көрия.

— Бағасы қанша тұрады?

Көрия есебіп көрсете келіп:

— Өз ақшаларың қанша? — дейді.

Екі жігіттің алғаш алып шыққан ақшасының үстіне екеуі киген киімін қосқанда сандықтың бағасына сонда жеткендей екен. «Ақылдасып көрейік» деп, екі жігіт жатқан орындарына қайтып кетеді.

Екеуі бір ай ақылдасады. Ақырында «пәлен патшаның баласы тағы бір патшаның қаласынан бір құпия сандыққа ақшалары жетпей қайтып кетіпті деген жаман ат қалдырмай не де болса алайық» деген ойға келіп, баяғы жерге келеді де, сандықты алатындығын, ол үшін бұрын сатып алған нәрселерін қайта сатпаса ақшалары жетпейтіндігін айтады.

— Жарайды, сатып алған нәрселеріңнің бағасын кемітпей алайын және киімдеріңді алмай-ақ қояйын. Тіпті оған қоса елдеріңе жеткенше тарықпайтын ақша да берейін, сандықты алатын болсаңдар, міне,— дейді көрия.

Екі жігіт нар тәуекелге басып, сандықты сатып алып елдеріне қайтады.

Жолда апта жүреді, ай жүреді. Жол басқанда михнат тартып, қала тауып дем алғанда рахатқа кенеліп жүріп отырады.

Бір күні жолшыбай патшаның баласы науқастанып қалады. Бір қалаға жетіп, тұратын үй майлап алып үш түнегеннен кейін қайтыс болады.

Пысық жігіт патшаның баласын жерлеп, зиратының басына мұнара орнатып, аты-жөнін жаздырып, сандықты еліне алып кетеді.

Пысық жігіттің қайғы жүгі ауырлайды, жол азабы арта береді. Бір күні жолшыбай иен далада сынсыған қалың орманы бар, сылдыраған мөлдір бұлақтың бойына түсіп дем алып отырып ауыр ойға батады жігіт. «Елге жақын келдім, патшаның жалғыз ұлы өлді. Жүз ердің құнын беріп жалғыз сандық әкеле жатырмын. Патшаға болған істі түгел айтармын. Сонда патша маған сенер ме? Сенбесе басымды алар, бір тиын ақшасын жегемін жок, өзі жұмсады, болған істі айтып, анықтама қағазды алдына жайып салсам, сенбегенде қайтеді?» деген ойға тиянақтайды. «Десе де жанымда айғақ болатын жан болмағаннан кейін, сандықтың аузын ашып, ішіндегісін көріп, көңілімді тындырып апарсам болмай ма? Мұны патша біліп жатқан жоқ. Нар тәуекел, бақ пен сордың бірі болар» дейді де, жеті құлыпты ашып қараса, үлде мен бүлдеге бөленген ай мен күндей бір сұлу қыз бетін ашып, қайта жаба қояды.

— Қош, мырза, серттен тайдың, әкем жолшыбай көрмей, патшаның алдында бір-ақ ашындар деп аттандырып еді. Хайыр, болар іс болды, енді абыржымай мені жақын маңдағы бір қалаға апарып үй майлап ал, бірер жеті дем алайық, ақыл құрайық, шамаң жетсе шартты бұзбауға тиіс едің. Менің атым — Ғыпша. Енді мені адам баласына көрсетуші болма,— дейді.

Пысық жігіт басы қатып, ойы он бөлек болып жүріп бір қалаға келеді. Әрі мықты, әрі көркем бір үй майлап алып, жатып тұрады. Бір күні жігіт Ғыпшаға ақшаның таусылғанын айтады. Ғыпша бір кепеш беріп:

— Осы кепешті базар аралат, бағасы мың ділда, бір тиын артық я кем ділдаға сатпа,— дейді.

Жігіт «мақұл» деп базарға алып шығады. Сөйтсе де іштей «мұнысын кім алады, құдай менің басыма бір ашылмас тұман түсірді ғой» деп, нәумез болып келе жатады.

Кепешті көрген адамның бәрі алмакшы болып жабысады. Бірақ бағасына ешқайсысы шыдамайды. Бір кезде осы қаланың патшасының жалғыз ұлы кезігіп қалады. Ол кепешті көрген жерден:

— Мен аламын,— дейді де, жігітті үйіне ертін келіп, мың ділданы санап береді, жігітті жолға салып, кепешті әкесіне алып келеді.

— Әке, мен бүгін мына кепешті сатып алдым. Мұны қандай адам тікті екен! Бұл адам баласы болса, не деген шебер жан. Менің бір талабым бар, осыны тіккен шеберді көзіме бір көрсетсеңіз үлкен бір арманнан шығар едім,— дейді бала.

Патша әрі ойланып, бері ойланып отырады да, қаласында сыннан өтіп жүрген бір мыстан кемпірді шақырып алдырып:

— Үш күн ішінде осы кепешті тіккен адамды табасың, таппасаң басыңды аламын,— деп бұйрық шығарады.

— Атқарамын, тақсыр,— деп уәде берген мыстан алдымен жігітті табады. Оның қолындағы кілтті түсіру үшін патшамен ақылдасып, жігітті күндіз қонаққа шақырады. Шарап беріп оның басын айналдырып тастайды да, кілтті дереу шайырға басып таңбасын түсіріп алады. Артынан ұстаға дәл сондай жеті кілтті жасатып та үлгіреді. Пысық жігіт мың ділданың сәудасымен базарда жүрген кезінде мыстан патшаға келеді.

— Тақсыр патшам, кепешті тіккен адамды таптым. Ол өзінен үш есе үлкен патшаның сапар шеккен аманаты, баланыңды маған түсте ертіп беріңіз, баланыз кепешті тіккен адамды көріп қана қайтатын болса, сөзіңіз бойынша орындап беремін. Егер көргеннен кепін, басқаша ойда болатын болса, баланыз да, мен де сол жерде құрмыз, өзіңіз бірін тандаңыз,— дейді.

Патша баласын шақырып алып, оған мән-жайды ұғындырады.

— Бір көрсем болды, баскалай талабым жоқ,— деп шартты бұзбауға серт береді.

Келісім бойынша мыстан кемпір баланы ертіп, Ғыпша мен жігіт тұратын үйдің есігін жасаған кілтпен ашады, жеті құлыпты белгісі бойынша бірден ашып, қызды көрсетеді.

Қыз байқаусызда бір көрінін, бетін жауып ала қояды. Бала көрген жерден талып қалады. Мыстан кемпір су бүркіп баланы есіне келтірген соң, қайтайық десе:

— Жок, жаксы көре алмай қалдым, қайта бір көрейін,— деп отырып алады. Мыстан амалсыздан тағы бір көрсетеді. Қыз бетін ашпай қояды. Бала өзі барып зорлап қыздың бетін ашып, қолынан ұстап алады.

— Мен осы қызды аламын, алмасам осы жерде өлемін,— деп жатып алады.

— Сен уәдеден тайдың, екеуіміз де осы жерде өлеміз, алдымен сені өлтіремін,— дейді мыстан, Ғыпша үндемей отыра береді. Амалы құрыған мыстан:

— Сен бетінді жауып бізбен еріп жүр, мен патшаға барып айтып, қайтадан өзім әкеліп қояйын,— дейді Ғыпшаға.

— Сонымен Ғыпшаның бетін бүркеп ертін алады да, сандыққа жеті құлыпты салып, сарайдың есігін бекітіп кетіп қалады. Мыстан патшаға барып:

— Балаң серттен тайды, аманатқа қиянат жасады. Кепешті тіккен баланы алып келдім, тезірек рұқсат етіңіз, кепеш тігушіні орнына апарып қояйын,— дейді.

Патша баласына қаншалық әкелік етсе де, бір ауыз сөзін өткізе алмаған соң, өзі Ғыпшаны көреді. Көреді де, патшаның өзі есінен тана жаздайды. Серттен өзі де тайып, қызды енді жібермеуді бұйырады. Мыстан шарасыз қалады.

Енді сауда істеп базарға кеткен жігітке оралайық. Жігіт әдетінше сарайға кіреді. Базардан әкелген нәрселерін Ғыпшаға бермекші болып сандықты ашса, сандық бос түр.

«Қордың қызы деген осы екен, барлық құлып салулы тұрса, әдеттегі адам шыға ала ма? Біздің серттен тайғанымызды көрген соң, жаратпай ұшып кеткен ғой, енді қу басым қалғаны осы» деп қиялданып, қала мен даланы кезіп кете барады. Бет алды сандалып ғаріп халге түседі. Жігіт осылайша қаңғи берсіп...

Енді Ғыпшаға оралайық. Патшаның баласы Ғыпшаны алмақ болады. Басында патшаның өзінің де Ғыпшаға көңілі түскен болса да, ақыры қыздың емеурініне қарап, өзінің көрілігін сезіп ниетінен қайтады. Ғыпшаны баласына алып бермек болады.

Ғыпша патшаның баласына бару үшін бірнеше шартты тілек қояды:

— Алдымен мені алу үшін отыз күн ойын, қырық күн тойымды жасап, нақ жетпіс күн өткен соң, жетпіс бірінші күні некемді қиғыз, онан қалса, жетпіс күн өткенше менің зерігіп қалмауым үшін үлкен алаң жасат, оның ортасына алтын дінгек орнат, сол алаңда, алтын дінгектің түбінде айтыс, ойын, палуан күресі сияқты сан алуан тамаша болу керек. Мен сарайдың төбесінде отырып көріп көңілімді ашып отырайын,— дейді.

— Бұл оңай шарт екен бәрін орындайын, қуатым жетеді,— деп патша қуанып, елін жиып, алаңын жасатады. Ғыпшаның төбелен қарап отыруына арнап алтын сарай салдырып, отыз күн ойынды бастаған екен. Ойынға ел арасы, хан-қарасы, білгіш, шешен-шежіре, палуан, әнші-күйші түгел жиналыпты.

Сағтанаты асып, көңілі тасып, патша алпыс тоғыз күнді отырады. Жетпісінші күні Ғыпша төбеде қарап отырып, алтын диңгектің түбінде бір қайыршының тұрғанын көреді. Бажайлап қарап отырып оның баяғыда өзін әкеле жатқан жігіт екенін таниды. Ғыпша дереу бір хат жазып, оны нанның ішіне тығады да:

Мына панды алтын диңгектің түбіндегі қайыршыға бер. Мен осы жерден қарап отырамын,— деп бір баланы жұмсайды. Хатта былай деп жазады:

«Сен қайда жүрсің? Менің хал-жайымды біліп жүрген боларсың? Ертең патшаның баласы мені некелеп алады. Мен шарасызбын. Бүгіннен қалсаң мен саған мүлдем жоқпын. Сен бүгін түні осы аланның бас жағындағы ақ үйдің түбіне кел. Мен үш арғымақ дайындаймын, екеуіміз екеуіне мінеміз де, бірін қосарға алып қашамыз. Осы хатты алған соң тез қамдан. Ғыпша».

Қайыршы панды алады да, қаланың шетіндегі бір бұлақтың басына тартады. Бұлақ басында демалып біраз ұйықтайды. Сонсоң панды жей бастайды. Жеп отырған нанның ішінен қағаз қолына түседі. Ашып оқыса, Ғыпшаның жазған сәлем хаты екен. Нанның қалғанын жеуге тағат қылмай абың-күбің қалаға қарай жүгіреді. Бірақ күн түн болып кетеді де, уәде қылған жерден аласып, бет алды қаланы кезумен болады.

Ғыпша уәделі жерге үш арғымақты ерттеп дайындап байлап қойып, қайта-қайта келіп қарап қояды. Уақыт ұзай береді. Ғыпша мазасыздана береді. Түн ортасы ауа бергенде келіп қараса, байлаулы аттардың жанында екі адам ұйықтап жатады. Түн қараңғы болғандықтан оның кім екенін Ғыпша тани алмады.

«Сорлы бейшара бұл жерді адасып таба алмаған соң, бірер адам тауып, соған бастатып келген болса керек» деп ойлаған Ғыпша екі адамды оятады. Ол екеуі оянады да, қастырап-дірідеп қорқып кетеді.

— Жә, тез қамданыңдар, таң атайын деп қалды, тез кетпесек қояны боламыз,— дейді Ғыпша, қорқып тұрған екі адам бұйрықты атқаруға ғана шамасы келеді. Үшеуі үш атқа мінеді.

— Сендер жердің сырын білесіңдер, шығыс жаққа — иенге барғыңдар,— дейді.

Түн іші, үш қашқын қаладан шығып кетеді.

Олар кете түрсын. Енді екі жігіттің мән-жайына келейік. Екі

жігіт шығаннан шыққан жан кеспе ұры екен. Осы түні патшаның қазынасына ұрлыққа кіріп, там тесіп қазынаға енді қолы жеткенде, шаршап сілесі қатып, дем алуға отырған беті ұйықтап қалған екен.

Шошынған екі ұры жандарына біреу келіп «жүріндер» деген соң алдыға түсіп кете барады. Жолшыбай екеуі, «өзі еркек шора патшаның жалғыз қызы бар деуші еді, ер жеткен соң әкемнің бетіне шіркеу келтірмей, қарамды көрсетпей жоғалайын деп қашып шыққан сол екен ғой, енді бұл екеуіміздің қайсымызға тиер екен» деп дәмеленіп, иенге тарта береді.

Енді Ғыпшаның хатын тапсырып алған қайыршыға келейік. Ол ес кетіп, жан шығарға таяғанда уәделі жерді табады. Ат байлаған жерге келсе, тесілген тамды көреді. Жерді жерошақтай қылып қазып кеткен үш арғымақтың ізін көреді. Таң атып келеді. Қырсық шалған сорлы жігіт, кінәні өз мойнына артып, «Ғыпша күдер үзіп басқа біреумен қашып кеткен көрінеді, не де болса осының ізіне түсейін, өлсем соның жолында өлейін» деп бекиді де, арғымактардың ізімен қуып жөнеледі.

Ол енді үш арғымақтың ізімен кете тұрсын.

Үш қашқын қаладан шығып кетеді. Таң атады. Екі жігіт, «бұл қайсымызға тиер екен, шіркін» деп, бірінен-бірі қызғанып, ой соқты болады. Екеуі де жат кісі болғанға бармағын тістеп өкініп Ғыпша келеді.

— Ал, жігіттер, таяу жерде дем алатын жайлы орын бар ма?— деп сұрайды Ғыпша.

— Түске шейін жүрсек, бір қалың орманға жетеміз, осы түске шейінгі жүрісте әдеттегі тұлпардың үш күндік жолын басамыз. Мына үш арғымақты біз әбдеп танимыз, біздің түске шейінгі жүрісімізді қуғыншы үш күнсіз баса алмайды,— дейді жігіттің бірі.

Күн түс болғанда бұлар саялы орманға жетіп, сарқырап ағып жатқан бір бастаудың басына келіп түседі.

Қыз биік бір шоқыға шығып көп жердің жағдайын сұрап ұғысады. Қалай жүрсе қай жерге баратынын, қай жерде қайсы патшаның бар екенін сұрап біледі.

— Жә, екі жігіт, мені танысыңдар ма? — дейді Ғыпша.

— Танимыз, — дейді екі жігіт жарыса, — сіз біздің патшамыздың еркек шора өскен жалғыз қызы, мына үш арғымақ — әжеңіздің арғымағы.

— Сендер қазынапын бұрышын неге тестіндер?

— Біз ұрымыз, қазынаны ұрлауға тестік.

— Екеуің шындарынды айтыңдар, бұдан былай үшеуіміз бірге өмір өткіземіз. Сендерді мұратқа жеткіземін, атты жақсылап тынықтырыңдар, мен шай қайнатайын,— деп адам көрмеген шағын бір ыдысқа су құйып, тас ошақ жасап шай қайнатады. Өзі

біраз інеді де, екі кішкене ыдысқа екі орта шай құйып, суға құйып суытып, екі жігітке ішкізеді. «Сендер дем алып тұрындар, мен онанша жерге барып басымды жуып, шашымды тарап аламын» деп кетіп қалады.

Екі жігіт дәрі салған шайға мас болып, өлі мен тірінің арасында, өкпесі жыбырлап ұйықтай береді.

«Қыз киімімен жүрсем маған катер бар сияқты» деп ойлаған кәсіпші, бір жігіттің киімін киіп, екі жігіт күнін көрсін деп бір арғымақты мықтап байлап, өзі бір арғымақты мініп, бірін қосарға алып, келе жатқан беталыспен, яғни, екі жігіттен сұрап ұтысқан жақпен тартып береді.

Екі жігіт есін жиып басын көтерсе, иенде жатыр. Қыз жоқ. Бір арғымақ байлаулы тұр. Екеуі ақылдасады да, бір арғымаққа мінгесе салып, қыздың ізімен олар да келеді...

Қыз ертеңінде күн еңкейген кезде бір қаланың шетіне келеді. Қаланың маңы апыр-топыр, ат сабылтып, аспандағы бір ақ құсқа қарап шапқылап жүрген ел. Бір кезде әлгі ақ құс қыздың басына келіп қона қалады. Сол-ақ екен, қалын адам еркек киімін киген әлгі қызды қоршай тұра қалады. Онымен қоймай аттан көтеріп алып, жібек кілемге отырғызады. Жығыла жабысып жатыр, шұқырап жыласып жатыр, патшамыз табылды деп шүйініп сұрасып жатыр. Бір заманда қызды қалаға алып кіреді.

Еш нәрседен хабарсыз Ғыпша бұған танданып:

— Бұл не қылық?— дейді.— Жөн білісейік, мен алыс жолдан келе жатқан жолаушымын.

Қалын топтың арасынан бір адам суырыла шығып:

— Біздің патшамыз осы қаланы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып неше жүз жыл сұраған екен, біздің осы патшамыз қырық жыл сұраған еді. Сол патшамыз қайтыс болар алдында жұртын жиып балай деп өсиет айтты: «Мен өлген соң сендер патшалыққа патшасындар, менің арнайы бағып келе жатқан «бақыт құс» деген құсым бар. Мені жерлегеннен кейін үшінші күні маған бағыпшықты халық түгел жиналсын, сонан соң осы бақыт құсымды аспанға ұшырып жіберіндер. Бақыт құсым кімнің басына келіп қонса, сол менің орныма патша болсын». Сол патшамыздың қайтыс болғанына бүгін үшінші күн. Патшамыздың өсиеті бойынша осы бақыт құсын таңертең ұшырамыз, ат сабылтып жүргеніміз содан, таңертеңнен бері ешбіріміздің басымызға қонбады. Өлдім-талдым дегенде, міне, елдің басыңызға қонып отыр. Сондықтан сіз патша болмай, кім патша болмақ? Төрелігін өзіңіз айтыңызшы,— депті, бұл сөйлеп тұрған үлкен патшаның серігі — бас уәзірі Уәйіс деген кісі екен.

Ғыпша еш нәрсе дей алмай қалады, ақыры патша болады сол

шәріге. Өзі келген сұлу жігіт қаланың патша сарайында қырық жерден қорғаушы қойып жата береді. Бірнеше күн өткеннен кейін Ғыпша бас уәзірге былай дейді:

— Патшалыққа қарасты бір адам шақырып беріңіз, ол тәжірибелі, ең сенімді, инабатты кісі болсын, мен бір сурет тарттырмақпын.

Уәзір айтқанын екі етпей, бір қарт суретшіні әкеліп таныстырады. Ғыпша суретшімен жәй әңгімелесіп отырып:

— Мен қазір қыз болып киінемін, мені жақсылап суретке тарт, бірнеше нұсқа қылып үлкейтіп жуып шық, оларды адам көп жиылатын жерге, жол тораптарына бірден жапсыр, онан соң бұл істі екеуміз ғана білеміз, ешбір жанға айтушы болмайсың, егер айта қалсаң табанда басың алынады,— деп бұйырады.

Суретші «мақұл» деп іске кіріседі. Ғыпша бас уәзірді екінші рет тағы шақырып алып былай дейді:

— Қаланың бірнеше жеріне бір қыздың үлкейтілген суреті жапсырылды. Сіз әр суреттің жанына екіден күзетші қойыңыз. Олардың міндеттері мынау болады: бірінші, осы суретке қарап күлген адамды, екінші, танданған адамды, үшінші, жылаған адамды дереу ұстап маған әкелу шарт.

Сурет жақсы тартылып, үлкейтіліп жуылады. Жүз жерге жапсырылып, екі жүз күзетші қойылады.

Бірінші күні «бір жігіт таңертең келіп еді, суретке қарап жағын таянып әлі отыр» деген хабар келді.

Екінші күні «жолаушы келе жатқан екі жігіт екен, жол үстіндегі суретті көрді де, таңырқап аттарын байлап қойып әңгімелесіп отыр» деген хабар келді.

— Дереву әкеліп түрмеге жабындар,— деп бұйырады Ғыпша.

Үшінші күні «бір қайыршы келіп, суретке қарап жылап отыр» деген хабар келді.

— Дереву түрмеге жабылсын,— деп бұйырады Ғыпша.

Артынан Ғыпша бетін жұқа нәрсемен жауып алып, түрмеге жабылған адамдарды бірден қарап шығады. Ал түрмедегілер бұл адамның кім екенінен хабарсыз қала береді. Сонсоң Ғыпша барлық уәзірін, игі жақсыларын шақыртып алады да:

— Бақыт құсын аспанға ұшырған күні жиналған халық ертен түгел жиналсын. Онан сырт қалған адамдар болса олар да қалмасын. Үлкен жиын болады. Жана патшамыз халықпен танысады, уағыз сөйлейді деп хабарландар,— дейді. Уақыт болған кезде Ғыпша әуелгі өз киімін киіп, халық жиналған майданға баруға дайындалады. Уәзірлер, игі жақсылар оны жібек кілемге салып көтеріп әкеліп таққа отырғызады.

Ғыпша басынан кешкен уақиғасын баяндайды. Өзін халыққа түгел таныстырады, өзінің қыз екенін айтады. Түрмедегілердің бәрін шығартып, оларды халыққа бірден таныстырады.

— Мынау,— дейді Ғыпша,— мыстан кемпірге жарлық түсіріп, жорлықпен мені алмақшы болып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасатты. Некелеп алуына бір күн қалғанда мен жаңылып мына екі ұрының қолына түстім, мені зорлап аламын деген патша баласынан бұдан былай жолсыздық істемеу жайлы тілхат алып, өз еліне ескертін хабарлау керек. Ал патшаның қанынасына ұрлыққа түсіп, там тескен мына екі ұрының екі киіккен саусағын бір буынынан кесіп, денесіне, таңба басып, еліне жариялау керек. Мына қайыршы маған иелік етіп келе жатқан адам. Біз екі жолаушымыз, жоғарыда көп шырғалаңның кесірінен мына жігіт осы халге түскен. Халайық лайық көрсе, бізді босатып жолға салсын, егер патшаларыңыздың өсиеті бойынша, жібермейміз десе, онда маған иелік етіп келе жатқан жігіт патша болсын, мен мұның жәрдемшісі болайын.

Халықтың талабы бойынша қайыршы жігіт — патша. Ғыпша жәрдемші болады.

Бір жылдан соң қайыршы жігіт өзінің әуелгі патшасына барып, мән-жайды баяндап, оның қайтыс болған баласын естіртпек болады. Жүз ердің құнына келген Ғыпшаны көрсетпек болады.

Патша, Ғыпша, уәзірлер кеңесе келіп: «Бұл хабарды естіген соң, ол патша бітімге онай-оспак келе қоймайды. Алдын ала дайындық болу керек»,— деседі де, сексен мың әскер алып жолға шығады. Әскерді қаладан алыс бір жерге орналастырады да, қайыршы патша мен Ғыпша патшаға барады.

Қайыршы патша өз патшасымен көрісіп-амандасып, қанша уақыт жол жүргенін, қайсы қалаға барғанын, қанша нәрсе алғанын түгел баяндай келіп:

— Балаңыз жүгі ауыр болып, оны алып жүре алмай Бағдат шөрінде қалды. Мынау келініміз Ғыпша. Өзіңізден мәртебесі биіктейда жоғары бір патша жалғыз қызын берді. Сапарымыз сәтті болды. Дегенімен азырақ көңілсіздік те болды: бара жатқан қолымызда ақшамыздың жартысын, яғни, елу ердің құнын тартып алдық,— дейді.

— Мен балама қатын таба алмаппын ба? Елу ердің құнының орны қайтпін толмақ енді,— деп патша жатып кеп тұлан тұтады.— Мен баламның да, сенің де, мына ертпін келгенінің де елді жинап басын аламын. Дарға асып өлтіремін, бар қазынадан аңрылып, досқа күлкі, дұшпанға таба бола алмаймын.

Патша барлық уәзірін, шабармандарын жан-жаққа шаштырып, елге хабар-жарлық шашып, алыстағы әскерлерін қалаға жинай бастайды. Осы кезде қайыршы патша дайындап алған сексен мың әскер қалаға бір-ақ басып кіріп, патшаның басын алады. Оның бұрынғы жолын өзгертіп, бұл қаланы да қайыршы патшаның қаласына қосады.

Қайыршы патша мен Ғыпша жақсы өмір өткізіпті.

ОПАСЫЗ ТУЫС



ртеде дүниеден кедей бір шал өткен екен. Шалдың екі ұлы болыпты. Адал еттіде жалғыз ала биесі болған екен. Күндердің бірінде ұлдары әкесіне:

— Әке, осы ала бие құлындағанды қойды. Мұның не құлынының, не қымызының қызығын көрмедік. Осыны сатып жіберіп орнына бір бұзаулы сиыр алсақ қайтеді?— деген екен. Сонда әкесі тұрып:

— Ала бие жылында емес, күнінде құлындайды. Құлындағанда таңға жуық ыңғай алтын құлын табады. Амал не, сол алтын құлынды аяқтана бергенде аспаннан бір алып қара құс келеді де аспанға алып шығып кетеді,— депті. Әкесінің бұл сөзі екі ұлын қатты тамсандырыпты.

— Екі бірдей керіскедей азамат тұра қара құсқа жем болмақпыз ба? Әке-ау, мұны ертеректе неге айтпағансыз? Күзетеміз де құлынымызды алып қаламыз,— депті олар.

Сонымен бірінші күнгі күзетке шалдың үлкен ұлы шығыпты. Әкесінің айтқанындай, таң қыландап келе жатқанда ала бие құлындап құйрық жалы нұр шашып тұратын алтын құлын туыпты. Құлын туған кезде нұрымен төңірек жап-жарық боп кетіпті. Сол мезетте аспанға ойнақшып түндіктей қара бұлт шығып, найзағай жарқ-жұрқ етіп, от камшысын сабалай жөнеліпті, нөсер құйып, алай-дүлей дауыл тұра қалыпты. Осы аласапыранның ішінде аспаннан бір алып қара құс құйылып алтын құлынды шынғыртып іліп ала жөнеліпті. Күзетте тұрған жігіт қару қылғанның орнына есінен адасып, талып қалыпты. Есін жиған кезде әкесі мен інісіне:

— Бұл біздің маңдайымызға жазылған сор екен. Оны жеңу қолымыздан келмейді — депті. Сонда шалдың кіші ұлы тұрып:

— Шешеміз бізді ұл деп тапқан. Құсқа өз ырысымызды жем ете алмаймыз,— деп кеудесін қағыпты. Осы бетінде кешке дейін арпалысып, алмас семсер соғыпты.

Әкесі мен ағасының:

— Қой деген соң қой енді, өзін мерт боласын, бұл бізге жабысқан пәле,— дегеніне қарамай соққан семсерін алып кешке күзетке тұрыпты.

Құлын аяқтана бергенде күндегі әдетінше аспаннан алып қара құс алтын құлыңға қарай құйындата құйылыпты. Құлынды шеңбектей берген қара құсты қаһарын бойына жиып, күзетте кектене тұрған пан жігіт қолындағы семсерімен қара санынан

ала тартып қалыпты. Санынан жараланған алып қара құс алтын құлынды тастап, аспанға тік шығып кетіпті.

Бірнеше күн өткен соң кіші ұлы әкесіне:

— Көп жылдар бойы құс алып кетіп жүрген алтын жылқымызды қайтарып келем,— деп тілек қояды. Шалдың үлкен ұлы алдыңғы реткі жеңілісіне жерге енердей ұялып, намыстанып жүреді екен. Інісіне қосылып ол да әкесіне:

— Мен де барсам, — деп тілек білдіреді.

Шал екі ұлының тілегін қабыл алып, батасын беріп аттандырып салыпты. Аттандырада:

— Балаларым, жүре берсендер осы қара жол бір жерге барғанда екіге айрылады. Қара құстың мекені біріңе болмаса, біріңе кезігер, екеуің жолдың екеуімен жүр, — депті. Расында ай жарымдай сапар шеккеннен кейін үлкен даңғыл жол әкесінің айтқанындай, екіге бөлініпті. Жолдың Меке жаққа кеткені тақтақ екен де, батысқа кеткені көп із түспеген сонылау екен. Шалдың үлкен ұлы тақтақ жолды тандап алыпты. Кіші ұлы сонылау жолмен жүре беріпті.

Арада маусым өтіпті, жыл өтіпті, тіпті бірнеше жыл өтіп кетіпті. Бұлар арқа еті арша, борбай еті борша болып, әбден шаршапты. Киімдері өрім-өрім болып, қолдарындағы темір таяқтан тебендей қалыпты. Сол кезде шалдың кіші ұлы тереңдеген, құзар жартасты бір шатқалға келіп жетіпті. Сай табанында тастаң-тасқа соғылып, ақ көбік шаша долданып асау өзен ағып жатыпты. Ол осы өзенді өрлеп жүре беріпті. Бір жерге келгенде аты қанат ақ орда кезіге кетіпті. Ордаға кіріп келсе, орданың дәл ортасында бір тай қазан қозы еті пісіп тұрыпты. Оң жақ басындағы дәу сабада сары қымыз іркілдеп тұр екен. Оның ор жағында шағи шымылдық құрулы тұрыпты, ашығып келген жігіт шымылдықпен жұмысы болмай, тай қазандағы етті сыпырып-сиырып жеп, қымызды бір-ақ көтеріпті. Онан кейін құрулы шымылдықты ашса, ай мен күндей сұлу қыз отыр екен, қыздың екі қолы қайырылып керегеге байлаулы, ерні темір істікпен түйреулі екен. Жігіт көре сала қыздың қолын байлаудан босатып, ерніндегі түйреулі істікті жұлып алыпты. Сонда қыз:

— Ағатай-ай, менің де адамзатты көрер күнім болады екен-ау,— деп, жігітті мойнынан құшақтап бас салыпты. Өксігі басылғаннан кейін жігіт қыздан жөн сұрапты.

— Бұл орда адамзаттікі емес, диюдікі, — депті қыз, — мен бір тесір кемпірдің жалғыз қызы едім. Осы диюдің шешемді зар еңіретін тастаң, мені алып қашып келгеніне жыл жарымдай болды. Өзі түнде аңға шығады, кетерінде «үйдегі етті жеп, қымызды ішіп қоясың» деп менің аузымды түйреп қояды...

— Мал бар ма диюда?

— Ыңғай алтын жылқысы бар. Осы өзеннің құйғаны үлкен көл болады. Алтын жылқылары сол көлдің астын жайлайды, ай сайын қораға әкелін ашылатып қайтарады.

Бұл жәйтті естігеннен кейін жігіт іздеп жүрген алып қара құстың мекені осы екенін аңғарыпты. Онымен шайқасудың қамын жасап, қыздан:

— Жылқыны көлдің астынан қалай шығарады? — деп сұрапты.

— Мына теңнің ішінде, — депті қыз төрдегі алтын жұкаяктын үстінде алтын кілеммен оралып, алтын арқанмен буылып жиюлы тұрған теңді нұсқап, — алтын жүген бар, сол жүгенді алып көлдің басына барыңыз, көлдің жағасында зәулім биік алтын бөйтерек бар. Сол бөйтерекке сүйеніп тұрып, алтын жүгенді шылдыратсаңыз көлдің ішінен арқырап алтын айғыр шығады, алтын айғырға жайдақ міне салып, ауылға қарай тартсаңыз, артыңыздан шұбырып-шұрқырап ілесіп қалың алтын жылқы ауылға келеді.

— Дию аңнан қашан келеді?

— Қас қарая келеді.

— Онда, — депті жігіт, азуына азуын басып, тостағандай екі көзі от шашып, қос жұдырығын түйіп, — жолын тосып жатып, онымен алысамын, оның басын аламын. Бұл сөзді естігенде қыз бір жағынан қуанса да, екінші жағынан бір сойқанның басталатынын байқап, өлім мен өмірдің арасында қалғандай қорқып кетіп:

— Ағатай-ай! — депті мөлдір көзінен жас моншағы домалап, — оған пенде баласының күші жетпеуші еді. Ол келерде осы шатқалдың іші нөсерлетіп, дауылдатып кетеді, аспанды қара бұлт қаптап, найзағай шатырлап, күн күркірейді. Мұның бәрі соның екпіні. Осы екпіннің өзі-ақ пенде баласының тоз-тозын шығарады. Онан да жасырынып қашып кетелік.

— Жок, қалқам, — депті жігіт, — жасырынып қашып кеткенімен жаудың аты жау, ол бізге түбі қас қылады. Көл түбінде жатқан ана алтын жылқы менікі. Менің әкемнің адал еңбегімен тапқан ала биесінің ұрпақтары. Бұрын да диюдан бір алтын құлынымды алып қалғанмын. Осы жылқыны тауып алып қайтуға шыққамын.

Ақыры жігіттің ақылына қыз көніпті. Өткенде осы диюдан алтын құлынын айырып алып қалғанын айтқанда қыз жігітке таңдана қарапты. Сонымен скеуі бірлесіп диюды өлтірмек болыпты. Қыз диюдың тағы бір сырын айтыпты:

— Диюдың астындағы аты адамзаттың исін шақырым жерден сезеді, сезген заманда шыр айналып, шыңғырып тік шапшып

тұра қалады. Осы кезде нөсерлеп тұрған жаңбыр да онды-солды үрін тұрған дауыл да тоқтай қалады. Алуыңыз үшін осы бір орай.

Жігіт диюдын жолын тосып жатқанында аяқ астынан ашай-дүлей түтеп кеткен дауыл да, шелектеп құя салған нөсер де қыздың айтқанындай лезде тына қалыпты. Сол кезде:

— Кім бар бұл жерде? Кім менің мекеніме басынып келіп жүрген? Шық бері! — деген қатулы дауыс шығыпты. Айғайлаған дию екен. Жолдың жағасында жасырынып жатқан жігіт:

— Келсең кел, — деп тұра ұмтылыпты. Сонымен екеуі қарпақ-құрпақ алыса түсіпті. Ымыртта алысқаннан толас алмай үш күн, үш түн алысып, алысқан жерлерінің дөңін ой, ойын дөң кып жіберіпті. Төртінші тәулікке ауғанда екеуі де әбден қалжырапты. Әсіресе жігітті дию меңдете бастапты. Мұны көрген қыз жалма-жан диюдың алтын жылқының жап-күйреғынан ескен шалма арканын әкеліп диюдың мойнына салып жіберіпті. Өз жақ ұшын беліне мықтап орап, диюды шалқайта тартыпты. Сонда дию жын құсып, өкіріп барып құлапты. Жігіт кеудесіне қарғып мініп басын шорт кесін алыпты.

Диюды өлтіріп, алтын жылқыны алғаннан кейін қыз-жігіт нескеленіп, алтын жылқыны жер қайыстыра айдап, елге қарай көшкен екен. Көш-жөнекей бұларға жігіттің ағасы ұшырап қалыпты. Ағасының мойны ырғайдай, биті торғайдай болып, өзі өңімші халге келген екен. Бұл халін көрген ағасына інісінің де, қайынағасы екенін білген жас келінінің де жаны ашиды.

— Бірнеше күн дамылдап бұл кісіні тынықтырмаймыз ба? — депті жас келін. Жігіт жан жарының жарасымды лебін екі етпенгі. Жас жігіт жылқыны жасандау суатты жерге қайырып салыпты. Жүкті түсіріп, ақ орданы тігіпті. Бір ту биені сойып, бір жол құлынды байлап ағасын асқан меймандостықпен күтіпті. Көліні кір-кешегін жуып, тамағын дәмдеп беріп, асты-үстіне түсіп күтіпті. Шыт жаңа киім тігіп, малындырып киіндіріпті. Осындай аста-төк құрметке бөленіп жатқанда жігіттің ағасына мынадай бір арам ой түсіпті:

«Алтын құлынды қара құстан алып қалған да осы. Жұрт бетіне онда бір қарай алмастай қып еді. Бүгін сол алып қара құстың басын мүжіп, осынша алтын жылқыны айдап келе жатқан тағы осы. Менін алдымда әйелді болып алыпты. Елге не бетіммен барамын. Онан да мұны осы жерде ебін тауып өлтірейін де, әйелін өзім алып, онан соң елге «жылқыны өзім әкелдім, ол жылқының қаңғырып қайда кеткенін білмеймін» деп бармаймын ба?»

Ағасының бұл пиғылынан хабарсыз інісіз бір күні шаңқай түсте ақ ордада жайбарақат ұйықтап жатыпты. Жан жары бие сауып кетіпті. Осы орайды пайдаланып ағасы диюдан түскен ақ

семсерді ақ орданың есігіне жүзін ішке қаратып мықтап таңыпты. Сөйтті де інісінің тұсына барып:

— Ойбай, аттан, аттан! Жылқыға жау тиді-ау! — деп бар даусымен аттан салыпты.

Шырт ұйқыда жатқан інісі шошып оянып, есікке тұра ұмтылыпты. Сонда есікке көлденең таңулы тұрған ақ семсер аяғын тізеден төмен қырып түсіпті. Денесі ауып ақ орда табалдырығының сыртына түсіпті де, аяғы табалдырықтың ішінде қалыпты.

Осыдан кейін ағасы:

— Қалған жазанды жапан түздің жыртқыш тағысы тағы берсін, — депті де, шолақ аяқ інісін қамшының сабымен көзге шұқып, жұртқа тастап көше жөнелінті. Шашын жайып, екі бетін жұлып, ойбай салған келінін желкеден түйіп жіберіп, — енді оның қатыны емес, менің қатынымсын, — деп атқа таңып зорлап әкетіпті.

Опасыз күншіл ағаның екі аяқты тұлдыр қып отағандығынан екі көзі мөлдіреп жұртта қалған есіл азамат, жарының кетерде жерошаққа көміп кеткен мылтығымен үстінен ұшып өткен құсты атып жеп, жапан түзде жалғыз күнелтіп жата беріпті. Талай күндер, талай түндер өтіпті. Сол күндердің бірінде:

— Ей, пақыр адамзат! Біз де өзін секілді мүгедек едік. Үш жарты бірігіп бір бүтін болып күн көрсек қайтеді? — деп, қасына алдыңғы бір аяғын қақпан қырыққан арқар мен екі көзі соқыр елік келеді. Арқардың бір ойнақтаса оқтаудай болып жараған, жаясы астаудай, күмістеген ер-тоқымды бәйге мақпал қара бесті ат бола қалатын, еліктің тамақты өте дәмді пісіретін өнері бар екен.

Іші пысып зерігіп жатқан шолақ аяқ жігіт арқар мен еліктің талабын бірден қабылдапты. Сонымен бұл үшеуі бірігіп күн көріпті. Жігіт арқардың өнерімен пайда болатын бәйге қара атқа мініп аң аулайтын, елікке қайдағы асыл, нәрлі шөпті теріп әкеп беретін, ал елік тамақты дәмдеп пісіріп, шөптен жасап алған қопындарын күзетіп үйде отыратын болыпты. Осылайша бұлар талай тәулікті, талай аптаны, талай айды бастарынан кешіріпті.

Кейін келе елік тападай тал түсте-ақ әзірлеп отырған асынан айрылып қалатын болыпты. Бұған өзара таң қалысыпты. Бұл жәйттің қалай туылатынын байқау үшін, бір күні жігіт қопындарынан шалғайлау жерде баспа қып жатыпты. Андып жатса, қопынның аяқ жағындағы жырашықпен сумаң қағып өрлеп бір кемпір келінді де, соқыр елікке сездірмей алдында асулы тұрған етін қазаннан етегіне салып алып, безіп беріпті.

Бұл жалмауыз кемпір екен. Көрін жатқан жігіт мылтығына дереу оқ басыпты да, қақпаң қағып зытып бара жатқан

жалмауыз кемпірдің басын қағып жіберіпті. Жалмауыз кемпірге табанда қайтадан бас пайда болыпты да, өзіне қарай тұра үмтылыпты. Жігіт бұл басын тағы қағып салыпты, жалмауыз кемпірге тағы бас пайда бола қалыпты. Жігіт тағы ұшырып түсіріпті, сөйтіп, жігіт жалмауыз кемпірді өзіне жолатпай қойыпты. Жалмауыз кемпірден бірінен соң бірі алпыс тоғыз бас шығыпты. Жігіт алпыс тоғызын да жайпап болыпты. Жалмауыз кемпір жетпісінші басын шығарғанда жігіттің оғы оның басының жарымын жұлып әкетіпті. Сонда жалмауыз кемпір:

— Қарақтарым-ай! Тым болмаса осы жарты басымды қисандар екен?! Көз жоғына көз, аяқ жоғына аяқ, қол жоғына қол шығарып берер едім, — деп жалбарынған екен.

— Алдымен сіздің аяғыңыз бүтінделсін, — деп, арқар мен елік құрметтеп жігітке жол беріпті.

— Жоқ, — депті жігіт, — мына жалмауыз қақпас мені жұтып алса, тастамайды. Сонан соң сорларыңды сорпадай қайнатады. Онан да алдымен сендер бүтінделіндер, бүтінделіп, күйлерің бұған қаптал келетін болғанда мен жұтылайын. Мені тастамаса өлтіріңдер де, қос сүйегін қалдырмай шағындар. Мен сол қос сүйектерінің, әйтеуір, бірінен болмаса, бірінен тірі шығатын боламын.

Жігіттің ақылын мақұл алыпты да, алдымен елік жұтылыпты. Жалмауыз кемпір саңғып жібергенде елік екі көзі жайнап, бұрынғы сау қалпында түсе қалыпты. Онан кейін арқар жұтылыпты. Ол да жерді төрт аяғымен тең басып түсіпті. Ең соңында жігіт жұтылыпты. Жігітті жұтқаннан кейін жалмауыз кемпір оны тастамай тайып жүре беріпті. Арқар кемпірді жүгіріп барып сегіз көзден мүйізімен періп қалыпты. Елік жүгіріп барып жалпасынан түскен жалмауыз кемпірдің мүйіздеп ішін жарып жіберіпті. Сонымен екеуі жалмауыз кемпірді мылжалап өлтіріпті де, жігіттің ақылы бойынша қос сүйегін қалдырмай шағыпты. Бірақ жігіт табылмай қойыпты. Бұған қатты қайырған елік пен арқар зар жылап өз алдарына кете беріпті. Сонда ұшып келіп, қарсы алдарындағы бір топ шидің бір талына қона қалған бөрте торғай:

— Шынашақ, шынашақ, — деп сайрапты. Естіген елік пен арқар:

— Ойбай, тәңір-ай, әлгі қақбастың шынашағы шағылмай қалған ұқсайды. Әйтпесе мына торғай біздің алдымызға келіп неге «шынашақ, шынашақ» деп сайрап тұр, — десіпті. Осы сөздері бойынша олар қайта оралып келіп, жалмауыз кемпірдің тоғыз басын шыққан жемтігін қайта ақтарыпты. Расында, бір шынашағының жалғыз буыны шағылмай қалған екен. Сол буынды шағып жіберсе, ішінен малдасты құрып, домбырамен ән

шырқап отырған сап-сау жігіт шыға келіпті. Осыдан кейін әбден сауығып алған үшеуі біраз уақыт бірге серуен құрған екен. Кейінтінде қиыспастықпен қоштасып өз жөндеріне кетіпті.

Жігіт салған күйінде еліне келіпті. Еліне келсе, кәрі әкесі мен шешесі өзінің күйігінен өртеніп дүние салған екен. Ағасы көкарай шалғынды көк жайлауда салқын саяға биені байлатып тастап, алтын жылқының сары қымызы мен жал-жаясына белшесінен бөгіп жатыр дейді. Шаңырағына — құл, мосысына — құн міндіріп тағы үш әйел алыпты. Маңдағы ел-жұртты түгел малайлыққа салған екен.

Ел арасында «қаңғып өлді» аталып, әлде қашан асы берілген інісі келісімен-ақ бұл «батырдың» барлық ісі паш болыпты. Зорлықпен күн орнында жүрген жігіттің ғашығы да өз сүйгенін көрген жерден-ақ бас салыпты.

Осы жайлардың барлығына жете қанық болып жиылған қалың ел:

— Мұндай опасыз, күниіл ұрпақтың бізге керегі жоқ. Оған шу асаудың құйрығына байлап, пара-парасын шығарып өлтіру де жеңіл келеді. Оны жападан-жалғыз қаңғып жүріп өлетін құла дүзге айдау керек,— деп жігіттің ағасына үкім шығарыпты. Сол үкім бойынша оны киімін сыпырып алып тырдай жалаңаштап, ұшар құс — шөлден, жортар аң аштан өлетін құла дүзге, қу медиенге, қаңғырық шөлге айдапты. Ал шалдың кіші ұлын ерлігі мен адамгершілігі үшін ыстық құшақтарына алыпты. Жігіт те алтын жылқыны:

— Ердің көркі — ел, ортақ ырысымыз,— деп ел-жұртына бөліп беріп, ел-жұртымен бірге бақытты өмір өткізіпті.

ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚТЫҢ ҚҰДАЛЫҒЫ



азактың Алау батырының заманында болса керек, аттары Еділ, Жайық деген екі адам болыпты. Еділ Еділдің арғы бетін, Жайық Жайықтың шығыс бетін қоныстаныпты деседі.

Еділдің ұлы бар екен, Жайықтың қызына құда түседі. Еділ келінін алмақ болып, баласын бір жыл бұрын ұрын жіберіпті. Қайнына келін бала аттанарда, қалыңдығы күйеуінен сұрайды: «Енді қашан келесің?»— деп. Күйеуі: «Алдағы жылдың көктемінде қазбен бірге келемін»,— депті. Көктем шыға Жайық келіндеріне ақ отаудың киізін тіктіреді, жеңгелері киіз тігіп жатқанда қастарында ұзататын бикеші отыр екен, мырс етіп күліп жіберіпті. Өміріне бір күлмеген қыз екен. Жеңгелері

жабыла сұранты: «Айналайын бикешжан! Күлгенінді көрмеген еңік, не нәрсеге күлдің, айт?»— деп. Қыз айтпайды. Ақыры кіші жетпесіне айтады. «Былтыр күйеу шіркінінізден аттанарда енді қашан келесіз?»— деп сұрағанымда: «Алдағы жыл көктемде қайта бірге келемін»,— деген еді. Қаз қанатты құс, жердегі адам ұшқан құсқа ілесе ала ма екен? Ал, келсең көрейін, қазір бір топ кетті. Соған күлдім»,— депті қыз.

Сол мезетте біреу: «Анау төбе басындағы атын ұстап отырған адам бағанадан отыр, не қылған адам?»— депті. Білуге барса, күйеу екен. Ауылдағы қыз-қатын алдынан шығыпты. Күйеу: «Мен әзір отырамын, менің өзіме бір отау, атыма бір отау тіктіріңіз, сол біткен соң барамын»,— дейді. «Аттың отауының ішіне екі астау жасатындар, біріне сүт, біріне су толтырындар»,— депті. Бәрі де бітіпті, күйеуді апарыпты, аттың бір жағына бір астау сүтті, екінші жағына бір астау суды қойып суытады. Күн тумаи ойын-тойдан үйіне қайтып бара жатып бір сусылдаған қатын «арнайы отау тіктірген не қылған ат, көрейінші» деп, сабау мен туырлық етегін көтеріп қалғанда суып тұрған ат шошып кетіп ышқынғанда, кеңірдегі үзіліп кетіп өліпті. Аттың сүбелігінде артқа қарай біткен қысқа екі қанаты бар екен, суығанда бірін сүтке малып, бірін суға малып суып тұр екен.

Атты тау басына апарып адамша жерлеп, басын нарөркеш топырағына орнатады. Мұнан кейін күйеу қайғыланып отауда жатып алады. Атасы Жайық күйеуіне: «Тұрсын, болып болғанда сырғы түк, іші боқ бір айуан ғой, мен оның орнына бір ат беремін, сол атпен ертең шығып бір күнде ауылына жетсін, бір қонып қайтып, бір күнде мұнда жетсін. Бару-келуде жолында не көрсе де маған баян етсін»,— депті. Күйеуі орындапты, ат та сондайын жүйрік жақсы ат екен. Атасы амандасып болған соң күйеуінен жолда көргенін сұрапты. Күйеуі: «баруда ештеңе көрмедім, қайтуда жапан дүзде адамсыз қосақта тұрған көп қойды бір жетімек қозы емеді, бірақ та тоймайды, мұны көрдім; онан кейін ми далада тұрған аппақ отауға келіп айқайлап едім, дыбыс бермеді. Атымнан түсіп есігін ашсам адам жоқ, іші тола сасыған өлімтік. Онан өткенде жөніне қарай кетіп бара жатқан бір топ қыз-келіншек көрдім, жетейін деп қаттырақ жүрсем де жете алмадым, ақыры ұзай-ұзай ғайып болды»,— депті. Атасы Жайық күйеуіне: «Жапан дүздегі қосақта тұрған көп саулық — халық, еміп жатқан жетімек қозы әкімдерге ұнсал, халықты қанша сorsa да тоймайды; ми даладағы ақ отау күнделі адамбыз, сыртымыз сондай әдемі, ішіміз өлімтіктей арам ғой; алдында жөніне қарай жүріп бара жатқан бір топ қыз-келіншек осы келудегі мақсатың еді, бұл мақсатың саған жеткізбей кетсе, мақсатыңа жете алмай бос қайтады екенсін, топырағым»,— депті.

Күйеу ауылына кеткен күні қалыңдығы «ауырдым» деп жатып қалған екен, бүгін ауруы қатаң жатыпты, бір-екі күннен кейін дүниеден қайтыпты. Күйеу қалыңдығын қолынан торы аттың қасына қойысып, жылап-жылап еліне қайтыпты. Осы күнгі Орал қаласының шығысындағы «Торатбасы», «Қыземшек», «Шынғырлау» деген жер аттары сонан қалыпты деседі.

НАУША ХАН



ауша хан өзінің хан болып тұрған уақытында барлық елін жинап алып сұрапты:

— Менің қол астымда қандай батыр бар? Кімнің қандай көргені бар?— деп сұрайды. Сонда сол көптің ішінен біреу түрегеліп

айтады:

— Менің бір көргенім бар еді, ұлықсат етсеңіз мен айтайын,— дейді.

... Ол өзі жалғыз жолаушы болып келе жатып, түн ішінде жол бойындағы жалғыз ақ үйге келеді. Үй айналасы толған ат, үстері толған қару екен. О да келіп атын байлап есіктен караса, маңдайында құлағы, көздері бар, мойындары бір кез толған адам екен. Содан кейін ол кіруге қорқып, кейін барып жатуға да қорқып, атын қасына алып отырады.

Бір мезгілде шаршаған жолаушы ұйықтап кетеді. Бір мезгілде әлгі адамдардың біреуі бір табак ет, бір шай текемет, жез құман, орамал әкеліп береді. Мына қонақ оны жеуге қорқып, киізді астына салып, басқасын қасына қойып, тағы ұйықтап қалады. Таң ата оянып караса, астындағы киіз де жоқ болып қалады. Ол кісі содан кейін бір білімпаз адамға тап болып осы көрген нәрсесінің бәрін айтады. Ол кісі былай деп жорыпты: «Оның бәрі мұсылман перісі екен, жауға аттанып бара жатқан, сондықтап саған құрмет еткен екен»,— депті.

Екінші біреу тағы көргенін айтады.

О да жаяу жолаушылап келе жатады. Түс мезгілінде жол бойындағы үлкен бір ақ үйге келеді. Келсе, ол үйде он бір жасар қыз бала, сары қарын келген кара қатын отырады. Олар келген қонаққа иіріліп бар тамағын береді. Қонақ тамақтанып болған соң жүруге айналады. Сол мезгілде олар былай дейді. «Салқын түскен соң жүрерсіңіз, қазір жатып ұйықтаңыз», — дейді. Қонақ «олай болса, мақұл» деп, құрулы төсекке жата бергенде астына құлап кетеді. Ол жердің тереңдігі 40 кез болады. Содан кейін

ниң караса, көп өлген адам екен. Ол кісі бір сұмдықтың бопанын біліп бір жаңадан өліп кеуіп жатқан адамға киіміп шешіп жауып, өзі көп өліктің арасына кіріп жатады. Содан кейін қатып қызына шамды беріп, өзі үлкен қара найзамен әлгі киім жатқан адамды түйрейді. Мына жатқан адам бақырып шығайлады. Ана кісінің іші басылған кезде даусын әлсіретіп қояды. Дауыс басылған соң, қатып құдық ішіне бір баспаны салып, бір қолына шам алып, екінші қолына балта алып құдыққа түседі. Сол мезгілде мына кісінің қонышында пышағы бар екен қатып деңге келе бергенде өкпеден бір-ақ салады. Сол мезгілде құдық аузында шам ұстап тұрған қыз шамын тастап қаша жоғалады. Бұл да жылдам шығып қызды қуып қасындағы көп атанша бара бергенде қызды жетіп өлтіріп үйге келсе, екі сандық ақша бар екен. Арқалап еліне келеді.

Тағы бір адам көргенін айтуға лұқсат алып сөйлейді.

О да жолаушылап келе жатып адасады. Содан кейін ол бұрынғының жолын ойлап «далаға жатқанша молаға жат» деген деп, молаға келіп атын байлап отырса, ай бетінен үлкен бір шаң көреді, «бұл не екен» деп, жиырма құлаш қылышын қолына алып барады. Жақындап келсе, бір адам жылайды. Тындайтындай жақындап келсе, бір нәрсе бір көрді қазып жатыр екен. Қасына келіп тұрып, әлгі нәрсе екінші көрінгенде қылышпен шауып жібереді. Сол мезгілде әлгі нәрсе шыңғырғанда мына кісі біраз талып жатады. Артынан есін жинап қолын тығып караса, екі бопаны жатқан аю екен, ар жағын караса, көрдің қамысы екен, қамысты ашып қалса: «Адамбысың?»— деп біреу сөйлеп қоя береді. Көзін ашып караса, бір қыз екен. Содан кейін қызды шығарып алып сұрап караса, қояншық ауруы бар екен. Бір байдың қызы екен. Әлгі ауруы ұстағанда өлді деп көмген екен. Содан кейін ол қыз жылап жатқанда, аю біліп оны жеймін деп қазып жатыр екен. Сол жерде қыз бар хал-жайын айтып, «сені жарылқайды, соған бар» деп ауылына жібереді. Ауылға келген соң караса, әке-шешесі үштік садақасын беріп жатыр екен, бұдан кейін ауылдары нанбай артынан еріп келеді. «Егер де өлген кісі тірілсе, саған қалағаныңды береміз»,— дейді. Қызды әкелген соң, ол жігітті көтеріп атынан түсіріпті, ол бес күн қонақтап, өзінің еркінше малды айдап кетіпті.

Бұлар әңгімесін айтып болған соң Науша хан бұларға баға беріпті, «бәрін де ер екенсің, бірақ та мына соңғы көрден қызды қазып алған ер екен» деп, баға беріпті.

ТӨРТ ДӘРУІШ



аяғы заманда кара басы бақ-дәулетке емін-еркін болса да, дүниенің ауыр бір арманына ұшырайтын адамдар болған екен. Сондай бір арманды адам иесіз далада зар илеп жападан жалғыз келе жатады. Аты —

Мұратқан. Сонда Мұратқан «не қылам, үш жыл сандалып көк өгіздің уақиғасын біле алмадым, бұл былай тұрсын, іздеп шыққан қыздың да жүзін көріп ауыз екі сөйлесе алмадым, енді мұны үшқан құс, жүгірген аң білмейді, қайтып кетуге ел-жұртымның қайда қалғанын тағы білмеймін. Көкте екенімді, жерде екенімді қазір білер жан жоқ» деп, төмен қарап аяндап келе жатыр еді, адамша азынаған бір дауыс құлағына жетті. Адамзат көрмегеніне, ел-жұрттың бетіп көрмегеніне талай замандар өткен Мұратқанға мына дауыс бір түрлі қорқыныш сияқты да болады. «Я, алла, бұл не ғажап, бұл жерде адам баласы жүрмейтін еді ғой» деп, жан-жағына көз салып қарап тұра қалды. Караса, алдына бір үлкен дәу таяп, төніп келіп қалған екен. Әлгі дауыс қоймай мұны шақыра бергендей болды.

Мұратқан бұл да өзімдей адам шығар деп тауға қарай жүрді. Биік тауға таяп келгенде, бір үлкен құс сияқты нәрсені көрді. Мұратқан, басы адам сияқты болған соң, бұл адамша тіл біледі екен деп ойлады. «Ей, бері келгін»,— деп дауыс берді. Оны құс тыңдамай кетіп қалды. Мұратқан ойланып, «адам сияқты құс болады деуші еді, осы екен ғой, мұнан гөрі біреуі тағы бар шығар» деп, таудың басына қарай жүрді. Бір заманда таудың басына жетті.

Келсе, бір биік тау, жан-жағына қарады, еш нәрсе көрінбейді. Жалғыз-ақ етекте бір қара тұр. Онысы бейіт болып шықты. Оның ішінде бір нәрсе қараңдайды. Онан басқа еш нәрсе жоқ. Мұратқан біраз дамылдап отырды да, «кой, бүйткенше өлген артық, ақыр ит жемеде кетеді екем, онан да жанымды қинамай тастан секіріп құлап өлейін» деп, әлгі биік тасқа келіп, енді құлайын деп тұрғанда арт жағынан бір дауыс: «Ей, ақымақ, құдайсыз ажалды өзің сұрама, бейітке барсаң мұратына жетесін»,— деді. Артына жалт караса, дәнеме жоқ. Сонан соң, «анау қарайған бейіт екен ғой, оған да бара кетейін» деп ойлады.

Соған қарай жүрді. кіріп келсе ішінде үш адам отыр. «Ассалаумағалайкүм»,— деді Мұратқан. «Ағалайкүмассалам, жоғары шық»,— деді отырғандар. Біраз отырған соң үшеуі бір-бірінен жөн сұрасты. Отырған үшеуі Мұратқаннан халін баян етуді тілек етті. «Сонан соң бәріміз де кезекпен айтамыз»,— деді. «Жарайды»,— деп, Мұратқан сөз бастады.

«Мен Бағдат шаһарындағы патшаның баласы едім. Әкемнің патшалық дәрежесі үлкен. Қол астына бірнеше шаһар қарайды. Мен жалғыз баласымын, әбден көмелетке толдым. Бір күні жалғыз өзім сарайда отыр едім, ойыма әлденелер түсті. Қой бітіспейін, не қылсам да дәулет жетеді ғой, әкем бетімнен ақпанды, халық аузында жүрерлік бір іс істейін деп ойлады. Сол шаһарға караған балташы, ұста барлығын жиып алып, шаһардың орта тұсын көрсетіп: «Осы жерден сыртын неше түрлі өрістеп безендіріп, маған тамаша бір сарай саласыздар. Караған адам қайтып көзін алмайтын болсын. Алтын, гауһар, шаһуардан салынсын, қараңғы түнде неше шақырымдай жерді қырық қылып тұратын болсын. Мен өзім сарай біткен кезде келіп бір-ақ көрермін. Және қырық есігі болсын, әр есік әр қабаттан шығатын болсын. Егерде осы айтқандай болмай, сарай көңіліме ұнамаса, тегіс бастарыңды алам»,— дедім. «Құп, тақсыр»,— деп шу ете түсті. Осымен жүріп кеттім.

Мен сарай салғызып жатырмын деп әкеме айтпадым. Сонымен аң аулап, саяхаттап жүре бердім, жарты ай анда болсам, жарты ай үйде, осы сауықпен бір жыл өтті. Бір күні қасыма қырық нөкерімді ертіп алып сарайымның біткен-бітпегенін көруге келдім. Келсем біткен екен. Өзіме қабар етіп, көрсетуге күтініп отыр екен. Байқап қарасам, сарайдың сыртына адам баласының көзі тояр емес, алтын-күміс алатынғы. Қайран қалып көзімді айырмадым. Бұл алтын күміс сарайдың сұлулық тамашасын көрген адам соған қарап тұрумен-ақ өмірінің қалай өткенін білетін емес. Енді ішін көрейік деп, бір есігінен кіріп едім, есім шығып кетіпті, қайдан келіп, қайда баратынымды ұмытып кеттім. Қырық жігіт қасыма, әлгі сарайды үш күн аралап зорға бітірдім. Ішінде жүріңіз де қойыппыз. Бой жазып біраз жүрген соң бір жігіт: «Мұнымыз қалай, түк көрмеген кісіше жан-жаққа қарап жүріп аңғанымыз?»— деді. Артыма жалт қарап: «Қанша уақыт болды?»— дедім. Жігітім: «Бүгін біз келгелі үш күн болды»,— деді. «Еңдеше қайтайық»,— деп далаға қарай жүріп едік, жол таба алмадың. Әрі-бері жүріп едік, жол таба алмадық. Сонан соң үй қалған бір балташы есіктен шығарды. Қайтып келген соң әкеме сабар салдым.

— Жарайды,— деп, әкем қырық уәзірін қасына ертіп сарайды көруге кетті. Аралап жүріп қайтты. «Жасым алпысқа келді, неше жыл патшалық дағуасын құрдым, осы уақытқа дейін артыма мұра болып қаларлық бір іс істемеген екенмін. Балам, қайырлы болсын»,— деп әкем маған риза болды. Кешікпей мен сарайға кірдім. Кірген соң қырық есігіне қырық күзетші қойдым. Қанышы келетін болса, әр есігінен бір мың ділдә беретін

қылып қойдым, сөйтіп салтанатпен бірнеше уақыт өмір сүрдім. Бір күні нөкерім қасымда, көңілім шаттанып, әңгіме-дүкен кұрып отырып: «Осы дүниеде менен де салтанатты патшазадалар бар ма екен, шіркін бақ мынау, дәулет мынау, жомарттық, сарай-салтанат мынау, енді осыларыма лайық ай мен күндей бір сұлу жарым болса»,— дедім. Нөкерлерім үндемей отырды да: «Тақсыр, олай деменіз кім жоқ дейсіз, дүниеге кім келіп, кім кетпеді осы күнде. Мысыр шаһарінін Ыбырайым атты патшасының, Шамшибану деген қызы бар, оның сұлулығына теңдесетін жан жоқ, он төртінен туған айдай, көзі түскен адамды еріксіз елжіретіп әкетеді. Оның қазіргі патшалығы және жомарттығы сізден он есе артық, оның да осы секілді сарайы бар. Мың жерден есік шығарған, келген қайыршы болса, сол есіктің бөрінен қайыр алады, бір алғанда қайыршы басы он мың ділдә алады. Оның бұл жалғанда теңдесі жоқ және сол жерге келген қонақты қандай асығыс шаруаң бар болса да, үш күн қондырмай жібермейді. Сол қыз келсе, әрине бұл сарайыңыз мұнан да артық гүлденер еді. Бірақ ол келмейді ғой»,— деді. Мына сөз маған мейлінше ауыр тиді. Қатты қаһарым келіп:

— Сен, лағнат, аузыңа келгенінді оттап не деп былжырап отырсың, осынша халықтың алдында масқараладың,— деп әлгі нөкерімді жазалайтын болып, екі жендет шақырып алып: «Мынаны дарға тарт!»— дедім. Екі жендет тартып жөнелгенде: «Тақсыр, дат»,— деді. Көз көрген жолдас қой, «айта қой, датыңды» дедім. Көзінен жасы ағып: «Тақсыр, мен сізге айтқанда сізді кемітейін деп, болмаса қорлайын деп ойлаған жоқ едім. Көп қызмет істегенімен, сізге тәуір әйел керектігінен ойлап не қылса да соны алсын деп едім, сізге еш қастығым жоқ, енді менің сізден сұрайтыным, хан әмірің екі емес қой, мені қазіргі өлімнен босатып, қашан Шамшибану қыздың сондай екенін білгеніңізше зынданға сала тұрыңыз, егер менің осы сөзім өтірік болса, ризамын, басымды алыңыз, болмаса, рас болса, қайтесіз, нақак қанымды төкпейсіз бе?»— деп, еңіреп қоя берді. Мен бұл сөзге тоқтадым да: «Ашу үстінде жаза бердім, қанша жазасы болса да кештім»,— дедім. Ол: «Жоқ, тақсыр, хан әмірі біреу, мені зынданға салыңыз, қыздың хабарын білген соң босатарсыз»,— деді. «Жарайды»,— деп, оны салдырып тастап, қанша сауыт-сайманмен Шамшибануды іздеп жүріп кеттім. Шамшибануды іздеп көп қайғырдым. Арып-ашып шаршадым. Өзім жаяуым. Әлдеқандай заман болады деп істетіп, киіп шыққан темір етік таусылып оймақтай қалғанда, темір таяқ таусылып тебендей қалғанда екі көзіме көк шыбын ұялап, қыбырлап қана келе жатыр едім, бір мезгілде алыстан ызылдаған дауыс шықты.

Дауыс шыққан жаққа қарап байқасам, ат үстіндегі адамдай, алдында бір нәрсе салып айдап жүрген секілді. Азырақ тұрдым

да, «қой, неде болса бұған барайын» деп ойлап, ептеп аяндап жүріп келе жаттым. Өмірден күдер үзгендей таяп келсем, аламзат екен. Келе амандасып жөн сұрастық. Мен шалға мысыр шаһарының қызы, Шамшибануды іздеп келе жатқанымды баяндадым. Қойшы шал менің сөзімді тыңдады да: «Ой, байғұс, оған жолығып амандасам деп әуре болма, өзі осы күні ауру, аламзатқа көрінбейді, не себептен болғанын білмеймін. Үстіне әкесі де кірмейді дейді. Сыртынан барған сен бір мүсәпір аламсың, жолығам дегенге болар ма екен. Ал, барам десең сол Мысыр шаһары осы арадан түстік жерде, мен сол ханның отардағы қойын бағып жүрген кісімін»,— деді. Қойшының көңімен шаһарға қарай жүріп кеттім, күн бата шаһарға жеттім.

Шаһардың сән-салтанаты адам қарап тоймайтын сұлу екен. Жолыққаннан патшаның сарайын сұрайын деп, тамашалап бір көшемен жүріп келе жатыр едім, бүйір жақтан «тоқта» деген дауыс шықты, карасам бір адам жаныма келіп: «Қайда барасыз, тоқтаңыз, бүгін мынау үйде қонақ боласыз»,— деді.— Патшамыздың әмірі бар: «Қонақ қылмай адам баласын өткізбе»,— деген, үш күн мұнда боласыз да, баратын жеріңізге сонан соң барасыз»,— деді.

Тоқтағым келмей, не болса да патша сарайына барып жетейін деп едім босатпады. Амал бар ма еріп үйіне келдім. Кіріп келсем, сол үйдің өзіп қонаққа деп арнап салдырған екен. Қарап отырдым, осы қонақ үйдің өзі сарайыма таяу бар екен. Отырысымен тамақ әкелді. Жасаған сайманы көрмеген қымбатты нәрселерден екен. Ішіп болған соң ыдыс-аяқты апарды да, енді біздің мүліктен шықты деп, бір бұрышқа ұйып тастады. Аздан соң ет әкелді, оған да жасаған нәрселері анадан артық, көзді тайдыратын, қалай адам баласының қолына түсті екен, бұл нәрсе тек періде ғана болуы мүмкін ғой деп ойладым. Сонымен үш күн жаттым, тамаққа жасаған нәрселердің бірін-біріне қоспады, бірінің артынан бірін бағанағы бұрышқа үйге берді. Мерзімді уақытым толған соң жүруге ұлықсат сұрадым. Енді ұлықсат берді, бірақ сізге айтатын сөз мынау: «Үйдегі нәрсе біздің мүліктен шыққан, тағам берген соң сіздің мүлкіңіз болып қалған, бірге ала кетіңіз»,— деді. «Жоқ, рахмет, көңілім жоқ, алып жүре алмаймын, керегі жоқ»,— деп едім: «Жоқ болмаңды, патша білсе басымызды алады, мұны алмай кете алмайсыз»,— деді даяршы. Алмаймын деп едім еріксіз берді, амал бар ма, алып шығып арқалап келе жатыр едім, жолда бір шапырын кездесіп, құдай алдында қарыздығым жоқ деп нәрселерді әлгіге беріп, патшаның сарайының жөнін сұрап алып жүріп кеттім, енді көшенің ортасына жете бергенде және біреу ұстап алып, қонасың деп жібермей тағы қондырды. Байлаудағы аламзатты қонбайым десем болмайды. Бұл да әлгіні істеді,

сонымен қыздың сарайына жеткенше тоғыз қондырды. Сол арада берген нәрсе шаһардың мүлкіне тұрады деуге болар. Бұдан құтылып өтіп қыздың сарайына келдім. Бір адам жүгіріп шығып, үйге кіргізді. Кірген соң жөн сұрасып отырдық. Әлдене уақытта бір бәйбіше адам келіп жайымды білген соң, бір жендетін шақырып менің шаруамды айтты. Жаңағы келген кісі қыз, Шамшибанудың даяршысы екен де, бәйбіше шешесі екен. Ол отырды да: «Ой, шырағым, сенің қолыңнан келмейді ғой,— деді.— Себеп, осы күні Оңтүстік жақта бір патшаның баласы бір көк өгізге жылында бір дүре салып, артынан өзі зарлап жылайды екен. Өмірі осымен өтіп келе жатса керек. Сол не себептен сөйтеді, соның кінәсін біле алмай, Шамши қазір қайғы үстінде, кімде кім соны біліп келсе, меілі қайыршы болсын, мен соған тиемін дейді»,— деді. «Жарайды, оны мен табам»,— дедім де, соны іздеймін деп жүріп кеттім.

Сонымен айлар, жылдар жүріп отырып, айтқан жөнмен іздеп, арып-шаршап бір шаһарға келіп жеттім-ау. Бір көшенің бойын өрлеп жүріп келе жатыр едім, бір шал адам ұшырасты. Шалдан:

— Ата, бұл шаһар не деген шаһар,— дедім. Шал тоқтап:

— Балам, өз жолың болсын, қайдан келесің,— деді.

— Айтқаның келсін, мен бір мүсәпір баламын, баласы жоққа бала болам,— дедім.

— Ой, қарағым, перзент көре алмай өмірім жылаумен келе жатыр еді, маған бала боласың ба?— деді қарт.

— Жарайды, ата, болам,— дедім.

Шал қошеметтеп бетімнен сүйіп, үйіне ертіп алып келді. Бір кемпірі бар екен, ол да қуанып жылап көріскендей болып жатыр. Сол уақытта күн сәске еді. Шал мен кемпір айтты: «Балам, біз мына халықпен бірге баратын жеріміз бар»,— деді. Жөнін сұрап едім, «көк өгізді жігітке барамыз» деді. «Ата, мен де барайын, сізге бала болдым ғой, осы бастан ел таныын»,— дедім.

Менің көңлімді қия алмай екеуі: «Жүрсең жүре ғой»,— деді. Қуанып кеттім. Өне бойларына қара киіп алды, маған да кигізді, далаға шықсақ бүкіл шаһардың халқы қара киген, батысқа қарай шұбырып кетіп бара жатыр екен. Барлық халық шаһардан үш шақырымдай бір тоғайдың жанына барып, қаз қатар тізіліп отырды. Бұлар біраз отырғаннан кейін бір көк өгіз мінген жігіт келді, артына мінгескен бір жігіті бар, жарты шақырым жерге келіп түсіп, артына мініп келген жігіттің қолындағы коржынынан бір кесені алып, мінгескен жігітке берді.

Ол отырған топқа жүгірді, халықтың бәріне, басынан аяғына дейін кесені көрсетіп өтіп, қайтып жолдасына келді. Кесені қолына алды да жар салып, үш бөліп, қылышпен жігіттің басын қағып тастап, көк өгізді жігіт зарлап кеп жылады. Жылаған

уақытта шыққан даусына адамның сай-сүйегі сырқырады. Тыңдаған халықтың бәрі төмен карап жыласып отыр, біреуі жоғары карамайды. Бағанағы жігіт жылап-жылап өгізіне мініп ан жөнеле бергенде мен соңынан тұра жүгірдім. Кетіп бара жатқанда жанымда отырған шал: «Қайда барасың, қарағым, өлтіреді»,— деп, жылап қоя берді. Оған болайын ба, іздеп келген шаруамның өзі сол еді. Жүгіріп бара жатқанымда бір жігіт, «мынау адамды жын соққан ба, ұстандар, жібермендер, ажал түртіп жүр ме, өзінің дені сау адам емес, босатпандар» деп, ұстап, жібермей-ақ қойғаны. Енді қайтерімді білмедім, онан босап баруға тұратын мекенін пенде білмейді, адасып қалдым. Ызаланып, енді екінші жылға қалдым. Сол баяғы алғашқы келген шалдың қолында мен бала, ол әке болып жүре бердім. Жыл он екі ай өткен уақытта көк өгіздің келер уақыты жетті, әке-шешем қал деді, мен барам деп, ақырында менің көңілімді кінмады, ертіп жүрді. «Бірақ ана жылдағыдай тағы жүгіріп жүрме, өлтіріп тастайды, ол жігіттің алдына ешкім барған емес»,— деді әкем. Мен «жарайды» деп алдап жүріп топқа келдім. Отырғаннан кейін әрі-беріден соң көк өгізді жігіт келді. Баяғысындай кесе беріп, жігітті жіберді. Жігіт елге көрсетіп болып қайтып барған соң кесені сындырып, жігітті өлтіріп, ой, зарлап жылады дейсін. Сонан соң өгізіне мініп жүре бергенде артынан тағы жүгірдім. Отырғандар: ой, мына жігіттің дені сау емес, ұста деп, тағы жібермей қалды. Досым, замандасым, қапғысына ортақ едім, жібер деп халыққа жалынып едім, әке-шешем өтірік айтады деп, ешкім мені босатпады. Сонан сорым қайнап жылай-жылай үшінші жылға тағы шал мен кемпірдің қолында тұра бердім. Ол екі байғұс өз баламыз деп мені жақсы күтеді, жанын үзеді. Кейде: «Қарағым, сен неге күліп-ойнап жүрмейсін, әрқашанда ренжіп жүресін, не ойын бар, айтышы? Әлде тамағың аш па? Болмаса киімің жаман ба?»— деп сұрайды. «Жоқ, ата, өзімнің мінезім солай»,— деп айтпаймын, тек жүрем де қоям. Сонымен тағы бір жыл өткен соң елім баратын уақыты болды. Дәл ертен барамыз дегенде: «Әке, мен бір жерге барып келем»,— деп, кешке жақын кетіп қалдым. Жігіттің келетін жолындағы белгілі бір тоғайға келіп, жасырынып, бұғып елге көрінбедім. Ертенінде дәл түсте жігіт шалды бүркыратып келе жатыр екен. Алдынан жүгіріп шығайын дедім де, «қой, оным асығыс болар қайтқан бетінде жолығайын» деп тұрдым. Баяғыдай өгізінен түсіп, елге кесені көрсетіп, қайтып барғаннан кейін кесені сындырып, жігітті өлтіріп, мынан жылап зарлап болып, бір ақырып қалды. Отырған ел атытқан қозыдай шаһарға қарай жөнелді. Олар кеткен соң жігіт те қонне қарай қайтты. Жүре бергенде артынан жүгірдім. Тақай бергенде артына жалт қарап, қылышын суырып ала ақырып,

маған тұра ұмтылды. Мен «бәрі бір өлетін адаммын, онан да осы менің қаныма сіз ортақ болып, басымды алып тастаңыз» деп, басымды ұсына бердім.

Таяу келіп, қылышын қынына салды да: «Бұдан былай жүрме, егер жүрсең басыңды алам»,— деді де жүріп кетті. Мен карап тұрмадым, артынан тағы жүгірдім. Барлық қаһарын тігіп алып маған қарсы шапты. «Басымды алып тастаңыз, ақыр өлем» деп, басымды ұсындым.

Басымды шаппады, қайрылып жүріп кетті, мен де жүрдім, енді қайрылып караған жоқ, жүре берді, мен де жүре бердім. Әлден уақытта бір үлкен күмбезге келіп кірді, артынан мен де келіп кірдім, келсем көк өгізді бір бағанаға байлап қойыпты. Үлкен сарайдың жаң-жағы есік, төрдегі бір есіктен дауыс шығады, соған қарай аяндап келдім, бұрынғыдай емес, бойым үйренді, қорқу кетті. Барлық мұратыма жеткен болып жүрмін. Әлгі үйге келіп кірсем, жігітім зарлап, жылап отыр, өзінен басқа адам жоқ. Есік аузында садақ ұстап бір адам тұр, түрінен адам шошитын. Сарайдың кірер аузында қорқып тұрдым. Жігіт жылап болып бір ақырып қалып еді, бір есіктен өңкей кара киген біркелкі жігіт кіріп, бәрі де төмен караған күйі, өң жоқ, түс жоқ айнала отырысты. Оң жақта бір шымылдық құрулы тұр, оның ішінде бір қыз жатыр, әлден уақытта бір ақырып қалып еді, бағанағы отырғандар қасқырдан үріккен қойдай топырлап кірген есіктен шығып кетті. Олар кеткен соң жігіт шымылдықтың ішіне кіріп, ой, зарлап жылап еді дейсің, даусының зары кара тасты жібіткендей. Мен үйдің ішіне кіріп отырдым. Мұның қалай деген ол жоқ, өз ісімен әуре. Жылап, зарлап болып, көзін сүртіп, қыздың іргесінен бір жуан таяқты алып шығып, бір ысқырып қалып еді, қылыш асынған бір-екі жендет жетіп келді. Көк өгіздің төрт аяғына төрт қазық қағып, мықтап байлап қойып дүрені салды. Кейін өз қолынан жонына жүз таяқ және салды. Ол жарамай сынған соң, өгізді шалқасынан салып қойып және бір таяқпен бауырын тілгілеп, екі бүйіріне екі жүз таяқ салды. Өгіз өкіргенде құлындағы даусы құраққа шықты. Әрі-беріден соң өгіз шала-жансар қалды. Төрт жүз таяқты салып болып өгіздің ауыз-басын торғын орамалмен сүртіп жіберіп, кілемнің үстіне құс төсек салып, жатқызып қойды.

Қайтып үйіне келіп отырды, аздан соң тамақ әкелді, оны ішіп болды да, мені қасына шақырып алып: «Көне, шырағым, бейнет көрген адамға ұқсамайсың, өлімге жаныңды қиғандай тірліктен үлкен не арманың бар, айтшы?»— деді. Айтшы дегенде қуанғаннан жылап қоя бердім.

Мен өзімнің кім екенімді, басымнан кешкен уақиғамды бастан-аяқ қалдырмай баян қылдым. Көк өгізді жігіт: «Ой,

сіздікі ештеңе емес, құдай сені ертең-ақ жарылқайды, себеп менің уақиғамды біліп алып қайтасың, өмірі өлгенше қайғы жайлап кететін мені айтсаңшы»,— деп сөз бастады.

— Мен де бір патшаның баласы едім, әкемнің ешбір перзенті болмай үш қатын алған екен. Ең кіші қатыны, менің анам, екі қабат болған уақтында әкем: «Баламның өміріне кітап ашып бер, бақытты бола ма, жасы ұзақ бола ма, қыз бола ма?»— деп шаһардағы барлық бақсы-балгерлерді жиып алып сұрапты. Бақсылар кітаптарына қарап, балдарын ашып-ашып, бәрі де үндемейді, патша: «Неге айтпайсындар, не көрдіңіздер»,— деген екен, сонда бір ішіндегі ғұлама үлкені: «Әйеліңіз ер бала табады. Атын Әшім қойыңыз»,— депті. — Онан соң он екі жасқа келгенше жер астына сақтаныз, әйтпесе өмірі қысқа болады, өзінің көргені бейнет»,— деген екен. Әкем еркек бала деген соң қуанып, бірнеше жұмыскер жиып алып, жерден сарай жасатқан. Оны болған соң он екі жылға жететін азық үйдірін, шешемнің айы-күні толған уақытында қанша даяршымен, мені оқытатын молдамен бөрімізді жер астына түсіреді. Шешем сол жер астында босанып, сонда асырап, сонда тәрбиелеп жүріп жатады. Мен ештеме білмеймін, кәдімгідей сейіл құратын жері бар, жақсы оқып жүрдім.

Сонымен жасым он бірге келді, бір күні сейіл құратын жерге барып қыдырып әрі-бері жүр едім, жоғарғы жақтан бір болымсыз жарқыраған саңылау көрінді, әлгіні тамаша қылып қарап тұр едім, әрі-беріден соң алтын таққа мінген дүниеде теңдесі жоқ бір сұлу қыз әлгі тесіктен түсіп қасыма келіп, мені алдына алып құшақтап, қысып-қысып оң бетімнен бір, сол бетімнен бір сүйді де, қайтадан ғайып болып жоқ боп кетті. Ешбір тұрағын білдірмей кетіп қалды. Ол кетісімен әлгі жерде талып қалыппын. Әрі-беріден соң көзімді ашсам шешемнің екі көзі бұлаудай, молда дем салып отыр, ғашық оты ішімді күйдіріп өкетіп барады. Не болды деп молда мен шешем сұрайды, айтуға аузым жоқ секілді.

Әкеме хабар салып, жер үстіне алып шықты. Ат жетер жерден бақсы іздеп, ешбір ем қыла алмай қойды. Ақыры шаһарымыздағы бір ғұлама қарап: «Бұл бала жазылмайды, бұл ғашық болған болу керек, пәлен шаһарда бір дәрігер бар, соның бір қарағанынан қалмайды, баланы сонда жіберіңіз, бәрібір шақырғанмен ол келмейді, мен өзім бастап апарайын, дәрігерге қанша тарту сыйлықпен жіберіңіз»,— деді молда. Мұны естіп әкем шақыр мен жазылғандай болып қуанып, ырғап-жырғап жүргізді. Арада бірнеше күн жол жүріп дәрігерге келдік.

Әлгі дәрігердің әдеті халқын жылында бір қарайды екен. Екінше жонді ауру болмайды, адамды ажалға да талғап қана құлайдан қорыққаннан береді екен. Сонымен мен барған кезде

елінің жиылып көрінетін уағы болып қалыпты. Шаһардан бес шақырым шамасындай жерде сарайы бар екен, соның алдына елі жиылып қаз қатар отырады екен. Өзі жалаңаш келіп, елді қарайды. Сол елмен бірге мен де келіп отырдым, дәрігер келіп, басынан төмен қарап-қарап, қайсы біріне ауруың жоқ деді, әлде қайсына бір жапырақ қағаз берді, қайсыбіріне дәрі берді, бәрі де ондалып тарап кетіп қалды. Маған келді де, бетіме қарап өтіп кетті, өзімнің түсім сарғайып, өңім бұзылып кеткен болуым керек.

Анау карамаған соң жаннан күдер үзіп, өледі екем ғой деп ойлап отырдым. Әбден ел тарап болған соң шал келіп, мені ертіп өз сарайына алып келді. Ұйыне келіп бір үлкен сандыққа алып келіп, аузын ашып, астыма орындық қойды. Сандық толған кітап. «Мынаны оқи бер» деді де, өзі кетіп қалды. Оқып отырмын, еш нәрседі шаруам жоқ, күн сайын тәуір болып келе жатқан секілдімін.

Шүкір жаман емеспіп, кітаптардың бәрін алты ай ішінде оқып бітірдім. Бір күні бір кітапты оқып отыр едім, ұстазым бір аурулы шалды алып келіп шалқасынан жатқызып қойыпты. Кітапты оқып отырсам кітапта: «Көсеу темірді отқа қыздырып, «бісмиллә» деп аурудың басына таяп апарсаң мойнына жабысып тұрған кенедей дерт темірдің басына жабысып шығады, темір ыстық болса, шал өліп кетеді» делінген екен. Әлгі өзімнің ұстазым шалды осылай емдегелі жүр екен.

Ұстазым темірді ысытып алып кетті. Байкасам темір ыстық. Таяп, тиіп кетсе өліп кететін. Ауруға жаным ашып, «ата, өліп кетеді» дедім. Сол-ақ екен темірді лақтырып жіберіп, шашын, сақалын жұлып, ойбай салып, үйден шығып безіп кетті де қалды. Онда жұмысым болған жоқ. Жүгіріп келіп, темірді суытыңқырап жіберіп далаға шықсам, ұстазым жарылып өліп қалыпты. Бұл не деген ғажап болып кетті деп жүрсем, ол кісі мынау өзімнен қалай асып отыр деп, күншілік етіп жарылып кетіпті.

Сонымен шалды ақ жауып, арулап қойып, сарайларын аралап жүрсем бір бөлмеде кішкене ғана бір сандық тұр. Ашып қарасам ылғи дұғалық, ісмиағзам дұғасы. Әлгілерді қолыма алып, оқып көрсем, пері байлау шарттары бар екен, алып оқып ойлап отырдым.

Баяғы қыз осы періден шығар, бұларды байлайын деп, бір дұғалықты алып оқыдым. Әлден уақытта: «Жаным, бұл не қылғаның қырасың ба мұнша»,— деп, жиылып келіп тұрған ылғи перілер. «Сендерде менің шаруам жоқ, патшаларыңның қызын әкелсеңдер босатам, болмаса бәрінді қырам»,— деп едім, Жымыр деген бір ұшқын жіберіп патшаның қызын алдырды. Өзімнің неше жыл зарығып сал ауру болған Шахинорды есіктен алып келгенде, есімді білмей талып кеттім. Әлдене уақытта көзімді

ашсам баяғысындай алдына алып, су бүркіп отыр екен. Құшақтап көрісіп, жә, құдай, тілекті бердің деп, мауқымды бастым. Байлаған перілерді босатып, некемді кидырып, осы сарайымды өзіме бөлек етіп салдырып, өзіме арнаған үйге кіріп сәт күні екеуміз қосылып жатқан едік, сырт жағымнан бір дауыс: «Ой, ақымақ, тозаққа кетесін, қойнындағы ісмиағзам дұғасын бері әкел»,— деді.

Байқағам жоқ, суырып бере салдым, қолына түскен соң таптыра ма, алды да кетті. Сөйтсем мені перілер алдап, андып жүреді екен. Өздерін байлайтын дұға қолдан кетіп қалды. Ана шымылдыңтың ішінде жатқан қыз не өлі емес, не тірі емес шала-жансар. Көк өгіз сол дұғалықты сұрап алған пері. Ұстап алып, жылында кегімді бірі алам.

Зарлап жылайтыным ана қыздың күйігі, сол пері тірілмейді, бұл дүниеде осымен қосыла алмай кеткенім-ау деп жылаймын. Халықты иіріп алатыным, бәрі де менің осындай болғаныма қайғылы. Өзім барып жылап, зарлайтыным халыққа ашықтығымды білдіремін. Өлтіретін жігітім сол ұстап қалған перілерім. Жылында біреуін ел көзіне көрсетіп өлтіріп қайтамын.

Қайтып келіп дүре салатыным, шыдай алмай кек алам. Торғын орамалмен ауыз-мұрнын сүртетінім жаным ашиды. Осы уақиғаға міне бес жыл болды. Содан бері тартқаным қасірет,— деп сөзін бітірді.

«Енді ұлықсат беріңіз, ісмиағзамды мен іздеймін»,— дедім. «Жоқ, осы өнермен мен де неше жыл таба алмай зарлап отырмын. Қор боласың, елге бар да ғашығыңды қуанып, мақсатыңа жет»,— деді ол. «Жоқ, іздеймін, өлсем сізден артықпын ба?»— деп, дұғалықты іздеп жолға түстім. Қайда екенін ешкім білмейді, әйтеуір бетім ауған жаққа қаңғып жүріп кеттім.

Бет алды сандалып жүріп, қаңғып, еш дерегін білмей, «қой, таба алмай барғанша, өлгенім артық» деп, бір тауға шығып, жартастан құлап өлем деп тұрғанда, бір дауыс: «Ей, ақымақ, неге кетесің, ана бейітке бар, үш дәруіш отыр, соған барсаң мұратың хасыл болады»,— деді. Мұнда келіп едім, сіздерді көрдім»,— деді Мұратқан.

ЕКІНШІ ДӘРУІШ

— Енді сіз сөйленіз,— деді үш дәруіштің әуелгі екеуі. Мұратқанның алдында келген адам сөзін бастады.

«Мен Жазира шаһарының патшасының баласы едім, әкем сонша жақсы, ақыл иесі адам болды, мен еркемін, жасым

камалатқа толып, сейіл-серуен құрып жүрмін, қасыма ерген қырық нөкерім бар, бұл жалғанда теңдесім жоқ деп ойлаймын.

Еш нәрсе ойыма кіріп шықпайды, бір күні серуенге шығып аң аулап келе жатыр едім, алдымыздан бір басы алтын, бөксесі күміс киік ойнақтап шыға келді. Құдай берді деп, алды-артымызға қарағаным жоқ, бет-бетімізбен қуып жөнелдік, киік қашып келеді, біз қуып, айқай салып келеміз, ештемемен жұмыс жоқ, есі-дертіміз киікке жету, ол жарқ-жүрк етеді.

Аттары шаршаған жігіттер бірте-бірте қалып жатыр, онда шаруам жоқ, есі-дертім киікті ұстасам деймін. Киік сонша қызықты, шіркін-ай, ұстап алып сарайымның ішіндегі бақшаға қоя берсем деймін. Атым жүйрік, болдырар емес, неше түрлі болып аспанға ұшып кетеді. Бір мезгілде артыма қарасам адам көрінбейді, бәрінің аты болдырып, қалып қойыпты, мен оны керек қылғам жоқ, қызумен киікке қызыға-қызыға қуып жүре беріппін, күн батуға таянған мезгіл еді. Киік те болдырды, менің атым да болдырып келе жатқанда, алдымыздан бір үлкен су кездесті. Бұған киік те келді, мен де келдім. Қайда барарын біле алмай секіріп суға түсіп жүзіп жөнелді, шыдап тұра алғаным жоқ, мен де түстім, өлден уақытта ол да шықты ар жағына, мен де шықтым. Және қашып жөнелді, беті таяу тұрған бір тау бар екен, соған қарай тартты, мен де қалғаным жоқ. Таудың бір үлкен терең сайына қарап қашып келеді, мен де қуып келем, сайдың төр жағында бір көк күмбез тұр, киік келді де соған кіріп кетті.

Артынан келіп, атымды байлап тастап мен де кірдім. Келсем дәнеме жоқ. Екінші бір есіктен қарадым, іш жағын неше түрлі етіп безеген екен, кірсең шыққысыз бір сарай. Соның дәл төрінде киік сұлап жатыр, оның басында ақсақалды бір шал жылап отыр. «Сені кім осындай қылды, жануарым, құдай, оны да сендей азапқа салсын» деп отыр екен. Екінші бөлмеге қарасам оң жақ қабырғада бір шымылдық құрулы тұр. Аржағында, ай десе аузы, күн десе көзі бар, қара қасы қиылып бір қыз отыр. Көзім түскен кезде, бойымнан тағат кетіп жан-тәніммен ғашық болып: «Ей, сен не қылған адамсың?»— дедім. Үндемейді, жымия қарап көрген сайын сабырымды алып барады. Жақын келіп: «Ой, сен не деген жансың, неғып отырсың?»— дедім, үн жоқ бедірейіп отыр. Үндемегеніне ызаланып: «Жаным-ау, неткен жансың, жөнінді айтсаңшы»,— деп, дәл қасына жетіп келсем сурет екен. Не болып кеткенімді білгенім жоқ, сурет болса да есім шығып талып кетіппін. Суретті құшақтап, зарлап, жылап отыр едім, жасы алпыс-жетпіс мөлшерінде бір қарт адам кіріп келді де: «Өттеген-ай, жас басынан мына дертке қайдан душар болып қалды, сорлы бала, мұнда не шаруаң бар»,— деді.

— Бәрібір ол сенің қолыңа түспейді, ғашықтық дертінен

өлгеннен басқан жоқ,— деді ақсақал қасыма келіп, жылап отырып:

— Ата,— дедім,— құдай үшін маған жөн-жобасын, қай түрі екенін айтып көрсетіңіз,— дедім шалға.

— Шырағым, мен шал емеспін. Биыл жасым жиырма сегізге шығады, осы қыздың әуресімен шашым, сақалым ағарды. Менін балалау кезім еді, жиырмаға жетер-жетпес уағым. Ром шаһарына барып келе жатқанда, бір сәнді, салтанатты үлкен шаһарға кез келдім. Шаһарға таяп келіп қасына қондым. Күн ыстық, түс мезгілі еді. Шатырды тігіп тастап жатыр едік, аздан соң бір жігіт келді, сол шаһардікі екен, әдемі, еркек затқа бітпеген пішіні бар, періште десен болады. Ат үстінде тұрып: «Жолдарыңыз болсын, қай жердікісіз»,— деді. «Айтқаныңыз келсін, Ром шаһарына барып келе жатқан керуенбіз»,— дедім. Үш-төрт жас менен кіші ол: «Ағай, бері келіңізші, сізде бір шаруам бар еді»,— деді. Бұрын көріп-білген кісім емес, бірдеме істегелі жүр ме деп қорқақтап, бөгектеп едім, «қорықпаңыз, мен де адам баласымын, не қылам дейсіз» деді мұнайып, жіңішке дауыспен майдалап қана. Қасына бардым. «Ажарыңыз тәуір болған соң сізге бір іс тапсырайын деп келдім. Бармасаңыз айтпаймын»,— деді. «Айтыңыз, түріне қарай барамын»,— деп едім, ол: «Мойныңызға алсаңыз айтам, әйтпесе айтпаймын, нәсіліңізді көргесін сіз орындай алады деп келіп отырмын»,— деді.

«Жарайды, енді айта ғой, тәуекел, барайын», дедім. Қалтасынан бір сөз жазған қағаз алды да: «Мына хатты сонау ақ мұнараның ішінде, сегіз патшаның санаты отырады, сол күмбезге барыңыз, күн батыс жактағы есіктен кірсеңіз кішкене көше бар, соның жан-жағында бөлек-бөлек есігі болады, аузында күзетші, кісі көрсе атады, сіз соларды көргеннен қолыңызды котеріп барыңыз, қасына барған соң хатты көрсет, сізді пұсқап жібереді, сонан оң жақ қабырғада үш есік болады, сіз соның екеуінен өтіп, үшінші есікті ашып тұрсаңыз төрінде аяқ-қолы шынжырлаулы бір арық жігіт отырады, мына хатты сол жігітке беріңіз, берін қолына тиген соң жарты ауыз сөзге келмеңіз, тез кейін қайтыңыз. Осыны істегенде, шапшаң тез барыңыз, егер жауапқа келемін деп бір сәт кешіксеңіз сіз бұл дүниелік адам болмайсыз. Басыңыздың қалай кесіліп қалғанын біле алмай қаласыз»,— деді. «Мен — қызбын, әкем бермеймін деп, ұстап отырған менін ғашық жігітім еді»,— деді.

Мен қызбын деп айту мұң екен, жан-тәніммен ғашық болдым. Жүрегімде сабырлық қалмады. Мен осындай халге дұшар болдым деп ішкі сырымды айтқым келіп еді, бірақ мұның хатын анарып, әуелі оның ішкі сырларын біліп алайын деп ойлап «күн болады» деп, хатын алып жүріп кеттім. Айтқанындай ақ күмбезге келіп, көрсеткен есіктен кірдім. Мен кіріп келсем, үш

есік тұр. Төргісінің аузын ашып қарасам, бір жігіт отыр, аяк-колы шынжырлы. Нұскасына қарасам, адам баласының жаны ашитын, арықтығы — ар жағынан сүйектері көрініп тұр, бір түрлі меңдет көріп отырған адам. Түрін қарап тұрсам, құр қу сүйекті құрап қойған секілді. Не қыларымды білмей, осыны істеген адамды, шамам келсе, отқа итергім келіп қаным қайнап, жөніп сұрайын деген оймен хатты қолына берін, «жаным-ау, мұнша саған не болды» деуім-ақ сол екен, дүние жүзі қозғалғандай шатыр-шұтыр етін, зілзала орнағандай болды.

Не екенін білмеймін, өліпін де қалыппын, сонан кейін көкте екенімді, жерде екенімді білмеймін. Бір уақытта кішкене есім кірейін депті, қозғалуға дәрмен жоқ, өне бойым ұсатылып қалған, қимылдатпайды, басым зенеді. Байқасам мүшелерім өзімдікі емес секілді. Жан-жағыма көз жіберсем өзімді табытқа салып, көтерін жүр. Өне бойымды қызыл қан жауып кеткен, жатқан жерімде қара құрттай кісі қаптап жүр, басым быт-шыт болып жарылып қалыпты.

Бұл қалай деп сұрайын десем, шамам келетін емес, көтеріп жүрген адамдарға «мені бір оңашалау жерге апарыңыздар» дедім.

Іздеп келіп алатын жолдастарым қайда екенімді білмей жүр ғой, әлде мынадан қорқып қашып кетті ме екен деп те ойлаймын. Әйтеуір топтан шеткері бір жерге алып келіп, табытыммен қойды, ештеп байқасам бұрынғыдан көрі есімді жиып қалыппын. Топтың ортасында биік құрылған табыт тұр, үстінде бір өлген адам жатыр. Астында бір еңгезердей әдемі жігіт, басында айыр қалпақ, қолында қос желек найза, үстіне киінгені торқа сауыт, мойнында садақ, екі көзінен жас ағып, «бауырым-ай, тыянағым-ай, жүзінді көріп, ауыз екі қоштаспадым-ау» деп зарлап, найзасына сүйеніп жылап тұр. Сонша көп халық табытты айналып жылап олар да тұр. Тұруға шама жоқ, бір кісіні шақырып алып, «мынау не уақиға» деп сұрадым.

Ол адам жайланып, жаныма отырып, мұны сұрасаң айтайын деп, бетіме қарады да: «анау табытта тұрған жігіт, бағанағы өзін хат апарған жігіт еді. Сен сөйлеспей бере салып, кейін қайтқанда адам білмейтін еді. Ешкімді сөйлестірмеуге, ешкімге көрсетпеуге патшаның қойған адамдары сенін даусың шыққанда соғып кетті. Қыздың дұғасы бар деп айтуы да сол еді.

Анау өлген жігіт патшаның баласы. Және оның інісі де патша. Бірақ бұл патша болғанда арық жігіттің әкесіне қарайды. Қыз сол кіші патшаның қызы. Інісі ағасын өлтіріп, орнына үлкен патша болсам-ау деп жүреді екен. Бір мезгілдер болғанда, ол есебін адамға сездірмей, бір мыстан кемпірге ақы беріп, ағасын өлтіріп, мұра менікі деп, баласына бермей ағасының орнына патша болды.

Сонымен ол жүріп жатты. Екеуінің әкесі бір туысқан кісілер болса да қыз жігітке ғашық, жігіт қызға ғашық. Мұны бір күні қыз әкесі сезіп қойып, «екі тозақы, бұлар шариғатқа қисық іс істеді және мені халыққа масқаралады, патша қызы інісіне ғашық деген әңгіме елге жайылды, мұны жөншілікпен өлтірмей масқаралап өлтірейін» деп ойлады. Ақыры жігітті шынжырлап қысып ұстады.

Сөйтіп ешбір адам айла таба алмай қыз жүре беріп, ешкім білмейді, сырттың адамы деп, сені жіберген еді. Өзің сөйлесем деп мына бейнетке ұшырап жатқаның, жаңа сенің сөйлескенінді қыз әкесі патша біліп, жігітті дарға тартып жіберді.

Сол екі ортада, арық жігіттің бір апасынан туған жиені болушы еді, бетіне жан келмейтін мықты батыр болған еді. Бір күні түс көреді де, халқына қару-жарақтарыңды алыңдар, менің нағашым бір пәлеге кездесті, соны біліп қайтам» деп, іздеп келген еді, мынау арық жігіттің өлген үстінен шықты, келе айғай салып араласып берді. Сол жерде дар басына жиылып тұрған халықтан біліп, патшаның басын алып, нағашысын анау мұңараңа салып, өзі астында жылап, зарлап тұр. Қыз Күләнда әлгі батырдың қасында бір талып, бір тіріліп отыр»,— деді бөтен адам.

Сөйтіп отырғанымызда баяғы өзімнің көрген жолдастарым жылап, шулап, мені тірі тауып алғанға өздері қуанып, мені сол табытыммен көтеріп қосқа алып келді. «Көне, енді біз жүрейік, өстіп отырып осылардың бірдемесіне ілініп кетерміз, қайғайық»,— деді жолдастарым. Менін онда жұмысым жоқ, есі-дертім Күләнда, енді бір көріп сонымен сөйлесем деймін. Күләндамен сөйлесем бе деген оймен ақырында жігіттерді тоқтаттым. Екі-үш күн өткізіп, жараларым тәуір болды.

Соның жүзін көрейін деп, шаһарға таман аяндап келдім. Сұрастырып білсем, батыр жиен бір бөлек алтын сарай салдырып, соған қызды бөлек күттіріпті. Жан-жағын қоршаған әскер. Мұнан күдер үзген соң қайтерімді біле алмай, сандалып келе жатып, енді әуре болмайын, себеп — ол менің қолыма енді түспейді, мұның суретін алсам да болар деп ойладым. Күләнда қыз күймелі пәуескемен келе жатыр екен, күн ыстық, пердесін ашып, мені көріп, атын тоқтатып тұрып: «Әй, жігіт, сен сөйлеспегенде өлмейтін еді ғой, бірақ та жазу осылай шығар, сен де қас қылған жоқ шығарсың»,— деді. Сонсоң мен жылай бердім. Ол «неге жылайсың» деп сұрады. Өз халымды айтып ем: «Ой, бейшара, әуре болма, батыр білсе, екеуімізді де өлтіреді, онан да өзің бар да еліңді тап»,— деді. «Ең болмаса суретінді берсеңші»,— дедім. «Ендеше, алтын сарайдың батыс жағына бар да тұр, қазір мен де барамын»,— деді қыз.

Келіп тұрдым, әлден уақытта, күн батар мезгілде қыз келді. Көрді де бір нөкерін шығарып алып, «үйдегі менің суретімді әкеп берші» деді. Нөкері алып келіп маған берді. Сонсын Күлән қош айтысып, сарайға кіріп кетті.

Жылай-жылай мен қайттым. Ана тұрған сол қыздың суреті,— деді шал.— Ол үшін әуреленбе, ала алмайсың, өзің жазым боласың, қайт»,— деді. Мұны естіп, тағы жалынып, зарлап: «Ататай-ау, рақым қылсайшы, мендей құрбына жөніңді айтсаңшы, барайын»,— деп шалдың аяғын құшақтап жалындым.

— Токта,— деді бір уақытта,— сенің зарың менің сүйегімді сырқыратты, енді айтайын. Шал мені ертіп биік таудың басына алып шығып, жөнін көрсетіп: «Осымен тоқтамай жүре бер, алдыңнан бір үлкен көл, жайқын су кездеседі, сонан аман өтсең еліне барасың,— деді.— Егерде осы жолмен жүрін отырып суды тапсаң сол суда менің астылы-үстілі байлап қойған кемем бар. Соған мін, және батысқа қарай аға бер, басқа жаққа бұрылсаң ғұмырында табу жоқ»,— деді. Мен бәрін сұрап алып, «құдай, енді өзің оңғар» деп, жолға түсіп, жүріп кеттім. Шалдың көрсеткен жолымен тура аман-есен суға келдім. Суды жағалап жүріп кемені тауып, біраз осы жерде тынығайын деп үш күн жаттым. Төртінші күні жүрмек болып, кемені дайындап, суға түсіп кете бардым. Күн батысқа жүріп, кемені айдап келе жатыр едім, күн бұлттанып жел тұра бастады. Дауыл соқты, мен кеменің астындағы қабатына түсіп алып жаттым. Әлдене уақытта жел шығып судың жүзі боранша көпіріп, толқын таудай болып, кемені айдап жөнелді. Біресе аударып, біресе домалатып жүріп келеді. Менде ес жоқ. Кемесімен суға кетем ғой деп жылап қорқып, жанымменен қош айтысып жүріп келемін. Бір мезгілде жел басылғандай болды. Кеменін үстіңгі қабатына шығып қарасам қалай кетіп бара жатқаным білінбейді. Дүние жүзі көкпенбек су, дүниенің ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейді. Мен жылап-еңіреп, «мына судан енді шыға алмай өлгенім ғой, Күләндам жүзінді бір көре алмай кеткенім бе» деп, ботадай боздап жылай бердім. Бір уақытта жел қайта көтеріліп, таудай толқындар кемені аударып-төңкере бастады. Мен сорлы тағы кеменің астыңғы қабатына кіріп жатып алдым. Кемені толқын тербеп айдап, сырғытып келеді. Осымен судың бетінде жеті күн жүрдім. Әлдене уақытта кемені жел айдап жағаға алып келді. Қуанып, секіріп түсіп, кемені байлап тастап, қырға шығып, жүгіріп келе жатырмын.

Көздің ұшында шаһар көрінеді. Биік ақ мұнарасы бар. Жүгіріп шаһарға келдім. Келсем адам жоқ, бір түрлі сәнді шаһар. Бұл не шаһар деп, аралап келе жатып ортасында күнше зейнеттеп салған сарайды көрдім. Айналып жүріп бір жақ есігінен ішіне кірдім, сарайдың асты-үстінде адам айтқысыз

алтындаған құрулы тақ бар екен. «Е, төңірім, бұл шаһардың адамдары, малы, жан иесі қайда кеткен, апат келіп қырылды ма екен, болмаса қалпымен жолаушылап кетті ме екен» деп тұрып, тақтың үстіне шығып, өз елімдегі патшалық өмірім ойыма түсіп, масаттанып отыр едім, әлдене уақытта даладан дауыс шықты. Не дауыс екен деп есім шығып, далаға шықсам шаһардың іші толған маймыл. Мен есімнен айрылып талып кеттім. Менің үніммен маймылдардың жұмысы жоқ. Мені көріп қалып, шуласып, «құдай берді, мынаны патша қылып аламыз, жезтырнақ бізге тимейді» деп шырқырасып жатыр. Бір мезгілде көзімді ашсам бетіме су сеуіп отырған ылғи маймыл, тағы не пәлеге жолықтым деп зарлап мен жылап отырсам, маймылдар бізге өсиет айтып отыр деп ойлапты.

Мен зарлап, жылап болған кезде бір үлкен тақтайды екі маймыл көтеріп алып келді. Тақтайда жазу бар екен, әкелді де менің қарсы алдыма қойды. Бұл не нәрсе деп тамашалап қарап тұр едім, жазылған сөз мынау екен: «Бұл шаһарға келген адам баласы осындағы жазу бойынша, маймылдарға патша болып тұра береді. Егер кетем деп ойласа, өмірін қорлықпен шірітеді. Шыдамай, кетем деп күн шығысқа қарай жүрген адам жезтырнаққа кез болады, оңтүстікке жүрген адам кісі етіп жетпін адамға кез болады, солтүстікке жүрген адам — шеті жоқ су болады, осы маймылдарға патша болып тұрса, ақиретте ақ жүзді иманды болады»,— деген. Ақырында «мұны жазған мен, Сүлеймен пайғамбармын» деп қол қойған. Мына жазуды оқып мен тағы да талып кеттім. Өліп кетті ме деп маймылдардың есі шығып, шуылдап, су сеуіп тағы тірілтіп алды. Бір уақытта маймылдар өзі сойып жесін деп бір семіз қой берді. Неше күн су бетінде жүріп, қарным ашып қалған екен. Маймылдардың енді қастық қылмайтынына көзім жетіп, қойды өз қолыммен сойып, бұзып, қазанға асып жедім. Сөйтіп мен маймылдарға патшалық өмір ете бердім. Түн болса маймылдар, жатсам да маймылдар айналамды қоршап ұйықтайды, қашып құтылу киын-ақ. Таң аттып тамақтанып болған соң бір итті ерттеп, мені мінігізіп алып, ертіп жүрді. Күн шығысқа қарай келе жатырмыз, сәске мезгілде бір үлкен дарияға келдік. Сол күні жезтырнақтар маймылға шабуыл жасайтын күні екен, әлдене уақытта қара құрттай қыбырлап келе жатыр. Маймылдар мені шыр айналып, тығылып, шулап тұрды. Жезтырнақтар таяп келіп, мені көріп, маймылдарға тие алмай, иіріліп тұрып қалды. Маймылдар қуанып, адамзаттан патшамыз бар деп, жезтырнаққа көрсетіп, жүгірісіп жүр. Егер адамзаттан патша қойса, жезтырнақ тимейді екен. Олар иіріліп тұрып-тұрып тарап кетті. Түс болған соң біз де шаһарға қайтып келдік.

Күндіз-түні уайым-қайғы, қалай кету есебін таба алмай

жылаймын да отырамын. Бір күні ойланып отырып, «қой, бүйтпейін, халқымды аралайын деп бұларға әмір қылайын. Сонан соң өздерімен өздері әуре болып кеткен кезде қашайын» деген ойды ойладым да, халқымды жиып алып, «мен алыста жатқан елімді аралаймын» деп, жүйрік итті ерттетіп, міне салып, ел аралауға жүріп кеттім. Құмырска жақтағы бір маймылдың ауылына келіп қондық. Патша келген соң есі қала ма, арақ-шарапты жинап, малды сойып, естері шығып шуласып жүр. Сөйтіп отырғанда мен барлық жұртты жинап алып, арақ-шарапты ішкізіп, түгел мас болған кезде итке мініп алып, қашып жүріп кеттім. Мастықтары қайтып естерін жиған кезде, олар тұрып мені іздейді. Кетіп қалғанымды біліп, барлығы жиылып, ойбайлап, жыласып, енді өлдік деп шулап, иттеріне мініп алып, менің кеткен ізіме түсіп алып, қуып береді.

Олар қуып, жақындап келе жатқанда мен де жаңа ғана құмырсқаның жұртынан өттім. Құмырскалар жалғыз меңі байқамай таң алдында шырт ұйықтап жатқан еді. Мына қуған маймылдардың дүбірімен оянып, көріп әдейі өз жұртына іздеп келген жауды аясын ба, қарсы шығып соғыс салды. Мұны көріп, маймылдар мені қууға шамасы келмей құмырскалармен соғысып қала берді. Мен сол жүргеннен жүріп, тоқтамай үш күн, үш түн жүрдім.

Тынымсыз жүрген ит онан ары жүруге жарамай болдырып, өлім халіне келді. Берейін десем түк тамақ жоқ, енді қайтерімді білмей, я құдай мен ғаріпті осынша неге аямадың деп уайымдап отырдым да «қой, бүйтпейін, мұнымен отырып өлің қалармын, жүріп тіршілік қылайын» деп, итті тастап, жаяу қаңғып жүріп кеттім. Көп жүрдім. Ел-жұртымның бетін көре алмадым. Ылғи шөл. Жапан дүз дала. Әбден халім бітіп өлудің аз-ақ алдында болып келе жатыр едім, алдымнан бір биік тау көрінді. Соған аяндап келдім. Басына шығып қарайын, жан-жақтан не көрінер екен деп ойлаған едім, өлім бітіп, шаршап қалай шығарымды біле алмай тұрдым. Дәл тұрған жерімнен бір биік тас көрінді. «Қой, бүйтіп ит жемеде өлгенше, мына тастан құлап өлейін» деп, енді секіргелі тұрғанымда, арт жағымнан бір дауыс: «Ей, ақымақ, имансыз неге өлесің, онан да анау бейіттің ішінде екі дәруіш отыр, соған барсаң мұрадың хасыл болады», — деді.

Мұнда келіп едім, мына екеуінді көрдім», — деді.

ҮШІНШІ ДӘРУІШ

«Мен де бір патшаның баласы едім, әкем сонпа қаһарлы, алдына еш адам келмейтін түсі суық адам еді. Сол кісіден мен жалғызбын. Және бір қарындасым бар. Басқа ұл туысым жоқ. Сайран етіп, сауық құрып жатамыз. Еш уайым жоқ. Қасыма

ертегі покерлерім бар. Күнде сауық. Әкемнің қартайған уағы еді, бір уәзірі бар, ол да халыққа қадірлі, бірақ қатаң мінезді еді. Бір күні әкем ауырып, үш күн жатып, дүниеден қайтты.

Өзім жас, әкем өлген, уайым-қайғымен қараланып мен жүрмін. Шешем тәуір кісі еді. Бір күні: «Балам, өлгеннің соңынан олмейсің, осы елдің түрі жаман, түбінде ертерек мына өлгеннің орнына отыр, әйтпесең ана уәзірдің мінезі жаман, қан ұртты адам еді, іштен жүріп бір күні халықты өзіне аударып алып, таққа отырар да сені қаңғытып жіберер, онан бұл ұялатын кісі емес. Саған менің айтқан ақылым»,— деді шешем. Мына соңдүгісініп, елімді жинап алып:

— Ай, халқым, әке өлсе балаға мұра деген еді. Мынау әкемнің орны бос тұрмасын,— дедім елге. Анау-мынау деп отырғанда уәзір сөз бастап еді, отырған ел соны мақтады. «Патшаны енді көп болып тас салып сайлаймыз, мен болам деген кісінің бәрі де патша бола берсе, елдің бәрі де патша болар»,— деді ол. Анау-мынау деп едім, елдің беті ауып кеткен екен, сол жерде табан аудармай уәзірді патша қойды. Уәзір мені сол сараңдан шығарудың қамына кірісті. Жас болсам да қоншлықпен шығам ба, тартыса кеттім.

Ақырында уәзір қойған жоқ, өзімді қорлықпен масқаралап алып шықты. Сонымен не қыларымды білмей, сандалып жүрдім. Сол әкем патша болып тұрғанда бір досы бар еді. Бір күні жылап соған келдім. Ол мені көріп жылап, «қайран, шырағым Зейнел-ай» деп, құшақтап, біраз тұрып, шешем, қарындасым — бәрімізді үйіне ертіп келді. Отырып:

— Ей, Зейнел, әкеңмен құдай дескен дос едім. Сен мына халге ұшырап қалған екенсің. Әкең тірі уағында бір перінің патшасымен дос еді, соған жылда бір барушы еді, қолқасына бір маймылдың суретін әкелуші еді, сол сурет отыз тоғыз болып еді, барғанда мені қалдырмай алып барушы еді, сонда пері айтушы еді, осы сурет қырыққа толса не болам десең боласың, кімде қандайлық кегің болса, соны қалайда аласың деп еді, сен соған барып мына болған халінді айт, әкеңмен достығын айт, сонан соң анау қалған маймылдың суретін сұрасаң берер, мен соған ертіп барайын,— деді.

Әкемнің досы екеуіміз жүріп отырып, бір күндерде періге келдік. Күтіп алды. Сонан соң болған халді айттым, әлгі пері патшасы отырып, басын шайқап:

— Балам, сені қайдан білейін, ешбір сырынды алғаным жоқ, әкең адал достыққа жарайтын жақсы кісі еді,— деп отырды да,— жарайды, жарайды, әкеңмен дәмдес болып едім, бір рет сынап берейін. Мен адамзат патшасы Онзила шаһарының қызына танық едім, мен соны тартып алам деп барғанымды біліп еді, ісінгізім дұғасын оқып жолатпай қойып еді, сонан не істерімді

білмей отырмын. Не ықтиярымен бермейді, соны қас қылмай әкеп берсең маймылдың суретін берейін, — деді. Пері патшасы соны айтып, қолымызға «мынаумен іздейсіңдер» деп, бір қыздың суретін берді. Қарасақ көрген адам жолында өлетін.

Суретті алып, патшаның ғашық қызын іздеп кеттік. Көрсеткен жөнімен іздеп, неше күн жүріп келе жатыр едім, елсіз далада иығына қоржын салған бір қайыршы шал кезіге кетті. Сәлем беріп жөн сұрады:

— Балалар, мен сол шаһардікімін, — деді. Қайыршыдан мына жақсылық хабарды естіген соң, мен тұрып:

— Е, ақсақал, қайырсыз мың теңге аласыз ба, жоқ қайырлы бір теңге аласыз ба, — дедім. Қайыршы:

— Қайырсызды не қылайын, қайырлы бір теңге беріндер, шырақтарым, — деді. Сол жерде қайыршыға бір ділда беріп жүріп кеттік. Жөнін сұрап, бір мезгілде шаһарды тауып алып, күн кешкірген уақыт, шаһарды аралап келе жатыр едім, шаһардың орта тұсында бір үлкен алтын сарай тұр екен. Бір жағы құлаған, ішінде бір шал, бір қыз отыр. Келсек бағанағы қойнымыздағы суреттегі қыз. Көңіл шат болып, осында қонайық деп келе жатсақ, отырған шал бағанағы өзіміздің қайыр берген шалымыз. Аттарымызды байлап тастап, ассалаумағалайкүм деп кіріп келдік. Көргеннен-ақ тани кетті. Бәрі де жылап отыр. Шал қалбалақтап:

— Жоғары шығындар, балалар. Жолдарың болсын, қарақтарым, сендердің бір теңгелерің, қайырлы, берекелі болып, бүгін соған да көп нәрсе алдым. Мына балам қуанып көп алғыс айтып отыр, — деді. — Алла сендердің жолдарыңды қылар, біз де мүсәпір адам едік, — деді. Сонда қуанып отырып, қасымдағы досым сөз бастап, пері патшасы жібергенін айтып, қызды сұрады.

Шал мынау сөзді естіп, жылап сөз бастады:

— Балалар, мен заманында патша едім. Капыда құдай тағала мына күйге салды, сол пері лағнат келіп, соғысып, мал-мүлкімді талауға салып, көп қинау көрсетті. Мен де патшамын, жөншілікпен қызды бермедім. Енді күллі елді бүлдіретін болды. Сонан соң молдалар жиып, періге ем мынау болады деп, бәрі ісмиағзамнан дұғасын оқыды. Әрі-беріден соң албасты секілді басып отырған пері әскері бір сағатта кетін бітті. Кетсе де тыныш кеткен жоқ. Осылайша өзімізді ғарып қып, мына сарайдың бір жағын бұзып, барлық адамдарымызды жылатып кетті. Сонан бері осы халмен күн көріп жатырмыз. Сіздердің кешегі берген ақшаларыңыз өзім осы халге келгеннен бері көрген қайырлы нәрсем болды.

Енді, балалар, сендерге не айтам, өзім мына халде отырмын, заттарың тәуір көрінеді, періге осы баламды бермеймін деп түсіп

отырмын ғой, қалай қып аласыздар, өстіп отырып бұл баламды енді жылата бермейін, құдай алдынан жарылқасын,— деді шал. Осы күні сол сарайда болып, ертеңіне қызды алып келе жатырмыз. Мен қызға жан-тәніммен ғашықпын. Жоқ жерде өзімнің ғашық екенімді қызға айттым. Қыз — Шарбану:

— Мен қайдан білейін, менде не ерік бар, мені не қылғалы алып келесіздер,— деп, ауыр күрсініп жылады.

— Жаным, Шарбану, мен сендік, енді еіпкімге бермеймін, ықтиярмысың,— дедім.

— Ондай күн болатын болса, өз нәсілімнен қайда барам? Амал жоқ, ерік кетіп келе жатырмын. Онда да мен қанша баянды болып тұрар дейсің. Құса болып өлем. Нәсілін адам, пері емессіз ғой, сізге мен де ғашықпын, не қылсан да ықтиярмын,— деді.

Шарбану сөйтіп тұрғанда бағанағы досым келіп:

— Ой, ақымақ, былай жүр, естіп пе ең патшаның айтқан сөзін. Қастық қылма дегені қайда. Бұған қатысып алып берсең, сен де, қыз да, мен де бұл жаһанда болмаймыз. Есің жоқ, біз ана қалаған маймылдың суретін алсақ барлық мұратқа жетеміз, жолаушы болма,— деп ұрсып, қуып жіберді. Енді таң атып бұл қонған жерден жүріп кеттік. Ертең мен қыздың қасына келіп, әр түрлі сөз айтып отыр едім, досым және келіп ұрысты. Мен өрі-бері көнбей:

— Маған енді маймылдың суретінің керегі жоқ, осы Шарбануды өзім алайын,— деп айтып едім, досым маңға отырғызбады.

— Бұл жерде әзір ақымақтық қылма, суретті алсақ, осы мұраттың бәрі де болады. Мен өзім бәрін де орындаймын,— деп қызға жолатпады. Осымен келе жаттық. Енді екеумізді аңдып жақындастырмады. Ішімнен қан өтіп мен жүрдім. Ақырында аңдушыны алдаушы жеңеді деген ғой, бір қапысын тауып, Шарбанумен қосылып қалдым. Оны досым біліп қалып, ойбай салып, «сен бүлдірдің енді бізге түк жоқ» деп, жер теуіп ұрысты. Мен досыма жазынып: «Ей, ағатай, маған жаныңыз ашыса, осы Шарбануды өзім алайын, енді маймылдың суретінің керегі жоқ»,— деп зарлап жыладым.

Олай-бұлай айтып едім болмады. Зарығып жылап жатыптым, болмады. Ақыры менің көңілімді қимай айтты:

— Жарайды, енді тұра-тұр, осы перілердің мұрнына исі келсе, жоламайтын бір дәрі болушы еді, кінә өзінен болсын, оның исі мұрнына келсе, Шарбанудан безіп кетеді, тастайды. Сонан кейін қызды да аламыз, маймылдың суретін де аламыз,— деді. Сонымен қыз Шарбанудың қолына дәрі жақты. Бірнеше күн жол жүріп алып келді. Сонан соң бізді бір бөлек үйге әкеліп кіргізді, қызды оңаша бір үйге апартты. Тамақ ішіп болған соң, досымыз екеумізді қыз отырған үйге әкелді. Әр-беріден соң,

Шарбанудың қасына барып еді, иіскелеп тұрып шошып секіріп шықты. Сүйтіп біздің қасымызға келіп, ақырып:

— Батшағар, сен неше келін, менің неше түрлі сырымның бәрін білгенсін. Антұрған, саған мен көрсетейін,— деді. Маған келіп: «Ей, онбаған, дос болам дейсін, адамзат опасыз келеді»,— деп, екеуімізді жаққа екі тартып еді, дүние жүзі зілзала орнағандай шақыр-шұқыр етіп астан-кестен болды. Мен өліппін де қалыппын. Сонан кейінгі халдің не болғанын білмеймін. Бір уақыттар болғанда көзімді ашсам ел жоқ, күн жоқ бір меңіреу сар далада жатырмын. Досым да жоқ, қыз да жоқ, перінін шаһары да жоқ, не жер екенін біле алмай естен танып, жынды кісіше біраз отырыппын. Аздан соң есімді жиып алып, бір таныс жер табылар ма екен деп едім, жердің бәрі жат, әкеден, таж-тақтан, ел-жұрттан айрылған былай тұрсын, бөрінен мынау өтін кетті. Ыза мен дерт ішке симай жылап. «Я, құдай, неңді алдым, осынша жас басымнан ғаріп қылғандай, енді мынау күйікті тарттырғанша, ал, құдай»,— деп, ызаланып, жылап жатып, ұйықтап кеткен екенмін. Түсімде әкем келіп айтады: «Шырағым, ренжіме, алланың жазуы осы, осыдан аумай, бетінді күн батысқа қойып жүре бер. Алдыңнан бір биік занғар тау көрінеді. Соның батыс жақ етегінде бір бейіт бар, соған барсан барлық тілеуің қабыл болады»,— деді. Сонан еш нәрседе жұмысым жоқ, қатты қуандым. Түсімдегі аян бойынша жобалап жүріп келсем, бейіт тұр екен. Ішіне кірсем мына кісі жалғыз отыр екен»,— деп, сол жақтағы біреуін көрсетті. Өзге отырғандар:

— Жарайды, бұл осымен тоқтасын. Енді сіз айтыңыз,— деді бәрі ең алғашқы келген біреуіне. Ол сөзін бастады.

ТӨРТІНШІ ДӘРҮІШ

Төртінші дәруіш отырып:

— Мен бір уәзірдің баласы едім. Әкем ағалы-інілі немере еді. Екеуі де уәзір еді. Екеуі өлердей дос, сонша жолдас, бір-біріне жанын қиятын еді. Екеуінде де бала болмапты. Сүйтін жүргенде аруақ жар болып, екеуінің де кейінгі алған қатыны жүкті болыпты. Өте қуанышты, шаттанып жүріпті. Менің әкемнің аты Фазыл еді, анау уәзірдің аты Қамза еді. Бір күні менің әкем Қамзаны қонаққа шақырып, кенесіп отырып, екеуіміздің де әйеліміз жүкті болды, екеуі бірдей ұл тапса нұр үстіне нұр, екеуі бірдей қыз тапса онда керегі жоқ, егерде екеуіміздің әйеліміз бірі ұл, бірі қыз тапса, қосайық,— дейді.

«Ата-ененің жоралғысы, менің әйелім ұл табады, сенің әйелің қыз табады деген сөз емес қой»,— дейді, менің әкем отырып, Қамза отырып айтады: «Бұл дұрыс сөз, осы сөз менің де

ойымда бар еді, бір айтайын деп жүр едім»,— дейді. Осыған екеуі де сөз байласып қояды. Бір күндер болғанда, ай-күндері жетіп екеуі босанады. Менің шешем ұл табады, Қамзаның әйелі қыз табады. Ол қыз тапты деп ренжімейді, әйтеуір перзентке зар боп жүргенде адамдар қатты қуанып, неше күндей ұдайы той қылады. Сонымен екеумізді тәрбиелеп жүреді. Екеуміз де сұлу, көркем болыппыз. Менің атымды Хасен қойыпты, қыздың атын Күлзайра қояды. Сонымен екеумізді бір жерге күтіп, бір жерге асырайды. Көз тиеді деп жасырып асырайды. Осымен бірнеше уақыт өтіп, бес жасқа толған соң молдаға береді.

Оқып жүрдік, тәуір ғылым иесі болдық. Бір күні менің әкем отырады да:

— Ұлы жоқ адам сорлы, мал-мүлкі иесіз тұрған бір нәрсе емес пе. Қызды балам деуге бола ма, ертең өскен соң біреумен кетеді. Ақыры жиған-тергені сол қызды кім алса, соныкі болады. Менің артыма ие болады, мұра болады деуге болмайды. Біздің Қамза да сорлы адам ғой, жасы болса келіп қалды. Мирасқоры жоқ. Күлзайра да біреу үшін асырап отырған балапан емес пе,— денті. Бұл сөзді Қамза естіп, ботадай боздап жылап:

— Мына сөзді Фазылдан естігенше өлейін. Мен Күлзайраны ұлдан артық көріп жүргенде Фазыл мынаны айтты. Ертең біреу мұнан да жаман сөз айтар. Онан да мына Фазылдың сөзін естімей, құлақ естімеске кетейін,— деп Қамза бір түнде қашып кетеді де қалады. Оны ешкім білмейді. Жалғыз-ақ жапырақ қағазды жазып, төрт бүктеп, есіктің маңдайына қыстырып кетеді. Бұл мұнымен бара тұрсын.

Әкем ертең ертемен тұрып, уақытында қызметіне кетеді. Ол күні Қамза уәзір бармайды. Менің әкем «бұл кеше кешке аман еді, ауырып қалды ғой, көңілін сұрайын» деп, есіктен шығып келе жатса, есіктің маңдайында төрт бүктеулі қағаз қыстырулы тұр. «Мұны кім қыстырды екен, бұрын бұл жерде еш нәрсе болмаушы еді» деп, тамашалап келіп алады. Қараса, жазылған қағаз. Жазған сөз мынау: «Қош, досым Фазыл, акиретте көрісерміз, бұл жалғанда енді екеумізге бір тұрып, бір жүруге пісіп етпеген, енді көз көрмес, құлақ естімеске кеттім, менің қалған дүниемді сен жиып аларсың, ақыр менде бала жоқ, иесіз дүние ғой»,— деп, аяғына атын қойыпты.

Әкем мына сөзді оқып, «дүние мені жазым басқан екен, сөзімді естіген екен ғой, қайран досым-ай» деп, есінен танып қалады.

Есіктің алдында бұл кісінің талып жатқанын шешем көріп, «не болып қалды» деп, есі шығып қорқып, «әлде, Хасеніме бірдеме болып қалды ма» деп ойлап, оған қарамай жүгіріп үйге кетеді. Мен жаспын, ештемені парықтаған уағым емес. Артынан мен де шықтым. Келсем әкем әлі талып жатыр. Әкемді көрген

соң мен шырқырап бас салып, жылап жатырмын. Шешем енді қайтерін білмей, әкемнің бетіне су бүрікті, әкем аздан соң есін жиып, көзін ашты. Зарлап жылап, не болды, не көрдің, біреу ұрды ма, болмаса бір нәрсе көрдің бе, неге бүйтесің деп шешем сұрап еді, әкем ештеме емес деп айтпады. Сол уайымдаған бетімен үйге келді. Келген соң: «Қайран досым-ай!»— деп және жылады. Досым деген соң шешемнің түсі бұзылып: «Не болыпты, Қамза өліп пе?»— деп сұрап еді: «Қашып, көшіп кетіпті, маған тастап кеткен хаты мынау»,— деді. Шешем қағазды алып оқыса, жазылған сөз өлгі. Бұл хаттағы сөзді естіген соң мен де ботадай боздап жылап, баршамызға бір үлкен қайғы болып, не қыларды білмей құр жылаумен отырдық та қойдық. Осы қайғымен әкем уәзірліктен шықты. «Іздеймін»,— деді. Ешбір дерегін біле алмады. Осы уайымда жүріп әкем өзінің айтқан арманын қылып ауып кетті. Мен дәулеттен айрылдым, жай кетуге айналды. Сонымен бір уақыттар болғанда, әкем дүниеден қайтты. Жетім бала, жесір катын болып қалдық.

Әкеден онша дәулет болмады. Мен сол уақытта он үш жасқа келдім. Бір күні «бүйтіп отырмайық, бір кәсіп істейік» деп, мен келін базардан бір балаған жасап алып, ылғи халуа пісіріп сататын болдым. Жұрт халуамды тәтті деп, екінші өзімді де тамашалап келді. Халуам өтімді болды, осымен пайда қылып жақсы болып тұрдым. Иә, бұл осымен тұра тұрсын.

Сонымен Қамза сол кеткеннен мол кетті. Басқа патшаның қол астына барып уәзір болды. Құлзайра тамаша болып өсті. Адам баласы қарап тұрғандай, он төртінен туған айдай толықсыды. Сонысынан қауіптеніп Қамза Құлзайраны ешкімге көрсетпеді. Сонымен ол да жата тұрсын. Енді екі періден сөйлейік.

Пері патшасының Шымыр, Әмір деген екі жол қараушысы жана дүние жүзін түгел кезіп жүріп, бір жерде кездесіп, көрген-білгендерін әңгіме қып отырып, Шымыр айтады:

— Ей, Әмір, мен бір нәрсе көрдім. Дүние жүзінде бір адамзаттың қызы бар. Аты — Құлзайра. Шіркін-ай, мұнша да көрік біте береді екен. Кез келіп сол шаһардың ішін аралап жүрдім. Бір қараңғы үйден өтіп келе жатсам, терезеден жарық көрініп тұр екен. Ептеп бакылап қарасам, жаңағы қыз қараңғы үйді нұрымен жарық қып тұр екен. Қайран болып соны патшаға айтайын деп келе жатыр едім,— деді Шымыр Әмірге. Сонда:

— Ей, сенің оның өтірік. Мен бір жігіт көрдім. Аты — Хасен. Құдай тағала бұл секілді адамды да жарата береді екен. Сенің мына айтқаныңнан он есе артық.

Бір күні сол уәзірдің тұрған шаһарында келе жатыр едім, анадайдан бір сәуле бетіме түсті. Әлгі сәулеге қарап келдім, келсем бір нашар ғана үйдің ішінен жарық шығып тұр, ақырын

ғана келсем, сол үйдің іші айналасымен жап-жарық болып тұр. Кірсем, үйдің ішінде бір нашар ғана жігіт жатыр. Тікелеп қарасаң көзіңді шыдатпайды. Біраз тұрып қайттым. Өзіміздің перілерде осы секілді жан бар ма екен деп байқайын деп келе жатыр едім,— дейді Әмір пері.

Шымыр айтты: «Сен өтірік айтасың, қыз әдемі болу керек»,— деп. Әмір айтты: «Хасен жігіт әдемі»,— деп. Шымыр: «Ендеше, мен қызды әкелейін, сен жігітті әкел, сонан соң қатар салып қарайық, қайсы әдемі екен, әйтпесе біле алмаймыз»,— деді. Әмір «жарайды» деп, екеуі қыз бен Хасенді алып келуге жүріп кетті. Әрі-беріден соң Әмір Хасенді тауып алып, қыздың үйіне алып келе жатты. Бұл екі арада Күлзайра қыздың басында бір хал болып қалды.

Бір күні хан аңнан келе жатып, уәзірдің қызын көріп қалып, жан-тәнімен ғашық болады. Үйіне келіп отырып, тағына мінген соң уәзірін шақырып алады да: «Сенің қызың бар ма?»— деп сұрайды. Уәзір сасыңқырап: «Жоқ еді, тақсыр»,— деді. Патша долданып: «Бар қызың, жоқ деуін карашы, әлде маған бермейін деп отырмысың, бермеген өнерінді көрейін»,— деп, жендетті шақыртып алады. Сол кезде патшаның қаһарына шыдамай: «Тақсыр-ай, биттей тұра тұршы, айтайын, қызым бар, жасым болса келіп қалды, өзініз, көріп отырсыз, жалғыз бала болған соң, әзір ешкімге бермеймін деген антым бар еді, сол уәде бойынша айтып салдым, ғапу етіңіз, «не қыл дейсіз»,— депті. Мына сөзді естіп, патша қаһарынан қайтып, «қызынды маған бер, әйтпесе басынды алам» дейді. Уәзір «жарайды» деп, ренжіп үйіне келеді. Түсі өзгерген. Екі көзінде жас бар. Қатыны: «Неге бүйтесің, не болды»,— деп сұрап еді, Қамза жылап: «Осынша жасқа келгенде көзімнің ағы мен қарасындай бала еді, соны патша бер деді, бермесең үй-ішінмен түгел қырам»,— деді деп, Қамза көзінің жасын тыя алмай өкіріп қоя береді. Әкесін көріп Күлзайра шыдай алмай: «Әке, жылама, патшаға жауабын өзім беремін»,— дейді. «Қарағым-ай, сен не жауап бере аласың»,— деп, әкесі мұңайды. «Жоқ, әке, қызымның өзі біледі деңіз, сонан патшаның өзі келеді, болмаса кісі жібереді»,— депті Күлзайра. Әкесі «жарайды» дейді. Патша әрі-беріден соң шақырып алып: «қалың малыңды алып, қызынды кешіктірмей бер»,— депті. «Жарайды, тақсыр, қызымның өзіне өзін барып сөйлес, болмаса кісі жібер, менің де көзімнің ағындай жалғыз қызым еді, бір ауыз сөз салмай бара салуға көнбес, болмаса бірдеме етіп өліп кетіп жүрер, туғалы беті қайтпаған бала еді»,— депті.

Мына сөзге патша ойысып, бір уәзірін жіберді. Уәзір кеп айтқан екен, қыз: «Мен патша екенмін деп масаттанбасын, менің теңім емес, қу түбірді құшақтап жата алмаймын, өз теңім керек, кім болса да жас керек»,— депті. Уәзір мына сөзді естіп, патшаға

айтып келеді. Бұл сөз патшаның өңменіне салған найзадан кем тиген жоқ. «Патшаға қыз тимепті» деген сұмдық сөз ә дегенше-ақ ел арасына жайылып кетті. Патша дереу «осы шаһардан өзі жынды бір жас адам тауып әкел» деп бұйрық қылды. Уәзір сол жерде шаһарды кезін жүріп бір жынды бала тауып алды. Жасы сол кезде он бес, он алты шамасында еді. Алып келін патшаға берді. Уәзір ызаланып, қорланып, терісіне сыймай отыр. Хан қаһарына мініп: «Дереу екеуіне бүгін қалыңдық ойнат, мына жынды бала күйеу болады. Күлзайраны осы жындыға берсін, болмаймын десе қыз да, әкесі де бетін айтсын, қарсылыққа қаһарымды көрсетіп, түгел дарға тартам»,— деп, әмір қылды. Уәзіріне «тез қайтып кел» деп жіберді. Уәзір келіп, патша осылай айтады деп айтып еді, Қамза ойланып, төмен карап отырып, қорланып, «патша не қылса да әміріндемін» деді. Уәзір осылай деп айтты деді. Сол күні патшаның әмірі бойынша, Күлзайраны жындыға қоспақ. Кеш болған соң жындыны күйеушілетіп алып келді. Бір оңаша үйді босаттырды. Төсекті салып жындыға ұқтырып, не қылсан да Күлзайраның қасына жат деп, уәзірлері қайтып кетті. Бірақ жынды не білсін, баруға бата алмай, Күлзайраның қарсысында тұрады да алады.

Бұлар бүйтіп тұрғанда, Әмір, Шымыр — екі пері мені алып жетіп келді. Шымыр: «Үйде кім бар екен, мен біліп шығайын»,— деп ішке, қыздың жатқан үйіне кірді. Келсе, адам сияғы жоқ біреу тұр, қыз ызаланып бетін бүркеп алған екен. Сол жерде Шымыр осылай да осылай екен деп Әмірге айтып келді. Сонан екеуін сыналық деді. Әмір, Шымыр қайта жүріп, жындыны алып шығып, далаға апарып, жасыра салып, мені үйге алып кірді. Кірсем қыз кішкене тыныштанып ұйықтап қалыпты. Перілер мені қасына әкеп жатқызды. Енді өздері кейінірек барып тұрды. Мынау жақсы деп айта алмай, енді былай қылайық деп, Әмір пері айтты: «Бірі ұйықтағанда бірін оятайық, қайсысы бетінен бұрын сүйсе сол сұлу»,— деді. Сөйтіп келін мені оятады. Сонан соң көзімді ашып қарасам, бір түрлі кош иісті, таза ауалы, жібек пен торғыннан басқа ештеңе төселмеген үйде жатырмын. Қасымда бір қыз жатыр. Мына халді өзіме сыйғыза алмай қайран болып, Күлзайраға карап отырдым. Өне бойым балқып, денем шымырлап, құдай мына халді маған көрсетеді екен-ау деп, ыстық жас көзімнен шығып кетті. Не қыларымды білмей, басқаға карауға дәрменім жоқ, ештеңе дей алмай жалтақтап, өңім бе, түсім бе деп қарадым да отырдым. Оятайын деп едім пері соғып кете ме деп қорқып, оята алмадым. Сөйтіп отыр едім бар бойым балқып, ұйқым кеп, еріксізден еріксіз ұйықтап қалдым. Мен ұйықтаған соң Күлзайраны оятады. Ол оянып, шошынып, әлде ұйықтаған соң қасыма келіп жатқан жынды ма деп ойлап,

мұнымен бүйтіп өмір өткізгенше, өлейін деп тәні бұзылып ұшып тұра келеді. Қарап, бір тамаша, адамға ұқсамаған, өзіне теңдес бір жігітті көреді. Мен ұйықтап жатырмын. Сол жерде Күлзайра қуанып, өзін-өзі ұстай алмай менің бетімнен сүйіп алады. Онан мен сескеніп оянып тұра келдім. Екеуміз сол жерде құшақтасып, бастан өткен оқиға халді айттық. Сол уақыт таңға жақындап қалған уақыт еді. Пешпетім, бөркім бар, киімнің бәрін шешіп қойғам. Екеуміз амандасқан соң басқа сөзді қойып, көңілдің несібесін тойғыздық. Содан соң екеуміз бірдей маужырап, сол құшақтасқан бойымызбен ұйықтап қалыппыз.

Бір уақытта оянып көзімді ашсам, не онда емес, не мұнда емес, бір көріп-білмеген, сыртын шыр айнала қорған соққан шаһардың сыртында жатырмын. Есім кетіп, не болғанымды білмей басым шыр айналды. Сөйтсем, біз ұйықтағаннан кейін екі пері мені алыпты да кетіпті. Таң атыпты, басымды көтеріп қарасам білмеген жер, енді Күлзайра естен кете ме, көзімнен жас аға берді. Не қыларымды білмей, қорғанды жағалап жүріп келе жатыр едім, қойнымда бір нәрсе сыртылдайды. Алып қарасам, төрт бүктелген қағаз екен. Ашып қарасам барлық болған уақиғаны жазып кеткен. Есім шығып, мынаны көрген соң қайғы басып, енді ешкімге өлімтігімді көрсетпейін, бәрібір Күлзайра табылмаса, менде тіршілік жоқ деп ойладым. Бірақ Күлзайраның туған жерін жазбапты. Осымен не қыларымды білмей қаңғып жүріп кеттім. Бірнеше уақыт жол жүріп, қарным ашып, есім кетіп, жүдеп келе жатып ойладым. «Қой, бүйтіп өлгенше, тез өлейін деп, бір үлкен дарияға келіп, секіріп өлейін»,— деп тұрғанда жоғарыдан бір дауыс:

«Ей, бейшара, түспе, неге кетесің. Ана тұрған бейітке барсаң мұрадың хасыл болады»,— деді. Мұнда келіп, сандалып, мұрадымды қалай хасыл болады деп ойланып отыр едім, мына кісі келді,— деп, өзінен кейін келген бір дәруішті көрсетті.

Бұл төрт дәруіш әңгімелерін аяқтап болып отырғанда сырттан бір адам:

— Ассалаумағалайкүм,— деп кіріп келді. Бұған бәрі де қарап қалды.— Жоғары шығыңыз,— деді отырған дәруіштер. Келген кісі:

— Жоқ отыра беріндер, менің айтатын бір сөзім бар. Ол қайсы десеніздер, мен өзім патша едім, жасым мынау, орта жасқа келдім. Бір күні түсімде әкем: «Қара әулиенің бейітіне барсаң ішінде төрт дәруіш отырады, сөйлесіп, соның сөзін әбден бітірген соң қатының ұл тауып, мұрадың хасыл болады»,— деді. Міне, менің келгеніме бүгін бір жыл болды. Сіздер де сөздеріңізді бітірдіңіздер. Жаңа ғана бір кісі: «Әйеліңіз ұл тапты»,— деп сүйінші сұрап келді. Сіздердің арқанызда құдай мұрадымды хасыл қылды. Енді жүріп біздікіне қонақ

болыңыздар. Жайларыңызды білдім, шама келсе, көмек қылайын, көптен ел көрмей жүрген шығарсыздар,— деді.

Патшаның сөзін естіп, қалай қыламыз деп, дәруіштер ақылдасқан кісіше, бірінің бетіне бірі қарады. «Бұл қалай, әруақ өтірік айта ма, мұрадымыз қане хасыл болғаны?»— деп, көздерімен ишараттап сөйлесті. Сонда біреуі отырып:

— Көзім әлі ештеңеге жеткен жоқ, жүріңдер, барайық,— деді. Барлығы да: «Барсақ барайық»,— деп, патшаның үйіне келді. Келсе, елінің бәрі қуанышты. Оның үстіне бұлар келді. Патша үйіне кіргізді. Баланы орап қойыпты. Той қылып жатыр.

Сөйтіп отырғанда «бала жоқ» деп біреу келді. Бәрінің де есі шығып кетті. Жүгіріп қатынына келсе, бала жоқ. Қатынының көзі бұлаудай. Патшаның есі шығып, талып кетті. Біраздан соң су бүркіп тұрғызып алды. Патшаның көзі күндіз-түні жылаумен болды. Осымен үш күн өтті. Патша «я, құдай өзін алдың ба, не ғажап болғанын білмедім, алла» деп жылап алды.

Сөйтіп отырғанда біреу тағы жүгірін келді, «бала табылды» деп. Патша қуанып, баласын әкелдіріп көрді. Сөйтіп қуанысып отырғанда біреу баланы ораған кілемді жайды. Баланы әкеліп тастаған да осы кілем екен. Жұрт кілемді тамашалап, қарап отырса, бір өзі қаншама дүние-малға тұратындай. Жұрт кілемді жайып қойып үстіне отырысты. Үстіне патша, төрт дәруіш бесеуі отыруы мұң екен, кілем алып ұшып жөнелді.

Ұшырып отырып бір қиын құздың, таудың арасына салған шаһарға алып келін, алтын сарайдың алдына түсірді. Әрі-беріден соң перілер қаптап шығып, құрметтеп, бұларды қарсы алды. Сарайға келсе, алтын тақтың үстінде патша отыр екен. Ортасынан орын берді. Бұлар отырған соң пері патшасы сөз бастады:

— Менің сіздерді алдырып отырғаным, менің әйелім босанып қыз тауып еді. Сонан бір шабарманды дүние жүзіп аралап бүгін осы менің қатыным босанған күні кімнің қатыны босанып ұл тапса, соны алып кел деп едім, сол күні сенің қатының босанып ұл тапқан екен. Сонан соң екі баланың біріне-бірінің көзі үйренсін деп үш күн мұнда, үш күн онда апарып тастайтыным сол,— деді. Перінің патшасы: «Енді асықпандар, құдай қосқан құда болдық»,— деді. Пері патшасы осыны айтты да, адам көрмеген ойын-сауық істеп көрсетті. Бірімен-бірі күрескенде, ойнап, қылыш шабысқанда, құдай мыналардың қасына жолата көрме дегендейсін. Себеп, екі пері алыса кеткенде бірін-бірі жығып салып, қылышпен екі бөліп, қанын ағызып тастайды. Әрі-беріден соң «бісімлә, ұйықтап кетіппін» деп, тұра келіп және алысады. Осындай ойындармен екі күн өтті. Ертеңіне тұрған соң пері патшасы: «Саяхатқа шығайық, жер аралайық, сіз келген соң біздің бәрімізді көріп

кетіңіз»,— деп, төрт дәруіш, және патша бесеуін бір періге мінгізіп ұшып жөнелді. Зуылдатып келе жатты. Бұлар оздерінен-өздері жандарынан күдер үзіп, болмаса ана жолдастарымызбен қоштаса алмадық десіп келеді. Әрқайсысы іштерінен сүйтіп ұшып келе жатыр еді, пері патшасы тұра қалып: «Ей, құдалар, мына адамзаттың бәрі жиналып, неге бүйтіп күңіреніп жатыр»,— деп сұрады. Дәруіштер: «Білмейміз, біздің көзіміз жетпейді»,— деді. Енді шетінен барып көрейік деп, таяп келіп, пері патшасы төмен қараған уақытта, Мұратқан боздап қоя берді. Әлден уақытта есінен танып құлап кетті.

Пері патшасы «бұған не болды» деп, бір дәріні мұрнына иіскетіп еді. Мұратқан ұшып тұра келді. «Ей, шырағым, саған не болды, мұның қалай, неге бүйттің?»— деп еді, ол халін айтуға аузы келмей, кемсеңдеп жылай берді. Қасындағы дәруіштің біреуі: «Таксыр, мұның жылайтыны мынау болу керек»,— дей бергенде, Мұратқан өксігін басып, «мен өзім айтайын» деп, сол жерде бастан-аяқ халін айтты.

— Анау тұрған сол көк өгіздің иесі, жылап отырған сол, ғашығы осы күнге дейін шала-жансар, соны қайтерін білмей, өмірін жылаумен алып келе жатыр. Анау жиналған сол жігіттің елі, ананың қайғысына әлі де күйзеледі,— деді. Мұратқан мұны айтқанда пері патшасы: «Келгеннен бері халінді неге айтпағаның»,— деп, ызаланып: «Ол жігіттің ісмиағзамын әкеткен перінің атын білмейсің бе?»— деп сұрады.

— Жок, білмеймін, бірақ сол пері Жауһарнегінің шаһарынан деп еді,— деді Мұратқан. Мұны естіп алып, пері патшасы алып кел деп бұйрық қылды. Баяғы Шымыр тоқтамай сабап кетті. Ол келгенше қалған үш дәруіш: Қайдархан, Зейнел, Хасен үшеуі де жылап қоя берді.

— Я, енді сіздер халдеріңізді айтыңыздаршы,— деді пері патшасы. «Мен айтам, мен айтам» деп, үшеуі таласа бергенде оң жағында отырған Зейнелге: «Сен айтшы»,— деді. Ол да әкесінің олгенін, уәзір оның орнына патша болғанын, онан оны қуып шыққанын, онан пері патшасына барып, маймыл суретін алмақ болып, өзін қызға жұмсағанын, ол қызға ғашық болғанын, ақырында пері патшасы соның бірін де бермей қуып жібергенін бастан-аяқ айтып берді. «Өңкей нәлет» деп долданып, пері патшасы Әмір деген шабарманын шақырып алып: «Сен Қылымда шаһарының патшасын тез барып алып кел»,— деп, бұйрық қылды.

— Екінші кімде қандай арыз бар,— деді. Пері патшасы тағы да оң жағына карап, Қайдарханға айтты. Қайдархан тұрып:

— Мен де бір сорлы болып жүріп сізге кез келдім. Аруақтың түсімде берген аяны әлде сіз шығарсыз. Оқиғанды біреуге айтып

тамамдасан, мұрадына жетерсін деген еді, тамам етіп айтып болған соң сізге кез болып отырмын,— деді.

Бұл Қайдархан аң аулап шыққанын, онан киік кезігіп оны қуғанын, онан ұлы судан өтіп сарайға келгенін, онан Күлөнданың суретін көргенін, шалдан барлық оқиғаның жайын естігенін, онан кемеге мініп, онан қашып құтылғанын, онан бейітке келгенін, сонан осы патшаның өзіне жолыққанына дейін айтып өтті. Сонан соң пері патшасы бір шабарманын тағы шақыртып алып: «Тез барып, адамзат Ұрмая шаһарының қызы Күлөнданы алып кел»,— деп жібереді.

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ



ұрынғы заманда Жаксылық пен Жамандық жолдас болыпты, екеуінің де ат-тоны, азығы болыпты. Бірақ Жамандық өз азығын шығармай, екеуі Жаксылықтың азығымен күнелтін жүріпті. Жеп жүргенде Жаксылықтың азығы таусылыпты. Жамандық айтыпты: «Жаксылығым, азығын таусылды, енді қайтесің»,— депті. Жаксылық: «Жамандығым, өзің біл»— денті. «Өзім білсем, атыңды сойық»,— дейді Жамандық. Жаксылықтың атын сойып, етін екеуі бөліп жепті, азық тағы таусылыпты. «Жаксылығым, енді қайтесің атыңның еті таусылды»,— деді Жамандық. «Жамандығым, өзіңіз біліңіз»,— депті Жаксылық. «Өзім білсем, Жаксылығым, бір құлағыңды пісіріп өзіңе берейін, жеймісің?»— дейді Жамандық. «Жеймін, Жамандығым»,— депті Жаксылық. Бір құлағын кесті, бір күнге азық болды. Жамандық айтты: «Бір құлағыңды бір күнге тағы да асып берейін»,— денті. Жаксылықтың екінші құлағы да асылды, бір күнге азық болды, екінші күні тағы да азық таусылды. «Жаксылығым, енді қайтейін»,— депті Жамандық. «Жамандығым, өзің біл»,— депті Жаксылық, «Жаксылығым, өзім білсем бір көзіңді ойып, бір күнге азық қылып берейін»,— депті Жамандық.

Сөйтіп, Жаксылықтың ат-тоны, азығы, құлағы, көзі таусылыпты. Жамандық Жаксылықтың азығын бірге жеп тауысыпты. Жаксылықтың азығы таусылған соң Жамандық азығын бермейді. «Жаксылығым, атыңды сойып жедік. Екі көзіңді ойып, құлағыңды кесіп төрт күн азық бердім. Жаксылығым, енді қайтесің? Енді құлағың жоқ, сені тастап кетемін»,— деді. «Жамандығым, тастап кетсең бір қалың тоғайдың ішіне таста»,— дейді Жаксылық. Жамандық қалың кара тоғайдың ішіне Жаксылықты өкеліп тастап кетті.

Тоғайдың ішінде Жаксылық отырса, бір жолбарыс, бір түлкі, бір қасқыр кенеседі. Қасқыр айтады: «Жолбарысым, сен осы тоғайдан шықпайсың тоғайда не істеп жүресің»,— дейді.

«Бұл тоғайда екі бәйтерек бар. Көзсізге көз береді, құлақсызға құлақ береді. Мен соны аңдып отырамын»,— деді жолбарыс.

Жолбарыс айтты: «Сен, қасқыр, осы жерден шықпайсың, не қылып жүресің»,— деді.

«Мына жерде бір мың қойы бар бай бар, ол байдың бір қара төбеті бар, осы қара төбеттің сүйегі өлген кісіге жан береді. Мен соны алайын деп жүрмін»,— деді қасқыр.

Қасқыр айтты: «Сен, түлкім, осы қара обаның түбінен шықпайсың, не қылып жүресің?» — деді.

«Қара обаның түбінде ат басындай алтын бар, осыны алайын деп жүрмін»,— деді түлкі.

Бағанағы Жаксылық үшеуінің сөзін естіді, тоғайдың ішін аралады, аралап жүргенде екі бәйтерекке қолы тиді. Көзіне үйкеді — көзі бітті, құлағын үйкеді — екі құлақ бітті. Тоғайдан Жаксылық шықты, бағанағы қара обаның түбіне келді, түлкінің қарап жүрген ат басындай алтынды алды. Ат басындай алтынды алып, мың қойлы бәйдікіне келді. «Бай, қара төбетінді сатамысың? Ат басындай алтын берейін»,— деді. «Ат басындай алтын берсең, ал»,— деді бай. Қара төбетті ат басындай алтын беріп алды да, далаға алып шықты. Қара төбетті бір жерге келіп ұрып өлтірді. Жаксылық шақпағын шақты, от жақты, қара төбетті өртеді. Құр қара төбеттің сүйегі қалды, сүйегін Жаксылық алды, сүйегін алып түйді, түйіп екі қалтасына салып алды. Жүріп бір хандыкіне келді.

— Неғып жүрген адамсың,— деді ханның ханшасы.

— Ұлсызға ұл болайын деп жүрмін, қызсызға қыз болайын деп жүрмін.

Ханның ханшасы айтты: «Ұлсызға ұл болсаң маған ұл бол, менің ұлым жоқ, хан ауырып жатыр»,— деді.

— Ұл болайын саған,— деді Жаксылық.

Ұл болып, жылқыға кетті. Кешке Жаксылық жылқыдан келсе, хан өліп қалыпты. Ханша жылап отыр. Жаксылық жылқыдан келіп: «Жылама, тірілер»,— деді. Бағанағы қара төбеттің сүйегінен ханшаға кішкене беріп: «Қара төбеттің сүйегі өлген кісіге жан береді, апарып ханның аузына сал»,— дейді. Ханша барып ханның аузына салып еді, хан: «Қатты ұйықтап кетіпшің»,— деп түрегелді.

Ертенінде хан ел-жұртын жиды. Жаксылық ханшаға: «Хан ел-жұртын жиып алып маған жаксылық қылған кісі бар ма деп сұраса, мені айтпа»,— деп, өзі жылқыға кетті.

Ертеңіне ел-жұртынан хан: «Маған жаксылық қылған кісі бар

ма?»— деп сұрады. Ел-жұрты: «Ешкім жақсылық қылған жоқ»,— деді. Ел-жұрты тарқап кетті. «Енді кім қалды»,— деді хан. Ханша айтты: «Ханым, сен ауырып жатқанда мен бір жігітті бала қылып алып едім. Жылқыда бір сол-ақ қалды, соны шақыр»,— деді.

Хан Жақсылықты шақыртып алды. «Сен маған жақсылық қылдың ба?»— деді хан. «Мен сізге көп жақсылық қылғаным жоқ. Ханшаға бір кішкене ақ дәрі беріп едім, ханша апарып сіздің аузыңызға салды. Сіз «қатты ұйықтап кеткен екенмін» деп түрегелдіңіз, мен содан басқа жақсылық қылғаным жоқ»,— деді.

— Ханша, дәрі бергені шын ба? — деп хан сұрады.

Ханша айтты: «Шын, бергені рас»,— деді. Хан алтын тағынан түсіп, алтын тағын Жақсылыққа берді. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар бір сұлу қызы бар екен, сол жалғыз қызын берді, кара құладан қақ жарып малын берді, күйеу қылып алды. Жақсылық байып тұрды.

Жақсылық бір күндері жылқыда жүрсе, баяғы жолдас болған Жамандық жолдасы кез келеді. «Жақсылық, сен қалай адам болдың»,— деді Жамандық. Жақсылық барлық шынын айтты.

Жамандық айтты: «Жақсылығым, мені қалын кара тоғайдың ішіне апарып тасташы, мен де сендей адам болар ма екенмін»,— дейді. «Мен сенің екі көзіңді ойып, екі құлағыңды кесіп алып, тоғайдың ішіне тастап кетейін. Сен де адам боласың»,— деді Жақсылық.

Жақсылық апарып тоғайдың ішіне Жамандықты тастады. Барлық байлықтарынан айрылып, әбден ашуланған түлкі, қасқыр, жолбарыс үшеуі тоғайдың ішін қарап жүріп, бір жерде Жамандықты тауып алып, жеп қойды.

«Жақсылыққа жақсылық, жамандыққа жамандық» деген осы екен.

ҚОҢЫР МЕРГЕН



рте заманда Қоңыр деген мерген болыпты. Ол Қоңырдың өнері көзіне көрінген аң болсын, құс болсын атып жығып, ешбір аңдарды қоймайтын болса керек. Бұл Қоңырдың атқан аңының ішінде неше түрлі обалы тиетін зиянсыз хайуандардың қарғысы тиіп, қараптан-қарап жүріп өзін-өзі не екенін білмей ақылынан адасып, қайда болса сонда жүріп кетсе керек. Бұл Қоңыр мерген ен далаға шығып, қамыстан күрке тігіп, басына пана қылып, не керегін істеп, жан

сақтарын білмей, күркенің есігіне қақпан құрып, тышқан ұстап жейтін болса керек. Бір күші Қоңыр ерте тұрып қақпаның қараса, бір түлкі түсіп қалыпты. Сол кезде Қоңыр мына сөзді айтады:

— Жә, түлкім, сен қайдан келдің, сені сояйын да терінді алып, етінді жеймін,— деп. Түкең жаман сасып:

— Ағатай, мені қоя бер, мен сізге бір жақсылық қылармын, мені қоя беріңіз,— десе, Қоңыр қоя беріпті. Түлкі қош деп жүріп кетсе керек. Түлкі босай салып, Қанжар деген ханға барып:

— Мені сізге Қоңыр деген мерген жіберді. Бұл бай баласы атағы жер жарған, мал басы жер үстіне сыймай жатыр, сізден сұрағаны бар. Сонда Қанжар хан айтады:

— Қоңыр не сұрады?

Түлкі айтады:

— Сіз Қоңырға қызынды бер. Қоңыр сізге дүние малын береді. Және ертең Қоңыр күйеуіңіз келеді. Сіздер күтіп тұрыңыздар! —деп түлкі шу деп жүріп кетеді.

Неше күн жол жүріп Қоңырға келіп: «Қазір жүріңіз, сізді Қанжар хан қонаққа шақырды. Жүріңіз»,— деп ертіп алып жөнеледі. Бір ай жол жүріп ханның қаласының қасында үлкен дария бар екен, бер жағына Қоңырды тастап ханға барып:

— Сіздің күйеуіңізді жау тонап кетті. Ар жақта халсіз болып сізге алып келе жатқан алтын-күмісін, өзінің киген киімін түк қоймай алып кетті. Өзі жалаңаш отыр. Қазір жақсы-жақсы киім бер. Жаман киім болса арланып кимейді,— деп жақсы киім алып Түкен жөнеледі. Ар жақтағы Қоңырға барды:

— Жә, Қоңыр, қазір жылдам бол, ханға қонаққа барамыз,— деп Қоңыр қорқып жүрмей қойыпты. Сонан мерген жүрмеген сон түлкі жортып ханға келеді. Мерген мекеніне кетеді. Хан айтады:

— Күйеу қайда?

Түлкі айтады:

— Күйеуіңіз өзінің қаласына кетті. Сізге аса қатты өкпесі бар. Хан айтады:

— Не өкпесі бар?

Түлкі айтады:

— Өкпесі мынау, сіз Қоңырдың алдынан әскермен барабан тартып шыққан жоқсыз, өкпесі сол,— деп жүріп кетеді.

Келе жатса, бұл түлкіге екінші түлкі кез болып:

— Қайдан келесіз, қарныңыз тоқ екен. Менің қарным ашып жүр,— депті. Түлкі айтты: «Олай болса көп болып жиылыңдар, мен сіздерді Қанжар ханға ертіп барып тамақ алып беремін»,— деп. Бұл сөзге момын байғұс сеніп, тау-тасты жортып жүріп бір жүзі жиылып алғашқы түлкіге еріп ханның қаласына келіпті. Өзі алдымен ханға келіп, мына сөзді айтады:

— Сізге күйеуіңіз жүз түлкі сыйға жіберді,— деп бәрін қамап

беріп өзі жүріп кетеді. Келе жатса, бір тоғайда бір аю кез болыпты:

— Е, Түке, қайдан келесіз, өзіңіз семізсіз ғой, мен арықтап тамақ таба алмай, қарным ашып жүрмін,— деп. Түлкі айтады:

— Маған көбірек болып жиылып еріп жүріңіздер. Қанжар ханға барып тоямыз,— деп, ертіп ала жөнеледі. Ханға келіп:

— Мына қанша аюды сізге Қоңыр күйеуіңіз сыйға беріп жіберді,— деп қамап беріпті. Сонда хан ойласа керек, «күйеуім бай екен» деп. Түлкі: «Сіз дайын болып тұрыңыздар, мен күйеуіңізді ертіп келемін»,— деп жүріп кетіп, Қоңырға келіп: «Қане, енді жүрейік. Сізді хан күтіп отыр»,— деп ертіп ала жөнеледі. Қоңыр еріп жүргенде еш нәрсе білмейді. Қоңырды судың бер жағына қойып, ханға барады. Түлкі ойбай салады. Хан айтады:

— Не болды?

Түлкі айтады:

— Не болғаны құрсын, Қоңырды жау талап кетті. Сізге келмесек жау бізді қайдан тонасын,— деп аса кейіп жылай береді. Хан өзіне қараған әскерін жиып, барабан тартып, арғымақтарын жегіп ар жаққа таман жөнеледі.

Түлкі бұрын жөнеліп, Қоңырға барып, ханның берген киімін киіндіріп, арбаға түсіріп алып, жөнеледі. Күйеуді оңаша үйге апарып қондырып, кешке ханның қызын күйеуіне алып келеді. Қалыңдық қасына отырса, Қоңыр қарамайды. Қоңыр менсінбей отырған жоқ, өзі шошып отыр. Қоңыр жоламайды, түлкі келеді:

— Жә, мерген, не отырсыз, өзіңіз неге келдіңіз, білесіз бе?

Қоңыр айтады:

— Мен қайдан білейін, өзім қайда келгенімді білмей шошып отырмын. Түлкі айтады:

— Сіз қорықпаңыз,— деп өзінің істеген ісінің бәрін айтады. Қоңыр:

— Не айтасың, мен сенбеймін.

Түлкі айтыпты:

— Сіз анық дос болсаныз маған сеніңіз.

Қоңыр сенді. Қызбен жанасып қутындай бастады. Қанжар хан неше күн той қылды, неше ай қонақ болды. Бір күні түлкі ханға келеді:

— Біз енді қайтамыз. Сіздер өзіңізге қараған халқыңызды жиып біздің қалаға қонақ болыңыздар. Және Қоңырдан қалың мал алыңыздар,— деп ертіп жүрді. Қара жолға түскен соң «сіздер осы жолмен жүріңіздер, мен алдымен бара берейін» деп, жүріп кетеді. Келе жатса қалың жылқы, қой, түйе малға кез болады. Түлкі: «Бұл кімнің қойы?»— дейді. Қойшы:

— Мінез кемпірдің қойы.

Түлкі:

— Сен үйдеп айтпа. Осы жолмен қалың жау келеді. Мінез кемпірдің малы десеніз, түк қоймай талап алып кетеді.

Қойшы асып-сасып:

— Енді не айтамын?

Түлкі:

— Қоңыр мергеннің малы!— де.

Қойшы:

— Жарайды, сөйтіп айтсам тимей ме?

— Тимейді.

Түлкі жолмен жүре береді. Хандар келеді.

— Қойшы, қой кімнің қойы?

Қойшы айтады:

— Қоңыр мергеннің малы!

— Қап, апырмай, мен баймын деп жүрсем менің күйеуім менен де бай екен,— деп ойлайды хан.

Қоңыр күйеуде сөз жоқ. Түлкі айтқан «жолда жүргенде адаммен сөйлеспей жүре бер» деп. Малдан әрмен кетті. Түлкі басқа жолмен кетті. Мінез кемпірдің қаласына келеді. Кемпір: «Неғып жүрсің?»— деді.

Түлкі:

— Мен кашып келдім.

Кемпір:

— Неге, неге?

Түлкі:

— Осы жолмен қалың жау келеді!

Кемпір:

— Қайда барады?

Түлкі:

— Тура сізге келеді. Тездеп қаша көріңіз, мен сізге хабарға келдім.

Кемпір:

— Қане, мен қайда барамын?

Түлкі:

— Қане, жүре қойыңыз, мен сізге орын табамын.

Екеуі жөнеледі. Бір қазған жерге келді. Түлкі айтады:

— Қане, шеше, сіз беліңізге арқан байлап мына қазған жерге түсіңіз. Келе жатқан жау қаладан өтіп кеткен соң, мен сізді қайтадан тартып алармын, — деп. Мінез кемпірді қазған орға түсірді. Түлкі арқанды қоя береді. Кемпір ойбай салып жылап жатыр. Түлкі қайтып келді. Қалаға хан да келді. Құдасын қонақ қылып күтеді. Хан:

— Бұл кімнің қаласы? — дейді.

Түлкі:

— Сіздің күйеуіңіздің қаласы!

Хан:

— Жарайды, Көңілім жаңа ғана толды ғой, — деп жымың-жымың етіп отыр. Ұлы қалада неше ай тұрды. Кемпір орда қалды. Қоңыр малға ие болып қалада қалды. Хан қаласына қайтты. Бұл ақылды түлкі тапты. Сүйтіп Қоңыр мұратына жетті.

МЕРГЕН МЕН БАЛАСЫ



ртеде бір мерген болды. Сол мерген бір тоғайда от жағып, ет пісіріп жеп отырғанда, бір келіншек үсті күміс екенін де не темір екенін де білмеді, сылдырлап тоғайдағы мергенге келін, оттың бір жақ шетіне отырды.

Мерген жеп отырған етінен беріп еді, келіншек қолын көрсетпей жеңімен алып жеді. Бұдан соң мерген еттің сүйегін мүжіп отырғанда:

— Асылды асылға салдың-ау, — деп келіншек кетіп қалды.

Мерген тұрып:

— Апырай, бұл бір пәле-ау. Бұдан қайтіп құтыламын, — деп етін жеп, отын өртеп жақты да, адам бойы дәу шілегені әкелін от жанына жатқызып, үстіне шапанын айқараңынан жапты да, өзі таза жерге барып мылтығын оқтап дайындалып тұрды.

Аз тұрған соң баяғы келіншек ақырын келе жатқанын мерген көрді. Келіншек жақындап, қарқ-қарқ күліп, жатқан мергенді бас ғайды.

Өлтірдім ғой деп, қолын қайта тартып жемек болып еді, қолы қайта шықпады.

— Ah-ha-ha... болаттан жаратылған адам екен-ау, бұған өткен менің тырнағым алмас екен-ау, — деп, келген залым келіншек күлді.

Бұл келіншек қуанып тұрғанда мерген өкпеден алып мылтыққа басты.

Келіншек өкпесінен оқ өтіп жығылып жата кетті. Мерген келіп қараса, тырнағына жез киіп алған екен. «Ой, бір жалмауыз екен!» Мерген тырнақтарын шығаруға тағат етпей саусағымен қосып кесіп алды дағы біреуі келіп қала ма деп, таң атқанша күзетті.

Таң атқан соң мерген атына мінін тоғайдан шығып тауға қарап келе жатып бір сай қабағына шығып еді, ұлкен бақ көрді. Бақтың көлеңкесінде өңкей құланның құлындары байлаулы тұр, ұш отау тұр. Бұл не ғажап деп мерген танданып, сол отауларға жақындап келіп еді:

— Күйеу келді, күйеу! — деп қыз-келіншектер алдынан

жүгіріп шығып, аттан көтеріп алып, екі қыз екі жағынан сүйеп бір оғанна отауға әкеліп отырғызады. Түрлі тамақтармен, қымыздармен тамақ сусындандырды.

Кеш батқан мезетте әдемі келіншек жаһанда сұлу бір қызды асынып:

— Күйеуің міне, осы қызды ұста, сенің әйелің, сүйген жарың осы, — деді де шығып кетті.

Мерген аң-таң болды. Әрі-бері ойланып отырып:

— Ей, сен маған әйел болғалы отырсың, манағы кезде қыз-келіншектер де «күйеу-күйеу» деп құрметтейсіңдер. Мен сендерге қайдан күйеу болдым? — деді.

Сол кезде қыз тұрып:

— Ол былай — осы тоғайда бізге қас жалмауыз дәу бар еді. Сол жалмауызды күші келсе біз өлтіріп, болмаса бізді олар өлтіріп кетуші еді. Сонан өле-өле бір жалмауыз қалып ұстатпай жүруші еді. Кеше келсе бізді өлтіріп кете беретін. Сонда әкем тұрып:

«Осы жалмауызды кім өлтірсе, соған қызымды беремін», — деп еді. Сіз кеше сол жалмауызды өлтірдіңіз, енді сізге әкем мені берді. Мен сендікпін, сәулем! Біз «Әшіреті әссәлам» деген жұрт боламыз, біз де өзіндей адамбыз. Сонымен сізге біз бұйырдық, бірақ сен бүгін түнде ұйықтама, ұйықтасаң менен ажырайсың, ұйықтамасаң аман алып қаласың, — деді қыз.

Мерген:

— Мақұл, бір ұйқымды қояйын, — деп қызбен ойнап-күліп кетіп берді. Таң қимыл берген мезетте мерген қалғып кетіп көзін ашты ашып алып еді, үш отау да жоқ, қойнында қыз да жоқ, қыз-келіншек те жоқ, жалғыз қалды. Не істерін білмей атына мініп ары шапты, бері шапты, жерден жан адам көріпбеді. Мерген еліне қайта келіп, басқа ат мініп тауға қайта іздеп жүреді.

Бір дәу құс келіп:

— Е, мерген батыр, ішімде үш айлық балаң бар, енді алты айдан соң тоқсан жолдың торабынан тауып ал баланды. Жақсылап күт, сол бала саған бақытты бала болып шығар, — деді.

Мерген алты ай толып қалды-ау деген кезде ел аралап тоқсан жолдың торабы деген қайда деп іздеді. Ешкім айта алмады, бір баянгер тұрып: «Тоқсан жолдың торабы базар, ар жағында көше бар. Сол жерде балаң», — деді.

Мерген базарға барып еді, баяғы көрген құсы:

— Е, мерген, бері кел, баланды ал, — деп, торменен баланы мергенге тастады. — Жақсылап күт баланды. Жақсылап күтсең мұрадына жетесің, — деді. — Мерген, қош енді, — деп құс жағына ұшып кете берді. Мерген баланы алып еліне келіп,

жақсы асырап, жасынан молдаға берді. Бала жеті жасқа келгенде патшаның жақсы көретін бірінші уәзірі өлді. Уәзірлікке кім жарайды дегенде, мерген баласы жақсы, сол жарайды деп, мерген баласын уәзір қылды.

Бір күндерде хан өлді, хандыққа кім жарайды деп жар салғанда, сенімді уәзірі — мерген баласы жарайды деп, жұрт мерген баласын хан сайлады.

Мерген баласы үйленіп, ел билеп мергенді мұрадына жеткізеді. Сол уақта мерген «бақытты балам — Бақытбай» деп атын қойды. Бұдан бұрын баланың атын не деп қоярын білмеуші еді.

АЮБАЛА



ртеде бір асқан бай болыпты. Оның бір бәйбіше әйелі болыпты. Әлгі бәйбішеден бес ұл туыпты. Бес ұлы ер жетіп, бай қартайып қайтыс болыпты. Бәйбіше әйелі отыз екі жасында жесір қалыпты. Сонан бір жылдары ел жайлаудан етекке түскен кезде жайланып жылдағы бір отыратын тау етегіндегі қонысында отырады.

Сөйтіп отырғанда бір күні іңірде далаға шықса, бір нәрсе көтеріп алып қашып кетеді. Бәйбіше қорыққандығынан даусы да шықпайды. Сөйтсе аю екен дейді. Сол апарғанынан аю үнгіріне апарады. Бәйбіше үңгірде қамалып жатады. Жейтін тамағы — алма, шикі ет, түрлі жемістер болады. Аю күндіз кетіп, түнде келіп түнеп тұрады. Түрлі жеміс, етті әкеп тұрады екен. Сонан бәйбіше үйреніп, аюмен бірге күнелткізіп тұра береді.

Ал енді қалған елдегі бәйбішенің балалары шешесінің қайда кетіп, қалай жоғалғанын қанша болжатып іздеп сұрастырса да ешқандай дерек біле алмай, жан-жақтан сұрастыра береді.

Олар сүйтіп жүргенде аюмен бірге тұрған бәйбіше бір күндерде жүкті болып, үш бала табады. Баласының біреуі адамзат болып, қалған екеуі аюға ұқсайды. Аюға ұқсаған балалар анның майын сорып күн көреді. Адамға ұқсаған бала шешесін еміп ер жетеді.

Бәйбішенің елден киген киімі тозғаннан кейін теріден, жапырақтан үйтіп-бүйтіп үстін жапсырады.

Сонан күн өтіп, ай өтіп балалары ер жетіп өздері жүретін де болады. Сөйтіп, ер жеткен балалар аюға ұқсаған, аюдан қалмайтын болады. Ерте кетсе, кеш келіп аю балаларымен бірге жүреді. Адамға ұқсаған бала шешесімен бір қалып, сарғайып

уағымдаған шешесіне ермек болып, шешесі баласын әбден адам тіліне жатық қылып үйретеді. Сөйтіп, үнгірде бала мен шешесі жата береді. Бір күні бала ерігіп есікке келіп, адам көтере алмайтын есікті көтеріп ашып, далаға барып ойнап келеді. Мұны шешесі біліп балаға түсіндіреді. «Енді шықпа», — дейді. Шешесі: «Егер шықсаң аю сені талап өлтіреді», — дейді. Бала шешесінің тілін алмай, ойнап шығып келіп жүре береді. Шешесі баласына ерген соң садақ үйретеді. Бір ағашты алып, оны иіп, бала оны әбден үйреніп, садақ атумен әуестеніп кетеді.

Сөйтіп жүргенде бала бір күні шешесіне сұрақ қояды:

— Апа, апа, осы аналардың түрі бір бөлек, біздің түріміз бір бөлек, онысы несі? — дейді. Оны шешесі түсіндіреді. «Біз — адамзат, олар — аң болады. Аң осылай тауда жүреді. Адам болса оң ідері бір бөлек мал асырайды, атқа мінеді. Басында үйі болады. Оң жағады, тамақ пісіреді. Олардың тұрмыстары жақсы болады. Мен өзім сол жерде жүргенімде осы аю мені түнде көтеріп алып қашып кеткен. Сонан неше жылдай осында тұрып, сендер пайда болғасындар», — деп шешесі баласын әбден көндіреді. Баласы онан жақсы түсініп: «Олай болса кетейік», — дейді. Шешесі қорқып: «Жоқ, аю өлтіреді. Кете алмаймыз», — деп тоқталады. Сонан баласы болмай, шешесін арқалап, шешесі жол бастап қанады. Сол қашқаннан қашып аман-есен еліне келеді. Елдің шетінде бір қойшыға жолығып киім киеді. Сонан бір ауылға келіп, сұрастырып бәйбіше балаларын тауып алады. Балалары қуанышып, қартайған шешесі табылып қуанышпен той жасайды. Барлық ауыл адамдарына, балаларына бәйбіше басынан кешкен қиыншылығын баяндайды. Ауыл таң қалады. Бәйбішенің көрген қиыншылығы төңірегіндегі елге жайылып кетіп, жалпы елге мәлім болады. Әлгі баласы Аюбала болып қалады.

Сол тойда Аюбала күреске түсіп, бірнеше жігітті талдырып тастайды. Бір-екеуін мерткітіреді. Аюбала мықты болып аталады. Алып болады. Бетіне жігіт қарай алмайды. Көрінген қыз келіншекті өзіне қаратып, ауылдағы боз балаларды сең соққандай қылады. Елге сыймай басқа жігіттердің мазасын ала берген соң барлық жігіттер болып басын қосып «Аюбаланы» өлтірмекші болады. Аюбала оны сезіп шешесімен қоштасып, беті ауған жаққа қашып кетеді. Өзі асқан мерген болады. Қолында жалғыз садағы болады. Сонан бірнеше күндер жолмен жүріп келе жатса, бір адам жолығады. Аюбала: «Не қылған адамсың?» — дейді. «Жақсылық іздегенмен жолдас болатын есімің», — дейді ол. Аюбала оны жолдас қылып алады. Сонан екеуі болып келе жатса, тағы бір адамға жолығады.

— Не қылған адамсың? — дейді.

Ол да: «Жақсылық іздеген адаммен жолдас болам», — дейді.

Оны да ертіп алады. Үшеу болып келе жатса, тағы бір адам жолығады.

— Не кылған адамсың?— дейді.

Бұл да: «Жақсылық іздегенмен жолдас болам»,— дейді. Оны да ертіп алады. Сөйтіп төртеу болып бір көлдің жағасына келін құс атып, балық аулап, тамактанып отырып Аюбала аналардан жөн сұрайды.

Ең алғашқы жолдасына Аюбала:

— Сенін не өнерін бар?— дейді.

Ол:

— Мен аспандағы жұлдызбен жаман-жақсыны болжап білем,— дейді.

Екінші жолдасына:

— Сенін не өнерін бар?— дейді.

— Мен судағы балықтың тілін білем,— дейді.

Үшінші жолдасына:

— Сенін не өнерін бар?— дейді. Ол:

— Мен қырық жылғы басып кеткен ізді білемін,— дейді.

Сөйтіп Аюбала өзінің өнерін айтады:

— Мен асқан мергенмін,— дейді.— Бірақ менің жаным ұйықтағанда көк садақтың ұшында болады,— дейді. Аналар таң қалады. Сонан төртеуі бір ханның еліне келеді. Келсе бір үлкен жиын болып жатыр екен дейді. Әлгі жиынды сұрастырып білсе, бір бәйтеректің астында төрт жүз кадам жерде ат басындай алтын бар деп бір бақсының айтуы бойынша хан үш қызын бәйгеге тігіп, екі күннің ішінде алтынды алып берген кісіге үш қызымды отауымен мал бөліп беремін деп уәде жасап, егер айтқан күні алып бере алмаса әлгі жігіттердің басын алады екен. Неше палуан мырза жігіттер уақытында алып бере алмай, ханның қолынан қаза тапқан екен. Бұл жиын соның жиыны екен. Мұны есітіп төртеуі ханға барып уәделесіп, уәделі күннен ерте қазып алып беріп, уәде бойынша хан үш қызын, отауы мен малын бөліп береді. Сонан Аюбала әлгі үш жолдасына үш қызды сүйгені бойынша қосып, ханның қасына орналастырып, өзі қоштасып «бір көрісерміз қош болындар» деп өз бетімен жалғыз бір жакқа жүріп кетеді. Жалғыздан-жалғыз бірнеше күндер өткен соң қалың тоғайға келеді. Осы қалың орман-тоғайда бірнеше күн күнелтеді. Үлкен аңдар қамап әрең құтылып, ағаш басына түнеп, жан жақыстап жүреді. Өстіп жүргенде бір адамды көріп әлгі адаммен аңдысып, әлгі адамды атып өлтіреді. Сөйтіп бір ағаштың басына шықса, бір талдың арасынан сызылып шыққан түтінді көріп, әлгі түтін шыққан жерге барады. Барса бір қорғанның ішінде ақ отау тұр. Ақ отаудың ішіне кіріп келсе, бір асқан сұлу қыз отыр екен. Қызбен амандасып төрге отырады. Қыз жөн сұрайды. Аюбала жөнін айтпай, елімізде соғыс болып,

еліміз қырғын көріп, сонан басқа күн туған соң осы қалың орман-тоғайға келіп бірнеше күн күнелттім дейді.

Енді қыздан жігіт жөн сұрайды. Қыз айтады:

— Біздің еліміз осы судың аяғында болушы еді. Мен бір келесйдің қызы едім. Елімізде алпысқа келген хан бар еді. Ол хан жылында екі қыз алушы еді. Биыл әкем өлген соң жасым жетіп хан өйелдікке мені алатын болған. Бір жалғыз бауырым бар еді. Сонымен бірге екеуіміз елден бөлініп бір күнде келіп осы жерді сегіз ай мекен қылып отырмыз. Ат, түйеміз бар еді, аңдар талап жеп қойды. Үйімізге аң келмейді. Қорған жасап алдық, бауырым аң аулауға кетті,— деп сөзіп доғарады.

Жігіт түсініп, бағанағы өлтірген кісі соның бауыры екенін біліп, қызға білдіреді. Жігіт айыпты екенін мойнына алады.

Қыз:

— Сіз айыпты емессіз оған, сіз бен біздердің көрешегіміздің айдауы ғой,— дейді.

Сонан бір-екі күн өткеннен кейін жігіт қызға екі мәселе қойды. «Шырағым, бауырын өлді, мені құдай айдап сендерге кез келтірді. Енді елге апар десен елге апарайын, бірақ басқа елге апарайып. Мен аға болайын, сен менің қарындасым бол. Болмаса екеуіміз бірігіп өмір сүрелік еш жакка бармай»,— дейді жігіт.

Қыз көніп, жігітті сүйіп екеуі өмір сүрмек болып қосылады. Екеуі тұрады, аса сүйікті болады. Қыз үйде қалады, жігіт күнде аң аулайды. Сөйтіп екеуі өмір сүреді.

Бұл екеуі өмір сүріп тұра тұрсын. Енді ханның жағдайына келейік.

Қыз жоқ болған күннен-ақ жан-жакқа сұрау салып хан гдетеді. Еліндегі балгер-баксыларды жинап болжатады. Сонда «Қара» деген бір баксы ханға былай дейді: «Қыз судың жоғарғы жағынан табылады. Оны табатын «Шүпе» деген мыстан кемпір бар екен. Сол ғана таба алады. Сонда сол кемпірге тапсыру керек»,— дейді. Хан оған көніп кемпірді шақырып алып, кемпірді жұмсайды.

Кемпір аса қу, жеңгек, иісшіл, болжағыш кемпір екен дейді. Хан кемпірге керекті көп зат береді: Жолға жеуге кемпір екі-үш қойдың окпе-бауырын алып кетеді. Ағып жатқан өзенді өрлеп кемпір жүре береді. Бірнеше жоталар жүріп Аюбала тұрған қалың орманға келеді. Кемпірді аң қамайды. Азап шегеді, үйітіп-бүйітіп кемпір амалдап аман қалады. Неше күн тоғайды аралап жүріп кемпір бір күні таңертең Аюбаланың үйін табады. Кемпір кіріп келеді. Аналар өздерінен басқа ол маңайда кісі көрмеген соң, олар қорқып қалады. Кемпірден жөн сұрайды. Кемпір былай дейді:

— Қарақтарым, елімізде жаугершілік болып қанғырып

шығып кетіп сендерге душар болдым. Енесі жоққа ене болам, шешесі жоққа шеше болам,— дейді.

Балшықтан кісі жасай алмай отырған Аюбала «шеше бол» деп, кемпірді шеше қылып алады. Кемпір әбден үйір болады. Аю жігіт аңға кетеді. Кемпір мен қыз әңгімелесіп бір-біріне ермек болып күнелтеді.

Бір күні кемпір қызға басын каратып отырады да:

— Қарағым, күйеуін жақсы көре ме?— дейді.

Қыз:

— Е, жақсы көреді, оны неге сұрадыңыз?— дейді кемпірге. Кемпір:

— Ой, шырағым, біз жас күнімізде күйеуімізді әр қалай сынаушы едік, қарағым. Сен осы күйеуінді сынап көрдің бе?— дейді. Қыз кемпірге:

— Шеше! Қалай сынаушы едіңіз? Мен қалай сынасам тура болады екен?— дейді.

— Ой, қарағым, біз әр түрлі сынаушы едік. Күйеуімізге жаның қай жерде болады. Сенің сүйгенің не, нені жақсы көресін деуші едік. Тағы анау-мынау сұрай беруші едік.

Сен, шырағым, күйеуінді сына, сынағанда жаның қай жерде деп сұра. Айтпаса болма, бүгіннен бастап сұра, сонда жақсы көрсе айтады, жек көрсе — айтпайды.

Қыз «жарайды» деп кешке келгенде сұрайды:

Жігіт айтпайды. Ертенінде кемпір: «Айтты ма?»— дейді. «Жоқ, айтпады»,— дейді қыз.

— Үшке дейін сұра, бүгін сұра, ертең сұра, сонда айтар,— дейді кемпір. Сонан қыз екі-үш күн сұрап, үшінші күн жігіт айтады: «Мен өзім садақты жақсы көруші ем, күнде ұйықтағанда жаным көк садақтың ұшында бөлады».

Ертенінде Аюбала аңға кеткен соң кемпірге қыз айтады. Кемпір қуанып: «Түу, жақсы көреді екен ғой, өмірлерін ұзақ болсын»,— деп жақсылық сөз айтады.

Кемпір жігіттің жанын қайда екенін білген соң бір күндері тұрады да, көк садақтың ұшын ағып жатқан өзенге лақтырып тастап, өзі кейін қашып еліне кетеді.

Бірнеше күнде еліне келіп ханға мәлім қылады. Танертен қыз тұрып оятса тұрмайды. Жігіттің өлетінін біліп, кемпір сұраған көк садақтың ұшы есіне түсіп, кемпірдің дұшпан екенін сонда ғана біледі.

Жылайды, зарлайды. Сабыр етіп жігітті орап төсекке жатқызып қояды. Сонан ханның елінен ханның уәзірлері келіп қызды алып кетеді. Еліне барған соң хан қызды күн қылады. Басына ақ отау тігіліп, мола болып Аюбала өліп қалады. Қыз кетерінде көк садақты басына жастап кетеді. Үйді бекітеді, аң кірмейтін қылады.

Жігіт пен қызды қоя тұрып, енді баяғы ханның қыздарын алып, ханның қасында қалған үш жолдасына келейік.

Үш жолдасы мал жалданып, жан жанданып кеткен екен дейді. Бір күні болжағыш жолдасы болжап отырып Аюбала сондайлық халге ұшырағанын біледі. Жолдастарына айтады, бәрі ақылдасып, қаруланып қос-қостан ат мініп іздеуге шығады. Сонда қырық жыл басып кеткен ізді білетін бір жолдасы ізбен келіп неше күндер жүріп іздеп табады. Келсе бір ақ отауда жатқан Аюбаланы көреді. Олай ойлап, былай ойлап көк садақты Аюбаланың бас жағынан тауып алып, көк садақтың ұшы өлгілердің есіне түсіп, болжағыш болжап, кемпірдің суға тастағанын біледі де, балық тілін білетін жолдасы судағы балықтан сұрайды. Балық тілін білетін адам судағы балықтан сұрастырып көк садақтың ұшын тауып алып, оны киік майымен майлап көк садақтың басына ұшын кигізіп, Аюбаланы үш күн ішінде тірілтіп алады.

Аюбала көрген-білгенін айтып, кемпірдің келгенін айтып жолдастарына түсіндіреді. Сонан сол жерден аттанып төртеуі бірдей қызды алған ханға келіп, бір түн ханды өлтіріп, күндікте жүрген Аюбала әйелін босатып алып, төрт жолдасымен сол елден олжалы болып қайтып келіп, үйді көшіртіп алып, ана үш жолдасының қасына барып, төртеуі бірдей дәурен сүріп тату болып өтіпті дейді.

ПАТШАНЫҢ ҮШ ҚЫЗЫ



ұрынғы өткен заманда бір патша болған екен. Оның үш қызы, әйелі болған екен. Патша қалаға түспек болып, үш қызынан сұрапты:

— Қыздарым, не алып келейін қаладан базарлыққа?

Үлкен қызы түрегеліп:

— Әке, маған маржан алып кел!— депті.

Кейін патша ортаншы қызынан:

— Қызым, саған не алып келейін,— деп сұрапты.

Ортаншы қызы түрегеліп:

— Маған бір алтын сақина алып кел! — депті.

Патша ең кіші қызынан сұрапты:

— Қызым, саған не алып келейін?— деп.

Қыз:

— Әке, мені ойлайсыз ғой, ойласаныз, маған бір жаңғақтың бұтағын алып кел!— депті.

Патша «мақұл» деп, арбасын қостырып қалаға жүріп кетті. Қалаға барып бір қанша жерге түсіп тұрса, бір кісі маржан алып кетіп барады екен. «Әй, кісі, маржаныңды қаншадан сатасың?»— деп сұрапты.

Кісі:

— Бес сомнан сатып жүрмін,— депті. Бес сомды беріп, маржанды қалтасына салып тұрса, бір кісі алтын сақина алып барады екен. Патша: «Ей, балам, қаншаға сатасың?»— деп сұрапты. Ол бала: «Алты сом»,— депті.

Ақшасын беріп, сақинаны қолына тағып, арбасына келіп мініп кетті. Кетіп бара жатып бір бауды көріп, «ең кіші қызым маған жаңғақтың бұтағын алып келіңіз деп еді ғой, есімнен шығып кетіпті ғой» деп, арбасынан түсіп бауға кірсе, жаңғақтар көп дейді. Жаңғағына қараса, алтын жаңғақ екен. Патша таң калып, «менің кіші қызым ақылды екен ғой» деп, сындырып алып кетіп бара жатқанда, бір аю шығып:

— Патша, менің бауымдағы жаңғақты неге аласыз?— деп сұрайды. Патша қыздарының айтқан сөздерінің бәрін айтады.

Аю:

— Мейлі, алып бар, бірақ қызыңды үш күннен кейін алып кел,— депті.

Патша қорқып:

— Неге алып келемін?— деп сұрапты.

Аю:

— Мен сенімен әзілдеспеймін, алып кел, болмаса өзім барып алып келемін,— депті.

Патша «мақұл» деп, арбасына түсіп кетіпті.

Қыздарына алған нәрселерін беріп, өзі қапа болып жүріпті.

Әйелі:

— Неге қапа боласың?— деп сұрапты. Патша бағанағы аюдың айтқан сөзін бәрін айтыпты. Әйелі:

— Қой, қапа болма, қызым үшін өзім барамын,— депті. Сондай деп отырғанын қызы естіп:

— Апа, сен барма, мен өзім барамын, бұл пәленің бәрі менен болған екен,— деп жылапты. Аңадағы аюдың үш күні өтіп кеткен екен. Бір заман қараса, бір аю келе жатыр. Келіп:

— Қане қызың?— деп сұрапты.

Патша:

— Мынау! — деп көрсетіпті.

Аю:

— Қызыңды киіндір! — депті. Қызын киіндіріп, қыз бен аю арбаға түсін кетті. Барып-барып бауға келіп:

— Қане, түс!— депті қызға қарап,— менің соңымнан жүр,— депті де кете берді. Барып бір жердің астына түсті.

Қыз кейіннен бір есік ашты, қараңғы, тағы біреуін апса, жап-жарық алтын сарай, жаңағы аю әдемі жігіт болып кетіпті:

Жігіт қызға:

— Сен маған күйеуге ти!— депті. Қыз өзі қайран болып қалды, жаңағы әдемі жігіт болғанына. Қыз «мақұл» деп, қызды жігіт алмақшы болып, той қылып, қыздың әке-шешесін шақырды. Әкесі мен шешесі келді. Сөйтіп қызды аю алды.

АХМЕТБЕК ПЕН ХАСЕН



ртеде бір хан болыпты. Ханның қырық уәзірі болыпты. Хан да, ханның бас уәзірі де көпке дейін бала көрмей жүріп, бір күні екеуінің қатыны да ұл тауыпты. Хан баласының атын — Хасен, уәзірі — Ахметбек қояды. Бұл балаларын туғаннан бірге тәрбиелейді, оқытады. Он бес жасында екеуі де үлкен ғалым болады. Бір күні кітаптан бір ханның қызының жазғанын көреді. Онда былай депті:

«Пәленше жерде, пәлен шаһарда, пәлен деген ханның қызының бір жұмбағы бар. Сол жұмбағын шешкен кісіге тиеді, шешсе алмаған кісінің басын алады» дейді.

Жұмбағын шешуге талай адам барып шеше алмай басын алдырған. Осы хабарды естіп Ахметбек пен Хасен: «Біз неше жыл оқыдық, өлсек осының соңында өлейік, әйтпесе жұмбағын шешіп, осы қызды алып келейік»,— деп екеуі жолға түсіп кетеді.

Екеуі жолшыбай жүріп келе жатып, бір елсізге кез болады. Ел таба алмай зарығып келе жатса, алдарынан бір жақсы сарай үйі кездеседі. Екеуі қуанып кетіп, аттарынан түсе салып үйге кірсе, үйде адам жоқ, үлкен бір таза сарай екен дейді. Екеуі үйді көріп «не де болса бүгін осында болып шығайық» деп, аттарын доғарайын деп тысқа шықса, аттары өзі доғарылып қалыпты, қайта үйге кірген. Шай жасаулы тұр дейді. Шайға отырған екен, шай өзінеп-өзі құйыла бастапты. Содан екеуі шайды ішіп болып енді атты отқа жіберейін деп тысқа шықса, аттары отқа жайылып қалыпты. Үйге қайта кірген екен, екі төсек салынып қойыпты. Екеуі екі төсекке жатуға қорқып «екеуіміз бір төсекке жатып түнімен ұйықтамайық бір күнде ояу-ақ шығайық, осы үйде бір сұмлық бар ғой» деседі. «Ал, енді ұйықтамасақ ермек болсын, бір өңгіме айт, Ахметбек»,— дейді Хасен.

Ахметбек бір ұзақ еңгіме айтып жатқанда таңға да таяп кетіпті. Хасен ұйықтап та қалады. Ахметбек жалғыз өзі ұйықтамай жатады. Бір уақытта бір бұрыштан: «Осы екеуі қайда

барады?»— деген дауыс шығады. Карсы бұрыштан: «Бұлар әлгі пәлен ханның қызының жұмбағын шешеміз деп барады. Оны Ахметбек шешеді де, ол қызды бұлар алады, бірақ оны қайтарда бұларды өлтіріп, мен аламын,»— дейді. Бірінші бұрыштағы дауыс:

— Е, қалай өлтіресің?— дейді. Соңғы дауыс:

— Қайтарда бұлар тағы осы үйге келеді. Бұл үйден бұлар тамақтанады, сонда өлтіріп, қызды аламын.

Манағы дауыс: «Бұлар қайтуда мұнда келмейді, үйткені Ахметбек енді сенің бар екенінді біледі, келмейді»— дейді.

Соңғы бұрыштан:

— Егер бұнда түнемесе бұлар екінші конарлыққа жете алмайды, аттары шаршайды, өздері жаяу жүріп әбден табандары ауырады, сол кезде шылбырымды шұбатып ер-тоқымды қара арғымақ болып шыға келем, сонда қыз мінсе, алып қашып кетем. Ахметбек пен Хасеннің бірі мінсе, тулап жығып өлтіріп кетем. Оған болмаса, алдарынан күміс бұлақ болып ағып жата қоям, сол суды шөлдеп зарығып келе жатқан ел жабырлап ішеді. Сонда қыздан басқасына у болып тием, сүйтіп барып алам, әйтпесе тіпті ала алмайтын болсам үйіне барып жатқанда қыздың бетінен жылан болып шағып өлтірем. Ішіме күйік болғанша маған да, оған да жоқ қыламын,— дейді.

Алғашқы бұрыш жақтан шыққан дауыс:

— Сенің осы сөйлегеніңнің бәрін Ахметбек біліп жатыр. Сенің осы айтқаныңның бәрін де істетпейді,— дейді.

Соңғы бұрыштан шыққан дауыс:

— Егер Ахметбек осыны біліп, біреуге айтатын болса, қара тас болып қатсын,— дейді.

Сонымен екеуінің сөзі бітеді. Таң да ата бастайды. Ахметбек ұйықтамастан танды атқызып, бар жайды біліп алады. Таң атқан соң Хасенді оятып, тысқа шығып беттерін жуып келсе, шай жасаулы түр екен. Шайды ішіп, тысқа шыкса аттары жегулі түр екен. Арбаларына мініп жүріп кетеді. Хасен: «Мынау көрім болды, тағы қайтарда осында келіп бір тынығып аламыз»,— деп бой бермей келе жатады. Ахметбек таласпай жүре береді, бірақ әйтеуір «қайтуда бұл үйге қонбаймыз» дейді.

Жолда бірнеше күн жүрін, екеуі бір күні өздері іздеп келе жатқан хандыкіне жетеді. Хан бұларды алдынан күткізіп алып, бөлек үй тіккізіп береді. Бірнеше күн жатқаннан кейін қызына сөз салады. «Біз осылай жұмбақ шеше келіп едік, рұқсат болса сол жұмбағын естісек екен»,— дейді.

Қыз шақырып алады да, жұмбағын айтады, жұмбағы мынау екен: «Бір үш жолдас болып, ол үшеуінің біреуінің дүние жүзін көретін құралы, біреуінің көзді ашып-жұмғанша дүние жүзінің қай жеріне болса да ұшып баратын, біреуінің қандай аурудан

болса да өлген адамды тірілтіп алатын құралы бар екен. Бір күні жердің жүзін қарайтын қарап жіберіп, бір байдың қызы өліп, көміп жатқанын көреді де, үшеуі сол жерге барып, қызды тірілтеді. Бай ырза болып, қызын әлгілерге бермек болады. Енді осы қызды үшеуінің қайсысы алу керек?»— дейді. Жұмбақ осы екен.

Ахметбек тұрады да: «Тандау қызда болады да, қыз қай сүйгеніне тиеді де»,— дейді. Шешуі дұрысында осылай болады. Қыз Ахметбектік болады. Бірақ Ахметбек қызды өзі алмайды, Хасенге береді. Ахметбекке дейін шешушілердің біреуі тірілтушіге тиеді, біреуі көрушіге тиеді, біреуі баратынға тиеді деген екен, бұлардың барлығының да басы алынған екен.

Әкесі қызды бірнеше жасау артып, жігіт қосып жөнелтеді. Жол бойы жүріп отырып, тап қонарлық уақта жолдағы үйге келеді. Хасен қонайық десе, болмай Ахметбек қондырмайды, алып өтеді. Хасен: «Апырмай, Ахметбек, шаршап-шалдығып жеткенде өнеугіде рахаттанып жатқан үйге қондырмағаның не?»— деп ренжіп қалады.

Ахметбек:

— Хасен, мен саған қастық істемеймін ғой, менің айтқанымды істей берсеңші,— дейді.

Тағы да әр-бері жүрген соң алдарынан бір әйбәт бұлақ ағып жатады. Хасен айғай салып:

— Әй, жүкті тоқтатындар, осы бұлақ басында қонамыз,— дейді. Ахметбек жүгіріп барып бір дұғаны оқып, суды қамшымен тартып-тартып жібергенде су жоғалып кетеді.

Хасен тағы да ренжіп:

— Ахметбек, сенің мұның қалай, жаңа ана жерге қондырмадың, енді қонайық деп келе жатқан суды жоғалтып жібердің, әлде қатыныңды өзің алмаған соң біз не болса, сол болсын деп келе жатқан боларсың,— деді.

Ахметбек еш нәрсе демей жүре береді. Енді біраз жүрген соң алдарынан шылбырын шұбалтып бір ер-тоқымды қара арғымақ шыға келеді. Хасен: «Мінеміз, ұстандар!»— деп үмтылады. Ахметбек жүгіріп барып арғымақты бастан қамшымен тартып-тартып жібереді. Арғымақ жөк болып кетеді. Хасен тағы да ренжіп, аузына келгенін сөйлей береді. Ахметбек еш нәрсе демей жүре береді. Бірнеше күн жүріп, аман-есен еліне келеді. Бірнеше күн той істейді. Ахметбек түнде ұйықтамай Хасендікіне жатып, енді жылан болып келуін аңиды. Бір күні таңға жақын көзі ілініп кеткенде Хасеннің қатыны шар ете түседі. Ахметбек көзін ашып алса, қатын талып қалыпты. Бетін жаңа ғана шағып бір қара шұбар жылан төсектен түсіп барады екен. Ахметбек төсектен атып тұрып жыланды өлтіріп, босағаға тыға салып, қатынының бетіндегі жылан шаққан жерін сорып алып түкіріп

тастайды. Сол уақытта Хасен оянып кетіп: «Ұйықтап жатқанымда қатынымның бетін сүйдің,— деп әлек салады.— Қатынды өзін-ақ ал, мен саған әуелден айтқамын. Өнеугі жол бойы істеп келгенің анау»,— деп қатыннан безіп отырып алады. Ахметбек сонан соң отырып бастан-аяқ бар әңгімесін айтады. Екеуі бара жатқандағы жолдағы иесіз үйден естіген әңгімесін айтады. Босағаға олтіріп тыққан жыланды көрсетеді. «Бетінен сенің қатынына қызығып сүйгем жоқ, жыланның уын қайтаруға сүйгем»,— деп соңғы сөзін айта береді де, қара тас болып қатады. Қатын мен Хасен жылап-жылап бақшасының ішінен бір жақсы орын жасап, тасты соған қойып сақтайды да отырады.

Сүйтіп жүргенде екі жыл өтеді. Бір еркек бала болады. Ол да екіге келеді. Бір күні бір бақсыны ерттіп келіп Хасен: «Ахметбекті тірілтуге бола ма?»— деп сұрайды. Бақсы: «Осы баланды тірідей тастың үстіне тұрғызып қойып қан шығарсаң тіріледі»,— дейді. Хасен қатынымен ақылдасып «басымыз жас қой, бала табылар, Ахметбектей жолдас табылмас» деп, баласын жетелеп келіп, тасқа тұрғызып қойып, екеуі екі қолынан ұстап тұрып қан шығарады. Сол уақта Ахметбек ұшып тұра келеді. Екеуі бас салып Ахметбекке кезек-кезек көрісіп-амандасып үйіне ерттіп келеді. Ахметбек те өзі сүйген бір қызын алып, екеуі бірге тұрып дәурен сүреді.

ҚАРАМОЛДА



ртеде бір кемпір мен шал өтіпті. Онын баласы болмайтын. Кемпір мен шал өлер халіне келіпті. Бір күні кемпір құдайдың құдіретімен дым сезбей ауырыпты. Шалдың «өлін қала ма» деп көзі алақтап, елден бақсы, балгер іздепті.

«Ел құлағы елу» деген ұзынқұлақтан «бір Қарамолда деген молда бар, үшкіргені қате кетпейді» деген хабар естіледі. Шал Қарамолданы іздейді. Қарамолда деген түсі суық кісі екен. Өзі бай, қолынан келмейтіні жоқ. Жалғыз-ақ бір еркек кіндікке зар екен. Бала дегенде үш қызы бар екен. Іздеп жүріп шал тауып алады. Молданы шақырып үйіне әкеліп қонақ қылып, кемпірін қаратты. Бір жұма қона жатып кемпірді емдеді. Кемпір тәуір болды. Молда қайтуға айналды. Молдаға жалғыз сиырдың бұзауына ен салдырды. Молда дұғасын қылып батасын берді. Кемпірге:

— Бір айдан кейін екі қабат боласын, толғатарда мені шақыр, атын өзім қоямын,— деді. «Жарайды»,— деп кемпір-шал батасын

алып қала берді. Кемпір-шал кәсібін істеп жүре берді. Тоғыз ай, тоғыз күні толды дегенде кемпір толғатты. Молданың айтқаны бойынша, шал молдаға шапты. Молданы алып келді. Молда келген соң кешікпей-ақ бала да туды. Бала еркек бала. Молда алып айтып, Көрім деп атын қойды. Молда:

— Бала алты жасқа толғанда өзіме оқуға жібер, өзім оқытып адам қып шығарам,— деді.

Молда үйіне қайтты. Кемпір-шал тілек тілеп жата берді. Бала алты жасқа толды. Молданың айтуы бойынша, баланы апарып бермек болып еді, кемпір жылап бергісі келмеді. Бірақ шал:— Әуелі құдай, екінші молданың дұғасымен осы халге келдік,— деп кемпірге болмай, шал баланы жетектеп Қарамолдаға алып барып берді. Қарамолда: «Өзім шақырмай келме»,— деді. Баласын «сағынам ғой» деп, жылай-жылай шал да қайтты. Үйіне келсе, кемпір де жылаумен күнді батырып отыр. Оған шал қосылды. Жылай-жылай екеуі отыра берді. Айлардан ай, жылдардан жыл өтті. Кемпір-шал баласын сағынды. Шалға кемпір де тыныштық бермеді. Шалға қиын болды. Бірден баласын ойласа, екіншіден кемпір мазасын ала берді. Сасқанынан шал баласына бармақшы болды. Бірақ молданың «шақырмай келме» дегені тағы да есіне түсті. «Тым болмаса бір көріп, бір сүйіп мауқымды басайын деп келіп деп айтармын» деп, шал молданың үйіне қарай бет алып түріп кетті. Таңертең ертемен намаздан тұрып, молданы үйінен табылып деп, ерте келді. Келсе молда жаңа ғана тұрып, намазға шыққан екен. Сәлем беріп амандасып болған соң молда: «Неге келдің?»— деп сұрады. «Баламды сағынған соң көріп, бір сүйейін деп едім»,— деді. Молда: «Шақырмай келме дегенім қайда? Балаң өліпті таяқ деп таныған жоқ. Өзім шақырмай келме»,— деп ұрысты. Шал байғұс жылай-жылай көзінің жасын жеңімен сүртіп, үйіне қарай аяңдады. Молданың сарайынан аса беріп еді, сарайдан алдында бір жігіт тұр екен. Шалдың алдынан шығып, сәлем берді де: «Ата, неге жылап келе жатырсыз?»— деді. «Ой, қарағым-ай, жалғыз қартайғанда көрген балам бар еді. Мына Қарамолда оқытамын деп алып еді. Сол баламды сағынып келіп едім. Молда ұрсып жіберді. Соған жылап барамын»,— деді.

Жігіт:

— Ата, олай болса, жылама. Ол баланыз мен болармын,— деді. Шал қуанып, баласының бетінен сүйіп, мауқын басты.

— Қарағым, енді сені мен қалай көріп тұрамын?— деді.

— Ертең ертемен намаздан тұр да, осы сарайдың сыртында тесік бар соған келіп тұр. Тесіктен төрт құс қашып шығады. Соның үшеуін санап жібер де, төртіншісін ұстап ал да жіберме. Молда: «Бұл кім, құсымды әуре қылып жүрген, қоя бер»,— дер. Оны тындамай алып жүре бер,— деді. «Жарайды»,— деп шал қуанып үйіне қайтты. Кемпіріне көрген-білгенін айтып,

қуандырды. Шалдың ішкен тамағы бойына жана тарады. Ертең ертемен тұрып, намазын оқи жүгіріп Қарамолданың шаһарына қарай жөнелді. Жұрт тұрмай баласынын айтуы бойынша, сарайдың сыртқы жағындағы тесікке келіп тұрды. Біраздан кейін тесіктен көк кептерлер ұша бастады. Үшеуін санап жіберіп, төртіншісін ұстап шал қойнына тығып алды. «Құсымды әуре қылып жүрген бұл кім?»— деп молда айғай салды. Шал тыңдамады да, құсты алып жүре берді. Сүйтсе, алдыңғы ұшқан ұш құс — молданың ұш қызы екен. Мынау соңғысы шалдың баласы екен. Ұлы болмаған соң молда әкесін ұмыттырып өзі бала қылып алмақшы екен. Молда бұл жігітті қыздарымен бірге оқытып, бірге тәрбиелеп жүр екен. Бұл жігіт өте сұлу, оқуда отырғанда сабаққа да жақсы. Молданың кіші қызы бұған ғашық еді. Бұл жігіттің аламын деген сөзі де бар еді. Сонымен құсты қойнына тығып былай барған соң, құсы бір жігіт болып тұра келеді. Әңгімелесіп отырып қалай жеткенін білмей де қалады. Үйіне келіп кемпірді қуантты. Біраз мауқын басқан соң бала әкесіне тұрып:

— Әке, мен мал табайын,— деді. — Танертең мен әдемі жирен қасқа арғымақ боламын. Мұны мін де базарға шық. Сатамысың деген адам болса сатамын де. Қанша сұрайсың десе, он мың ділда де. Бірақ ноктамен жіберме, ноктанды алып қалып отыр,— деді.

Таң атты, бала әдемі, жүні құндыздай жылтырайтын жорға жирен қасқа арғымақ болды. Шал нокталап мініп алды. Жорғалатып базарға салды. Базарда біреу тұрып:

— Ей, арғымағынды сатасың ба?— деді.

— Сатам!

— Әй, не сұрайсың?

— Он мың ділда сұраймын.

— Түсіп ақшанды ал,— деді.

Шал бұрын ондай ақша ұстап көрмеген, байғұс, ақшасын санап алды да, есі шығып, ноктасын ұмыта кете барды. Кешке баласы жетіп келді.

— Әке, ақшаң түгел ме екен?— деді.

— Ақшам түгел-ау, бірақ ноктамды ұмытып кетіппін,— деді.

— Оқасы жоқ,— деді.

— Енді қара қасқа арғымақ боламын. Базарда менен жақсы арғымақ болмайды. Жалғыз-ақ ақшанды дұрыс санап ал да, ноктамды ұмытпа,— деді.

Таң атты, енді қара қасқа арғымақ болды. Әдемілігі сондай, мұндай арғымақ бүкіл базарда жоқ еді. Шал жорғалатып мініп келіп еді, екі жақтан екі адам:

— Арғымағынды сатасың ба?— деп сұрады.

— Сатамын.

— Не сұрайсың?

— Он мың ділда тұрады,— деді.

Екі адам таласып алды. Сонымен жүріп ноктасын тағы ұмытып кетті. Кешкісін баласы қайтып келді.

— Өке, ақшаң түгел ме?— деді.

— Ой қарағым, ақшам түгел-ау, бірақ ноктамды ұмытып кеттім,— деді.

— Енді ноктамды ұмытпа, енді Қарамолда неғып алмас екен,— деді.

Енді бір кара көк арғымақ болды. Бұрынғысы бұрынғы ма, мынау онан да әдемі болды.

Қарамолда бұл баланың айла істейтінін біледі. «Енді қалай сопыма түсірер екенмін»,— деп аңдып жүреді. Бүгін шал атын мініп шыққан күні аңдып тұрып, базарға кіргізбей даладан сұрағанын беріп, шалдың атын алып кетті. Шал байғұс ноктасын ұмытып кете барды. Қарамолда арғымақты алып келіп, темір үйге байлап, төрт тұяғын қыл арқанмен бұрыла алмастай қылып иегеден тастап, темір үйді мықтап құлыптап қойды. Мұны молданың кіші қызы сезді де, саңлаудан торғай болып кіріп сөйлесті де, «уәденде болсаң, сені шығарамын» деді.

— Мен шығар, шығарма деп жалынбаймын, бірақ мен айтқан уәдеменен танбаймын,— деді.

Молда елін аралап кетті. Молданың үш қызы отырып әңгіме соғысты. «Әкеміз бір жақсы ат әкеліп қойыпты. Соны көрейік»,— десті. Үлкен апаларына ортаншы қыз бен кіші қыз:

— Сен апамнан кілтті сұрап әкел. Көрейік,— деді. Үлкен шалың ойында дөнене жоқ. Шешелерінен кілтті сұрап алып ітрлі. Андаусызда кіші қызы сиқырмен арғымақтың аяғының шетесін шығарып жіберді. Қыздар атты далаға алып шықты. Далаға шығарған соң ат тыпырлап тұрмады. Кіші қыз: «Сұрайық, жануардың су ішкісі келіп тұрған шығар»,— деді.

Кіші қызы ақылды, апалары оның айтқанына тік тұратын. Олар түгіл әкесі де бұл қыздан ақыл сұрап отыратын. «Жарайды»,— деп құдыққа алып келді. Екі үлкен қыз қауға тартып жатқанда кіші қыз ноктаны сыпырып алды. Ат шабақ балық болып, құдыққа түсіп кетті. Қыздар әкесіне не деп айтарын білмей састы. Бірақ кіші қыз жауапты сияқты емес. Үртенінде молда келді. Аттың құдыққа түсіп кеткені айтылды. Молда да құдыққа шортан балық болып түсіп қуып кетті. Шабак құшақтан ішінен жанын қоярға жер таба алмай, құдықтың бойымен қашты. Ол қашып келеді, шортан қуып келеді. Құшақтың көзімен жүріп қашып отырып бір үлкен дарияға кесталды. Дариямен жағалап қашып келе жатса, бір қыз дарияға көңілі жуып отыр екен. Сол қыздың қолына алтын сакина болып көгілде қанды. Шортан судан кісі болып түрегеліп «сакинамды

бер» деп жабысты. Беру кайда, ханның қызы екен, қолына сақина түскен соң жанындағы нөкер қыздарын жұмсап молданы әжуа қылып, тамам қыздар мандарына жолатпады. Сүйтіп, қыздар үйлеріне қайтты. Ханның қызы әкесінен көрімдік сұрап сақинасын көрсетті. Хан: «жарайды, қарағым, мандайыңа қарай кездескен шығар»,— деді. Кешке сақинасын жатарда қалтасына салайын деп қолынан суырып алып еді, сақинаға тіл бітті.

Сақина:

— Мен сақина емес, адам едім, егер шошымасаң адам қалпына келейін,— деді.

Басында қыз шошып кетсе де, артынан қуанып, адам қалпына келуіне рұқсат берді. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар сұлу жігіт болып тұра келді. Қыз бен екеуі кең өзілге кірді. Жігіт қызға:

— Кешегі кісі кеткен жоқ, ертең алдыңнан шығады. Сен ертең серуенге шыққанда жаныңа жалғыз-ақ қыз алып шық. Ол Қарамолда, мен көрген Қарамолда тірі болса, ертең алдыңнан шығады. Сол уақытта сақинасын сұраса: «Сақинаң да құры, өзің де құры!» деп лақтырып жібер. Мен тары болып шашылып кетем. Сонда шетте бір тары болып жеке барып жатам. Сол жеке жатқан тарыны табаныңмен басып тұр! Молда тауық болып тарыны тереді. Басқа тарыны тауысқан соң табаныңның астындағы тарыға келеді. Ол тарыны ала алмас, ала алмаған соң тышқан болып қазар, сол уақытта табаныңды көтеріп қалғайсың,— деді. «Жарайды!»— десті. Ол түн ойын-сауықпен өтті. Таң атып келе жатқанда сақинаны қолына салып алып жатып қалды. Тан атқан соң қыз серуенге шықты. Жанына жалғыз-ақ қыз ертіп шықты. Айтқанындай, Қарамолда жетіп келіп сақинасын сұрады.

Қыз:

— Сақинаң да құрысын, өзің де құры!— деп сақинаны лақтырып жіберді. Сақина тары болып шашылып кетті. Молда тауық болып, тарыны тере бастады. Бір оңаша жатқан тарыны қыз табанымен басып тұрды. Басқа тарыны теріп болып, тауық қыздың табанының астындағы тарыға келді. Табанының ол жағына бір шықты, бұл жағына бір шықты. Ала алмаған соң тышқан болып, аяқтың астын қаза бастады. Қыз табанын көтеріп қалғанда тары шолақ мысық болып келіп, Қарамолданың мойнын қиып жіберді. Сонан кейін қыз жігітпен құшақтасып келіп, әкесіне:

— Сақинам жігіт болды, шүйінші бер,— деді.

Хан қуанғанынан: «Шүйіншісіне өзінді сол жігітке қостым»,— деді. Қыз қуанып қабыл алды. Онымен бірге хан жігітке тағын берді. Сонымен жігіт біраз уақыт хан болып тұрды.

Күндерде бір күн әкесі есіне түсті. Атасынан әке-шешесіне

баруға ұлықсат сұрады. Атасы ұлықсат берумен бірге тоғыз парға жүк артып, жасау-мүлік артып шығарып салды. Жігіт әке-шешесін қуантып, Қрамолданың шаһарына келсе, бұрынғы қалпында тұр екен. Қрамолданың кіші қызы мұны күтіп отыр екен. Жігіттің басқа әйел алғанын көрген соң қыздың көңілі бұнылып, жігітке: «Сен бұрынғы уәдең бойынша алсаң алдың мені, алмасаң осы қаланы түгелімен өртеп жіберемін»,— деді. Қыздың бұл сөзінен аса алмай, ол қызды тоқалдыққа алып, шалдың қараша үйінің екі жағынан екі ақ отау тіккізіп, хан тағына мініп, барлық мұратына жетіпті.

ЖОҒАЛҒАН ХАН ҚЫЗЫ



Ертеде бір ханның жалғыз қызы болыпты. Хан қызын жанынан тастамайды екен, қайда барса сонда бірге ертіп барады екен. Бір күні хан қызын бір сапарға қалдырып, көрші елдегі ханға қонаққа кетіпті. Хан кеткен соң, қалаға дүниесе жоқ бір алтын кеме пайда болады. Кемені көрмеген жан қаламанды. Ең соңында ханның қызы көруге кірсе, кеме хан қызын алып, көзден ғайып болады.

Хан келсе қызы жоқ, не болғанын білмейді. Ел естірте алмай, өсі шығып, даң болды. Хан жұртын жинап:

— Уа, халайық, қызымды тауып әкелген кісіге қызымды және қандығымды қосып беремін,— деп жар салады.

Сонда басқа елден келген бір жігіт:

— Тақсыр, қызыңызды мен тауып әкелейін, маған он кісі покермен бір кеме жасатып беріңіз,— дейді.

— Күн, балам, сұрағаның болсын! Айтқаныңның бәрі де табып болады, тек жалғызымды тауып әкелсең болғаны,— дейді хан.

Жігіт покерлермен ұзақ сапар шегеді. Кемені жүргізуді ешкім білмейді, кеме өз бетімен жүре береді. Бірнеше күн өткеннен кейін кеме бір аралға келіп тоқтайды. Кеме тоқтаған соң, жігіт жағаға шықты, іздеп жүріп, бір қораға кез болды. Жігіт он покерін қызды іздеуге жіберіп, өзі үйде қалды. Ол енді не болар екен деп, аң-таң болып отырғанда, бойы бір қарыс, сикалы қырық қарыс бір шал үйге кірді. Шалмен екеуі алыса кетті. Екеуі екі күн, екі түн алысты. Ақыры шал қорыққанынан шығып айтты. Жігіт шалдың басын кесіп өлтірген соң, покерлерін ертіп, шалдың айтуы бойынша, қыздың тұрған жерін таппақ болды. Қыз жеті кабат жердің астында екен.

Жердің астына түсерде жігіт нөкерлеріне айтты:

— Мені үш күн осы жерде күтіндер, үш күнде келмесем елге қайта беріндер!— дейді.

Жігіт жердің астына түсіп келе жатып үлкен бір сарайды көрді. Сарайдың ішіне кірді. Қырық есіктен өтіп, қырық бірінші есікті ашса, ішінде ай мен күндей сұлу қыз отыр. Сөйлесе келсе, ханның жоғалған қызы осы екен. Жігіт қызды қолынан ұстап сыртқа алып шықты. Бірақ қастық ойлаған нөкерлері бір жак болып, жігітті жеті қабат жердің астына қайта түсіріп, өздері қызды алып жүріп кетті.

Олар қызға келіп: «Құтқарған осылар деп айт, айтпасаң өлесің, ең үлкенімізге тиесің»,— деп, қызды қорқытып көндірді. Тірі қалған жігіт жер астындағы сарайды аралап жүріп, есігінде үлкен қара құлып тұрған бір үйге келді. Құлыпты ашып кірсе, үш балапан шырылдап айнала ұшып жүр. Қараса, жеті басты айдаһар ысылдап тұр екен. Жігіт айдаһарды қылышпен шауып өлтіріп, балапандарды өлімнен құтқарды. Бір кезде күн күркіреп, нажағай ойнады. Жоғары қараса жауындатып, борандатып келе жатқан алып қара құс екен. Балапандарының амандығын көрген алып құс жігітке:

— Адамзат, не тілегің бар?— дейді.

— Мені жердің үстіне шығар,— дейді жігіт. «Жақсылыққа жақсылық»,— деп алып құс оны жер үстіне шығарады.

Жігіт үстіне жалба-жұлба киім киіп, баяғы өзі кеткен ханның еліне тазша болып келді. Келсе, хан қызын нөкердің ең үлкеніне қосқалы жатыр екен. Тойдың отыз күн ойыны бітіп, қырық күн тойының ақырғы күні қалған екен. Қыз жігітін танып, әкесіне: «Мені құтқарған нөкерлер емес, мынау тұрған жігіт»,— деп өзінің көрген-білгенін айтты. Хан жаза кесіп, нөкерлерді өлтіріпті. Жігітке қызын да, хандығын да беріп, қайтадан ойын-тойын жасатыпты.

КҮЙЕУ ТАҢДАҒАН ҚЫЗ



аяғыда бір ханның елден асқан ақылды, сұлу қызы болыпты. Хан қызын ешкімге атастырмапты. «Қызым кімді сүйсе, соған барсын»,— дейді екен. Күндерде күндер өткенде, ханның қызы әкесіне сөз салады.

— Менің ерге шығатын уақытым болды, кімде-кім көңіліме жағатындай сыйлық әкелсе, сол кісіге ризалығымды беремін, егер көңіліме ұнамаса, сыйлық әкелген кісінің басын аламын,—

леді. Әкесі қызының айтқан сөзін мақұлдап, шаһардағы халыққа жар салыпты.

— Ей, халайық, кімде-кім қызымның көңіліне жағатындай сыйлық әкелсе, қызымды соған берем, егерде сыйлық қызымның көңіліне толмаса, сол кісінің басын алам,— дейді хан.

Хан қызының сұлулығына есі ауған жігіттер, байдың мырзалары жер-жерден келіп жатады. Бірі ішік, бірі патсайы көпесік, енді бірі неше түрмен әшекейлене алтындалған етік әкеледі. Хан қызының көңіліне бір де бірі жақпайды, сыйлық әкелген кісілердің басы алынады. Кесілген бас бір төбе болған екен. Осы мезгілде үш шаһардан үш кісі шығып, хан елінің күре жолына келгенде үшеуі бір-біріне жолығады. Бірінде кілем, екіншісінде айна, үшіншісінде бір алма болады. Үш адам хан қызына әкеле жатқан сыйлықтарының қасиеттерін айтады.

Бірінші жігіт: «Менің кілемім көзді ашып-жұмғанша қалаған жеріңе жеткізеді»,— дейді.

Екінші жігіт: «Егер де менің айнама қарасаң, жер үстінде не болып жатқанын көресің»,— дейді.

Үшінші жігіт: «Менің алмам жанға шипа, төнге дәрі. Егер алманы жесе, өлген адам тіріледі»,— дейді.

Осы кезде кілемі бар жігіт айнасы бар жігітке: «Айнаңа қарашы, жер үстінде не болып жатыр екен»,— дейді. Айнаға қараса, хан қызы кірпігі ғана қимылдап, әл үстінде жатыр екен дейді. Мұны көрген үш жігіт кілемге отырып алып, хан қызына жетіп келеді. Алмасы бар жігіт алмасын жегізіп, қызды тірілтіп алады. Үшеуі де әкелген сыйлықтарын тірілген хан қызының алдына тартады. Хан қызы кілемді өз иесіне, айнаны да өз иесіне қайтарып береді. Ал, алмасын жеген жігітке тимек болады.

Сонда кілемі, айнасы бар жігіттер тұрып: «Біздің сыйлығымыз ешкімдікінен де кем емес, егер айнамен қарап көрмесек, кілеммен жылдам ұшып келмесек, сен өлген болар едің, ал сен алма әкелген жігітке тидің»,— деп өкпе айтады.

Сонда қыз тұрып былай дейді:

— Кеш келсе де ол жігіт тірілтіп алар еді. Бұл бір, екіншіден, мен алмасын жеп қойдым. Енді мен ол алманы қайтарып бере алмаймын. Ал сендердің айналарың мен кілемдерін өздеріңе,— дейді. Екі жігіт сөзден жеңіліп, еліне қайтып кетеді. Қыз алма әкеліп тірілткен жігітке қосылады.



рте-ерте ертеде, ешкі күйрығы келтеде, ел ханға қарағанда, хан елді алдағанда — бір би болыпты. Ол бидің жалғыз баласы болыпты. Өзі ол замандағы оқуды тауысқан сондай сауатты және салауатты болыпты және қатарынан асқан сұлу жігіт болған. Баласы жиырмаға келген соң, оқуды бітіргеннен кейін би баласын шақырып алып: «Балам, енді үйлен, мен қызығыңды көріп, немеремді сүйер ме екенмін»,— дейді. Онда баласы: «Жарар, ата, өзіме ыңғайлы сұлу қыз болса, үйлену қиын емес қой»,— деп жүре беріпті. Атасы бірнеше қыздарды көрсетсе, оны бала жаратпай, алмаймын депті. Сонан кейін атасының көңілі қалып, баласына ашуланып халқын жинап алып: «Халқым, мен баламнан көңілім қалды, ол енді үйленбесе мен онымен бірге тұрмаймын»,— депті.— Енді сіздерден сұрайтыным, маған әдемілеп сол балама арнап үй салып беруге жәрдем етіңдер»,— дейді. Оған халық «бұныңыз дұрыс» деп, жәрдем беріп, халық берсе көл деген, бір ай ішінде жақсы екі бөлмелі үй салынып шығады. Сонан кейін би баласын сол үйге кіргізіп, өзі сыртынан қарап тұратын адамдар қояды, өзі қатынауды да қояды. Баласы көп кітаптарды оқып ермек етіп жата береді. Сол заманда тағы бір ханның қызы асқан сұлу болса керек, ол қыз да күйеу тандап, еш адамды жаратпай, өз алдына бір үй салдырып алып, бұл да жалғыз тұрады екен.

Бұрынғының айтуы бойынша, дүние жүзінде бір-екі пері екіге бөлініпті, бөлініп алып түнге қарай ел аралап жүреді екен, біреуінің аты — Дәу пері, екіншісінің аты — Шолақ пері болады. Сол екі пері бір түні жер жүзін аралауға шығып, екеуі екіге жер жүзін бөліп алып, Дәу пері Азияны аралауға, Шолақ пері Европаны аралауға кетіпті. Дәу пері Азияның жартысын аралап болып, енді жартысын аралап келе жатса, бір үйдің терезесінен жарық көрінеді. «Бұл не қылған жарық» деп, жақын келіп терезеден қараса, бір жақсы жігіт ұйықтап жатыр екен. Соның нұр сәулесі үйдің ішін жарық етіп, терезеге де түсіп тұрған сол екен. Мұны көріп Дәу пері таң қалып, аузы аңқайып тұра береді. Бір уақытта, Шолақ пері өзінің аралайтын жерін аралап бітіріп Дәу перімен уәделі жерге келген соң, «бұған не болған» деп, іздеп келе жатса, баяғы терезенің тұсында үніліп қарап тұрған Дәу періні көреді. «Ау, сен не қылып тұрсың?»— деп қасына келеді. Сонда Дәу пері: «Мұнда кел, қызық көресің»,— деп, Шолақ періні шақырып өзі көрген жігітті көрсетіпті. Онда Шолақ пері айтады: «Ой, осы да сұлу болып па, ой, мен бір қыз көрдім, ол мұнан екі есе артық сұлулығы»,— дейді. Онда Дәу

пері: «Жоқ, мұнан артық адам баласының сұлулығы аспайды»,— дейді. Онда Шолақ пері: «Жоқ, менің көрген қызымнан артық сұлу болмайды»,— деп екеуі таласа-таласа төбелесіп те қалыпты. Оларды көретін жан жоқ, екі пері төбелескесін оңай болсын ба? Сойгін төбелесе, төбелесе шаршап екеуі отыра кетіпті.

Сол уақытта Дәу пері айтады: «Ей, Шолақ, біз екеуміз бұрын өте тату едік қой. Бүгін бір-екі адамның сұлулығына шатасып төбелескеніміз болмас, онан да бері кел, екеуміз татуласайық та, ойланyp бұл таластың шешуін шешейік»,— дейді. «Ия, оның дұрыс екен»,— деп Шолақ пері қасына келіп айтады: «Олай болса, айда, екеуміз менің көрген қызыма барайық, сен соны көр, сонан кейін ол қызды алып келіп мына сенің көрген жігіттің қасына салайық та, сонан кейін жігітті оятсақ, егер жігіт қызды құшақтап бетінен сүйсе, онда қыздың сұлу болғаны. Егерде сүймей құр құшақтап жата кетсе, ол уақытта қызды оятармыз»,— деп уағда жасап қыздың еліне кетіпті.

Қыздың еліне келіп терезесінен қараса, қыз да айтқандай сұлу екен. Сонан кейін уағда бойынша қызды жігіттің еліне алып келіпті де, жігіттің қасына салып, сонан кейін ептеп жігітті оятыпты, жігіт оянса, қасында бір қыз жатыр, ай десе аузы, күн десе көзі бар, жігіт ойлайды, «әкем маған теңімді жана тапқан екен, енді бұл қызға мен үйленермін» деп ойлайды да, қолындағы балдағын қыздың қолына салып, өзі қыздың қолындағы сақинасын алып өз қолына салып, сонан кейін қызға бетін беріп жатып ұйықтап кетіпті. Бір уақыт туғаннан кейін екі пері енді қызды оятады, қыз оянғаннан кейін жан-жағына қараса, бөтен ешкім жоқ, қасында өте сұлу бір жігіт жатыр. Қыз «мұндай жігітті іздеп таба алмай жүр едім, менің теңім өзі келген екен» деп, құшақтап, үш қайтара бетінен сүйіп, сол құшақтаған күйінде ұйықтап кетіпті. Сол кезде Дәу пері қасында тұрған. Шолақ періні жұдырығымен бір ұрып жіберіп: «Әне, көрдің бе?»— депті. Сонан соң қызды көтеріп алады да, өзінің еліне апарып, төсегіне салып, өздері жөндеріне кетіпті.

Біраздаң соң таң атып үйге жарық түскен соң, бидің баласы оянып қараса, қасында ешкім де жоқ. «Қой, бұл көрген түсім шығар» десе, қолында қыздың сақинасы қалған, ал өзінің жүзігі жоқ. «Япырмау, бұл қалай, түсімде көрдім дейін десем жүзігім жоқ, өңімде көрдім дейін десем қыз жоқ» деп, аң-таң қалып отырғанда үстіне өзінің қызметкер кісісі келеді. Ол кісінің есімі Жетім екен. «Әй, Жетім, түнде менің қасыма әкеліп салған сұлу қыз қайда болды?»— дейді. Сонда Жетім аң-таң қалып тұрып: «Жоқ, төрем, сіздің қасыңызға ешкім де қыз салған жоқ, мен қыз көрген де жоқпын»,— дейді. «Олай болса мен жуынып кінгіненше, сен әкеме барып соның жайын біліп кел және аңтарсың егер де сол қызға үйлендірсе, мен оған өте ризамын»,—

дейді. Сонан соң Жетім жүгірін биге барып: «Тақсыр би, мені сізге төре жіберді»,— дейді. «О, неге?»— деп би сұрайды. Сонда Жетім Бидің баласының сөлемін айтады. Би кішкене ойланып отырып: «Е, оның қасына қыз салғаным жоқ, өзінің есі дұрыс па екен»,— деп, өзі Жетімге еріп баласының үйіне барса, баласы жуынып, киініп отыр екен. Әкесі келгеннен кейін сәлем беріп болып: «Әке, түндегі менің қасыма салған қыз кімнің қызы, соны мен алар едім,— дейді. Сонда әкесі басын шайқап: «Мен қыз салғаным жоқ, сенің қасына»,— дейді. Оған баласы сенбейді. «Әке, егер де ол қызды маған қосқың келмесе, мен сені көрмеймін, тамақ та ішпеймін»,— дейді де тұлған салып жатып алыпты. Би өзінің үйіне келіп, бәйбішесіне баласының жайын айтып, еліне жар салып, «дәрігер іздендер, балам ауруға айналды» деп, қарата бастайды. Онымен бала жазылмайды. Ал бұл жата берсін. Ендігі хабарды қыздан білеік.

Бұл қыз да таң атқан соң баяғы жігіт тәрізді өз-өзінен таңырқанып, «бұл қалай» деп, кішкене отырған соң, есігінің алдындағы қызметкер әйелді шақырып алып: «Сен әжеме бар, менен сәлем айт, егер де әкем мені түндегі менің қасыма салған жігітке берсе, мен барар едім»,— дейді. Ол қолындағы жүзікті ешкімге көрсетпей шығып кетеді. Қызметкер әйел барып ханның бәйбішесіне айтса, бәйбіше шошып түсіп, «біз жігіт салған жоқпыз, жігіт деген немене» деп, ханға хабар беріп, бәйбіше қызына келіп мән-жайын сұрайды. Онда қыз шешесіне «жігітті маған қоспасаңдар, мен де сендерді көрмеймін» деп, теріс қарап жатып алады.

Хан қызының мұнысына аң-таң болып, «жанғыз өзі бір үйде жатушы еді, бір нәрсенін салқыны түскен шығар» деп, еліндегі өзі білетін дәрігерлерге қаратса, олар «біздің қолымыздан келмейді, бұл балаңызды біз жаза алмаймыз» дейді. Сонан соң хан еліне жар салады. «Кімде-кім менің қызымды ауруынан жазып шығарса, сол адамға қызымды қосамын,— дейді.— Егерде жаза алмаса, сол қараған кісінің басын аламын»,— депті. Сонан соң бірсыпыра есалаң жас жігіттер, «біз жазамыз» деп барып, бастарынан айрылып, жұртына аңыз болыпты.

Бір күні қыз ойға қалып отырып, есігінің алдындағы әйелді жіберіп, әкесінің бас уәзірін шақыртып алыпты да былай дейді. «Әй, аға, мен сізді бір қиын сапарға жұмсайын деп отырмын,— депті, баяғы жүзікті көрсетіп отырып,— Сіз осы жүзікті алыңыз, әкемнің тұлпарына мініңіз, тұлпардың кілті менде, сонымен құлыпты ашып, бірнеше айлық азықпен сіз жүзіктің үстіндегі айшығына қарап менің көрген, ғашық болған жігітімді іздеңіз, егер де сол елді тапсаңыз, ол жігіт те мен құсап жатқан шығар, соған дәрігер болып үйіне кіргеннен кейін, осы жүзікпен менің берген сәлемдемеді берсеңіз ол жігіт жазылады. Сонан соң

амалын тауып ертіп алып келерсіз»,— дейді. Оған уәзір: «Жарар, іздесем іздеп көрейін»,— деп, қыздан жүзік пен сәлемдеме орамалын алып, ханның тұлпарына мініп алып, айлық азығымен жолға шығып бірнеше елдерді аралап, бірнеше ай жүріп, бір күні елге келін ол елдің хандарының үйінің төбесіндегі айпыққа қолындағы жүзіктің жүзіндегі айшықты салыстырып қараса, үқсас болып шығады. Сонан соң уәзір бір кемпірдің үйіне келіп, «ниеше, мен сіздікіне атымды қойып кетейін, ол атымның ақысына қой басындай алтын берем, ешкімге көрсетпей бағып тұрарсыз, қашан өзім келгенде алам» деп, атын сонда тастап, өзі дәрігер болып, қолына таяқ алып, сол елді аралап ауру емдеп жүре береді. Сонда бір кісі айтады. «Егер де сен жақсы дәрігер болсаң, біздің бір биіміздің жаңғыз баласы көптен бері ауырып жатыр, соған бар. Егер де жазып шығарсаң не тілесең де береді»,— дейді. Сонда уәзір оған «мені ертіп барыңыз» деп, жабыса кетіпті. Біраз жүрген соң, бидің үйіне келіп, дәрігерлігін айтқаннан соң, би «болды, осы баламды жазсаң не сұрасаң беремін» дейді. Сонда уәзір «дәрігер» биге айтады: «Маған үш күн уақыт берсеңіз үш күнге дейін балаңызбен өзім жаңғыз боламын, ешкімді қатынастырмаңыз, ол үшін үш күндік тамақты балаңызға бармай тұрып кіргізін қойыңыз, сонан соң мен барып кірген соң баланыздың үйінің есігін сыртынан құлыптап қоярсыз»,— дейді. Айтқанының бәрін істеп болған соң уәзір «дәрігер» баланың үйіне барып кірсе, бидің баласы төсекте жатыр екен. Кішкене отырғаннан кейін, уәзір айтады: «Мен саған алыс жерден сәлемдеме алып келдім, басыңды көтер»,— дейді де, қыздың берген орамалы мен жүзігін береді. Сонда бидің баласы төсектен ұшып тұрып, киімдерін киіп, уәзірден сұрайды: «Мені ол қызға алып барасыз ба? Ол қыздың елі қашық па?»— деп. Сонда уәзір айтады: «Ол біздің ханымыздың жалғыз қызы ең, ол да сен құсап саған ғашық болып ауырып жатып алған соң, мен сені іздеп келдім»,— деді. Сонан кейін бастан өткен әңгімеге қаныққан соң бидің баласы мен уәзір жолға дайындалады. Уәделі үш күн өткен соң, бала әкесіне хабар береді: «Мен тәуір болдым, енді менің бес қаруым мен атымды әкеліп берсің және бір семіз атты ерттеп келтірсін, біз дәрігер екеуіміз аңға шығып серуендеп келеміз» дейді. Бұған би қуанып, бар сұрағанын дайындап әзірлеп береді де, қуана-қуана қалады. Уәзір «дәрігер» бидің баласын ертіп шыққан соң, баланы бір жерге қоя тұрып өзі барып кемпірдің үйіндегі атын мініп, үш атпен бір күншілік жерге барған соң, баяғы бидің семіз атын сойып үйден алып шыққан баласының ескі киімдерін қанға бояп тастап, аттың етін аныққа пісіріп алып, қыздың еліне қарай уәзірге еріп бидің баласы жүріп кетіпті. Бірнеше ай жүріп қыздың еліне келіп, баяғы өзін ертіп келген уәзірдің үйіне келіп түсіп, атын,

кару-жарағын сол үйге қойып, өзі аңшы-дәрігер болып ханға келіп, «мен жаңа пері жабысқан дәрігермін, сіздің қызыңызды науқас деп естіп, соны ұлықсат етсеңіз қарауға келдім» дейді. Онда хан: «Шырағым, жас бала екенсің, сен жаза алмассың, егер де жаза алмаған дәрігердің басын аламын, сөйтіп сенің де обалыңа қалармын»,— дейді. Онда бидің баласы айтады: «Мен оған ризамын, егер де жазып алсам сіз уәденіз бойынша қызыңызды маған бересіз»,— дейді. Сонан соң ханмен уәделесіп, үш күн мерзіммен жан қатынамайтын уәдемен, бидің баласы ханның қызының үйіне келіп кірсе, қыз төсекте уілеп жатыр екен. Сонда бидің баласы былай депті:

Мен келдім сені іздеп алыс жолдан,
Алыңыз сақинаны біздің қолдан.
Кездесін осы үйде ғашық жарға,
Тілегім көптен күткен қабыл болған.

дегенде, басын қыз көтеріп алып:

Сіз шығар бір алладан сұрағаным,
Күндіз-түн сенің үшін жылағаным,—

деп тұра көрісіп жылағанда бидің баласы бетіндегі пердесін алып тастап, қызды құшақтай беріпті. Сонымен уәделі үш күн біткеннен соң, ханға хабар беріп, хан отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап бидің баласына қызын қосыпты. Ол осыменен тұра тұрсын. Енді биден хабар алайық.

Би бір күн өткен соң баласы қайтып келмеген соң, өзі атына мініп, қасына жігіттерін ертіп баласын іздеуге шығыпты. Бірнеше күн іздеп жүріп бір жерде қанға боялып жатқан баласының киімін тауып алып, «баламды өлтіріп кетінті» деп, есінен танып жылап-жылап еліне келіп, асын беріп, құран шығарыпты. Сонымен би баласынан күдер үзіп тұра берсін. Енді қыз бен жігіттен сөйлейік.

Екеуі басын қосып, көңілдері бірленіп бір жылдай тұрған соң, бидің баласы әйеліне айтыпты: «Менін елімде ата-анам қалды, мен соған көшкім келеді. Сен әкеңе хабар бер, бізге ұлықсат берсін көшуге»,— деп, әйелін хан атасына жіберіпті. Хан оған риза болып, батасын беріп, қырық отауды қырық нарға артып, қырық күн беріп, бір ауыл етіп бидің еліне қарай шығарып салып, балаларына батасын беріп қоштасып қалыпты. Сонан соң бірнеше ай жүріп, бір теңізден өтетін жері бар екен, соның қасындағы тоғайға кешкісін келіп қонып, ел жатқан соң түн ортасы болғанда, бидің баласы оянып жан-жағына қарап жатса, қатынының қолында бір нәрсе жарқырап жатыр екен. «Япырау, бұл не нәрсе» деп, қатынының қолынан ағытып алып,

шатырының есігінің алдына апарып алақанына салып аударып-аударып қараса, ол гауһар тас екен. Сөйтіп көріп отырғанда, бір жапалақ ұшып келіп, алақанынан гауһарды іліп алып, анадай жерге барып қонады. «Ау, шіркін, қайтеді» деп, жүгіріп барса, ол жапалақ онан әрі барып тағы отырады. Оған тағы жүгіріп барса, ол жапалақ тағы сондай жерге барып қонады. Сөйте-сөйте бір әйелдік тоғайға кіреді де, жоқ болады. Енді жігіт қосына қайтайын десе, жол таба алмай адасады. Сөйтіп жүре берсін.

Бір кезде шатырда қалған әйелі оянып қараса, қасында байы жоқ екенін көрін, далаға шықса, жұмысшылары тым-тырыс ұйықтап жатыр, байы көрінбейді. Және үйге шатырына қайта кіріп қараса, байының киімдері жатыр, өзі жоқ. «Енді қайтем» деп тұрғанда, қолына көзі түссе, білегіндегі гауһары да жоқ, сөйтіп ойға қалып отырғанда таң сарғайып ата бастайды. Енді қатып ойлайды. «Менің байым жоқ десем бұл жұмысшылар мені әйелсініп тілімді алмай қояр» деп, жалма-жан байының бар киімін киіп, шашын төбесіне түйіп, далаға шығып айналып жүріп, қызметкер жігіттерін оятып, «менің әйелім жоқ, тез түріп іздендер» деп әмір береді.

Қырық кісі қырық жақтан айнала іздеп таба алмайды. Бір жеті іздесе де таба алмай, не қыларын білмей, енді теңізге жақындап, кемемен теңізден өтіп, бидің еліне бармақ болып көшіп келіп, кемеге жүктерін тиетін теңізден өте береді әйел.

Ал бидің баласы құсын да таба алмай, гауһарды да таба алмай сілесі қатып қанғып келе жатса, сол өзі жүрген тоғайдың ішінде бір бақша еккен шалға кез болып, өзінің мән-жайын айтып, тамақ сұрап ішіп отырады. Сонда шал оған айтады: «Сен мына жерде кеме тоқтайтын ауыл бар, соған барып сұрастырсаң әйелің мен көшіңді табарсың»,— дейді. Онда бидің баласы: «Жоқ, ата, мен гауһарымды таппай әйелімнің дидарын көрмеймін,— депті.— Және, ата, маған сіз ұлықсат етсеңіз мен сізге бала болып, жәрдем беріп сізбен бірге тұрсам қайтеді»,— депті. Сонда бақшашы шал: «Оны, балам, өзің біл, маған да қора керек»,— деп ризалық беріп, сол шалмен бірге бидің баласы тұра берелі.

Ол сонымен тұра тұрсын. Енді оның көш бастап, кетіп бара жатқан әйелінен сөз естелік. Ол баяғы көшкен бетімен кемеге барлық жүк, мал-жанын тиетін, сол кеменің иесі ханның қамасына келіп түседі. Сол жерде бір жетідей болған соң, оларды сол елдің ханы қонаққа шықырып, қонақ қылады. Сонда қонақта отырып әңгімеден әңгіме шығарып айтып, өзінің әйелін жоғалтқан жайын айтады. Онда хан «Олай болса, бұрынғының сөзі бар, «қаз орнына — қарға, қап орнына — дорба» деген, менің жалғыз қызым бар, соны сен алып, маған күйеу бол»— деп қабыса кетіпті. Онда «бидің баласы» келіні «менің әйеліме

берген уәдем бар еді, онан басқа әйел алмаймын деген» деп, ұлықсат алып, өзінің шатырына қайтыпты. Шатырына келген соң «еруліге қарулы деген» деп, бұл да ханды қонаққа шақырыпты. Хан қонақ болып, енді үйіне қайтар уақытта, «мен саған қызымды берем деген соң берем, соны сен алып маған бала болсаң» дейді. «Оған ойлануыңа үш күн уақыт берем, үш күннен кейін хабарын бер»,— деп хан үйіне қайтып кетіпті. Сонан соң бидің келіні қалай жасауға білмей, үш күні бітпей ханға хабар береді. «Мен қызын ала алмаймын, енді қош-сау тұрсын, көшем»,— деп кісі жібереді. Онда хан ашуланып: «Менің қызымды алмаса, мен оны шауып алып, өзін есігіме құл етем»,— деп бас уәзірін жіберіпті. Сонан соң бөтен істейтін айла таба алмай, «жарар, алайын» депті. Сонан кейін хан қуанып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қызын баяғы бидің келініне —«баласына» беріп, отауға салып, күйеуге хан жарып жата береді. Әйел алған әйел күн батқан соң әйелінің қасына жату орнына, дәрет алып, жайнамаз жайып құбылаға қарап түсімен намаз оқып отыра береді. Сонымен бір жеті өтіп, ханның қызы «бұл қалай, мені менсінбейтін болды» деп, әкесіне хабар беріпті. Бұны естіген соң хан күйеуін шақырып алып: «Егер менің қызымды қасына жатып әйел қатарына алмасаң, мен сенің басыңды алам»,— дейді. Сонымен үш күн тағы мерзім алып, бидің келіні —«баласы» шатырына келіп кешке төсек салған соң, өзінің алған әйеліне жалынып, басынан өткен жайын, өзінің әйел екенін, байының бір түнде жоғалып кеткенін, онан кейін мына құлдары әйелсініп билік бермей кететін болған соң, өзі байының киімдерін киіп, еркек болып бұл жерге келіп, бұл ханның қол астына келіп, өзі ол ханға күйеу болғанына дейін айтады. «Сен ертең әкене хабар бер, бәрі дүзелді, менің қасыма жатты деп. Егерде менің байым табылса, ол менен асқан сұлу, екеуімізге де бай бола алады. Ең керегі сен маған сөйтіп жәрдем ет»,— деп ханның қызына түнімен жалынып уәдесін алып, біреуі әйел, біреуі бай болып, сол ханның қаласында, қол астында тұра береді. Сөйтіп жүргенде хан атасы ауырып қайтыс болып, оның орнына өзі хан болып тұрады. Баяғы өзі көшіп келетін кемелер өзінің қарауына қарап қалады.

Ол солай хан болып ел билеп тұра тұрсын. Ендігі сөзді бидің жоғалған баласынан есітелік. Ол сол шалға бала болып, бақша салысып бақша қызметінде бірнеше жыл тұрады, шалмен бірге. Бір күні бақша піскен кез екен, түнде бақшаны аралап келе жатса, бір асқабақтың үстінде баяғы өзінің қолынан гауһарын алып кеткен құлақты жапалақ отыр және аяғында гауһары тұр. Бала бұны көріп, бір тасты қолына алып жапалақтың арт жағынан жақындап келіп, таспен жатқыза келіп қойып қалыпты.

Жаналақ тоңқалаң асып құлап, өліп қалады. Сонан соң бала жүгіріп барып гауһарын алып, сол қуанған күйінде атасына келеді. Шал да қуанып: «Енді, балам, елінді ізде»,— деп, бір қол сандық жасап, оған қауыншек толтырып, оның үстіне гауһарын салып, аузына құлып салып, баланы «кемеге мін» деп жөнелтіп жібереді. Бала кемеге барып мінуге ұлықсат алып, қол сандығын қойып кеме ішіне, «енді көптен дәмдес болып едім, атамды енді бір барып көрін, қоштасып келейін» деп барса, шал өлейін деп жатыр екен, шал қайтыс болған соң, оны тастап кете алмай, оны оқытып, арулап, қабірін қазып, оны қабірге салып, қабірдің бетін жаба бергенде кеме жүретін белгісін берін, жүріп кетіпті. Бидің баласы сөйтін кемеден қалып қойып, шалдың орнында, бұрынғы шалдың барындағы кәсібін істеп жүре беріпті. Ал кемешілер иесі жоқ нәрсені ханға тапсыратын әдеттері бойынша, баяғы баланың қол сандығын әкеліп ханға тапсырып, барлық мән-жайын айтыпты. Сонан кейін хан оны сарайына кіргізіп, сапдықты ашып қараса, өзінің гауһарын көрін, және ішкі толған қауыншектерді көріп, кеме бастығын шақырып алып, «дерсу осы сандықтың иесін тауып әкеліндер» деп әмір беріпті. Хан әмір еткен соң, бір жеңіл кемеге мініп алып кеме бастығы баяғы бала сандық салған кеме тұратын орынға келін, баланың кеткен жағына қарай қасына екі-үш жігіт ертіп келсе, бала бақша аралап жүр екен, сәлемдесіп-амандасқаннан кейін, «сен неге қол сандығыңды тастап өзің мінбей қалдың, енді мына біз саған келдік, бізбен жүресің» десе, бала «мен бармаймын» дейді. Сонан кейін баланы байлап алып, кемеге салып ханға әкеліп беріпті, хан баяғы сандық сарайға кіргізіп, сыртынан құлып салып қойыпты. Кеш болып ел жатқан соң, қолына шам алып, қасына өзінің әйелін ертіп, хан бала жатқан сарайға келіп, балаға қарап: «Мені танысың ба?»— депті. Онда бала: «Жоқ, білмеймін»,— дейді.

Сонан кейін хан бетіндегі пердесін алып тастап: «Енді таныдың ба?»— дегенде, бала құшақтап алып, өзінің бетіндегі пердесін де алып жібергенде екеуінің бет сәулесі сарайды жарық қылыпты. Сонан соң әйелінің үстіндегі өзінің киімін өзі қайта киіп, әйелімен қайта көрісіп, көрген-білген оқиғаларын айтысып, әйелінің алған әйелін өзі алып, әйелінің орнына хан болып, ертеніне халқына жар салады. «Кешегі кеме бастығы тауып әкелген менің жоғалған әйелім екен, еркек киімін киіп, еркек болып жүрген» деп, той жасап, кеме бастығына көп сыйлықтар беріпті. Сонан соң бірнеше жыл сол елде тұрып, соңғы алған әйелі бір ұл туыпты. Сонан кейін өзінің еліне көшіп келіп, баяғы әке-шешесіне қосылып, бай болып, патша мұратына жетіп, бақалшақтары көкке жетіпті.



ртеде араб елінде бір араб бай өтіпті. Аты Рашид екен. Рашид байдың үш ұлы болыпты. Үлкен ұлының аты Спандияр, ортаншы ұлының аты Алдияр, ең кіші ұлының аты Махамбет болыпты.

Бір күні Рашид бай үш ұлын шақырып алып: «Менің жасым болса келіп қалды, қартайған шағымда сендердің үйленің, әйел алғандарыңды көрейін. Сендер үйленіңдер»,— депті. Бұған екі үлкен ұлы Спандияр мен Алдияр келіседі. Ал, ең кіші ұлы Махамбет келісім бермейді. «Мен әлі жаспын, әйел алмаймын»,— деп уәж айтады.

Оған әкесі көнбейді. Ақыры зорлап үйлендіретін болады. Әкесінің көнбейтініне көзі жеткен Махамбет «мейлі, сіздің айтқаныңыз болсын» дейді. Сонда әкесі «қай байдың қызын аласын» дейді. Ал Махамбет әкесіне айтады. «Мен садақ тартамын, садақтың оғы кімнің үйінің есігінің алдында, иә болмаса, төбесінде жатса, сол үйдің ішінде қыз болса да, кемпір болса да, ең арғысы маймыл болса да аламын» деп, шарт қояды. Бұған әкесі келіседі. Махамбет аспанға қаратып садақты тартып қалады: Сонымен садақтың оғы аспанға зырқырап ұшып кетеді.

Енді Рашидтың екі үлкен ұлы, екі байдың қызына үйленетін болады. Тойға әрекет жасайды. Махамбеттің садағының оғын үш күн іздеп, өздері отырған қаладан таба алмайды. «Садақтың оғы табылмады, сен Юсуп байдың қызын ал. Екі аған мен сенің тойыңды қосып жасаймын»,— дейді. Бұған Махамбет көнбейді. Бұдан соң әкесі Махамбетке ашуланып «сен менің айтқанымды істемедің, мен сені балам демеймін, қайда кетсең сонда бар» деп қуып жібереді. Бұл сөзге өкпелеп, Махамбет беті ауған жағына кете береді. Қалада қалған әкесі үлкен екі ұлының тойы пәлен уақытта болады деп, бүкіл қалаға хабарлап қояды. Махамбет сол кеткеннен кете береді. Бірнеше күн жүргеннен кейін, алдынан бір қалың орман кез болады. Орманның ішінде жалғыз аяқ жолмен келе жатса, алдынан бір жер үй шығады. Сол жер үйдің маңдайшасына қадалып, баяғы өзінің садағының оғы түр екен. Бұны көріп Махамбет қатты қуанады. Жер үйдің ішіне кірсе, бір маймыл отыр екен. Махамбет өзі айтқан сертінен қайтпайды. Маймылды алатын болады.

Бұл жөнінде Махамбет келіп әкесіне хабарлайды. Әкесі Махамбетті ел-жұрттың алдында масқараламақ болып, «ертең той болады, алған маймылыңмен сен де тойға кел» дейді. Махамбет маймылға қайтып келеді. Маймылға ертең тойға

баратынын айтады. Сонда маймыл Махамбетке: «Мен маймылмын, сен менімен тойға ұялмай қалай барасың?»— дейді. Сонда Махамбет болған оқиғаның бірін қалдырмай айтып береді, маймылға өзінің оған үйленетінін айтады. Маймылдың «мен хайуанмын, қалай ұялмай үйленесің» дегеніне Махамбет: «Құдайдың маған жазғаны сенсін. Сондықтан мен сені аламын және ертең тойға барамыз»,— дейді.

Сонымен ертесіне Махамбет маймылға «тойға жүр» дейді. Маймыл: «Егер сен шынымен мені алатын болсан, маған серт бер».— дейді. Махамбет серт береді. Содан соң маймыл сыртындағы кебінін шешіп тастайды. Маймылдың терісін киген бір ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, бір өте сұлу қыз екен.

Қыз Махамбетке айтады. «Біз тойға барған соң шарап ішкізеді. Сен шарап ішпе. Егер шарап ішсең, мен саған жоқпын»,— дейді. Сонымен Махамбет шарап ішпеуге келіседі.

Қаланың халқы тегіс «Махамбет маймылмен қалай тойға келер екен» деп, күтіп тұрады. Олардың ойы Махамбет маймылмен келетін болды дейді. Ал қалаға Махамбет маймылмен емес, керемет бір сұлу қызбен келе жатқанын көріп, тегіс таң қалады. Қыздың сұлулығына бүкіл ел болып, таң қалысады. Махамбетті еркектердің ішіне, оның қызын келіншектердің ішіне кіргізеді. Той думан бола береді. Алғашқы екі күн Махамбет қалай зорласа да, ешқандай шарап ішпейді. Үшінші күн болғанда әкесі Рашид: «Егер сен менің ұлым болсан, осы шарапты іш»,— деп Махамбетке шарап ұсынады. Махамбет әкесінің сөзін қимай шарапты ішіп жібереді.

Шарапты ішіп, кесені әкесіне берген заматта есіктен бір қыз келіп, Махамбеттің келіншегі терезені сындырып, көгершін болып, ұшып кеткенін хабарлайды. Бұған Махамбет өте қатты қапаланып, үйден шығып, басынын ауған жағына кете береді.

Арада қанша жүргені белгісіз, Махамбет бірнеше күн жүріп, қалың бір тоғайға, орманға кездесіп, орманды аралап кете береді, кете береді. Орманның орта шеніне барған кезде, айқайласып, дауласқан адамзаттың дауысын есітті. «Бұл не дауыс» деп жақындап келсе, үш дәу өзара төбелесіп жатады. Махамбет дәулерден қорқып жасырынып, ағаш-ағаштың тасасымен қаша жөнеледі. Сол кезде дәудің біреуі көріп қалып: «Ей, адамзат, бері кел, біз сені өлтірмейміз. Біздің арамызда адамда дауымыз бар еді. Соған сен билік айт»,— деп шақырады. Бұны естіген Махамбет «не де болса барайын, егер менің айтқанымға көнсе дауларын шешіп берейін» деп ойлайды да, дәулерге барады. Дәудің біреуі Махамбетке былай дейді:

— Біз ағайынды үш жігітпіз. Ең үлкені — мен. Мына екеуі менің інім. Әкеміз өлді. Әкеден мирас болып үш нәрсе қалды. Бірінші нәрсе кілем деп, жерде жатқан кілемді көрсетті, екіншісі

— дастарқан, үшіншісі — қалпак. Осы үш нәрсені өзара бөлісе алмай таласып жатқанымызда сені көрдік. «Көлденең кездескен көк атты қыдыр» деген, осы нәрсені сен бізге бөліп бер. Сенің билігіңе көнеміз,— дейді. Бұлардың айтқанын тыңдап болып, Махамбет «бұл үш нәрсені бөлісе алмайтұғын, бұлардың қандай қасиеті бар» деп сұрайды. Сонда жанағы ең үлкені мен деген дәу былай деді:

— Бұлардың қасиеті: кілемге мініп, «мені пәлен жерге апар» десең болғаны, кілем ұшып қалаған жеріне жеткізеді. Қалпакты кисең ешкімге көрінбейсін, дастарқанды жайсаң әр түрлі тағам дайын бола қалады. Қандай тамақты қалауыңыз біледі.

Бұдан кейін Махамбет біраз ойланып тұрып: «Жарайды, егер маған көнсендер мен бөліп берейін»— дейді. Махамбет былай деді:

— Мен мына садақты атамын, кімде-кім бұрын барып, садақтың оғын әкелсе, оған кілем берейін. Екінші келгенін қалпакты, ал үшіншіне дастарқанды беремін. Осыған келісесіңдер ме?— деп сұрады. Бәрі бір ауыздан «дұрыс, келістік» деді. «Олай болса, сендер қатар тұрындар, мен садақты тартқанымда үшеуің бірден жүгіріндер»,— деді Махамбет.

Сөйтіп, Махамбет садақты аспанға қарай атып жібереді. Үшеуі бірдей садақтың оғының соңынан жүгіріп кеткенде, Махамбет қалпакты басына киіп, дастарқанды қалтасына салып, кілемге мінеді де, «мені Шам қаласына апар» деп, ұшты да кетті. Үш дәу садақтың оғына жетіп, бір-бірімен төбелесіп, ақыры ең үлкені екі інісін жеңіп, өлдім-талдым деп, Махамбетке келсе, ол кетіп қалған, орнын сипап қалады. Әлден уақытта екі інісі келеді. Олар да Махамбеттің кетіп қалғанын көріп, сандарын ұрып алданғанын біледі.

Махамбет сол ұшқаннан ұшып отырып Шам қаласына келеді. Қаланың шет жағына орманның арасына келіп, дастарқанды жайып жіберіп, әр түрлі тамақтардың атын атап тұрып, «дайын бол» дейді. Тамақ-әп-сәтте дайын бола қалады. Тамаққа әбден тойып, қалаға келеді. Қалада бір саудагерден «Ахмед деген кісінің үйі қайда» деп сұрайды. «Менің әкемнің аты Ахмед» деп, Махамбеттің қызы — аты Жамила бір сөзінде айтқан болатын. Әлгі саудагер жігіт Махамбетке айтты: «Ахмедтің үйі осы қаладан жиырма шақырым жерде, күннің батысына қарай жүрсең алдыңнан үлкен бау кездеседі. Сол бау Ахмедтің бауы»,— дейді.

Махамбет бұл қалаға сәске түсте келген болатын. Саудагерге рақмет айтып, Махамбет ормандағы тығып қойған кілемге мініп, Ахмедтің бауына келіп қонады. Махамбет «енді қалпактың кереметін көрейін, кілем мен дастарқанның қасиетін көрдім ғой» деп, қалпакты басына киіп, бауды аралап келе жатып,

дауысдың жанында суға шомылып жатқан үш көгершінді көреді. Көгершіндер суға шомылып болып сілкініп, сілкініп жіберіп, үш қызын бейнесіне түсіп үйлеріне қарай кетеді. Сол жерде Махамбет өзінің қызы Жамиланы тани кетеді. Бірақ дыбыс шығармай, қыздардың артынан жүре береді. Махамбет Жамиланың кірген бөлмесіне қоса кіреді. Енді Махамбеттің қызына көрінбейтініне көзі жетті. Жамилаға күтуші әйел тамақ әкеліп береді. Тамақты Махамбет қосыла жейді. Тамаққа Жамила тоймай қалады. «Бұл қалай, күнде тап осындай тамаққа тойтып да едім және қалып қоятын еді. Ал бүгін тоймай қалдым, себебі қалай» деп, ойға кетеді. Бірақ сыр бермейді. Сол күні Махамбет Жамиланың қасында қонып шығады. Ертесіне Жамила әкелген тамаққа тағы да тоймай қалады. Жамила ойлайды «бұл қалай, кеше де тамаққа тоймай қалдым, бүгін де солай. Осы маған не болды? Қайтадан тамақ сұрағаным ұят та» деп тамақ сұрамайды. Ал күтуші әйел де өзінше сезіктенеді. Күнде Жамила тамақтың жартысын жемей қайтарып беруші еді, өйткені күннен бері еш тамақ қайтпайды. Бұған не болды деп ойлайды. Сөйтіп Махамбет үш күн Жамиламен бірге тамақтас болады. Үш күнде де тамаққа тоймайды. «Бұл қалай, бұнда бір сыр бар, тегін емес» дейді ішінен Жамила. Төртінші күн болғанда Жамила дауыстап «менің қасымда біреу барсын, кім де болсаң көрін маған, мен саған еш нәрсе істемеймін» дейді. Осы сөзден кейін Махамбет басындағы қалпағын алып, Жамилаға көрінеді. Жамила Махамбетті көріп, аң-таң қалады. Сол жерде еңеуі табысып, бірнеше күн бірге болады. Сонан бір күн Жамила әкесіне барып айтады. «Егер менің бұрынғы күйеуім Махамбет болса, сіз қосылуға рұқсат етесіз бе?»— дейді. Әкесі айтады:

— Егер сені іздеп келсе, мен ұрықсат етемін,— дейді. Бұл сөзді Жамила келіп Махамбетке айтады. Махамбет қалпақты орманға жасырып қойған кілемнің қасына қояды да, өзі келіп Жамиланың әкесі Ахмедтің бөлмесіне есігін қағып кіріп келеді.

Есіктен келген жігітті Ахмед танымайды. Жөн сұрасады. Махамбет өзін Жамиланың күйеуі екенін, оны егер рұқсат етсе, алға келгенін айтады. Сонда Жамиланың әкесі Ахмед: «Менің қарсылығым жоқ, шын алғың келсе, күн батыста Македони дейтін қалада Санобар деген хан бар. Сол ханның құпия әңгімесі бар. Сол әңгімені естіп келіп маған айтсаң қызымды беремін, болмаса бермеймін»,— дейді. Бұған Махамбет көнеді. Бірақ Жамила қапа болып жылайды. Себебі, Санобар барған адамға әңгімесін айтады екен де, басын кесіп өлтіреді екен.

Махамбет кілеміне мініп, Македони қаласына келеді. Хан Санобардың қақпасына келіп, қақпада «мен қонақты жақсы қарсы алып күтемін. Қонақ менен ешқандай әңгіме сұрамасын. Егер әңгімесін сұраса айтамын. Әңгіме аяқталғасын басын

аламын. Осыған көнген адам ғана менен әңгіме сұрасын» деген жазуды Махамбет оқып, кілемін, дастарқанын бір-біріне орап, орманға тығады. Қалпақты әжетханаға тығып қояды.

Сөйтіп Махамбет хан Санобардың есігін қағады. Есікті жасауылдар ашып, келген кісіге не керек екенін сұрайды. Махамбет Санобарға келгенін айтады. Жасауылдар Махамбеттен «есіктегі жазуды оқыдың ба» деп сұрайды. Ол оқығанын айтады. Бұдан кейін Махамбетті Санобарға алып келеді.

Санобар Махамбеттен неге келгенін сұрайды. Махамбет оған «әңгіменді есітейін деп келіп едім» дейді.

Сонда Санобар: «Мен әңгімемді айтамын, әңгімені айтып болған соң басыңды аламын. Осыған келісесің бе?»— дейді. Махамбет «келісемін» дейді. Әңгімеден бұрын Санобар мен Махамбет тамақ жейді. Өздері жеп болған соң, Санобар қалған тамақты алдымен итке береді. Сонан соң торға салып қойған көгершінге береді. Көгершін тамақты жемейді. Санобар бір адамның бас сүйегін бас салып ұра береді. Сонан соң көгершін тамақты жейді. Мұны Махамбет көріп отырады.

Осыдан кейін Махамбет шартқа қол қояды. Санобар әңгімесін бастайды.

САНОБАРДЫҢ ӘНГІМЕСІ

«Мен осы қалаға ханмын. Атым — Санобар. Әйелімнің аты — Гүл. Сондықтан менін әңгімем Гүл — Санобар деп басталады.

Мен жорықта алты айдай жүрін келдім. Үйге келгеннен кейін ойымда еш нәрсе жоқ әйеліммен бірге тұра бердім. Бір күні ұйықтап кеткен екенмін, ояна кетсем қасымда әйелім жоқ. Далаға шығып кеткен шығар деп жата бердім. Бірақ таң атқанша әйелім келген жоқ. Таң атып келе жатқанда есікті жай ғана ашып, әйелім келді. Мен өтірік ұйықтаған болып жатырмын. Әйелім жаймен келіп шешініп, маған сездірмеген болып, келін қасыма жатты. Мен де еш нәрсе сезбеген кісіге ұқсап жата бердім. Таң атқан соң күндегіше тұрып, тамақ ішіп әркім өз жұмысымен болып кетті. Кешке тамақ ішіп, күнделікті жататын уақытта төсекке жатып ұйқыға кеттім. Түн ортасы болды-ау деген кезде әйелім, шамасы мені ұйықтап қалды деген болуы керек, жаймен төсектен тұрды. Менін жорыққа киетін сауытымды киін, қару-жарақтарымды асынып, жай басып үйден шықты. Оның артынан білдірмей мен де шықтым. Әйелім ат қораға барып, менің атымды ерттеп мінді де кете барды.

Мен қайтып келіп төсегіме жатып ұйықтадым. Танертен әйелім қасымда жатыр екен. Ол да, мен де баяғыдай еш нәрсе білмегенсіп жүре бердік. Сөйтіп, бір жеті уақыт өтті. Күнде

әйелім менің сауытымды киіп, қару-жарығымды асынып, атты мініп кетіп қалады да, таңертең қайтып келеді.

Бір жеті өткеннен кейін әйелімнің қайда баратынын білгім келді. Сөйтіп әйелімнің артынан бір мінезі шөлгездеу атқа мініп алдым жүрдім де отырдым. Менімен бірге мынау итім де бірге жүрді деп, әлгі тамақ әкелген итті нұсқап бір қояды.

Әйелім қаладан шығып күншығыс жақтан тауға қарай кетіп бара жатты. Тауға жетіп әйелім ысқырып жіберіп еді, он шақты атты адам алдынан шығып, әйелімді қарсы алды. Аттан түсіріп, бір үңгірге кіргізді. Біраздан соң әлгі әйелім кірген үңгірге мен де кірдім. Үңгірдің ішінде қырық шақты ат байлаулы тұр екен. Сол аттардың арасына атымды мен де байладым. Үңгірдің екінші қабындағы көрінген шамның жарығына қарай барып, жарық көрінген саңылаудан қарасам, іші толған дәулер. Нақ төрде менің әйелім, қасында бір дәу, шарап ішіп сүйісіп отыр екен. Көргеннен ашуым келіп кіріп барғым келді. Бірақ, олар көп, мен бір өзім және итім бар, күшім жетпейді ғой деп, өзімді тоқтаттым. Мен әңгіменің басында айттым, мінген атым мінезі шөлгездеу еді деп. Біраздан соң атым қасындағы аттармен тебісе бастады. Мен үйден шығарда айбалтамды ала шыққан болатынымын, мен тесіктен қарап тұрмын, ат тебіскен соң төрде отырған дәудің өзі бір кісі жұмсады. «Неге ат тебісін жатыр. Барып біліп кел» деп. Ол кісі есіктен шығысымен мен айбалтамен басын шауып тастадым. Өлден уақытта ат тағы тебісті. Өлгі дәу тағы бір кісіні жұмсады. «Сен барып білші. Жанағыдан хабар жоқ. Ол неғып жатыр екен». Бұны да айбалтамен басын шауып тастадым. Сонымен не керек, шарапқа өлден тойған дәу адамның азайғанын елең қылар емес. Өйткені, қасында сыландап менің қатыным отыр, мойнына асылып, нағданып.

Сөйтіп адам азайып, дәудің қасында тағы бір адам және менің әйелім үшеуі ғана қалды. Адамының далаға шығып келмей қалғанына дәу ашуланып: «Әй, сен барып білші, жанағыларды біреу байлап қойды ма, не болды»,— деп, қасындағы адамды жұмсағанда, онсыз да екі адамға, мен итім екеуміздің де күшіміз жететін шығар деп, кірейін деп тұр едім, «Мен оларды байлап қойған» деп, айғайлап кіріп келдім де, айбалтамен әйелімнің қасында отырған дәуді қак бастан беріп қалдым. Бірақ дәу солға қарай жалт ете қалғанда, айбалтам басқа тимей, оң иығын шауып түсетін. Ал итім екінші кісіні алқымынан алып, кеңірдегіп суырып алды. Дәу бір қолмен менімен алыса кетті. Бір қолымен де маған ол беретін емес, егер итім келіп шаптан алмаса, сонан итім дереу шаптан алып, шабын жарған соң, әлсіреп барып құлады. Құлаған кезде мен оның басын кесіп, қанжығама байлап үйге келтім. Атты қораға байлап, дәудің басын алып үйге келсем,

әйелім ашулы отыр екен. Мені көре сала бетіме бір уыс топырақты шашып жіберіп, «қызғыш бол» деп, шыбықпен тартып жіберіп еді, мен қызғыш құс болдым да шықтым. Ал әйелім дәудің басын құшақтап жылай берді.

Бұл жерде бір айта кететін әңгіме, мен дәумен алысып жүргенде әйелім үңгірден сытылып шығып кетінді. Мен қызғыш құс болып далаға шығып кеттім. Әйелімнің не халде екенінде хабарым жоқ. Көшеде мені балалар ұстап алып ойнап, әбден зықымды шығарды. Көп баланың ішінен бір ересектеуі кешке қарай үйіне алып барды. Торға салып су, тары берді. Бұрын жеп көрмеген тарыны аздап қарным ашқан соң, шоқып корек еттім. Ертесіне әлгі бала мені ойнау үшін көшеге алып шықты. Кешке шейін балалардың ойыншығы болып, бірқанша жыл жүрдім. Әбден өлер болдым. Арықтадым. Бойдан қуат, білектен күш кетті. Жыл артынан жыл өтті. Күндердің күнінде есебін тауып, бір түнде әлгі мені бағып жүрген баланың үйінен қашып шықтым. Сол кеткеннен айдалада тау-тастың арасында өзіммен-өзім болып жайылып жүрген кезімде бір қырғидың жанымды көзіме көрсетіп қумасы бар ма? Өлдім-талдым деп, әрең дегенде құтылдым-ау, әйтеуір. Есімді жиып отырып, әйеліме барғым келді. Енірей отырып үйіме келдім. Келсем әйелімнің қағанағы қарқ сағанағы сарқ, мені ойлайтын ол жоқ, ойлайтыны ашына дәуі екен. Дәудің басын масатыға орап қойған. Сағынғанда қарап дауыс қылып жылап алады екен. Менің келгенімді алғашқыда байқамай қалды. Біраздан соң ол көзі түсіп кетіп: «Ей, сен әлі тірімісің?»— деп бір қарады да, «бишара, әбден жүдеген екенсің, енді сені» деп, ішінен бір нәрсе оқыды да, шыбықпен салып қалып, «әңгі есек бол» деді.

Мен лезде қызғыш құстан әңгі есекке айналдым да кеттім. Әйелім «бишара, әбден жүдеген екенсің» дегенде, мен ойлаған едім, «маған жаны ашып, енді мені адам қалпына келтірер» деп. Есек болғанымға өте қатты қуандым. Себебі, қызғыш құстан гөрі әлдірек болдым ғой деп. Бірақ көп ұзамай ол ойым бекер болды. Себебі, қысы-жазы бірдей үстімнен жүк түспейтін болды. Жейтінім аттардан, сиырлардан қалған шөптер. Жаз болса соқаға қосып, жер де жыртады. Әрнемені бір сылтауратып басымнан таяқ кетірмейді. Сөйтіп есек болып, тағы бір неше жыл жүрдім. Әбден арықтап, еттен ажырап, қу сүйек пен тері қалдым. Арқама, жоныма ұрған таяқ, тасқа тигендей дың ете қалатын болды. Әбден көтерем болдым. Сонан бір күні, бұрынғы әдісі бойынша үшкірін жіберіп, «ит бол» деп, шыбықпен салып қалды, әп-сәтте сары төбет болдым да шықтым.

Сары төбет болған соң, айдап отырып базарға бардым. Базарда бір ет сатқан қасапшының дүкенінің қасында жаттым да қойдым. Қасапшы маған сүйек-саяқ, еттің, бөлек-салағын берді.

Ергесіне тағы сол қасапшының дүкеніне келдім. Мен келе жатқанда басқа иттер жылысып кете беретін болды. Мен әбден өліп қасапшыға үйреніп алдым. Бір-екі жыл өткен соң, әбден күштеніп алып, бір күні мал базарға бардым. Мен адамның сөзіне түсінемін. Бірақ сөйлей алмаймын. Базар тарағанша сонда болдым. Менің мал базарға бару себебім, менің Мысыр қаласында Аббаз деген жолдасым болатын. Соның Ләйла дейтін қарындасы сиқыр оқуын оқыған. Соған жетсем ол мені адам қалпыма келтірер деген ойым еді. Сөйтіп базар тарқағанда бірнеше саудагерлер көптеген қой сатып алып, қаланың шетіне қарай айдап жүрді.

Мен осы саудагерлердің соңынан қалмадым. Қаланың шетінде тіккен шатыры бар екен. Қойларды сол шатырдың жанына айдап келді. Кешке қарай бір қой сойып тамақ жеді. Саудагердің біреуі, есіктің алдында жатқан мені нұсқап, «мына ит мана базардан шыққаннан біздің соңымыздан қалмады. Өзі бір қасиетті ит болу керек. Ұрмандар, қайта сорпа-су беріп үйрете беріңдер. Түбі керек болар» деді. Саудагерлердің сөз түрпатына қарағанда Мысыр қаласына баратын көрінеді.

Сонымен саудагермен ілесіп кете бердім. Түнде қойды күзетемін. Ешқандай қасқыр жолатпаймын қойларға. Менің түніммен қой күзеткенім саудагерлерге өте қатты ұнап, маған тамақты жақсы беретін болды. Арада бірнеше ай жүріп, ақыры Мысыр қаласына да келдім. Қаладан іздеп жүріп, Аббаздың үйіне де таптым. Үйіне барып, есігінің алдында Аббазға қарап жатып алдым. Аббаз маған қарап, қарындасы Ләйланы шақырып алып: «Мына иттің көзі адамның көзіне ұқсайды. Кітабынды ашып көріңі. Біздің Санобар емес пе екен? Оның қатыны сиқыр оқуын оқыған еді. Сол қатын оған бір қастық істеген болар»,— деді. Ләйла дереу кітабын ашып жіберіп еді, «бұл ит емес, адам» деді. Дереу өзінше бірдемелерді оқып, маған «түфу» деп, дем салып еді, «адам бол» деп, мен баяғы Санобар қалпыма келдім де қалдым. Сол жерде көрісіп табыстық. Мен бастан кешкен оқиғамды тегіс айтып бердім. Мен Аббаздың үйінде бір-екі жыл жүріп, әбден өзіме-өзім келген соң, ауылға қайтуға Аббаз бен Ләйладан рұқсат сұрадым. Олар маған ризалығымен ұрықсат берді. Кетерде Ләйла айтты:

— Сен еліне барсаң, сенің әйелің саған тағы қастандық істейді. Сондықтан сен мына аятты жаттап ал. Осы аятты айтсаң, сен адам түрінен өзгеріп қалауың бойынша не болам десен боласың. Сөйтіп, тағы бір сиқыр оқуын үйретті: «Мұны айтып қатышыңды қандай айуан етемін десен де еркін», бірақ,— деді Ләйла маған,— сенің қатының сиқыр оқуын оқыған адам, егер есек, ат істесең аузын шөпке, ернін суға тигізбе. Тигізсең

болғаны ол дереу өзгеріп, суға тисе, балық болып кетеді. Сонан кейін сені тағы айуан етіп жібереді,— деді.

Бұл айтқанның бәрін мен көңіліме түйіп алдым. Бірнеше күн жүріп елге келдім. Адам күйімде әйеліме көрінуге қорықтым да, әйелімнің жатқан бөлмесінің тұсынан өзім тышқан болып тестім. Сөйтіп әйелімнің жатқан төс ағашының астынан шықтым. Әйелім ұйықтап жатыр екен. Баяғы Ләйланың үйреткен сиқыр оқуын айтып, өзім адам қалпыма келін, бір уыс топырақты шашып жіберіп, «көк байтал бол» деп, шыбықпен тартып жібердім. Әп-сәтте әйелім көк байтал бола қалды. Мен оны ұстап алып ерттеп, бәйге, көкпар шауып жүрдім. Бірақ, баяғы Ләйланың айтқаны есімде бар, аузын шөпке, ерін суға тигізбей, басын қаңтарып байлап қоямын.

Бір күндері көк байтал арықтап өлуге келді. Сонан соң сиқыр оқуын оқып, «көк көгершін бол» деп, шыбықпен салып қалдым. Анау тордың ішінде тұрған көгершін, сол менің әйелім — Гүл.

Әлгінде тамақ жегенде алдымен итке беруімнің себебі, мені өлімнен құтқарған итім болған соң, оған бірінші бердім тамақты, иттен қалғанын тордың ішіндегі көгершінге берген себебім болса, ол маған қастық ойлаған әйелім болған соң, ол маған иттен жақын емес.

Көгершін тамақты жемеген соң, мен адамның қу басын ұрдым, ол баяғы өзім кесіп алған әйелімнің көңіл жақыны дәудің басы. Мен бас салып басты ұрсам, әйелім ызыланып тамақ жейді. Міне, менің әңгімем осымен аяқталды.

Енді уәде бойынша мен сенін басыңды аламын»,— деді Санобар Махамбетке.

— Менің өлер алдында сізден бір өтінішім бар,— деді Махамбет Санобарға. Санобар: «Ол қандай өтініш, айт»,— деді. Махамбет айтты: «Өлер алдымда мен әжетханаға дәретке отырып аламын. Сонан кейін не істесен де еркіңіз»,— деді. Бұған Санобар келісті. Махамбет әжетханаға барып, баяғы өзі тығып қойған, кісе көрінбейтін қалпағын киіп, Санобарға көрінбей қашып кетіпті.

Сөйтіп, Жамиланың әкесіне келін, Санобардың әңгімесін айтып, уәде бойынша Жамилаға үйленеді. Әкесі отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, Жамиланы Махамбетке қосады.

Ең бірінші рет Санобардың әңгімесін елге жайған Махамбет екен. Егер Махамбет болмаса, Санобардың әңгімесі осы кезге дейін ел аузына таралмас екен.

СИҚЫРШЫНЫҢ СЫЙЫ ОСЫ



ұрынғы заманда бір батыр болыпты. Оның бірінен-бірі өткен екі дүлдүлі бар екен. Батыр дүл-дүлін алма-кезек мініп аңға шығып тұрады екен. Батыр күнде таңертен дүлдүлінің біреуі, терлеп тұрғанын көреді. Бұл істің байыбына

бара алмай бір күні атшыдан сұрайды:

— Таксыр, сіз әр күні аңнан шауып келіп, төсекке басыңыз тиісімен-ақ қатты ұйқыға кетесіз. Ал сіздің бәйбішеніз ел әбден ұйқыға барды-ау деген мезетте дүлдүліңізге мініп, жай атқа үш күндік жердегі ашына байына барып, таңға жуық қайтып келеді. Түн бойы қатты жүріс көрген дүлдүлдің таңертең терлеп тұруы осыдан,— дейді атшы. Бұны естіген батыр әйелін аңдымақ болып өмірлік ауырып әрлі-берлі дөңбекшиді. Әйелі тыным алмай күтеді. Батыр ел бір ұйықтап ояңғанға дейін тыныштана алмайды. Әйел де уағдалы мезгілінің өтіп бара жатқанына қарап қатты шиыршық атады. Сәлден соң батыр әйелінің тізесіне басып қойып «ұйықтап» кетеді. Әйелі жүктен жастық әкеп байынып басына жастайды да, далаға шығып, әлгі дүлдүлге міне салып, суыт жүріп кетеді. Мұны білген батыр екінші бір дүлдүлге міне салып, қарасынан қалмай қуа жүріп кетеді. Әйел айдала-дағы бір тамға келіп түседі. Ішінен сақалды дәу бір адам шығып:

— Неге кешіктің?— дейді.

— Күйеуім ауырып, әрең ұйықтатып келгенімше осы болды,— дейді әйел кінәлі жанша төмен қарап.

Екеуі өз жұмыстарын бітірген соң, әлгі сақалды дәу әйелді аттандырып салмақ болып далаға шыққанда, батыр қалтарыс терезеден түсіп, балтасын алып босағаға тұра қалады. Дәу сақал әйелді аттандырып үйіне кіре бергенде батыр оның басын бір-ақ шауып кесіп, қанжығасына байлап, басқа бір төте жолмен үйіне тартып береді. Әйелден бұрын келген батыр басты ішкі босағаға тастап, үстіне бірдемелерді жаба салады да, орнына жатып қалады.

— Түнімен тыныш ұйықтадың, тізем талып кетті, түрегел,— деп таңертең әккі әйел байын тербетіп оятады.

— Далаға шығып дәрет сындырайын,— дейді батыр орнынан сенделектей түрегеліп, қолтығынан сүйеп келе жатқан әйеліне, — ойпырмай, буыным құрып барады. Далаға бара алмайтын сияқтымын, осы босағаға отыра салайын, мынау бірдемелерді алып тасташы!

Осында еш нәрсе жоқ әйел әлгі жатқан нәрселерді ашып қалып, дәу сақалдың басын көреді.

— Бұл менің он бес жастан бергі ғашығым еді. Түбіне

жетіпсін, «тфу, ит болып кет»,— дейді, байын кәрленген сиқыршы әйел. Батыр ит болып кетеді.

Батыр қара сұр төбет болып өзгергеннен кейін, бұрынырақта алыс жерге ұзатқан бір қызын іздеп шығады. Неше күн жол жүріп бір өзенге келеді де, судан өте алмай, дағдарып тұрып қалады.

Бір күні сол өзеннің бойына бір топ керуенші келін түнейді. Төбет таң атқанша керуенші жатқан жерді айнала үрін, оларды ұры-қарыдан күзетіп шығады. Таң атқаннан кейін керуеншінің бастығы:

— Мынау өте сақ ит екен, жолшыбай бізге ес қатады. Түйенің үстіне шығарып ала жүрейік,— дейді.

Өзеннен өткеннен кейін ит қыңсылап тұрғысы келмейді. Сонан соң керуеншілер «өзі жүрсін» деп, түйеден түсіріп қоя береді. Өзенен өту ғана мұң болып тұрған ит қоя бергеннен кейін ұзатқан қызының үйіне тартады. Жолшыбай иен далада бір жыланның бір бақаны арбап жұтқалы тұрғанын көреді. «Жазықтыдан жасқанба, жазықсызға жан ашыт» деген ғаклия сөзді есіне келтіреді. Бақаны жыланнан құтқарып жіберді. Тағы аялсыз жүріп бір кезде қызының үйіне жетеді. Қызының үйінің белдеуінде бірнеше ат байлаулы тұр екен. «Қызым мен күйеу балам мына қонақтарын аттандырып шығар, осы жерде жатсам, көрген соң танып қалар» деп ойлаған төбет, байлаулы аттардың мінер жақ сыртына келіп жатады. Бір кезде қонақтар аттанады. Ойлағанындай қызы мен күйсу баласы оларды аттандырады. Қыз итке бір қарайды да, тіксініп үйіне кіріп кетеді. Артынан іле-шала үйіне кірген жігіт әйелінің түсі өзгеріп кеткенін байқайды да:

— Не болды саған?— деп сұрайды.

— Далада жатқан иттің көзі әкемнің көзіне ұқсайды, әкемнің кейінгі алған әйелін ел сырықтан өткен сиқыр, көзге шүлен болғанымен, көмескіде түлен деуші еді, әкем соның жазымына ұшыраған сияқты,— дейді дірілдеп шошыған әйелі.

— Қорықпа, абыржыма, оны айыру оңай, сен бір сапты аяқ, бір ит аяқ дайында, екеуіне де толтырып ас құй, қатар апарып алдына қой. Егер тегі адам болса, сапты аяқтағы асты ішеді. Егер тегінен ит болса, ит аяққа жүгіреді немесе екеуін бірдей ішеді.

Келіншек ерінің айтқаны бойынша екеуіне де ас құйып әкеп иттің алдына қояды. Ит саптыаяқтағы асты ішеді де, ит аяқтағы асқа қарамай қояды. Қыз өз әкесі екенін біледі де, бақсы-балгер әкеп емдетіп, молла әкеліп оқытады. Ақыры әкесі бұрынғы адам қалпына келеді. Батыр балаларына бастан кешкендерін егжей-тегжейлі айтып береді. Қызының үйінде жатып әбден жазылдым-ау, дегенде үйіне қайтпақ болады.

«Тағы бір жазымға ұшырайсың-ау, әке» деп, зар илеп

жылағанына карамай батыр балаларының мінгізген атымен үйіне қайтып келе жатып, жолшыбай бір салт атты жас жігітке кезігеді, жігіттен:

— Қайда барасын?— деп сұрайды.

— Сіз барған жерге мен де барам,— деп жауап береді жігіт.

Екеуі келе жатып қалың бейіттің басында бір топ адамның бір өлікті жерлеп жатқанының үстіне түседі. «Неғып өлген адам?»— деген сұрауына олар:

— Осында бір байдың бой жеткен қызы бар еді. Оны қанша дүние-мүлікпен тоғанақты түйе арттырып ұзатқалы отыр. Шарт: қызды алатын жігіт үш күн қызбен бірге болуы керек. Содан аман шыққан жігітке қызды қалың малсыз береді. Бірақ, қазірге дейін мұнымен бір түн бірге болған жігіттің бірі қалғаны жоқ, күп асып ертеңінде өледі. Мынау сондай жігіттің тұп-тура отыз сегізіншісі болады,— дейді. Мұны естіген екі жолаушы танырқап тұрып қалады. Сәлден соң жолшыбай ілескен жігіт батырға;

— Екеуіміз осы қызды аламыз деп байдың үйіне түселік, мен күда боламын, сен күйеу бол, сені қыздың жанына апарып жатқызамын, бірақ үш күнге дейін айқаспайсың, әрқандай жағдайда да ұстамдылық істейсің, мен сендер жататын отаудың сыртынан андимын, қызды дүние-мүлкімен былай алып шыққаннан кейін істі өзіміз білеміз,— дейді. Батырға басында бұл ұнамаса да, ақырында жігіт көндіреді. Сонымен жігіт айтқанын орындатады да, үш күннен кейін қызды бүкіл дүние-мүлкімен алып жүреді. Үшеуі үртіс жүріп, бір құлан түзге келіп еру болады. Жігіт:

— Мен осы жерде сізге қош айтысамын, мына дүниені, мына қызды скеуіміз қаққа бөліп аламыз,— дейді.

— Жоқ, мұның бәрін сен ал, сен болмасаң мен әлгі өлген жігіттің отыз тоғызыншысы болар едім.

— Олай емес, сен ерлік істемесең мұның бәрі жоқ еді.

Ақырында жігіт барлық мүлікті қаққа бөліп шығады. Сонан соң қызды қаққа бөлмек болып, батырға «ана бір қолын ұста» дегенде батыр:

— Мұны екіге бөліп өлтіргенше сен ал, мен тіпті саған рапымын,— дейді. Бұған жігіт көнбей, бір қолын батырға ұстатып қойып, қызды басына қылышпен періп қалады. Қыздың аузынан қара жалын атып кетеді, екінші рет періп қалғанда, қыздың аузынан бір шұбар жылан түседі. Қызды алдыға қарай жетектей бергенде қыз жалтақтап артына қарайды.

— Қарама артыңа!— деп ақырады жігіт.

— Іштен шыққан шұбар жылан-ай,— деп қыз тағы бір рет артына қарап жүріп кетеді. Қызды басқа үшінші рет періп қалғанда, қыз сары су құсады. Жігіт көңілі тынығардай болып, «ым-ым»...деп, қылышын қынабына салады да, батырға қарап:

— Е, досым, мына қызды тегінде айдаһар сорған, денесінде соның өті, уыты бар еді, қазір онан түгел арылды. Енді осы қызды дүние-мүлкімен сен ал, оған қоса бір уыс топырақ беремін, осыны алып үйіңе барғанда, бұрынғы қатының алдыңнан түлкіше бұлаңдап шығып, «жаңа жұбай құтты болсын» деп, шашу шашады. «Сиқыршының сыйы осы» деп, сен де топырақты оған шашып жібер, сонда ол дереу қырық есек, бір қашыр болып кетеді. Әсілінде ол қырық есек, бір қашырдан адамға азған лағынет, талайды құртып, сенің аң аулаумен тапқан әзір дүниенің мәз болу үшін саған тиген. Сен осылай істесең, пәледен құтылып, бақытты өмір өткізетін боласың. Ал мен қызыңды іздеп бара жатқанда сен өлімнен құтқарған бакамын, менің саған қылған жақсылығым осы ғана,— деп лезде бака болып жүріп кетеді.

Батыр әлгі қызды тоғанағымен алып үйіне жақындағанда, бака досының айтқанындай, сиқыр қатын сыландап анадай жерден шашу алып шығады. Жақындап келіп «құтты болсын» айтып, шашу шаша бергенде батыр да қойнындағы түйіп алған бір уыс топырақты алып: «Сиқыршының сыйы осы»,— деп шашып жібереді. Сиқыр әйел табанда қырық есек, бір қашыр болып кетеді.

Батыр пәледен құтылып мұратына жетеді.

МОЛДА МЕН СИҚЫРШЫ ӘЙЕЛ



ртеде бір молда болыпты. Молданың бір оқыған сиқыршы әйелі болыпты. Әйелі үйінде тамақ ішпейді, молданы сиқырлап ұйықтатып тастайды да, өзі ылғи басқа бір жаққа барып қайтып жүреді.

Бір күні молда әйелін аңдиды. Тамақ дайындап беріп, әйелі үйден кетісімен молда жалма-жан киімін өзгертіп, қараңғы түнде әйелінің соңынан ереді де отырады. Әйел бір молаға барады. Моладан жаңа көмілген адамның етін алып жейді. Мұны өз көзімен көрген молда әйелінен бұрын үйіне келіп жатып қалады. Артынан көп кешікпей әйелі де келін жатады.

Таңертең тұрып молда тамаққа отырғанда, әйел күндегісіндей тамақ жемей қарап отырады. Оған молда ашуланып:

— Менің тамағым саған өлген адамның етінен арам болды ма?— деп, әйеліп қамшымен тартып-тартып жібереді.

Сонда әйелі көк кесеге су құйып алады да, байының үстіне шашып жіберіп, қолына бір көк шыбық алып; «Әй, ит болғыр»,—

деп, салып-салып қалады. Молда табанда сары ит болып шыға келеді. Қатын қолына көсеу алып, итті үйден қуып шығады. Қатын даладағы малайларына итті ұрып өлтіруге бұйырады. Ит қашып какпадан шыға бергенде, құйрығы какпаға ілін, жұлынып қалып, сары шолақ ит болып жөніне кете береді. Ит бетімен қаңғып жүріп, малшыларға кез болады. Малшылардың қойларына қасқыр шауып, жылқыларын ұрылар алып маза бермейді екен. Малшылар сары шолақ итті асырап алады.

Сары шолақ ит келгелі қойлары қасқырдан, жылқылары ұрыдан аман болады. Сондықтан Сарышолақ қасиетті ит атанады.

Бір күні отарына бай келіп, Сарышолақ ит келгелі малдарының амандығын біледі. Иттің қасиетін байқау үшін бай Сарышолақты ауылына ертін кетеді. Ауылда оған сойған малдың өкпесін тастап тұрады. Байдың ұрасынан жыл сайын алтын қазынасы ұрланып тұрады екен және бай кім ұрлағанын таба алмай жүреді екен. Бір күні сол ұраның жанына әлгі итті байлап қояды. Сарышолақ бірнеше күндей тапжылмай ұраны күзетеді. Бір күні түнде әуеден қап-қара бұлт болып, ұраға үш ұры түседі. Бірақ бұл жолы ұрылар еш нәрсе ала алмайды. Сарышолақ иттің бір қасиеті барын біліп, оны бұрынғысынан да қадірлеп ұстайды. Итті күн суықта үйге жатқызатын болады. Бұл байдың бір бай досы бар екен. Ол ұл мен қызға зар екен. Өйткені бөйбіше қатыны жылына бір бала туса да, аспаннан бір кара бұлт келіп, көтеріп алып кетеді екен. Сол бай досының қолында бір байға қасиетті иті бар деп естіп, адам жіберіп, хат жазып, қолындағы итті уақытша бере тұруын сұрайды. Бай жанына адам қосып, итін мерзімді күнге беріп жібереді. Итті алып барса байдың бөйбішесі толғатып жатыр екен. Жағалай үй толы адам, қаптап отырған қатын-қалаш екен.

Бай барлық адамды үйден шығарып, итті бөйбішенің жанына қояды. Бөйбіше толғатып, бала шырылдап туа бергенде шаңырақтан бір кара бұлт келіп төнеді. Ит арсылдап аспанға шаңшып, бұлтты балаға жуытпайды. Бала аман қалады, бұлт көктен арылып, жұрт жинала бастайды, бала ұл болады.

Бай қуанып, ел жиып, ат шаптырып, үлкен той жасайды. Сарышолақты астына төрт қабат жібек көрпе төсеп, тойда бай мақтап отырады. Тойдан кейін бай Сарышолақ иттің мойнына қарғы тағып, ырғап-жырғап қоныраулы пар атпен қайтарады. Иесіне сыйлық деп, бір айғыр үйір жылқы береді. Байдың Сарышолақ итінің қадірі бұрынғысынан да артады. Бай оны өз жанына алып шалқиып жататын болады.

Сарышолақ иттің даңқы талай елге жайылады. Бір күндері тағы да бір бай арнаулы кісі жіберіп, байға өтініп, хат жазады. Итін бірер күнге беріп жіберуін сұрайды. Бұл байдың да алтын

казынасын жыл сайын «бұлт» ұрлайды екен. Бай итін қасына адам қосып, бұл байға да беріп жібереді. Ит барған түні байдың ұрасына ұры түсіп, ит оны аман алып қалады. Бұл бай да айғыр үйірлі жылқы мен бірнеше ділдә беріп, иттің мойнына алтын қарғы тағады.

Сонымен Сарышалақ итті бай жалғыз ұлындай жақсы көреді. Оған күн сайын қой сойып, қойдың бауырын беріп тұрады.

Күндердің күнінде байдың үйіне бір хан келіп қонақ болады. Бай қонаққа тоқты сойып, құйрық, бауырын итіне береді. Бай мақтанып итінің барлық қасиеттерін баян етеді. Сол арада хан ерегесіп: «Осы иттің қасиетін көрейін, ертең барлық қорандағы қойынды өріске шығар да осы итке бақтыр. Егер бір қойынды қасқырға тартқызса, итінді алам, ал қойынды кешкісін аман алып келсе, хандығымды беріп, иттің мойнына алтын қарғы байлаймын»,— дейді. Сөйтін хан кетіп қалады.

Ертеңіне бай барлық қорадағы қойларын өріске шығарып, Сарышалақ итті бірге жібереді. Күн кешке айналған кезде, қойлардың шетіне ат мініп, ақ киім киген біреу шауып келеді де, атынан түсе қалады. Түсе қалады да, үлкен ақ қасқыр болып қойға шабады. Ит те қасқырға қарсы шабады. Екеуі айқаса кеткенде ит қасырды талап, көзін ағызып, қойдан айдап шығады. Қасқыр қансырап, жеңіліп, қойдың шетіне шығады да, адам болып атына мініп, қаша жөнеледі. Ит қойларды кешке аман-есен ауылға айдап келеді. Ит үйге кірсе, байдың төр алдында бір көзі таңулы әлгі хан отыр. Хан байға хандығын беріп, иттің мойнына алтын қарғы танады. Сонымен енді иттің мойнында алтын қарғы үшеу болады.

Иттің қадірі күннен күнге күшейіп, енді ханның барлық бақыты осы итке байланысты болады. Айыбы ит демесе, Сарышалақ адамнан қадірлі болады. Әттең тілі жоқ, сөйлей алмайды, әйтпесе барлық әңгімені адамша түсініп отырады. Баяғы қатынынан кек алғысы келіп, ызадан іші қазандай қайнайды. Кетейін десе хан жібермейді, қашып кетейін десе мойнындағы алтын қарғысымен жолда біреу ұстап ала ма деп қорқады. Өстіп жүріп ит өзінен-өзі жүдеп, ақыры ауырады, тамақ ішпейтін болады. Хан білетін жақсы балгер, емгерлердің бәрін алып қаратады, бірақ ит жазылмайды. Хан ауырлаған шығар деп мойнындағы қарғыларын алып тастайды.

Сол күні түнде Сарышалақ жұрт тегіс ұйықтаған кезде ел-жұртына қашып шығады. Бірнеше күн жол жүріп, ақыры ел-жұртына жетеді. Мұның келе жатқанын бал ашып, қатыны білін, күні бұрын қамданып отырады. Ит есіктен кірген ыңғайда қатын көк кеседегі суды пішіп жіберіп: «Ей, торғай болғыр»,— деп көк шыбықпен тартып қалады. Сарышалақ ит баяғы ит

калпынан шырылдап торғай болып, ұша жөнеледі. Ұшып келе жатқанда қаршыға көріп қалып, қуып береді. Торғай жан ұшырып, шырылдап келе жатып, далада егін орып жүрген бір кемпірдің қойнына кіріп кетеді. Сөйтіп, өлдім-талдым дегенде торғайдың жаны қалады. Кемпірдің қасында жүрген екі баласы торғаймен ойнап мәз болып қалады. Торғай шырылдай берген соң кемпір көзіне қарап тұрады да, кесемен су шашып: «Ей, адам қалпына түскір»,— деп шыбықпен тартып жібереді. Торғай адам болып шыға келеді. Кемпірге алғыс айтып, басынан өткен уақиғаларды айтып, баян қылады. Сол уақытта кемпір айтады:

— Сенің әйелің басында менен оқып еді, онан кейін ол барып жер астындағы қабір кірпісінен оқыған еді. Сені ол осындай ауыр азапқа түсірген екен, сен енді одан өшінді аламын десен, мына кеседегі суды таза орамалмен жап та, көк шыбықты қолға ал. Әйелің тап осы күні моншада, ептеп есікті аш та көк кеседегі суды үстіне шашып жіберіп, шыбықпен тартып қал, содан кейін ол сен не десен, сол болады,— дейді.

Бұл жүгіріп кетеді. Келсе, дегендей әйелі моншаға түсіп жатыр екен. «Ат болғыр»,— деп үстіне су шашып, шыбықпен тартып жібереді. Әйелі ат болып шыға келеді... Сөйтіп, молда бір қызға үйленеді. Бұл қыз да сиқырлықты оқыған екен.

Қыз молданы қасынан шығармайды. Үйін айналдыра биік берік қорған соқтырып, қақпасын күндіз-түні жапқызып қояды.

Бір күні қақпаға шұрқырап, кісінеп торы ат келеді. Бірақ келгенімен ішке кіре алмайды. Қорғанның сыртында тұрып қыз бен молданы дуалай бастайды, бірақ қыздың оқуы басым болып, торы аттың (қатынның) дуасы дарымайды. Сол арада торы ат қаршыға болып ұшып кетеді.

Қаршыға болып ұшып кеткенде, оқуын қыздан арттырып, молда мен қыз екеуінің басын жою үшін ол тіке баяғы оқыған жеріне тартады. Бірақ қыздың дуасы оны жеріне жеткізбей орта жолдан кейін қайырып, тура үйіне келтіріп қондырады. Сөйтіп, қыз қатынды дуамен мәңгілік күн етіп есігінде ұстайды.

ҚАРҒА ШАҢИЗАТ



Алгергі өткен ерте заманда өте дәулетті бай болады. Есігінің алдында бірнеше малайлары, құлдары болған. Малы орасан көп болған. Бай алпыс үшке жеткенше бала көрмей, бір перзентке зар болған. Үш әйел алады, үшеуінен де еркек кіндік болмайды. Бай алпыс үшке келгенде төртінші әйел етіп, бір кедейдің қызын алады. Тоғыз ай, тоғыз

күн өткенде әйел екі қабат болады. Бай қуанып, ел-жұртын жинап:

— Менің әйелім ұл перзент таба қойса, менің жүрегім жарылып кетер, әйелім туғанша тағат етін отыра алатын емеспін. Сондықтан маған ерем дегендерін соңыма еріндер, мен үлкен кеме жасап су арқылы жер жүзін кезгім келеді,— дейді.

Ел-жұрты айтқанын қабыл алып, ұсталарды жинап қырық күн ішінде ішіне елу кісі кететін кеме істеп, бейсенбі күні түстен кейін кемені суға салмақ болып, бай құдайы қылып, ел-жұртымен қоштасып елу кісімен кемені суға итеріп салайын деп жатқанда бір қара қарға ұшып келіп, кемені суға салдырмайды.

— Мені балаңа ортақ қылсан, кеменді суға салдырам,— дейді. Бай жолынан қалмас үшін «балама ортақ қылам» дейді. Балама ортақ қылам деген соң, қара қарға да ұшып кетіп қалады. Сонымен бай кемесін суға салып жүріп кетеді. Бірнеше күн, айлар өтеді. Ай толып, байдың әйелі арыстандай бір ұл табады. Елі жиылып неше күн ойын, неше күн той қылып, баланың атын қояды. Байды іздеп сүйіпші алуға жұрт асығады. Күні-түні теңізді аңдиды. Байдан хабар болмайды. Бірнеше жылдар өтеді. Бала қара табан болып, бес-алты жасқа жетеді.

Ел-жұрты байдан, қасындағы жолдастарынан күдер үзеді. Он шақты жылға дейін хабар болмайды. Бала он төрт — он беске келеді.

Бір күні бала шешесінен:

— Менің әкем қайда?— деп сұрайды. Шешесі болған істі бастан-аяқ баян етеді. Бала ел-жұртын жиып, қасына қарулы, әдісшіл бірнеше жігіт алып, әкесін іздемекші болады. Елін жиып кеңес құрып жатқанда он бес кісімен азып-тозып жаяу, табандары кесіліп, көрмеген қорлығын көріп, бай еліне келеді. Жұрты алдынан шығып сүйінші сұрап, байды қуантады. Бай баласымен көрісіп, жүрегі жарылғандай қуанып, қайтадан қырық күн ойын, қырық күн той қылып шерін тарқатып, мұнша жасқа келгенде ұл перзент бергеніне құдайға тәуіп қылып, жетім-жесірге қарап, қолындағы барлық құлына бостандық береді. Бала балалармен асық ойнап жүре береді.

Бір күні бір баланың асығын зорлықпен жығып салып тартып алады. Астында жатқан бір таз қу бала екен.

— Сенің біздің елде не жұмысың бар?

...Сенің әкең қарға Шаһизат, біреудің елінде жүріп бүйтесің. Еліне кет, қаңғырған неме,— дейді. Бала үстінен түседі де, үйіне жылап жүре береді.

Әкесіне келін:

— Менің әкем кім? Мен әкемді іздеймін. Бұл елде тұрмаймын,— дейді.

Әкесі өткен істі жылап отырып баян етеді. Бала қарға Шаһизатты іздемекші болады. Бай ел-жұртын жиып, балаға неше күндік асын беріп, астына өзінің сүйген атын беріп «шылауынды қаусал ағзам періштелер қолдасын, бабаларым жар болсын» деп, еңіз-теңіз болып, батасын беріп баланы аттандырады.

Бала қару-жарақ асынып, ел-жұртымен амандасып, жолға шығып кетеді. Сонан бала неше күн, неше түн жүріп отырып, бір күндері бір үлкен шаһарға кез келеді.

Шаһардың шетінде бір даныппан адамға кездеседі. Жөн сұрасады. Данышпан адам:

— Бұл жылан патшасының шаһары. Бір жақтан келген бөтен адамды біледі. Ордасына апарып, көп жыланның ортасына қояды. Біреуі мұрнынан, біреуі аузынан кіріп, мойнына оралып, тұла-бойынды аралайды. Ол кезде тіпті қимылдамағайсың. Үйткені сені арбап жүреді. Егер қимылдасаң, өлгенің,— дейді. Сонымен бала ордаға келеді. Хан шақыртып алады. Хан кішкентай жіңішке ақ жылан екен. Алтын табакқа салып, айдаһар басына көтеріп жүреді екен. Баланы апарып көп жыланның ортасына кіргізеді. Біреуі аузына, аяғына, құлағына, мойнына кіріп, оралып жүреді. Бала қозғалмай тұрады. Қозғалса, өлетінін біледі. Бала жыланнан аман-есен құтылып, бағапағы жолыққан кісіге келеді. Не қылып ел кезіп жүргенін бастап-аяқ баян етеді. Жаңағы кісі:

— Ол қарға Шаһизат осы жерден жақын. Ол кезеп хан. Алдына барған кісі аман қайтпайды. Барғаныңмен өліп қайтасың,— дейді.

— Сен жап-жас бала екенсің, саған мен бір жақсылық қылайын, айтқанымды орында,— дейді.

Бала әбден болады дейді. Қуанғаннан астындағы атын түсіп береді.

Кісі:

— Қарға Шаһизаттың қырық қызы бар. Қыркының қырық отауы бар. Күнде түсте қыркы қырық аққу болып, сәске түсте ұшып келіп, осы жақын жерде бұлақ бар, соған шомылады. Сол шомылғанда отыз тоғызы бір де, жалғыз біреуі бөлек түседі. Сен амалдап сол жалғыз түскен қыздың киімін түсіріп алсаң, ісіннің орындалғаны,— дейді.

Бала қуанып таңертең барып, қыздардың суға түседі-ау деген жеріне барып аңдып жатады. Сәске түс бола берген кезде қырық аққу шырқ айналып келіп, бұлаққа қонады. Отыз тоғызы бір түседі де, бір аққу бөлек түседі. Бала аңдып жатып, шешініп суға шомылған кезде жүгіріп келіп, киімін баса қалады. Басқалары адамды көріп ұшып кетіп, жалғыз өзі қалады. Жаңағы қыз:

— Ей, адамзат, киімімді бер. Саған да бір жәрдемім тиер, егер

мен керек болсам қырық бірінші отаудан мені тап,— дейді. Сосын бала киімін береді. Қыз киінеді де, аққу болып ұшады да кетеді.

Бала күн батқанша асығып, күн батқан кезде қатар тіккен қырық отаудың күншығыс шетіндегі жеке отауға кіріп келсе, ай десе аузы, күн десе көзі бар, шашы жерге тиіп, көзі жарқырап баяғы қыз отыр екен.

Бала қарға Шаһизатты іздеп келе жатқанын, неше ай, неше жыл іздеп азап шеккенін айтады. Қыз жақсылап күтіп, жайлы төсекке жатқызып балаға рахымы түседі.

— Менің әкем — қарға Шаһизат. Алдына келген адам сау кетпейді. Сен ертен азанмен ханға барып сәлем бер. Келгенінді баян ет. Саған не айтады, не тапсырады, бұлжытпай, ұмытпай маған баян ет,— дейді.

Бала тан алакеуіммен ханның ордасына аяндайды. Рұқсат алып патшаға тағзым етіп:

Ассалаумағалейкүм,
Алдияр таксыр, ханымыз,
Құтты болсын, ей, шаһым,
Саясатты тағыңыз,
Артылсын деп тілеймін,
Күннен күнге біз ғарып,
Бастағы дәулет бағыңыз,—

деп, алдиярлап келген жайын баян етеді.

Патша:

— Олай болса, сен ақиқат менің балам болсан, мен сынайын. Жұмыс тапсырам. Соны орындайсын,— дейді.

Бала:

— Құп болады,— деп тәжім етеді.

Патша:

— Екі шаңқан боз түрі де бір, түсі де бір. Соның анасы қайсы, баласы қайсы айырып бер. Соны айыра алмай жүр едік,— дейді.— Егер тапсаң, анықтап баласы дегенінді оң қолына, анасы дегенінді сол қолына ұстап, шатастырмай алып кел. Егер таба алмасаң жаныңнан безе бер,— дейді. Бала иығы түсіп, екі биені жетектеп жасырынып қызға келеді. Ханға айтқанын баян етеді. Екі шаңқан бозды тапсырғанын, содан жәрдем болмаса өлетінін айтты.

Қыз:

— Сен екі күнге ханнан мәулет сұра!— дейді. Бала ханға барып тәжім етіп, екі күнге мәулет алып келеді.

Қыз:

— Сен бұл екі атты таң асыр, қалың киіз жауып қараңғы

көбеге байлап суын ал. Ертеңіне дейін шөп берме. Күн толған сон, бір уыс жоңышқа алып әуелі біреуіне, екінші рет біреуіне бер. Сонда біреуі оқыранып, тепсініп шыдаһ тұра алмас. Соны баласы, үндемегенін анасы де де, алып барып бер,— дейді.

Бала айтқанын істеп ертен азанда, «мынау — анасы, мынау — баласы» дейді де, алып барып береді.

Хан екінші рет:

— Сен бүгін түніменен бір үлкен шаһар орнат. Ішінде гүлдер болып, бұлбұл сайрап, бұлақ ағып таң-тамаша қылғандай болсын,— дейді.

Бала:

— Құп!— деп төжім етіп кетеді. Қызға амалдап келіп жолығады. Тапсырмасының бәрін айтады. Қыз тепсініп-ақырып жерді теуіп-тәуіп жібереді. Жұмысқа мойымайтын дәулер толып кетеді.

Қыз:

— Ертен алагеуімге дейін пәлен саржын жерге шаһар салып, ішінде бұлбұл сайратып, бау-бақшалар орнатып, таң-тамаша қылатын шаһар салындар,— деп бұйырады. Қыз бен бала жата береді.

Бала танертен тұрып қараса, бір шаһар орнатқан. Адам қарап тұрғандай. Бұрынғы қарға Шаһизаттың шаһарынан сәулетті, өте сұлу. Бала қуанып, азаннан патшаның ордасына аяндап барып, төжім етіп: «Айтқаныңызды орындап келдім»,— дейді.

Патша:

— Апырмай, нағып орындадың! Мынау кісінің қолынан келмейтін нәрсе еді. Бұл жалғыз кіші қызымның қолынан келетін еді. «Онымен қалай жақын бола қойды»,— деп ойлап, хан уәзірін ертіп, жаяулап салынған шаһарды аралап, таң-тамаша қылып, кешке әрен ордаға қайтады.

Патша:

— Енді, балам, бір буын қамыс берем. Осының басы қайсы, түбі қайсы. Соны тауып кел,— деп қолына бір буын қамыс береді. Бала қамысты алып қызға келеді. Қыз: «Енді бір буын қамыс берсе, жұмысыңның оңайланғаны,— дейді.— Қамысты аспанға лақтырсаң әуелі келіп түбі жағы түседі. Сол жағынан ұстап алып барып бер»,— дейді. Бала қамысты жоғары лақтырып, жерге түскен жағын ұстап, ертеңіне апарып береді. Патша:

— Таптың, айтқан жерден шықтың. Қырық қызым бар: Соның біреуін таңда да ал. Сөйтіп өзіме уәзір бол,— дейді. Бала патшаның айтқанын қызға айтады.

Қыз:

— Ертен патша жұртын жияр, қырық қызды бірдей киіндіріп,

беттеріне перде ұстап қатар қояр. Сен сол кезде қайсыны аларыңды білмей сасарсың. Сол кезде мен ғаріп оң өкшемді қимылдатармын. Сен осы қызды ұнатам деп айрылмағайсың,— дейді.

Ертең азанда жұртын жиып, қырық қызды қатар қойып, балаға:

— Таңдағаныңды ал!— дейді. Бала ол жағына бір шығып, бұл жағына бір шығып, аяқтарына карап жүрсе, қыз ортасында бір өкшесін қимылдатып тұр екен. Бала келеді де:

— Осы қызды ұнатам,— дейді. Патша сөзден танады. «Бұл әкемнің кенжесі, қарындасым еді. Мұнан басқасын тандап ал»,— дейді.

Бала:

— Бұл қызды бермесең, алмаймын,— дейді. Сонымен ертең және таңдамақшы болады. Бала кешіне қызға келеді:

— Ертең менің орныма басқа қыз қойып, мені қотыр баспақ қылып, күн шуаққа байлап қояр. Мен күн шуақта жаланып тұрармын. Сол кезде сен қыздарды ұнатпа да, сол қотыр баспақты бер деп патшадан сұра,— дейді ол.

Ертең азанда патша жұртын жиып, қырық қызын қатар қойып, баланы жібереді. Бала әрі-бері жүріп:

— Сіз маған қызыңызды бермесеңіз, мен еліме қайтамын. Маған әне бір қотыр баспағыңызды беріңіз, күнге кептіріп жол азық қылайын,— дейді.

Патша:

— Жок, ойбай, әкемнен қалған жалғыз баспақ, оны беріп әкем жүзін көре алмаймын,— дейді.

Бала:

— Оны бермесеңіз, мен қызыңызды ала алмаймын,— дейді.

Патша хұзратын тарқатып, уәзірлерімен кеңесіп, баланың біліміне ырза болып, кіші қызын беріп, неше күн ұлы той қылып баланы өзінің орнына хан көтеріп, өзі тәубе қылып, баланың хандық құрған қызығын көріпті. Сөйтіп бала бір қыздың білімінің арқасында бір елді билеп, неше жыл хан болып дәурен сүріп, мұратына жеткен екен.

ХАНША МЕН БАЛАСЫ



ар екен де жоқ екен, аш екен де тоқ екен. Ілгері заманда бір патша болыпты. Оның он екі жасар баласы мектепте оқып жүріпті. Осылай болып жүргенде, бір күндері болғанда патшаның бір биесі бес-алты күн жоғалып кетіп, оны жылқышы іздеп жүргенде ол бие бір көлдің жағасынан табылыпты.

Ол биеге жылқышы жақынырақ барса, қасында бір жылқы тұрған екен, жылқышыны көріп, ол жылқы суға түсіп кетіпті. Жылқышы биесін жылқысына қосып қойып, балаға келін болған нәрселерді осылай да, осылай деп айтыпты. Осылай болып жүріп, бір жыл болғаннан кейін жанағы бие туыпты. Бие туған заман бала құлынын үйіне алып келдіріп, өз қолында торбиелей бастайды.

Бір күні патша аңға шығып, аннан үш-төрт күн кешігіп қалыпты. Патшаның қатынының ашынасы бар екен. Патшаның аңға кетіп қалғанын біліп, патшаның қатынына келеді. Келіп патшаның қатынына айтады:

— Сен патшаны өлтір, сонан кейін мен аламын,— дейді.

Қатын:

— Мен патшаны қалай қылып өлтіремін?— дейді. Ашынасы айтыпты:

— Әуелі сен баланды өлтіріп алсаң, кейін патшаны өлтіруін киын емес,— депті.

Қатын айтады:

— Баламды қалай қылып өлтіремін?

Ашынасы былай дейді:

— Сен ас қылып, ішіне у салып балаң келгенде берерсін, соны жең балаң өліп қалады,— дейді.— Онан соң патшаны теірек өлтірерсін,— депті. Ертеңінде баланың анасы баласына ішіне у салып ауқат қылып қояды. Бала молдасынан қайтып келіп, атының алдына кірсе, аты қайғылы болып тұрғанын көреді. Бала:

— Ей, жануар, неге қайғырасың?— дегенде құдайдың күдіретімен тіл бітіп, аты да айтады:

— Мен сенін өлуіңе қайғыланып тұрмын,— дейді.

Бала: «Қандай?» — дегенде, ат айтады:

— Сенің анаң ашынасының сені өлтір деген тілін алып, сені өлтірмек үшін ауқат қылып қойды. Егер соны жесен, сен өлесің,— дейді. Бала қапа болып үйіне барады. Шешесі баласын көріп, үстіне түсіп: «Кел, қарағым, сен келгенше саған ауқат ынып қойып едім, жей ғой!»— дейді.

Бала шешесінің қолындағы асты ала салып: «Апа, далаға апарып жеймін»,— деп далаға шығып бара жатып қолынан түсіріп жіберіпті де, азар болып, көшеден ауқат жеп, қайтадан молдасына кетеді. Ертеңіне ашынасы келіп «не қылдың» дегенде, қатын баланың азар болып, ауқатын төгіп кеткенін айтады.

Ашынасы былай депті:

— Ендеше, ертең келгенде қаттама қылып бергін, оны төге алмайды,— депті. Баланың шешесі ертеңіне қаттама қылып даярлап қояды. Бала молдасынан қайтып келе жатып атының алдына кірсе, аты тағы басын төмен салып тұр екен. Бала мұны көріп:

— Ей, жануар, неге бүгін тағы қапа болып тұрсын?— дегенде, аты балаға жауап береді:

— Ей, сен білмейсің, шешең саған қаттама қылып қойды. Егер соны жесең өлесің,— дейді.

Бала үйіне келген соң, шешесі:

— Кел, карағым, саған май салып қаттама қылып қойдым,— деп балаға қаттаманы алып береді. Бала шешесінің қолынан қаттаманы алып, итті шақырып итке тастағанда, итті жеген заман өлтіріпті. Бала тағы шешесімен араз болып, молдасына кетіп қалады.

Үш күн өткізіп ашынасы келіп «не қылдың» дегенде, тағы баланың істеп кеткен нәрселерін түсіндіріп айтады. Ашынасы мұны естіп айтады:

— Сен әуелі балаңның бағып жүрген атын өлтір. Балана ақыл беріп жүрген сол ат,— дейді.

— Қалай қылып өлтіремін, балам өлтіргізбейді,— дегенде оған ашынасы айтады.

— Байың келгенде сен кесел бол. Мен қатын тәуіп болып тұрамын. Сонда патшаға мені айтасың,— депті.

Қатын патшаның аңнан қайтып келеді деген хабарын естіп, сол күні кесел болып қалады. Ойбайлап төрден есікке, есіктен төрге аунайды. Патша аңнан келіп кірсе, қатыны қиналып жатқанын көріп, патша сасып:

— Ойбай, қатын, енді не қыламыз?— дегенде, қатыны айтады:— Пәлен жерде қатын тәуіп бар, соны алдыр,— дейді. Патша тезден адам жіберіп, қатынның ашынасын алдырады. Ол қатынның тамырын ұстап көріп:

— Ей, патша, бұл қатынның кеселі жаман, бұдан жазылу қиын,— дейді. Патша:

— Айналайын, қалай қылып болса да осы қатынды жазып бер,— дейді.

Тәуіп:

— Қатының жазылады, егер тұлпардын егін жесе,— депті. Патша айтады: «Қайдан табамыз?»— деп сұрайды.

Тәуіп:

— Мына бағып жатқан баланның аты тұлпар,— депті. Патша баласын шақыртыпты. Әкесі шақырған соң бала келе жатып, атына келеді. Келсе, аты қабағын жерге салып тұр екен. Бала: «Ей, жануар, неге қапасың?»— десе:

— Ілгері сенің өлуіңе қапа болсам, енді өзімнің өлуіме қапамын,— депті.— Енді сен атанның алдына бар. Атанның сөзін қайтарма. Мені сояр кезде үш рет шынғырамын: бірінші — жібімді шешіп далаға шығарған кезде, екінші — жығып аяғымды байлаған кезде, үшінші — соймақ болып пышақ таяп тұрған кезде. Егер сонда жетсең жеттін, жетпесең мен де, сен де өлгенің,— депті. Бала айланып атасына келеді. Атасы баласына айтады:

— Балам, шешен кесел болып қалыпты. Мына тәуіп тұлпардың егі дәрі дейді. Сенін мына бағып жатқан атын тұлпар дейді. Соны сойып береіік, соны сен қалай көресің?— дейді.

Бала айтады:

— Қандай қылайын, шешемнен артық болыпты дейсіз бе? Сойсаңыз соярысыз,— деп, бала молдасына қайтып кетеді. Патша атты соймақшы болып, атты шешіп алғанда ат шынғырады. Және алып келіп жыққанда бір шынғырады. Бала мұны есітіп, өдеппен молдасынан сұрап далаға шығады да, қашып береді. Бала келіп жеткенде және шынғырады. Енді сояйын деп тұрғанда бала жетіп келіп:

— Е, ата, мен осы атты туғаннан бері бағып-бағып бір мінбей кетіп барамын. Мұны мен бір міпбеппін. Бұл да, мен де арманда болып қалмайық,— депті. Атасы баласының бұл сөзін қабыл алып, балаға және атқа керекті болған аспаптарын даяр қылып береді. Бала атты мініп бір қорғанды айналдырып шауып келіп айтады:

— Ата, кімге ұқсаймын?

Атасы:

— Атаңа ұқсайсың,— депті. Және айналып шауып келіп айтады:

— Ата, кімге ұқсаймын?

— Перизатқа ұқсайсың,— деп жауап береді. Бала:

— Қайыр, қош, көргенше аман-есен болып тұрыңыз!— деп атына қамшы ұрғанда, аты бір айлық жолға әкеліп қояды. Сол жерде бір қойшының киімін жана киіміне айырбастап алып, оінде болған аспап-құрал, киім-кешектерін аттың үстіне танып, аттың қылынан түтеткіні алады да, атты қоя береді. Өзі

қойшының киімін киіп алып, сол жердегі болған қалаға жөнеледі.

Баланы көріп шаһар қақпасының есігінде тұрған карауылы ұстайды:

— Қайда барасың?

— Білмеймін.

— Қайдан келесің?

— Білмеймін.

Не айтса да, «білмеймін» деп жауап береді бала. Оны Білмеймін деп атайды. Қарауылшы:

— Ой, тентек екен, мейлі кете берсін,— деп қоя береді. Бала барғаннан барып, патшаның тағының алдына барып отырады. Патша көріп:

— Ананы ұстап әкел!— деп бұйрық кылады. Патшаның уәзірлері ұстап әкеледі. Патша:

— Қайдан келесің?

— Білмеймін.

— Бұл жерде не ісің бар еді?

— Білмеймін.

Патша: «Бұл ақымақты өлтір»,— дегенде, уәзірлері айтады:

— Таксыр, мұны өлтіріп не қыласыз. Мұны үлкен бауға алып барып қоя берсек, сол жерде жүреді де,— депті.

Патша бұл сөзге «мақұл» депті. Баланы патшаның бауына алып барып қояды. Қарауылшы ол балаға ауқатын апарып беріп тұратын болды.

Бала құдайдан тілеп:

— Ей, құдай, осы орман бүтін бәрі қыркылып, күл болып қалсын. Және дуалдарына шейін құлап жоқ болсын,— деп, құдайдан тілек тілегенде, ағаштары күл болып, дуалдары жоқ болып кетіпті.

Патшаның карауылшылары келіп көрсе, бәрі қыркылып, күл болып, дуалдары құлап жатыр. Қарауылшы «не қылдың» десе, «білмеймін» деп, басқа жауап бермеді. Қарауылшы патшаға хабар жібереді. «Білмеймін» бауларды бір түннің ішінде күл кылып, дуалдарын жығып тастапты»,— дейді.

Патша адам жіберсе, бәрі құлап қалған. Мұны көріп патша «Білмеймін» бір әжетке жарап қалар» деп, баланы күтін тұрды.

Бала:

— Құдай, баулары тағы бұрынғыдай болса екен,— деп құдайдан күні-түні сұрап, бұл жерді бастағысынан да жақсы кылып, баулар, қауындар пісіргізіп қойды. Және «бір хауыз болса екен» деп айтқан заман, бұл да болды.

Білмеймінге ауқат алып келушілер көрсе, жақсы бау болған, оны ешкім мақтап болар емес. Мұны көріп патшаға хабар береді.

Патша келіп көрсе, өте көңілді болған. Патша: «Мұны қандай қылдың, бұл қайдан болды?»— деп сұраса: «Білмеймін!»— деп жауап береді. Онан кейін баланы патша күтіп тұратын болды.

Бір күні сол патшаның үш қызы баудың мақтауын естіп келеді. Сонда бала хауызге түсіп шомылып жатыр еді. Қыздарды көріп хауыздің жағасында тұрғанда, үлкен екі қыз мұны сезбеді. Кішкене қыз көріп, балаға ғашық болып қалды. Бірақ апаларына айтқан жоқ. Онан кейін бұлар үшеуі де патшаға қауын алып барды. Патша үлкенінің қауынын сойып еді, жаман болды. Бұдан кейін және біреуінікін сойып еді, ол да жаманырақ шықты. Ең соңынан кішкене қызының қауынын сойып көріп еді, шырын шықты. Патша мұның себебін уәзірлерінен сұрағанда олар айтты:

— Үлкен қызың күйеуге берістен өтіпті, ендігі қызыңыз да өгіі қалыпты. Бірақ кішкене қызыңыз күйеуге тиер уағы жетіпті,— депті.

Патша қыздарын күйеуге бермек болып, елін жинап той қырмақ болыпты. Онан патша қыздарын мұнараның басына шығарып қойып, әрбіреуінің қолына бір алмадан беріп қойыпты. «Кімді қаласаң, соны ұр»— депті.

Бүтін патшаға қарасты халықтары мұны естігеннен кейін бәрі жиылып келіп, патшаның қызының алдынан өте береді. Патшаның үлкен екі қызы қалаған жігітін алмамен ұрып, екеуі екі жігітке тиіп кетеді. Патша бұған қайран қалып, халқын қызының алдынан екі-үш рет өткізеді. Қызы ешкімді қаламайды. Патша: «Менің қол астымдағы адамнан ешкім қалды ма екен?»— дегенде уәзірі: «Білмеймін қалды»,— деп жауап береді. Патша:

— «Білмеймінді» алып келіндер,— депті. Жасауыл тез барып, «Білмеймінді» алып келеді. «Білмеймін» патша қызының алдынан өткенде, қыз алмасымен ұрды. Патша бұл қызына қапа болып: «Алып барып есекханаға кішкене қызым мен күйеуімді апарып қойындар»,— депті.

Патша бір күні екі күйеуін шақырып алып: «Мен киік етін жегім келеді маған аң етін әкеліп беріндер»,— депті.

Патшаның екі үлкен күйеуі екі атын мінін, аңға шықпақшы болады. Мұны бала біліп патшаның қызына:

— Тұр, сен атаңа бар, маған да бір ат, мылтық берсін,— депті. Қыз атасына барып:

— Ата, күйеуіңіз ат, мылтық тауып берсін, аңға шығып келемін,— дейді. Патша:

— Ол ақымақ аңға шыққанда не бітіреді дейсің?— дегенде, уәзірлері айтады:

— Ей, патша, оған бір жаман ат, бір жаман мылтық берсеңіз

далаға шығып түк те бітірмей қайтып келеді,— дейді. Патша мақұл көріп, жаман ат пен жаман мылтық береді. Бала көшеде жүрген иттердің бес-алтауын жіпке байлап алып, мылтығын желкесіне асып алып, иттерді тақымына басып алып, қыңсылата жөнеледі. Мұны көріп көшедегі балалар оның соңынан еріп, иттерін ұрып, қаладан шығарып тастап келеді. Бір таудың панасына барып жатса, бір киік таудан ойнап келіп баланың алдына келгенде, бала:

— Ішегің шырынға, етін зарарға айналсын,— деп, мылтықпен атқанда, киік сол жерде құлап қалады. Бала киікті алып келе жатса, екі бажасы құрдан-құр келе жатыр екен. Баланы көріп балаға жалынады:

— Бажа, киігіңнен бізге де бермесен, патша алдында шерменде болатын ұқсаймыз,— дейді.

Бала қабыл алып, өзі ішек-шабағын алады да, екеуіне киікті береді. Бұлар қайтып келіп, патшаға әрқайсысы жақсылап ауқат қылады да, әрқайсысы өзі апарып береді.

Патша екі ұлкен қызының ауқатын жеп көрсе, тіпті ашы, одан соң жемейді. Кейін кішкене қызы ішек-шабақты жуып-тазалап, астауға салып, ауқатын көріп тазалап, даярлап болған соң, ауқаттың арасына тезек көміп қояды. Қыз әкеліп атасының алдына қояды. Атасы ренжіп жемейді. Қызы айтады: «Енді көңілім үшін ас дәмін татып көргін»,— дейді. Патша дәмін татып көрсе, шырын екен. Патша жеген сайын, шырын бола бастады. Жеп отырғанда ішінен тезек шыға келеді. Патша оны алып тастап жей берді. Енді арада үш-төрт күн өткеннен кейін патша екі күйеуін тағы аңға жібереді. Бала бажасының аңға кеткенін біліп, атына мініп бұл да соңынан шығады да, бірақ бұл тұлпардан алып қалған жалын түтетіп жібергенде, ілгергі тұлпары алдына келеді. Бала құдайдан сұрап: «Ей, құдай, осы жерге бір там салғыз, оның ішінде киік, әртүрлі аңдар ойнап жүрсін»,— деп құдайдан тілеген екен. Баланың айтқанындай болып қалыпты. Патшаның екі күйеуі келе жатса, бір қорған көрінеді. Ол екеуі қайран болып, «бұл ілгері өткенде жоқ еді, қайдан келіп қалды» деп ойланып, қорғанның ішіне кіреді. Кірсе, ішінде түрлі аңдар: киік, бұғы, ұлан дегендей бәрі де секіріп, ойнап жүр. Үй алдында бір жақсы ат байланып тұр. Бұлар таң-тамаша қылып тұрғанда ішінен бала шыға келеді. Баладан екеуі: «Бұл қайдан пайда болды? Біз өткенде жоқ еді?»— деп сұрапты. Түрленіп алған бала: «Қорған кашаннан бері бар! Мен өзім осында күн кешіремін»,— дейді. Бұған екеуі айтады:

— Біз екеуіміз сеніменен жолдас болайық, осы киігіңнен біреуін бергін. Біз патшаның күйеуі едік. Бізді киік аулауға

жіберген еді. Бірақ қолға ештеңе түсіре алмай қайтып келеміз. Киігіннің пұлын аларсың,— депті. Бала оларға айтады:

— Маған пұл керек емес. Сендерге тегін беремін. Бірақ бір сертім бар, соны істесендер,— депті. Олар:

— Қандай серт?— деп сұрағанда, бала айтады:

— Екеуіннің арттарына екі таңба басамын, егер соған көнсендер киігімді аттарын көтергенше алып кетесіндер,— дейді. Олар әрі-бері ойланып тұрыпты. Егер киіксіз барайын десе, патшадан ұялады. Амалы жоқ, «айтқаның болсын» дейді. Бала артына таңба басады да, қалағанынша киікті беріп жібереді. Бұлар кете салысымен бала киімін киіп, атына мініп, қатынына барады. Патша баланы көріп қалып адам жібереді. «Біздің кішкене қыздың үйіне бір адам кірді. Қандай адам екен, оны біліп кел»,— дейді. Ол адам келін «үйге келген кім» десе, «ешкім келген жоқ, өзімнің байым» депті қыз.

Ол патшаға қызының «өзімнің байым» дегенін айтып барады. Патша сенбей өзі келеді. Патша келіп:

— Сен кімсің?— дейді. «Мен —«Білмеймін»,— дейді бала. Одан болған нәрселерді сұрайды. Бала айтады: «Мен патшаның баласы едім. Әкемнің екі құлы қашып кеткен еді. Екеуі де таңбалы еді. Соны таппақшы болып келіп едім»,— дейді. Патша бүтін халқын жинап, бәрін қарайды. Ешкімнен табылмайды. Ақыры екі күйеуін қарағанда, екеуінен келіп шығады. Екеуін балаға құл қылып беріп, баланы патша қылып, мұратына жеткізіпті.

МҰСТАҚЫМ



ртеде Мұстақым деген бай болыпты. Оның еркек баласы болмапты. Он бес жасар әйел баласы болыпты. Байдың байлығы сондай асқан, басқа түгіл патшаға да жеткен. Бай сапарға бір шыққанда отыз көспен шығады екен. Бір-бір қоста отыз мың сом сауда істейді екен. Күндердің күнінде көп жолдастары бар отыз көспенен саудаға шығыпты. Түстік жерге барып қоныпты. Түсте екі малшысы суға бара жатқанда қалың шөптің арасынан бір адамның қу басын көріпті. Ол қу басқа караса, екі көзінің ішінен екі көк шөп шыққан. Әлгі екі малшы тамашалап, «қалай шыққан» деп қарап, су алып қайта қайтқанда басты айналдырып тағы да қарайды. Караса, қу бастың мандайында бір жазу бар екен. Бірақ жазуды екеуі оқи алмай, Мұстақым байға алып келеді. «Мұстақым бай, біз суға

барған едік, сонда кетіп бара жатқанда қу басты көріп едік, көзінің ішінен шығып тұрған көк шөпті көріп, қайта қайтқанда маңдайындағы жазуды көріп, сізге оқытуға алып келдік»,— деді. Мұстақым әлгі жазуды оқыды. Оқыды да, тамсанды да, сосын «мына басты өртеші» деді. Өртеді де талқандатып, оқшантайға салып алды. Сонан соң түстенді де, Мұстақым бай да көшіп кетті. Не заман саудасын істеді де, үйіне қайтып келді. Қайтып келіп, оқшантайды сандығына салды. Өзі де саудасын істеді де, тағы сапарға кетін қалды. Бағанағы он бес жастағы әйел баласы он жеті-он сегізге келіп қалды. Еркелікпен сандықтың бәрін ақтарып қарап жүрді. Қарап жүрген уақытта әлгі оқшантайды тауып алды. Әлгінің не екенін білейін деп дәмін татты. Дәмінен ештеңе білінбеді. Сонан соң әлгінің исі бар ма екен деп иіскеді. Иіскеп еді, бойы балқып, арақ ішкендей иіп кетті. Сонан соң: «Апырай, мынау бір дәрі не қылған күшті екенін білмеймін, саған әкем айтып па еді»,— деп шешесінен сұрады. Сонда шешесі: «Әкеннің бір жақсы сақтап қойған, ешкімге айтпай буып-түйіп жүрген дәрісі ғой, баяғыда, орнына салып қой»,— деді. Соны иіскегеннен кейін қыз екі қабат болып қалды. Ол уқытта, Сүлеймен деген патша заманында ол патшаның өмірі бойынша бойжеткен күйеусіз бала табатын болса, қайдан болса да тапқызып, баласы мен екеуін де дарға асқызады екен. Сол уақытта патшаның өмірінен қорыққанынан байдың әйелі өзінің ішіне жастық тығып елге мәшһүр болыпты. Сонан қызы ай-күніне жетіп бір ұл тапты. Қызын басқа бір үйге кіргізіп жіберіп, әлгі тапқан баланың үстіне өзі отырып кіндік кесуге елдерден әйелдерді шақыртты. Әйелдер келсе, баласы бақырып жатыр. «Ойбай, байдың әйелі босаныпты» деп, қатындар у-шу келеді, баланың кіндігін кесіп алады. Байдың бәйбішесін тамашалап, шілдеханасын жасап сауық-сайран істейді. Сол уақытта Мұстақым байдың саудаға кеткелі алты ай болған кезі еді. «Бай келе жатыр» деп, бір күні хабарын естіді. Келе жатыр деген соң-ақ, алдынан үш күншілік жерден сүйінші сұрауға бір кісі кетті. Байға барып «әйелің еркек бала тапты» деп сүйінші сұрады. Бай қуанғанынан тоғыз түйе тоғанақ жүк берді. Сонан соң бай үйіне келсе, баласы туғалы алты ай болған екен, баласы талпынып отыр екен. Бай қуанғанынан «әйелдер немене той істеді дейсің» деп, қайтадан қырық күн тойын, отыз күн ойын жасап ат шаптырды. Сонан соң баласы бес жасқа келіп ер жетті. Бала бес жасқа жетіп ер болған соң, молдаға оқуға берді. Таңертең оқыған баласын кешке молдасы ертіп алып келді. «Балам қалай, жас болып оқу оқи алмады ма, қалай?»— деп сұрады. Сонда молда: «Бұл бала менің өз өнерімнің оқуын бітірді»,— деді. Онан соң «өзіңіздің оқуыңызды бітірген болса, артық оқыт деп, айта аламыз ба» деді. Сонан соң «тіл ашарлыққа

малды бағалаймыз ғой» деп, акша берді. Баласы күндіз-түні ұйықтамай қағаз жазатын болды. Мұстақым бай «бұл шал берген баланы түнде де оқыттым деп еді, сонан қорқып жүрді. Бала сегіз жасқа келді. Сегіз жасқа келген соң Мұстақым байға ой түсті. «Балам оқу оқып, хат таныды. Енді балама өз өнерімді үйретейін» деді. «Өзімнің өнерім не, баяғы сауда жағы, осыны үйретейін» деді. Баяғы ел танытсам, жұрт танытсам деді. Баяғыдай отыз қоспен басқа патшалыққа баласымен жүрмек болды. «Жә, ал енді» деп басқа патшаға бет алып жүріп кетті. Бұл жүре тұрсын, енді алдыңғы патшадан біраз әңгіме айталық. Алдыңғы патшаның жиырма қатыны бар екен, жиырма қатынын кезекпен қойнына алып жатады екен. Күндіз түнеген бір әйелін сейілге алып шығады. Сейілге өзімен бірге жеті-сегіз жастағы балаларды алып шығады екен. Балалардың ойнауына бір көлден су бұрып әкеліп қояды екен. Сол бұлақтан балалар балық сүзіп ойнайды екен. Соның тамашасына патша әйелімен екеуі қарап отырады екен, жиырма қатынын да осылай сейілге алып шығып жүреді екен. Бір күні үлкен бәйбішесін сейілге алып шықты. Бағанағы балалар балықты сүзіп алып, бір суы бар шұңқырға жинайды екен. Түске тамаққа қайтарында балаларға патша: «Балығынды өлтірмей суға салындар»,— дейді екен. Сонда бәйбішесі балаларға да, балыққа да ешбір карамайды. Патша айтты:

— Ей, бәйбішем, не себептен балалардың ойынына карамайсың? Балықтың неше түрлісі бар, оған неге карамайсың?— деді. Сол уақытта бәйбішесі айтты:

— Мен бұл балықтың несіне қарайын, балықтың жақсысы да, жаманы да бар шығар һәм зинақоры бар шығар,— деді. Сол уақытта сидалау келген бір аққайран суда тік тұрып сақ-сақ адамша күлді. Патша әлгіні көріп, «бұл не ғажайып» деп шошып кетті. Сонан соң патша үйге қайтып келді де, сарайына келіп халқын, уәзірлерін, бектерін жиды. Жиып алып халықтарына: «Мен бір тамаша ғажайып нәрсе көрдім. Менің жиырма қатыным бар, жиырмасын жиырма күн сейілге алып шығатын едім, бүгін үлкен қатынымды сейілге алып шығып едім, қатыным балалардың ойынына ешбір карамады. Сонан соң мен қатыныма айттым: «Жиырмана жиырма күн түнеуші едім, сен оған көңілің толмай жүр ме, ол әділ емес пе, болмаса неге карамайсың мына тамашаға? Өзеннен бір бұлақты бұрып әкелдім, неше түрлі бұлбұлдарды сайратып қойдым, солардың тамашасына неге карамайсың?»,— дедім. Сонда қатыным айтты: «Бұл балықтың несіне қарайын, жақсысы да, жаманы да бар шығар»,— деді. Сол уақытта сидалау келген аққайран судан басын шығарып сақылдап күлді. Ол не себепті күлді, осыны табындар»,— деп айтты.

Халқы ары ойланып, бері ойланып таба алмады. «Ал енді осыны тапқан кісіге астымдағы тағымды, басымдағы тәжімді, жалғыз қызымды беремін»,— деп жар шашты. Сонда ешкім таба алмады. «Қырықтың бірі қыдыр деп, басқа патшадан да келген болса да маған жолықтырмай жібермендер»,— депті. Сол уақытта Мұстақым бай сауда қылып сол шаһарға келіп еді. Әңгімелесіп отырғанда патшаның әлгі сөзін байға біреу айтып еді, сол уақытта баласы тұрып айтты:

— Бір-ақ ауыз сөз екен ғой, бір патша халқы таба алмады,— деді. Баланың сөзін әлгі келген кісі естіп, патшаға барып айтты. «Осындай бір бөтен патшадан бір саудагердің баласы «бір-ақ ауыз сөз екен ғой» деді. Сол бала осыны не қылса да табады, шақырып алдырыңыз»,— деді. Одан кейін Мұстақым байды шақырып сұрады. Ол «Бір патша елі таба алмаған, мен қайдан табамын» депті. Сол уақытта патша қайғырады. Сонда бағанағы кісі «баласы табады» деді. Сонан соң баланы әкелуге бұйрық берді. Мұстақым мұны естіп шошып кетті. «Ойбай, тақсыр, балам еркелікпенен айтады. Он үш жасар бала нені біледі»,— деді. Оны тыңдаған жоқ. Баланы шақыртып әкелін, баладан «соны табасың ба» деп сұрады. Бала тұрып «бұның өзі бір әйгілі сөз» деді. «Мен бұны бұл жерде шешпеймін, халықты жи, халықтың алдында айтамын»,— деді. Сонан соң патша бір күнде барша халықты жиғызып алады. Жұрт жиналғаннан кейін, бала патшаға айтты: «Бұны тапқан кісіге қандай нәрсе беріңізді жұрттың алдында айтып өт»,— деді. Патша әуелі бағанағы оқиғаларын айтты. «Осыны тапқан кісіге тақтығымды, тәжімді, жалғыз қызымды берейін және жұртымды билетейін дегенмін. Сол айтқаным айтқан». Оны естіп бала орнынан ұшып тұра келді: «Тақсыр, сөзіңіз екі ме, бір ме?»— деді. Патша: «Бір!»— деді. Бала сол жерде тұрып: «Сөзіңіз бір болса, орныңызды бер!»— деді. Патша орнын берді. Бала таққа мінді. Тәжін берді. Сол уақытта патшадан бала сұрады: «Жиырма қатыныңыздың кәнізектері бар ма?»— деп. Патша. «Бар»,— деді. «Бар болса, жиырма қатынды жиырма кәнізегімен шақыр»,— деді. Барып кәнізегімен қыркын шақырып әкелді: «Өзді-өзін ауыстырмай кәнізегін ерсілі-қарсылы жүргіздіріп отырғыз»,— деді. Сонан соң үлкен бәйбішесінің кәнізегін шешіндір деді. Шешіндіріп жатыр еді... жиырма кәнізектері еркек болып шықты. Бала патшаға қарап: «Бұл не оқиға? Бағанағы аққайранның күлу себебі осы еді. «Өз басындағы боғын көрмей, кісі басындағы шоғын көрді-ау» деді. Ол аққайран балықтың патшасының қатыны еді. Осы себепті күліп еді. Патша, енді бұны өзің қалай қыласың?»— деді.

Патша айтты:

— Менен кетті, саған жетті. Бұның жазасын өзің бер,— деді.

Сол уақытта бала «қыркын да дарға асып өлтір» деді. Сол жерде қыркын да өлтіртті. Жұрт сонымен таркады. Патшаның орнына бала тұра қалды. Халық патшаны есекке айналдырды. Халықтар айтты: «Патшалығынан, қызынан һәм жұртынан айрылды. Балықтың күлгенінде жұмысы не еді?» Патша осы сөзге шыдай алмай, Мұстақымды шақырып алды. «Сенің балаң осы күнде патша, балам патша деп, көңілінде дөнене жоқ. Сенің баланды патша қойған жалғыз-ақ мен, менің халқым басына көтерін патша қойған жоқ еді. Егер де мен ашулансам екеуінді де өлтіремін. Осы бала сенің өз балаң емес, шынынды айт, әйпесе, шынынды айтпасаң басыңды аламын»,— деді. Сол уақытта патшадан әлгіндей сөз естіген соң, баласына Мұстақым бай жылап келді. «Мен патшаны қалай сендіремін»,— деді. Сонан соң баласы айтты:

— Әй, әке, жоқтан өзгеге қорқасың. Бір-ақ ауыз сөз емес пе! Әкесі: «Бір ауыз сөз болса, не деп жауап беремін, ақылың болса үйірет»,— деді.

Сонда баласы айтты:

— Баланың бітуі атаға күмән, анаға аян деп айт, сонда сен құтыласың,— деді. Мұстақым әлгі сөзді естіп алып патшаға келіп «дат» деді. Патша тұрып: «Сөзің болса айт»,— деді. «Таксыр, менше баланың бітуі атаға күмән, анаға аян»,— деді. «Олай болса, бала мен шешесін әкел»,— деді. Мұстақым байдың қатыны мен қызы екеуін алдыртты. Сонан кейін шешесі баладан барып сұрады: «Мен қалай айтамын?»— деді. Сонда бала айтты: «Түбінде адал орнына барады, шеше,— деді,— көріп-білгеніңнің расын айт». Содан соң Мұстақым бай қатын, қызымен патшаның үйіне келді. Патша Мұстақымның әйелінен сөз сұрады:

— Осы бала өзіңіздің баланыз ба? Шыныңызды айт,— деді. Сол уақытта Мұстақымның әйелі айтты:

— Бала өзімнің балам емес, баламның баласы. Сіз айт деген соң, таксыр шанымды айтайын. Мына отырған Мұстақым бай бұл баланың жәйін білмейді. Балам еркелікпен сандықтан сандық қоймай ақтарып жүруші еді. Бір күні сандықтан қағазға ораған бір ақ дәріні тауып алыпты. Дәмін татып көрген екен, ешбір дәмі жоқ, иіскеп қалған екен, өне бойы арақ ішкен құсап балқып кетіпті. Сонан соң маған балам айтты: «Апа, саған айтқан әкемнің дәрісі не дәрі,— деді,— бұл не қылған күшті дәрі». Одан кейін мен айттым. «Әкенің күшті дәрісі шығар, қайтадан буып орнына салып қой»,— дедім. Ол иіскеген дәріден қызым екікабат болып қалды. Осы бала мына қызымнан туған,— деді. Сол уақытта Мұстақым бай санын бір салды: «Ол дәрінің жайын мен айтайын. Ерте күнде сауда қылып бара жатып, бір адамның құ басын тауып алдым. Басқа қарасақ мандайында жазуы бар. Жазуға қарасам, «өзім Дағыстан деген кісі едім, тірі

күнімде қырық кісіні ажалдан құтқардым. Енді өзім өліп жатқан қу баспын, қырық кісінің ажалы енді менен» депті. Онан кейін тірі күні қырық кісіні өлімнен құтқарған шығар. Енді өзі қу бас қалай қырық кісіні өлітіреді деп, мұны сынайын деп отқа салып өртеттім, темір келіге салып түйгіздім. Әбден талқандаттым. Сүйттім де сандыққа салдырттым. Мынаны қарашы енді, тамаша, мына қырық кісінің ажалы осылай келді.»

Сонан соң патша: «Сенің де балаң емес, менің де балам емес, ғайыптан пайда болған бала екен, бұның атын Ебіні-ғайып қояйық,»— деді. Сөйтіп патшаның қызын Ебіні-ғайып алды. Ебіні-ғайыптың шешесін патша алды.

ЖАҚАНША



ар екен де, жоқ екен, аш екен де, тоқ екен. Ертегім ертеке екен, ешкілері бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен, мұзға мінген екен, бұты тонған екен.

Өткен заманда бір патша болыпты. Оның баласы болмаған екен. Бір күні уайымдап отырғанда уәзірі келіп:— Ей, патша, неге қапа боласыз?— депті. Сонда патша айтыпты:

— Балам жоқ, оны өзін де білесін. Мен өліп кетсем менің орныма әлдекім ие болады,— дегенде уәзірі бір кітапқа қарап айтыпты:

— Сіздің қытыныңыз жүкті, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде бір ұл туады. Ол ұлыңыздың атын Жақанша қоясыз,— депті. Айтқанындай, тоғыз ай, тоғыз күн дегенде бала тауыпты. Баласы Жақанша бір күнде бірге, екі күнде екіге, үш күнде үшке, сегіз күнде сегізге келіпті. Жақаншаны молдаға беріпті. Бір айда «Әптиекті» таусыпты. Он төртке келгенде құранды жаттапты. Одан соң аңшылыққа үйретіпті. Он тоғызға келгенде жұртты жинап той қылып, өзінің орнына патша қылыпты. Бір күні Жақанша қырық уәзірімен аңға шығыпты. Ештеңе ата алмастан қайтып келе жатса, үсті-басы қоныраулы бір алтын киік жолығыпты. Оны қырық уәзірімен қамалап тұрып, Жақанша айтыпты:

— Ал енді осы киік кімнің үстінен қарғып кетсе, сол адам өзі барып ұстап алады,— депті.

Киік Жақаншаның айтқан сөзіне түсініп, Жақаншаның өзінің үстінен қарғып кетіпті. Сонда Жақанша айтқан сертімнен таймайын деп, артынан қуалап кетіпті. Ол киік бір дарияға

қарсы ұшырап, дариядан жүзіп өтіп кетіпті. Жақанша не қыларын білмей аландап тұрса, бір балықшының қайығы түр екен. Қайықты алып мінейін деп жатқанда алты уәзірі артынан келіпті. Жақанша қайыққа отыра бергенде алты уәзірі бірге мініп жүре береді. Дарияның арғы жағына өтіп, жан-жағына қараса, киік шаршап, тілін салақтатып жатыр екен. Жақанша барып қылышпен салып қалып, ортасынан қак бөліп, киікті алып, қайыққа салып дарияның ортасына келгенде жаңбыр жауып, дария тасып, қайығымен ағып кете барыпты. Алыстан бір тау көріпті. Қасына жақындап, сол жерге түсіпті дағы, екі уәзірін жіберіпті, «барып қара не бар» деп. Уәзірі барып қараса, ор түрлі жемістер көп екен. Жемістен біреуін алып жатқанда жарғы басты адам көріпті. Ол адам өзінің тілінше бақырын сөйлепті. Біраздың арасында жарты басты адам көбейіп кетіпті де, бұларға тас ата бастапты. Бұлар қайығына мініп қаша беріпті. Қанып бара жатқанда тағы бір тау көріпті. Ол таудың төбесінде бір алтын қорған көріпті. Сол жерге түсе сала бұлар қорғанға кіріпті. Кіріп қараса, бір патшаның тағы көрінеді. Бұлар шаршап келіп сол жерге ұйықтап қалыпты.

Бір мезгілде оянса, жан-жағының бәрі қоянға толып қалыпты. Бұлар таң қалыпты. Бір қоян келіп айтыпты:

— Біздің патшамыз жоқ. Сендерді жібермейміз. Бізге патша боласыздар!— депті. Бұлар «болайық» депті.

Қояндарға патша болып жүре береді. Бір күні аңға шықпақшы болыпты. Аңға шығып бір тоғайға келіпті. Ол тоғайдағы үлкен аңдар ұмтыла бергенде мылтығымен басып саппыты. Аңдардың өлгені өліп, қалғаны қашып кетіпті. Бір жерде жазуы бар үлкен тас көріпті. Оқып қараса: «Күншығысқа барсаң үлкен аңдар көп, солтүстікке барсаң диолар көп, күнбатысқа барсаң үлкендігі қояндай құмырысқалар көп, Оңтүстікке барсаң жезтырнақ сияқтылар көп»,— депті. Бұлар аң тап болып ойланыпты. Уәзірлері айтыпты:

— Төрт жағымыздың төртеуі де зиянды нәрсе екен. Енді теңістен қаншасақ болмайды,— депті. Жақанша айтыпты:

— Күнбатысқа қашсақ, құтылармыз,— депті. Сол күні Жақаншалар арақты көбейтіп қояндарды әбден мас қылыпты дағы, кетеуі жіқсы жеті атқа мініп қашыпты. Күндік жерге барғанда қояндар артынан біліп қалып қуыпты. Жақаншалар бір төбеге шығып қараса, қояндар мен құмырысқалар ұрысып жатыр екен.

Бұлар «нәледен құтылдық па» деп, кете беріпті. Сөйтіп келе жатқанда алты уәзірдің аты болдырып арам өліп, өздері аштан өліпті. Жақаншаның жалғыз өзі қалыпты. Ақырында Жақаншаның аты да өліп, қара басы қалыпты. Біраз жүрген соң алаңнан дария шығыпты. Дарияның арғы жағынан бір қала

көріпті. Жақанша дариядан жүзіп өтпекші болып шешініп жатқанында, тұрып бір адам айқайлап сөйлепті. «Бұл дариядан жүзіп өте алмайсың. Ертең суы құриды, ертең өт»,— депті. Оның айтқан тілін алып сол жерде жатыпты. Ертеңіне оянып қараса, суы құрып қалыпты. Дариядан өтіп қалаға барады. Барса адамдарының жартысы қатып қалыпты. Жақанша бір адамнан сұрапты:

— Адамдарыңның жартысы неге қатып қалған? Дария бір күн ағып, бір күн ақпайтыны несі?— депті. Сонда әлгі адам айтыпты:

— Кесірлер күнде балық аулай берді. Жұма күні балық аулама десе де, тындамай аулай берді. Содан кейін суы бір күн құрып, бір күн ағып, адамы бір күн қатып, бір тіріліп жүретін болған,— дейді.

Жақанша сұрапты:

— Мен бұл жерде күн көре аламын ба?— депті.

— Күн көре аласың.

— Базар кашан болады?— депті.

— Базар ертең болады,— депті.

Жақанша ертеңіне базарға барып отырса, біреу жар шақырып жүр: «Бір сағат жұмысымды істеген адамды қырық күн бағамын, қырық күн алтын беремін»,— деп. Жұрт сенбепті, сенсе де бармапты.

Жақанша:

— Мен істеймін!— депті. «Жүре ғой, балам»,— деп алып кетіпті. Кіріп барса, бір патша отыр, бір жағында қызы, бір жағында келіні.

— Келе ғой, балам, мүсәпір екенсің,— деп, қасына отырғызып Жақаншаға ауқат беріп қарнын тоқтап, үстін тазалап киім киіндіріп, қырық күн бағыпты. Күні біткен соң: «Балам, енді бір сағаттық жұмысыңды істе»,— депті.

Жақанша:

— Болады, істейін,— депті.

Жақаншаға бір ат мінгізіп, патшаның өзі бір ат мінін, уәзірі бір ат мініп жылқыны сойып алып, бір таудың етегіне келіпті. Жаңағы жылқының сойған терісін көрсетіп, Жақаншаға айтыпты:

— Сен осының ішіне кіріп жат, не білсең, не түс көрсең маған айтасың,— депті.

— Болады!— деп, ішіне кіріп жатыпты. Бір нәрсе көтеріп тастағандай болыпты. Жақанша басын шығарып қараса, таудың төбесіне құстар шығарып тастапты. Жақанша патшаға айтыпты:

«Енді мен қайтіп түсемін?»— депті.

Сонда патша айтыпты:

— Сен таудағы тасты бері тастай бер,— депті. Жақанша әбден

тастап болған соң, «болды» деп, түйеге артып алыпты. «Енді сені біз түсірмейміз, сол жерде қаласың»,— депті. Патша таудың басынан алтын түсіретін мысты алып кетеді екен. Жақанша жылап тауды кезіп қараса, жан-жағында өліп жатқан адамдардан басқа еш нәрсе көрмейті. Жақанша жылап бір жерде ұйықтап қалса, түсінде біреу келіп айтыпты:

— Оң жағыңа қарай домаласан, құтылып кетесің!— депті. Жақанша оянып, оң жағына қарай домалапты. Домалап жерге түскен соң қол-аяғы шыққан, жарылған Жақанша жылап өрең келе жатса, бір құдық кез келіпті. Ол құдыққа шомылыпты. Үсті басынын бәрі — шыққан, жарылған жері жазылып баяғыдай болыпты. Жақанша жүріп барып қорғанның ішіне кіріп қараса, құстың патшасы отыр дейді. Бас жағы адамның басына ұқсапты, аяқ жағы құсқа ұқсапты. Құстың патшасы айтыпты:

— Балам, сені жел ұшырып келді ме, су ағызып келді ме?— депті. Жақанша басынан өткенінің бәрін айтып беріпті. Құстың патшасы айтыпты:

— Әйтпесе, мен сені ертең бір құсқа мінгізіп еліңе жіберейін,— депті. Жақанша қуанып: «Жарайды»,— депті.

Бір құс патшасына қағаз алып кеп беріпті. Қағазды оқып қарап патша:

— Менің ағам той қылмақшы екен. Мені соған шақырыпты. Саған қырық сарайдың кілтін беріп кетемін. Қайсысын қаласан соңғысын ашып тамаша қылып жүрерсің,— депті.

Мен үш күнде келемін, отыз тоғызын аш, артындағы біреуін ашпа. Ашсаң басың пәлеге қалады,— депті.

«Сарайдың бәрін ашып тамаша қылып жүр деп, ал мына сарайлы неге ашпа деді екен?»— деп ойлапты Жақанша. «Соны бір ашып көрейін»,— деп ашса, бір үлкен су, бір жағында тақ, бір жағында алтын шылапшын, бір алтын шөміш тұр. Жақанша жастырынып жатыпты. Бір кезде үш құс келіпті. Үлкені айтыпты:

— Адам ісі шығады,— депті.

Орталығы айтыпты:

— Рас, ана, шығады,— депті.

Кішкенесі айтыпты:

— Шықса не қылады дейсің,— депті.

Үшеуі үш сілкініп, үш қыз болыпты. Суға түсіпті. Жақанша қыздарды көріп талып қалыпты. Үш күн өткен соң құстың патшасы келіпті. Келін сарайдың бәрін қарапты, таба алмапты. Сол сарайда шығар деп, ашып қараса, аузынан ақ көбігі ағып жатыр дейді. Тезден оны аузына су тамызып тірілтіп алыпты. Жақанша айтыпты:

— Маған сол қыздардың кішкенесін алып бересіз,— депті. Патша айтыпты:

— Ол қыздар жылында бір рет келіп, шомылып кетеді. Олар

«пері» болады. Сен оны аламын десең андып жатасың, ендігі келгенінде кішкенесінің киімін киіп алып, жалынса да бермейсің,— депті.

Жақанша: «Болады»,— деп андыпты. Екінші жылы үшеуі және келіпті. Және үлкені айтыпты:

— Адам иісі келеді,— депті. Ортаншысы: «Рас айтасыз»,— Кішкенесі: «Не қылады дейсің?»— депті. Үшеуі үш сілкініп суға түсіпті. Кішкенесінің киімін киіп алып бермепті. Екеуі таласып тұрғанда перінің екі апасы ұшып кетіпті. Патша келіпті. Патшаға қыз жалыныпты. Патша:

— Болмайды, екеуінді қосып қоямыз,— депті.

— Болады,— деп көніпті.

Патша Жақаншаның өзін шақырып алып айтыпты.

— Сен мына киімді қашан бір бала тумағанша бермегін,— деп. Патша бір үлкен құсты шақырып алып айтады:

— Мына екеуін еліне алып барып тастайсың. Үстіне мінгізіп алып, еліне алып барып тастап, құс қайтып кетеді. Екеуі атасының тағына барады. Атасы қуанып: «Балам келді»,— деп елін жиып, той қылыпты. Бір күндері Жақанша өз киімін киіп, қыздың киімін бір темір сандыққа салып қойыпты. Бір күні қыз үйді сыпырып жүргенде киімінің иісін біліпті. Сандықта екенін біліп, сандықты аяғымен бір теуіп бұзып, киімін киіп, бір сілкініп құс болып, үйдің төбесіне шығып, Жақаншаны күтіп отырыпты. Бір мезгілде Жақанша келіпті.

— Жақанша, мен кеттім,— деп ұшып кетіпті. Жақанша сол жерде талып қалыпты. Атасы жұртты жинап:

— Осы баламды кім жазып берсе, бастан аяғына дейін алтын шашамын,— депті. Сонда бір адам айтыпты:

— Қырық патшаның, қырық байдың қызы келіп өлең айтса, сонда түзеледі, түрегеледі,— депті. Сонда да Жақанша түзелмепті, түрегелмепті. Соның арасында еліне жау келіп қалыпты. Патша екі мың әскерімен ұрысқа шығып кетіпті. Жақаншаға бір мезгілде жан кіріп, есін жиып, түрегелейін депті. Түрегеліп бір уәзірін ертіп ұрысқа кетеді. Бір жерге келіп уәзірі мен екеуі дем алып ұйықтап қалыпты. Жақанша оянып:

— Мен ұрысқа барғанда не бітіремін,— деп ойланыпты да, «мен қызға барайын» деп, қызға қарай жөнеліпті. Жақанша бірнеше күннен соң баяғы құстың патшасына барыпты. Басынан өткенін айтыпты. Сонда құстың патшасы айтыпты:

— Мен білмеймін, менің ағам бар, сол біледі. Мен ағама қағаз жазып беремін,— деп, қағаз жазып беріп, бір құсын шақырып алып мінгізіп жіберіпті. Бірнеше күннен соң патшаның ағасына барыпты. Патшаның ағасы қағазды оқып көріп: «Мен білмеймін, құстарымнан сұрап қарайын»,— деп құстарынан сұрапты. Құстарының ішінде бір ақ көрі құсы айтыпты:

— Мен кішкене күнімде менің әкем тамақ іздеп кеткенде перілер ұстап қалып еді,— депті.

Сонда құстың патшасының ағасы айтыпты:

— Өйтпесе, сол әкенді ұстап қалған жеріне алып барып таста,— депті.

— Болады!— деп, үстіне мінгізін алып барып тастапты. Жақанша айдалада жалғыз өзі қаңғырып қалыпты. Сол кезде қашып кеткен пері қыз үйіне келіп жетіпті. Сонда пері қыздың әке-шешелері ұрсыпты:

— Сен сондай бір патшаның баласын тастап келгенің бола ма?— деп. Перінің әке-шешесі екі жүз пері жинап, «сол баланы тауып келіндер» депті.

Біреуі барып баяғы қаңғырып жүрген Жақаншаны көріп, атып сұран біліп, «шақырған адам сен екенсің» деп, перінің үйіне алып келіп той қылыпты. Содан перілерді жинап қыз бен екеуі екі жүз перімен Жақаншаның еліне келсе, атасы баяғы жаумен ұрысып жатқан екен. Жақанша екі жүз періге айтыпты:

— Анаусы менің атамның әскері, анау келген жау,— депті. Екі жүз пері жауға ұрысқа шығыпты. Жаудың бәрін қиратып жіберіпті. Сонымен той қылып, Жақанша перінің қызын алып, еліне келіп жауын қырып, әкесі мен өзі мұрат-мақсатына жетіпті.

СИҚЫРЛЫ ҚЫЗ



Ір ханның отыз тоғыз қатыны болған. Отыз тоғыз қатынынан бір бала болмаған, қыркыншы қатын алған. Ол қатын күндерден күн өткенде екікабат болады. Бір күні хан дәретке шығып еді, тұман басып, қасындағы үйін таба алмай қалды. Сол арада бір шал келді. Хан шалдан үйін сұрады. «Шырағым, сен қайдан келіп қалғаның? Бұл перінің патшасының қаласы. Сен жаяу жүрсең мың күнде жетесің үйіне, жолың бісең»,— деді шал. Хан шалға жалынды:

— Сұрағаныңды берейін, жеткіз,— деп. «Сенің қатының буат, сол еркек бала табар, соны бер»,— деді шал. Хан құдайдан сұраған жалғыз баласын бермек болды. Шал ханға:

— Арғыма түс, көзіңді жұм!— деді. Көзін жұмып-ашса, есітіннің алдына әкеліп тастаған екен. Үйіне кірсе, қатыны босанып жаттыр екен. Қатын ұл тапты. Ол ұл он беске жеткенде өкесінің түсіне адасқанда келген шал кірді. «Уақыт жетті баланды бер»,— деді. Ертеңінде хан баласына бастан-аяқ айтады.

Бала әкесіне: «Мен сол шалды іздеп барам. Маған екі аяғыма темір етік, қолыма темір таяқ бер». Хан айтқанын беріп, баланы жөнелтті. Бала келе жатады. Темір етіктен тенгедей, темір таяқтан тебендей қалғанда, далада екі жылан төбелесіп жатыр, бір ақ, бір қара. Қарасы жеңіп бара жатыр еді, бала тас лақтырып, қара жыланды өлтіреді. Тағы жүріп келе жатқанда алдынан боз ат мінген бір жігіт баланың атын атап, сәлем береді. Бала жігітке айтты:

— Сен менің атымды қайдан білесің?

— Сен менің жолдасымсың, сен маған жақсылық істедің,— дейді жігіт.

— Мен қашан жақсылық істедім?

— Екі жылан төбелесіп жатқанда қара жыланды өлтірдің. Ол қара жылан «кәпір» кісінің баласы, мен «мұсылман» кісінің баласымын. Екеуіміз төбелесіп жатқанда соны өлтірдің. Енді қайда барсаң да мен жеткізейін. Қайда барасың?— деп сұрады. Бала әңгімесін бастан-аяқ айтты. Жігіт балаға айтты:

— Сені мен судың жанына апарам. Сол арада тас бар. Сол тастың жанына тығылып жат. Екі аққу келіп, қыз болып шомылар. Оған тиме. Тағы жалғыз аққу келіп қыз болып шомылар, сонда кебін алып баурына басып жат. Сонда қыз ақырғы сертін берсе, бер.

Жігіт әкелді. Бала тастың баурында жатты. Айтқанының бәрі болды. Айтқанын істеді, қыз ақырғы сертін берді. Қыз балаға айтты: «Мына жерде алтын құдық бар. Оның ар жағында бір сарай бар. Мен сонда болармын». Қыз әкесіне баланың келгенін білдірді. Кешке патша шақырып алып:

— Мен саған қызымды берем, бірақ үш сертім бар. Бүгін түнде жүз десте егінді жыртып, пісіріп, сарайыма үйіп қой,— деді.

Бала қызға айтты. Қыз:

— Бұл онай, жата бер. Мен істеп қоям,— деп қолындағы асылын жанып қалып еді, екі пері кіріп келді. Екеуіне: «Сендер жүз десте егінді жыртып, пісірін, жинап сарайға үйіндер»,— деді. Екеуі кетіп қалып, екі сағат ішінде қайтып келді. Ертеңінде бала барып шалға айтты.

— Жарайды, кешке кел,— деді.

Бала келіп еді, шал:

— Бүгін түнде мынау арадан су ағызып үстінен көпір сал, көпір алтын болсын, жерден, көктен тіреу болмасын,— деді. Бала тағы қызға келді де айтты. Қыз: «Бұл онай, жата бер»,— деп, тағы кешегідей жанып еді, кешегі екі пері тағы келді. Періге баланың жұмысын айтты. Екеуі кетті. Танертең ертерек қыз баланы оятып, қолына балға мен алтын шеге берді.

— Бар, енді әр жеріне қағып жүр. Әкем жаныңа кеп бірдене

дер, сонда үндеме. Бала шеге қағып жүргенде шал жанынан алай-бұлай өтіп, балаға «жарайсын, кешке тағы кел» деп, кетіп қалды. Ол кеткесін бала да кетті.

Кешке бала барды. Шал айтты:

— Менің бір кара арғымағым бар, соны бүгін түнде салтқа, санаға, арбаға да үйрет. Бала «ана екеуінен оңай ғой» деп, қызға келді. Әлгіні айтты. Қыз: «Менің қолымнан келмейді. Онын жолын айтайын, сонан өзің үйрет. Сен жақындар-жақындамаста аяғындағы шынжырды тасырлатып иіре бастар. Жанында төрт пұттық шоқпар бар. Соны алып үстіне мінін алып, жалынан ұстап шоқпармен ұра бер. Сосын ол кара ит болар. Сонан күйрығынан ұстап айрылма. Сол кезде әкем шығар, «үйреттің бе» дер. Сонда «ат дегенін ит екен ғой» деп, артқа қарамай жүре бер»,— деді.

Бала келе жатыр, сарайға жетер-жетпесте аяғындағы шынжырды тарсылдатып иіре бастады. Есікті ашып кірсе, үш аяғындағы шынжырды үзіп, бір аяғында ғана қалған екен. Шоқпарды алып ұра бастап еді, бір мезгілде кара ит болды. Иттің күйрығынан ұстап айрылмады. Шал шығып еді, «ат дегенін ит екен ғой» деп тастап жүре береді.

Қыз балаға:

— Мен қазір жоғалам. Саған үш өсиет айтайын: бірінші, біз үш қыз болып өтеміз. Соның ең артынан мен аяғымды қисық басармын. Содан білесің. Екінші, үш тауық болармыз, сонда олар жерден тары алып жер, мен олардың артынан жермін. Содан білерсің. Үшінші, үш көгершін болып өтерміз. Сонда мен күйрығымды жайып жүрермін. Содан білерсің,— деді. Айтып болысымен-ақ жоқ болған. Әрі-беріден соң шал баланы шақыртып алған. Алдынан үш қыз өткізді, бірінен-бірі аумайды. Балаға: «Осыдан кіші қызымды тауып бер»,— деді. Бір қыз аяғын қисығырақ басып еді, «осы кіші қызың» деді. Екінші ретінде үш тауық өтті де, тары жеді. Тағы «кіші қызым қайсы» деді. Бір тауық тарыны екеуінің артынан жеді. Әлгі тауықты «мынау кіші қызың» деді. Үшінші жолы көгершін алып өтті. Біреуі күйрығын жайыңқы өтті. Шал балаға: «Ал енді осыдан кіші қызымды таңсап сөзсіз алып жүре бер»,— деді.

— Кіші қызың мынау, еркелеп күйрығын жайыңқы етіп келеді.

Сонымен патша қызын беріп отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп болды. Күндерден күн өткен соң бала үйін сағынды. Қызға айтты:

— Мен үйімді сағындым, енді мен қайтам. Сен қалсаң, қал,— деп. Қыз айтты:

— Мен сенімен барам. Бірақ әкем, не мен өлем. Со күні бір

арғымақ даярлап, түнде екеуі қашып кетті. Келе жатыр еді, екі ала үйрек көрді. Қыз:

— Мынау келе жатқан менің екі апам, енді бізді алып кетуге келді,— деп, жігітті балаған ғып, өзі кемпір болды. Арғымақты ешкі ғып сауып отырды. Екі қыз келіп сұрады:

— Сондай бір еркек пен әйел көрдің бе?

— Жоқ, көргем жоқ. Өзім осымен ғана күн көріп отырған кемпірімін.

Екеуі кетті. Бұлар тағы кетті. Енді екі қыз әлгіндей деп айтқасын, әкесі: «Соны алып келіндер, ол қыздың сиқырын білмейсің бе?»— деп ұрысқан соң, екеуі тағы келді.

Бұлардың келе жатқанын көріп, жігітті екі жағы ашық ін қылды. Арғымақты іннің екі жағынан тікенек қылып, өзі күйрегі жоқ ақ тышқан болып ерсілі-қарсылы сығалады. Екі қыз келіп ұстайын деп, қолын тықса, тікенек қадалып жібермейді. Екеуі тұрды да ойланды «осы тышқанды апарғанда қыз бола ма?» деп, кетіп қалды. Олар кеткен соң бұлар да кетті. Келе жатыр еді, бір ұшып келе жатқан құс көрді. «О, мынау менің әкем, енді не мен, не ол өледі»,— деп, жігітті бәйтерек қылып, атты сынап көлі ғып, өзі сынапта жүрген шортан болды. Әкесі келіп:

— Мынау менің қызым, сендер сынапты төк, бәйтеректі құлатындар, мен мына қызды ұстаймын,— деп еді, қыз үйрек болып қашты. Ол қаршыға болып қуды. Далада отырған байдың қатынының қолына қыз сақина болып тұра қалды. Әкесі бақсы болып кетті. Енді әйелге бал ашты. «Сенің қолыңдағы сақина бір пері патшасының қызы сиқырмен келген. Сен оны таста»,— деді.

— Қой әрі, өз сақинам. Нанбасаң қара,— дегенде, сақинаны шал лақтырып жіберді. Сақина жерге тары болып шашылды. Баксы әтеш болып шоқи бастады. Бір кебістің ішінде бір тары қалған екен. Сол тары мысық болып, әтештің басын қиып тастап жүре береді. Келсе, теректен бір тамыр, сынаптан бір қасық қалған. Екеуін баяғы қалпына түсіріп, ауылдарына жақындайды. «Енді мен осы арада қалайын, қырық күнге шейін тосам. Келсең келдің, келмесең кетем». Жігіт аулына келді. Көптен көрмеген әкесі қуанып, қатын әперіп, той қылды. Сонымен жігіт қызды ұмытты. Бір күні таң алдында торғай шырылдайды. Көзін ашса, түк жоқ. Үш күн бойына сүйтті. Үшінші күні «енді мен саған жоқ» деген дауысты естіп, ала торғай болып қуады. Өзер жетті. Қыз ренжіді:

— Мен әкемді өлтіріп келіп едім, сен ақырында мынандай істедің?— деп. «Қате менен, ұмытып кеткенім де рас»,— деп, ақырында әке-шешесіне айтып, алдынан қыз келіп өтіп, көдімгідей келін қылып түсірді. Хан отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, жігіт екі қатын алып, мұратына жетті.

ҮШ МҰРЫН



ртеде бір бай болыпты. Ол сол алаптағы елдің ең байы, әлдісі, онан асқан төңіректе бай жоқ екен. Дүние-мүлік, мал дегендер көп, бірақ бала жоқ. Бәйбішесі мен байдың өзі ғана. Зарығып жүріп бір ұл көреді. Бай қуанып манайдағы елдің бәрін шақырып той жасайды. Отыз күн ойын, қырық күн тойы болады. Жакын достарына сыйын береді. Көп жылдар өтті. Бала ер жетті. Байдың бәйбішесі дүниеден қайтты. Үй, мүлік иесіз қалған соң, бай баласына әйел әперуді мақұл көріп, төңіректен қыз іздеді. Бірақ көңілге ұнарлықтай жасаулы сұлу қыздар кездеспеді. Ақыры көрші елдердің бірінен бір байдың қызына сөйлесіп, құда түсті. Күйеу қайынына барып, қалыңдығын көрін, қалыңдығына көңілі толып қайтты. Қалың малға жылқыны үйірімен, қойды қосағымен айдатып жатты.

Күйеудің қайынға баратын уакты да жақындады. Осы кезде бай дүниеден қайтып, күйеудің сапарына бөгет болды. Иесіз үйді күзетіп отыруға болмады. Қалыңдығын әкелуге қасына бір жігітті ертіп, қайынына жүріп кетті.

— Күйеу келді! Күйеу келді!— деп жеңгелері мен балдыздары күйеуді қарсы алды. Күйеудің жолдасы мән-жайды айтып, көп жатуға болмайтынын айтты. Құдалар бұл ұсынысқа қарсы болмады. Күйеуді жөнелтуге қам істеді. Көптен ауыр қазымен көңілсіз жүрген күйеу жеңге, балдыздарымен ойнап көңілі көтеріліп қалды. Балдыздары оған көп қыспақтар жасады. Туысында өлең айтып, ертегі айтып көрмеген күйеуге «өлең айт» деп те қысады. Күйеу жолдастың үйреткен өленін айтамын деп, өтздің дауысындай жуан дауысымен айқай салғанына жеңгелері күліп мазақ етін, мүлдем ұялтып бітірді.

Жүру уакыты таянған соң қайнағалары қонаққа шақыра бастады. Ертең қалыңдық ойнатамыз деген күні кіші жеңгесі қонаққа шақырды. Күйеу жолдасымен, ата-енесі, қалыңдық, балдызы — бәрі қонаққа отауға келді. Ойнап-күліп, арак-шарабын ішкеннен кейін ет келеді. Қонақтарда пышақ жоқ болып, үйде бір ғана пышақ болғандықтан, үлкен үйден пышақ әкелуге кіші балдызы кетті. Ет туралып болып қалды. Қыз әлі жоқ. Енді қызға қарамай етті жей беруге тура келді. «Келер, артынан ішер» деген, бәйбішенің сөзінен кейін етті жей бастады.

Қыз жүгіріп үлкен үйге келсе, бір дыбыс шығады. Есіктен кірмей қыз тындап еді, тіпті қорқынышты сөздер айтылып жатыр екен. Қыз кім екенін білу үшін жабықтан сығалап қарап еді, бір үш адам отыр. Бірі төрде, екеуі екі жақ босағаға таман отыр. Мұрындары тіпті ғаламат. Үшеуінің мұрны от басында

біріне-бірі тиісіп отыр. Не деген ғажап! Қыздың жүрегі көргенде зу етіп тас төбесіне шықты. Бірақ өзін-өзі тоқтатып, не де болса сөзін тыңдайын, кім екенін білейін деп, жабықтан сығалап тындап тұрды. Өңгіменің түрі қорқынышты. Жездесіне қауіп төніп тұр. Қайдан шыққаны белгісіз, әйтеуір дос емес жау. Қыз өңгімені басынан ести алмағанына қапаланды. Оның естіген сөздері мынау: «Күйеу қызды алып бара жатқанда мен оның жолында жанат ішік болып құлпырып жатайын. Күйеу алдымен келе жатып, атынан түсіп мені киеді. Сонда мен оның иығынан басып, мысыл болып, өлтірейін».

«Күйеу құдалардан озып кеткенде, мен оның қарны ашқан кезде алтын табақта тағам болып жатамын. Сол уақытта ол мені сөзсіз жейді. Мен оның ішіне кірне болып жабысып, ішін тесіп өлтірейін».

«Күйеу өмірінде көрмеген, мінбеген бір жорға болып үстіме алтын ер-тоқым ерттеп алдынан тайпалтып өте шығамын. Жорғасы болдырып келе жатқан күйеу тамаша жорғаға қалайша мінбейді. Мен сол уақта оны жапан далаға алып қашып апарып өлтіремін».

Қыздың естіген әңгімесі осы еді. Осыны айтып болған соң үш мұрын жоқ болды. Қыз не ғажап екенін білмеді. Өңі қашып не істерін де білмейді. Қалай да жездесін құтқару керек. Бірақ осы мезгілде ол қалай құтқаруды да ойлап таба алмады. Тек құтқару деген ой оның басынан шықпады, жүректің басынан кетпеді.

— Еркем, неғып тұрсың?— деген жеңгесінің сөзі оның ойын бөліп, есіне келтірді.

— От сөніп қалған екен, үй қаранғы болған соң қорқып тұрмын. Пышақсыз қайтып баруға жездемнен ұялып тұрмын,— деді қыз: «Несіне ұяласың, жүр тамақ іш. Мен айтпайын, басқа бір жұмысқа айналып қалдым де»,— деп жеңгесі қызды ертіп кетті. Қыздың көріп-білгенін адам білген жоқ. Той аяқталды. Күйеуді жөнелтуге қам істеп баратын құда-құдағилар да әзірленді.

— Шырағым, сен осы үйдің шаруасына ие бола тұр біз қайтып келгенше, біз келгеннен соң сен барарсың,— деді шешесі қызға. Қыз бұған ішінен кейіп:

— Апа, менің жездеммен бірге барғым келеді. Бірге барып тәтемнің қасында болайын,— деді. Қыздың тәтесі де: «Менімен бірге жүрсін, ұлықсат ет, апа»,— деп өтінді. Ұзатылып кетіп бара жатқан қызының сөзін екі қылмады. Шешесі ертіп жүрді. Дәл жүрерде қыз қойнына ағасының ақ семсерін тығып алды. Жездесімен бірге салт атқа мініп жүріп отырды. Алдымен озып келе жатыр еді, жолдың жиегінде бір жанат ішік жатыр.

— Балдыз, менің ішігімді сен ки. Мен мына ішікті киейін.

— Мен әпере қояйын, жездеке!— деп аттан қарғып түсіп, ішікті ақ семсермен қыз тілгілеп быт-шытын шығарды да, атына мініп жүріп кетті. Күйеу ішінен «япырмай, мына қыз ішікті маған кимағаны ма? Неге жыртып тастады?» деп, қызды жек көрді.

— Балдыз, ішікті неге кескілеп тастадың? Кию керек еді ғой!

— Үстіңізде ішік бар. Далада жатқан киімді киген ұят емес пе? Сіз арланбағаныңызбен мен арландым,— деп қыз жауап берді. Күйеу қызды ұнатпады. Ата-енесінен үялғанынан еш нәрсе дей алмады. Тағы алға жүріп кетті. Күйеудің қарны ашып келе жатыр еді, бір алтын табақ толған тағам тас үстінде тұр екен. Қыз тағы секіріп түсіп: «Жесеңіз алып берейін»,— деп күйеуді түсірмей, тағамды төгіп топыраққа араластырып, аяғымен таптап тастады. Күйеу ішінен тағы ызаланды.

— Бір суға жеткенше тамактанатын, неге төктің оны?

— Даладағы қалдық тамақты жеу сіз сияқты үлкен адамға ұят емес пе, жезде? Қалайша арланбайсыз? «Саған дауа болмас» деп, күйеу ішінен тынып жүре берді. Аты болдырыңқырап қалды. Сондықтан жүрісті баяулатты. Дәл осы мезгілде қаңтарулы алтын ер-тоқымды қара жорға тайпалтып өте шықты. Күйеу қуанып кетіп: «Дыр-р-р, жануар!»— деп еді, жорға тұра қалды. Қыз күйеуден бұрын жетіп, ақ қанжарды көк жоннан салды да бір-ақ тартты. Жорға құлап түсті. Күйеу қатты ренжіді. «Сен қарға істемесем бе? Тұра тұр» деп, ішінен тынды. «Бұл қыз маған дос емес, қас екен» деді ішінен.

— Жездеке, сіз бұған ренжіменіз. Далада біреудің кетіп бара жатқан жорғасын ұстап міну сіздей бай баласына ұят деп білемін өзімше,— деді қыз.

— Онда ол атты неге өлтірдің? «Өлтіргеннен көрі сіздің астыңыздан біреу танып аударып алып жүрсе, маған сол ұят. Сондықтан өлтірдім». «Жарайды, маған қу далада кездескен доулетті қимайды екенсін. Енді соңғы келе жатқандарды тосайық»,— деп аттан түсіп, екеуі де үн қатыспастан отырысты. Құдалар келінді әкеліп салып, аз күннен соң еліне қайтты. Балдыз жездесінің үйінде қалды. Төтесін жалғыз тастағысы келмеді. Бірақ жездесі қыздың бақытсыздығына қарай, табанын тіліп, күң етіп қойға салып қойды. Қысы-жазы қойдың соңында жүріп зарлаумен күні өтті. Өткен оқиғаларды естіген төтесі де «лұшпансың» деп, сінлісіне жаны ашымады, күйеуіне қосылды. Қыз қойда жүріп ұршықпен жіп иіріп, екі-үш жылғы иірген жіптерін жинап, қалаға барып-келіп жүретін бір саудагер бар еді, соған «базардан үстіме көйлек әкеліп бер, сонсоң бір ақ тас, бір көк тас (қасиетті) бар. Соны әкеп беріңіз» деп берді. Өзі

күндікпен күн өткізіп жүре берді. Талай таяқ та жеді. Бірақ не істесе де шыдады. Ақыры саудагер кожа келді. «Тас қымбат екен, көйлек алуға пұлың жетпеді» деп, екі тас әкеп берді. Бір күні қыз ауыл адамын жинап алып, ақ серкенің мүйізіне қаладан әкелген екі тасты байлап, көптің ортасына шығып, жездесі қайнына барғанда, отауда қонақта отырып үлкен үйге пышаққа барып, дәу үш мұрынды көргенін, олардың сөзін, жолда ішікті тіліп, тағамды былғап, жорғаны өлтірген себептерін түгел айтып шықты. «Осы сөзімнің шындығына мына ақ тас пен көк тас куә. Егер осы сөзім шын болса, мына ақ серке қабынан жарылып өледі» деп, сөзін аяқтады. Осы мезгілде ақ серке қабынан жарылып өлді. Халықтың шындығына көзі жетті. Көпшілік қыздың жездесін кіналап, қызды киіндіріп, сыйлап айып әперді. Еш кінәсі жоқ таза қыз жездесінен тендік алып, қой бағудан босап, көксеген арманына жетті. Жездесі жұрт алдында кінәсін мойнына алып, балдызын күтіп сыйламақ болды.

ПАТША ҚЫЗЫНЫҢ УАҚИҒАСЫ



ртеде бір патшаның сұлу қызы болыпты. Сол қыздың үйін күндіз-түні әскери қызметтегі сарбаздар күзетіп тұрады екен. Қыз таң атысымен түнде үйін күзеткен сарбазды өлтіретұғын болыпты. Құдайдың құтты күні осыны қылған соң, жан тәтті, үй күзетуден жұрт қалыпты.

Патша қызының үйін күзет деп күн сайын бір сарбаз жібереді, таң атысымен қыз оны өлтіреді. «Бұл қалай?»— деп, жұрт қайран-асыр, таң-тамаша қалып, дағдарып, патша қызынан сұратыпты.

Патша қызы: «Әкем сенімсіз, бұзылған, ақшаға жанын сататұғын жауыздардан күзетші қояды. Мен оларға сенбегендіктен өлтіремін. Сенімді, қиянатқа берілмейтіндерден қойса екен»,— дегеннен соң, халық жұртқа танымды, осы бұзық іске айланбас-ау дегендерден ығай мен сығайды іріктеп, күзетшіні солардан қойыпты. Қыз өлтіруінен айнымапты.

Патша қызынан сөз айыратын, әбден білетұғын зеректерді жіберіп сұратыпты: «Бұл қалай, шырағым, түсінде бір нәрсе көріп қорқасың ба, я өңінде біреу келіп, осыларды өлтірт дей ме?»— деп. Алды-артын буып, сөзден ұтып сұраған соң, қыз айтыпты: «Тек төсекке жатсам, маған бір қиянатшы сап етеді. Түсім емес, өңім сықылды, солан соң тұра сала ойлаймын, осы күзетшілердің бір-екеуімен бұл бәтуаласып жүр-ау, кім де

болса, тұра сала күзетшіні өлтіретұғыным сол»,— депті. Бұл сөзді патша көптің кеңесіне беріпті. Көпте не жоқ, бір данышпан: «Мына сөзді сұратыңыз, сол түсінде көрген кісісімен дастарқандас болып, тамақ жей ме екен? Егер тамақ жейтұғын болса, сол тамақтан бір данасын төсегінің арасына тыға қойсын. Күндіз, өзі сол төсектен тұрғанда, сол тамақ төсек арасында бар болса, адам қылатұғын жұмыс, егер жоқ болса, жын-шайтан қылатұғын жұмыс, осы екі түрлінің бірі болып шықпак»,— депті. Қыз түнде көрген жанмен бірге дастарқанда болып, алма жеген екен, алманы қасындағы кісіге сездірмей төсегінің арасына тыға қойыпты, таңертең түрегеліп қараса, алма төсегінің арасында жатыр екен. Алманы атасына беріп жіберіпті. Сонан соң данышпан айтыпты: «Бұл баланы әуре қылып жүрген осы алманың иесі екен»,— депті. Мұны қылып жүрген сабаз тек түн болса, қызды төсегінен алдырады екен де, көңіліне алған жұмысын істеп, жатқан орнына апарып салдырады екен. Қыз түнде қайда барып, қайда жүргенін білмей, төсегімде жатқан жерімде қинаған күзетші осыны қылды-ау деп, күзетшілерді өлтіретіні сол екен, тұра жұртқа паш қылып жаяды деп, басын жоғалтады екен.

Данышпан бұрын естіп-білмесе де, ақылмен сезген екен, бір өнерпаздың өнері асып, істеп жүрген жұмысы шығар деп оңады. Патша енді мұның ақылын сен тап деп жалынған соң, данышпан: «Бұл алманы маған беріңіз және көп пұл қаражат беріңіз, сенімді батыр, қайратты жолдастар беріңіз, мен дүние көзепін, осы алма қай шаһардың алмасы екен, бұл қай жердің алмасына үйлесе, бұл жұмыс қолынан келетұғын жан сол жерден табылмақ»,— дейді.

Патша бұған не айтқанының бәрін бүтіндей түгел етіп берді. Және мөр басып, хат берді. «Біздің бір дұшпанымызды іздеп шыққан жоқшымыз, қай жерден табылса, сол жердің хакімі, бұған жәрдем берулеріңізді қолқа қылып сұраймын, егерде қолынан келе тұрып болысушы болмаса, қосын қылып үстіне барамын. Бір кісіге бола бұл бірнеше кісінің қанына қалмасын!»— деп. Данышпан бұл хат-мөрді алып, арымас ат, тоғас тон, қажымас ерлерді жолдастыққа алып жүріп кетті. Ақырында іздеген алма ағашын табады, бір шаһардың алмасына алма үйлес шықты. Сол шаһарда салық салып, жатып алды. Жан-жағын ауыл-аймағын сұрастырып қараса, бір күзетші күн бар екен. Бұл данышпан уақ-түйек бақал қидыртып, сататұғын бақалшы саудагер болды. Сол күннің базардан керек-жарак тамақ алып жүретұғын көшесінде отырып, ұрғашы қызығарлық нәрсең түгел ұстап отырды. Бір әйел олай өтіп бірін көреді, былай өтіп бірін көреді. Көріп, керек қылған нәрсесін: «Сатусыз, керек десеніз, ала қойыңыз,— деп бере береді.—

Мұнан тәуірі керек болса оны да айтып қойыңыз, ертен даяр қылайын»,— деп айтады. Не керек «Берген бәрінен бұзар» деген бар емес пе. Әйел мен екеуінің арасында жасырын нәрсе қалған жоқ, әбден өзінікі қылды. Құшақтасып жатысып, бір-бірінен дәм татысып, сақылдасып күлісіп, шүңкілдесіп сөйлесіп, емін-еркін үйлесіп алған соң, Дуаханның мән-жайын сұрауға кірісті.

Сонда әйел сөйледі: «Бұл Дуаханның білмейтұғын дуасы да жоқ, қылмайтын өнері де жоқ. Әсіресе бір сұлу қызды түн ішінде төсегімен алдырып, тұс-тұсынан шырақты самалдай қылып жандырып, неше түрлі тәтті жемістерді дастарқанға салдырып, адам көрмеген тамашалы думан жасап, қайран-асыр қалдырып, құшақтасып, сүйісіп, онан жалыққан соң, дуаменен есін тандырып, емін-еркін мейірін әбден қандырып, ұйқыда жатқан кезінде төсегімен қайырып жібереді. Құдайдың құтты күпі қылатұғын жұмысы осы, тек жылы су даярлап беремін, суға түсіп алған соң, маған рұқсат береді. Маған айтады, «сенің керек жерің — мені судан зарықтырма, су даяр қылып тұрсаң болады» дейді.

Мұны естіп қанған соң, бұл данышпан әбден білді. Бұған жалғанда еш нәрседен тосу жоқ жан екен. Мұны андыған кісі суға түсірмей андыса, сонда бұған бір нәрсе қылатұғындығын түсінеді. Енді бұл әйелге бұрынғыдан да артық махаббат көрсетті. Дүние аямайтындығын және өзін шын жодастыққа алуын сендірді. «Мен жолдас ертің түн ішінде келейін, саған «су алып кел» дегенде, «ал, міне, су алып бара жатырмын» десен болады»,— деп уәделесіп сол шаһардың хакіміне барды. Ісінің егжей-тегжейін айтқан соң: «Біз бір қашқын қуып жүрген адам едік, сол қашқын осы шаһарда бекініп тығылып жатыр екен, бізге көмек беріңіз»,— деп патшасының хат-мәрін көрсеткен соң, хакім көп сарбаз берді. Түн ішінде өз жолдастарының бәрін ертіп келіп, Дуаханды андыды да тұрды. Бір уақытта әйел сылаң етіп шыға келіп: «Міне, мен қазір су апарамын»,— дегенде, суды оған жеткізбей, сауылдап кірін барып қол-аяғын байлап алды. Не нәрсе қылса да сол суға жолатпаған бойымен жүк артқан түйенің үстіне қол-аяғын бекітіп, домалантип, бір мес сықылдандырып алып жөнеле берді. Керуен жүрісімен келе жатып, ағып жатқан судан көлік өтін келе жатқанда ол түйе үстінен домалап суға түсін кетеді. Көкке ұшты ма, жерге түсті ме, қайда кеткенін білмей қала берді. Сол кеткеннен мол кетті. Қайда барса сонда барсын, патшаға бұрынғыдан да қатты өшігіп, қызды әуре қылды. Қызды да, патшаны да дал қылып қойды. Сонан соң патша бұған жалынбай күнелте алмайтындығын біліп: «Ант айтысайық қызым да сенікі, өзім де сенікі, енді бізге өзің керексің, қызымды алып күйеу болып шаһарымда тұрсаң

болады»,— деп хат жазып, мөр басып, қызының қолына берді, сөзіне де әбден сендірді. Сонан соң бұл хатты оқып, сөзіне түсініп, шын ықыласымен айтқандығына көзі жеткен соң, патшаның шаһарына барып, қызын алып, күйеу болып қолында тұрды. Тату-тәтті жандай болған соң, патша мұнан сыр сұрады: «Осы өнеріңді қайдан таптың, қалай жетілдің?»— деп. Патша бірінші өзі білу үшін, екінші жұртқа өнері ортақ болу үшін аса қолқа кылып сұраса да, шешіліп сыр да бермеді, өнерін жұртқа ортақ қылуға қиады. Ақырында патша аңдып жүріп, себебін тауып, әйелінің қойнында жатқан жерінде ұстап алып, өлтіруге бұйырады.

Сонда, дарға асып өлтірейін деп тұрғанда, айтқан сөзі екен: «Шын адамдықты өзінмен бірге ақиретке алып кетемін деген жан, бас беруге шыдасын, сыр шашуға бармасын»,— депті.

ЕРАЛЫ БАТЫР



Ералы батыр бұл халықтың тілегін орындап болғаннан кейін Қоныр төбеттің салдырған темір үйінің сыртынан өрт қойып өртеп, екі ағасын босатып, шешесін босатып алып, әкесінің екі көзін алып, барлығын көшірін келсе, әкесі екі көзінен қанды жас ағып, зарлап отыр екен. Баласы, келіні, бәйбішесі келген соң, екі көзін орнатып болған соң, атаяғы жететін жерден ел шақырып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істепті. Тойдан біраз күндер өткен соң, Ералы батырдың тұрғысы келмей, «мен дүние кезіп кетуім керек» дегенді айтты. «Кетпе» деп, көп жалынған әкесі мен туыстарының сөзіне оған біткен батырлық, қайрат тоқтатып тұрмады. Ералы шынымен кетпекші болған соң:

— Не қалағаның бар, соны ал. Барлық мал-мүлкімді түгел аламын десең де, өзің біл,— деді әкесі.

— Маған ақ боз атың мен киімінді, ақ сауытыңды бер. Дүние жүзіне ие боламын десең қолыңнан келетін алпыс амалың бар екен, соны үйрет. Басқаның маған ешбіреуінің де керегі жоқ,— деді Ералы батыр.

— Олай болса, отыз өгіз отын әкел де, үйіп қойып өрте,— деді әкесі.

Әкесінің айтқаны орындалып, отыз өгіз отын өртелді. От жапып, қып-қызыл шоқ болып қалғанда Ералыны тыр жаланап шешіндіріп отқа тастап жібереді. Етінің бәрі күйіп, сүйегі қалғанда жиып алып таза ақ шүберекке түйіп, «түф» деп, үрлеп

жібереді. Сол кезде Ералы батырдың өзі «уһ» деп, атып түрегеледі. «Ал енді не көріп, не білдің» дегенде, «түк көріп, түк білгенім жоқ» деді бала. «Олай болса, алпыс өгіз отын алып келіп жак»,— деді. Бала алпыс өгіз отын алып келіп жақты. Тағы да Ералыны отқа тастап жіберіп, еті күйіп, сүйегі қалғанда тағы да таза ақ шүберекке салып үрлеп жібереді. Ералы тағы да ұшып түрегеледі де: «Ойпырмай, әке, жер жүзінде болмаған мекенім жоқ. Құрт-құмырсқа, бақа, шаян, қасқыр, аю, шөп, қарағай, тау-тас — тіпті көрмегенім жоқ»,— деді.

— Міне, менің алпыс амалым осы,— деді әкесі тұрып.

Сисе күміс, тышса алтын болатын, бір аттағанда алты айшылық жерді аттайтын ақ боз атты ерттеп, ақ киім, ақ сауытын беріп, Ералы батырды аттандырып салысты.

Ақ боз атқа мініп алып, баяғы өзіне қастық еткен туыстарын іздеп келе жатса, туыстарының барлығы сол әрқайсысы өздерінің түстерінде не көрсе, соны кәсіп етіп жүріп жатыр екен. Сол туыстарының үйіне келіп түседі. Ат үстінен көтеріп алып, құрметтеп үйге кіргізіп, астына мамық төсеп, кешке бір бағланын сойып сыйлық етеді. Ағайларының бәрі де мұны танымайды. Үй қожасы жөн сұрастырып отырып, оның батыр екеніп біліп алады да:

— Сіз сондай үлкен батыр болсаңыз, мына жақта Айхан, Күнхан деген екі хан бар. Солар бірімен-бірі жауласқалы бірнеше жылдар өтті. Осыған барып батырлығыңызды көрсетпейсіз бе?— деп сұрады.

— Менің іздегенім сол, неге бармайын, барамын,— деп жолын сұрап, Ералы жүрмекші болды.

Кешке жатар алдында:

— Менің атым алтын, күміс тезек тастайтын еді. Қас қылмай кім өзіме әкеп берер екен,— деп сұрағанда, үй иесі тұрып:

— Атыңыз, не жарылқаса да өзіңізге әкеліп береміз,— деп алып кетті. Ертеңінде таңертең әкесі бір қоржын жылқының тезегін, бір леген сідік әкеліп:

— Міне, атыңыздың сиген-тышқаны осы,— дейді. Бұған ыза болған Ералы батыр оның сакалынан алып, барлық алтын мен күмісін тарттырып алады. Бұл жолы өз туыстарына ешбір сырын айтпастан кетіп қалады.

Содан аттанып Айханның шаһарына келсе, ел-жұртын жиып, Күнханмен соғыспақ болып азық-түлік, қару-жарақтарын жинап, батырларын сайлап жатыр екен. Ералы батыр шаһарға келіп кірісімен алпыс амалдың күшімен ақ боз атты бір қотыр тай қылып, өзі киімі шоқпыт-шоқпыт тазша бала болып ел көзіне көрінеді. Ол келген соң көпке созылмай қол жүрді. Бұларға ілесіп өзгерген түрмен Ералы батыр да жүрді. Әрбіреулері «мына жаман тазша текке тамаққа ортақ болып

қайда барады» деп, камшының астына салып ұрып та алады. Бірақ оны ол тыңдаған жоқ. Қырық күншілік жерге келгенде азық-түліктері таусылып, аттары арып, тондары тозып, кейін қайтпақшы болып, алға жүруге ақыл-айла таба алмай дағдарысады.

Міне, сол уақытта Ералы қарлығаш болып ұшып Күнханның шаһарына келді. Келісімен ол ханның ай мен күндей бір сұлу қызы барын біледі де, қыздың көзіне бір жақын жеңгесі болып көрініп:

— Бізге келер жан бар ма, алыс па, жакын ба, егер келе алмайтын алыс жерде болып, келе алмай жүрсе, қандай қайла істесе келмекші. Ал егер келе қалса, біз не істемекшіміз, соны сұра. Бірақ, әкенің берген жауабын маған да, басқа біреуге де айтып жүруші болма. Өзің-ақ біл!— дейді.

Қыздан айрылған соң үкі болып хан үйінің бұрышына келіп, қонып отырады. Қыз әкесінен әлгі үйреткен сұрақтарды сұрағанда ханның берген жауабы:

— Бізге Айхан деген хан жауласпақшы болып, осыменен екінші рет бізге жете алмай аты арып, тоны тозып, орта жолдан қайтып жүр. Ал ол хан бізге жету үшін сол келіп тоқтаған жерінде, «Айханның қолы емес, Күнханның қолы» деп, талды шапса, сол талдан су шығады. Сол судан ішсе, бізге жетпекші. Ал егер жете қалатын болса, дұғамен сен бір қотыр тайлак, мен бір қотыр бура, шешен бір қотыр інген болып, алуға жарамай қала береміз,— деді. Ералы мұнын бәрін естіп, қайта қарлығаш болып ұшып, Айханның келіп тоқтап жатқан жеріне келіп, қайта таппа бала болып жүре берді.

Айхан әскерлерін жинап: «Кімде қандай ақыл бар, қалайша жетеміз»,— деп сұрап тұр екен. Әр түрлі ақылгөйлер әр түрлі қылып айтып жатыр. Бірақ, ешбіреуінің ақылы да Күнханға жетуге жол аша алмады. Елдің бәрі ақылы құрып, ешбір айла таба алмай тұрып тұрғанда хан тұрып: «Тағы кімде қандай айла бар, кім айтар»,— дегенде, Ералы батыр: «Менде бар. Ұлықсат беріңіз»,— деді.

Ашуланып ақыл-айла таба алмай тұрған адамдардың қайсы біреулері, «сенен не шығушы еді» деп, жабыла ұрмақшы болып ұмтылған еді, хан ұруға бермей, айтуға рұқсат деді.

Сонда бала тұрып:

— Менің әкем тірі күнінде қыдыр дарыған қасиетті адам еді. Сол кісі айтушы еді: «Егер бір кісі жол жүріп, көксеген жеріне жете алмай, осы біз құсап, арып-ашып тұрса, сол тұрған жеріндегі талды, «Айханның қолы емес, Күнханның қолы» деп шапса, сол талдан су шықпақшы. Сол судан ішсе көксеген жеріне жететіндей күш-қуат береді дейтін еді»,— деді.

Осыны айтып болғаннан соң хан тұрып: «Баланың айтқанын

істе»,— деп жарлық етті. Жігіттер барып «Айханның қолы емес, Күнханның қолы» деп, ағашты шапқанда ағаштан су атқылап жөнелді. Бұл судан ат та, адам да ішіп, қанып еді барлығына күш-қуат кіріп, көздері жайнап кетті. Есін жиып алған хан: «Менің сауыт-сайманым үйде ұмытылып қалып қойыпты. Соны ертеңге шейін кім әкелсе, соған жалғыз қызымды беремін»,— деді, көп қолға қарап. Баруға ешкім шықпады.

Ел ұйқыға кіре бергенде Ералы батыр сағым болып ұшып келіп, ханның ай мен күндей, перімен бірдей қызына ақ боз атты, ақ киімді қалпында жолығып, барлық сырды түгел айтты. Қыз көзінше амалмен әлденеше өзгеріп, аю, қасқыр, келіншек, айдаһар, ақыры ханға еріп жүрген жаман, арық тайлы тазша бала болып көрініп:

— Мен сенің әкеңнің сауыт-сайманын қазір осы түнде жеткізіп, ешбір жанға білдірмей қасына апарып тастаймын. Танертең әкең тұрып, қасында жатқан сауытын көріп, «мынаны кім әкелді» деп сұрайды. Сонда «мен әкелдім, мен әкелдім» деп, әскерлердің арасында көп талас болмақшы. Сол кезде хан тұрып: «Сендер көп таласты тоқтатыңдар. Мына Күнханды шауып қайтқан соң осы жүрген адамның бәрін, қызымды қасыма алып отырып, тізіп, алдымнан өткіземін. Егер менен туған қыз екені рас болса, сонда әкелген кісінің етегінен ұстар»,— дейді. Ал, сол кезде мен қотыр тайға мінген таз бала болып жүремін. Елдің бәрі тіп болған соң сенің әкең «кім қалды» деп сұрар. Сонда «таз қалды» дейді біреулер. «Өткіз алдымнан» деп, хан жарлық етеді. Сонда менің етегімнен ұстағайсың,— дейді. Ералы батырға қыз уәдесін берді. Ералы сауыт-сайманын алып, қайтып, ұшып келіп, ханның қасына тастап, ұйықтап жата берді.

Танертең хан тұрған соң Ералының айтқанындай болып, көп таластар туып, оны хан тоқтатып, Күнханға қарап жол тартты. Арада бірнеше күндер өткен соң Күнханның шаһарына келіп, соғысты салды. Күнханды жеңіп, елі-жұртын шауып қайтты. Сонда Ералы қотыр інген мен қотыр тайлақты қоса алып жүрді. «Мұны не қылғалы жүрсін» деп, әрбір адам қамшымен бір салып кетеді. Оны ол тындаған жоқ. Алып жүріп бір жерлерге келгенде інгенді тастап, тайлақты алып жүрді. Тайлақтың енесінен айырылып боздаған зарына бүкіл дүние қозғалып бірге жылағандай болды.

Айхан өз шаһарына келіп, үлкен той жасап, сол тойда Ералының айтқанындай, әскерлерін жинап, «қазір алдымнан өтіндер» деді. Қызына: «Менің сауытымды әкелген кім, соның етегінен ұста»,— деді.

Елдің бірі қалмай, не секілді әдемі маңғаздар, не секілді батырлар өтіп жатыр. Бірақ, қыз ешкімнің етегінен ұстамады.

«Кім қалды?»— деп сұрады хан. «Тазша қалды» десті. Хан «өткіз алдымнан» деді. Ералы өте бергенде ханның қызы етегінен ұстай алма. Бүкіл ел болып, «ханның қызын қара басты» деп, шу ете түсті. Хан намыстанып таз баланы қайта өткізді. Қыз Ералының етегінен ұстады. «Олай болса, сауытты әкелген осы болғаны» деп, хан екі сөйлемей қызын Ералыға берді. Бірақ олар үшін той жасаған жоқ. Хан Ералы мен қызына жеке-жеке үй салып беріп, қызының сондай бір тазға барғанына үлкен қайғыға ұшырап, қатып алды.

Ералы батыр тайлақ болып жүрген Күнханның қызына тіл катып, барлық сырын айтып: «Сен көп қайғы, зарлы болып жүдей берме. Не тілесен де тілегің орындалады. Менің құдай қосқан жарым боласың. Екі ханды татуластырып, әкенді баяғы қалпына қайта түсіремін. Айхан мен Күнханның қызын алуды маған бұйыртып, өулием түсімде аян берген болатын. Сол орындалмақшы»,— деп Күнханның қызының да ризашылығын алды. Бірақ, ел көзіне ол сол тайлақ болып жүре берді. Күндерде бір күн Айханның бір малшысы Ералы мен қыздың жатқан үйіне келіп қараса, шымылдықтың іші жарқырап, нұрланып тұрғанын көреді. «Ойпырмай, мен осындай бір ғажап көрдім»,— деп ханға айтып барады.

Хан содан кейін бәйбішесін жіберін каратып еді, шымылдықтың ішінде қызымен бірге қараңғы үйді жарық қылып, нұрланып жатқан Ералыны көріпті. Бәйбішесінің қуанышы қойнына симай ханға келеді. Хан Ералы батырды шақырып алып: «Балам, сенде қандай қасиет бар»,— дейді.

— Сізден тілейтін бір тілегім бар, сол тілегімді беретін болсаңыз мен сізге барлық сырымды ашып берейін,— деді Ералы батыр. — Қандай тілек болса да орындайын,— деді хан.

— Менің тілегім, мына Күнханның шабылып келген мал мүлкі мен елі-жұртын өзіне қайтарып, Күнханмен татуласыңыз. Сол ханның бір сұлу қызы бар, соны маған алып берсеңіз,— деді Ералы. Хан Ералы батырдың барлық тілегін орындап, қызын қайта ұзатып, Күнханның қызын тағы әперіп, оны күн ойып, қырық күн тойын жасады.

Сонымен Ералы батыр екі ханның қызын алып, алтыннан үй салдырып, екі ханның қызынан алтын айдарлы балалар туып, ай жағына алтыннан, күн жағына күмістен дінгек орнатып, бұл дүниеде рахатпен өмір сүріп өтті.

ТҮСІН ІЗДЕГЕН ЖІГІТ



ұрынғы өткен заманда бір бай болыпты, төрт түлік малы сай болыпты. Байдың қойын бағатын қойшылары да көп екен. Сол көп қойшының ішінде ақылды бір қойшы болыпты. Күндіз кешке шейін қойын жайып шаршап келін жатқан әлгі қойшы жігіт түнде түс көріпті. Түсінде бір омырауында күн, бір омырауында ай көріпті. Ертенінде тұрған соң түнде көрген түсіне ғажайыптаныпты. Сол мандағылар жори алмаған соң, түсін жорыту үшін сапарға аттаныпты. Күн жүріпті, ай жүріпті. Түстің жоруын ешкім таппапты. Жүріп отырып күндердің бірінде бір қалаға кез болыпты. Түн ішінде қонуға үй іздеп келе жатса, бір үйдің жанында бір жігіт киім-кешектерін бөктеріп жүруге әзірленіп жатыр екен. «Бұл не қылған жан екен түн ішінде бүлінген» деп қасына барса, қыз екен.

— Келдің бе?— деп сұрапты әлгі қыз.

— Келдім,— депті ойында еш нәрсе жоқ жігіт.

— Онда жүрелік,— депті қыз.

«Бұл мені қайда апарар екен, байқап көрейін» деп ойлапты да:

— Болады,— депті. Екеуі жүріп кетіпті.

Қыз әсілінде бір байдың сиқырлық оқуын үйренген қыз екен. Күндердің бірінде бой жетіп күйеуге шығар мезгілі жеткенде, әкесі малға қызығып бір шалға зорлап бермек болыпты. Бұған ризалық білдірмеген қыз «не де болса өзім тендес жаспен бірге болайын» деп, әкесінің үйінде істейтін бір жігітпен сөз байласып қашпақ болыпты. Сүйтіп бағын сынату үшін бір білгіштің алдына барыпты. Білгіш ойланып отырып:

— Қызым, сен басқа елдің бір кедей жігітімен қосыларсың, сенің мына барайын деп жүрген жігітің уәдесінде тұрмас болар,— депті. Сонда қыз білгіштің айтқанына сенбепті. Былай нұсқаға бере: «Білгіштің бұл не дегені, мен ол жігітпен шындап елесейін де қашайын, сонда қосылмай не болар екен»,— еген ойға келіпті. Ерtesі түнде қашпақ болыпты. Қашуға уәделескен түні әлгі жігіт ұйықтап қалыпты да, уәделі жерге келе алмапты. Қыз көп уақыт жігітті күтіпті. Келмепті. Әбден зарығып отырғанда қойшы жігіт кез болыпты. Мұны көрген қыз «уәделескен жігітім» деп, жалма-жан аттанып, суыт жүріп кетіпті. Жол-жөнекей қыз сөз қозғаса, жігіттің айтқан өнгімесі бұрынғы сөз байласқан жігіттің сөзіне ұқсаңқырамапты. Бұған қыз таңырқап, таң атып, жарық түсуін аңсапты. Бұлар түнімен жүріп, таң ата бір үлкен тау аңғарына еніпті. Екеуі бір-біріне

қарап тажаптаныпты. Жігіт қызды бұрын көрмеген, танымайды. Қыз байқап қараса, өзінің уәделескен жігіті емес. Тіпті бұл өмірден де көрмеген жігіт. Қыз қайран қалыпты. «Әлгі білгіштің айтқаны келетін болды-ау, мұнымен қалай да бірге қаштым. Не де болса бірге болайын. Әуелі сынап көрейін» деп, сынап бастапты. Сынау арқылы не кәсіпке бейім екенін аңғармақ болыпты.

Жолшыбай калын шілікті жыныс тоғайға кезігіпті. Сонда қыз:

— Мынау тоғайға түйе бағар ма еді. Түйеге лайық жер екен,— депті. Жігіт тоғайға қарап қойыпты да, ештеме демепті. Бір кезде қаланың қияқты бір түбекке кез болыпты. Сонда қыз:

— Мынау сиырға өте қолайлы жер екен. Сиыр бағар ма еді,— депті. Жігіт бұған да ауыз ашпапты. «Бұл жігіт түйе де, сиыр да бақпаған екен»,— деп ойлапты қыз. Бетегесі мен тарлауы аралас біткен жазыққа келгенде:

— Мынау жазыққа жылқы бағар ма еді. Жылқыға лайық жер екен,— депті. Бұған да үндемепті жігіт. Одан изені мен жусаны, дөкіресі мен ермені аралас біткен үлкен бір күнгейге келгенде қыз:

— Шіркін, мынау күнгейге қой қыстатар ма еді, қойға қолайлы жер екен,— дей бергенде, жігіт сөл езу тартып:

— Рас, өте қолайлы жер екен. Қойды қаптата салып, қарсыдан қарап отырсаң қандай тамаша,— депті. «Бұл жігіт қойды көп баққан көрінеді. Ақылы қалай екен, тағы да сынап көрейін. Сол сынақтан өтсе қосылармын»,— деп ойлапты қыз.

Күндердің бірінде қаланың іргесіне келіп тынығуға түсіпті. Қыз жігітке:

— Жігітім, сен базарға барып, екеуімізге үй сатып ал. Үйге басымыз сиса, аяғымыз симайтын, аяғымыз сиса басымыз симайтын болсын, екі аттық қорасы болсын, өзімізге тамақ, атымызға жем-су болатын азық дайында, дайын болғанда мені шақыр,— депті.

Жігіт жол-жөнекей қыздың айтқан тапсырмасын қалай орындаудың амалын ойланыпты. Ойлана келе алған үйге кісінң басы сиса аяғы симайтын болсын дегені — екі адамдық шағын ғана үй болсын, екі аттың шағын қорасы болсын дегені болады. Оңимізге тамақ, атымызға жем-шөп болатын азық дайында дегені — бұл жердің жағдайына қарағанда суы тапшы, жері шөлейт көрінеді. Адам мен малға сусын оңайға табылмайды екен. Бұл үшін мен дихандардың еккен қауын-қарбыздарын, жидектерін алып дияндайын, бұл өзімізге тамақ-сусын, әрі аттарымызға азық-сусын болады деген тұжырымға келіп, қыздың тапсырмасын осылайша орындапты. Орындып болған соң бітеген істерін қызға келіп айтыпты. Қыз ойланып, «бұл жігіт

ақылды екен, осыған қосылайын» деп, екеуі махаббат байлап некеленіп қосылыпты. Бұлардың негізгі тұрағы қаланың сыртындағы лашығында болып, аң аулап күнелтеді екен. Ара-тұра қаладағы алған үйіне келіп-кетіп жүреді екен. Күндердің бірінде бұлардың хабары сол қаланың ханына жетеді.

— Таксыр хан, сіздің еліңізге бөтен елден бір жігіт пен бір сұлу әйел келіпті,— деген хабарды естіген хан оларды іздеп шығыпты. Барып көріпті. Хан жігіттің әйеліне ғашық болып қалыпты. Уәзірлерін шақырып алып:

— Мына жігіттің әйелін айырып алу керек. Бұл әйел менің ордама керек болып отыр,— депті. Сонда бір уәзірі тұрып:

— Әйелді айырып алу үшін жігітті өлтіріп, көзін жоғалту керек,— десе: «Өлтіру үшін амал қолдау керек, ол үшін, мәртебелі ханымыз, сіз өтіріктен ауырыңыз, сонда жігітті шақырып әкеліп, «ханымызға жолбарыстың сүті дәрі екен, соны тауып келсең» деп бұйыралық. Жолбарысты іздеп ол баратын жолда қалың жыныс тоғайлар бар. Онда аю, арыстан сияқты жыртқыш андар көп болады. Ол осы сапарында аю, арыстандарға жем болып қайтып келе алмайды»,— депті жауыз ханның енді бір уәзірлері. Уәзірлерінің бұл ақылын ұнатқан хан жігітті табанда шақыртып әкеліп:

— Жігітім, сені шақыртудағы мақсатым, мен ұзақтан бері сырқат едім. Көп емделіп жазыла алмадым. Балгерлердің айтуына қарағанда, жолбарыстың сүтін ішсем жазылатын түрім бар. Маған жолбарыстың сүтін әкеліп бер. Мұны әкелуге сенен мықты жігіт іздеп таппадым,— депті. Жігіт:

— Болады, тауып әкелейін,— деп кетіпті.

Жігіт үйіне қайтып келген соң, барлық жайды әйеліне айтыпты. Әйелі ойланып отырып мынадай ақыл айтыпты:

— Ханның мақсаты сені бұл дүниеден жоғалтып, мені өзі алу ғой. Бұдан құтылудың амалы табылады. Айыр таудың ар жағында бір жыныс тоғай бар. Сол тоғайдың дәл ортасында орнынан қозғалмайтын бір жолбарыс отыр. Оның табанына жиде кіріп жүре алмай жатқанына жеті жыл болды. Ол сол мандағы андардың патшасы. Оны үнемі басқа жануарлар асырап келеді. Сен сол жолбарысты тауып, табанындағы жидені алып тастасаң, ол саған жақсылық істейді. Айтқаныңды орындап сені мақсатыңа жеткізеді. Әр қандай жыртқыш андар кезіккенде: «Тыныш, қара құлақ қақай» десең, олар саған тимейді.

Жігіт айыр таудың ар жағына сапар шегіп, жаралы жолбарысты іздеп шығыпты. Жолбарысқа жеткенше жол-жөнекей неше түрлі жыртқыштар кезігіпті. Сонда жігіт: «Тыныш, қара құлақ қақай»,— деп қойса, жыртқыштар жуасып өз жөніне кете береді екен. Күндердің бірінде айыр таудың ар жағындағы жыныс тоғайдың ішінен жолбарыс патшаны

тауыпты. Оның табанына кірген жидені жұлып тастап, дөрілеп жазыпты. Сонда жолбарыс қуанғаннан:

— Сен маған көп жақсылық істеп, мені бейнеттен құтылдырдың. Бұныа рақмет, ал бұл араға адамзат баласы келе алмаушы еді. Сен өзіннің ерлігіңмен келіпсің, неге келдің, не мақсатың бар, айт, орындап берейін,— депті.

Ханымыз ауру еді, ауруына жолбарыстың сүті ем екен, соны іздеп шығып едім. Бұдан басқа жұмысым жоқ,— депті жігіт.

— Жолбарыстарды жинап сүтті тауып берейін,— деп жан-жаққа жар салған екен. Жолбарыс ханның бақырған даусын естіген хайуанаттар түгел жиналыпты. Тек бір ғана жолбарыс келмей қалған екен. Сүйтсе, ол жолбарыс туып қалыпты. Жолбарыс патша барлық мақұлықтарды таратып жіберіпті. Ертесінде әлгі туған жолбарысты шақырып әкеліпті де, жігітке қосып беріпті. Бұлар жүрерінде:

— Жігітім, мына балалы жолбарысты саған қосып беріп отырмын, бұны жетектеген күйінше ханына апарып бер. Сауып сүтіп ішсін, дереу жазылады. Жолда шаршасаң мінерсін, бірақ өзің де, басқалар да ұрып, жәбір көрсетіп жүрмендер. Ханын жазылған соң осы барған іздеріңмен қайтар. Мұртымнан бір тал берейін, қалтаңа салып ал, басына күн туғанда отқа тұтатсаң, мен өзір боламын да, сені сол ауыр халден құтқарамын,— депті.

Жігіт балалы жолбарысты жетелеп жүріп отырыпты. Күндердің бірінде хан ордасына жетіп, жолбарысты ханға табыс етіпті. Мұны көрген уәзірлер мен хан зәресі ұшып әбден қорқыпты. Алдына келіп қалған соң хан амалсыздан балалы жолбарыстың сүтін саудырып ішіп, «жазылыпты». Хан «жазылған» соң жігіт «сенен енді құтылған шығармын-ау» деп, балалы жолбарысты жетелеген күйі сыртқа алып шығып, келген ізі бойынша жолға салып қойыпты да, өзі үйіне кетіпті.

Жігітті өлтірудің айласын таппай дағдарған хан мен оның уәзірлері тағы да ақылдасыпты. Сонда ханның бас уәзірі:

— Бұл жігітті аю-жолбарыстар жеп өлтірер, сонымен жок болар деп тоғайға жіберсек те өлмей келді. Енді мұны қисынын тауып орға түсіріп өлтіргеннен абзалы жок,— депті. Бас уәзірдің амалын жақтаған бір уәзірлер:

— Ханымыздың қалын әскерін «жау шапты» деп, соғысқа аттандырайық, бұл жігітті осы әскердің қолбасшысы етелік, сонда жігіт қалың қолдың ең алдында жүреді. Бұлардың алдына үлкен ор қаздырып қоялық та, соған түсіріп өлтірейік,— депті. Хан уәзірлерінің бұл амалын мақұл көріпті. Жігітті шақыртып алып:

— Менің қалың қолымның қолбасшысы жақсы емес, сені сол әскердің бас қолбасшылығына тағайындауға шақырттым,— депті.

— Алдияр тақсыр, сіз не жұмысқа бұйырсаңыз да, атқаруға мен дайын,— деп жауап беріпті жігіт. Кеште үйіне барғанда хан қолбасшы етіп сайлағанын әйеліне жеткізіпті жігіт.

— Сені хан текке қолбасшы сайлап отырған жоқ. Мұнын соңында сұмдық бар. Бірақ қорықпа, тапсырған жұмысын істей бер. Әлгі жолбарыс өзіне берген мұрт пен мына шақпақты жаныңнан тастама. Бұларды салған кісең қашан да белінде болсын. Басына ауыр күндер туа қалса бұлар ес катады,— деп күйеуінің көңілін жұбатып ақыл айтыпты келіншек.

Жігіт қолбасшы болып хан ордасында істей беріпті. Күндердің бірінде «жау келді» деп, барлық әскер дүрлігіп кетіпті. Сонда әлгі жігіт қалың қолмен бірге жау шапты деген жаққа қарай шаба жөнеліпті. Елден ерек шығандап озып шыққан жігіт бір жерге келгенде ат-матымен уәзірлер қаздырып қойған үлкен орға түсіп кетіпті. Бұны көрген ханның адамдары әскерін қайтарып алып кетінті. Жігіт терең қазылған ордан қалай шығудың амалын таппай жатыпты. Бір кезде кісесіндегі жолбарыстың мұртын тұтатыпты. Сол сағатта жолбарыс дайын болып, жігітті ордан шығарып жіберіпті. Жігіт ордан аман-есен шыққан соң, үйіне келіпті. Сол күні хан жасауылдарын шақыртып алып:

— Осындай қолбасшы болып орға түсіп өлген жігіттің әйелін ордаға алып келіндер,— деп бұйырыпты. Жасауылдар жігіттің үйіне келсе, жігіт үйінде отыр екен. Бұған ғажаптанған жасауылдар қайтып барып көргендерін ханға айтыпты. Бұл хабарды естіген хан ызаға булығып, уәзірлерін шақырып алыпты да:

— Жігітті үйге қамап өртеп өлтіру керек,— деп бұйырыпты.

Ханның бұйрығы бойынша жасауылдар жігітті тағы шақырып барыпты. Жігіт жүрер алдында әйелімен ақылдасыпты. Сонда әйелі:

— Бастапқы екі реткі амалмен сені өлтіре алмаған хан осы жолы үйге қамап қойып өлтірмек оймен сені шақыртып отыр. Сақ болғайсың, сені хан жанадан жасатқан үйіне кіргізуі мүмкін. Егер соған өрт қойса, сол үйдің ішінде арнаулы жасалған бір жер үй бар. Соның ішіне кіріп алсаң өрт сені шарпи алмайды,— депті.

Жігіт шақыру бойынша ханның ордасына барыпты.

— Мен сені аман қалғаның үшін қонаққа шақырып отырмын, жанадан бір сарай жасатып едім, соны көрсін, саяхат етсін деп шақырттым,— депті хан. Сонымен жігітті ертін жасаулы жаңа үйге енгізіпті. Жігіт үйге кірген соң оны жалғыз қалдырыпты да, есіктерін тарс бекітіп, сыртынан қарағайды үйіп, өрт қоя беріпті. Сарайдың сырты өртеніп, ішіне өте бергенде жігіт жер үйге тығылып өрттен аман қалыпты. Жігіт түнімен сол үйде бұғып

жатып ханнан қалай құтылуды ойласын ойлапты. Залым ханды амалын тауып өлтіруге бел байлапты. Таңға жуық байқап қараса, хан таңғы намазға дәрет алғалы сыртқа шыққан екен. Осы орайда жігіт өртенген үйден шыға келіп, ханға сәлем беріпті. Хан шошығаннан талып қалыпты. Уәзірлері су бүркіп оны есіне келтіріпті. Осы кезде жігіт тұрып:

— Ханеке, мен өртеніп өлгеннен кейін сенің өлген әкеннің қасына бардым, әкең өлгенде жаназасына бір қара серке байлаған екенсің, оны көрдім. Әкең «көзінің тірісінде маған балам келіп бір жолығып қайтсын» деп, саған сәлем айтты,— депті. Сонда ақымақ хан:

— Ондай болса мен де әкемді көрін келетін. Мені кешегі өзіңдей қып өрте,— депті. Мұны естіген жігіт іштей қуанып ханның үйінің айналасына ағаш-отындарды жинапты да, ханды үйге қамап, есік-терезелерін мықтап бекітін өртеп жіберіпті.

Сүйтіп залым хан өртеніп өледі. Оның орнына қарадан шыққан бір жігіт хан сайланады.

Жігіт үйіне қайтып келіпті. Келсе жүкті қалған әйелі босанып, сегіз бала тауыпты. Баланың біреуі ұл, біреуі қыз екен. Күн өтіпті, ай өтіпті, балалары өсіп талпына бастапты. Еңбектеп жүрген екі баласын әкесі үйде еркелете ойнатып, қуаныш қылып отырыпты. Шалқасынан түсіп тынығып жатқан әкесінің омырауына екі бала келіп жабысып ойнағанда, жігіттің ойына баяғыда көрген түсі елестепті. «Түсімнің мен іздеп шыққан жоруы осы екен ғой» деп тұжырып, шаттық, қуанышқа бөленіпті.

АҚҚОЯН



рте заманда бір шалдың үш баласы болады. Мал дегенде бір ала биесі болған. Осы ала биесі күнге қарап буаз болып, айға қарап құлындайды екен. Бірақ күн сайын құлындаса да, күнде жоғала беретін болған. Балалары көпек күзетсе де, құлыны күнде жоғала беретін болған. Құлын ұрланудан тыйылмайды. Бір күні Аққоян атты кіші баласы биесін құлындайтын уақытында ұйықтамай күзетеді. Түнде биесі қолынан аман-есен құлындатады. Құлынның түсі ала. Алтын жал, күміс құйрық құлын екен.

Құлынды көріп ауыздандырып анадай жерге барып отырғанда аспаннан бір қара бұлт түйіліп келіп, құлынды сыпырып ала жөнеледі. Ол уақытта күзетіп отырған Аққоян жақмылтығымен басып қалады. Атқан уағында шылдыр етіп бір

нәрсе жерге түседі. Барып қараса, құлынды іліп алып кеткен екен, сылдырап жерге түскен мылтықтың оғы түбінен қиып түсірген құлынның құйрығы екен. Құлыннан айрылып қалғасын танертең Аққоян әкесіне көргенін бастан-аяқ айтып, құлынды іздеймін деп, рұқсат сұрайды. Әкесі:

— Балам, іздесен, ізде!— деген соң, Аққоян темір етік киіп, темірден таяқ соқтырып алып, жаяу құлынды іздеп жүріп кетті. Сонан кейін Аққоян жүре-жүре арада бірнеше уақыт өтін, темір етіктен тенгедей, темір таяктан тебендей қалады. Сонан жүріп келе жатса, айдалада үш ақ отауға кез болады. Бұл отауға кіріп келсе, үш әйел отыр екен. Аmandасып, жөн сұрайды. Әйелдер айтады:

— Үшеуіміз де адамзаттың, кедейдің қызы едік. Осы үйдей алып кара құс деген үш ағайынды дәу екен. Бізді еріксіз әкеліп, қатын қылып отыр,— дейді. Аққоянға әйелдер:

— Қайдан әкелетінін білмейміз, әйтеуір күн сайын ұшып барып, ылғи алтын жал, күміс құйрық құлынды ұрлап әкеліп күн көреді. Жылқысының көптігі екі мыңдай болды,— дейді. Аққоян:

— Бұларды қалай аламын?—дейді. Әйелдер:

— Екеуін өлтіресің, ең кішісі болмайды,— дейді. Сонан соң Аққоян бұлардың келетін жолын тосып жатып екеуін өлтіріп, үшіншісін қалай өлтірудің аяласын үйге келіп, әйелінен сұрайды.

— Менің күйеуім бәрінен де мықты. Мұны өлтіру қиын. Мұның табанының астындағы ұлтарағында қырық кез ақ семсері бар. Осы ұзын семсерін түсіріп алып шауып өлтірмесең, басқа сайман мұның денесіне өтпейді,— дейді. Сонан соң Аққоян әйелмен ақылдасып байын өлтірмекші болып отырғанда ұрлыққа кеткен дәу келіп, бір түйені ұрлап әкеліп, сойып, тай қазанға астырып табақпен алдына әкелдіріп жейді. Етті жеп отырып, түйенің тоқпақ жілігін сол қалпында жұтады. Жілік тамағына барып не әрі, не бері кетпей қақалып, әйеліне «қанжарымды әпер» деп, айғай салады. Әйелі қанжарын ұлтарағынан алып берген соң, жілікті ішіне қарай қанжармен итермекші болып, бер жағынан семсермен итереді. Бұл қанжармен итеріп жатқанда Аққоян қолының үстінен жұдырықпен қойып кеп жібереді. Сонда семсердің ұшы желкесінен шығады. Сонан соң дәу шалқасынан түсіп, жан тәсілім қылады. Аққоян дәудің үшеуін де өлтіріп болып, бағанағы ұрланған құлынын түгендесе, ылғи алтын жал, күміс құйрық ала жылқы мың жарым болған екен. Аққоян үш келіншекті үйлерімен көшіріп, мың жарым жылқыны айдап еліне қайтады. Келген соң Аққоян екі үлкен әйелді ағасына беріп, кіші әйелді өзі алып, біраз заман тынығып жатып, өзінің

екі ағасына жылқы бақтырып, оларды үйлендіріп, байытады. Сөйтіп, жәйін айтып, өзі демін алады.

Екі ағасы жылқы бағып, мал қарап шаруа істейді. Сүйтіп жүріп екі ағасы байыған соң, інісін көре алмай күндейді. Сүйтіп жүріп біріне-бірі: «Аққоян бізге неге кісілік істейді? Неге кісі жалдамайды. Өзі шалқасынан түсіп жатып алады. Өлтірейік»,— деп ақыл қосады. Ортаншы ағасы үлкен ағасына: «Мен Аққоянның алты кез ақ семсерін ұрлап алып кешке таман киіз үйдің есігіне жүзін ішіне қаратып байлап кетейін. Түн ортасында жылқыны үйге қарай тасырлатып қуайық. «Ұры тиді жылқыға, Аққоян не ғып жатырсың» деп айғай салайық. Сонда Аққоян далаға жүгіріп шығарда есіктегі ақ семсерге ортан белінен кесіліп мұрттай ұшар»,— дейді. Айтқанындай, қанжарды есікке көлденең байлап кетіп, түнде жылқыны айғай салып қуады. Бұлардың даусымен, жылқыға ұры тиіп жатыр екен деп, Аққоян үйден жүгіре шыққанда көлденең тұрған ақ семсерге екі тізесінен қырқылып домалап мұрттай ұшады. Мұның ертеңінде екі ағасы үйлерін жығып, барлық малын айдап, Аққоянға бір қос қылып беріп, тамағына жылқы сойып беріп, жалғыз тастап өлдері көз көрмес, құлақ естімес бір жаққа көшіп кете барады. Сонан кейін Аққоян жалғыз ешқайда бара алмай, қостың ішінде садақ істеп, тамағын ішіп отырады. Күндердің күні болғанда бір екі қолы жоқ шолақ кісі бір киікті қуып келе жатыр екен. Жетеді, бірақ ұстайын десе, қолдары жоқ. Сонда қостың ішінде отырып, Аққоян айғай салады:

— О, кісім, киікті маған қарай қайыра бер!— дейді. Кісі қайыра бергенде Аққоян садақпен атып жығады. Сүйтіп, шолақ қол Аққоянды қара тұтып, екеуі бірлесіп барып, киікті өкеліп сойып, етін асып жеп отырады. Сол кезде екі көзі жоқ бір соқыр адам бір түлкіні дүбірімен қуып келе жатады. Аққоян «бері қайыр» деп, айғай салады. Соқыр қайырғанда мылтықпен атып жығады. Сонан соң соқырды шақырып алып, шолақ қол соқырды жетектеп, соқыр Аққоянды аркалап, үшеуі бірлесіп барып түлкіні алып келеді. Осымен біраз заман бірлесіп күн көріп жүріп, бір күні үшеуі ақылдасады: «Біз бүйтіп жүріп күн көре алмаймыз. Бізге бір әйел керек. Кір-қонды жуып, ас істеп беріп отыратын». «Олай болса, әйел тауып алу оңай»,— дейді шолақ: «Ал, қалай?»— дейді екеуі. Сонда шолақ қол айтады:

— Менде мынадай өнер бар,— дейді.— Мен шылбырын сүйреген тайпалған қара жорға боламын,— дейді.

Соқырға:

— Сенің қандай өнерің бар?— дегенде, ол айтады:

— Қатты айғайлап, аузымнан леп шығарсам айналамды қап қараңғы тұман қылып жіберемін,— дейді.

— Жарайды, ал Аққоян, сенің қандай өнерің бар?— дейді. Аққоян айтады:

— Мен ірі мергенмін. Көз ұшым жерден шымшық торғайды атқанда көзінен өткізем,— дейді. «Олай болса, үшеуміз елден барып әйел әкелейік» деп, үшеуі елге жөнеледі. Бір елдің жанына барып ауылдан алты шақырымдай жерге Аққоянды жатқызып, үш шақырымдай жерге соқырды жатқызып, шолақ қол өзі үстінде күміс ер-тоқым, күміс жүген тайпалған қара жорға ат болып ауылға барады. Жаздың шілде ыстық күні екен. Шылбырын сүйретіп жорғалап қотанда жүреді. Ұстаймын деп, анау да мынау да ұмтылса, ұстатпайды. Бір құрт жайып отырған он бестің шамасындағы бір байдың қызы келіп ұстағалы келгенде тұра қалады. Қыз шылбырдан ұстап алады да, мініп кеп алғанда, қызды ала кеп жөнеледі. Даяр отырған ел кермедегі атты мініп алып, үш жүздей кісі қыздың соңынан жабыла қуады. Ауылдан үш шақырымдай шығып, әне жетемін, міне жетемін деп келе жатқанда, соқырдың тұсына келген кезде соқыр қатты айғайлап, аузынан леп шығарады. Төніректің бәрі түк көрінбейтін тұман болып кетеді. Сонда қуып келе жатқан кісілер адасып бірінен-бірі ұстап, үйлерін әрең табады. Бұлар қызды алып келін орталарында қарындас қылып, ас қылдырып, кір жудырып бірнеше уақыт күн көріп жүреді. Бір күні ағалары аңға кетіп, келер кезде қыз ас қылайын десе, оты сөніп қалыпты. Қыз сасып, далаға шығып қарап тұрса, күннің батысында бір жылтыраған от көрінеді. Қыз етек-жеңін түріп алып, үкідей ұшып келсе, тары көже қылып отырған қу аяқ кемпір екен. Кемпірден от сұрап алып қайтайын десе, кемпір: «Кішкентай басымның битін қарап бере кет»,— дейді.

Қыз бір тізерлеп отырып, басының битін қарағанда қыздың көйлегінің етегін шұрк-шұрк тесе береді. Сүйтіп, қыз кетерінде етегіне бір аяқ тары салып беріп: «Ағаларына ас қылып бер»,— дейді. Қыз ұшып қосқа келсе, тарыдан дым жоқ. Бәрі жол бойы түсіп қалған. Мұның мәнісі, тарының шашылған ізімен қыздың үйін тауып алу үшін кемпірдің істеген айласы екен. Сонан соң қыз ағаларына ас істеп беріп, ертеңінде қу аяқ кемпір келіп, қызға басын қаратып кетіп отырады. Кемпір басын қаратқан сайын қыздың санынан қанын сора береді. Қыз аппақ шөлмектей болып, қаны азайып жүдейді. Ағалары «неге қаның қашып жүдеп жүрсің» десе, айтпайды. Ағалары сұрап қоймаған соң, бір күні кемпірді айтады. Сонан соң сол күні ағалары аңға шықпай үйде тығылып жатып қу аяқ кемпірді ұстайтын болады. Қу аяқ кемпір келіп кіргенде шолақ есікте тұра қалады. Кемпір шыға жөнелгенде ұстайтын қолы жоқ аяғымен тәуіп қалып қоя береді. Шолақ қол соқырды жетектеп, соқыр Аққоянды арқалап, үшеуі бірлесіп қуып, қу аяқ кемпірді ұстап алып

өлтірмекші болады. Кемпір бұларға жалынып: «Аяғы жокқа аяк, қолы жокқа қол, көзі жокқа көз саламын,— дейді.— Мені өлтirme»,— дейді.

Сонан соң бұлар кемпірді үйіне алып келіп, Аққоян алдымен кемпірге: «Соқырды жұтып, қазір көз бітір»,— деп бұйырады. Кемпір соқырды жұтып — көз, қолсызды жұтып — қол бітіреді. Ең ақырында Аққоянды жұтпақшы болғанда, Аққоян жолдас-тарына тапсырады: «Мынау, мені жұтып, тастамауы мүмкін. Қолдарына қылыштарыңды алып тұрындар. Мені шығармаса, дереу басын алыңдар!»— дейді. Айтқанындай, Аққоянды тастамайды. Қыз үшеуі жабылып, кемпірдің басын алып, бір бақайшағының ішінен аяғы жазылған Аққоянды тауып алады.

Мұның артынан Аққоян елін іздеп келсе, екі ағасы Аққояннан айрылғанына қуанып, елін көшірін әкетіп, той қылып жатыр екен. Әке-шешесін құл қылып, қатынын күң қылған екен. Сол жерде Аққоян барған соң, ағалары қорқып қанады. Оларды ұстап алып, халықты жинап, өміріндегі көргенін көпшілікке айтқан соң, көпшілік екі ағасын қолымен ұстап өлтіріп беріпті. Бүкіл елі Аққоянның аман-есен келгендігіне отыз күн ойын, қырық күн тойын істепті. Аққоян осымен мұратына жеткен екен.

АҚЫЛСЫЗ БЕРІЛГЕН ЖАЗА



ұрынғы өткен заманда бір үлкен бай болыпты. Оның әйелі болыпты, бір қарындасы болыпты. Міне, осы бай байлықпен бір дәуір бойы өмір сүрін тұрады. Сөйтіп жүргенде әйелі мен қарындасы өштесіп ұрыса беріпті. Әйелі күйеуіне арыз түсіргенді де қоймапты. Оны бай тындамай жүре береді.

Күндерде бір күн бай ұзақ жерге бір шаһарға жиынға кетеді. Осы сапардан ол бай оралып үйіне келер қарсанында әйелі үй ішіндегі бар дүниесін жыртып, сайманын сындырып, үйдің ортасына үйіп қойыпты.

Бай үйіне кіре, дүниенің бүлінгенін көріп: «Бұл не?»— десе, әпелі жылап қоя беріпті.

— Мен саған айттым, әйелім деп менің сөзімді тындамайсың. Мына істің бәрі сенің мына қарындасыңның істеген ісі. Осы қарындасыңнан құтыл десем болмадың. Міне, ақыры бар еңбегінді еш етгі. Ал енді бұдан құтылмасаң, бір күні өзіңнің түбіңе жетер,— деді.

Сайқал, жалақор қу әйелдің бұл жала сөзі байға қатты әсер берді. Сөйтіп дүниесі бүлініп, іші күйіп тұрған бай ойламастан қатты ашуға келді де, далаға шығып ат жектірді де, қарындасын шақырып алып арбаға отырғызды да, иесіз далаға қарай алып жөнелді.

Артта қалған әйелі айқайлап:

— Тірі тастап қайтпа, өлтіріп қайт жексұрынды!— деп, ішінен қуанып тұр.

Сөйтін иесіз бір даладағы қалың орман ішіне алып келді. Ақылы көп толмаған жас балдырған қыз еңіреп жылауда. Бір жерге әкеліп арбадан түсіріп, қолына балтасын алған кезде, үлпілдеген жас қыршынның еңіреген дауысы орманды күңгіретті:

— Қайран аға, бір күрсақтан жарып шыққан жас төл едік. Не жазығым бар еді. Менің қасықтай қанымды қисаңшы!— дегенде, ағасы:

— Қысқарт сөзді, арамза, қу қаншық. Сал қолынды айқастырып мына түбір ағашқа!— деп, бір кесілген ағаштың түбірін көрсетті. Сол кезде есі шыққан жас қыз жылай берді... «Иә, қайран жалғызым, не істесең де өзің біл. Не де болса туысым едің, аман бол, жалғызым!»— дегенде:

— Қой сөзді!— деп ағаштың түбіріне айқастырылып қойған екі қолды балтамен шауып тастады.

— Ал енді қаңғырып өл!— деп, иесіз далаға тастап, үйіне қарай жүріп кетті.

Сонымен жас қыз жылай-жылай, жылаумен өмірін өткізіп орман ішінде шөптің басын теріп жеп жүре берді. Күндерде бір күн сандалып жүріп, тағы бір үлкен байдың бақшасына кез болады. Ол бақшаның ішінде жинаулы алманы көреді. Сөйтіп күнде түн уақытында келіп, алмадан тізерлеп жатып жеп тойып кетеді. Сөйтіп бір күні күзетші алмасын жоқтап, бақшаны аралап жүріп, түнде келіп жеп жатқан қызды ұстап алады да, байға алып әкеп береді.

— Бұл бай жас жігіт екен, әйел алмаған, әлгі қызды моншаға түсіртіп, тазартып киім кигізіп, қолына жалған қол жасап кигізіп, әйелдікке алады. Міне өстіп бұлар біраз уақыт өмір сүргеннен кейін бұл скікабат болып, бала көтереді. Сөйтіп осы әйелдіп босанар шағында күйеуі ұзақ жолға, жиынға кетеді. Ол жиынға барған кезде үйдегі әйелі босанып, екі ұл тауыпты. Міне, осыдан кейін ол байдың артынан хат жазып кісі шаптырып жібереді. Шапқыншы кісі келе жатып жолда бір үйге қоныпты. Сөйтсе, ол да осы байдың түсіп-қонып жүрген үйі екен. Ол әйел алмай жүргенде бұл әйелді алам деп жүрсе керек. Міне, сөйтіп, бұл қонақтан:

— Қайда барасыз?— десе, қонақ оған:

— Біздің бай жиынға кетіп еді. Сол кісінің әйелі босанып еді.

Соған хат беріп еді, апарып бер деп. Соны әкеле жатырмын,— депті.

Сол кезде әйел тұрып:

— Хатын берші, оқып көрейін,— деп хатын алып оқыса, хатта «әйелдің босанды, екі ұл тапты» деп жазыпты. Оның орнына бұл әйел, екі ұл деген сөздің орнына «екі ит тапты» деп, жазып жіберіпті. Ол хатты шабарман алып келіп, жиын болып жатқан үйдің есік алдындағы күзетшіге беріпті. Сыртындағы жазу бойынша, ол хатты байға әкеліп табыс етеді. Бай алып жіберіп оқыса, хатта:

— Әйеліңіз босанды, сүйінші, екі иттің күшігін тапты,— деп жазулы тұр екен.

Бай не болғанын білмей ашуланып, қайтадан жауап жазыпты бұйрық ретінде:

— Қандай жағдаймен болмасын мен барғанда ол әйелдің көзін күртатып болындар!— депті.

Осы хатты шабарман алып ауылына жетеді. Елдері хатты ашып оқыса, хатта әйелдің көзін құрт деп жазыпты. Байдың бұйрығы екі болмаушы еді. Міне, осы бұйрық бойынша әйелдің екі ұлын екі емшегіне байлап беріп, қаңғыртып қоя беріпті. Міне, осымен күн өтті, ай өтті, жыл өтті. Бір күндерде бір жерге келіп, атып жатқан өзеннен шөлдеген соң су ішейін деп еңкейе бергенде балаларды байлаған жібі үзіліп кетіп, екі бала суға түсіп кетіпті. Екі қолы жоқ сорлы әйел шырылдап жаны қалмай қулаңданып, шолақ қолымен суға кеткен екі баланы ұстай алмай, көп қорлық көрді. Сөйтін жүргенде ол бейшараның көз жасына кенеттен қол бітіпті. Сөйтіп екі баланы судан аман алып өйне-өй сенбей, «өтірік пе, шын ба, құдай-ау, өңім бе, түсім бе» деп, баласын емізіп, екі қолын кезек-кезек сипап көп отырады.

Сөйтіп отырып әйел демін алғаннан кейін «қой, енді мен енді күнді жер тауып, бір жұмысқа орналасайын» деп, жүріп кетті. Бір күні бір үлкен қалаға келіп жұмыс іздеп, бір патшаның қол астына асханаға ас жасаушы болып қызметке орналасады. Сөйтіп бірнеше жылдар қызмет етіп тұрады. Екі бала жеті-сегіз жасқа келеді. Сөйтіп жүргенде осы шаһарда үлкен жиын ашылады. Осы жиынға жан-жақтан бай-көпес — бәрі жиылады. Оның ішінде бұл әйелдің күйеуі де келеді және қолын кескен атасы да келіпті. Бәрін сыртынан көреді де, үндемей шаруасын істеп жүре береді. Және екі баланы әбден үйретіп айта беріпті, басынан өткен уақиғаның бәрін. Сөйтіп жиында отырғанда аламдар кешке таман асханаға келіп ас ішін, шарап ішіп дем алып отырып, бір-біріне «әңгіме айтындар» дегенде, манағы асханадағы әйел екі баласын жібере қойыпты, «мен үйреткен әңгімені бастан-аяқ айт» деп. Сөйтіп екі бала халық алдына

келіп: «Ағалар, біз айтайық әңгімені»,— депті. Қызып отырған адамдар: «Айт, айтсын!»— деп, шу ете қалыпты.

Екі бала тұрып: «Біз әңгіме айтамыз, бірақ та ешкім сөзімізді бұзбайтын болсын»,— депті. Сол арада бір адам шығып: «Ешкім сөздерінді бұзбайды, бұзған адамнан жүз сом айып әпереміз»,— деп уәде етеді. Сөйтіп бірінші бала жұрт алдына шығып:

— Бір бай болыпты. Ол байдың бір әйелі, бір қарындасы болыпты. Оның әйелі мен қарындасы екеуі өш болыпты. бір күні бай жиынға кеткенде әйелі өштесіп бар дүниесін бүлдіріп, үй ортасына жиып қойыпты. Бай келгенде, «бұл не» дегенде, қатыны шағыстырып «қарындасың бәрін бүлдірді» депті. Содан ол бай қарындасын арбаға салып айдалаға апарып, орман арасындағы ағаш түбіріне қойып екі қолын шауып тастапты,— дегенде, шешесінің әлгі ағасы шыдай алмай қолын көтеріп: «Олай емес еді»,— дегенде, басшы адам «баланың сөзіп бұздың, әкел жүз сом айып» деп, жүз сом ақша алып беріпті. Енді екінші бала шығып сөйледі:

— Сол әйел сонымен қаңғып бірнеше уақыттар осы иесіз далада өмір өткізеді. Бір күндерде бір байдың бақшасына барып, түнде содан алма теріп жеп, күн көріп жүріпті. Бір күні оны байдың күзетшісі ұстап алып байға алып барса, бай ол әйелді жуындырып-шайындырып қолына жалған қол салып, өзі әйелдікке алыпты. Сөйтіп жүргенде бұл әйел екіқабат болып бала көтеріпті. Ол әйел айы-күніне жетіп отырғанда ол бай жиынға кетіпті. Ол жиынға кеткенде әйелі үйінде босаныпты. Ол егіз ұл тауыпты. Сөйтіп байдан сүйінші сұратуға хат жазып, кісі шаптырып жібереді. Ол кісі жолда келе жатып, бір үйге қоныпты. Сөйтсе, сол үйдін әйелі бұрынғы осы байдың алам деп жүрген әйелі екен. Сол кісінің әкеле жатқан хатын сұрап алып, орнына басқа хат жазып беріпті. Ол хатында «екі еркек бала тапты» деген орнына, «екі иттің күшігін тапты» деп, жазып беріп жіберіпті. Міне, осы хатты ол адам байға әкеліп бергенде бай: «Мен барғанша көзін құртсын»,— деп қайтадан хат жазыпты. Міне, байдың осы хаты бойынша әйелдің екі баласын екі емшегіне таңып қаңғыртып жіберіпті. Сондағы тапқан екі баласы, міне, мына екеуміз,— дегенде, бай: «Менде бір сөз»,— депті. Сонда басшы адам: «Баланың сөзіп бұздың»,— деп, одан жүз сом алып балаға беріп, «енді шешенді шақырып кел» депті. Сөйтіп, екі бала шешесін ертіп әкеледі. Шешесі халық алдында бар болған уақиғаны, басынан кешкенді — бәрін айтып, «екі баланың айтқан сөзі бәрі рас, сондағы менін қолымды шапқан бауырым анау отырған, сондағы мені мына екі баламен қаңғыртып жіберген күйеуім анау отырған» деп, бәрін-бәрін көрсетіп бөріпті. Міне, осы арадан бастап сол көпшілік

жиналып, би ағасын сайлауда орнынан алып, жәй шаруа етіп жіберіпті.

Ал енді күйеуі әлгі хатты өзгертіп жазған әйелді алған екен. Оны қаңғыртып жіберіп, екі баласымен өз әйеліне қайта қосылыпты. Міне, енді бұлар баяғы қызық дәуіріне қайта түсіп, гүмыр сүріп жата берсін.

Енді алғашқы қастық істеген аға-жеңгесіне келейік. Ағасының бұрынғы дәуірі жоқ, бір шаһарда кедей болып отын арқалап сатып күн көріп жүреді. Күнде бір арқа отын әкеліп сатып жиырма-отыз тиын алса, оны «ұстап қоясын» деп, әйелі қағып алып отырады екен. Бір күндер болғанда ашуланып отынды аз ғана алып келіп, он тиынға сатып әкелсе, әйелі: «Сен бүгін ақшаны неге аз әкелдің, күнде көп әкелуші едің. Сені сорып жүрген бір сорғыш бар ғой»,— деп, ертесіне отынға барған жеріне әйелі қоса келіп, айқай салып, «сені сорып жүрген албасты кайда» деп, ары-бері жүгіріп жүрсе, беті шөппен жабылған бір құдық жатушы еді, өлгінің қасына барғанда байы әйеліне: «Ті, тауу жатқан құдыққа түсіп кетесің ғой, байқа!»— десе қатып: «А, сен сорғыш албастың осы екен ғой, ә?»— деп барып шөңгі бас салса, салдыр-күлдір құдыққа түседі де кетеді. Кедей жүгіріп келіп караса, түбі жоқ құдық екен. Ішінен бір пері шығып шығады. Сөйтсе, әлгі әйел құдықтың түбіне барғанда перінің үстіне түсіпті. Пері шошып бұлк ете қалса: «Менің балымаң сорып жүрген сен екенсің ғой»,— деп жатқан періні күте бастапты. Сонан пері шошып, жер бетіне қарғып шығып, құдыққа қарап тұрған кедейді көріп: «Сен не істеп тұрсың?»— десе, кедей: «Менің әйелім түсіп кетті, соңынан қарап тұрмын»,— дейді.

Сол кезде пері: «Әйелің долы ма еді?»— десе, ол: «Иә, долы еді»,— депті. Пері: «Ол ондай болса, әйелінді таста, мен саған әйел тауып берем»,— деп, кедейді азғырып алып кетеді. Сөйтіп, бұл кедей періні жақтап, пері болып кетеді де, жалақор әйелі құдыққа түсіп өліпті.

СҮЛЕЙМЕН МЕН ДИҚАНШЫ



аяғы өткен уақытта, халық дінге бағынған заманда Сүлеймен пайғамбардың уақтысында әлемдегі барлық хайуандар, өсімдік, өзен, тау... тіршіліктегі барлық заттың бәрі Сүлеймен пайғамбарға бағынған екен. Барлық жан-жануарлардың патшалары жыл сайын пайғамбарға келіп, есеп беріп, үлкен жиын құрады екен.

Сол Сүлейменнің уактысында бір адам жасаған екен. Ол өте керемет диқаншы болған екен. Жыл сайын еккен егіндері өте бітік шығып, әлемді қызықтырып, жанына өткен жанды еріксіз өзіне тартады. Сол диқаншының еккен егінін көруге жыл сайын көптеген періштелер жиналып тұрады екен де, оңтүстіктен Сүлеймен пайғамбарға жиналысқа келе жатқан құс патшалары періштелердің арасынан әрең өтіп, жылда жиыннан екі-үш күн кешігіп келеді екен.

Тағы да жиынға келе жатқан құс патшалары диқаншының еккен егінін көруге келген періштелердің арасынан үш күнде әрең өтіп, тағы кешігіп келеді. «Бұл қалай болды екен» деп, ойлайды олар. «Білейікші осы диқаншыны. Диқан еккенде Сүлеймен пайғамбарды ауызға бір алар ма екен өзі. Осыны пайғамбардан сұрап білейікші».

Бұрынғыдай он шақты күнге созылған үлкен жиналыс болады. Жиналыста әр патша өзінің жұмыстары жайында есептерін береді. Барлық патшалықтар сөйлеп болғаннан кейін қорытынды сөзді пайғамбар сөйлейді. Пайғамбар сөйлеп болғаннан кейін жанағы құс патшалары Сүлейменге сұрақ қояды.

— Таксыр, әлемнің патшасы, рұқсат етсеніз сізден бір сұрақ сұрағалы отырмын.

— Айта ғой, сұңқарым, сұра сұрағынды.

— Таксыр, осы жолда бір диқаншы бар. Оның еккен диқаны өте бітік шығып, жылда сол бітік егінді көруге түкпір-түкпірден барлық періштелер жиналып, жиналған періштенің көптігі сондай, арасынан біз екі-үш күнде әрең өтіп, жиыннан ылғи кешігіп келеміз. Сізден сұрайтын сұрағым: «Сол диқан жылда егін еккенде және оны ысырапсыз таза жинап алғанда сізді аузына бір рет алар ма екен? Менің ең білгімнің келетіні осы, таксыр».

— Сұңқарым, бұл сұрағыңның анығын біліп, келесі жылғы жиналыста айтып берейін,— деп, пайғамбар барлық патшаларды таратып жіберіп, өзі диқаншыны іздеуге шығады. Желге өзін сол диқаншыға апарып тастауын бұйырады. Жел айтқанын екі етпей көзді ашып-жұмғанша пайғамбарды диқаншыға алып-жетіп келеді.

Диқаншы Сүлейменді танып, келіп сәлем береді. Пайғамбар сәлемін алып, өзінің диқаншы еккен таңғаларлық мол диқанды көруге келгенін айтады. Диқаншы оны қуанышпен қарсы алып, орылып-басылған бидайларын, онан соң әлі орылып бітпеген кісі бойы қалың бидайын көрсетеді.

Сүлеймен пайғамбар диқаншының еткен еңбегіне разы болып, енді бұл диқаншының өзін аузына алатынын, әлде алмайтынын білгісі келіп: «Сіз өте еңбекшіл, қарапайым,

агерлі, ақылды, өнерпаз адам көрінесіз, еккен диқаныңыз өте бітік шығып, көруге әлемдегі жанды нәрселер мен періштелер еріксіз жиналады. Менің білгімнің келгені, сіз дәнді алғанда не деп аласыз?»— депті.

— «Бисмилда» деп себемін. «Қара қазан, сары баланың қамы үшін бере көр, табиғат» деп, еңбегіммен аламын,— дейді, диқаншы Сүлейменді аузына алмайды...

Бұған ашуланған Сүлеймен бидай, жер, суға: «Бидай, сен ендігі жылы өнбе, ал жер, сен қанша бидай сепсе де өндірме, ал су, қырық кез төмен түс»,— деп әмір береді.

Диқаншы мұны біледі. Біледі де даярлықты күшейте бастайды. Күш-көлікті, құрал саймандарды күзден сайлап, көктемге дейін бәрін де сай ғып қояды.

Күткен көктем де туады. Диқаншы еңбек етуге кірісе бастайды. Себетін бидайды жеті күн ұдай судан шығармай бөктіріп, бір айдаған жерін шаршылай жеті рет айдап, жеті рет тырмалап бидайды себеді.

Біраз күн өткеннен кейін егін бұрынғы жылғыға қарағанда он есе артық боп бітік шығады.

Ендігі суаратын кез келеді. Суға келсе, су өз деңгейінен қырық кез төмен түсіп кеткен. Диқаншы жүгіріп Сүлеймен пайғамбардың әкесі Дәуіт пайғамбарға кеп, не істейтінін білуге ақыл сұрайды. Дәуіт пайғамбар оған ара, балта беріп: «Сол өзеннің жоғарғы басында бір жырада көктеген үлкен түп ағаш бар. Соны кесіп, көмір ғып жағып алып кел»,— дейді.

Диқаншы ара мен балтаны алып, айтқан ағашын тауып алады. Ағаш көлемді, үлкен әдемі ағаш екен. Кесуге де қимайды, бірақ кеспеске де болмайды. Ақыры ағашты кесіп, жағып одан тоғыз қап көмір алады. Тырмыштап жаяу арқалап құдықтың басына жеткізеді де, Дәуіт пайғамбарға қайта барады. Дәуіт тәтті, балғаны, көрікті қосып арқалатып, суға келіп, бір жерінен шығыр орнатады. Оған қырық шелекті қатарынан салып шығырды айналдыра бастайды. Мұндай күшке шыдай алмаған су аспанға шапшып, барлық суландыратын сол аймаққа тарайды.

Суарылып суға қанған егін бұрынғысынан да жақсы көтеріліп былтырғы жылына қарағанда он қиса артық боп шығады.

Енді оған көруге жиналған періште былтырғыдан он қиса артық жиналады. Бүкіл сол аланды періштелердің жиыны басады. Бұрынғы әдетінше құс патшалары тағы уақытынан кеш қалып келеді. Сүлеймен пайғамбар жиналысын бітірген соң, құс патшасының бірі тағы да былтырғыдай: «Тақсыр, осы былтырғы айтқан диқаншым сізді аузына алар ма екен? Биылғы еккен егіні былтырғыға қарағанда он қиса артық бітік шықты, оған

жиналған періште он қиса көп болды. Солардың көпшілігінен әрең өтіп, биыл бұрынғыдан да көп уақыт кешігіп келдік»,— деп сұрайды.

Бұл сөзге іштей ашуланған Сүлеймен: «Мұны мен осы жолы біліп келейін»,— дейді.

Желге мініп ашуланып келген Сүлеймен, тұқымға: «Сен неге менің бұйрығымды орындамадың. Менің шықпа дегенім қайда?»— деп ашулана сұрайды.

— Тақсыр, мен орындамайын дедім бе, жеті күн суға салып тұншықтырып есімді тандырды,— дейді тұқым.

— Ал сен неге өндіріп шығарасың?— деп жерге ақырады.

— Тақсыр, менің өндірмесіме қойды ма, жеті рет жыртып, жеті рет тырмалап әбден есімді тандырды. Су ішіп қазір ғана есімді жиып тұрмын,— дейді жер.

— Су, мен саған жер бетіне шықпай қырық кез төмен түсіп кет дегенім қайда? Неге орындамайсың?

— Тақсыр, мен сіздің айтқаныңызды орындадым. Қырық кез төмен түсіп те кеттім. Бірақ оған Дәуіт қойған жоқ, еріксіз аспанға шығарды...

Бұдан еш нәрсе шықпайтынын көріп, еңбектің түбі нені де болса жеңетінін білген Сүлеймен: «Еңбек қылған алсын» деп, жүріп кетіпті.

БАҚТЫБАЙ БИ



ртеде өз еңбегімен күн кешірген бір кедей шал болыпты. Шал өмірінде бір шыр еткен көрмепті. Бар тілегі бір бала екен. Шалдың кәсібі отыншылық екен. Отын алғалы сайға кетіп бара жатса, жолдың шетіндегі бір топ шидің түбінде ораулы жатқан бір затты көріпті. Алып қараса, жаңа туылған нәресте бала екен. Шал қолына алысымен бала шырылдап жылай бастапты. «Кұдайдың бергені» деп, шалдың қуанғаны соншалық, отын алмастан баланы қойнына салып алып үйіне қайтыпты. Өмірі бала көрмеген шалдың кемпірі де жүрегі жарыла қуаныпты. Үйіне келген соң маңайдағы көршілерін шақырып той жасапты. Шал баласының бақытты болуын тілеп, оның атын «Бақтыбай» деп қойыпты. Күн өтіпті, ай өтіпті, жылдар өтіпті. Бақтыбай есейе бастапты, әкесі Бақтыбайды оқуға беріпті. Бала өте зерек, алғыр болып өсіпті. Өзі тұстас балалардан ақылы анағұрлым артық болыпты. Басқа балалар бір-бірімен төбелесіп шатақ шығарса, Бақтыбай үнемі

оларға арашашы болып, ақылын айтып жүретін болыпты. Сондықтан балалар оны өздеріне «би» сайлап алыпты. Бақтыбай «би» болған күнінен бастап балалар арасындағы ұрыс-жанжал түгенгі. Балалар араларында болған әр қандай істі бітіруге Бақтыбайдың алдына жүгініске келетін болыпты.

Өз елінің биінің жалғыз ұлы бар екен, ол келіншегін төркіндетіп келе жатса, бұларға жолдан бір сайтан келіп қосылып алыпты. Әлден уақытта келіншек байқап қараса, күйеуі екеу болып қалыпты. Бір-бірінен титтей де айырмасы жоқ. Келіншек қайсысы өзінің күйеуі екенін айыра алмапты. Сол жағындағысын «өз күйеуім» дейін десе, он жағындағысы да өз күйеуі сияқты. Оң жағындағысын «өз күйеуім» дейін десе, сол жағындағысы да өз күйеуі сияқты. Сөйтіп, келіншек қайсысысын «өз күйеуім» дерін біле алмай, екі жағына қалтақ-жалтақ қараумен жүре беріпті. Ал өңі-түсі айырғысыз би ұлы мен сайтан жол-жөнекей келіншекке таласып керісумен болыпты. Екеуі де «келіншек менікі» деп, өзіне қарай бейімдеп, келіншектің атының шаужайына жармасыпты. Сөйтіп, би ұлы мен сайтан келіншекке таласып әбден төбелесінті. Бидің ұлы өзінің сүйген әйелінен айрылмауға мықты кірісінті. Сайтан да оған көрінбегені. Осылайша дау-таласпен сол үшеуі бидің үйіне барыпты. Бидің баласы аттан түсе салысымен жүгірген күйі әкесіне барып:

— Әке, қайын жұртыма барып қайттым, бірақ жолда мына бір адам бізге жабысып алып, әйелімді «менікі» деп, таласып болмайды. Өзің айырмасаң менде шама жоқ,— депті. Бұның артынан іле-шала баяғы сайтан келіп:

— Әке, қайын жұртыма барып қайттым. Бірақ мына біреу неме менің әйеліме жабысып таласып болмай жүр, бұны өзін айырып бермесең, менде айырарлық шама жоқ,— депті. Сонда келіншек:

— Ата, мен де айыра алмадым, қайсысы сіздің балаңыз екенін. Бұл екеуі жолда осында жеткенше дауласып-төбелесіп келді,— депті.

Би қанша бағдарлап қараса да, қайсысы өзінің жалғыз ұлы екенін айыра алмапты. Бидің әйелі де қайсысы омырау сүтін берген өз баласы екенін білмепті. Сөйтіп, әке-шешесі баласының әрқандай белгілерін қарастырса да ұқсас болыпты. Үшқандай нәтиже шығара алмапты. Бұлар ақылы таусылып амал таппаған соң, ақырында көрші елдегі бір білгішке барып сыпаттап болып, өзі, әйелі, баласы, келіні және сайтан болып бесеуі білгішке қарай аттаныпты. Бидің ұлы мен сайтан тыныш жүрмей жол-жөнекей керілмесін отырыпты. Бұлар ұзақ жол жүріпті. Бір ауылдан өте бергенде үлкен орманды сайда ойнап жүрген бір топ балаға кезігіпті. Жолаушылардың дауласып бара

жатқанына таныркаған балалар жиналып бұларды тоқтатып алыпты.

— Сіздер неге дауласып келесіздер, егер сіздер шеше алмаған іс болса, біз сұрап бітіріп қояйық,— депті балалар. Даулылар «бұлардың қолынан не келеді» деп, менсінбей жүріп кетіпті. Сонда балалар тағы да: «Біздің ақылды да әділ биіміз бар, бітпеген қандай жұмыс, дау болса да оның билік айтуға ақылы жетеді»,— депті.

— Басқаның қолынан келмеген жұмысты бұлар қайдан бітірсін,— деп тағы да кекетіп, сайды өрлей жүріп кетіпті бұлар.

— Біздің сондай-ақ ақылды да әділ биімізді неге көзге ілмейді. Бұларға көресісін көрсетейік,— деп барлық бала жабыла сайдың тасымен атқылап, әлгі бесеуін жүргізбей қойыпты. Жүруге жол таппай бөгелген би бастаған бес жолаушы лажсыздан балалардың биінің алдына барып жүгініпті. Балаларға болған оқиғаны баяндап беріпті.

— Ей, екі жігіт, екеуің қазір жалаңаштанып шешініндер, шешініп болған соң анау төбедең бері қарай жарысасыңдар, озып кеткенің мына құмыраның ішіне кіресің де, артта қалғаныңды өлтіремін. Келіншек озып келгендікі болмақ,— депті Бақтыбай.

Бақтыбай балаларға бұйрық ретінде: «Сендер сөреден көмбеге дейін екі жаққа қаз қатар тізіліп тұрындар, артта қалғанды ұстап алындар»,— депті. Бұл билікті естігенде, би де, бәйбіше де, келіншек те зәре-құты қалмай ұшыпты. «Арты не болар екен» деп күтіпті. Сонымен жарыс басталыпты. Бір кезде екі жігіттің біреуі озып келіпті де, Бақтыбай әзірлеп қойған құмыраның ішіне еніп кетіпті. Бақтыбай жалма-жан құмыраның аузын тығындап алыпты. Ал артта қалған жігітті өлтірмеуге балаларға бұйрық беріпті. Бұны естіген балалар:

— Бақтыбай би, сен бүгінге дейін екі ұшты билік айтпаған едің, мынауың қалай, мұны әлгінде өлтір демеп пе едің, енді өлтірмендер деуіңнің мәнісін айтшы,— деп, жан-жақтан сұрақ қоя бастапты. Сонда Бақтыбай би асықтастан тұрып былай деп жауап қайырыпты.

— Мына құмыраға кірген адам емес, сайтан. Ал мына артта қалған жігіт нағыз адамзат, әйелдің жұбайы осы. Мен бұл екеуінің қайсысы адамзат, қайсысы сайтан екенін айыру үшін осы амалды қолдандым. Шындығында мына құмыраның ішіне адамзат симайды,— депті. Бұған балалар әбден риза болыпты. Құмыраны балалардың алдында үлкен от жағып өртеп тастапты. Сөйтіп, әлгі жігітті сайтанның пәлесінен осылайша құтқарып, келіншегін қосып қойыпты. Бұны көрген би қуанышы қойнына

симапты. Бақтыбайға көп алғыс айтып, елін шақырып той жасапты.

— Қашан да елді ақылды адам сұрауы керек. Бүгіннен бастап осы елдің биі Бақтыбай,— деп өз аузынан жариялапты. «Қой асығы деме, қолыңа жакса сақа қой» деген мақал осыдан қалыпты.

ХАННЫҢ ҚОЙШЫСЫ



ткен заманда бір ханның қойшысы болған екен. Қойшының жалғыз баласы болған екен. Әлгі бала бір күні батып қас қарайғанда үйіне келе жатса, екі ай көреді. Біреуіне бала: «Қалай барамын?»— деп көңілі ауады. Сол жерде жылап жатып қалады. Әкесі іздеп келіп, баласын тауып алып, үйіне әкетеді. Үйіне барған соң бала:

— Мен келе жатып екі ай көріп едім, соның біреуіне мен тапшық болдым,— деп әкесіне айтады.

Әкесі:

— Ол патшаның қызының сәулесі, біреуі кәдімгі ай,— дейді.

— Олай болса, сол ханның қызын алайын,— деп, әкесіне бірнеше күн тыныштық бермейді. Бір күні әкесі:

— Мақұл, барсам барайын, құлаққа тыныштық бермедің ғой,— деп, таңертең күн шықпастан ханның сарайына барып, екі күндіз есігінің алдын сыпырып кетеді. Хан:

— Есіктің алдын кім сыпырып кетіп жүр?— деп қарауылдарынан сұрайды.— Енді келсе, маған ұстап әкеліндер,— дейді. Қарауылдар үшіншіде қойшыны ханға ұстап алып барады. Хан:

— Не мүдден бар?— дейді. Қойшы:

— Менің балам мен сіздің қызыңызды қоссақ деймін,— дейді.

Хан:

— Жоқ, балаң өнер үйренін келсе беремін,— деп қайтарып жібереді. Шал үйіне келіп, баласына әлгі сөзді айтады. Бала:

— Олай болса, бұл жерде тұрмай-ақ өнер іздейік,— деп әкесін ертіп жол жүріп кетеді. Бірнеше күн өткен соң жалғыз өнерлі адамға жолығады. Келсе, бір қолын қазан, бір аяғын ошақ, екінші аяғын қасық істеп қуырдақ қуырып отыр екен. Әлгі адамға «баланы біраз уақыт өнерге үйрет» дейді.

Өнерлі адам:

— Баланды мен анау тұрған үйге апарамын, сонда қызым бар, сол жейді. Ертең келіп үйдің терезесінен баланның сүйегін алып кет,— деп қойшыны қайтарып жібереді. Содан кейін баланы

үйіне апарады. Барса, күн мен айдай бір сұлу қыз отыр. Қыз баланы жақсы көреді. Өнер үйретеді. Ертеңіне әкесі келіп орамалға түюлі тұрған сүйекті әкетеді. Бірнеше айдан кейін бала бір күні қамығып отырады. Қыз балаға келіп:

— Не ойланып отырсың?— деп сұрайды.

Бала:

— Лұқсат берсеніз мен әкеме барып келсем,— деп сұраныпты.

— Мақұл, барып кел,— деп лұқсат беріпті.

Содан кейін бір дұға оқып, терезеден кептер болып бала ұшып, әкесіне барады. Барса, әкесі екі көзі көр болып, топыраққа аунап жылап жатыр екен. Қанатымен әкесінің көзін сипап жіберсе, көзі жазылып баласымен амандасып, көрісіп, жыласып мауқын басады. Баласы әкесіне айтады:

— Ертең базар, мен жақсы сұлу ат болайын, сонда шылбырымды сатпа, өзімді қанша ақшаға сатсаң мейлі,— дейді. Ертеңгі күні бала ат болады. Әкесі базарға алып барады. Барса, бір патша ат тандап жүр екен. Әлгі балаға кез келіп, саудаласып соны сатып алады. Шылбырын сатпайды. Шал үйіне каражат алып барады. Патша үйіне мініп барады. Түнде қарауылдарының қолынан бір дұға оқып, бала қашып үйіне барады. Ендігі базарда қошқар болады. Әкесі жетектеп базарға барады. Барса, біреу қошқар соғыстырып жүр екен. Сонымен соғыстырады. Әлгі қошқарды женеді. Қошқардың иесі мынаны сатып алады. Үйіне апарған соң түнде дұға оқып қашып кетеді. Үшіншіде түйе болады. Баланың осындай істеп жүргенін өнерші біліп қалады. Базарға барып бір уыс жапырақты алып, дұғамен ақша қылады да, түйені саудаласады. «Пәлен ақша берейін бұйдасымен бер» деп, ақыры қоймастан бұйдасымен сатып алады. Қойшы үйіне келе жатса, екі кісі күмар ойнап жатыр екен. Оған ақшасын ұтқызып, үйіне ыза болып келеді. Өнерлі кісі түйеге айтады:

— Сен мені бүгін күн батпастан үйіме жеткізесің, жеткізбесең басыңды аламын,— дейді. Түйе қатты желіп отырып үйіне апарады. Үйіне барған соң түйені шөгеріп:

— Қызым, пышақты әкел, мынаны сояйын,— дейді. Қыз бала екенін біледі де, пышақты құдыққа тастайды: «Пышақ жоқ»,— дейді. «Жоқ болса балтаны, қылышты әкел»,— дейді өнерші. Темір нәрсенің бәрін қыз құдыққа тастайды.

— Қылыш жоқ.

— Жоқ болса мына түйені ұста, мен өзім барып тауып әкелейін,— деп ашуланып, қызға түйені ұстатып өзі барады. Қыз балаға:

— Сен «буу» деп, мен ойбай деп қорқып қашып кетейін,— дейді. Бала «буу» деп, құдыққа құрбақа болып түсін кетеді.

Өнерлі жылан болып түседі. Бала құдықтан кептер болып қашады. Өнерлі қаршыға болып қуады.

Хан бір күні уәзірлерімен бауда тамаша етіп жүрсе, бір қаршыға кептерді қуып келе жатыр екен. Кептер ханның мандайына әдемі гүл болып қонады. Құғыншы жыршы болып ханды өте мақтайды. Содан кейін мақтап отырып, гүлін сұрайды. Мандайынан алып караса, сұлу, иісі жақсы, хан бергісі келмейді, орнына жапсырады. Тағы да мақтайды. Бермеске болмаған соң гүлді «мә» деп бере бергенде, тары болып шашылады. Жыршы тауық болып жеп қояды. Бір тары кебістің астында қалған екен, мысық болып тауықты жеп қояды. Содан кейін бала болып, ханға айтады:

— Таксыр, мен осындай өнер үйрендім, енді не дейсіз? Хан: «Өнеріңе болайын, жарайсың!»— деп, қырық күн ойын, отыз күн тойын беріп, өзінің орнына баланы хан қояды да, қызын береді.

ШАМШИТ



рте заманда бір Шамшит деген патша болады. Бұл кісі халқына түзу, қара қылды қақ жаратын әділ болады. Және бір жомарт екен. Осынын жомарттығын білгесін Қалқанбай атты бір кісі келеді де:

— Шәмшит, сен шын жомарт болсаң маған үш күнге патшалық тағынды бер!— дейді.

«...Үш күннен соң өзіңе қайтып беремін»,— дейді. Сосын «жарайды» деп, үш күнге Шамшит патша патшалық тағын береді. Қалқанбай патшалық такты алғасын қазынаның ен дүниесінен халыққа дүние, мал беріп өзіне қаратып алып, өзін патша қылып сайлатады. Үш күннің ішінде өзі патша болғансын Шамшит патшаға: «Енді сен бұл патшаның ішінде тұра алмайсың, өзін басқа жерге кет!»— деп жарлық береді.— Кетпесең басынды аламын»,— деген соң, жаяу қатын-баласын алып, кішкене арба сүйретіп жөнеліп кете барады. Күндердің күні болғанда елсіз даламен жүре-жүре бір жалғыз ағаштың жанына келіп, бақырға шай құйып ішіп отырса, жанына бір керуен келіп түседі. Олардың жастары ас қылып ішу үшін бұлардан келіп от алып кетеді. Барған соң жастары айтады:

— Шіркін-ай, анау ағаштың түбінде отырған қайыршы кісінің әйелі бір көркем екен. Керуен басшысы, сізге лайық кісі екен. Сіз алсаңыз кайтеді?— деп.

Керуен басшысы айтады:

— Сендер әкеліп берсендер, мен алайын,— дейді. Барды да ылғи желбас бозбалалар Шамшитті байлап тастап, қатынды тартып алып кете барады. Керуен саулап кетіп, Шамшит баласына қолын шештіріп, үшеуі зарлап жылап керуеннің соңынан жүгіріп-жүгіріп қарасы үзіліп кеткесін өз күндерін көрмекке жүре береді. Жүре-жүре келе жатса, жанындағы екі еркек баласының біреуі екі жаста, біреуі бір жаста екен, күн ыстық, шілденің уақты екен, әбден шаршайды. Бір өзенді жағалап келе жатса, кіші баласы «шөлледім» деп, су сұрайды. Шамшит үлкен баласын жардың жиегіне қойып, кіші баласына судың жиегіне апарып су береді. Су беріп жатқанда жардың басында тұрған үлкен баласын бір қасқыр қолынан тістеп иығына салып ала жөнеледі. Шамшит су беріп жатқан баласын тастай беріп, айтақтап қасқырды тұра қуады. Қасқыр жеткізе ме, баласын алып кете барады. Қасқырдың қарасы үзілгесін енді судың жиегіндегі баласына қарай жүгіреді. Бұл баласы жалғыз қалғасын қорқып, қалбалақтап жүгірем деп, ағып жатқан бұлаққа барып күп беріп түсіп кетіп, суға кете барады. Шамшит патша екі баласынан айрылып, есінен адасып, ақылы ауып құлап, біраз заман өзеннің маңайында жүріп, өлгеннің соңынан өлмек бар ма, өз күнін көрмекке қайыр сұрап, елді аралап кете барады. Содан он алты жыл өтеді. Бір күндері Шамшит бір шаһарға келсе, мұнда үлкен жиын, мәжіліс бар екен. Шетінде бір үйден: «Анау көрінген жиын немене?»— деп сұрайды. Ол үй айтады:

— Бұл шаһардың патшасы өліп, соның орнына патша сайлайын деп жатыр,— дейді.

Шамшит:

— Қалай сайлайды екен?— дейді.

Ол үй айтады:

— Мұнда бір дәулет құс деген құс бар. Сол құсты ұшырады. Сол құс кімнің басына қонса, соны патша сайлайды — дейді. Шамшит сол үйден шығып жаяу кетіп бара жатса, бір құс келіп басына қонады. Құстың соңынан екі кісі келіп:

— Онбаған қайыршыға қонды,— деп, Шамшитті ұрып, құсты алып көпшілікке барады. Барған соң көпшілік екі кісіден құстың кімнің басына қонғандығын сұрайды. Ол екеуі:

— Бір онбаған қайыршының басына қонды,— деп жауап береді. «Біз оны әкелгеміз жоқ,— дейді.— Өз күнін көре алмай жүрген кісі патша бола ма?»— дейді. Көпшілік: «Ол дұрыс емес, ол пенденің айтқанымен жүретін құс емес. Ол бірдемені біледі. Екінші рет құсты ұшыр, барып қонса, алып кел»,— дейді.

Сонымен құсты қайта ұшырып жібергенде тағы барып Шамшиттің басына қонады. Шамшит басына қондырмай, «тағы

ұрады екен» деп, жоғары қарай қолын ербендетіп жүгірсе де, құс болмай басына қонады. Сол жерде әлгі кісілер:

— Енді ұрмаймыз!— деп, ақыл айтып Шамшитті көпшілікке алып келіп береді. Келген соң көпшілік Шамшиттің жөнін сұрап біледі. Шамшит басынан кешкен уақиғаны бастан-аяқ айтады. Сонан соң көпшілік Шамшитті патша қылып сайлайды. Шамшит патша болған соң бұрынғы өніне келмесе де, едәуір жиналып ақылына келіпті. Сөйтіп әділ патша болып тұрғанда біраз уақыттан кейін Шамшитті басқа бір патша қонаққа шақырады. Сонан бұл қонаққа барып жатады. Шамшитті шақырған патшаның аты Құсниден екен. Құсниден патша он алты-он сегіздердегі жастардан әскер жинайды екен. Есігінің алдында бір үлкен күйме тұрады. Мұның аузына құлып салып қойған. Осы күймені күнде-күнде екі әскер күзетіп тұрады. Бұл күйменің ішіндегі Шамшит патшаның қатынын алғашқыда алып кеткен керуен басшысы осы Құсниден патша екен. Қатынды алып келген соң жөнін сұраса, өзі Шамшит патшаға өкіл болып шығып, жақын кісі болғасын қатынды өзіне берейін деп, күймеге салып адамға көрсетпей сақтаған екен. Осы екі әскер күзетіп отырған күймесінің ішінде Шамшиттің қатыны отырады екен. Шамшит патша мұны білмейді, түнде үйде ұйықтап жатыр еді, күймені күзетіп тұрған екі әскер ұйықтамай тұру үшін бірінен-бірі әңгіме сұрайды. Сонда он жетідегі үлкен әскер: «Мен саған бір әңгіме айтайын»,— дейді. Жанындағы әскер: «Ал, айтшы»,— дейді.

— Мен Шамшит деген кісінің баласы екем. Ол бір өзенде кіші баласына су берем деп, мені жардың астына қойып кеткен жерінен мені қасқыр алып кетіпті. Пәленше байдың үйінің жанынан өткенде оның қасқыр алатын бір иті бар екен, сол ит мені қасқырдың аузынан алып қалыпты. Содан сол бай мені асырап алып, адам қылған екен. Бір ашуланғанда: «Сен оңбаған, Шамшиттің баласысың!»— дейтін еді. Бұл әңгімені күйменің ішіндегі шешесі тындап отырады. Енді сөз кіші он алтыдағысына берілді. Бұл айтады:

— Ойбай-ай, мен де Шамшиттің баласы екем. Сені қасқыр алып кеткенде, мен суға кеткен екем. Содан мен сумен ағып бара жатқанда су диірменінің басына ілініп, соны жүргізіп тұрған шал ұстап алып тірілтіп, адам қылып мені асырап алған екен,— дейді. Сонда екеуі де сырларын сөйлеп бергенде, күйменің ішінде отырған шешесі:

— Қайран құлыным, сендерді де көретін күн бар екен-ау!— деп айқай салғанда, екеуі күймені бұзып жіберіп, ішінен шешесін суырып алады. Үшеуі табысып жылап, еңіреп мауқын басып, шешесі күйменің жанына төсек салып, екі баласын екі

жағына алып жатып қалады. Құсниден патша ерте намазға тұрса, күйме тас-талқан. Қатынның жанында екі әскер жатыр екен. Ханның ойына шүбә келеді. Екі әскерді өлтірмекші болады. Басқа бір жендетке:

— Бар да ана қатынның жанында жатқан екі әскерді өлтір, — деп бұйрық береді. Әлгі жендет барады да, біреуінің қолының үстінен қылышпен шауып кеп қалады. Бала шырылдап ұшып түрегеледі. Бұлардың дауысымен төр үйде ұйықтап жатқан Шамшит оянып, далаға жүгіріп шыкса, баяғы екі баласы мен қатыны есікгің алдында тұр екен. Жүгіріп келіп төртеуі шуласып, жыласып көріседі. Сол жерде барып табысқан екен. Содан қатын-баласын алып, Құсниденді өзінің шаһарына ертіп барып, бірнеше күн той қылып, сонда барып Шамшит патша бұрынғы өңіне келген екен. Мұның артынан Құсниден патшамен ақылдасып, екеуі әскер жинап, бұрынғы өзін қуып жіберген сұмға барып, еліне кісі жіберіп: «Соғыса ма, жоқ болмаса, мені қуған сұмды біздің қолымызға бере ме?» — деп жәр салады. Бұл хабар барғасын елі сұмды ұстап береді. Сол жерде Шамшит үлкен баласын шаһарға патша қойып, сұмды өлтірмей жаяу айдап қоя беріп, еліне келіп осымен аман-есен мұратына жеткен екен.

ТӨЛЕГЕН МЕН НАЗИПА



ұрынғы өткен заманда бір кемпір мен шал болыпты. Шалдың жасы жетпісте екен. Кемпірдің жасы алпыста екен. Кемпір жүріп-жүріп бірнеше жылда бір бала табады. Ол баласының атын Төлеген қояды. Ол баласы он жасқа келгенде жылқы бағады. Жылқы бағып жүргенде бір қыз келіп аян береді.

«Мен жеті қабат жердің астындамын, маған бармасаң менің атым Назипа. Менің атымды Назипа-Назипа деп, аузыңнан тас-тама», — деп айтып-айтып кетіп қалады. Сонан соң Төлеген далада жүрсе де, үйде жүрсе де Назипа-Назипа деп аузынан тастамайды. Сонан соң әкесі әдейілеп баласынан бір күні сұрайды:

— Сенің Назипаң не? Шырағым, маған айтшы. Не десен соны қылайын, — дейді. Әкесі бүйдеген соң, әкесіне қарап:

— Әке, менің айтқанымды қылатын болсаң менің Назипа деп жүретінім мынау еді — анау күні жылқы бағып жүргенімде бір тастын тұсында қисайып отыра кетсем, көзім ілініп кеткен екен, сонда бір қыз келіп түсімде аяң беріп кетті, — дейді. Сонда әкесі:

— Не деп аян беріп кетті?— дейді.

Сонда Төлеген тұрып әкесіне:

— Мен жеті қабат жердің астындамын, маған бар. Менің атым Назипа. Егер маған бара алмайтын болсаң менің атымды Назипа-Назипа деп аузыңнан тастама деп еді. Бәлкі, менің айтқанымды қылатын болсаң, мен сол қызға барамын, бата беріңіздер,— дейді.

Әкесі:

— Қой, балам, барма. Жолда жезтырнақ, у жылан, тау тайлак дегендер болады. Жүдә жаман болады. Жезтырнақ қолымен бір салса, қырқылып қаласын. Тау тайлак болатын болса, жеп жібереді. У жыланның уы тиін кетсе, улап өлтіреді,— дейді.

Содан баласы оған көнбей жылқысына бір жүгенді алып кетеді. Жылқысына барып жүгенін сылдыратса, бір жаман алма-жұлма қотыр тай шауып келеді. Сонсын Төлеген:

— Назипаға сені мініп барушы ма ем?— деп әлгі жаман қотыр тайды жүгенмен ұрып жібереді. Төлеген тағы тұрып жүгенін сылдыратса, әлгі қотыр тай тағы шауып келеді. Әлгі ұрғаны ұрғаны ма, одан да жаман қылып жүгенмен жаман сабайды да, қоя береді. Тағы сылдыратса, тағы әлгі қотыр тай шауып келеді. Сонсын Төлеген «осы жаман тай да бір нәрсені біліп жүрген шығар» деп, жүгендеп алып үйіне апарып ерттегенше-ақ адам қызығарлық бір сұлу тұлпар болады. Сонсын Төлеген ел-жұртын жинап алып:

— Қанеки, мен жеті қабат жердің астындағы Назипа дейтін қызға барайын деп жатырмын. Маған баталарыңызды беріңіздер!— дейді. Сонда ел-жұрты:

— Құдай пешененді ашсын!— деп батасын береді. Сонсын Төлеген әке-шешесінен бата сұрайды. Әке-шешесі батасын бергісі келмейді. Сонда Төлеген тұрып, шешесіне қарап:

— Енді сіздер баталарыңызды берсеңіздер де, бермесеніздер де кетемін,— дейді. Сонсын әке-шешесі теріс батасын береді. Сол арадағы ел-жұртының ішінен бір адам шығып Төлегенге:

— Шырағым, Төлеген, бір-екі күн жол жүргеннен кейін бір үлкен бел бар, сол белдің ар жағында бір қалың тоғай бар. Сол тоғайға барып ет пісіріп жеп отырғанында жезтырнақ келеді,— дейді. Одан кейін Төлеген үш ту қойды үйтіп алып, ауылынан шығып жүре береді. Екі күн жүріп әлгі адамның айтқан төбесінен асады. Сонсын әлгі адамның айтқанындай-ақ, бір тоғай бар екен. Сол тоғайға барып аттан түсіп, атын тұсап сол арада етін пісіріп жеп отырғанда, бір қатын келеді. Сонсын Төлеген тұрып:

— Жеңгей, ет жеңіз,— дейді. Әлгі қатын жеңін түсіріп жіберіп, қолының ұшыменен ғана бір-екі рет еттен алып жейді. Сонсын әлгі қатын тұрып:

— Шырағым, бұл арада неше күн боласын?— дейді. Төлеген тұрып:

— Жеңгей, бұл арада екі күн болам, — дейді. Төлеген әлі иідей деген соң, әлгі қатын үйіне карап жүре береді. Төлеген тұрып:

— Жеңгей, неге келіп едіңіз?— дейді. Әлгі қатын тұрып:

— Шырағым, тоғай өртеніп бара жатыр ма деп келіп едім,— дейді де жүре береді.

Төлеген мұның жезтырнақ екенін біледі де, бір томардың түбін қазып-қазып шекпенін томардың үстіне жауып, төмен қарап отырған адамға ұқсатып қояды. Өзі сол томардың астында жатады. Бір уақытта жезтырнақ екі білегін сыбанып келіп томарды: «Сен Төлеген болсаң, мен жезтырнақ»,— деп салып жібереді. Салып жібергенде томар қақ жарылады. Төлеген тұра салып: «Сен жезтырнақ болсаң, мен Төлеген!» — деп, қылышымен белінен бір шабады. Шапқанда белінен қак бөлінеді. Сонсын ар жақта әке-шешесі бар екен. Ар жақта тұрып әке-шешесі:

— Барма десем болмап ең, қайтейін. Өз басына өзің өлім тілеп алдың,— деп зарлап-зарлап үйіне кіріп кетеді. Сонсын Төлеген екі жез қолын кесіп алып кетеді. Бірнеше күн жол жүріп келе жатса, бір үлкен тау домаланып келе жатыр дейді. Сонсын Төлеген бұл пәледен қайтып құтылам деп, атына:

— Айт, шу, жануар, енді өлер жерімізге келдік,— дейді. Сонсын аты ұшып барып, бір теректің басына шығып кетеді. Сөйтсе, әлгі тау құсап домаланып келе жатқан тау тайлақ екен. Әлгі теректің қасына келіп Төлегенге мойнын созады. Созады, мойны жетпейді. Төлегеннің қырық құлаш айдары бар екен. Атының қырық құлаш жалы, қырық құлаш құйрығы бар екен. Өзінің қырық құлаш айдарын кесіп алады. Атының құйрығы мен жалын да кесіп алып, үшеуін жалғастырып әлгі жезтырнақтың қолын ұшына байлап, тау тайлақтың төбесінен тастайды. Сонсын тау тайлақтың төбесін тесіп түседі. Тау тайлақ әлгі жерде өліп қалады. Төлеген жерге түсіп, әлгі тау тайлақтың төбесін ойып алады. Ойып алып кетеді. Бірнеше жол жүріп келе жатса, күнді тұман қылдырып, бұлт бастырып үлкен бір нәрсе айдап келе жатыр екен. Оның у жылан екеніп біліп:

— Айт, шу, жануар, енді өлер жерге келдік,— деген екен. Ат ұшып барып, бір теректің басына шығады. Сонсын у жылан неше қырым жерден уын шашады. Уы Төлегенге жетпейді. Теректің жанына келіп шашады, онда да жетпейді. Сонсын Төлеген әлгі жезтырнақтың қолын тастайды. Нақ құйымшақтың үстінен тастаған екен жұлып түседі. Сонсын Төлеген жерге түсіп, құйымшағын ойып алады. Онан кейін Төлеген жүріп келе жатса, бір ақ киімді, ақ сақалды, ақ есекті шалға жолығады. Сосын Төлеген: «Ассалаумағалейкүм!»— деп сәлем береді. Әлгі

кісі. «Әлейкүміссалам, балам! Нағып жүрген баласың?»— дейді. Төлеген: «Ұлы жокқа ұл, құлы жокқа құл болайын деп жүрген баламын»,— дейді. Сонсын әлгі шал: «Е, балам, маған сен ұл да, құл да болмай-ақ қой. Саған мен құл болайын»,— деп Төлегеннің соңынан ереді. Екеу болып келе жатса, тағы бір көк сәлделі, көк шапанды, көк есекті шал жолда жолығады. Төлеген сәлем береді:

— Ассаламағалейкум, ата!

— Әлейкүміссалам, балам, нағып жүрген баласың?

— Е, ата, ұлы жокқа ұл, құлы жокқа құл болайын деп жүрген баламын.

— Балам, сен маған құл болмай-ақ қой, саған мен құл болайын,— деп о да соңынан ереді. Енді екі жолдас тауып алып жүріп келе жатса, тағы бір сұр сәлделі, сұр шапанды, сұр есекті бір шал және кездеседі. Сонсын Төлеген: «Ассаламағалейкум, ата!»— дейді.

— Әлейкүмәссалам, балам, нағып жүрген баласың?»— дейді. Төлеген алдында айтқандарын бұған да қайталайды.

— Е, балам, маған ұл да, құл да болмай-ақ қой, саған мен құл болайын,— деп соңынан ол шал да ереді. Сонсын төртеуі бір көлдің басына ауқаттанайын деп түсіп, дем алып отырғанда әуелгі жолыққан шал Төлегенге қарап:

— Балам, мына күншығыс жақта бір жаман дауыс шығады ғой,— дейді. Сөйтсе, әуелгі жолыққан тыңшы екен. Екіншісі сыншы екен. Үшінші есепшіл екен. Тыңшы әлгіндей деген соң, қылышын қолына алып жайдақ атын мініп:

— Сіздер осы арада тұра тұрыңыздар!— дейді. Айдап шауып бір ақ боз үйге келсе, бір ханның қызы байлаулы тұр екен. Есіктен іркілмей Төлеген кіріп келеді. Сонда әлгі байлаулы қыз тұрып:

— Ойбай, келме, айдаһар бар. Бүгін мені жұтатын күні. Осы арада бірнеше мың үй бар еді, күнде біреуін жұтады. Менің әкем хан еді. Айдаһар менің әкеме: «Сен осы қызыңды байлап беріп кет,— деген екен.— Егер байлап беріп кетпесең өзіңнің тұқымыңмен құртам»,— деген екен. Сонан қорқып мені байлап беріп кетті»,— дейді. Сонсын бір уақытта айдаһар келді. Айдаһар келе бергенде Төлеген қылышпен екі салып өлтіреді. Сонсын қызға:

— Әке-шешен қашып кетті деп нанбас, мына айдаһардың құйрығын, мұртын кесіп берейін,— дейді. Қызға Төлеген айдаһардың мұртын, құйрығын кесіп береді. Сонсын қуана-қуана үйіне қарай жүгіріп бара жатса, кіші шешесі қызына құдайы брейін деп тезек теріп жүр екен. Қызын көре салып ханға барып:

— Хан-ау, хан, қызың келе жатыр!— дейді. Сонсын хан лалаға шығып.

— Ол тілеуі құрғыр, менің басымды құртайын деп келе жатқан шығар,— деп, бір атты мініп алып, қызының алдынан шығып: «Балам, кейін қайт, менің басымды құртайын деп келе жатқан шығарсың»,— деп кейін кумақшы болады. Сонсын қыз.

— Әке, мен айдаһарды өлтіріп келдім!— дейді. Оған әкесі сенбейді.

— Әке, сенбесең құйрығын, мұртын кесіп алып келдім,— деп, әлгі кесіп алған құйрығын, мұртын әкесіне көрсетеді. Сонсын бұның өлтіріп келгеніне сенеді. «Шырағым, кім өлтіріп берді?»— деп қызынан сұрайды. Қызы:

— Әке, бір жігіт келін қылышпен екі салып өлтірді,— дейді. Хан қуанып той жасап, жер жүзінде адам қалдырмай шақыртады. Жұрт жиылып болғаннан кейін хан жігітіне қарап:

— Далада адам көрсең, соны шақырып кел,— дейді. Сосын жігіт:

— Анау көлдің басында үш адам көрдім, соны шақырып алып келейін,— деп барса, әлгі үш адам төрт адам болып қалыпты. Сосын әлгі төрт адамды шақырып, ханның ауылына алып келеді. Сонсын тамам адамды әлгі ханның қызының алдынан өткізеді. Қыз орта кезіндегі Төлегенді ұстай алады. Хан қызын Төлегенге «ал» дейді. Төлеген:

— Мен алмаймын, мына қасымдағы жолдастарыма берсен мен ырза болам,— дейді. Онан кейін әлгі әуелі жолыққан тыңшыға беріп жібереді. Онымен ол кетеді. Сонан соң үшеу болып бір жерге келсе, бірнеше адам бір дариядан өте алмай жылап тұр екен. Төлеген әлгі адамдарды ұрып-соғып қайыққа мінгізеді. Өзі есетін ескекті алады. Онан кейін ортасына барған кезде қайық қайқаң ете қалады. Төлеген шынашақ қолын суға салса, қолына бір жүзік іліне кетеді. Оны алады да, қалтасына сала салады. Ол адамдарды өткізсе, тағы екі қайық адам қалған екен. Содан тағы бір қайық адам алып өтіп бара жатқанда қайығы және қайқаң ете қалады. Енді ол сұқ қолын тығып алса және де бір алтын жүзік ілінеді. Қалған бір қайық адамды тағы өткізіп келе жатса, тағы қайық қайқаң ете қалады. Сонсын Төлеген бар қолын тығып алады. Сонда қолына бір алтын кебіс ілінеді...

Оны алып кетіп бара жатса, бір жерден қисық түтін көрінеді. Барып келсін деп соған қарап жүреді. Бір уақытта әлгі көрінген қисық түтінге келеді. Келсе, бір үй тұр екен. Төлеген: «Үйде кім бар?»— дейді.

— Өзіміз бар,— деп есіктен қатын қарайды. Төлеген: «Е, шеше, түсіп көже іше кетуге бола ма?»— дейді.

— Шырақтарым, түсе қойындар,— дейді. Сонымен Төлеген қасындағы жолдастарымен түседі. Өстіп үйге кірсе, әлгі кемпірдің үш қызы бар екен. Үшеуі тырқ-тырқ етіп күле береді. Кемпір тұрып:

— Жалмауыз қатындар, неге күле бересіндер?— дейді. Сонсын кемпір тұрып: «Кіші қатын, сен неге күлесін?»— дейді. Кіші қызы тұрып:

— Менің Төлеген шынашақ қолымдағы жүзігімді алғанына күлемін,— дейді.

— Ортаншы қатын, сен неге күлесін?— дейді. Ортаншы қыз тұрып:

— Мынау Төлегеннің сұқ қолымдағы жүзігімді тартып алғандай қылып алғанына күлемін,— дейді. Кемпір үлкен қызына: «Әй, үлкен қатын, сен неге күлесің?»— дейді. Сонда үлкен қызы тұрып:

— Мен Төлегеннің айбатымен кебісімді қорқытып алғанына күлемін,— дейді. Төлеген сұп-сұр болып отыра береді. Сонсын істеп берген тамағын ішіп болып, атына мініп алып айдап кете береді. Бірнеше күн жол жүріп бір жерге түсіп, тамақ жемекші болады. Төлеген атынан түсіп «қалай болды» деп, бір үлкен тастың үстіне шығып алып жылап отырып, көзі ілініп кетеді. Сонсын Төлегеннің түсінде Назипа аян береді. «Төлеген, мен осы астындағы тастың ішіндемін. Сыртқы есікті қасқа тай болып тепсең ашылады. Тағы да ішінде бір есік бар. Ол есікті алшақ мүіз ак серке болып сүзсең ашылады. Ал енді оның ішінде бір есік бар, ол есікті қолыңмен итерсең өзім ашам»,— дейді де кетіп қалады. Сонсын Төлеген тұрып, әлгі Назипаның айтқан сөзінің бәрін де істейді. Үйіне кіріп амандасып, сүйіседі. Бірнеше ай жатады. Сонсын Төлеген Назипаға: «Мен үйде қарап жатпайын, аң аулап келейін»,— дейді. Назипа оның айтқан сөзін мақұл көреді. Төлеген аң аулап кетеді. Бір кемпір Төлегеннің сонынан қалмайды. «Төлеген-ау, мен сенің шешең емес пе едім?»— деп, екі-үш күндей соңынан қалмайды. Сонсын Төлеген әлгі кемпірді үйіне ертіп алып келеді. Назипа жылап есікті ашпай отырады. Төлеген келіп:

— Есікті аш, атаңа нәлет, менің шешем келгенде неге есікті ашпай отырасың?— дейді. Сонсын Назипа есікті ашады. Әлгі кемпір өзі бір жалмауыз кемпір екен. Бір хан «Төлегеннің қатынын алып келіп бер, онан кейін не қаласан, соны ал» деп жіберген екен. Сонсын әлгі кемпір бірнеше ай жүріп келініп:

— Шырағым, баламның жаны не екен, соны сұрап кел,— дейді. Назипа барып Төлегеннің жанын сұрайды. Төлеген сонда:

— Менің жаным «от-от» дей берсе, өліп қалам,— дейді. Кемпір мұны есіткеннен кейін бір айға дейін «от-от» деп жүреді. Оған Төлеген өлмейді. Келініне тағы сұрап кел дейді. Тағы барып Төлегеннен сұрайды. Төлеген: «Менің жаным «су-су» дей берсе, өліп қаламын»,— дейді. Назипа енесіне келіп:

— Балаңның жаны су екен. «Су-су» дей берсеңіз өліп қалады екен. Мұны естіп алып кемпір бір айға дейін «су-су» деп жүреді.

Бірақ Төлеген өлмейді. Сонсын тағы да Назипаға «бар, тағы сұрап кел» дейді. Назипа тағы да барып сұрайды.

Төлеген:

— Мені өлтіре алмай жүр екенсің ғой, менің жаным анау тұрған сары орамал, соны апарып суға салып жіберсе, өліп қаламын,— дейді. Назипа әлгі кемпірге барып айтады. Кемпір сары орамалды апарып суға салып жібереді. Төлеген шалқасынан жатып өліп қалады. Кемпір мен Назипа екеуі жылап неше күндей үйінде отырады. Онан кейін кемпір тұрып:

— Шырағым, Назипа, анау көлдің басына барып көңіл көтерейік,— дейді. «Мақұл»,— деп бір көлдің басына барып отырады. Бір уақытта әлгі кемпір бір қайықтың ішінен Назипаға алма алып береді. Оны Назипа жеп болып:

— Ене, тағы алып берші!— дейді. Тағы алып береді. Тағы жеп болып Назипа: «Тағы алып берші, ене»,— дейді.

— Өзің барып алып жесейші!— дейді кемпір. Сол уақытта Назипа барып қайықтың ішіне кіріп алып жейін деп жатқанда қақпағын жаба салып, айдап ханға апарып береді.

Төлегеннің баяғы екі жолдасы келіп, Төлегеннің жатқан үйіне кірсе, Төлеген өліп жатқанын көріп, екі жолдасы жылап-жылап әлгі көлдің басына келіп отырады. Отырса, бір сары жолақ жайын кетіп бара жатады. Екі кісі тұрып:

— Әй, сары жолақ жайын, суда не көрдің?— дейді. Сонда жайын:— Суда сары орамал көрдім,— дейді. Әлгі екі кісі: «Қайда көрдің?» — деп жүгіріп келеді. Әлгі жайын көрсетеді. Әлгі сары орамалды алып барып Төлегеннің бетіне жыртып жібереді. Сонда Төлеген: «Ұйықтап кеткен екем ғой»,— деп атып тұрады. Сонсын Төлеген әлгі екі жолдасымен көлдің басына барып отырады. Бір уақытта бір қолына құман ұстаған бала жүгіріп келеді. Сонсын Төлеген әлгі балаға: «Сен мына жүзікті құманның ішіне сал. Ішіне салып ханның кіші қатынына алып барып бер»,— дейді. Әлгі бала жүзікті Назипаға апарып береді. Әлгі жерде Назипа жалынша лап етіп шаңырақтан ұшып кетеді. Айдап отырып Төлегенге барады. Төлеген Назипаны алып еліне қайтады. Әлгі екі жолдасына екі ханның қызын алып береді. Өздері бірнеше күн жол жүріп еліне барады. Әке-шешесі қуанып той жасайды. Сөйтіп Төлеген мен Назипа мұратына жетеді.

АҢШЫ МЕН СИҚЫРШЫ ӘЙЕЛ



аяғыда аңшылықпен күн көрген бір адам болған екен. Бір күні аңға шықса, алдынан бір буаз киік ұшырайды. Оны атып алып, төс етін кесіп отқа қақтап бір кесіп аузына апара бергенде: «Әйт!»— дейді ар жағынан біреу. Жалт

қараса, манағы киік:

— Менің жәйімді Орманбет биден сұра!— деп секіріп-секіріп жок болады.

Аңшы енді сол Орманбет биді іздеп табуға бел байлайды. Ол ұзақ жүріп Орманбет бидің ауылын табады, бірақ Орманбет би үйінде болмайды, қаңыраған үйі тұрады. Аңшы сұрастырып білсе, Орманбет бидің басқа бір жерде әйелі болады екен. Ол соған кетеді де, өз әйелі оны қуып кетеді.

Аңшы жігіт о да Орманбет бидің сонынан іздеп бармақшы болады. Ақыры Орманбет бидің жаңа отауын табады. Отауға кіріп барса, бір әйел тұрыпты да:

— Сен Орманбет биді іздейсің ғой,— деп бір жүгенді қағып қалып: «Қара төбет бол!»— деген екен, әлгі аңшы ит болып жүгіре жонеліпті. Бірақ санасы өзгермепті. Содан қаңғырып жүріп бай ауылға ұшырайды. Мал сойылып қан-жын болған жерде ол ауыл иттерінің бәрін жеңіп маңнан қуатын болыпты. Ол үйдің әйелі жыл сайын бала тапса да, үш күн жүрген соң өле береді екен. Итті үйіне әкелген күні де ұл бала табады.

Ел жатып ұйқыға енген уақытта ит тұрған үйдің шаңырағына бір құс келіп қонады да, одан жаңа туған сәбидің үстіне төне бергенде ит шап берін ұстап алады. Әлгі құс: «Өлтірме!»— деп жалына бастайды. «Мен екінші қайтып осы үйдің баласына залал жасамаймын және өзің үшін бір жақсылық істермін»,— деп ант ішеді құс, ит жібереді.

Сонымен ит тұрған үйдің жас баласы ауырмай-сырқамай өсе түседі.

«Бұл иттің зор қасиеті болды» деп ойлайды үй иесі. Иттің мойнын жібекпен қарғылап, шолпы тағады. Сондай жақсы көрбіселейді.

Бір күндері әлгі ит Орманбет бидің жаңа отауына барып қайтайып деген оймен жүгіріп отырып отауға кірсе, манағы әйел: «Әй, мынау әлі жүр екен ғой, сен боз торғай бол»,— деп жүгенді қағып қалса, торғай болып ұшады да кетеді. Ол ыстық күндері ұзақ ұшып жүрумен әбден шөлге ұрынып шаршайды. Содан ол бір түп шіліктің түбіне қонып, енді ұшуға да жәйі болмай жатқанда, ойнап жүрген бір топ бала көріп ұстап алып,

куанғаннан үйлеріне ала жүгіреді. Торғайды ұстаған бала шешесіне келіп:

— Апа, біз торғай ұстадық,— деп мақтанады. Шешесі.

— Көне, торғайын?— деп қолына алады да:

— Ой... ұшырып алдым!— деп қойнына сала қояды. Балалар жыласа да бермейді. Ақыры әлгі әйел балалары кеткесін бір жүгенді қағып жіберіп торғайды, бұрынғы адам түріне енгізеді, сосын айтады ол:

— Мен әнеу күнгі алдыңнан киік болып көрініп, сен атып алған мен едім. Мен Орманбет бидің бәйбішесі боламын. Оның ашына әйелі мені киік етіп жіберді. Содан қара құс та етіп жіберді. Ол сиқырлы болатын,— дейді әйел,— сен ит болып жүргенде ана бай ауылға құс болып барып, сенің ұстап алғаның да мен едім. Сонда саған жақсылық етермін деп едім. Міне, соның есесі. Енді анау Орманбет би мен оның сиқыршы әйеліне не істе дейсің, қолымнан келеді. Мен қазір одан да күшті сиқыршылық өнер таптым,— дейді. «Ол екеуін есек жасап артына мың бұттан құм сүйретіп қой»,— деп тілек етіпті аңшы. Содан Орманбет би мен оның ашына әйелі есек болып осы кезге дейін жүгін тарта алмай бір жерде жүр-міс дегенді аңыз етеді ел.

ҚАРА ЖЫЛАН МЕН АҚ ЖЫЛАН



ұрынғы заманда жақсы бір мерген болыпты. Аң қарап келе жатса, екі жылан төбелесіп жатыр екен. Жыланның бірі қара, бірі ақ екен. Келіп қараса, қара жыланның түсі суық өте жаман екен. Мерген қараны өлтіріп тастапты. Сонан соң ақ жылан тұрып, бір нәрсені жалап алады. «Түсі ақ, маған да жала деп отыр ма?»— деп мерген де әлгі нәрсені жалап алады да, сол сағатында жер үстіндегі нәрсенің тілін түгел біліп кетеді. Жыланмен сөйлеседі. Жылан: «Екеуміз енді дос болайық және тіл білдім деп кісіге айтпа!»— дейді де, ат басындай алтын береді. «Тіл білдім деп айтсаң өлесің»,— дейді.

Ақ жыланмен дос болып үйіне қайтады. Алтынды үйіне апарып тастап, қайтадан аң қарап жүріп, бір байдың үйіне қонады, сонда түнде қасқыр ұлиды және осы түнде боран болады. Байдың қойы ығады. Қасқыр: «Байдың қойын жейім, болмаса қонағының атын жеймін»,— дейді. Оны мерген біліп отырады және оған жауапты қорадан қара төбет сөйлейді: «Мен түк жегізбеймін, егер де қонағым алдына қойған табақтағы етін маған берсе»,— дейді. Тамақ піскеннен кейін берген етін қонақ итке беріпті. Сонымен жатып ұйықтаса, қатты боран соғып қойы

ығып кетеді. Қоймен бірге ат та кетеді. Сонда бай: «Малды қыралы ғой, құтты қонақ болсаң мал аман қалар еді»,— дейді. Мерген: «Бай, жылама, мал аман, табылады»,— деп ұйықтай беріпті.

Тап атқан соң бай мен қонақ мал мен атты іздеп екеуі келе жатса, қара төбет бәрін иіріп жүр екен. Қасқыр да төңіректен сол жерде төбетпен андысып тұр екен, бұларды көріп, қасқыр қаша жөнеледі, бірақ төбет қайырмалап қасқырды жібермейді. Қасқыр қолға түседі. Қонақ атын аман алады. Бай да қойын аралап аман екендігін көріп: «Қонақ, сен құтты қонақ болдың қалағаныңды алып кет!»— дейді. Сонда бір ұрғашы сары бас тоқты маңырайды. Маңырағандағысы: «Бес жылда мың болам!»— деген екен. Мұны мерген біліп, сары тоқтыға ен салды да: «Бес жылдан кейін алам, осы тоқты мың болады»,— дейді.

Бес жыл толғаннан кейін мерген қайтып байдың үйіне келіп: «Уағдалы қойымды бер!»— дейді. Бай уағдасынан танып: «Қой берем деп айтқан жоқпын»,— дейді.

Екеуі жүгініп бір қазы биге келіп бастан-аяқ сөздің жөнін айтқаннан кейін оған қазы: «Қойынды екі аша жолмен айда, мергеннің үйіне қарай жүрген қойды мерген алсын, өз үйіне қарай жүргенді сен ал!»— деп билік айтады. Бай көніп қойды айдайды. Мерген жакқа қарап сары бас тоқты бастап мың қой шығады да, мерген ол мың қойды алып үйіне қайтады. Сонымен бай болады.

Қатыны «төркініме барам» дейді, жазғытұрым төркіні тайы мерген буаз бие мінгізеді. Қатыны болса және екіқабат, бесіктегі баласымен неше күн жатып үйіне қайтыпты. Қайтып келе жатса, тай барып биені еміпті. Енесі: «Қайтіп емесің, үстімде үшеу, өзім де буаз, шаршап келем»,— дейді де тайды қуып жібереді. Оны мерген біліп күліп жібереді. «Сен неге күлдің?»— деп қатыны сұрайды. Айтса өледі, айтпаса қатыны кетеді. Қысылғаннан мерген: «Үйге барғанда айтайын»,— дейді. Үйіне келген соң: «Сен жолдағы сөзді айт!»— деп, қатыны болмайды. Мерген бір малды сойып, жұртты жиып, жөнін айтпақ болады. Малын сойып жұртты сыртқа шығарып қатынына айтайын деп отырғанда, үйге екі тауық кіреді де, өтештің алдындағы бидайын пібиі жейді. «Мен мерген емес, қатынына сырын айтып өлгелі жатқан»,— деп пібиін тістеп өтеш талап тастайды. Сонан мерген де қатынын сабайды. Онан кейін қатыны қорқып қайтадан сұрамайтын болыпты. Мерген тауықтың арқасында аман өлмей қалыпты.

Тағы да бір кезде аң қарап жүріп, бір тауешкі атып алып сойып жеп отырғанда құлағына бір дауыс келеді. Дауыс: «Жалғыз ешкімді атып алдың жазанды қасқыр берсін!»— дейді. Мерген оны тындамастан үйіне қайтады. Кешке таман жолда бір керуен қонып жатыр екен, мерген сол керуенмен бірге далаға

конады. Қонып отырғанда қасқыр ұлиды. Қасқыр: «Сұр мергенді бүгін не қылсам да жеп қоямын»,— деп ұлиды. Мерген керуенге: «Не білдіңдер?»— дейді. Керуен: «Түк те білмедім»,— дейді. Мерген:

— Ендеше мені қасқыр жейді,— дейді. Керуен жер қазып ол мергенді жерге тығып, үстіне киіз төсеп жатып калса, қасқыр бір жағынан қазып алып мергенді жеп кетіпті.

ЖАС БАЛАНЫҢ САПАРЫ



нгіменің басы баяғыда бай бопты дейді. Сол байдың жалғыз баласы болыпты, бір қызы болыпты. Сол бай соншалық бай бола тұрса да шығынсынып бірде-бір қолына жұмысшы ұстамапты. Бар малын сол жалғыз баласы бағады екен. Басқа байдың баласы мінгені жорға, кигені торқа, көргені ойын-сауық серуендеп жүреді екен. Соларды көріп іші күйген бай баласы ашуланып бір күні өріске бір қойдың аяғын байлап тастап кетіпті. Кешіне қойды айдап келгеннен кейін барлық қойды бай екі бұтының арасынан санап өткізіпті. Содан бір қойы кем болған бай ашуланып, баласын түні бойы ұрыпты. Ертесіне малға барғанда екі қойдың аяғын буып тастап кетіпті. Кешіне бай малын санаса, тағы екі қой жоқ болып шығады. Содан бай ашуланып баласын қуып жіберіпті. Қойдан құтылған баласы қуана-қуана кете береді. Бала осы бетінде келе жатса, жолда керуендер кездесіп, керуен басшысы баланы «бізге жұмысшы бол» деп азғырады. Оған бала: «Ағатайлар, маған жандарың ашыса, жол көрсетіндер. Мен өзім де құлдықтан қашып келемін»,— деді. Сонда керуендер:

— Мына жолмен жүрсең елді-күнді жерге барасың,— деп он жолды көрсетеді.

— Ал мына жолмен жүрсең, елсіз-күнсіз жерге кетесің,— деп ортаңғы жолды көрсетеді. Ал,— дейді керуен,— енді мына жолмен жүрсең ит тұмсығы батпайтын қалың орман тоғайға барасың,— деп сол жолды көрсетті.

Міне бала енді қалың ойға түсті. «Елді-күнді жерге барғандағы көргенім құлдық па»,— деді. «Ал елсіз-күнсіз жерге барсам құр босқа өліп қалармын»,— деп, қалың орман жағымен жүріп кетеді. Сөйтіп жүре-жүре бұл бала орманға да жетті. Қабырғасы қатпаған жас бала орманды аралап коп уақыт жүрді. Бір күні қалың ағаш ішінде тұрған үлкен сарайды көреді. Аяндап осы сарайға келсе, бір сарайда арғымақ аттарды көреді,

байлаулы тұрған, оны ұстауға алдына барса тістеп, артына барса теуіп маңайына жуытпайды. Екінші бір үйіне кірсе, бір қазан аң еті асулы тұр екен. Төрде семсер ілулі тұр екен және киім-кешек ілулі тұр екен. Міне, бұл бала етке тойды. Сөйтіп отырғанда даладан дүбір дауыс естіледі де бір-біріне: «Кірші үйге, адамзат иісі шығып барады»,— дейді. Бала төрдегі семсерді жазып алып бұлар кіретін босағаға тығылып тұра қалды. Сөйтсе, бұл келгендер жезтырнақ деген жалмауыз екен. Сөйтіп жезтырнақтың біреуі кіре бергенде оны семсермен бала басын шауып тастапты. Біраз кідірген соң екіншісі кіреді. Бала көп ойланбастан оның да басын алып тастайды. Сөйтіп бір уақытта бір дәуі жерді күнірентіп, «өлгілер өздері жеп қарық болып жатыр-ау, ә...» деп, аттан түсіп есіктен кіре бергенде бала да түрінен қорқып жүрексініп, семсерді сілтеп қалғанда, семсер тура тимей бір шекесін ғана алып түсіпті. Сөйтіп қайта оралып балаға тап бергенде бала семсермен тағы бір ұрып жығып, шала өлтіріп, бір кілеттің ішінде зындан бар екен, сол зынданға бәрін тастап төбесін жауып тастайды. Сөйтіп бала жезтырнақтың тұқымын құртып, енді өзі емін-еркін жезтырнақтың киімін киіп, семсерін алып арғымақтардың қасына келсе, еш арғымақ тимейді. Міне, сөйтіп осы жерде бірнеше жылдар аң аулап тұрады. Бұл сарайдың төңірегіне аңның етін толтырады. Енді баланың өзі жалғыз жүріп жалығады да оған бір ой түседі. Ол еліне барып қайтпақшы болып бір арғымақты ерттеп, бір қоржынға етті толтырып, еліне қарай жүріп кетеді. Сөйтіп бұл бала еліне жақындаған сайын еш адам немесе мал көзіне түспейді. Ол әкесінің жеріне келгенде үйілген ақ сүйектен басқа еш нәрсе көзіне түспейді. Өзінің қыстауына келсе, қыстауын сүйек басып жатыр екен. Еш адам көзге түспепті. Сөйтіп дел-дал болып тұрғанда қасындағы өзеннен бір-екі әйелдің шаңқылдап ұрысқан дауысын естіп сол өзенге қарай арғымағын жетелеп келсе, шөптен жасаған жаман күркенің ішінде шешесі мен қарындасы бір кішкене ішекке таласып отыр екен. Қастарына келгенде шешесі танып баласын құшақтап:

— Құлыным, сен жүрген құт екенсің, сен кеттің, басымыздан құт кетті. Ашаршылық туды. Малдың бәрін бітірдік. Енді түк таба алмай сасқан соң, ішекке таласып отырмыз,— деді. Сол жерде бала етке тойғызып, арғымаққа мінгізіп орман ішіне алып кетті. Орманда өзі мекендеп жүрген жерге келіп ғұмыр сүріп тұра береді. Күндерде бір күні бала бар сарайдың кілтін беріп:

— Мына сарайдың бәрін ашып көре беріндер, бірақ мына сарайды ашпа!— деп жезтырнақ жатқан сарайды көрсетті.

— Жарайды, ашпаймыз,— деп, қарындасы мен шешесі қала береді. Баласы аң аулауға кетті. Сөйтіп кемпір қызымен екеуі бар сарайды аралап көреді. Неше түрлі қызықты заттар, алтын

дідә көп екен. Сонын бәрін көріп болған соң бір күндері ерігіп отырып бір-біріне «бұл бізге мына сарайды неге ашпа деп кетті, кел осыны ашып ішінде не бар көрейік» деп, ақыл қорытып алды да, келін ашса, сарайдың ішінде зындан бар екен. Сол зынданнан бір ынырсыған дауыс шығады. Тындап тұрса, «баласы жоққа бала болам» деді. Сол арада кемпір:

— Аулақ ары, өзімнің де балам бар,— деді.

— Ендеше, байы жоққа бай болам,— деді. Сол кезде кемпір арқан тастап жезтырнақты суырып алады. Төбесінде жалғыз көзі бар екен. Міне, осыны үлкен кебеже сандық бар екен, соған салып асырады. Жезтырнақ семірді. Кемпір жезтырнақтан екі-қабат болып бала көтерді. Күндердің бір күні кемпір ішін білдірмей жүріп босанатын күні жақындап қалды. Енді кемпір жезтырнақпен ақылдасты. Жезтырнақ оған мынандай ақыл береді:

— Сен босанғаннан кенін апарып балаңның келетін жолына таста. Ол саған әкеп асыратады,— деді.

Сөйтіп бір күндер өткенде кемпір босанып ұл тауыпты. Оны бір нәрсеге орап баланың келетін жолына апарып тастапты. Сөйтіп бала аннан қайтса, жолда жатқан баланы көреді. Қасына атымен жақындап келін, «шайтан ба, әлдене» деп күдіктеніп келсе, адамзаттың баласы екен. Және өзі еркек бала екен. Сол арада бала ол жатқан кішкене баланы аттан түсіп көтеріп алдына алып үйіне әкеп, есік алдында тұрып айқайлайды:

— Апа, апа, бері келші. Мен өзіме бір іні тауып әкелдім,— дейді.

Сол кезде шешесі:

— Тарт ары, айдаладағы не еткен бала, шайтан шығар әкеп тұрғанын,— депті.

Баласы:

— Жоқ, апатай, адамзаттың баласы, өзіңіз шығыңызшы, көріңізші,— деді.

Сол кезде шешесі шығып көрін, түк білмеген кісідей:

— Япырай, шын адамзаттың баласы екен,— деп қолына алып үйге кіріп жуындырып, сол баланы асырай береді.

Міне осымен талай жылдар өтті. Жас бала ер жетті. Бұл бала екі-екі жарым жасқа келгенде, жөнді сөйлей алмай жүрген кезінде, ағасы аңға кеткенде жезтырнақ шығады екен. Бір күні соны көрін қалыпты. Ағасы аннан келген кезде, ағасының алдында отырып:

— Аға, ай-ой,— деп төбесін көрсетті. Оны ағасы елеп ескермейді. Ал баланың төбесін көрсету себебі, жезтырнақтың төбесінде жалғыз көзі бар екен, міне, бала «ай» деп төбесін көрсету себебі осы екен. Баланың ол айтып отырғанын залым кемпір бәрін түсініп отырыпты. Міне бұл жолы баласы аңға кеткенде кемпір жезтырнақты шығарып алып, жас бала қасында

отырғанда жезтырнаққа: «Мына балаң бәрін білетін болды. Енді біраз уақытта ана қуға бәрін айтатын түрі бар»,— депті.

Сол кезде жезтырнақ ол кемпірге ақыл айтыпты:

— Сен, бала аңнан келерде сусын орнына у езіп бер. Содан ол улап өледі. Сонан кейін өзіміз емін-еркін өмір сүреміз,— депті. Міне осы айтқан ақыл кемпірге едәуір жігер береді. Ол баласының келуіне қарсы у езіп дайындап отырады. Ал енді бұл баланың әдеті аңнан келгеннен кейін інісін алдына алып бетінен сүйіп төсіне шығарып, сонан кейін барып сусын ішеді екен. Міне сүйітіп күтініп отырған жерге қарсы бала да аңнан келіп жетеді. Атын байлап жайланып, үйге кіріп, шешінін отырып, інісін шақырып алдына алып, бетінен сүйіп төсіне шығарып отырып:

— Апа, сусын берші,— депті.

Сол арада шешесі езіп қойған уды әкеп береді. Алдында отырған жас бала быж-быж етіп бірдене-бірдене дейді. Оның сөзіне түсінбеген ағасы оның не деп отырғанын елемей қолына тиген уды сусын деп ауызға жақындата бергенде алдында отырған інісі у құйған аяқты қағып жіберіп, төгіп тастайды. Сол арада шешесі:

— Ей, антұрған, шөлдеп келген ағаңның сусынын ішкізбей неғып құтырып отырсың?— деп, қалған уды езіп, жуып-шәйіп қайтадан әкеп беріпті. Жас бала мұны да ішкізбепті. Сөйтіп үшке дейін ішкізбей төртінші рет ішкізіпті. Міне, сүйтін ағасын бір ажалдан алып қалыпты. Сөйтіп аңшы бала ертесіне аңға кетіп, сары уайымға түсіп, ой ойлайды. Өйткені сарай төңірегі толған аң егі азайып қалды. Бір жезтырнақ бір жегенде қырық аңның етін бір-ақ жейді екен. Баланың күні-түні ойлайтыны, «жалғыз шешем мен қарындасым мұншалық ет жеуге мүмкін емес, бұл ет қайда кетін жатыр» деген уайым, оны жүдетіп барады.

Сөйтіп енді үйде қалғандарға келейін. Бала аңға кетті. Шешесі жезтырнақты шығарып алды да:

— Мына бала бәрін білді. Уды ішкізбей қойды. Енді не істейміз,— дейді. Сонда жезтырнақ:

— Ендеше, мен тығылмай-ақ қояйын. Өзім онымен айқасып көрейін,— деп баланың келуін күтіп отырды. Сөйтіп бір уақытта аңшы бала да аңнан келіп жетеді. Байқаусызда дайындалып отырған жауыз бала кірген жерден-ақ айқаса түседі. Сөйтсе де баланың да күші басым екен, еркіне көнбей жаумен алыса жүріп, шешесіне өтініш айтады:

— Ардақты ана,— деді ол,— он ай омыртқанды үзіп тапқан балаң едім ғой, не көмегің бар көрсететін дегенде, шешесі: «Бірің ол де, бірің қал, жұмысым аз»,— деп жауап беріпті. Содан бала қарындасына арыз айтады.

— Бұл осы арадан бірсыпыра жерде тұрады. Жалмауыз кемпір бар, оның бір қызы бар, ол екеуміз доспыз. Сондықтан менің сәулем оған, оның сәулесі маған түсін тұрады,— депті. Міне, сонан кейін ол жігіт тұрып атын ерттеп сол жалмауызды іздеп жүрін кетеді. Ол жалмауыздың мекеніне жақындаған кезде жалмауыздың қызы ағаш басында қарауылдап тұрады екен. Келе жатқан кісіні көріп:

— Апа! Апа!— деп айқай сапты. Сонда кемпір:

— О не, неге айқайлайсың?— десе, қыз:

— Қара бөрікті, қара арғымақты бір кісі келеді. Қайтсе де сені өлтіреді. Мені алады,— депті. Сонда кемпір:

— Сандалма, тыныш отыр. Мені жезтырнақтың тұқымы болмаса ешкім ала алмайды,— депті. Сөйтіп арғымақты кісі жетіп келген жерден сиқырмен оқып, қол-аяғын байлап көгенге көгендеп тастапты. Мындаған адам жатыр — бөрі бір соның қызы үшін. Ал енді бұл осы көгенде жата тұрсын, енді орманда қалған інісіне келейік.

Інісінің қолында қалған ағасының семсерін тат басыпты. Міне осы кезден-ақ ағасының бір қатерге ұшырағанын білді де, інісінің ұйқысы қашып, асы бойына тарамайды. Сөйтіп ол дайындалып ағасын іздеп жолға шықты. Әрине ол іздегенде тура арғымақтың ізіне түсті. Сол арғымақтың ізі алған күйінде алып баяғы ақ отауға әкелді. Ақ отауға жетіп келсе, ай мен күндей сұлу қыз бауырымен екеуі аттан көтеріп түсіріп үйге кіргізіпті. Әрине, бұл қыз баланың ағасын да өстіп сыйлаушы еді. Енді бұл баланы сол өзім тиген күйеуім деп ойласа керек. Ал бала еш сыр бермей отыра береді. Бірақ мұның ойы «менін ағайымды осылар бір қатерге ұшыратса керек» деп отырады. Сөйтіп отырғанда қыз тұрып:

— Сен бұл жолы неге сонша кешіктің?— депті. Сол кезде сыр бермеген бала:

— Көп жер араладым,— деп жауап берді де, ішінен: «Менін ағайым басқа жаққа барып бір пәлеге ұшыраған екен»,— деп ойлады. Сөйтіп кеш болды, төсек салып жатуға келгенде екеуіне бір-ақ төсек салды. Сонда да бала сыр бермей жата берді. Таң ата бала оянса, бір айдың сәулесін көреді. Сонда бала тұрып:

— Мына сәуле не?— десе, қыз: «Әнеукүні айтып едім ғой»,— депті. Сонда бала:

— Ой, онда бір ой ойлап отырып түсінбеппін,— депті.— Ендеше, осы арадан бірсыпыра жерде жалмауыз кемпір бар. Оның жалғыз қызы бар. Ол екеуміз доспыз. Оның сәулесі маған, менің сәулем оған түсіп тұрады,— депті қыз. Сол кезде бала ішінен:

— Иә, менін ағайым сонда болып бір қатерге ұшыраған екен,— деп, атын ерттеп мініп, арғымақтың ізімен тағы жүріп кетеді. Сөйтіп жалмауыздың мекеніне жете бергенде қыз тағы да:

— Апа, апа!— деп айқай салады.

— О не?— депті шешесі. Қызы сонда:

— Қара бөрікті, қара арғымағы бар біреу келеді. Арыны на-
шар, қайтсе де сені өлтіреді. Мені алады,— депті. Сонда кемпір:

— Сандалма, мені жезтырнақтың тұқымынан басқа адам ала
алмайды!— депті. Сөйтіп бала да жетті. Кемпір де сиқырын оқып
тұра жүгіреді. Бірақ та сиқыры бұл баланы алмайды. Сөйтіп бала
келіп төбе шашынан ұстап алып, ұрып-соғып ағасын таптырып,
ол ағасын қалпына түсіртіп, көгенде жатқан елдің бәрін
босатып, кемпірді өлтіріп, дүниесі мен қызды алып ағасы екеуі
қайтыпты. Міне содан кешін баяғы ақ отауға келеді. Ағасы мен
екеуі қатар келіп тұра қалса, баяғы қыз бен ағасы екеуі шығып
қайсысын түсіріп аларын білмей аң-таң болып тұрады. Сонан
соң екі жігіт күліп өздері түседі. Сөйтіп жайланып отырғаннан
кейін баяғы ағалы жігіттің інісі, кішкене шынашақ саусағын
шүберекпен түбінен байлап ағасына:

— Аға, мына шынашағымды шауып тасташы,— дейді. Сонда
ағасы:— Қой, әке, жазым болады,— депті. Сонда інісі:— Осыны
шаппасаң сізге риза емеспін,— дейді. Тіпті болмаған соң ағасы
шынтағын шауып тастапты. Сонда інісі:

— Міне, енді мен күнәдан бек болдым, ана кезде мен осында
келіп қонғанда, мені сіз екен деп жеңгем қасына алып жатып еді.
Сонда осы шынашағыммен ғана тіреп жатып едім, басқа денем
тиген жоқ еді. Міне, кінәлі осы шынашақ еді. Енді күнәдан аулақ
болдым,— депті. Сөйтіп жалмауыз кемпірдің қызын өзі алып,
ағасы ана қызды алып неше күн ойын, неше күн тойын жасап
жақсы өмір сүріп тұра беріпті.

КӨРГЕН ТҮСТІҢ ӨНДЕ ОРЫНДАЛУЫ



ан ғасыр жылдар тарихты шолғалы, ерте-ерте
ертеде, ешкі құйрығы келтеде, қуарған заман
шағында бір бай өмір сүріпті. Бұл бай дүниеге
көзі тоймайтын, ешкімге нәрсе қимайтын
қаштаң адам болыпты. Сондықтан жұрт кессе
қаны шықпас, ұрса жаны шықпас, сарандығынан «қайырымсыз»
атапты. Ел қойған есіммен бұдан былай Қаштанбай атаныпты.

Бір күні Қаштанбай жолға шығуға түйесін қомдап, ас-суын
молдап болып түйемен жолға шығады. Бірнеше күн жүріп, талай
асу, бел жүрін, өзі шаршап, түйесі болдырып, бір көлге тап
болады. Сонан түйесін отқа жіберіп, өзі дем алып, жуынып,
қарны қампиғанша, іші кепкен бақадай болғанша тойып су
ішеді. Содан кейін іші ауырып тыншымай жатуға кіріседі, сүйтіп

жатып ұйқыға кетеді. Ұйықтап жатып түс көреді. Түсінде мынаны көреді:

Он жағынан ай туады, сол жағынан күн туады, ортасынан бұлт тұрады, бұлт астынан қак тұрады. Қакты көргенде іші судан ауырған Қаштанбай «қак» деп шошынды, бакалар «бак» деп шашырап, орнынан атып тұрады, қорыққан бойы демеуге келмей, қайтадан сылқ құлайды. Сонан қайта есін жиып орнынан тұрып, жүруге түйесін қарайды, қараса түйесі жоқ. Көл жағасына көзіп салып қараса, түйесі құлап іші кеуіп өліп қалыпты. Барар жер жоқ, басар тау жоқ, жығылғанға жұдырық деп, өзіне-өзі өкініп қоржынын арқасына асып, қолына қамшысын алып түйесін кимай артына қарай-қарай жаяу жүрін кетеді. Сонан бірнеше белестен, құлазыған елестен асып қой бакқан бір жас балаға келеді. Бұл жас бала тазша еді. Қаран деген байдың қойын бағып жүрген. Қаштанбай балаға келіп жолығып мынаны айтады: «Жолға шығып жолым болмады, түйем өліп оным болмады»,— дейді. Сонан тазшаға көрген-баққанын айтып, түсін жорытпақ болады.

— Әй, тазша, мен бір бүгін ұйықтап жатып түс көрдім, түсімді жорышы,— дейді.

Тазша тұрып: «Қандай түс, айт»,— дейді. Қаштанбай сөзін бастайды.

— Ұйымнен жолға шықтым. Бірнеше күн жүріп шаршап болдырып бір көлдің басына келіп қондым, қонып ұйқыға кеттім, ұйықтап жатып түс көрдім. Түсім мынау деп, көрген түсін айтады. «Он жағымнан ай туды, сол жағымнан күн туды, ортасынан бұлт тұрды, бұлт астынан қак тұрды, сүйтіп жатып шулаған баканың даусынан шошып ояндым» деп, бай сөзін аяқтайды. Тереңнен ойлаған тазша түстің жақсы түс екеніп біліп байға айтады:

— Байеке, түсің өте жаман екен, сен маған мына мың қойға сат түсінді,— дейді. Сөзге келмей бай «мақұл» деп, мың қойға бакташы болып, Тазшаның орнына қалады. Қойды айдап өз бетімен бай кетеді. Түсті алып бала кетеді.

Енді соңын тындандар. Қаштанбайды Қаранбайға жалшы етіп Тазша өз мұратына жетеді. Сонымен енді Тазша бірнеше күн жол жүріп бір елге келеді, елге келіп жұрттың кеңес сөздерін естиді. Құлақ салып сұрастырып, осы елдің ханының шығарған жарлығын естеді. Бұл ханның аты Қайран болады. Қайран ханның жарлығы мынау еді, «бір күнде елу бас биені сойып жұртқа таратып кешке дейін үлгерген кісіге, кім де болса қызымды берем» деп, уәде еткен екен. Талай шоралар, палуан, сабаздар, қыз алам деп, қыршынынан қиылыш бастарын алдырыпты. Сонан бері ешкімнің тәуекелі тұрмайды екен. Бұл жарлықты, халық көрген қорлықты естіген Тазша «мен солардан

артықпын ба» деп, хан жарлығын орындамақ болады. Сонымен дана Тазша ханға келеді, келіп жүгініп, иіліп сәлем береді. Хан «құп» деп хош алады. Хан балаға «арызыңды айт» дейді. Тазша тұрып: «Арызым мынау, сіздің жарлығыңызды орындап қызыңызды қатын етіп алғалы келдім»,— дейді. Хан баланы комсынбай «өте жас екенсің, қыршыныңнан қиыласың ғой» деп миығынан күледі. Тазша ханға табан тірен тайсалмай жауап береді. «Сарайыңыз адамнан қан сасиды. Мен солардан артықпын ба, өлсем соның бірі болармын»,— дейді. Хан «хош» деп, нөкерлеріне елу бас бие алдыртып, Тазшаға союға ұлықсат береді. Тазша іске кіріседі, аспастан-саспастан, жаман жерді баспастан елу бас биені ұлы бесінге дейін дайын қылады. Күн қауысқанша қазанға салып пісіртіп үлгеріп, ханның қарауындағы тайпа ел халқына асты таратады. Барлық жұрт Тазшаға «не қылған алып» деп қайран қалады. Қайранхан сасып, етек жеңін басып, жарлық еткен сөзін орындап, күйеуге арнап алты қанат ақ отау тіктіреді. Тазша отауға кірмей сыртында жатады. Женгелері қызды қолтықтап ұстап күйеуге отауға әкеліп салады. Сонан қыз жігітті күтеді, бірақ Тазша кірмейді. Дана тазша қыздың жүріс-тұрысын білу үшін ұйықтамай андып жатады. Сонан түн ортасы ауа бір жігіт келеді. Бұл жігіт атын байлап отауға кіреді. Отауға кіргеннен кейін қызбен амандасып, сөзін бастайды. Бұл жігіт Сарсанбай деген байдың Күнкіл деген баласы еді. Бұл ертеден Қайранханның Күнсұлу қызын алмақ болған адамның біреуі еді. Күнсұлуды ұзатпақ болып ақ отауға кіргізгенін естіп, күндіз келуге Тазшадан қорқып, жасырынып күнде келгені екен. Тазша отау сыртында жатып айтқан өңгімелерін құлақ салып тыңдайды. Күнсұлу тұрып Күнкілге былай дейді:

— Сен мені бүгін түнде алып қаш, одан басқа мен саған жоқпын,— дейді. Күнкіл тұрып мынаны айтады:

— Мен сені алып қашам, сен әзір бол,— дейді.— Мен қанатты қара ат, қалжың торы атпен бірін мініп, бірін жетегіме алып келермін,— деп уәде береді. Сонан Күнкіл жүріп кетеді. Артынан Тазша жаяу қуып Күнкілдің барған жеріне бұ да жетеді. Күнкіл өз жылқысына келіп қанатты қара ат пен қалжың торы атты құрық салып ұстап, жүген салып құрықтап, аяғына байлап бір ұйықтап оянып барармын деп, ұйқыға кетеді. Ұйықтаған Күнкілдің үстіне келіп Тазша да жетеді. Жатқан жерде Күнкілдің аяқ-қолын байлап, атқа өңгеріп алдына алып, екінші атты жетегіне алып, Сарсанбайдың елі кайдасын деп жүріп кетеді. Бірер мезгіл жүрген соң Сарсанбайдың үйіне келіп жетеді. Сарсанбайды шақырып алып байлаулы баласын тапсырады. «Мына балаң менің алған қалыңдығыма қол салды, сондықтан өлтірмей тірі өзіне алып келдім»,— деді. Бай разы

болып екі атты, ер-тұрманымен Күңкілдің сырт киімін, бешпент-шалбарын, бөрік, қамшысын Тазшаға сый етіп береді. Тазша берген сыйды құп алып, киініп, атына мініп, бірін жетегіне алып, аумаған манағы жігіт болып қызға келеді. Келсе қыз әзір екен, отауды жығып атқа артып жүріп кетеді. Келе жатып қыз аттан түседі. Сол жерде Тазшаны таниды. Қыз жүріп мынаны айтады: «Құдайымның қосқаны болмаса адамның таңдағаны болмайды екен»,— депті. Содан кейін жүріп отырып сәскеде бір көл жағасына келіп түседі. Сонан отауды тігіп, Күнсұлу шай қайнатады. Тазша аттарды суарып тұсауға кетеді. Сонан Күнсұлу шай қайнатып қойып, сыртқа шығып Тазшаны күтеді. Күнсұлудың сұлулығы мынадай болыпты. Өзі күнмен шағылысқан қиғаш қасты, сүмбіл шашты, оймақ ауыз, қысаң бел, көрген адам көзі тоймай өзі келетін болыпты. Сонан көлден аз ғана қашық ел болыпты, осы елдің ханы сыртқа шықса, күнмен шағылысқан сұлуды көріп «неткен жан» деп, білмек болып тігілген отау сыртындағы Күнсұлуға келеді. Келіп амандасып жөн сұрайды. «Неткен жансын осындай жерге қоныс еткендей» деп, мұнадарсып аяғандық әдет, әдеп білдіреді. Сонан Күнсұлу тұрып жауап береді: «Әкем мені ұзатты, ана жүрген күйеуім болады»,— дейді. Хан: «Күйеуің келген соң айт, маған қос бала болсын, сан дәулет, енші, бөлек үй берем»,— дейді. Күнсұлу: «Жарайды, айтайын»,— деп хош алады. Сонан Тазша келеді, келіп шай ішуге кіріседі. Екеуі шай ішіп отырып Күнсұлу Тазшаға ханның сөзін айтады. Тазша «олай болса баралық, қамқорлығын қаралық» деп, атты алып келіп отауды артып сүйгені Күнсұлумен манағы ханның еліне келеді. Ханның ақ мұнаралы үйін көріп ешқайда бұрылмастан сонда келіп түседі. Хан Тазшаны қарсы алып бөлек үй, дүние-мүлік береді. Тазша ханға қол бала болып, Күнсұлумен ойнап жүріп бірнеше күнді өткізеді. Ханның бұлай құрметтеуі Тазшадан қызды алудың бір тәсілі еді. Сонымен хан мынандай ақыл табады. Бір күні өтірік ауырады. Сонан уәзірлерінің бірін жіберіп, Тазшаны шақыртып алып мынаны айтады:

— Сен менің балам болсаң, мені тәуір болсын десең, маған «Барса келмес» деген жер бар, сонан екі қасық бал әкелсең мен ауруымнан айығамын,— дейді. Сонан Тазша Күнсұлуға келіп ақылдасады. Күнсұлу Тазшаны шын сүйгенім деп санап, білгенін аямай мынандай қысқа кеңес береді. «Ол «Барса келмес» деген жер рас бар дейді. Шылан дала құбылада бір құдық бар дейді, онда ешкім бармайды, барса қайтып келе алмайды дейді. Сол құдықтың ішінде орта белінен бал, аузында екі түрлі жібек арқан, бірі — қызыл, екіншісі — көк. Содан ұстап түссең, үзіліп балға батып жоқ боласын дейді. Сен атына мін, мына шылбыр арқанды ал, беліне байлап және атыңның

мойнына байлап түс, бір қасық бал же, екі қасық балды ал, артық алма, артық жеме»,— деп ақылын айтып жолға аттандырады. Тазша бірнеше күн жүріп құлазыған далада тұрған бір құдыққа келеді, келсе Күнсұлудың айтқанының бәрі рас екен. Сонан бөліне арқанын байлап, бір жағын атының мойнына байлап құдыққа түседі, түсіп бір қасық бал жеп, екі қасық бал алып кейін шығады. Сонан тазша кеткен соң Күнсұлуды хан шақырады. Күнсұлу бармайды. Уәзірлер мынаны айтады:

— Сенің күйеуің «Барса келмеске» кетті, ол енді саған жоқ, бөрібір хан сені алады,— деп кеңес қылады. Күнсұлу «Бармаймын» деп, мынаны айтады:

— Тірі кетті күтемін, құдай жолын оңарса келеді,— деп бармайды. Сонан екінші уәзір Күнсұлуды шақыруға келсе, Тазша қасында екеуі ойнап-күліп отыр екен, есінен танып ілгері басқан қадамы кейін кетін, жүгірумен ханға келеді, келін еңтіккен бойымен: «Тақсыр хан, «Барса келмеске» жіберген Тазшамыз келіп қалыпты, Күнсұлудың қасында»,— деп сөзін аяқтайды. «Былшылдаған неме, «Барса келмеске» кеткен Тазша келетін бе еді, жоғал көзге көрінбей»,— деп хан зекіріп, осыны айтқан уәзірдің басын алады. «Міне, саған Тазша»,— деп. Сонан тағы бір уәзірін жібереді. О да көп кешікпей кейін ханға келіп: «Тақсыр хан, рас»,— деп жауап беріпті, «болса болсын» деп, өтірік күркілдеп, хан Тазшаны күтіп жата берді. Сонан келген болып балды алып өгей әкесінің халін білуге Тазша келеді. Келсе, хан төсекте шалқасынан түсіп сұлап жатыр екен. «Ә, балам, келдің бе, сені күте-күте жүдеп біттім»,— деп хан басын көтеріп, Тазшаның қолын алады. Тазша ештеңе сезбеген болып: «Өте жүдегенсің»,— дейді. Сонан балды беріп, бір қырмызы шапан киеді. Тазшаны екінші жолға аттандыру үшін хан сонан тағы амал табады. Тазшаға мынадай жұмыс тапсырады. «Күнбатыс жақта Қалқантау деген тау бар, сол таудың етегінде көлшік су бар. Сол суда аждаһа жылан бар. Сол жыланнан өлтіріп бір кесе түкірік әкелсең сонымен сылап мені бақсы жазады»,— деп хан сөзін аяқтады. Тазша: «Жарайды, барайын»,— деп үйден шығып, үйіне келеді. Күнсұлу Тазшаның алдынан шығып қарсы алып, «тағы қандай іс тапсырды» деп сұрапты. Тазша тұрып «қиын іс берді» деп, ханның айтқан тапсырмасын Күнсұлуға түгел айтып берді. Күнсұлу:

— Саспа, сені отқа салғызбаспын,— деп ақылын кеңес етіп айтты. «Мен жас күнімде кім сүйгенім болса, соған қару болсын деп арнап мына алмасты қақтырып алған едім, ұзындығы алты қарыс. Бұл саған қару болар, жолың алыс»,— деп, киімінің арасынан алты қарыс ақ алмасты суырып берін, осылай етіп мынаны айтты: «Сен үйден шығасың, үш күндік жерден аждаһаның өзіне тартқан лебі дауыл болып бетіңе соғады, одан

тайсалма, қаһарланып қарсы жүр. Бір күншілік жерден жұтады, ат-матыңмен аузына кіресің, таудай кара жылан жатқан шығар, бірақ қорықпа, сол жерде кесен өзі түкірікке толады, аждаһаның ішіне атыңмен кіріп бара жатып, алмасты оң қолыңа ұстап, құлашыңды кере серме. Сонда жыланды екі жарып өзін бүйірінен шығасың. Сосын бір ұртынан бір қыз шығады. Оны тастамай ала кел»,— деп Тазшаның ас-суын беріп жолға салып, қолын алып, хош айтысып қалады. Тазша батысқа бет алып бірнеше күннен кейін бір керемет дауылға ұшырасады. Күнсұлудың айтқанын есіне алып айбаттанып қарсы шабады. Енді екі күннен соң, еріксіз жетектеп алға сүйрейді. Тазша алмасты оң қолына ұстап сол бетімен құлдырап бір үңгірге кіріп бара жатып ақ алмасын кере сермеп жок болды. Сонан біраздан кейін атымен аман жыланның бүйірін жарып жарыққа шығады. Шығып айналаға көзін салса, қасында аймен шағылысқан бір сұлу қызды көреді. Күнсұлудың айтқаны осы ғой деп, қызды қолынан жетектеп түкірік толы кесесін жерден алып атына мініп, қызды алдына мінгестіріп «қайран ел қайдасың» деп, жолсыз даламен келген жағын шамамен жорытып шауып, жөнін тауып еліне бет алды.

Күнсұлуды Тазша жоқта хан тағы шақырып маза бермеді. Күнсұлу:

— Тірі болса Тазша өзі келеді,— деп хан сөзіне көңіл бөлмеді. Сонан күндер өтіп, түндер өтіп дана Тазша салып соғып еліне келеді. Келсе, үйінде Күнсұлу аңсап күтін отыр екен, Тазшаны күшактап сүйіп шай кайнатып әкелуге сыртқа шықты. Біраздан кейін шай да әзір болды. Тазшаның Күнсұлуға көңілі толды. Екі сұлу екі жағында, өзі ортасында, шайды бұрқыратып ішіп отырғанда, ханның бір уәзірі кірін келеді. Өзінен-өзі шошынып Тазшаны көргенде көзі карайып сүрініп құлап, кейін шыға жөнелді. Сол бойымен жүгіріп ханға келіп:

— Таксыр хан, Тазшаға бір сұлуды көпсінсен енді қос сұлу қылып қойыпты, екі сұлу екі жағында, үйіне келін шай ішіп отыр,— деді. Хан отырып: «Мынаның жоғалтындар карасын, жын қаққан көзіне жын Тазша болып көрініп, міне, сандырақтап тұрғанын, кес басын, көрсетпе көзіме»,—деп бұйырды.

Сорлы уәзір:

— Ойбай, таксыр, рас,— деп басын алдырды. Сонан тағы бір уәзірін жіберді, о да осы сөзбен келіп, мойны мен басын қылышқа кескізіп, кеудесі бассыз қалып өзі дүниеден жоқ болды.

Сонан Тазша ханға келді. Келіп сәлемін алып, саламатын ханның қолына ұстатты. Хан разы болып, айтқанын келтіргені үшін Тазшаға тағы бір қырмызы шапан кигізді. Сонан Тазшаға хан айтты:

— Бұл аурудан айығудан қалдым, енді саған актық жұмыс

тапсырам,— деп хан сөзін бастады: «Осы арадан он күндік жер, Қособа деген жерде Мардан деген пері бар. Сол перінің өзінің қойы бар, содан маған бір ақ қой, бір қара қой әкелсең ақ жабағы, қара жабағымен қақтырып, етін асып, садақаға етін жүртқа таратса, менің тәуір болуым мүмкін»,— деді. Тазша:

— Айтқаныңды орындайын шамам келсе,— деп сол бойымен үйіне келді.

Үйге келін Күнсұлуға:

— Хан мынандай ақтық тапсырма берді, соны орындауға ақыл қос,— деді.

Күнсұлу тұрып:

— Көне, айтып көр, қолымнан келсе аянбайын,— деді.

Тазша тұрып:

— Қособа деген жерде Мардан деген пері бар дейді, сол перінің қойынан екі қой: біреуі — ақ, біреуі — қара қой әкелуге қосты,— дейді.

Күнсұлу бұған:

— Менен ақыл сұрама, енді мына соңғы алған тоқалың Айсұлудан сұра,— деп кеңес етті. Сонан Айсұлу сөзін бастады.

— Ол пері менің әкем, оның қазір төрт жарым мың қойы бар, бес мыңға толтырып Мардұқа деген құдайы бар соған тапсырады, көптен жинап толтыра алмай жүр, қолына түссең оңды қылмайды,— деді.— Мен саған бару тәсілі мен қойды алу тәсілін түсіндірем, тек орында,— деп мынаны тапсырды: «Қособаға жақын қалғанда бір күндік жерден әкемнің құс болып қиқулап, мысық болып мияулап, ит болып үріп, түрлі дауыспен қойын баққан даусын естисің. Жарты күндік жерден өзін көресің. Ыссыда, тұс мезгілде Қособаның жанына қойын иіріп өзі дем алуға жатады. Сол уақытта екі қойды бөлін айдап қаш. Егер артыңнан қуса «құдайың Мардұқамын!» деп айқай сал. Егер бұл сөзді ұмытсаң сен бізге жоқсың!»— деп Айсұлу сөзін аяқтады.

Тазша атына мініп хан тапсырмасын орындауға үшінші рет жолға шықты. Күн жүріп, түн жүріп қой баққан Мардан перінің шуын естіді. Жарты күндік жерден бұлдыраған Қособаны көріп көпілі толды. Сонан шаңқай түстің шамасында Мардан пері дем алып жатқан шамада қойға келіп бір ақ қой, бір қара қой бөліп алып, айдап қашты. Біраздан кейін артынан құс болып қиқулап, мысық болып мияулап, ит болып үріп келе жатқан Мардан періні көріп айқайлайын десе, құдайының аты есіне түспей, «құдайың мына мен» деп айқай салды.

Пері сөзіне құлақ аспай тап қуып жетуге аз-ақ қалғанда, Тазша жаман сасып, қыздың айтқанын әрең есіне алып, «құдайың Мардұқамын» деп айқай салды. Мардан жын шулап-улап, ыпырысып кейін кетті. Періден құтылып Тазша еліне беттеді.

Тазша кеткен соң хан Айсұлу мен Күнсұлуды шақыртты.

— Күйеуіңіз бәрібір енді келмейді, сендерге жоқ,— деп. Тазшаның екі әйелі де хан сөзіне құлақ салмай, бармай Тазшаны күтіп отыра беріпті. Бірнеше күн жүріп үйіне Тазша келеді. Айсұлу мен Күнсұлу Тазшаны қаусыра құшақтап, мейірлері қанғанша сүйіседі. Айсұлу мен Күнсұлуды ханға шақыруға тағы бір уәзірі Тазшаның үйіне кіріп келеді. Келсе, Тазша екі жары қасында, барымен асыр салып күліп-ойнап отырады. Әкелген қойы шоланда қамаулы бармын дегендей, «ма-а!» деп маңырап даусын шығарады. Сонан уәзір асып-сасып, етегі мен жеңін басып, жүрегін қолына алар-алмас ұрып ханға келеді.

— Ойбай, тақсыр, қайда жіберсең де еш амал таба алмайсың. Тазша тағы келіп қалыпты. Екі сұлу екі жағында асыр салып ойнап отыр,— деп тазшаның келгенін баян етті. Хан нанбай, өзі ақымақтығына қарамай, уәзірді ақымақ деп, дарға асуға бұйрық береді.

Сонан бұл уәзірді дарға асады, қанын судай шашады. Бұл уәзірден кейін Тазшаны білмекке үш хабаршы барып үшеуі де басын алғызыпты. Сонан Тазша ханның үйіне өзі келіп иіліп сәлем беріп: «Жұмысыңызды орындадым, тақсыр хан!»— деп әкелген қойларын баян етті. Хан алты ай кезік болғандай жәдігәйсін, мүсәпірсін, «жүдеп біттім деп, тапсырмамды орындағаның үшін сыйлығым» деп, бір қырмызы шапан береді. Тазша ханның берген сыйлығын алып үйіне келеді. Үш қайтара берген тапсырмасын бұлжытпай орындап, демін бір алып үйінде жатады. Хан енді өтірік ауруынан тәуір болып тұрады. Сонан Тазшаны шақыртып мұндай бұйрық береді:

— Бір күнде қырық арба қара май, қырық арба көмір қазып шығар,— депті.

Тазша ханның берген бұйрығын бір күнде орындап, қырық арба қара май мен қырық арба көмірді қазып шығарып, тау етіп үйіп тастапты. Сонан хан халқын жинап төрт балуан адамы мен төрт түйе әкелтіп, мынандай бұйрық береді:

— Тазшаны ұстап әкеліп, екі қолын екі түйенің мойнына, екі аяғын екі түйенің мойнына байлап өлтіруге,— деп. Ханның сөзін шабармандары екі етпей орындап, Тазшаны ұстап әкеліп, екі қолын екі түйенің мойнына, екі аяғын екі түйенің мойнына байлап төрт жаққа жетектеп қолын қол, бұтын бұт қылып айырып өлтірмек болып ұйғарады. Тазшаны байлап болып, төрт түйені төрт жаққа жетектепті. Тазша аспай-саспай күшін жиып шіреніп талпынып тебінгенде, төрт түйе төрт адамымен төрт жаққа қаңбақтай қалбалаң етіп ұшып кетеді. Бар халық таң қалып Тазшаның күшіне сүйсініп, «ұл тусаң осындай ту» деп, шулап қоя беріпті. Хан қандай амал істесе де, Тазшадан құтыла алмайтын болды. Сонан Тазшаның қазып шығарған қырық арба

кара майын, қырық арба көмірін бұйрық беріп өртетіпті. Тазшаның аяғы мен қолын қосып байлап қаулаған қызыл жалын өрттің ортасына тастатыпты. Бұл ханның зорлығын көріп тұрған Айсұлу мен Күнсұлу жанын сол Тазша жолында беруге бейім болғандықтан, қанша айтса да, сұмдығы асқан пері қызы Айсұлу, күйеуі Тазшаны өрттің екінші жағынан кіріп суырып алып шығыпты. Сонан кейін Тазша ханды ұстап алып меніндіріп, өзі хан киімін киіп, ханды қызыл өрттің ортасына лақтырып жіберіпті. Сонымен үш күннен соң өрт сөніпті. Ханның уәзірлері «Тазшадан құтылдық, Тазша өлді, енді жесір жас келіншек ханға қалды» деп қуанысып шуласыпты.

Сонан Тазша тұрып барып:

— Қарандар, адамның қанына тоймаған, жауыздық ойлаған, кара ниет ханыңыз өліп пе, әлде Тазша хан орнына хан болып тіріліп келіп пе?— депті.

Тексеріп караса өлген ханның өзі болып шығыпты.

Сүйтіп біреуге өлім ойлаған жауыз ханның өзі өртеніп сүйегі күл болып көмір мен кара майға араласып алас ұрып, дүниеден өтіпті. Дана Тазша ханның ордасын ойран қылып, байлығын әділдікпен тең етіп, сөл жоқ, жұқа халқына бөліп беріпті. Тазшаның даналығына сенген жұрты осы елдің басы деп танып, барлық халқы Тазшаның соңынан еріпті. Сүйтіп бірнеше жылдар өтіп Күнсұлу жүкті болып, тоғыз ай, тоғыз күн болып, ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу бір ұл тауыпты. Тазша бұл ұлының атын Мұрат қойыпты. Тазша Қаштаңбайдан сатып алған түсін өңде шын етіп орындапты. Түс болған уақиға өңде аумай келіпті. Енді түсінің аумай шешілуі: оң жағынан туған ай — Айсұлу атты сүйгені, сол жағынан туған күн — Күнсұлу атты сүйгені, ортасына тұрған бұлт Күнсұлу тапқан Мұрат — ұлы, бұлт астында тұрған қас — Тазша төсіне алып, Мұратты еркелетіп жатқанда дәрет етіп қойыпты. Сол ұлының кіші дәреті Тазшаның кіндігінің шұқырына күн жауғандағы қақтай дөңгеленіп тұрыпты. Көрген түс өңде орындалып осылай шешіліп жорылып болыпты. Көп айтып, аз айтып созғанда Айсұлу оңында, Күнсұлуы солында, Мұрат ұлы қолында, Тазша сүйтіп мұратына жетіпті. Елін билеп әділдікпен бұл дүниеден өтіпті, ол дүние есігіне өмірлікке кетіпті.

АРҒЫ МЕРГЕН



ұрынғы өткен қазақ заманында бір Арғы мерген деген мерген шыққан екен. Қазақ қарияларынан естуімше оның өзі ылғи қылатын кәсібі аң аулап, сол алған аңдарының етін жеп сонымен күн көрсе керек. Өзі әбден жанкешті болып алған, басы кайда ауса сол жаққа мылтығын иығына салып кете беретін болған. Енді мұнын сыры жұртқа да айқын. Бір күн қос құлаңын алып елсізге, аннан басқа еш ел жоқ жаққа кетеді. Сол кеткеннен екі жыл жүріп қайтып келпті. Екі жыл жоғалып кеткен адамы қайтып келгеннен соң ауыл қариялары жиылып келіп:

— Шырағым, Арғыжан, сен екі жылдан бері далада жүрп не сыр көрдің?— деп сұрайды.

Арғыекең байғұс көрген-білгендерінің бәрін де сайрай бастайды. «Мен кеткеннен бері адам көрмеген екі оқиға көрдім дейді. Біреуі — Күнде аң аулап келіп жататын жеріме алып келген аңдарымның етін қайнатып отыр едім, қас қарайып қалған еді. Атымды дөңнін басына байлап қойғанмын»,— депті.

Одан әрі оқиға былай болған екен.

Аты ішін тарта пысқырып, күнде мұндай сыр бермейтін аты бүгін танауын тартып оскыра берген соң, Арғыекең батыр да жан-жағына қараса қарандап сылдырап біреу келе жатыр екен. Бұл орнында отыра береді. Сол арада жанағы қарайып келе жатқан бір жас әйел екен. Қасына келіп отырады. Арғыекең етін түсіріп енді асты жеуге келеді. Үйіне келген мейманға қызмет кылайын деп қолына құмғанды ала жүгіреді. Ол: «Өзім жуамын!»— деп, теріс қарап жуады. Екеуі асты ортаға алып жейді. Бірақ әйел қолын көрсетпей жеңімен тасалап жейді. Және жеген уақытта қолы табақ түбіне тисе тақырлайды. Арғы мерген сүйек кемірейін десе:

— Асылды асылға салмаңыз!— дейді. Айтқан жауабынын болғаны сол. Енді кетер мезгілге келген соң: «Неге келдіңіз?»— дейді Арғы.

Әйел:

— Аулымыз көшіп келіп еді. Отқа келдім,— дейді. Отын алып кетеді. Кеткеннен соң Арғыекең:

— Бұл пәле ғой, маған дос емес қой,— деп, үйінен ор қазып, төрдің алдына томарды жатқызып қояды. Түн жарым болғанда жануар торқасқа және де пысқырады. Сол арада манағы әйел келіп, отқа қолын көсеп:

— Арғы мерген сен бе?— деп томарға қолын салады. «Арғы мерген десе, арық-ақ екенсің ғой, шіркін»,— дейді.

Арғыекен мылтықты басып салады. «Ойбай!»— деп ұра жөнейді. Жанағы жерге жарық кылып қараса, бір қолын оқ жұлып алып қалған екен. Қараса алтын, қалтасына салып алады. Енді таң атты. Бұл жерден көтеріліп басқа жаққа кетеді. Және де арадан неше күндер өткеннен соң бір күні аң аулап жүрін көлдің басына келеді. Көлдің жағасында бір әйел отыр екен. Бара соған Арғыекен асылып қалады. Біраздан соң тұрып қараса, жанағы қатыны басына құстар санғып тастаған томар екен. Арғыекен:

— Әу, мен далада жүрген екенмін ғой,— деп енді елге қарап жол тартты. Елге қайтып келе жатып бір шаһардың үстінен түседі. Келіп шаһардың ішін аралап қараса, адам жоқ анырап тұрған бір там. Ең шеткі тамда бір қыз отыр. Екеуі сол арада көрісіп, жыласып табысады. Енді екеуі ерлі-қатын болып жүреді. Арада неше күндер өткен соң сол уақта атам қазақтың ішінен бір Қожайын саудагер деген шыққан екен. Ол өзі көрмеген пәлесі жоқ екен. Арғыекеннің бақытына сол кездесін жанағы жерде жолығып амандасып болған соң, Арғы мергенге айтады:

— Шырақ, сенің қатының айдаһар екен,— дейді... Ертерек құтылу қамына кіріспесең өзінді жұтып қояды,— дейді.

— Қалайша білдіңіз?— дейді Арғы.

— Үйіңе барып аузына қара, айдаһардың төрт тісі болады және де кіндігі жоқ болады,— дейді. Үйіне барып қараса, Қожаекеннің айтқан жерінен шығады. Қайтып келіп: «Енді мұнан қалайша құтыламын?»— дейді.

— Мұнан құтылу үшін үйіңе барып алда!— дейді. «Менің көп елім бар, соған барамыз де, сонда көнеді»,— дейді. Үйіне барып жанағы сөздің бәрін айтады. «Мақұл!»— деп көнеді. Енді екеуі саудагердің екі түйесіне мініп жөнейді. Қожайын саудагер айтады:

— Айдаһар суға шыдамайды. Өзін жасырып су ал,— дейді.— Мақұл!— деп өзіне су алады. Екеуі жол жүріп келе жатып көп жерге жүрген соң:

— Су тап, шөлдедім,— дейді әйел.

— Ойбай, анау ойда, мынау ойда,— деп біраз жол жүреді. Жүлө көнбеген соң: «Сен осы жерде тұр, мен су алып келейін»,— деп сары атанды қамшылап жөнейді. Бір уақытта айқай шығады: «Өлдім!»— деп. Қарамайды айқайға. Енді жауын болып, ыңғырық шамалы тұрады да, шарт етіп басылады. Барса, көк жал боп айдаһар жатыр, алдын орап арқа терісінен кесіп алады. Енді амандықпен елге барған соң осылардың бәрін айтады.

БАҚЫТТЫ БАСҚА ТЕПКЕН АДАМ



ағдат шаһарында бір жігіт болған екен. Бір күні түсінде Қызыр жолығып: «Мен Ніл дариясының жағасында бір бәйтеректің қасында тұрамын, сен маған кел, саған батамды беремін. Сен бақытты боласың»,— дейді. Жігіт оянып көзін ашса, таң атып келе жатыр екен. Жігіт:

«Япырау, бұл түсім қалай түс, мүмкін, рас түс болып шығар мен сол бәйтерекке барып көрейін»,— деп шаһардың ұзын көшесімен жүгіре басып келе жатса, Бағдат шаһарының патшасы терезесін ашып қойып, көшеге қарап отыр екен. Асыға басып бара жатқан жігітті көріп, патша шақырып алады:

— Сен, жігіт, жұрт тұрмай асығып қайда барасың, бір нәрсеге қуанып барасың ба, я болмаса бір нәрседен қорқып, қашып барасың ба?— дейді. Жігіт:

— Таксыр, патша, мен бүгін түсімде Қызырды көрдім, ол кісі: «Мен сені Ніл дариясының жағасында күтемін, сен маған кел, мен батамды беремін, содан соң сен бақытты боласың»,— деді. Осы түсім рас болар деп, сол Қызырды іздеп барамын,— дейді. Патша: «Олай болса, түсін қайырлы болсын, расқа шықсын. Егер де Қызырға жолықсаң, саған мен бір аманат сөз тапсырайын. Мен осы Бағдат шаһарының патшасымын, менің қол астымдағы елім егін салады, бірақ егіндері көк сабан болып жетіледі де, басына дән бітпейді. Соның мәнісін Қызырдан сұрай кел. Келген соң Қызырдың не дегенін айт»,— дейді. Жігіт сұрамақшы болып, патшамен уағда қылып жүріп кетеді.

Жүгіре басқан бойымен шаһардың шетіне шығады. Шаһардың шет жағында, Бағдаттың бір байы бар екен. Бай ерте тұрып, корасының қасындағы бақшасын аралап жүріп, асыға жүгіріп бара жатқан жігітті көреді. Бай бұл неткен адам деп, шақырып, жөн сұрайды. Бай: «Сенің жүрісің өте асығыс қой, бір нәрсеге қуанып барасың ба, я болмаса бір нәрседен қорқып, қашып барасың ба, маған жөнін айт»,— дейді. Жігіт манағы патшаға айтқандай көрген түсін баяндайды. Бай: «Олай болса, түсін қайырлы болсын, егер де Қызырға жолықсаң, саған мен бір аманат сөз тапсырайын, соны Қызырдан сұрай кел, менің бір егін салатын жерім бар, егінім бойға жетіп шығады. Басына дән де бітеді, бірақ дәнi көк бойында солып, адам пайдасына жарамай қалады. Соның себебі не екен?»— дейді. Жігіт сұрай келуге уәде қылып, жүріп кетеді.

Шаһардан төрт шақырым шыққан соң, жолдың қырында бір айдаһарға кездеседі. Айдаһар жігітті қасына шақырып алып:

— Иә, адам баласы, сен осыншама асығып қайда барасың,

бара жатқан сапарынды айт,— дейді. Сонда жігіт манағы патша мен байға айтқанын айтады. Айдаһар:

— Олай болса, жігітім, түсің қайырлы болсын, егер де сен Қызырға жолықсаң, мен бір аманат сөз тапсырайын, сол сөзімді сұрай кел. Мен жеті жыл болды, осы жолдың қырында ауырып жатырмын, істемеген емім жоқ, сонын бірі де ем болмады. Менің ауруыма не ем болар екен?— дейді. Жігіт: «Жарайды, патша мен байдың сіз сияқты тапсырған аманаты бар еді, баршаңыздың сөздеріңізді түгел сұрай келейін»,— дейді.

Айдаһар: «Патша мен бай қандай аманат сөз тапсырды?»— деп сұрайды. Жігіт айдаһарға патша мен байдың аманаттарын жасырмай айтып, аялдамай жүріп кетеді.

Содан жігіт жүгіре басып, түсінде айтылған жерден Қызырды табады, барып сәлем берін, сөйлеседі. Қызыр:

— Ал, жігітім, жай қолынды, батамды берейін,— дейді. Жігіт қолын жайып, Қызырдың батасын алады да: «Және екі адам, бір айдаһар сізден сұрай кел деп аманат сөз тапсырған еді, соны сұрауға рұқсат болар ма екен?»— деп сұрайды. Қызыр:

— Сұраңыз,— дейді. Сонда жігіт патшаның, байдың, айдаһардың тапсырған сөздерін бастан-аяқ айтып береді.

Қызыр бұлардың сұраған сөздерін естіп болып, мынадай жауап береді.

— Патшана айт, қол астындағы елінің салған егінінің піспей қалатын себебі, патша өзі бой жеткен қыз, өзінің өміріне қарсылық қылып, ерге шықпай отыр екен, егерде ерге шыкса, қол астындағы елінің егіні шығып, дәні піседі. Екінші, байға айт, байдың егіні шығып, дәні піспей қалатын себебі, егін салған жерінде ат басындай алтын бар екен, сол алтынды қазып алса, жер астындағы алтынның буы тоқтап, егіні дән байлап пісетін болады. Үшінші, айдаһарға мынаны айт, жеті жылдай ауруына ем конбаса, бақытты басқа тепкен адамның басын жесін, сонда ауруынан жазылады.

Қызыр осы сөздерді айтып ғайып болды. Жігіт қуана-қуана Бағдат шаһарына қайтып келеді. Үйіне бір күн қонып, патшаның аманат тапсырған сөзінің мәнін айтқалы патшаға барады. Патша:

— Қызырға жолықтың ба? Менің аманат сөзімді сұрадың ба?— дейді.

— Жолықтым, сіздің сұрағыңызға берген жауабы мынау: сіз өзіңіз бой жеткен қыз екенсіз, еркек киімін киіп, еркек болып патшалық құрып жүр екенсіз. Сіздің бой жетіп, ерге шықпаған кесіріңіз елге тиіп, елдің егіні шықпай жүр екен, Қызыр өз еліндегі бір жігітке тисін деді,— дейді жігіт.

— Қызыр ақсақал осылай деген болса, рас мен қыз едім. Ерге

шықпаған кесірім еліме тиіп жүр екен, ал менің орныма патша болып, такка отыр!— дейді патша.

— Жок, мен сізді алып патша болмаймын, Қызыр ақсақал бата берген соң, бақыт-дәулет өзі де қонады,— деп жігіт патша қызды алмай, шығып кетеді.

Содан кейін байға барады. Байға да Қызырдың айтқанын айтады.

— Қызыр олай деген болса, мен сізге сол алтынды сыйладым. Сіз барып қазып алыңыз, менің басқа дәулетім де өзіме жетеді,— дейді бай жігітке.

Сонда жігіт: «Мен Қызырдан бата алған кісімін. Маған бақ-дәулет өзінен-өзі-ақ келеді, жер қазып бейнеттенерім жок»,— деп, енді ауру айдаһарға келеді. Қызырдың айтқанын оған да айтады.

Сонда айдаһар: «Патшаның, байдың тапсырған сөзін Қызырға айттың ба?»— дейді.

— Айттым,— дейді жігіт:

— Олар саған не айтты?

— Патша «мені алып орныма патша бол» деді, бай «өз дәулетім де жетеді, алтынды сен қазып ал!» деді. Мен Қызырдан бата алғаннан кейін бақ-дәулет өзі де қонады деп, патшалығын да, алтынын да алмадым,— дейді жігіт.

Сонда айдаһар:

— Әй, ақымақ! Патшалық — бақыт еді, алтын — дәулет еді. Маған Қызыр «бақытты басқа тепкен адамның басын же, ем» десе, сенен артық бақытты басқа тепкен адам табылмас,— деп жігітті бас салып, басын шайнап, жұтып жіберіпті.

ТАЛАПТЫ ЖАСҚА АТАНЫҢ ӨСИЕТІ



ұрынғы өткен заманда бір үлкен бай болыпты. Ол бай шалдың екі көзі соқыр екен. Баласы жас екен. Бір күні басқа байлардың балалары мал айдап дүниелік әкелуге бір шаһарға жүрмек болып дайындалыпты. Солардың дайындығын естіген соқыр шал отырып қатты күрсініпті. Сол кезде қасында отырған баласы: «Әке, неге күрсіндіңіз?»— деп сұрақ қояды. Сол кезде әкесі:

— Балам, сенің жастығың есіме түсіп отыр, сен ересек болсаң осы балалармен бірге сонда барып келер едің ғой,— депті. Әкесіне сөзін аяқтатпастан, баласы:

— Әке, мен барам, мал бөліп бер,— деп мазасын алыпты.

Баласы әкесінің мазасын алып болмаған соң, әкесі: «Барсаң бар, балам, бірақ та өзіңе тиісті жолдас ізде. Ол жолдастың ақысын төлерміз. Ал жолдас іздеп, тапқан жолдасыңды үйге ертіп келе жатқанда, ауылға жақындағанда ол әкеле жатқан жолдасыңа былай де: «Біздің үй анау тұрған. Сіз жүре беріңіз, мен алдында жатқан малды қайырып барайын де». Сол кезде саған қарамай үйге келсе, ол адам саған жолдас бола алмайды»,— депті. Баласы:

— Жарайды,— деп жолдас іздеуге кіріседі. Атка мініп жолдас іздеп келе жатса, бір адам кездесіпті. Сол адаммен сөйлесіп жолдас етуге келісіп, үйіне алып жүреді. Сөйтіп малының шетіне келгенде әкесінің айтқаны есінде бар, бала:

— Қария, сіз жүре беріңіз. Біздің үй анау тұрған. Мен мына малды қайырып барайын,— депті. Сол кезде ол жолдасы тура тартып үйіне кетіпті. Сөйтіп бала да келді.

Ертесіне ол кісінің алып келген айыбын төлеп қайтарыпты. Міне, бала тағы жолдас іздеп жолға шығады. Сөйтіп ол келе жатса, алдында бір бала көтерген жас әйел жылап келе жатыр екен. Оның артынан бір сарт келеді, иығында кетпені бар. Міне бұл бала оларды тоқтатып: «Бұл нендей уақиға, сіз неге жылайсыз?»— депті. Сол кезде әйел:

— Менің күйеуім қайтыс болып еді, соны қою үшін кебін таба алмай мына сарттан қарызға алып қойып едім. Міне сол кебінді уақтында тауып беруге қаражатым келмеді. Енді соны ашып алам деп мені ертіп келеді,— депті. Сонда бала сартқа:

— Кебінің құны қанша тұрады?»— депті. Сонда сарт:

— Кебінім жиырма бес ділда,— депті.

Сонда бала жанынан елу ділда беріп, «енді ризасың ба» деп сұрапты. Сонда сарт «ризамын» деп үйіне қайтыпты. Әйел балаға қайдағы алғысын айтып ол да қайтады. Сөйтіп бала жолдасын іздеп өз жолымен кете береді. Ол бала бір шаһарға келіп бір көшені бойлап келе жатса, алдынан ақ боз атты бір жігіт көшеден көлденең өтіп барады екен. Соның артынан бала келін сәлем берін, оны тоқтатып әңгімелесіп оны жолдас болуға үгіттей бастайды. Сол кезде ол кісі қынжылып бірсыпыра көнбей тұрады да: «Жарайды, қарағым, қабырған қатпаған жас бала екенсің, болсам болайын»,— деп жолдас болып балаға еріп жүреді. Сөйтіп баланың малының шетіне жеткен кезде бала оған: «Ағай, сіз жүре беріңіз, біздің үй анау тұрған. Мен мына малды қайырып барармын»,— депті. Сол кезде жігіт: «Жоқ, қарағым, сенің қабырған қатпаған жас баласың ғой, сен үйіңе барып сусындай бер. Малды мен қайырып барайын»,— деп баланы үйіне жіберіп, малды өзі қайтарып келеді.

Сөйтіп баланың жолдасы енді табылды. Келесі күні малды бөліп беріп баласын жолдасымен екеуін байлардың баласына

қосып шаһарға аттандырып, шал өзі кемпіріне жетелетіп арттарынан айқайлап, мынадай тапсырмалар айтады:

— Осы барғаннан күн бата Сарыөзек деген жерге жетесіңдер. Шөбі шалғын, суы мол жер оған қызығып қонбандар. Одан ары барғанда Ақмола деген жерге күн бата жетесіңдер. Оған да қонбандар, одан ары кеткенде Қызылжар деген жерге күн бата жетесіңдер. Оның да суы мол, шөбі шалғын жер. Оған да қонып жүрмендер. Міне, осы үш жерге қонбандар,— деп шал қала береді. Басқа бай балалары «алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, ол шал не біледі дейсің, жүріңдер, кеттік» деп жүріп кете береді. Сөйтіп олар жүре-жүре күн бата Сарыөзекке жетеді. Айтқандай, шөбі шалғын, суы мол жер екен. Баяғы баланың жолдасы бұл араға қонбаймыз десе, басқа бай балалары «қонамыз, алпыстағы атаңнан ақыл сұрама деген, сол соқыр шал не біледі» дейсің деп болмапты. Балалар тіпті болмаған соң бәрі де сол араға қонады. Кешке жатқаннан кейін бай балалары ұйықтап қалады. Баланың жолдасы ұйықтамай атының қалқасында тұрып күзетіп тұрады. Сол арада елден арттарына бір сары қаншық еріп шығыпты. Сол қаншық шаңқылдап үріп болмапты. Әрине, бұл баланың жолдасы бар жан-жануарлардың тілін біледі екен. Иттің дауысын тындап тұрса, ол ит: «Байқа, ақ боз аттың қалқасында аңдып тұр»,— деп хабарлап тұр екен. Сол арада ол иттің басын кесіп алып, иттің миын түгел алып қағазға орап қалтасына салып алып, басқа аттың қалқасына келіп тұрыпты.

Бірсыпыра уақыт өткеннен кейін біреу сол аттың белін сипап өте бергенде, оның басын қағып тастапты. Сөйтсе, ол жалғыз көзді жалмауыз екен дейді. Оның көзін ойып алып қағазға орап қалтасына салып алып, бәрінің қан-жынын қоймай суға ағызып жіберіпті. Енді жалмауыз кемпірдің келген жағына жүгіріп барса, жер астында үйі бар екен. Ол үйі алтын ділдаға толып тұр екен. Оны көріп, есігін жауып орнына келіп жатып ұйықтай береді.

Сөйтіп таң атады. Балалар орнынан тұрып жатып қарқ-қарқ күлін, киініп «алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, сол шалдың айтқан сөзіне ілесіп қонбай кетсек әлде қайтетін едік» деп, тамақтарын ішіп жүріп кетіп, күн бата Ақмолаға келіп жетіп, баланың жолдасы қонбаймыз десе, балалар болмай отырып тағы қонады. Сөйтіп баланың жолдасына тағы ұйқы жоқ, соларды күзетумен тағы да тұрады. Сөйтіп таң алдында бір жалмауыз келе жатыр екен. Оның басын алып, оның келген жағына барып қараса, соның да үйі алтын ділдаға толып тұр екен. Оның есебін тауып белгілеп кетіпті. Содан қайтып келіп орнына жатып ұйықтап тұрса, балалар күліп тұрып жатыр екен. Тамақ ішіп болып тағы да жүріп кетеді. Сөйтіп күн бата

Қызылжарға келіп жетеді. Міне, бұл жерге де балалар қонамыз деп болмай отырып қонады. Баланың жолдасында еш ұйқы жоқ. Тағы күзетіп тұра береді. Сөйтіп тұрғанда түн ортасы болған кезде анандайда бір қызыл жар бар екен, сол қызыл жардан бір от шығады. Сол от жағалап жақындағанда, күбірлеп сөйлескен сөз естіледі. Сөйтсе, бұл жеті басты жалмауыз екен. Ол шетте тұрған атты сипап өте бергенде оның да басын алып тастап, сол қызыл жарға қарай жүгіріп кетіпті. Сол қызыл жарға келсе, бір үлкен үңгір екен, ішінде ат басы алтын түр екен. Сол үңгірді жарық етіп тұрады екен. Сөйтін ол жанжаққа қараса, бір дәу ұйықтап жатыр екен. Оны өлтіреді. Енді бір ай мен күндей сұлу қыз жатыр екен. Оны олар сиқырмен өлтіріп қойыпты. Міне осыларды көріп, бәрін қайтарда алмақ болып дайындап кетін, орнына келіп жатып таңертең тұрса, балалар күлісін тұрып жатыр: «Міне, алпысқа келген атаңнан ақыл сұрама деген, міне үш жерден де өттік, ештеңе болған жоқ» десіп, тамақтарын ішіп тағы жүріп кетті. Сөйтіп тиісті шаһарына келіп, саудаларын жасап болып, енді елге қайтпақшы болып жүріп кетеді.

Жол-жөнекей бір ауылда бір жиын топты көреді. Сол арада баланың жолдасы балаға: «Сен жүре бер, мені Қызылжардан тос, ал басқалары қарамаса, өзің қал»— депті. Бала «жарайды» деп жүріп кетеді. Сөйтіп әлгі жиын топқа келсе, бір байдың қызы сары қотыр болып ауырып жатыр екен. «Соны кім жазса, соған қызымды берем деп жатыр екен. Оған баяғы баланың жолдасы:

— Мен жазам,— деп келіпті. Оған бай: «Жазсаң қызымды еншісімен бөліп беремін»,— депті. Сөйтіп ол жігіт баяғы иттің миымен сылап жіберсе, қыз әбден жазылып кетеді. Сөйтіп ол оған: «Сен әкеңнен еншіңе он екі түйе қомдап ал»,— депті. Қызы әкесіне:

— Маған еншіге он екі түйе қомдап бер,— депті. Байға бұл қиын емес қой, он екі түйені қомдап береді. Міне ол қызды алып, он екі түйені алып, Қызылжарда жолдасын қуып жетеді. Оның жолдасы мұнда тосып жатыр екен. Сөйтіп ол Қызылжардағы дүниені үш түйеге артып, қызды тірілтіп алады. Сөйтіп Ақмолаға келіп ондағы дүниені үш түйеге артып алып жүрін кетеді. Енді Сарыөзекке келіп ондағы дүниені үш түйеге артып алып, еліне қарай жүріп кетеді. Сөйтіп еліне жақындағанда баланың жолдасы: «Ал, балалар, елге жақындап қалдыңдар, енді өздерің келерсіңдер. Мен байдан барып сүйінші сұрайын»,— деп жүріп кетеді. Сөйтіп ол байға келін сүйінші сұрады:

— Баланыз көп табыспен келеді, екі әйелі бар,— депті. Сол кезде бай:

— Енді арманым жоқ, жалғыз бір арманым — екі көзім,— депті. Сол кезде жігіт: «Екі көзіңді мен жазам!»— деп

жалмауыздың көзімен екі көзіп сүйкеп қалса, көзі шырадай жанып жазылыпты. Сонда шал:

— Ал енді балам келсін. Үш күн, үш түн той жасаймын, содан қалған дүние, мал-жан бәрі сенікі. Міне, сенің сұраған сүйіншіңе,— депті.

Сөйтін баласы келіп, үш күн, үш түн той жасап, төртінші күні екі келіні, баласы, әйелі — бесеуі қол ұстасып үйден шығыпты да:

— Ал, қарағым, қалған мал-дүние сенікі,— депті. Сол кезде жігіт бәрін шақырып алып:

— Сізге рахмет. Сіздің және балаңның пиғылына көп рахмет, маған ештеңе керек емес. Сіздің балаңыз жолдас іздеп жүрін бір әйел мен сартқа кездесіп, әйелді сарттан құтқарып еді. Сол әйелдің өлген күйеуі мен едім, қыдыр болып осыған кездескен едім,— деп аспанға ұшып кетінгі.

Сөйтіп шал байқұс өте жақсы тұрмыста ғұмыр сүрін қала берінті.

ҚОРҚАУ ШАЛ



Ір қорқау кісі болыпты. Ол үйленгеннен кейін әйелі бір ұл тауыпты, тұңғышынан кейінгі баласын «шыр» етіп жерге түскенде-ақ әкесі даяр отырады екен де, өзі жеп қояды екен. Сүйтіп ол жеті баласын жеп қойыпты.

Әйелі тоғызыншы балаға жүкті болады. Жалғыз ұлы әкесінің өз балаларын жеп қоятынын білген соң ендігі бауырын аман алып қалуды ойластырады.

Шешесі толғатып жатқанда бала нәрестені алып қашпаққа даярланады. Әкесі пышағын жалаңдатып, баланы жеймін деп андып отырады. Таңға жақын шал талықсып ұйықтап кетеді. Бала «шыр» етіп жерге түскенде ағасы баланың кіндігін кеседі де, орап алып қаша жөнеледі. Оянып кеткен әкесі тұра қуады. Бірақ бала жеткізбей сол күйі құтылып кетеді. Бала бауырын алып үш шошақтың бауырындағы бір қараша үйге келеді. Ол үйге бауырын бақтырады да, өзі аң аулап, әлгі үйдің кісілерін бағып жүреді. Құтқарып қалған бауыры әйел бала екен. Кейін келе ол едәуір ер жетеді. Ендігі жерде қарындасын ертіп, ел аралап кете барады. Жүре-жүре түнделетіп бір қалаға келеді. Қалада ешкім жоқ. Бір-ақ үйде ғана шам жарығы көрінеді. Баспалап үйге келсе, бір қазан ет асылып тұрады. Сөйтсе ол

адамның еті екен. Енді бір үйде күнгірлеген дауыс шығады. Жасырынып келіп тыңдаса:

— Бұл қаланың адамы таусылды, енді адамды қайдан тауып жейміз?— деп, сөз қылып отырады үйдегілер. Бір заманда біреуі:

— Қазандағы ет піскен шығар, көріп келейін,— деп сыртқа шыға бергенде, оның да басын қағып алады.

— Екеуі бірігіп етті жеп жатыр ма, қарайыншы,— деп шыққан үшіншіні өлтіреді. Сөйтіп алтауын өлтіреді.

— Бәрі жиылып алып етті жеп жатқан көрінеді,— деп асығыс соңғы біреуі шыға бергенде, оның басын қағып қалады. Бірақ, ол осы адам жейтін жеті жалмауыздың бастығы — ең күштісі екен. Қылыш оның бір шекесін ғана қағып түсіреді. Жаралы адам жігітпен алыса кетеді. Алысып жүргенде қорқау бір құдыққа құлап түсіп кетеді. Жігіт құдықтың аузын үлкен тиірмен таспен бастырып қояды да, қорқаулар отырған үйден тінтіп жүріп кілт тауып алады. Кілтті алып әр үйдің есігін ашып қарап жүрсе, бір үйде жеті тұлпар байлаулы тұрады. Алдарына бір жағынан су ағып келіп тұр да, бір жағынан шөп келіп тұр. Ішінде бір ерекше бөлек бір кара шұбар ат тұрады. Мұны көргеннен кейін жігіт қарындасына келеді. Жігіт қарындасымен әлгі иен шәріде тұра береді. Өзі аң аулап күнкөріс қылады. Бір күні жігіт аңға шығарда:

— Сен мына үйдің есігін ашпа, ана құдықтың аузындағы тастың үстіне отырма,— деп қарындасына тапсырады.

Ағасы кеткен соң қыз үйдің есігін ашады да, жеті атты көреді, құдықтың аузындағы тасқа да отырады. Бір кезде құдықтың іші дүңгірлейді. Қыз құдық аузындағы тасты қопарып қараса, ішінен:

— Сен не қылған жансың?— деген бір адамның даусын естиді.

— Біз жалғыз ағаммен екеуміз осы шәріге келген екі жолаушымыз. Қазір осы шәріде тұрамыз,— дейді қыз.

— Сен неғып жатқан адамсың?

— Біз ылғи адам жейтін жеті жалмауыз едік. Осы қаланың адамын түгел жеп болдық. Бір күні түнде сенің ағаң бірімізді бірімізге қоспай, білдірмей өлтіріп кетті. Мен жаралы қалдым. Мені осы құдыққа түсіріп қамап кетті. Енді сен мені шығарып ал. Екеуміз бірігіп жан бағайық, бұл шәріде ешкім қалмады. Ағаң бәрібір сені алып жатқаны жоқ,— дейді жалмауыз.

— Менің ағам оған көне ме, оны қайтеміз?

— Оның амалы табылар, пәлен үйдің алдында менің жарты шеке сүйегім жатыр, сен алдымен соны ал және шұбар аттың сауыр жүнінен ал, сүйекті орнына қой, сонан соң жүнді сулап жараны айналдыра жапсырсаң басым қалпына келеді.

Қыз қорқаудың айтқаны бойынша істейді де, екеуі

қосылысады. Мұны ағасы білмейді. Қашан да ағасы аңнан келгенде қыз тажалды сандыққа тығып бағады. Сүйтіп жүргенде қыз екікабат болып қалады. Қыз өтірік ауырған болады да, бір күні ағасына:

— Мен ауру болдым,— дейді.

— Саған немене ем болар екен?— деп, ағасы абыржи сұрайды.

— Шалғай бір жерде жеті әулиенің шырағы бар, соны әкеліп бер,— дейді. Жігіт жалғыз қарындасы үшін азаптан қорықпай шырақты іздеп кетеді. Келе жатып бір кісіге жолығады. Оған сәлем беріп амандасқан соң шаруасын айтады.

— Оны табуға болар, ол пәлен жерде, бір жерде жеті әулие намаз оқып отырады, солардың жеті шамы бар. Бетегеден биік, жусаннан аласа болып бар да, олар әрі қарап намаз оқып отырғанда шамды алып қаш,— деп жол көрсетеді.

Әлгі кісінің айтуы бойынша шамды тауып, алып қашып қарындасына келеді. Қарындасы тұрған жерге жақындағанда жолдың бойында, тікеннің түбінде бір жас бала жылап жатады. Баланы алады да, қарындасына:

— Жолдан бір бала тауып алдым, мұны бауыр қылып алайық, екеу едік, енді үшеу болдық, сен бақ,— деп береді.

Әсілінде бұл қарындасының тапқан баласы болатын. Ағасының карасы көрінгенде жалмауыз екеуі әдейге тікеннің түбіне қойып қойған еді.

— Мен әлі жазыла алмадым,— деп кейіпті қарындасы.

— Енді не ем болады?— деген ағасына:

— Пәлен жерде бір сары аю бар, соның апанынан шөп әкеліп бер, соны қайнатып ішін, жуынсам жазылармын,— дейді қыз. Ағасы мұны да іздеп кетеді.

Ай жүреді, жыл жүреді. Жол-жөнекей тағы әлгі кісіге жолығады. Оған шаруасын айтқан соң, ол кісі:

— Балам, ол «Барса келмес» деген жерде, ол кісі жейтін аю, оның апанына кіру қиын. Қиямен қиялап, жылғадан жорғалап, бетегеден биік, жусаннан аласа болып барып алмасаң, қолға түспейді,— дейді.

Жігіт мұны да әкеледі. Ол келе жатқанда қыз бен тажал:

— Бұл тағы да өлмепті, енді қайтеміз?— деп ақылдасады да, майға у салып, шелпек пісіріп жігітке береді. Жігіт шайды ұрттап, шелпекті жеуге ұмтылса, әлгі жас бала жігіттің қолын қағады, жігіт үш рет ұмтылады. Бала үш рет қағады. Осы кезде көріп жатқан тажал:

— Мынаның қорлығы-ай,— деп атып тұрып жігітпен алыса кетеді. Екеуі бірін-бірі ала алмай жүргенде жігіттің қарындасы тажалдың аяғының астына кебек, ағасының аяғының астына бұршақ төгеді. Осы кезде тажал балаға:

— Менің бел балам болсан, қылышымды әкеп бер,— дейді.

— Менің жолдан тауып алған інім болсаң, қылышымды әкеп бер,— дейді жігіт. Сонда бала:

— Сен менің әкем болғанымен мені далаға тастағансың, сонда ағам әкеліп мені бакқан,— деп ағасына қылыш әкеп береді. Сүйтіп жігіт тажалды өлтіреді. Қарындасын да өлтіреді, бұл жерде бірнеше жыл мекендейді. Бала да бірталай жасқа келіп қалады. Содан олар бір шәріге көшеді.

Бұл қаланың ханы: «Менің палуаным бар, соны жыққан кісіге қызымды беремін»,— деп жар салады.

Жолға шығарда інісіне екі тал гүл шөп егіп беріп:

— Мұның бірі — мен, бірі — сен. Мына шөп гүл ашып құлпырып тұрса, менің жолым болғаны, сарғайып тұрса, менің басыма күн туғаны, қураса өлгенім, шөп сарғая қалса мені ізде,— деп тастап кетеді.

Жігіт ханның Арлан төбет аталған палуанын жығады да, қызды алады. Сүйтіп жүргенде тағы бір шәрінің патшасы: «Менің өгіз палуаным бар, соны жыққан кісіге қызымды беремін»,— дейді. Бұл хабарды естіген жігіт палуанды жығып, қызды інісіне алып беруге кетеді.

Бұл жолы жігіт өгіз палуаннан жығылып қалады да, тұтқынға алынады. Осы кезде гүл сарғая бастайды.

Бала ағасын іздеп жолға шығады. Бірнеше күн жүріп ағасының үйін табады. Кештетіп келіп ағасының үйіне қонады.

— Мынау менің күйеуім ғой, бұл маған неге үндемейді,— деп тап қалған жеңгесі түнде төр алдында жатқан «күйеуінің» жанына келеді. Көрпені аша бергенде бала сол шынтағымен әйелді қағып қалады. Қатып аң-таң болып төсегіне келіп жатады. Таңертең ағасының жөнін ұғады да, бала жолға түседі. Бірнеше ай жүріп ханның ауылына келеді. Болып жатқан бір тойдың үстінен түседі. Дерексіз өгіз палуанмен күресіп, оны жығып әрі өлтіріп, ағасын тұтқыннан шығарып алады. Қызды да алатын болады.

«Құла, күйеуді сыйлаймыз» деген атпен, хан бір үй даярлатады. Және інісіне толтыра тағам қояды. Бұл үй темірден салынған екен. Бұған кірерде ағасы:

— Бұлардың түрі жаман, кірмесек қайтеді?— дейді.

— Тәуекел, кірейік, қорықпайық,— деп інісі тұрып алады. Адамдар үйге кірген соң: «Жалғыз аттыларға қыз береміз бе? Өртеп жоғалтайық»,— деп олар үйдің сыртынан отынды үйіп өрт қояды. Темір үй қызып болғанда бала іргесін көтеріп, ағасын ертіп шығып кетеді. Амалы таусылған хан ақыры қызын береді.

Үшеуі жолға шығады. Жол ортада інісі ағасына:

— Екеуіміз күш сынасайық,— дейді.

— Ағайынды екеуіміздің күш сынасуымыздың жөні жоқ,— деп көнбейді ағасы. Бала:

— Ондай болса мен кетемін, сені көрмеймін,— деп тұрып алады. Лажсыздан ағасы күш сынасуға көнеді.

— Ендеше, менін сол шынашағымды ат,— деп көтеріп тұрады. Лажсыздан інісінің сол шынашағын атады. Атып болғаннан кейін:

— Не үшін маған аткыздың? Егер осының сырын айтпасан мен кетемін, сені көрмеймін,— деп ағасы тұрып алады. Ағасының кетуіне көзі жеткен інісі шынын айтады:

— Сен жоқта мен сенің үйіне келдім. Жеңгем мені сен деп қойныма жатпақ болды. Сонда мен сол шынашағыммен қағып жібердім. Сондықтан осы шынашағым кінәлі болды. Сол үшін аткыздым.

Осыдан кейін арадағы болымсыз, әрі білінбей бара жатқан түйіншек шешіліп, екеуі өз шөріне келіп мұратына жетіпті.

ХАННЫҢ ҮШ ҰЛЫ



ір ханның үйелмелі-сүйелмелі үш ұлы болыпты. Үшеуі де отау иесі жасына жеткенімен, бірде-бірі үйленбепті.

Хан бір күні уәзірін шақырып алып:

— Балаларым ер жетті, енді үшеуін де үйлендіремін, кімнің қызын алады екен, таңдаған, сүйген қыздарын өздері айтсын, қалың малы қанша болса да беремін, дәулетім жетеді, үшеуінің тойын бір күні жасаймын, сен балаларымды жеке-жеке шақыр, ақылдасайық,— деді.

Уәзір алдымен үлкен ұлын шақырып келеді.

— Балам,— дейді хан,— жасың жетті, сені үйлендіремін, жасау-жабдығың дайын, қалың малға беретін мал-мүлік, алтын қазынам да жетеді, осы шаһардан таңдаған қызың болса айт, дереу құда түсемін де, іле-шала той жасаймын.

— Сіз кімнің қызын ұйғарсаңыз соны алайын,— дейді үлкен ұлы.

— Жок, онда болмайды, сен өзің таңда, кейін дәм-тұздарың жараспаса, обалдарың менде қалады,— дейді хан.

— Маған ерікті шынымен берген болсаңыз, осы шаһардағы саудагер Сиямның қызын аламын,— деп жауап береді бала.

— Мақұл, дереу құда түсемін,— деп хан уәдесін беріп шығарады.

Енді ортаншы ұлын шақыртып, оған да:

— Дереу біреуге құда түсіп, қалың малын айдатып, той жасап келіншек алып беремін, кімді алатыныңды айт,— дейді хан.

— Менің тілегімді беретін болсаңыз, саудагер Сиямның қызын аламын,— деп жауап қайырады.

— Мақұл, дереу құда түсемін саудагер Сиямға,— деп уәдесін беріп, оны да шығарады.

Кезек кенже ұлына келеді.

— Ата, сіз шақыртқан екенсіз, соған келдім, не тапсырмақшы едіңіз?— деп тағзым етіп тұра қалады.

— Үш ұлдың кенжесі бола тұрсаң да, сен де ер жеттің, отау иесі болдың, екі ағаңмен бірге сені де дереу үйлендіріп, келін түсірейін деп отырмын, осы шаһардағы қалың қыздан сүйіп таңдаған біреуің бар шығар, соны айт, бүгіннен қалдырмай үшеуіңнің тойынды бір-ақ істеймін,— дейді атасы.

— Сіздің бөтен пікіріңіз болмаса, осы шаһардағы саудагер Сиямның қызын алар едім,— дейді кенжесі.

— Мақұл, құдалық сөйлесіп, той жасауға қамданамын,— деп оны да шығарады.

Үш ұлының бірінің басын біріне қоспай, тұтқиыл ақыл салғанда бәрінің бір қызға ғашық екені білініп қалды. Енді қайту керек? Бәріне де өзінің айтқан сөзі бойынша бір қызды алып беретін болып уәде ұстатты.

Хан үш ұлын қайта шақыртады да, былай деп билік айтады.

— Үшеуіңнің әрбіріне жүз түйе тоғанақ артып, отыздан пөкер қосамын. Сауда қылып, ел аралап келесіңдер. Өздеріне тиесілі жүз түйе жүкке қайсының қымбат бағалы бұйым әкелсеңдер, әрі көп пайда түсіріп келсеңдер саудагер Сиямның қызын сонына алып беремін.

Үш ұл үш жүз түйе тоғанақпен жолға шығады. Әрбірі өз бақтарын сынамаққа, талайларынан көрмекке үш бөлініп, үш шаһарға кіреді.

Үлкені дүкендерді аралап сауда жасаудың қамында жүргенде бір адамның бір айна көтеріп:

— Айна сатамын, айна сатамын, мұның құны жүз түйе жүк,— деп айғайлап жүргенін көреді.

— Жүз түйе жүкке сататын айнаңның не қасиеті бар солғұрша?— деп жанына келеді.

— Айнаның қасиеті сол, айлық жердегіні осы айна арқылы көруге болады,— деп айнаны оның алдына әкеледі. Айтса айтқандай, айнаны қолына алып қараса, айшылық жерде қалған өзінің шаһарын, әке-шешесін көреді. Енді бір айналдырып Сиямның қызына түсірсе, ай мен күндей болып, оның отырғанын көреді.

— Мақұл, жүз түйе жүкке алайын айнаңды,— дейді де, қолма-қол құнын төлеп айнаны алады.

«Екі інім қайда жүр екен» деп, оларды іздестіріп еді, екі шаһарда жүрген ол екеуін де көреді. «Енді інілерімді ертіп

алайын да үйіме қайтайын» деп, ортаншы інісіне қарай жол тартады.

Ортаншысы бір калаға кіреді де, дүкендерді аралап келе жатып, кілем көтеріп сатқалы жүрген біреуге тап болады.

— Кілем сатамын, кілем сатамын, бұл кілемге отырса болды, кісіні қалаған жеріне қас қағымда жеткізеді,— деп айғайлайды ол.

«Кілемді алайын да шаһарыма қайтайын, Сиямның қызына да тез жетемін, ағам мен інім мұндай нәрсе таба алмаған болар» деп ойлаған ол құнын сұрайды кілемнің.

— Жүз түйе жүк,— дейді. Бала дереу келіседі де, жүз түйе тоғанаққа кілем алады. Саудасын бітіріп тұрғанда жанына ағасы келеді. Екеуі інілерін іздеп жолға шығады.

Кенжесі ағаларынан бөлініп кеткен беті бір шаһарға келеді. Талай дүкенді аралайды. Нелер қымбатты бұйымдарды көреді, бәрін жақтырмай жүргенде:

— Алма сатамын, алма сатамын,— деп жалғыз алманы көтерін ұшып-қонып жүрген біреуге кезігеді. «Осынша жүгіріп жан таласқанда еңбек төленерлік не хикметі болғаны бұл алманың? Жөнін білейінші» деп, шақырып алады жанына.

— Алманың ерекшелігі мынау, өлгеніне үш күннен аспаған адамның қандайына болсын, алманы иіскетсе тіріледі, алманың қасиеті осы,— дейді алма сатушы. Құнын сұраса, жүз түйе жүк екенін айтады, «бұдан асыл қымбатты бұйымды екі ағам таба алмаған болар, осыны бар ақшамды берейін де алайын» деп ойлап, бала саудагерден алманы алады.

Алманы алып тұрғанында, жанына екі ағасы келін қалады. Үшеуі де саудасын жасап болғанын айтады біріне-бірі. Ортаға салғанда бәрі де дүниеде жоқ қымбат бағалы бұйымдар алған болып шығады. Айнаны қолдарына алып үшеуі шаһарларын көреді. Ата-анасын көреді. Қайта айналып, саудагер Сиямның қорасына түсірсе, жабырласқан қалын адам көрінеді. Сүйтсе олар Сиямның қызы өлін, соны жерлеуге жиналған кісілер екен.

Тағат қылмай үшеуі кілемге отырады да, шаһарларына келеді. Бұлар келгенде қызды қабірге салып бетін жауып жатқан кез екен. Дереу қайта аштырады да, қызға алманы иіскетеді, қыз:

— Паһ, нағып қатты ұйықтап қалғамын,— деп басын көтереді.

Бұдан кейін қызды үшеуі аларманға келеді. Қайсысы алу керек, қыздың аман қалуына бәрінің де үлесі, еңбегі бар, тағы да талас, қызғаныш туылады.

— Қыздың өлгенін мен сатып алған айнамен көрмесек, кешігіп келетін едіңдер, тез хабар жеткізген мен, қызды мен алуға тиістімін,— дейді үлкені.

— Айнадан көрген күнде де, кілем болмаса уағында келе

алмайтын едік, бәрі мен сатып алған кілемнің арқасы, қызды мен алуға тиістімін,— дейді ортаншысы.

— Уағында көргенмен, келгенмен, қызды тірілтерлік алма — дәрі болмаса, барлық еңбек зая болатын еді, сондықтан алманы мен таптым. Қызды мен тірілттім, қыз маған тиесілі,— дейді кенжесі.

Қайсысының алуына, еңбектерінің зор екеніне төрелік айта алмай, жұрттын да бастары қатады. Осы кезде атасы отырып билік айтады:

— Сиямның қызын үлкен балам алуға тиісті, үйткені менің істемек болған тойым — тұңғышымның тойы, бәрінен бұрын сол үйленуге тиісті, екінші, үшеуі ағаласқан күнде де кашан да жол үлкендікі болады. Үшінші, Сиямның қызын аламын дегенді айтқан алдымен үлкен ұлым, төртінші, айнамен бұрын көрген сол, ол хабар бермей кешігіп қалар болса қыз дүниеде жоқ еді. Қаншалық еңбектері болғанмен екі інісі алдымен ағасын үйлендіріп жеңгелі болу керек, онан кейін жастарына қарай үйленеді.

Жұрт та бұл әділ төрелік болды деседі, кейінгі екі ұл да аға алда болуға тиіс деседі.

КҮЛШАҒАР



ртеде Кішмүр шаһарында бір патша болған. Аты белгісіз патша халқына әділ, ғаріп-мүсәпірлерге көп қарасатын болған. Бірақ патша өзі баласыз болған. Патша өзінің сарайында бірнеше уөзірлерімен мәжіліс құрып отырғанда борышы басынан асқан, сол борыштан қысылып жанталасқан, әр түрлі кемшіліктің бәрі де өз басында, үсті-басы алба-жұлба жырттық бір қайыршы кіріп келді.

Патша отыр еді мәжіліс құрып,
Үстіне сол мүсәпір келді кіріп.
«Құдайдың кемшілігі бәрі менде» деп,
Патшаға сөз сөйледі жылап тұрып.

«Уағалайкүмассалам, тақсыр ханым,
Жоктықтан шығар болды ғаріп жаным,
Жүз ділдә қысып жүрген борышым бар,
Сол еді сізге келген менің халім».

Патша жүз ділдәні суырып берді,
Мүсәпір колын жайып қарап тұрды.

«Дүниеде сізде қажет бар ма екен» деп,
Патшадан ол мүсәпір жауап суырды.

Патша айтты:

Бітті ме, ай, бейшара, кеулің сенің,
Қажетім дүниеде бардүр менің.
Айтуға көп ішінде қамығамын,
Бір перзент дүниеде менің мұным.

Қайыршы айтты:

Құдай-ай, көзім жасын көргіл деді,
Бір перзент патшаға бергіл деді.
Ағынан ырза болып, бата беріп,
Мүсәпір үйден шығып ғайып болды.

Мұнан кейін көп ұзамай-ақ мүсәпірдің дұғасы қабыл болып, патшаның әйелі бала көтерді. Кәміл тоғыз ай, он күнін бітіріп, патшаның әйелі босанды. Туған баласы қыз болды. Патша отыз күн ойын, қырық күн тойын жасады, үлкен қуанышқа бөленді. Енді ол қыздың атын қою керек болды.

Падиша жұртын жиып қылды тойды,
Бұрынғы қапалықтың бәрін жойды.
Жинап ап еліндегі ғұламасын,
Ол қыздың Күлшаһар деп атын қойды.

Мұнан патша қызын дәрежелеп баға берді, баланың балалықтағы нендей керегінің бәрін де даяр етті. Күлшаһар өте жақсы, өте сұлу болып өсін келе жатты. Қыздың сұлулығы сондай, адамның айтып аузы жетпестей, сол заманда ол қыздан сұлулық өтпеген. Күлшаһардың сұлулығы дүниенің төрт бұрышына жайылды. Ер жетті, он алты-он жеті жасқа келді. Он төрт жасына дейін Күлшаһарды мектепке оқуға берді.

Бұл солай жата түрсын. Енді Бағдат шәрініндегі Шаһиншаһ патшаның, Шаһзада деген жалғыз баласы болған. Бұл баланың дәрежесі және өзінің жақсылығы, сұлулығына өз шәрінінде ешкім тең болмаған. Шаһзада ер жетті. Жігіт болды. Жігітшілік ойлап, өз қатарындағы қыздарға көзін салды. Бірақ қыздың бәрі де Шаһзадаға ұнамады. Бір күндері Кішмүрдегі Күлшаһардың дыбысы құлағына тиді. Айтушылардың айтуы бойынша қыздың сұлулығына Шаһзада ғашық болды. Енді сол қызға барып, дидарын бір көрмей тынышталмайтын болды. Өзі патшаның баласы, пұрсаты мол. Бірнеше басшы, бірнеше қосшы алып және

қырық түйеге алтын, күміс тағы басқа асыл заттар артып, бір керуен болып Кішмүрге сапар шекті. Көп күндер жол жүрді. Жолда еш жерде тоқтамай Кішмүрге келді. Қаланың бір шетінен пәтер алып, көпес, бай сәудегер болып жата берді. Шаһзаданың ендігі жұмысы араға кісі салып, қызға қайткенде жолығу болды. Бірақ есебі табылмады. Сөйтіп жүргенде сол жердегі бір мәстен кемпірге жолықты. Ол кемпірден қыздың жайын сұрады. Және «шеше, мені сол қызға жолықтыр» деді. «Осы жұмысты орындасаң алғаныңша еңбек төлеймін»,— деді. Ол кемпір екеуін келістірмек болды. Енді кемпір қызға барып, Шаһзаданың жайын баяндайды. Кемпірдің сөзі:

Шаһарда жалғыз біткен шынар деймін,
Көңілін оған тисең тынар деймін.
Сіздердей талай қызды ұнатпаған,
Өзіндей бекзадаға құмар деймін.

Мұнан да басқа кемпір әңгімемен де көп сипаттайды. Кемпірдің сөзін қыз да мақұл көрді. Кемпір қайтып Шаһзадаға келіп, қыздың мақұл көргенін айтты. Мұнымен қатар «жақын арада осы шаһарда үлкен бір той болады. Сол тойда жолықтырамын, онан бергі жерде болмайды» деді кемпір.

Аз ғана күннен кейін той болды. Тойға халық көп жиылды. Тойға Күлшаһар да келді, қасындағы қырық қыз нөкеріменен, бірақ сый қонақ бөтен бөлмеде болып, қызды көре алмады, көруге жөні болмады. Той тарағасын Шаһзада кемпірге жолығын, қыз жөнінде сөйлесті. Кемпір айтты: «Бұл тойда реті келмеді. Енді жолығу қиын, пұрсатың келсе, өзің бір басқа үй салдырып, үйдің ішіне өзің отыратын кішкене тесігі бар бөлме салсаң, тесіктен қызды көретін. Сонан үлкен той жасап тойға халықтың бәрін де шақыр, қызды да шақыр, бір көрсен сонда көрерсің»,— деді. Мұнан кейін Шаһзада алтын, күмістен бірнеше шебер жинап үй салдырды. Бірақ кашан көргенше өзі де ғашықтан өте жүдеді. Үйді ойдағыдай салып болып, той жасап Шаһзада халықты шақырды. Тойға қыз да келді. Бірақ онда да үй ішінде көруге болмады. Шаһзада кемпірге жолықты. Кемпір той тарағасын үйдің сыртындағы тасада жолықтыратын болды. Адамның бәрі де тарады. Әлгі тасада қыз келіп, Шаһзадаға жолықты. Шаһзада күлімсіреп қызға бір ауыз сөз сөйледі. Сонда қыз айтты: «Сен өзің қалайсың? Ақымақтарша күліп сөйлейді екенсің»,— деді. Мұнан соң Шаһзадаға енді сөйлеуге уақыт болмады. Себебі, «ақымақ» деген сөз оған өте ауыр тиді. Соның үшін енді сөзге келмеді. Екеуі екі жаққа айрылып жүре берді. Мұнан кейін Шаһзада «менің бір қызға ұнамағаным-ай» деп,

екінші жағынан ғашық болып ауыра бастады. Енді бұл шаһарда тұруға болмады. Барлық жолдасымен мүлкінің бәрін түйеге артып, Бағдатқа өз еліне көшіп кетті. Бірақ ғашықтықтан ауырып, көп ұзамай-ақ еліне барғасын Шаһзада өлді. Әкесі Шаһиншаһ патша жалғыз баласының басына сол өлген сағатында алтыннан күмбездеген там салдырды. Өлікті құрметтеп, қырқы біткенше басына шырақшы отырғызды.

Ендігі әңгіме Кішмүрден. Күлшаһар үш күннен кейін түс көрді. Түсінде Бағдатқа барыпты. Онда бетіне перде жамылып, өліп жатқан Шаһзаданың бетін ашып жолығыпты. Сонда Шаһзада былай деген:

— Әй, ақымақ, бұл жерлерге неге келдің,
Сен менің ақымақтығымды қайдан білдің?
Не іздеп бұл араға келіп жүрсін,
Алып кет садағасын тамам елдің.

— Әй, ақымақ, саған түссін менін дертім,
Көресің қай сиқынмен елдің бетін.
Барғанда ақиретке сөйлесермін,
Осындай күйге салды ғашық отың.

Ояна келсе, түсі екен. Күлшаһар ойлады «қой, менікі ұят болған екен, не болғанмен сол сияқты адамға бармай жөні келмес» деді де, азық-түлік алып, ер киімін киініп, шашын желкесіне түйіп, бір жақсы атқа мінді де, бір түнде адамға айтпай жүріп кетті. Әкесі пәлен күн сұрау салып іздеп таба алмады.

Күлшаһар сол жүрумен бірнеше күн жүріп, кешке жақын бір жардың қасында атынан түсін тамағын ішіп отырғанда, бір бөлек адам келіп, «ұрысын» деп, ұрып-соғып ұстап апарып, далаға дарға асады да, ат-тонын олжа қылады. Бірақ оның әйел екенін білмейді. Сонан қыз дарда кешке дейін тұрады. Өлер болды, жылады, күн бата дар түбіне қой жусатуға бір қойшы таз қой жайып келді. Қыз тазға жалынды. Жағдайын айтты. Тазша аяп, қызды дардан босатты. Қойшы ертең менен көреді деп, қойды басқа жаққа айдап әкетті. Сонан кейін қыз қойшымен қоштасып жүріп кетті. Бірнеше күн жаяу жүріп, бір жерге келді. Кешке таяу бір топ адамға жолықты, ішінде ханның уәзірі бар екен. Бұлар келіп қызды тексере бастады. Бұл «жолаушымын» деді. Анау адамдар сол күні мал ұрлатып, соны іздеп жүр екен. «Сен ұрысын»,— деп, ханның уәзірі қызды апарып лабақтыға салды. Бірақ ұрының әйел екенін ешкім білмеді. Лабақтыда бірнеше күн жатты. Бір күні уәзірдің қатыны «ұры деп жүрген жігіт қандай екен, көрейінші» деп, уәзір жоқта лабақтының есігін ашып, ұрыны көрді. Көрсө, келбеті жанның асқан бір сұлу

жігіт. Қатын көрді де, ұрыға ғашық болды. Мұнан соңғы күндерде де күніне үш рет келіп жақсы тамақ беріп тұратын болды. Мұныменен қатар ұрыға өзінің ұнатқан ниетімен жақындасқысы келіп, кеуіл айтты. Ұры қатынға: «Кідіре тұр, тұла-бойым жара, сауалынқырайын»,— деді. Бір күні уәзір кешкісін үйіне келсе, қатын жоқ, қарап таба алмайды. Лабактыны ашып қараса, қатын ұрымен бірге отыр. «Бұл ұрымен ойнас екен» деген кеуілімен қатынның басын қылышпен шауып тастады. Ұрыға шабайын деп ұмтылғанда, қыз емшегін шығарды. Сонда уәзір шаппады. Ұры айтты: «Мен қыз едім ғой. Сен қатынды бекер өлтірдің»,— деді. Уәзір айтты: «Мен білгенім жоқ. Сені жігіт шығар дедім. Олай болса, мен сені әйелімнің орнына аламын»,— деді. Қыз «мақұл» деді. «Бірақ маған кемді күн пұрсат бер, мен жарақатымнан жазылайын»,— деді. Лабактыдан шығып, уәзірдің тамағын істеп беріп, уәде бойынша жақындаспай жүрді. Бір күні уәзір шаршап келіп, түнде қатты ұйықтады. Қыз тұрды да, уәзірдің өз қылышымен басын бір-ақ шапты.

Уәзірдің қылышпенен кесті басын,
Аһ ұрып, қайғыменен төкті жасын.
Астына бір жүйрік ат мінін алды,
Салды да алтын, күміс ғәуһар тасын.
Ғаріп қыз түн ішінде жүрін кетті,
Уәзірге қатыны мен ажал жетті.
Сол күні түніменен тынбай жүріп,
Бағдатқа таң атқасын келіп жетті.

Шаһардың бер жағында бір қойшыға жолығып, қойшыдан елдің амандығын және жөн сұрады. Қойшы айтты: «Патшаның жалғыз баласы Шаһзада. Кішімүрге қыз іздеп барып, ауырып келді де, өлді. Өлгенге он бес күндей болды. Басқалар аман. Анау жарқырап тұрған Шаһзаданың тамы»,— деді. Қыз «келген еңбегім қайтпады және арманда болдым-ай» деген жабырқаңқы кеуілмен шәрге жүре берді. Қыз ойланып «әуелі барып құран оқып, ғашығымның бетін ашып көрейін» деген кеуілмен молаға келіп, аттан түсіп, құран оқып басындағы адамнан ішіне кіруге лұқсат алды. Тамның ішіне кіріп, қабірдің бетін ашып, «Шаһзада, мен келдім» дегенде, жігіт басын көтеріп алып «yh!» дегенде, аузынан қызыл жалын лап-лап шықты. Анық өлмеген, ғашықтықпен талып жатқан екен. Күлшаһар Шаһзаданы аркалап бір үйге алып баруға ойлады. Сонда Күлшаһар былай деген:

Кішмүрден ауру болып елге қайттын,
Он бес күн ғашықтықтан өліп жаттын.
Тағдырға мың шүкірлік таныстырған,
Қайғының мен де бір ай дәмін таттым.

Тағы да басқа көп толғаулар айтады. Мұнан кейін бір үйге аркалап алып барды. Шаһзада жазылып, екеуінің де тілегі орындалды. Біреу барып патшадан «балаң тірілді» деп, сүйінші сұрады. Патша оған нанбады. Және біреу барып сұрады, оған да нанбады. «Балаңның ғашығы келіп ол сосын тірілді, ғашықтықпен өлген екен» деді. «Құдайда екілік жоқ, бір өлгенсін тірілмейді. Бекер айтпандар» деп, патша нанбады. Баласы мен келінін үйіне апарып, патшаның көзіне көрсеткенде патша көзімен көріп нанды. Мұнан кейін патша ат шаптырып халқына жар салып отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, үлкен мереке істеді. Өлген баласы тірілгеніне құдайға шүкірлік қылып, патша ойлады «маған осы қызық та болар» деп, халық алдында баласына тағын берді. Шаһзада патша тағына мінді. Халқына өте жағымды болды. Күлшаһар екі-үш бала туды. Басынан бір буын жақсы заман өткізді. Мұнан кейін Күлшаһар айтты Шаһзадаға: «Мен елден кеткелі бірнеше жылдар өтті. Менін қайда кеткенімді бір адам білмейді. Ата-анам тірі ме, өлі ме бұ да маған белгісіз. Өзім де ата-анамды сағындым. Менен басқа баласы да жоқ еді. Енді өлі болса дұға істеп, тірі болса барып қуантайық»,— деді.

Пәуескі күйме жегіп, балаларымен Шаһзада екеуі Кішмүрге жүрді. Кідірмей бірнеше күн жүрін Кішмүрге барды. Күлшаһардың ата-анасы тірі екен. Баяғы орынша патша болып тұр екен. Бірақ өте қартайған екен. Жоғалып кеткен қызы тірі табылғанға патша жүрегі жарылғандай қуанып, үлкен той жасап, сол тойда патша: «Өзім үлкейдім, жасым жетті, жоғалып кеткен жалғыз балам табылды. Енді маған мұнан артық дәуір болмас. Тағымды халық алдында балама беремін»,— деп, патша тағын Шаһзадаға берді. Сүйтіп, Шаһзада екі жұртқа патша болып мұратына жетті.

АДАМ БОЛҒАН ЖЫЛАН



аяғы өткен заманда Құрман қойшы деген бір байдың қойшысы болыпты. Құрман сол байдың он сегіз-жиырма жыл қойын бағыпты. Алатын ақысы бір жылға екі тоқтылы қой екен. Егер қой жоғалтса, ақысын бермей соның есебіне алады екен. Құрман қойшының тапқаны киіміне жарамай сол байдың қойын бағып жүре беріпті. Құрман қойшы бір күні қойын бағып тұрғанда төрт-бес шақырым жерден жанған от көреді. От жанған қалпында тұра қоймаған, қойшыға қарай тартады. Құрман қойшы ойлайды, «апырмай, мынау от қалай жүреді. От болса жан-жағына тарап жанар еді және қара түтін шығар еді. Ал мына от жайылып жанбай, тура тартып келе жатыр» деп тұрғанда, от та таянып, Құрман қойшыға жақындап келеді. Анықтап қараса, оттың алдында ұзындығы бір құлаштай ақ жылан қашып келеді екен. От қайтсем де сені күйдірем деп келеді екен, ал жылан қашып келеді екен. Жылан қашқан қалпында Құрман қойшының шалбарының балағынан кіреді. Ол жыланды балағынан кіргізбеуге үлгіре алмайды. От та кіруге ынғайланғанда сабап сөндіреді. Жылан жорғалай омырауынан шығып, оттың өшкенін көріп, жерге түседі.

Жерге түскеннен кейін адам тілімен сөйлей бастайды: «Сен мені өлімнен құтқардың, мен сенің жақсылығыңды өмірі ұмытпаймын, сен мына қойды таста да менің соңымнан ер, мен саған өзімнің қызымды беремін»,— дейді. Қойшы байғұс қуанады, бірақ «қойды тастап кете алмаймын» дейді. Сен қойға қам жеме, қойдың өздері кешке аман-есен үйлеріне барады,— дейді. Қойшы амалсыздан жыланға ілесіп кете барады, бір жерге барғанда бір тесікке түсіріп алады, сонан екеуі жер астымен кете барады, бір жерге келгенде төбедей үйілген көп жыланға кез келеді. Құрман қойшы «осынша жыланға жем қылуға алып келе жатыр екен» деп, зәресі зөр түбіне кетіп, өңі қашып тұра қалады. Жылан оның қорқып тұрып қалғанын біліп, «жүр саған олар тимейді» деді. Ол амалсыз ере берді, жылан үйілген жыланға келгенде қатты бақырып еді, жыландар екі жаққа айырылып ортасынан қақ бөлініп жол берді. Екеуі біраз жүргеннен кейін алдарынан үлкен ақ үй көрінді, біраз жүріп ақ үйге келді. Жылан айтты: «Осы үй біздің үй»,— деді. Екеуі үйге кірді. Құрман қойшы: «Бұл мені қызымды беремін деп ертін келіп еді ғой, бұның қызы тұрмақ ештеңесі көрінбейді»,— деп ойлап отыра берді. Бір уақытта ас дайындап алып келді. Отырып ас ішіп болғаннан соң, жылан үйінде бір ақ, бір қара қалайы сандық бар

екен, екеуін төр алдына жинап қойыпты, ақ қалайы сандықты қойшыға алып берді. «Жер бетіне шыққан соң алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, сонын ортасына осы қалайы сандықты басына жастай ұйықта»,— деп, жыландардан өткізіп жіберіп қош айтысып қала береді.

Құрман қойшы жер бетіне шыққаннан кейін бір жерді тандап алып, алты қанат ақ үйдің орнындай жерді дөңгелектеп сызып, сандықты басына жастай жатып ұйықтайды. Ертеңгісін оянса, аппақ ақ үйдің ішінде жатыр екен, оң жағына қараса, аппақ сұлу қыз ұйықтап жатыр екен, қойшы қорқып қалады, қорыққанынан айғайлап жібере жаздайды. «Бұл пәленін қасына қалай, қайдан жаттым» деп, білдіртпей төсектен түсіп, өзінің жаман шалбары мен тонын іздесе, ондай жаман нәрсе ол үйден табылмады, ылғи асыл киімнен басқа ештеңесі жоқ, асыл киімді киіп, үйден шықса, мал деген жердің жүзін, күннің көзін алады. Бұл жерде ешқандай мал жоқ болатын, барып қойшыдан сұраса, «Құрманның қойы» дейді, «қай Құрман» десе, өзінің әкесін және елін айтады, «апырмай, бұл жынданған қойшы ғой, менің атымды басқа біреудің атына шатастырып тұр» деп, сиыршыға барып сұраса, ол да соны айтады, жылқышыға барса, ол да соны айтады. Бұл қайтып үйге келе жатып ойлайды, «бұл қалай, маған мұнша мал қайдан бітті» дейді. Ойлап келе жатып, «бұл әлгі жылан берген ақ қалайы сандық екен ғой, ана үйдегі қыз соның берем деген қызы екен, мына мал соның еншісі екен» дейді. Сонымен ойланып үйіне келеді, үйіне келсе, әйелі шай қойып жүр екен. «Байеке, қайда барып қайттыңыз?»— дейді. «Е, мына малшылар жер жайын білмейді ғой, соларға жер жағдайын түсіндірдім»,— деп шынын айтпайды. Сонымен бірнеше уақыт өмір сүреді. Бір күні «бұл үйде кім бар» деген дауыс естиді. Әйел далаға шықса, патша киімін киген және уәзір киімін киген бірнеше адам есік алдында тұр екен. Әйелді көріп патшаның дегбірі қалмай, көзі алақтап, біресе әйелге, біресе жолдастарына қарап не айтарын білмей қалады. Сонымен «бұл кімнің үйі» деп сұрайды. Әйел: «Құрман байдың үйі»,— дейді. «Күйеуін қайда кетті?»— дейді. «Аң аулай кетті»,— дейді әйел. Патша айтады: «Мен осы елдің патшасы боламын, күйеуін ертең біздің ордаға келсін»,— деп кетіп қалады. Кешке Құрман келеді, әйелі болған жағдайды айтады, «патша ертең ордаға келсін деп кетті» делі.

Ертемен ерте тұрып атына мінін, патша ордасына барады. Патша Құрманның келуін тосып отыр екен, Құрманды өте жылы жүзбен қарсы алады, дастарқан жайғызып, ас пен шарап күйғызып тамақтандырады. Тамақтанып болған соң, патша: «Әй, Құрман, екеуміз бұғыншақ ойнаймыз, үш күн мен тығылам, үш күн сен тығыласың, үш рет мен тапсам, сен маған әйелінді, малыңды бересің, сонан соң басыңды аламын»,— дейді.— Егер

мен сені үш рет таппасам, мен саған қырық әйелім бар, соны және патшалығымды, мал-мүлкімді берем де, атыма мініп кете берем»,— деді.

— Осыған қалай қарайсың, егер сен ойнамасаң да, әйелінді тартып алам,— деді. Сонымен амалдың жоғынан көніп, үйіне барып болған жағдайды айтады. Әйелі онан соң «ойна» деп қарсы болмайды. Патша артынан хабаршы жіберіпті. «Ертең мен бұғынамын, мені іздесін»,— деп хабар беріпті. Ертеңгісін ерте тұрып бір атты мініп ханды іздеуге кетеді. Әйелі артынан шығып қараса, атқа мініп ханды іздемекке кетіп барады екен. Әйелі айғай салып ерін шақырып алып: «Қайда бәрасыз?»— деп сұрайды. «Кеше патша бұғыншақ ойнаймыз деп еді ғой, соны іздеуге бара жатырмын»,— дейді. Әйелі: «Сіз олай барманыз, сіз қазір жылқыдан тандатып ең жүйрік ат мініңіз, қолыңызға темір құрық алыңыз, сонымен хан ауылына барыңыз, ауылына жақындағанда төбенің үстінде үлкен қара төбет ит жатыр, сіз жақын барғанда сізге үріп жүгіреді, сіз оны жақындатпай қашыңыз, сонан сіз бет алды қаша бер, бір уақытта сізді қуып жетеді, сол уақытта қайта бұрылып итті сіз қуыңыз, сол итті өлтіріп, патшаны сонан соң іздесеңіз,— деді. Хабаршы жіберіп жылқышылардан «ең жүйрік ат ұстап бер» деп сұрайды, жылқышылар жүйрік ат әкеп береді. Қолына темір құрық алып, патшаның сарайына қарай кете береді. Патшаның ауылына жақындағанда, айтқандай, төбенің үстінде үлкен қара ит жатыр екен, Құрман жақындап келгенде арпылдай үріп тұра ұмтылады. Құрман жалт беріп бет алды қаша жөнеледі, ит те қуады, қаша-қаша талай жерге барғанда, ит қуып жете бергенде, атын кілт бұрып итті қайта қуады, ит қашады, ол қуады, әрі-бері қуғаннан соң ит шаршайды, итті қуып жетіп құрықпен соғып, іннен-інге тығып өлтіре сабайды. Ит өлетін болады, бір қуысқа тығылады, атынан түсіп итті құрықпен тұрткілеп өлтіруге жақындайды, өлуге таянғанда, «ей, өлетін болдым, енді қой» деп, адам қалпына кіреді. Қараса, әлгі бұғынам деген патша екен, «ертең тағы тығыламын, келіп тауып ал» деп үйіне кетеді.

Ертеңіне ертемен тұрып кешегі атына мініп, құрығын қолына алып, патшаны іздеймін деп кетіп бара жатқанда, әйелі шақырып алып: «Қайда барасың?»— деп сұрайды. «Патшаға барам, кешегі итті қуам, әйтпесе, бір жерде жүрген шығар»,— дейді. «Жоқ, сен олай етпе, құрығыңды таста да, үйіне бар, «патша қайда» деп, әйелдерінен сұра, әйелдері «білмейміз» дер, сен үйінен шығып тауға қарай біраз жүрсең алдыңнан үлкен кер жол шығады, сонымен батысқа қарай жүре берсең сол үлкен кер жолдан тауға қарай жаңғыз аяқ жол шығады, сол жолмен біраз жүрсең сайға түсесің, сайдың арғы қабағында бір түп тобылғы

түр, сол тобылғының ішінде қамшы сапқа жарайтын үш тобылғы бар, екеуі сары, бірақ тұзу, ал қалған біреуі қисық, бірақ өте қызыл, «мына қисық тобылғы қамшыға шыдамды, берік сап болушы еді және өзі қызыл екен» деп, сол қисық тобылғыны кесіп ал, сонан соң патшаны іздесең патшаны тауып аласың»,— дейді.

Қолындағы құрығын тастап патшаның ауылына келді. Келіп патшаның қатындарынан: «Патша қайда кетті?»— деп сұрайды, қатындары: «Білмейміз»,— деп жауап береді. Ауылынан шыққан үлкен кер жолға түсіп жүре береді. Біраз жүргеннен кейін алдынан тауға қарай жалғыз аяқ жол шығады. Сол жолға түсіп алып тауға қарай жүреді. Бір сайға түскенде арғы бетінде бір түп тобылғы көреді. Барлық тобылғыдан биік үш тобылғы көрінеді. «Осы тобылғыда қамшы сапқа жарайтын тобылғы бар ма екен, көрейінші» деп, атынан түседі, әлгі сапқа жарайтын үш сапты көріп, «осылардың бәрін (үшеуін де) алуға болмайды, мұның қайсысын алайын» деп, біраз ойланған болады да, «осы қисығы қамшыға мықты болушы еді ғой» деп, бөкісін алып қисық тобылғыны ұстап кесе бергенде: «Ей, құдай атқыр, бұл мен едім»,— деп патша шыға келіпті, сонда Құрман: «Ой, тақсыр, мұнда неғып жүр едің»,— депті.

Патша қабағы салыңқы ауылына қайтады. Ауылына жақындағанда, Құрман ауылына кететін болады, сонда патша: «Әй, Құрман, сен мені екі рет таптың, ертең тағы бұғынам, келіп мені ізде»,— деп үйіне жүре беріпті. Құрман үйіне келіп ертеңгісін атына мініп кетіп барады екен, әйелі көріп: «Құрман, атыңның басын бұра кет, қайда барасың?»,— депті. Құрман патшаны іздейтінін айтады, әйелі: «Сен патшаның үйіне барған соң, әйелдерінен сұра, «патша қайда» деп, әйелдері «білмейміз» дейді. Сен қора-қопсысын, жер асты-жер үстіндегі қазынасын тегіс көр, сонда бірталай қызық көресің, сонан соң үйін қара, патша жататын төсектің бас жағында үш ақ семсер (қылыш), аяқ жағында үш семсер жатыр, екеуін де ашып қойып, «ойпырмай, мынау не деген семсер, мұның қайсысы өткір болды екен» деп, бәріп бір-бір ұстап көр де, бас жағында жатқан үш семсердің ортасындағысын алып далаға шығып, үйінің алдында үлкен тас бар, сол тасқа қылыштың өткірлігін білу үшін шауып жібер, сонан соң ханды тез табасың»,— деді. Құрман патшаның үйіне барып кілет, қорасын қарап, онан жер үстіндегі қазынасын көріп, онан жер астындағы қазынасын көріп, түс қайтқанша серуендеп, түс қайта патшаның үйіне келіп, қатындарынан сұрайды. Қатындары «білмейміз» дейді. «Осы хан таптырмайтын жаққа шықты» деп, төсегін ақтара бастайды. Айтқандай, төсегінің аяғында үш, басында үш ақ семсер жатыр екен.

Соларды көріп әрқайсысын бір ұстап көрп, «ойпырмай, мынаның қайсысы асыл болды екен, шамасы наркескен деген семсерлер осы болғаны ғой» деп, бас жағындағы үш семсердің ортасындағыны алып, далаға шыға үлкен бір тасқа енді шабайын дегенде, «ағатай-ай, мен едім ғой» деп, патша шыға келіпті. «Ал енді сен мені үш рет таптың, ертеңнен бастап сен тығыл, мен іздеп сені табамын»,— деп Құрманды үйіне қайтарады.

Құрман ертең ерте тұрып ауыл қасында үлкен жар бар еді, соған қарай безіп бара жатқанда, әйелі шақырып алады да: «Қайда барасын?»— деп сұрайды. «Әлгі патша келмек еді, ол маған сен бүгін тығыл, мен іздеймін деген, сол енді ана жарлардың бір жерінен орын дайындап қойып едім, соған тығылайын деп барамын»,— деді.

Әйелі айтты: «Хан кеше кісі жіберген, ертең тығылмай-ақ қойсын, іздемеймін депті. Үйде отыра бер»,— деп, үйіне отырғызып қойыпты. Әйелі шай қайнатып әкеліп, екеуі шай ішіп отырғанда патшаның ауыл жағына қараса, патша келе жатыр екен дейді. Құрман ішіп отырған шайын тастай салып кебеженің ішіне кіріп кетіпті. «Үй, саған не болып қалды» десе, «ойбай, патша келіп қалды» дейді. «Ендеше, кебежені салдыратпай бері кел, мына жерге тығыл»,— депті. Көзі жәутендей «қай жерге тығыламын» деп, әйелінің қасына келіпті. Әйелі аузы күбірлеп «тп» деп еді, ұршық болып кетті. Әйелі шәйді жинап, ұршық иіріп отыра беріпті.

Патша келіп: «Құрман қайда кетті?»— деп, әйелінен сұрайды, әйелі «білмеймін, тақсыр» дейді. Патша үйін түгел қарайды, бірақ үйінен таппайды. Ауыл төңірегін қарайды, еш жерден таппай үйін қайта қарайды. Бірақ таппайды, хан қайтар болып атына мініп тұрып, «таппадым» деп айғай салады, әйелі ұршықты шанын салып еді, «мұндамын» деп, Құрман үйден шыға келді. «Ертең тағы тығыл»,— деп, хан ауылына кетеді.

Хан келе жатып ойлайды. «Бұл қайда тығылды, осының өзі алаңғасарлау екен, бұл Құрманда ешқандай қасиет жоқ, осы кентің бәрі әйелден-ау» деп ойлайды да, «бұл үйінен басқа жерге тығылмайды, ертең таң ата адам жіберіп бақтырайын, егер үйінен ешқайда шықпаса, бұны ертең қайтсем де табам деген қорытындыға келіп, үйіне келе өзі епті бір қуды шақырып алып: «Саған мен жұмыс тапсырамын, соны орындасаң ат басындай алтын беремін, бірақ мұны өзің және менен басқа ешкім білмейтін болсын»,— дейді. «Құп, тақсыр, не бұйырсаңыз орындауға мен дайын»,— деп, екі көзі алтынды естіген соң жасаурап патшаның алдына жүгініп отыра кетеді. Сонда патша: «Сен көрінбей Құрманның ауылына барып, Құрман қайда барар екен соны бақ, бірақ көрніп қалып жүрме, ертең ерте мен

ауылдан шыққанда қайда екенін маған айтып, өзін көрінбей ауылға қайтатын бол»,— деп тапсырады.

Ертең ерте тұрып патша Құрманды іздеуге келе жатқанда алдынан өзінің тыңшысын кездестіреді, тыңшысы айтады: «Құрман үйінен ешқайда шыққан жоқ, кәзірде үйінде жүр, таксыр»,— дейді. Патша: «Жарайды, бара бер»,— дейді де, Құрманның үйіне кете береді. Құрман әйелі екеуі шай ішіп отырғанда патшаның келе жатқанын Құрман көре салып күндегідей қайда болса сонда тығылмай, әйелінің кереметі барын біліп, «патша мені тауып алуға келе жатқанын кара» деп күледі, өзінің абыржып отырғанын сездірмей. Әйелі патшаны көріп, дастарқанын тез жинап «тіпу» дейді. Сонда Құрман ине болып кетеді. Инені камзолынын жағасына түйрей салып, ұршығын қолына алып, жіп иіріп отыра береді. Патша келіп: «Құрман қайда?»— деп сұрайды. «Білмеймін, кеше кешке таман кеткен, сонан әлі оралған жоқ»,— дейді. Патша ертенгісін үйінде жүргенін біледі. Үйді қарай бастайды, бірақ үйден күдікті ештеңе табылмай әбден сандалады, кешке дейін ананы бір ұстап, мынаны бір ұстап таппай, таппасына көзі жеткен соң «Құрман, мен таппадым» деп айғай салады. Сонда әйелі инені жерге қадай салғанда, «мен мұндамын» деп, үйінен шыға келеді. Патша: «Ертең тағы бұғын, таппасам патшалығымды берем»,— дейді де кете барады.

Құрман ертемен тұрып шаруасын істеп, ертеңгі асын ішіп отырғанда, үй артына білдіртпей келіп түсіп жатқан патшаны әйелі сезіп қалып «тіпу» деп жіберіп еді, қайрақ болып кетеді. Қайракты әйелі күлдің ішіне тастай салады. Сол кезде патша жетіп келеді. Келсе, қазір екеуі сөйлесіп отырғанын естіген болатын, қақайып әйелі жалғыз отыр екен. «Құрман қайда» деп сұрайды, әйелі «көргенім жоқ» деп, жауап береді. Үйдің ішін ары-бері қарап, «таппадым» деп айғай салады, «мен мұндамын» деп, күлдің арасынан шыға келеді. Сонымен хан жеңіліп патшалығын бермек болады. «Ертең кел түске таман мен елімді жинап отырамын, ел алдында патшалығыңды өткізіп ал»,— деп атына мініп кетіп қалады.

Құрман ертемен тұрып атын алдырып мініп, патшаның ауылына жүрмек болады. Сонда әйелі айтады: «Сіз барып хандығыңды, қазыңанды өткізіп алғаннан кейін бір түнеп қайтып келіңіз»,— дейді. «Жарайды»,— деп Құрман жүріп кетеді.

Құрман патшаның ауылына келсе, патша елді жинап Құрманға қарап отыр екен. Құрманды аттан көтеріп алып, астына кілем төсеп төрге отырғызып, патша жиналысын ашады. Жиналысында Құрман екеуінің бұғынбақ ойнағанын және пенделік жасап Құрманның әйеліне қызыққанын айтады, «енді

маған обал жоқ, тұрмайтын нәрсеге әуреленіп» деп, өзінің кем ақылдығын ел алдында жасырмай айтып, Құрманға былай дейді: «Ел бастаған адам дүниеге қызықпау керек, міне, мен сияқты қызығам десең, менің қалпыма түсесің, ал, ел-жұрт, мен патшалығымды мына Құрманға бердім, енді осы кісі сіздердің патшалығыңыз болады, қош сау болындар»,— деп тағынан түсіп, Құрманға төж кигізіп, таққа отырғызады. Патшаның қазынасын жөне малын, қырық қатынын бәрін алып, орда кісілеріне ескі дәстүрмен жаңа киім беріп, кешке бір әйелдің үйіне түнеп, ертеңіне қайтайын десе, қалған әйелдері жібермейді, «анадан мені жек көресің бе» деп. Қырық қатынның үйіне қырық түнеп, қырық күннен кейін өз әйеліне келеді. Келсе, әйелі бұртиып ашуланып отыр екен. «Саған мен бір түнеп қайтып кел дегенім қанда, сен қырық түнедің, уәде құдай үйі деген ата-бабамыз, сен уәдеде неге тұрмайсың?»,— деп Құрманмен ұрса кетті. Құрман: «Сен неге ақшандайсың, мен патшамын, бұрынғы Құрман екен деме»,— деп қожандады. «Сен немене, менің тілімді алуға тиістісің, сенің қолыңды патшалыққа жеткізген мен»,— дейді әйелі. Құрман: «Сен емес мені патша еткен алла тағала, олай деп былжырама»,— дейді. Сонымен екеуі ұрсысып төсекке жатады. Төсекке жатқанда әйелі ашуланып жатады. Сонда Құрман: «Әй, өр таман жатшы, жылан иісін шығып кетті»,— дейді. Әйелі: «Рас айтасын ба?»— дейді. «Рас айтпағанда»,— деп Құрман теріс қарап жатады. Әйелі: «Сонда сен мені тастайсың ба, жылан иісін шықғы деп»,— дейді. «Тастаймын, қайтесің»,— дейді. «Рас айтасың ба?»— дейді. «Рас айтамын»,— дейді Құрман. «Онда қайталап үш рет айты»,— дейді әйелі. «Рас, рас, рас»,— деп айғай салады Құрман. Әйел төр алдына төсек салып жата береді.

Құрман ертеңгісін ұйқысынан оянып көзін ашып караса, айдалада үй де жоқ, бұрынғы киіп жүрген асыл киім де, шықырлаған сактияп етік те жоқ, өзінің бұрынғы қойшы күйінде киіп жүрген жаман тоны мен жаман шалбары, одан басқа ештеңе қалмапты. «Енді не істеймін» деп, ан-таң болып тұрып артына караса, арт жағында баяғы өзі бағып жүрген бір қора қой мен астына мініп жүрген қызыл өгізі тұр. Өгізіне мініп, қойын өргізіп, «мен патша болдым, қырық әйелім бар, бұл қойды сонда айдап барайын» деп қойды айдап, ханның ордасының жанына анарып піріп тастап, күрттаған бір қойды өңгеріп, патшаның ордасына барып: «Ей, қатындарым, мына қойды түсіріп алындар»,— деп өгіздің үстінде тұрып айғай салады. Қатындары даусып танып үйден жүгіре шықса, бір қойшы қой өңгеріп келіп тұр. Құрман аңырып қарап қалған қатындарына ақырып: «Ал, мына қойды, неғып мелшиіп тұрсындар»,— деп балағаттайды. Қатындар қойшының балағаттағанына шыдай алмай, қырық

катын, қырық сойыл алып, Құрманды сойылдың астына алып береді. Құрман қашады, өгіз жаяудан оза алмайды. Есі танып өгізден өкіре құлап жер қабады. Катындар: «Сендей қойшыға сол керек, біздің байымыздың даусын салып, бізді алдамақшы»,— деп алдындағы күлге көміп кетіп қалады. Бір уақыттар болғанда Құрман есін жиса, күлдің ішінде жатыр, күлмен көміп аяқ жағына бір жалпақ тас бастырып кетіп қалыпты. Тасты аударып тастап, көрден шыққандай үсті-басы жұлма-жұлма болып түрегеліп жан-жағына қарайды, сол жерде канша жатқанын да білмейді, қазір таң атып келе ме, не күн батып келе ме, әйтеуір, ала көленке уақыт, біраз тұрып басы айналып қайта құлап қалады. Біраз қозғалмай сол орнында жатып аздап есін жиып болған соң, жағдайдың бәрін көз алдына елестетіп, Құрман ойлайды:

«Қой, бүйтіп өлуге болмас, қайтадан жыланға барайын, болған кемшілікті айтып жалынайын, оны ажалдан алып қалып едім, менің істеген бір кемшілігімді неге бір жолға кешірмес екен»,— деген ойға келіп, орнынан тұрып үсті-басын қағып, қасында ағып жатқан бұлаққа барып жуынып, ауылдан аулақ барып бір жерге жатып, таң атуын күтеді. Бір уақытта күткен таң да атады, таң атқан соң баяғы өзі көрген жыланның ауылына тартады, соған келіп өзін жылан ертіп келген шұңқырдан түсіп жер астындағы үңгірмен жүре береді.

Баяғы үйіліп жатқан жыланға келеді. Жыландардың үстін басып жүруге болмайды, айналып өтейін деп, айналып жолдан шығып бара жатқанда жыландар өзінен-өзі қақ айрылып ортасынан жол ашады, қайта жолға түсіп жүріп кетеді. Өзі көрген үлкен ақ үйге жақындап келгенде ішінде күбірлеп сөйлескен адам даусын естиді, «бұл не болды екен» деп, үй сыртында тындап тұрса, қызбен сөйлесіп отырған әлгі жылан екен. Қызға шешесі: «Неге қайтып келдің?»— деп отыр екен. Қыз жылап, болған уақиғаның бәрін айтады. «Сонан үйдің бәрін көшіріп осы жер астына кіретін есіктің алдында бір күн отырдым әлі де артымнан келер деп, бірақ ол келмеді, сонан соң келдім енді, ол келсе, сіз маған қайта бар деп қинамаңыз, мен енді оған қайта бармаймын, ол мені алмаймын деп үш қайыра айтты және мен оған сонша жақсылық жасадым, қойшы басын патшалыққа көтердім, ол сонда да жақсылықты білмейді»,— деп солқылдап қыз жылап жіберді. Қыз жылағанда шешесі ашуланып: «Егер енді оны көрсем шағып өлтіремін»,— деп қаһарланды. Ол бәрін естіп тұрып жаңа келе жатқан адамша тарсылдатып үйіне жақындады. Сонда «осы келе жатқан күйеу ғой» деп, адам бейнесінен жылан бейнесіне енді қыздың шешесі. «Ассалаумағалайкүм»,— деп кіріп барғанында, шешесі

қаһарланып орнынан ысқыра тұра келді. Ол екі қолын қусырып, бар-жоқты айтып жалынып, болған кемшілікті кешіруін сұрады, жылан райынан қайтып адам қалпына түсті, келбетті келген кемпір екен. Сол кемпір болса да оған берген қызынан он есе сұлу екен, сонда кемпір айтты: «Қызымды неге қуып жібердің?»— деді. Құрман болған жағдайдың бәрін айтты. Екеуінің сөзін ой таразысына тартқандай біраз үндемей отырып, әлден кейін «жарайды, әлде де тексерем» деп, ас әзірлеуге тысқа шығып кетті. Даладан бір қайнап тұрған самауыр әкелді, екеуі отырып ішті. Шай ішіп отырғанда ол сөз бастады. «Ене, аппаңы сізді қуған от не, сол маған жұмбақ, соның сырын маған айтыңызшы»,— деді. Сонда кемпір ауыр бір күрсініп, былай деді:

«Ол мені жастайымнан оқытқан молда еді, өзі аса сиқыр адам еді, мені оқытып өзінің молдалық дәрежесіне жеткізіп, бірақ маған сиқыр оқуын оқытпады. Сиқыр кітабы бар еді, сол кітапты өзінен тастамайтын, ол әрбір айда бір жеті ұйықтайтын еді, мен сол ұйықтағанда сиқыр кітабын алып оқи беретін болдым, айына жеті күн сабақ оқимын, ол оянар алдында кітабын орнына қоямын, сонан, қойшы, сиқыр кітапты түгел оқып бітуге жақындадым, бірақ жылан болу және қайта адам болу өнерін ғана тез үйрендім, басқасын тез үйрене алмадым. Менің оқуым бітуге жақындағанда молда айтты: «Оқуың бітуге жақындады, енді сен үйіңе қайтасың»,— деді. Мен оқуды бітіргеннен кейін үйіме қайтпадым, сондағы ойым әлгі сиқыр кітаптың бәрін жатқа біліп алу еді, оқуым бітті, «үйіңе апарамын десе», әзір осы жерде тұрам деп көнбедім. Сөйтсем мен білмеймін, мен қайтпаймын дегенге әлгі құзғын менде кеуілі бар екен деп ойлапты, бір күні маған әйел бол дегендей сөз айтты. Мен ашуланып оны тышқан етіп жібердім сиқырмен, ол қап деп қапы қалды, ол менің неге қайтпай жүргенімді сонда бір-ақ білді де, бармағын тістеп қала берді.

Мен кітапты алып еліме қайттым. Өзімнің сүйген кісіме қосылдым. Сонан екі-үш бала туды, біз қартайдық. Кейін әлгі кітапты ақ матаға орап, теңге салып қойдым. Сөйтсем әлгі құзғын молда соны бағып жүріпті де, теңге тесіп кіріп, адам болатын қағазын жеп, адам қалпына түсіпті. Түн ортасы болғанда үстіме біреу ыстық суды шашып жіберді, көзімді ашып алсам әлгі молда, шалыма пышақ салып өлтіріп, енді мені іздеп жүр екен, мен дереу жылан бола кеттім, сөйткенде әлгі от болып маған лап етті, мен атылып қаштым, ол мені қуды, сонан там болдым, сен оны өлтіріп, мені жауымнан құтқардың, ажалдан құтылған соң мен саған қызымды бердім, ақыры сен де қызымды тастадың, бүгін келмей қалғанда мен сені шағып өлтіремін деп

отыр едім, алдына келсе атаңның құнын кеш деген, сондықтан сен маған қайта күйеу бола аласың»,— деді.

Ас ішіп болған соң бір қалайы қоңыр сандық алып қолыма ұстатты да: «Жер үстіне шыққан соң төрт канат ақ отаудың орнындай жерді дөңгелетіп сызып алып, мынаны басыңа жастанып жатып ұйықта»,— деді. Кемпірмен қош айтысып кетіп қалды, жер бетіне шыққан соң төрт канат ақ отаудың орнындай, жер сызып алып ұйқтады, ертеңгісін тұрса, төрт канат ақ отаудың ішінде жатыр, қасында бір қыз жатыр, анадағы қыздай сұлу емес екен, далаға шыкса малы да шамалы, алғашқы қызындай көп емес екен, үйге келіп киінейін деп қараса, әлгі оның патшалық киімін ала келген екен, патшалық киімін киіп барып өзінің тағына отырды. Сонан әйелін ордаға көшіріп алып, бірнеше жыл патшалық өмір сүрген екен, тату-тәтті тұрып, дүниеден олар да кеткен екен дейді.

ОМАР МЕН ҒАЗИЗА



ртеде бір ханның баласы болмай жүргенде кіші әйелі жүкті болып көп ұзамай тоғыз ай, тоғыз күн дегенде бір ұл, бір қыз туыпты. Осы кездерде хан далада қыдырыстап жүріпті. Балаларының атын Омар мен Ғазиза қойыпты.

Екі-үш ай болғасын шешесі өліпті. Баласы жоқ бәйбіше екі баланы қалай жоғалтудың жолын ойлапты. Ол үшін бір мыстан кемпірді жалдапты. Хан келгенде «әйелің екі мысық туды» деп алдынан мыстан шығып: «Мысық туғанына өкпелеген әйелін, «бұл құдай мені әбден ойыншық қылайын дегені ме, бүйткенше өлгенім артық» деп, у ішіп өлді»,— депті.

Соны айтқан мыстанның сөзіне сенген хан ашуын токтата алмай: «Мысықты да жоғалтындар!»— деп ақырыпты. Бұл сөзге өте қуанған бәйбіше: «Екі баланы сандыққа салып суға тастандар!»— деп бұйырады. Мыстан бәйбішенің айтқанын жасаған. Қара толқынның арасында ойнақшыған сандық кете барады. Тасқын айдаған сандықты ау салып отырған аушы көріп, аумен ұстап алады. Ашып қарап, екі баланы көріп қуанады. Баласы жоқ аушы екі баланы асырайды. Балалары сегіз жасқа келгенде аушы өледі. Ол өлерінде Омар мен Ғазизаға:

— Балаларым, мен көп кешікпей өлермін, сендер мені көміңдер және артымда қалған мына жалғыз ауымды көзімдей көріп ұстандар,— дейді.

Кешікпей аушы өледі. Омар мен Ғазиза аушы өлгесін екеуі

бірігіп күн көру тәсілін ойлайды. Қолдан жасаған садағымен аң аулап, аулаған аңмен қарындасы екеуі күн көріпті. Ғазиза — ұзын бойлы әдемі қыз болыпты. Күндердің күнінде Омар Ғазизаға:

— Сен басыңды өзенге, не болмаса ағын суға жума,— дейді. Бірақ Ғазиза ағасының айтқан ақылын алмаған, ағын суға басын жуса, шашына таққан алтын тұлымы түсіп кетіпті. Бұның шашы калмақ патшалығындағы бір аушының ауына ілінеді. Бұл тұлымды көрген Хасан еліне жар салады. «Осы шаштың иесін тапқан адамға қой басындай күміс берем»,— деп лепіреді. Сонда бір кемпір келіп, «бұл шаш осы өзеннің арғы басында Омар деген батыр бар, соның қарындасының шашы» деп айтады. Хасан сол күннен бастап соғысқа даярлық жасап, жаз ортасында аттанады. Көп кешікпей Омарға жетеді. Сол күндері Омар анда жүр екен, Ғазиза келген жауды көргесін қарап отырып өлгенше, соғысып өлейін деген пікірге келеді. Үйіне келе жатқан Омар қарындасын құтқарып алайын деп, бір шетінен келіп кіріскенде Хасан өскерін сиретіп-ақ тастайды. Ең соңында Хасанды көздегенде Ғазиза келіп:

— Аға, атпай-ақ қой, мен осы кісіні сүйдім,— дейді. Қарындасының өз жауына тигеніне өкпелеп құла дүзге шаба жөнеледі, содан есінен ауып бір жерге барып құлайды. Омар есін жинап атына мініп келе жатса, бір елге кезігеді. Бұл елдің ханы өліп, хан тағайындауға, хан орнында отыруға баласы, туғандары болмаған. Содан бағанаға тиын байлап, «соны атып түсірген кісі хан болады» депті. Ата-ата кезек Омарға келіпті. Омар атып түсіріпті, содан сол елге хан болыпты. Хасан алып кеткен қарындасы барғасын екі перзенті болады да, үлкейген сайын ағама барайын деген қиялға келіп, бір күні бірнеше уәзірмен өзен жағасына барады. Суға сүңгіп үйренген Ғазиза судан әрі қарай өтіп кетеді. Содан уәзірлер Ғазизаға жалынады:

— Хасан өлтіреді ғой, бері келсейші,— деп.

Ғазиза тұрып:

— Менің екі баламды алып кел, сосын барам,— дейді. Уәзірлер айтқанын жасайды. Ғазиза баласын алып ағасын іздеуге тартып отырады. Келе жатса, бір қойшы балаға кездесе кетеді. Ғазиза тұрып:

— Бұл қой кімнің қойы?— дейді.

— Бұл Омар деген ханның ауылының қойы,— дейді қойшы.

— Қазір Омардың халі қандай?— деп сұрайды қарындасы. Сонда қойшы бала:

— Қазір ол екі көзінен айрылып отыр,— дейді. Сонда Ғазиза:

— Мына екі алманың біреуімен көзін сүртіп, біреуін жесін.

Сосын сен сүйінші сұра, мен соның қарындасымын,— дейді.— Мен сенің қойынның қасында тұрайын,— дейді.

Қойшы бала Омарға келіп көрген-білгенін түгелдей айтады да, манағы Ғазиза берген алмасын береді. Алманы жегенде көзі ашылып кетеді. Содан Ғазизаны өзінің сүйгеніне береді. Баяғы қойшы баланы бас уәзір қылып алады. Ағасы қарындасын, қарындасы ағасын көріп дегеніне жетінті.

БАЙ МЕН БАЛАСЫ



аяғыда бір үлкен бай болыпты. Оның қасында көршісі бір жарлы болған екен. Ол жарлының бір баласы бар екен. Байдың баласы жоқ, үш қатыны бар. Өзі өте бай екен. Бір күні түнде жаңағы жарлының үйі шулап, күліп-ойнай беріпті. Сонан ертеңіне бай да, жарлы да намазға барыпты. Жолда бара жатып бай жарлыға айтыпты:

— Сен күнде үй ішінмен шулап жатасындар. Өздерің тамақтарыңды таба алмай жүрін ойын-күлкі нелерінді алған,— депті.

Сонда жарлы айтыпты:

— Бай, сіз білмеген екенсіз. Біздің бір алтын сакамыз бар. Бір қатыным үйіреді, бір өзім үйірем. Соған күлеміз де жатамыз,— депті. Сонан бай үйіне келіп алтыннан сақа соқтырып алып, үш қатынымен кезек-кезек үйіреді. Оған ешқайсысы күлмейді. Ертеңіне тағы да намазға барады. Жарлы да барады. Сосын жолда бара жатып бай айтады:

— Ақымақ жарлы, сен үйірілген сақаға несіне күлесің?— дейді. Онда жарлы айтады:

— Ай, бай, сен өзің бай болсаң да ақылың жоқ екен. Менің айтқаным сақа емес еді. Ол әлгі балам еді. Сен оған түсінбеген екенсің,— депті.

Сосын бай «Уһ!»...— деп үйіне келіп жатып алыпты. Сонан бір күні үйіне диуана келіпті. Оған ақша берсе алмайды. Қатындары: «Саған не керек»,— деген екен, «маған бай керек, бай қайда» депті. Сонан қатындары байды шақырып келіпті. Сонан диуана байға айтыпты:

— Сен жылама, саған мен бала беремін!— депті.— Бірақ ортаншы қатыныңның баласын өзіме бересің,— дейді. Сонда бай: «Болады, беремін»,— депті.

Диуана екі үлкен қатынына екі ақ алма беріп, ортаншы қатынына қызыл алма беріп, «осы қатыныңның баласын өзім

аламын» деп, кетіп қалыпты. Кейіннен қатындары жүкті болып, үшеуі де туыпты. Туғаннан кейін диуана келіп, ортаншы қатынның баласын көріп, «жетіге келгенде келін алып кетемін» деп, кетіп қалыпты.

Сонан жеті жыл өтіпті. Балалары үлкейіпті. Өлгі ортаншы қатынның баласы өте жақсы болыпты. Оны әкесі диуанаға беруге көзі қимай, диуананын келетін уақытында үш баласын да мектепке береді. Мектептегі балалардың бәрінің басына таз кепеш кигізіпті. Сонан бір күні диуана келіпті. Баласын алып кетпек үшін.

Сонда бай диуанаға айтыпты:

— Балаң мектепте оқып жүр, сонан барып өзің танып ала ғой,— депті. Сонан кейін диуана мектепке барып балалардың бәріне ақ алма беріп, өз баласына қызыл алма беріп, қолынан жетелеп алып кетіпті. Сонан бала жылап диуананын артында жүріп келе жатса, жолда бір қу бас домалап келе жатыр дейді, бала қараса, өлгі бас айтады:

— Балам, мына шал сені барған соң үлкен бір дарбазаға кіргізеді. Сонан ол дарбазаның ішінде бір үйде үлкен кара қазан қайнап тұр. «Осыдан айнал, балам» дейді, сонан сен айналып келе жатқанда итеріп жіберіп қазанға түсіріп пісіріп жейді,— дейді. Сонан жаңағы бас және айтады: «Сен барғанда қазаннан айналма, айнал дегенде, сен «өзіңіз айналып көрсет» де. Сосын ол айнала бергенде итеріп жіберіп қазанға түсер. Сосын ол өледі. Сонан оның қалтасында қырық есіктің кілті бар. Соны ал да үйлерді шетінен аша бер»,— дейді.

— Сонда ол үйлерден адамдар ылқылдап шыға береді. Оларды босатып жібер. Ең соңында екі үй болады. Ол үйді ашсаң екі ат байлаулы тұр. Ол аттың біреуі ақ боз ат, біреуі көк боз ат. Көк боз атқа жолама. Ақ боз атты «жануар-ай» деп, сауырынан сипап алып шық,— дейді. Сонан бала диуанадан қалып қойған екен. Артынан жүгіріп келеді. Келсе, «е, балам, нағып қалып қойдың» дейді. Бала айтады:

— Ұйықтап қалған екенмін!— дейді.— Е, олай болса жүре ғой,— деп алып келіп баяғы айтқан үлкен дарбазаға кіргізеді. Онан тағы бір үйге кірсе, бір үлкен кара қазан қайнап тұр. Диуана айтады: «Балам, мына қазанды айналшы»,— дейді.

Сосын бала айтады:

— Жок, ата, мен қалай айналатынын білмеймін, өзің айналып көрсет,— дейді. Сосын диуана: «Балам-ай, несі бар деп едің айналмай»,— деп айнала бергенде, бала қазанның ішіне итеріп жібереді.

Сонан шал өліп қалады, бала оның қалтасынан қырық кілтті алады. Шетінен есікті аша береді. Адамдардың бәрін босатып

жібереді. Ең соңынан әлгі ат тұрған үйді ашса, екі ат тұр дейді. Сонан сол жерде:

— Ай, кубас-ай, басқа айтқаның тура келсе де, бұл айтқаның тура келмеді ғой, көк боз ат тұрғанда адам ақ боз атты ала ма!— деп, көк боз аттың қасына бара бергенде көк боз ат бір тепкен екен, жеті қабат жердің астына кетіпті де қалыпты. Сонан бала жердің астына барса, көз ұшында бір жылтыраған тесік көрінеді. Соған қарай жүре-жүре жердің астында бірнеше жылдарды өткізеді. Сүйтіп жүріп басы таз болады. Өзі жүдейді.

Сонан бір мезгілде баяғы тесіктен шығады. Шықса, көп адамдар қолына садақ алып кетіп бара жатыр екен. Бала да шығып жаңағы адамдарға келеді. Олардан: «Сіздер қайда барасыздар?»— деп сұрайды. Онда олар айтады: «Біз патшаның үйіне барамыз. Патша той қылған, бір ұлкен теректің басына жамбы тігіп, «кім де кім соны атып түсірсе, соған қызымды беремін» депті. Соған келеміз». Бала да солармен сол тойға барады. Барса, жұрт жиылып жаңағы теректің басындағы жамбыны атып жатыр екен.

Таз бала да келіп бір шетінен қарап тұрады. Жиылған адамдардың бәрі де атып жатыр, бірақ ешқайсысы тигізе алмайды. Сонан жаңағы таз бала теректің басындағы жамбыны атқысы келіп, біреудің садағын сұрайды. Сұраса, ол адам бермейді. «Сен әуре болып не қыласың. Сен түгіл біз де тигізе алмай жатырмыз»,— дейді. Сонан бала патшаға барады (қыздың әкесіне), барып айтады:

— Мен бір мүсәпір едім, мен де атып көңілімді көтерейін деп едім, ешкім маған садағын бермейді. Соған сіз біреудің садағын алып берсеңізші, мен атып көрейін,— дейді.

Сонан патша біреуге айтады:

— Мына балаға садағынды бере тұршы, атып көрсін, осы тигізе алушы ма еді?— дейді. Ол адам балаға садағын береді. Бала атып, теректің басындағы жамбыны қақ бөліп жерге түсіреді. Сосын тұрған адамдар «патшаның күйеуі таз диуана болды» деп, кілемге салып көтеріп алып кетеді.

Сонан патшаға уайым түседі. «Бұған бермесем сөзімде тұрмағаным болады. Берейін десем, қызым қалай ма, жоқ па? Оны білмеймін»,— деп патша аң-таң болады. Сонан «қой, мұны қызымнан сұрайын, қызым не дейді» деп қызына келеді. Келіп айтса, қызы «жоқ, мен тиемін, құдайдың салғаны маған осы шығар» деп әкесіне жауап береді.

Сүйтіп, патша таз балаға қызын қосады. Қыз ол баланы дұрыстап бағады. Бірнеше түрлі еммен емдеп басынын тазын жазады. Сүйтіп, әдемі жақсы бір байбатша қылып шығарады. Сонымен арада бірнеше жылдар өтеді. Сонан кейін бір күні жаңағы бала түс көреді. Түсінде әке-шешесін көреді. Ертеңіне

катынына айтады, «сондай-сондай мен енді еліме кетемін» дейлі. Оған катыны жауап бермейді. Ол қайта-қайта сұрап қоймайды. Сосын катыны айтады:

— Бар, патшадан сұра, жіберсе екеуміз де кетеміз,— дейді. Сонымен патшадан барып сұрайды. Патша жауап бермейді. Күнде-күнде сұрап қоймаған соң, жібермекші болып той қылады.

Қырық нарга жүк арттырып, қырық құл жалдап жөнелтіп жібереді. Өздері бір айшылық жолға шығарып салады. Бірнеше күн жол жүріп, баяғы баланы теуіп жердің астына жіберген аттың тұсына келіп қалады. Бала қолына қылышын алып:

— Сендер жүре тұрындар,— деп өзі баяғы өзін тепкен атқа келеді. Келсе, екі ат та тұр екен. Көк боз аттың басын кесіп тастап, ақ боз атты «жануар-ай!» деп, сауырынан сипап алып шығады. Сонан ол ақ боз атқа мініп алып көшіне келеді. Бастан өткен уақиғаны катынына айтады. Енді баяғы әкесінің тамына келсе, бәрі бұзылып жер болып кеткен, ешкім жоқ. Бала ойлайды «бұлар бәрі өліп қалған екен, енді қалаға барып бір қора сатып алып, сонда отырайын» деп, көшін қаланың шетіне қойып, көшені аралап келе жатса, бір ағасы наубайшының отын жағып отыр екен, оны көреді де, білдірмей және көшені аралап келе жатса, бір жерде онан кіші ағасы бір аспаздың (шайхананың) отын жағып отыр екен.

Тағы да көшені аралап отын базарға келсе, әкесі мен шешесі отын аркалап сатып отыр екен. Оларға да білдірместен қайтып көшіне келіп, базардан қора сатып алып, сол қорада бір-екі күн тұрғаннан кейін, жаңағы әке-шешесіне адам жіберіп шақыртып алады. Олар бәрі де қорқып «бізге не дейді» деп келеді. Сосын бір қонақ үйге түсіріп екі-үш күн бағады.

Бір күні баласы олардың үйіне келеді. Келсе, шешесі айтады: «Ойпырай, емшегім иіп бара жатыр ғой!»— дейді. Әкесі айтады: «Менің жүрегім дүрсілдеп барады»,— дейді. Сонан жаңағы баласы айтады:

— Е, жүректеріңіз дүрсілдесе, емшектеріңіз иісе, мен сіздерге айтайын, сіздердің баяғы диуана алып кеткен балаң мен!— дейді. Әке-шешесі сол жерде талып қалады. Біраздан кейін тұрғызып алып көрісіп, амандасып көңілдері жайласады. Әке-шешесін киіндіріп, жақсылап бағады. Екі ағасын екі жаққа сәудегер қылып жіберіп, әкесі мен шешесін өзі үйінде бағып отырады. Сүйтіп, мақсат-мұратына жетеді екен.

МОЛДА, ҰСТА, ТІГІНШІ



Ір молда, бір ұста, бір тігінші — үшеуі жолдас болып келе жатып, баратын жеріне жете алмай, түн болып кеткен соң бір жерге қона кетіпті. Артып келе жатқан нәрсесі бар екен, үшеуі де ұйықтаса біреу әкетіп қалар деп, кезекпен қарауыл қойыпты. Ең алдымен ұстаны қарауыл қойыпты. Молда мен тігінші ұйықтайды. Ұста жалғыз өзі зерігіп, ұйқысы келген соң бір үлкен ағашты кесіп алып, адамның денесін айнытпай жасап шығарыпты. Сосын тігіншіні оятып, өзі ұйқыға кірісіпті. Тігінші ағаштан істеген адамды көріп «менің өнерім бұдан кем бе» деп, дереу әдемі киім тігіп ағашқа кигізеді. Ағашта тек жан жоқ болғаны болмаса, адамнан айнымайды. Тігінші молданы оятып, өзі ұйқыға кіріседі. Молда ағаш адамды көріп таң қалады. «Бұлар өнерін көрсетіпті, енді мен қайтем» деп қайғырыпты молда.

Сосын «енді осы ағашқа жан бітірсең екен» деп құдайға жалынып жылапты. Құдай көз жасын қабыл алып, ағашқа жан бітіп, бір сұлу қыз болыпты. Сұлулығы соншалық, бетіне қарасан көзіңнің жүзі таяды екен.

Таңертең ұста мен тігінші оянып, бір сұлу қызды көреді. Екеуі бұған жан біткеніне таң қалады. Үшеуі қызды бірінен-бірі қызғанады. Біреуі «мен алам, еңбек менікі» дейді. Екіншісі «жоқ мен алам, еңбек менікі» дейді. Ең соңында молда өршеленіп: «Жоқ, мен алам, мен болмасам, оған жанды кім салады?»— дейді. Үшеуі келісе алмай жүгінуге бір қазыға барады. Қазы қыздың бет-ажарына бір қарап шығып үрейленгендей: «Ойбай, мынау менің қызым, бұдан үш жыл бұрын жоғалтқанмын. Сендер мұны қайдан алдыңдар?»— деп ақырады. Бұл бітімге көнбей төртеуі ханға келіп жүгініпті.

— Мынау менің баламның қалыңдығы ғой. Бұдан бес жыл бұрын жоғалған. Сендер мұны қайдан алдыңдар, өзіме беріндер,— деп хан ашуланыпты.

Әділдік таба алмаған үшеуі қосылыпты: «Берген жаныңды қайтып ал!»— деп молда құдайға жалыныпты. Гүлдей жайнап тұрған қыз жанынан айрылып солған бәйшешектей, емендей қатып, ағаш қалпына келіпті. Тігінші өзі тіккен киімді алып қойыпты.

— Мә, балаңның қалыңдығы болса сен-ақ ал!— деп ұста ағашты патшаның алдына атып ұрыпты.



ртеде бір кемпір болыпты. Оның жалғыз баласы болыпты. Баласының аты Ермек деген екен.

Кемпір кедей екен, мал дегенде жалғыз бір сиыры болыпты. Ермек шешесін қалдырып өзі оқуға кетеді. Айлардан ай, жылдардан жыл өткенде бір қалаға келіп жетеді. Сонда жүріп әлдеқалай базарға шыға калса, бір шал бір сандық көтеріп жүріп: «Осы сандықты алған да арманда, алмаған да арманда», — депті.

Ермек келе жатып:

— Бұл сандыққа не сұрайсың? — депті.

Шал:

— Сандығыма мың ділда сұраймын, — дейді.

— Мә ақшаң! — деп ақшасын санап беріп сандықты алып, шешесіне салып жібереді. Ермек сонымен оқи берсін, шешесіне келсейік.

Кемпір көк сиырдың ертеңгі-кешкісін сүтін пісіріп ішіп күнелтіп, баласын ойлап анда-санда жылап қояды. Бір күні кемпірдің атына бір сандық келеді. Кемпір сорлы қуанып, жер балағанға бүкшендеп, әрең көтеріп енгізді. Сандықтың аузы жабулы, кілті жоқ. Кемпір балталап сандықты бұзады. Аузын ашып қарағанда бір ай десең аузы бар, күн десең көзі бар, қасы-көзі қиылған, аузы оймақтай, ерні жұп-жұқа, мұрынның қанындай қып-қызыл, белі нәп-нәзік құмырсқаның беліндей, сүп-сүйрік саусағы бар, үрші ауызға салғандай, орта бойлы бір қыз шыға келді. Кемпір сасқанынан шалқасынан түсіп, талып жатып, әлден уақытта есін жиып алып, сөзге келді. Кемпірмен мән-жайын білісіп қыз базардан қағаз бен бояу алдырып, өзінің суретін салады. Бұл суретті кемпір базарға апарып сатып жүрді. Бір күні кемпір бір сурет алып шығып еді, бір жуан адам келіп, кемпірдің сұрағанын беріп алды. Екінші күні кемпір тағы да суретті алып базарға шығып еді, кешегі жуан кісі жолда аңдып тұрып, суретті сұрағанын беріп тағы алды.

Осының арқасында кемпір бұрынғыдай емес байып, бірнеше қатар тас үй салдырып сән-салтанаты күшейді.

Үшінші күні кемпір базарға суретті алып шығып еді, баяғы жуан кісі соңынан қалмай еріп жүріп отырып кемпірдің үйіне келді. Келіп қызды көріп талып қалды.

Әлден уақытта есін жиып алып, қызбенен сөзге келді. Қызға жақсы етіп сөз айтты. Бірақ қыз бұның сөзін қабыл алмады. Онымен жуан қоймады. Бірнеше күндей келіп қызға сөз айтып жүрді. Қыз әбден көнбеген соң, Ермекке хат жазып қызды

жамандады. «Сенің жіберген әйелің өңкей қонақ, боз балаларды қондырумен байыды. Үйің күніне қонақсыз (боз баласыз) болмайды»,— деп. Мұнан кейін айлардан ай өткен соң Ермек үйіне қайтса, үйі баяғы үй емес, жер балаған жоқ. Орнын сипалап таба алмай, қаланың шетінен сұрастырып отырып төрт қабатты биік тас үйге кіріп келіп, о жақ бұ жағына қараса, шешесі жүр. Жылап көрісіп, амандасып болған соң екінші бөлмеге келсе, айдай бір ақ сұлу қыз отыр. Қалтасынан қанжарды суырып алып өкпеден есін жіберіп, терезеден лақтырып жібереді. Бұдан бірнеше күн бұрын осы үйдің жанындағы бір үйге бір дәрігер келіп жатыр еді. Шыңғырған әйелдің даусын естіп, екі күтуші әйелін біліп келуге жұмсады. Келіп екі әйел өліп жатқан әйелді көріп дәрігерге айтып келді. Дәрігер екі әйелді қайта жұмсап өлген әйелді алғызып бақылап еді, әйел өлмеген екен. Әйелге дәрі берін, ертенгісін дәрігер үлкен қалаға апарып емдеп жатады.

Ермектің ашуы басылған соң, шешесі жылап-еніреп: «Не жазығы бар?»— деп баласынан сұрады. Ермек шешесіне жуанның жазған хатының мазмұнын түсіндіреді. Кемпір оның өшігіп жазғанын айтады. Мұны естіген соң Ермек қолына темір таяқ алып, аяғына темір етік киіп: «Сол сұлуды не тірі табам, не соның сонында өлем»,— деп қанғырып кетті. Жылай-жылай кемпір сорлы қалды. Бұл хабарды естіген соң баяғы жуан да: «Сол сұлудың жолында өлем»,— деп қанғырып о да кетеді.

Енді дәрігер мен қызға келейік. Дәрігер емдеп қызды жазады. Енді қызға сөз айтып жүреді. Күндерде бір күні дәрігер: «Емдеп жазып, өлім алдынан алып қалдым, маған ти».— дейді. Қыз:

— Жарайды, тиейін, ойын-сауық істеп, биші әкел, той қыл,— дейді.

Дәрігер өлеңші, биші әкелуге кеткенде қыз «далаға шығып келейін» деп қашып кетеді. Дәрігер әнші, биші алып келсе, қыз жоқ. «Сол қызды не табам, не жолында өлемін»,— деп бұ да қуып шығады.

Қыз келе-келе күндерде бір күні екі қойшыға жетеді. Келсе, екі қойшы төбелесіп жатыр екен. Төбелесінің түбі бірі «қызды мен алам», екіншісі «қой, мен алам» дейді. Қыз: «Мен енді тисем екеуіңе тимеймін, біріңе-ақ тием. Сондықтан екеуің жақсылап анау көлден су әкеліндер, қай бұрын келгендеріңе тиемін»,— дейді.

— Жарайды!— деп, екі қойшы суға кеткенде жөніне жүріп кете барады. Екі қойшы келсе, қыз жоқ. Сандарын бір соғып: «Бұл қызды көрген де бір, көріп тұрып арманда қалғаннан, жолда өлген де бір»,— деп, қойды тастап екеуі қуып шығады. Күндерден күн өткенде қыз бір жалғыз қойшыға келеді.

Шөлдеп, шаршап, талып келген кісі қойшының қойыртпағынан ішіп жанын шақырады. Есін жиған соң қойшының бір қойын сатып алып сойып, таз қарынын жуып алып басына бөрік қылып киіп алып, қойшының киімін сатып алып киіп, қойшы болып жөніне жүрні кетеді. Қыздың қарасы үзілген кезде қойшыға ой түседі. Қойшы:

— Жаным-ай, мен жынды ма? Әлгі оңаша келген сұлуды қоя бергенім не? Қой, қойы да құрсын, малы да құрсын, бүйтіп көрген тіршілік те құрсын, әлгі қызды қуып жетіп ұстап алайын,— деп қыздың соңынан қойды тастай беріп қуып береді.

Олар онымен кете барсын. Әңгімені қыздан бастайық. Қыз қайыр сұрап жүріп отырып, бір үлкен шаһарға келеді. Келсе, жиын-той, «бұл не» деп, шеттен келіп біреуден сұрай қалады. «Бұл еліміздің ханы өліп, оның орнына хан сайлауға жиылыс болып жатыр. Ханның дәулет құсы бар, соны ұшырады. Сол кімнің басына қонса, соны хан қылмақ»,— дейді. Көптің бірі болып патша да тұра қалады. Дәулет құсты ұшырғанда келіп қыздың басына қонады. Ханнан дәмелі болып жүрген уәзірлер: «Мына, шіркін, алжыған ба?»— деп қайта ұшырды. Тағы да қыздың басына қонады. Уәзірлер тағы да үшінші рет қайта ұшырды. Тағы қыздың басына қонды. Амалсыздан қызды әкеліп патша қойды. Қыз жайланып таққа мініп, патша болған соң, үлкен етіп қыз түріндегі суретіп түсіріп, қалаға келетін қырық жолдың түйіскен жері бар еді, осы жолдың үстінде бір құдық бар еді, осы құдықтың басына жаңағы суретін үлкен тақтайға шегелеп қаққызып қойып, күзет қояды. «Кім де кім осы суретті көріп, не жыласа, не күлсе маған алып кел»,— дейді. Хан жарлығы екі болмайды. Айлардан ай, жылдардан жыл өтіп, жыл мүкәмәліне жеткенде бір жуан кісі келіп, құдықтан су ішіп, тынығып суретке көзі түсіп кетіп: «Уһ, мынау қайдан келген»,— дей бергенде күзетші ханға сүйреп алып барады. Жан өлместей-жітпестей етіп күтетін жерге жіберді.

Мұнан кейін енді бір жолдың қиылысынан арып-шаршап Ермек келеді. Келісімен су ішіп құдықтан мейірі қанған кезде артына айналса, сүйген жарының суреті көзіне түсе кетті. Көре салып, «уһ» деп талып кеткенін өзі де білмей қалды. Күзетші жағасынан ұстай алып ханға тартты.

— Жаным-ай, не жазығым бар? Құдықтың суын ішкенге кінәлі болдым ба? «Жок, жүресін, ханға беретін жауабың бар!»— деді күзетші. Әкелген соң хан таныды да:

— Мұны жақсы қараңдар да, төрелерді күтетін жерге анарып күтіндер!— деді.

Сонымен аз күннің ішінде қызды қуып шыққан дәрігер де, баяғы үш қойшы да келеді. Бұлардың бәрін әкеліп, ханның қарамағында күтуде тұрады.

Күндерде бір күні бұлардың сотын жасауға халықты жиып, жауапқа шақырады. Әуелі жауапты жуаннан бастап, аяғын Ермектен шығарады.

Ұстаудағылар әрқайсысы көрген-білгендерін, елдерінен не үшін, не іздеп шыққандарын, қайда келіп, не себепті қолға түскендерін түгелдей айтып береді. Бұлар сөзін бітіргеннен соң қыз бетіндегі пердесін алып: «Мені танысындар ма?»— дейді.

Әрқайсысы өз кінәларын айтып аяқтарына жығылады. Мәселенің, барлық пәленің жуаннан шыққанын жұрт көреді. Жуанды аттын құйрығына тақтырып өлтіртеді. Дәрігерге қанша алтын мен ат-шапан айып беріп жөніне жібереді. Қалған қойшыларды өз қойына жіберіп, Ермекке өзі тиіп, орнына хан қып қойып, өзі ханым болып мұраттарына жетіпті. Қыз әуелде бір ханның қызы екен. Сұлу болған соң әркім сөз айтып алам деуші, қызығушы көбейген екен. Хан қайсысына берерін білмей аңтарылып тұрғанда қызы рұқсат сұрап айтқан екен: «Мені ешкімге білдірмей сандыққа салып біреуге базарға сатқыз, көп ақша сұрасын, кім ерлік етіп сатып алса, соған тиемін»,— деген екен. Сол сөзді әкесі қабыл алып, қызының өміріне жететін алтынмен сандыққа салып, базарға жіберген екен.

ТАС БОЛҒАН ШАҒАР



уелгі заманда бір шаһарда бір қарт пен кемпір болған. Олардың бір нысапты тауфиқты ұлы болған. Күндерде бір күн жігіт сапар шығуға ойлап атасынан, анасынан барып рұқсат сұраған. Рұқсат алып кетіп бара жатып, жігіт бір шаһарға барып кірген. Ол шаһар тас болған. Әрбір үйлері һәм нәрселері, кісілері кейбіреуі отын кескен жерінде балтасымен тас болған, қайсыбір адам отын көтерген бойынша тас болған. Қайбіреуі көшеде жүрген кісі сияқты тас болған. Бұл шаһардың не себептен тас болғанын білмей, бұл жігіт шаһар бойынша жүрген. Жүре-жүре патшаның үйіне келіп кірген. Патшаның үйінде бір тірі адам көрмеген. Болса да патшаның үйінде екі-үш сағат күтіп отырған, бір адам көрінер ме екен деп. Сол арада патша үйіне патшаның қызы келген. Ол қыз бұл жігітті көріп амандасқан, әрі сұраған «қайдан келдің, қайда барасың» деп. Бұл жігіт бәрін бастан-аяқ айтып берген. Сонан қыз айтқан: «Бізге бір жақсы таза кісі керек еді, үш түн патша үйінде дұға қылып отыруға, осындай үш күн дұға қылып отырушы болса, бұл шаһардың халықтары жаңадан тіріліп өз-өзіне қайтатын еді»,—

деген. Бұл жігіт қыздың сөзін қабыл етіп ырза болған. Қыз бен жігіт уағда қылған, егер жігіт үш түн дұға қылып шаһар халқы тіріліп өз суретіне қайтса, қыз жігітке тимек болған. Қыз жігітке үш шам берген де өзі кеткен.

Бұл жігіт шамды жандырып дұға оқуға кіріскен. Түн ортасы болған соң, бұл жігіт жанына сонша көп жындар келген. Жындар келіп бұл жігітке дұға қыла бастаған. Кейбіреуі отпен өртемекші болып, кейбіреуі ұрмақшы болып, кейбіреуі қорқатын нәрсемен қорқытпақшы болып, қорқытып қараған. Бұл жігіт тіпті қорықпаған. Түн ортасы өткен соң бәрі де жоқ болған. Таң атқан соң, бұл жігіт жатып ұйықтаған. Бір уақыттан соң патша қызы бұл жігіт жанына келіп сұраған «қандайсын» деп. Жігіт жауап берді:

— Құдайға шүкір, құдайдың күдіретімен саламат қалдым,— деп. Қыз тағы кетті. Екінші түн және шам жандырып дұғаға кірісті. Екінші түні бұрынғы өткен түннен де қатты қорқынышты болды. Жігіт тіпті қорықпады. Түн ортасы ауған соң жындар тағы да кетті. Бұл жігіт жатып ұйықтады. Бір уақыттан соң қыз және келіп бұрынғы сұрағандай тағы сұрады. Бұл қыз біраз отырып кетіп қалды.

Үшінші түн бұл жігіт және шамдарын жағып дұға оқуға кірісті. Бұл түн бұрынгыдан да тіпті қорқынышты болды. Бұл қорқынышты тілмен айтып, қағазға жазып бітіре алмайды. Түн ортасы ауған соң жындар кетті. Жігіт жатып ұйықтады. Ертеңгісің қыз және келген еді, жігітке айтқан:

— Ай, жігіт, сен үш түн машақат шектің, төртінші күн және дуалға жазып қой, халықтың нағып тірілгенін. Егер де олай етпесен менің атам ашуланар. Кім мұндай істеді деп.

Қыз айтуынша, төртінші түн өткен соң таң атқанда әрбір халықтар тіріліп жүре бастады. Патша да тіріліп өзінің үйіне кірген еді. Ашуланып сұраған: «Кім бұл істі істеген?»— деп. Сол арада дуалдағы жазуды оқып көрген. Сол уақытта патшаның қызы атасы жанына келіп, атасына айтқан:

— Мне, осы жігіт үш түн дұға қылып, сіздерді тірілтті. Патша қызынан сұраған:

— Ол жігітке не бермекші болдың?— деп. Патша қызы айтқан:

— Егер сіздерді тірілтсе, өзім тимек болдым,— деген. Патша бұл жігітті тіпті жақсы көріп, қызын бермек болды. Сол сағат той қылып, қызын бұл жігітке берген. Сонан бұл патша опат болған соң, бұл жігіт патша орнына патша болып, қыз екеуі жақсы өмір сүрген.

ЗАЙЫТ ПЕН МЫСЫҚ



ұрынғы заманда бір кедей қарт диірменші болған. Бұл диірменшінің қатыны жоқ екен. Үш қызметкері бар екен. Көп заман өткен соң бұл қарт өзінің қызметкерлеріне айтты:

— Сіздерді енді шығарамын, қартайдым. Қазір өз күнімді өзім көргім келеді. Солай болса да мен бірінді алып қаламын. Маған қайсыңыз жақсы ат келтірсеңіз, міне, сол өлгенімше туысқандай мені күтеді. Диірмен сол ат келтіргеніңізге қалады,— деген соң бұлар шығып кеткен. Біреуінің аты Зайыт екен, екіншісі — Рафик, үшіншісі — Ғаббас. Зайыт — есаландау жынды екен. Бұлар қарттан кетіп бір ауылға жеткенде жолдастары Зайытқа:

— Сен нағып ат табасың, жынды. Бізбен бірге бармай-ақ осы ауылда қал,— дейді. Зайыт бұлардың сөзін қабыл алмай «мен де сіздермен барамын» деп қалмаған. Бұлар кеш болған соң далада бір шұқырға кіріп жатқан. Зайыттың екі жолдасы оянған соң, Зайытты оятпай қашып кетеді. Зайыт күн шыққан соң оянып қараса, жолдастары оятпай қашып кеткен. Зайыт қорқа-қорқа шұқырдан шығып тоғаймен бара жатып ауыр ойланып өз-өзіне: «Мен бір өзім қалдым, жақсы атты қайдан табамын»,— дейді. Сол арада Зайытқа тоғайдан шығып, бір ала мысық келіп жолықты. Зайытқа айтты:

— Қайда барасың?— деп.

Зайыт «осы мысыққа айтқанымен мұнан не кайыр» деп шынын айтпады. «Қайда болса сонда барамын»,— деп жауап берді. Мысық:

— Мен саған пайда келтіремін, сенің не іздегенінді білемін. Сен бір жақсы ат іздейсін. Сен маған үш жыл қызмет етсең саған сондай жақсы ат беремін. Өзің өмірің бойынша іздеп таба алмайсың,— дейді.

Зайыт ойға қалып ойлайды. «Осы ала мысық маған пайдалы сөз айтты»,— деп қызмет қылуға ырза болды. Ала мысық Зайытты алып келіп бір сиқырлы сарайға кіргізді. Сарайдағы не көп мысықтар, бұл ала мысық екеуін құрметтеп үйге кіргізді. Кеш болған соң екі мысық келіп ойнай бастады. Біреуі Зайытқа келіп айтты «жүгірейік» деп. Зайыт:

— Мен мысықпен бірге жүгіргенім жоқ. Жүгіре алмаймын,— дейді. Біраз уақыт өткен соң біреуі Зайытқа бір үй көрсетіп «ұйықта» дейді. Зайыт шамды сөндіріп ұйықтады. Таң атқан соң Зайытты оятып, жуындырып құйрықтарымен бетін сүртті.

Зайыт:

— Сіздің сүлгіңіз жүдө жақсы жұмсақ екен,— деді. Содан Зайытқа тамақ ішкізіп-жегізіп болған соң, Зайыттың қолына күміс балта мен күміс пышақ беріп, ала мысық айтты:

— Бар менің шабынымнан пішен шауып кел, күміс балта мен күміс пышақтың біреуіне де зиян қылмай, әкеліп бересің,— дейді. Зайыт ала мысықтың айтқанынша істеп, нәрселеріне зиян келтірмей алып келіп берді. Зайыт айтты:

— Енді маған айтқан нәрсеніз бола ма?— деп.

Мысық айтты:

— Бұл қызметін аз, көбірек қызмет көрсетуін керек,— деді.

Мысық:

— Күміс бұрғыны, күміс балтаны, күміс пышақты — бәрін алып маған бір сарай сал,— деді. Зайыт ала мысықтың айтқанынша бәрін де істеді.

Зайыт:

— Маған айтқан атыңыз бар ма?— деп және айтты.

Мысық:

— Менің қазір саған берер атым жоқ, болса да атты көргін келсе жүр, көрсетемін,— деп Зайытты алып барды. Сарайдағы тамаша онді аттарды Зайыт көрді. Он екідей ат тұр, бірінен-бірі жүдө жақсы екен. Ала мысық Зайытқа:

— Мен саған қазір бермеймін үш күннен соң беремін,— дейді.

Зайыт ырза болып, диірменшінің жанына барған еді. Диірменшінің қасында бұрынғы жолдастары отыр екен. Олардың диірменшіге әкелген аттарының біреуі — ақсақ, біреуі — соқыр болған. Жолдастар Зайытқа айтты:

— Сенің атың қалай?— деп.

Зайыт:

— Менің атым үш күннен соң келеді,— дейді.

Жолдастары Зайыттың бұл сөзін есітіп күліп:

— Сенің тапқан атың қандай болады екен, көрейік,— деген. Зайыт кірген соң диірменші «отыр» деп айтпаған. «Киімін жаман, атын жоқ» деп, диірменші Зайытқа аз ғана тамақ береді. Кеш болған соң Зайытты жолдастарымен жатқызбай қаздары жанына қуып шығарған.

Үш күн өткен соң ертемен үш ат жеккен алтын пәуескемен бір атты артына байлаған біреу диірменшіге келіп түсті. Диірменшіден сұрады:

— Зайыт қайда?— деп. Сұраған адам бір сұлу қыз екен. Диірменші бұл сұлу қызға:

— Зайытты үйге кіргізуге жарамайды. Үсті-басы тіпті жаман, қазір ол қаздардың арасында,— деді. Қыз Зайытты шақырып үстіне, басына таза киім кигізін, жуындырып еді, Зайыт жүдө

сұлу болып кетті. Бұл қыз Зайыттың жолдастарының әкелген атын қарап көрді. Көрсе, біреуі — ақсақ, біреуі — соқыр.

Қыз диірменшіге:

— Міне, мен Зайыт үшін сізге ат әкелдім. Диірменің де өзінде қалсын,— деп, қыз Зайыттың қолынан ұстап үш ат жеккен пәуескеге отырғызып алып кетті. Зайыт өзінің істеген жұмысы үшін сол жерде осы сұлу қызды алып, шаттықпен өмір кешірді.

ҮШ ЖЕТІМ ЗЕРЕК БАЛА



ртеде, ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда бір патша бар екен. Оның жалғыз ұлы болыпты. Ол ұлы ажалы жетіп ауырып өліпті. Жалғыз ұлының күйігінен патша далаға шықпай жатып алыпты.

Бұл патшаға бірнеше патша көңіл сұрай барыпты. Сонда да тұрмапты. Патша басқармаған соң елі күйзелінті. Осы елде жан ашыр адамы жоқ, әке-шеше, аға-іні дегендей туған туысы жоқ үш жетімек бар екен. Бұлар үшеуі ақылдасып «біз патшаның көңілін сұрасақ қайтеді» деген оймен патшаға бармақшы болады. Бұлар халықтарына «біз барып көңіл сұрасақ қайтеді» деп ақылдасады. Халықтары: «Сен үшеуің түгіл сендерден де зорлар барып көңіл айтқан сонда да тұрмаған патша, сендерге тұра ма?»— депті.

Әрине ол уақта жетім-жесірді көшеде көшке елемейтін уақ кой. Осы күні бұл үшеуі жылап-жылап ауылына қайтады. Тағы бір күні үшеуі ақылдасып, алған бетімен патшаның ордасына бармақшы болып, үйінен шығып, сол бетімен ордаға келеді.

Барайын десе алдындағы карауыл рұқсат етпейді. Осы жерде бұлар тұра береді. Ол карауылдары барып, патшаға хабар етеді. Бала деген соң «патша қандай жұмысы бар екен әкел» дейді. Сонымен үшеуі барып отырады. Онан соң патша: «Қош, жұмыстарын не, айт,— дейді. Үшеуінің ішінде біреуі тұрып айтады:

— Ия, таласымыз бар. «Қандай талас, айт қәне?»— дейді патша. Бала біреуін қолымен көрсетіп: «Мынау бір жерге алтын қойып кетіпті. Оны мынау қойған жерден алып кетіпті. Осы алтын қойған баланікі ме, жоқ болмаса, қойған жерден алған баланікі ме, міне, осы таласымыз»,— дейді. Патша: «Әрине, қойған баланыкі»,— дейді. Бала тұрып: «Сонда алтын қойғандікі болды ма?».

— Ия.

— Не үшін тұрмай жатырсыз төсектен, жаратылса

жаратылды, бала болды сізге, өлді — қайта барды ол, бала болды қайыр кара жерге. Не үшін қапа болып төсектен тұрмай жатырсыз?— деп көңіл айтыпты бұл үшеуі. Онан соң патша орнынан тұрып есін жинап, қайтадан халқын жинап алыпты дейді. Патша уәзірлерін шақырып, бұларды уәзірлердің қатарынан босатып, бұлардың орнына үш жетім баланы ақылды, білгір, зеректігі үшін уәзірлік қатарына енгізіпті. Ал енді бұлар уәзір болып тұра тұрсын. Бұрынғы ескі уәзірлеріне келейік.

Бұлар үш жетімнің уәзір болғанын көре алмай елге үгіт таратып, осы жердегі там тасты уатуға, елді бүлдіруге кірісіп, қаланың көп жайларын бұздырып осындай әрекет жасап жүрген кезде патша бір күні жорыққа бұрынғы, соңғы уәзірлерімен шықпақшы болды. Сөйтіп жорыққа шығып келе жатса бір қайырылыс жерде екі байғыз атты құсқа көзі түседі. Караса біреуі ойда, екіншісі қырда отырған екен. Үш жетім бұрын айтады екен «біз құстың да тілін білеміз» деп. Оны ана уәзірлер біледі екен. Бұлар айтыпты, патшаға: «Осы сіздің жаңадан сайлап алған үш уәзір баланыз айтатын еді, біз құстың да тілін білеміз деп, егер де білетін болса анау отырған байғыздың біреуі ойда, екіншісі қырда нағып отыр екен осыны сұранысшы»,— депті.

Байғызбен тілдесіп біліп келу үшін біреуін жібереді. Ол атынан түсіп, атының ерін қайтадан мықтап тартып алып, қайта атына мініп артынан қуып жетеді. Аналар сұрайды: «Не үшін біреуі ойда, екіншісі қырда отыр екен?»— дейді. Бала сонда:

— Ойда отырғанның жалғыз ұлы бар екен, қырда отырғанның қызы бар екен, екеуі қалын мал сөйлесіп отыр екен. Қызы барға ұлы бар айтады екен «менін балама қызынды бер» дейді екен. Ол «қанша мал бересің» депті. Ұлы бар: «Отыз алтын берем»,— депті. Қызы бар айтыпты: «Онда саған қызымды бермеймін, себебі отыз алтын өзімде бар, одан да көбірек бер,— деп, бітісе алмай отыр екен»,— деп бала осымен сөзін тамамдапты.

Сонда патша тұрып: «Ә, менің адамдарым бұзылған екен ғой»,— деп ойға кетіпті.

Сөйтіп серуендеп болып кешкі уақытта жай-жайына тарасыпты. Кешке таман патша жаман киім киініп алып, қаласын аралап көруге шығып, қаласын караса, қаласының тең жарымы бұзылуға тақалып қалған екен, оны көріп қайтады.

Ертеңіне «қош енді, балалар, ел бүлініп, қала бұзылыпты, бар жайларыңды табындар» деп, үш жетімді уәзірліктен босатып қоя беріпті. Балалар сөйтіп бас қамымен жүре тұрсын. Енді қалаға келейік. Бұрынғы уәзірлерді қайта сайлап алыпты да, патша селк етпей шалқасынан жатып уәзірлеріне аты-жөні жоқ

«әкел!» депті. «Егер үш күнге шейін әкелмесендер бастарынды кесем»,— депті.

Сонымен бұлар не әкел дегенін білмей, ақылдасып, «осы ана үш жетім балалар зерек еді, соны іздейік» депті. Сонымен бұл үшеуін екі күн өтіп, үшінші күні іздеп тауып алады. Келе бұлар балаларға сәлем береді. Ол үшеуі де сәлемін қабылдады да: «Қош, жол болсын, қайда барасыздар?»— деп сұрау сұрады. Бұлар жауап берді. «Біз сіздерді іздеп жүрміз. Себебі біз өлетін болдық, патша бізге уақыт берді. Ол мынадай, шалқасынан селк етпей, аты-жөні жоқ «әкел!» дейді, не әкел дегенін білмей келеміз, сонымен бізге үш күн уақыт берді. Ол бүгін бітетін күні»,— деді. «Дұрыс, онда қала бұзылған, соны жөндеу үшін ұста әкел дегені ғой!». Олар сол күні, сол уақытта артына кеіін қарай қайтып, бірнеше ұста апарды.

Сонда патша: «Е, қош, үш күннен бері ұста таба алмадыңдар ма? Неғып кешіктіңдер, айт шындарынды!»— депті.

Сонда аналар тұрып:

— Не әкел дегеніңізді білмей әлгі үш баладан сұрап білдік,— депті. «Ә, ырзасыңдар ма, зеректігіне?»— депті патша.

— Ырзамыз, сол үшеуін қойыңыз,— депті. «Иә, болмаса ертіп әкел»,— деп алдырып, қайта уәзір сайлайды. Енді аз күннен соң елінде наразылық туып, «біз жетімді уәзір сайламаймыз» деген соң, елі бұзылып кететін болған соң, қайтадан үшеуін босатып қоя береді. Сонымен бұл үшеуі басар тауы жоқ, барар жері жоқ қаңғырып басқа патшаның қол астына кетеді. Үшеуінің ендігі кәсібі патшаның қазынасынан алтын алып ауқат етпекші болды. Бұлардың үйі моланың тесігі болды. Түнде патшаның қазынасындағы алтынды үшеуі үш дорбалап тасып көрге әкеліп жинай беретін болды.

Азанда патша қазынасын қараса, алтынның азайғанын көреді. Ертеңіне уәзірлері мен қарауылдарын қояды. Сонда да сол күні үшеуі ешкімге білдірместен тағы алтын ұрлап көрге әкелді. Ертеңіне патша қараса, тағы азайып қалған.

Патша қапаланып өзі қарауыл болып тұрады, «көрейінші қандай неме ол» деп қарқындап, сол күні өзі қарауыл болады. Сонда да патшаға білдірмей әлгі үшеуі тағы да қазынадан алтынды ұрлап алады. Азанда қазынаны қараса, тағы жоқ біраз алтын, қапаланып патша сол күні кешке жансыз болып, жаман киімді киіп алып кешке түнімен жүреді, сүйтіп жүрсе, бір жерде бір үшеу бір нәрсе арқалаған, ыр-ыр етеді. Дереу патша артынан ере береді. Балалар жанағы адамнан: «Қайда барасыз»,— деп сұрайды. Ол адам өздерінен: «Сіздер қайда барасыз?»— дейді. Бұл үшеуі «нан талап» дейді. Әлгі адам да «мен де нан талаппын, қарағым» дейді.

Әңгімелесіп көрге қарай келе жатса, бір жерде ит үріпті

коймастан, сонан соң жаңағы үшеуінің біреуі тұрып: «Ә, сіз патша ма едіңіз, ана ит маған іштерінде патша кетіп бара жатыр деп үріп тұр ғой»,— депті.

Сонда ол: «Жоқ, шырағым, менен патшалық не алсын, бірақ кішкене күнімде өздерімізше ойнап жүргенімізде балалар мені патша етін ойнаушы еді»,— деп жалтартыпты. Олар осы айтқанға шыннан сеніпті. Үшеуі әлгі адаммен төртеу болып көрден соққан үйіне келеді. Өздерінше жай әңгімелесіп әлгі адам әңгімемен бұлардың әдіс-айласын білу үшін әр түрлі сөзге сала отырып, үшеуіне айтыпты:

— Ұрлық ету үшін қандай амалдарың бар?— депті. Үш баланың біреуі: «Менің амалым патшаның қазынасынан алтын ұрлағанымды ешкімге білдірмеймін де, сездірмеймін де, міне, менің айла әдісім»,— депті. Екіншісі: «Менің амалым үрген иттің тілін білем!»— депті. Үшінші біреуі: «Мен бір көрген адамымды айнытпай күндіз тауып аламын, маған бәрібір жеті қараңғыда көрсем де, күндіз көрсем де танимын»,— депті.

Бұл үшеуі сөзін бітіріп болған соң: «Иә, сіздің қандай амал, айлаңыз бар?»— депті. Бұл адам айтыпты: «Ажалға кетіп бара жатқан адамды ажалдан құтқарамын»,— деген екен. Енді бұлар сөзін тауысып төртеуі ұйқыға кетеді. Сол уақытта ана үшеуін ұйықтата салып патша қайтадан бұрынғы киімін киініп болып, дереу тез қарауылдарына барып: «Дәл көрде үш бала бар, соны барып үшеуін бірдей дарға тартып, алтынды қазынаға сал!»— депті. Дереву қарауылдар келсе, үш бала ұйықтап жатыр, қасында алтын. Алтынды алып сол түнде қазынаға салады да, азанға шейін қарауыл тұрады.

Азанда үшеуі тұрса, алтын да, жанындағы адам да жоқ. Дереву үшеуі жан-жағына алақтап, саскалақтап далаға шығайын десе, ана қарауыл әскерлер үшеуін ұстап алып, аяқ-қолын байлап дарға аспақ үшін даршыға береді. Даршы үшеуінің мойнына жіп байлап аспақшы болып жатады. Осы уақта патша бір биік жерден жаңағы үшеуін көрмекші болып тұр еді, себебі қандай әдістер жасар екен деп ойлап еді.

Сол уақытта адам танығыш бала дереву даршыдан ұлықсат сұрап мойнын босаттырды да, әлгі патшаға:

— Е, адам, түндегі адам сен емес пе едің, өлімге, ажалға кетіп бара жатқан адамды өліммен, ажалдан құтқарам дегенін қайда, құтқар, міне, өлімге кетіп бара жатырмыз,— деді. Сонда патша даршыға босаттырып, құтқарып жіберіпті. Сөйтіп, өзіне әлгі үшеуін уәзір қылып алыпты.

УАҚЫТСЫЗ ТАЖАЛ



ртеде бір шал болды. Сол шалдың тоғыз баласы бар еді. Тоғызының да әйелі болды. Бір күндерде шал балаларына мына сөздерді айтты: «Е, балаларым, мына жатқан мал, жиюлы тұрған дүние барлығы алдарыңда сайрап тұрған соң шалқып жүрсіндер. Биыл мен өлемін. Мен өлген соң қыс болады, суық қатты, аязы мұрын тесетін күндер болады. Сол уақытта сендер дәулетке ие бола алмайсыңдар. Онан да мен өлген соң елге барыңдар. Себебі, қыс қатты болса малға жұт келеді. Сол жұттан малдан мал қалмай қырылады. Сендер менің тілімді алыңдар. Малдан жеуге, ішуге, киюге жететін мал алып, қыс түспей басқасын сатып менің туған еліме көшіп барыңдар»,— деді. Балалары «мақұл» деп, шалға уәдесін берді. Балаларына қарап: «Балаларым, сендер менің айтқанымды істендер. Осы жолмен елге барарсыңдар. Сол жолда қалын жиде кез болады. Сол жидеге түстенетін уақытқа кез болсаңдар түстенбей, түнейтін уақытқа кез болсаңдар түнемей өтіп кетіндер. Ол жидеде менің ескі жауым бар»,— деп шал балаларына жолын көрсетіп, жөнін айтты. Балалары: «Мақұл, ата, орындаймыз»,— деді.

Бір күндерде күзге жақын шалдың балалары қой жайып жүргенде шал өлді. Шал өлген соң балалары малдың бәрін сатып, керекті аз ғана малын алып қалып жүре берді. Өздері бір күндерде ақылдасып отырып: «Е, жігіттер, әкемнің айтқаны бар еді ғой, кел елге көшейік»,— деп елге көшті. Бұл күндерде олар тоғыз ұл, тоғыз келін еді. Айтқан жидесіне кез болды. Күн батқан кезде жидеге кез болып қонып қалды. Біреуі тұрып: «Е, бауырларым, бұл жерге қонбалық, әкем айтып еді ғой жидеде жауым бар деп, қонсақ шығыңға ұшырап қалармыз»,— деп еді. «Күн батқанда қайда барамыз, әулие болса әкең неге өлді»,— деді барлығы. Сол жерге түнеді. Жатқан мезгілде манырап бір көк ешкі келді. Әлгі ешкіні бәрі қамалап ұстап алып, соямыз десті. Біреуі желінні ұстап көріп: «Е, шелек әкел сауамыз, сүті көп екен»,— деді. Әйелдер шелек әкеліп сауса, он сегіз аяқ сүт шықты. «Бұл жақсы ешкі екен, қонған жерде сауып ішіп тұрайық, сойып етін жегенше»,— десті де жатып ұйықтап қалды.

Тан атқан соң қараса, бір ағасы әйелімен, аттарымен жоқ. Бұлардың ойында еш нәрсе жоқ. «Ой, олар сол жерден көшкенде жиналып кеудісіз келіп еді. Қайтадан қашқан ғой, барсын»,— деді де қойды. Ертесіне тағы келіп, бір жерлерге түнеді. Ешкіні сауып еді, екі аяқ сүтті бұрынғысынан кем берді. Тұрып ертесіне қараса, бір ағасы әйелімен, аттарымен жоқ болып шықты. Бұлар

ештене қауіп етпей жүре береді. Жүре-жүре алты ер, алты әйел қалды. Тағы да кішісі тұрып: «Е, жігіттер, әкем жидеге қонба деп көп айтып еді, біз болмай қондық, енді сол жидеден душар болған пәле осы. Осыдан басқа пәле жоқ. Бізді жол-жөнекей құртып та келген осы ғой. Мұны бүгін түні күзетейік. Осы жалмауыз бұдан құтылмай, жақсылық жоқ»,— деп еді, қалғандары «мақұл» десті. Сол түні біреуі күзетіп жарым түннен соң екіншісін оятып: «Енді сен күзет, менің ұйқым келді»,— деді. «Мақұл» деп, біреуі тағы күзетіп отырып, таң қимыл бергенде қалғып кетті. Сол уақта ең кішісі көзін ашып алса, бір ағасы әйелімен, аттарымен жоқ. Қараса, бір аттың соңғы сирағын жұтып жатқан жерінен көзі шалып, дереу ағаларын оятып, «қой, мұны өлтіреміз» деп, екеуі қуып, әлгі ешкі қашып бір базарға жақындай бергенде әдемі сұлу қыз болды. Екі жігіт ұстап алып сабап жатқанда ел жиналып «бұл қалай» деп қамалап, жай сұрады. Жігіттер жайын айтып еді, көпшілік «өтірік, бұл қыз ғой, қайдан ешкі саған» деп, екі жігітті қосып сұлу қызбен ханға алып барды.

Хан қызға қызығып, әйелдікке алып, екеуін қуып жіберді. Екеуі келіп үйін көшіріп, сол шәрінің бір шетіне қондырды. Бір күндерде екеуінің әйелі басқа біреулермен қашып кетті, екі жігіт бойдақ қалып көп шығындарға ұшырады.

Бұдан соң ханның сүйген сұлуы ауырды. Неше тәуіптерді шақырып қаратып еді, ешқайсысы кеселін таба алмады. Бір күні хан отырып: «Ей, саған не болды?»— деп сұрады. Әйел тұрып: «Менің үйде алтын тарағым мен алтын табағым бар еді. Соған басымды жуып тұрушы едім, сол жоқ»,— деді. «Оны кімге алғызамыз, кім біледі»,— деп сұрады хан. «Ой, таксыр, өнеукүнгі мені қуып жүрген екі жігіт-ші, солар біледі. Соны жұмсаңыз»,— деді әйелі.

Хан баяғы қос мырзаны шақыртып алды да, «бар» деп, сол айтқанына жіберді. Екеуі амалсыздан кетті. Екеуі келе жатып, бір көл жағасындағы қалың терек көленкесіне аттарын жіберіп ұйықтап қалып еді, көлге бір топ қыздар түсіп, қайта шығып келе жатып екі жігітке кез болды. Қараса, біреуінің бөркінің түймесінде бір қағаз қыстырулы тұр. Сол қағазды алып бір қыз қарады. Ішінде былай деп жазылған: «Құрметті апа, мына барған екеуін барған заманда жұт, қалған жетеуін мен жұттым. Шалдан тоғыз ағайын екен. Мен оларын әйелімен он төрт адамды жұттым. Осы екеуін тірі қойма, жұт!»— деп жазыпты.

Қыздар бұл қағазды жыртып тастап, қасындағы басқа қыздарды қайтарып, екі қыз әлгі ұйқыда жатқан екі жігітті оятты.

— Сіздер қайдан келе жатқан жігітсіздер?— деп сұрады. Жігіттер жайын айтты. «Ол онда анық жалмауыз екен. Саған

берген қағазында «мына жігіттерді жұт, мен алдап алтын тарак пен алтын табакка жұмсадым» деп жазған екен»,— деді қыздар.

Қыздар былай деп жазды: «Мына барған екеуі менің балам, апа, туған жиенім. Бұған алтын табак пен алтын таракты беріп жібер, шамаң келгенше жақсы күт!»— деп. «Осы қағазды алдына жайып тұрыңыздар,— деді.— Кайтарда бізге жолығып кетіңіздер, біз күнде осы көлдің басында боламыз»,— деді. «Мақұл» деп, екі жігіт қағазды алып кемпірге барды. Айтқанындай, кемпір алдынан жүгірді. «Біз, апа, біз балаңыз, апа!»— деп қағазды алдына жайып қойды. «Е, қарағым-ай, іздеп келгенсіңдер ғой, жиенім екенсіңдер. Жақсы, қарағым, үйге жүріңдер»,— деп кемпір үйіне еріп келді. Көп күндер екеуін сыйлады. Бір күндерде бала қараса, үй ішінде үш таяқ тұр екен. Үшеуі де тал екен. Біреуі сарғайып кепкен, екіншісі қызарып кеуіп жетпеген, үшіншісі көк шыбық. «Апа, мына таяқтар не?»— деп сұрады.

— Е, қарағым, мына көк сенің туған шешеніз, мына қызылы — мен, сары құрағаны менің шешем бар — сол. Таяқ жанымыз. Соны екі бөліп тастаса, біз өлеміз. Ол сынбайынша біз өлмейміз,— деді. «Ал, апа, біз қайтайық»,— деп балалар рұқсат сұрады.

— Жок, әке, тұра тұрыңдар. Осы жерде менің шешем бар. Соған барайын, қызына беретін сәлемдемесі бар шығар, айтайын,— деп кемпір үйден шығып кеткен уақытта жігіттер үш таяқты алып жолға шығып келе жатып, қызыл таяқты жона бастады. Қараса, кемпір аласұрып: «Өлтірме, балам!»— деп жақындап қалған екен. Таяқты төрт бөлек етіп сындырды. Сары таяқты да сындырды. Екі жігіт көк таяқты алып көлге жетті.

Көлден баяғы қыздар шығып, жігіттермен есендесіп жай сұрап еді, жігіттер не істеп келе жатқандарын айтты. Сонда қыздар тұрып: «Сен екеуін жақсы ер жігіт екенсің, сендер басында тоғыз ағайынды екенсіңдер. Сонан сендердің жетеуінді жұтқан екен. Енді қалған осы екеуін барған заманда жұт деп, жазған екен. Екеуің де ер екенсің. Сендерді амалмен алып қалған біз, мінеки достар, екеуіміз екеуіне тиеміз, бізді ала кет»,— деді. Екі жігіт «мақұл» деп, екеуін алып екеуіне үйленді. Төртеу болып хан ордасына жақындап келгенде, көк таяқты жонды. Хан сұлуы аласұрып жүгірді. Соңынан хан бастаған ел «әйелді жын ұрды» деп бірге жүгірді. Жақындаған кезде көк таяқты сындырды. Хан сұлуы өлді. Алтын тарак пен алтын табакты ханға ұсынып еді: «Мұны не қыламын, сұлуым өлді, сұлуым өлді!»— деп хан қапаланып өлді.

Хан өлген соң хан орнына екі жігіттің үлкені хан болып, мұраттарына жетті.

СИҚЫРЛЫ ТОҚАЛ



рте заманша бір бап болады. Мұның екі қатыны болып, екеуінен екі қыз болады. Күндердің бір күнінде бапшын бәйбішесі өледі. Тоқал қатынның қызынан қоныған дым келмейді. Бәйбіше қатыннан қалған қыз өте шебер болады. Мұны тоқал қатын күннен күн бәйбіше қатыннан туған қыз өрмек тоқиды. Бір күндер тоқал қатын мұның өрмегін ағаш арасына лақтырып жібереді. Қыз өрмегін ізден үйінен шығып, адасып кетеді. Ағаш ішіне жүріп үсті-басы пара-пара болып жыртылады. Түп болып. Өлдекайда от жылтырайды, соған қарап қыз жүре беріп. Келе бір орда ішіне кіріп барса, шай қайнаулы, ет асулы, бірақ еш алам жоқ. Сол арада қыз шайды демдеп, етті түсіріп туран дайынды да, өзі тығылып тұрады. Бір мезгілде сабаудай бес кісі кіріп келеді. Бұл бес ұрының үйі екен. Күндіз өздері ұрлыққа кетерде тамақтарын асып кетеді екен де, өздері келгенде дайын болып тұрады екен. Бүгін келсе тамақтары дап-дайын, кім екенін білмейді. Өздері ойлайды: «Бұл кім? Егер қатын болса, ағаласын біріміз алайық. Кемпір болса, ортадан шеше қылайық, қыз болса қарындас қылайық»,— деп айтады да, айқай салады: «Кім де болсан, көрін»,— деп. Сол кезде қыз:

— Ағалар, мен едім, көрінуге ұялам. Киімім жыртық,— дейді. Ұрылар табанда киім беріп киіндіреді. Сол арада қыз бес ұрының ортасында қарындас болады. Істейтін жұмысы тамақ пісірумен болып, оны жақсы киіндіреді. Қыз мұратына жеткендей болады. Мұның бүйтіп дәрежеге жеткенін естіп тоқал ішесі сиқырмен келеді де, ұйықтап жатқан қыздың тамағына алтын сақина салып қызды өлтіреді. Шамын сөндіріп, қазанына топырақ толтырып кетеді.

Кешке бес ұры келеді. Келсе үй-ішінің ойранын шығарыпты, шам сөнуді, ас дайын емес. Қараса, есік алдында қарындасы өліп жатыр. Сол арада бес ұры қатты ызаланып, ренжіп, өлген қызды жібекке орап бір алтын сандықтың ішіне салып, тау басына апарып қояды. Бұл асыл заттың қызы еді, көрген адам құран оқысын деп. Бір күндері бір алыс жерден аң аулап жүрген ханның баласы әлгі сандықтың үстінен шығады. Сандықты ашып қараса, ішінде бір сұлу қыз өліп жатыр. Сол арада ханның баласы өлі қызға ғашық болып, манайындағы ел-жұртқа жар салады.

«Кімде-кім тірілтсе, ат басындай алтын беріп өзін мұратына жеткізем»,— дейді. Баяғы сиқырлы тоқал мұны естіп, сұрағанын

алып, қызды тірілтеді. Тамағындағы алтын сақинаны алып тастағанда қыз тіріледі. Енді ханның баласы қызды еліне әкеліп қырық күн ойын, отыз күн тойлап қызды алады. Бір мезгілде қыздан аппақ алтын айдарлы бір ұл туады. Қыз мұндай болып мұратына жеткенін есітіп, баяғы сикырлы тоқал тағы күндейді.

Күндердің бір күнінде сикырлы тоқал жаман киім киініп кемпір болып келеді. Келіп, ханның баласы мен келіншегіне жылайды:

— Мен жесір кемпір едім, күн көре алмай жүрген. Мені асырандар, баланды бағармын,— дейді. Ханның баласы мұны бала күттіруге алады. Бір күндері үйде дым адам жоқта әлгі кемпір баланы бауыздап, пышақты келіншегінің төсегінің арасына тығып қояды. Ханның баласы мен келіншегі келсе, бауыздалған баланы қолына ұстап кемпір жылап отыр. Ханның баласы мен келіншегі сол арада жылап есінен танады. Ханның өзі де келіп көп қайғырады. «Болашақта орныма хан боларлық алтын айдарлы ұл мандайға симады» деп. Сонымен бақсы-балгерлерді жинады. Кім өлтіргенін, кімнен болғанын білу үшін. Сонда баяғы жесір кемпір тұрып айтады:

— Осы баланы кім бауыздаса, сол кісінің үсті-басында я төсегінде бір белгісі болмақ. Сондықтан тіптіп қарау керек,— дейді. Бұған бақсы-балгерлер де қосылып, тіптіп қарап жүрсе, қанды пышақ келіншегінің өз төсегінің астынан шығады. Сөйтіп, баласын өзі бауыздаған болып шығады. Бұған жұрт аң-таң болады. Сенерін де сенбесін де білмейді, бірақ кемпір сикырмен ханды, ханның баласын айдай сендіреді. «Анық өзінен келді. Өз баласын өзі бауыздады. Бұл адам затынан емес еді. Енді мұнан әрі жүрсе, басқа үй-іштерінің адамдарын да бауыздауы анық. Бұл бір жалмауыз кемпірдің сикырлап алтын сандыққа салып кеткен қызы»,— дейді.

Сонымен хан да, ханның баласы да сеніп, ақырында келіншегінің өзінен көріп, барлық киімін сыпырып алып, бауыздалған баласын қолына ұстатып, қаңғыртып қуалап жібереді. Келіншек мидай далада қаңғып келе жатса, алдынан бір жанған үлкен өрт шығады. Өрттің жанына келсе, бір жылан бауыздалған баласын алып келе жатып жанған отқа лақтырып тастаса, әлгі жыланның бауыздалған баласы ысқырып тіріледі. Бұл жылан ордалы жыланнан аласталай шыққан екен. Әлгі жерде келіншек бауыздалған жыланның баласының жанған отқа түсіп тірілгенін көреді де, бұл да қолындағы бауыздалған баласын жанған отқа лақтырып жібереді. Әлден уақытта бауыздалған бала шырқырап тіріледі. Аппақ алтын айдарлы бала болып шығады. Келіншек пен бала далада күнін көріп

ағаштардың жемістерін қорек қылып жүреді. Бірсыпыра күндер, жылдар солай далада жүріп бала өзіне-өзі келіп, енді даладан құс, қоян әкеліп шешесін асырайтын халге келеді. Күндердің күнінде бала бір жерден ақ ит тауып асырайды. Бала батыр, жауынгер болып ылғи іздегені жау болады. Бір күндері бір жауды шауып, бір ақ ат алады. Шешесіне киім, тамақ әкеледі. Бала сүйтіп жүріп бір жерде халыққа зияны тиіп жатқан үш дәудің бар екенін естіп, соған барады. Үш дәудің тоқсан тоғыз сарайларының бәрінің де іштері толған әр түрлі киім, тамақ, жемістер, төрт түлік мал, дүние ғаламатының бәрі бар екен. Бала бір күндері осы дәуге баруға аттанады. Әдейі барып бір жеті соғыс салып, үш дәуді жеңіп алады. Екі дәуін өлтіреді, қалған бір дәуін сарайға кіргізіп, сақалын диірмен тасының арасына қыстырып кетеді.

Бала дәуді шауып шешесіне келеді де, көшіріп сонда алып барады. Барып бүкіл дәуелердің мүліктеріне жола болып тұрады. Өстіп жүргенде бала аң аулауға шықпақшы болады. Шешесі жалғыз қалады. Өзі аңға кетерінде шешесіне барлық тоқсан тоғыз сарайлардың кілттерін қалдырады. Бала шешесіне жалғыз-ақ тілек айтады: «Мына сарайлардың бәрінің де іштерінде дүние-мүлік, төрт түлік мал бар. Бәрінің де іштерін ашып көр, бірақ ана тұрған диірмен сарайының ішін ашушы болма»,— деп барлық сарайдың кілтін шешесіне тастап, бала айшылық аңға кетеді. Баланың шешесі бір күндері жалғыз іші пысып барлық сарайлардың ішін ашып көріп жүреді. Айтқандай, дүние-мүлік мол көрінеді. Енді шешесінің іші пыспайтын болады. Бір күндері баяғы ашпа деп кеткен сарайдың ішін ашуға шешесі құмар болады. «Осы сарайдың несі бар екен, балам неге ашпа деп кетті» деп, барады да сарайдың ішін ашады. Ашса, ішінде бір дәу сақалынан диірмен тасына қыстырылулы тұрады. Баланың шешесіне жылайды:

— Мені босат, не бол десең болайын. Құл қыласын ба, бай қыласын ба?— дейді.

«Бай қыласын ба» дегенде қуанып кетіп, шешесі әлгі жерде дәуді босатады. Дәу шешесіне табанда бай болады. Бірақ баладан жасырын. Бала үйіне келіп шешесінен:

— Ішін пысқан жоқ па?— деп сұрайды.

Шешесі айтады:

— Жок, қарағым, ішім пыспайды, маған алаң болма. Анына жүре бер,— дейді. Шешесінің шын іші пыспайтынын біліп, тағы да айшылық сапар шегіп анына кетеді. Сол арада шешесі дәуден жүкті болып, бір ұл тауып қояды. Дәу мен әлгі қатын кенеседі. «Біз не болса да біріміз бай, біріміз қатын ерлі-зайыпты адам болдық. Бүйтіп жасырынып жүруге болмас. Туған баланы да

жасырамыз. Біз бүйтпейік, баланы өлтірейік»,— деп. Қатын оған көнеді. Дәу қалай өлтірудің жолын үйретеді. «Осыдан балаң келгенде сен қатты ауырып жат. Балаң жылар, сонда айт балана: «Барса келмес» деген шаһар бар. Сонда «жабылса ашылмас» деген үлкен сарай бар. Сол сарайдың ішіндегі жапырақты суға шайып ішсем жазылам. Бөтен дауа жоқ де»,— дейді.

Айтқанындай, баласы келгенде қатын қатты ауырады. Емге сол жапырақты айтады, сонан басқаға жазылмаймын дейді. Бала жылап-жылап бармақшы болады. Шешесі итін серікке деп, алып қалады. Әншейінде алып қалмаған, бала мұнысын білмейді. Бала «Барса келмеске» кетеді. Бала бір күншілік жер жүргенде иті артынан қуып жетеді. Бір кезде бала «Барса келмес» шаһарына жетеді. Көрсе, көп адам өліп жатқанын көреді. Бір мезгілде иті бастап алып жүреді. Жапырақ алатын жерінен барып алғызады. Сонымен бала аман-сау жапырақ алып қайтады. Шешесі дәуден тағы да бір бала тауып қояды. Жапырақты суға шайып ішіп, шешесі жазылады. Бұл жолы да өлтіре алмай дәуге ақылдасады, мұны қалай өлтірейін деп.

Дәу:

— Барлық тамаққа у салып бер. Сонан өлер,— дейді. Қатын барлық тамаққа у салып, келгенде баланың алдына қояды. Бала іше бергенде даладағы ақ иті келіп баланың қолынан кеседегі уды төгіп жібереді. Бала сезбей қалады. Бұнан да баласын өлтіре алмай, үшінші рет дәудің үйретуімен қатын баласымен қол тұзақ ойнайды. Баласы айтады:


— Дүниеде менің қолымды еш нәрсе байлай алмайды. Жалғыз-ақ өзімнің алмас қылышым ғана байлайды. Сол кезде шешесі ойнаған болып отырып, алмас қылышын алып баланы байлап тастайды. Осы кезде баяғы дәу істік екі темірді отқа қыздырып отыр екен, келе баланың екі көзіне басып алады. Екі көзі ағып, бала қараңғы соқыр болып қалады. Дәу мұны итермелеп апарып, бір терең құдыққа тастап жібереді. Қатынын, екі баласын алып басқа жаққа көшіп кетеді. Бала екі көзінен айрылып, зарлап бірнеше күн құдықта жатады. Бір мезгілде басқа жақтың бір байы осы құдықтың басына келіп жайлайды. Бір уақытта байдың қызы әлгі құдыққа су алуға келеді. Барып қараса, қыздың шелегінен алтын сақина шығады. Құдықты барып қараса, екі көзі соқыр бір жап-жас жігіт құдық түбінде сарнап жатады. Құдықтан шығарып алады. Қыз ғашық болады әлгі балаға. Сонымен бай елге жар салады. Ол:

— Кімде-кім баланың көзін жазса, ат басындай алтын беремін,— деп.

Үйткені байдың қызының ғашық болуы сондай, ұйқы-күлкіден, тамақ ішуден қалады. Бір күндері бір кемпір

келіп, байдың алтынын алады да, баланың көзін жазады. Бір ай дегенде баяғы сау қалпына түседі. Сонымен қыз жігітке тиіп, бала байдың ұлындай жақсы өмір сүреді. Бұл байдың елін жылына үш рет үш дәу шауып талайды екен. Бұл үшеуі әлгі дәуден туған үш ұл. Бала байдан рұқсат сұрайды: «Егер елді шапса, мен қарсы шығайын»,— деп. Байдан рұқсат болады. Бір мезгілде шандатып үш дәу елді шаба бастағанда олардың бетін қайырып, күреске келген үшеуін де үш жаққа лақтырып бастарын жарады. Бір мезгілде есін жиып таныса келсе, бұл өзінің шешесі баяғы дәуден тапқан үш бала болып шығады.

Сонан кейін үш інісімен танысып, ол үш ұл баяғы дәуді өлтіреді...



МАЗМҰНЫ

Ұлттық рухтын ұйтқысы (алғы сөз)	3
Қарамерген	4
Ағаш ат	9
Алтын құс пен сұр қасқыр	24
Ғыпша	31
Опасыз туыс	40
Еділ мен Жайықтың құдалығы	46
Науша хан	48
Төрт дәруіш	50
Жаксылық пен жамандық	78
Қоңыр мерген	80
Мерген мен баласы	84
Аюбала	86
Патшаның үш қызы	91
Ахметбек пен Хасен	93
Қарамолда	96
Жоғалған хан қызы	101
Күйеу тандаған қыз	102
Шын сүйіскендер	104
Гүл — Санобар	112
Сиқыршының сыйы осы	121
Молда мен сиқыршы әйел	124
Қарға Шаһизат	127
Ханша мен баласы	133
Мұстакым	139
Жақанша	144
Сиқырлы қыз	149
Үш мұрын	153
Патша қызының уақиғасы	156
Ералы батыр	159
Түсін іздеген жігіт	164
Аққоян	169
Ақылсыз берілген жаза	173
Сүлеймен мен диқаншы	177
Бактыбай би	180
Ханның қойшысы	183
Шамшит	185

Толтеген мен Назипа	188
Аиша мен сиқыршы әйел	195
Қара жылан мен ақ жылан	196
Жас баланың сапары	198
Көрген түстің өнде орындалуы	205
Арғы мерген	214
Бадытты басқа тепкен адам	216
Талантты жасқа атаның өсиеті	218
Қорқау шал	222
Ханнан үш ұлы	226
Бұшақар	229
Адам болған жылан	235
Өмір мен Ғазиза	244
Бап мен баласы	246
Молдин, ұста, тігінші	250
Ермек	251
Тас болған шаһар	254
Зайыт пен мысық	256
Үш жетім зерек бала	258
Ұяқтысыз тажал	262
Сиқырлы тоқал	265

Қазақ халық әдебиеті

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

БІРІНШІ ТОМ

Қиял-мифтік ертегілер

(қазақ тілінде)

Редакторы *А. Естен*

Суретшісі **Б. Табылдиев**

Дизайнері *Л. Тетенко*

Көркемдеуші редакторы *Б. Серікбай*

Техникалық редакторлары *А. Тлеукеева, Л. Линькова*

ИБ № 5935

Теруге 2.03.2000 жіберілді. Басуға 26.08.2000 қол қойылды. Қалыбы 84х108¹/₃₂. Қарп түрі “Тип-таймс”. Офсетті басылыс. Шартты баспа табағы 14,28. Шартты бояу көлемі 29,82. Есепті баспа табағы 15,78. Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 3333. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы “Жазушы” баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы “Дәуір” ЖАҚ “Кітап” өндірістік бірлестігі, 480009. Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

Дайын диапозитивтерден басылып шығарған. “Ақмола полиграфия” ЖАҚ, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

